

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTУ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ИМЕНИ И. АЛТЫНСАРИНА**

=====

**«2022 ЖЫЛ БАЛАЛАР ЖЫЛЫ» АЯСЫНДА
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «ӘЛЕМ БАЛАЛАР КӨЗІМЕН»
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ЖИНАҒЫ**

АСТАНА
2022

**УДК
ББК
Б**

«2022 жыл Балалар жылы» аясында ұйымдастырылған «Әлем балалар көзімен» оқушылардың шығармашылық жинағы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 410 б.

ISBN

Қазіргі жас жеткіншектердің көркем әдебиетке қызығушылықтарын арттыру маңызды мәселенің бірі болып отыр. Балалар жылының аясында ұйымдастырылған «Әлем балалар көзімен» оқушылардың шығармашылық байқауының негізгі мақсаты да балалардың әдебиеттің көркем әлеміне қызығушылығын туғызу болатын. Байқауға әр өңірден 250 ден астам білім алушы қатысты. Бұл еліміз жақсы көрсеткіш десек те, жалпы сөз өнерін қадірлеген қазақ елі үшін онша көп те емес. Аталған байқауды бұдан былай жыл сайын ұйымдастыру арқылы әдебиеттің әдемі әлеміне жас талап, жас өркенді тарту мүмкіндігін кеңейту басты мақсат болып отыр.

Қолдарыңыздағы жинаққа шыққан оқушылардың шығармашылық жұмыстары олардың алғашқы талпыныстары, алғашқы қалам тербеулері болғандықтан түсіністікпен қарап, өз бағаларыңызды беруге болады.

ISBN

**УДК
ББК**

**© Авторлар, 2022
© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы,
2022**

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ	7
Оналхан Кәусар Аханқызы	8
Танатқан Әліби Ерханұлы	9
Дархан Дариға	10
Сәби Аянат Мұратқызы	11
Коптлеуова Гульшат Доскеновна	19
Кабдолова Аружан	26
Тұрар Заңғар	28
Алиасқар Алуа Мақсатқызы	29
Еркинов Рәвиль	30
Әуелхан Аяжан	31
Мұхамади Бекжан	32
Сабырбек Ілияс	33
Абдихадир Нұрсая Бауыржанқызы	34
Зинулла Жансая	38
Бейсенбай Бекарыс Ержанұлы	40
Әли Нұрилә Біржанқызы	42
Оңалбай Ардақ	47
Мәдіхан Аяулым	48
Сарыбек Азиз Алтынбекұлы	49
Акрамжанова Луиза	50
Маханбет Диана	51
Байраш Асылбек	52
Сопбек Аружан	53
Сахан Бейбіт	55
Темірхан Каусар	56
Абдушукуров Абылай	57
Амантай Ұлжан	58
Абдихай Жанболат Баубекұлы	59
Таджибай Нұрай Рустамқызы	61
Ислам Жұлдыз Исмаилқызы	62
Райкулова Меруерт Мамыржанқызы	63
Нұржігіт Жанель Байсейтқызы	65
Төлеген Дана	66
Асанова Асем Асановна	68
Ағабек Аллаберген	69
Оңалбай Айгерім	71
Хасанова Арайлым	73
Шарафи Айя Бахтияровна	74
Абдукарим Асылзат	75
Әбдіқадір Жанахмет Нұрахметұлы	77
Әбіш Жанель Нұржанқызы	78
Анарбек Аякөз	80
Әбдіқалық Нұрғиса Әбдірашитұлы	81
Зархунова Жансая	84
Айдарова Аружан Абуллақызы	85
Сайдахметова Мафтуна Бахрамовна	90
Еркінбек Ернар Нұрланұлы	92
Ергеш Малика	94
Жаналиева Сарвиноз	95
Даниярова Мерейлім	97
Зейлбек Балнур	99
Әлімбаи Жанасыл	101
Мұсабаева Мерей	103
Мұратқызы Балауса	104
Равшанбеков Мустафо	106
Уалихан Елдана Оразханқызы	108
Иристаева Малика Ибрахимжановна	110
Сатыбалды Гүлбаршын Абайқызы	111
Полатхан Амина	114
Алиева Мадина	116
Амантай Мерей	118
Кенжебай Нұрсұлу	120

Дасибек Айана.....	123
Сагиндик Бейбіт Ермекқызы.....	125
Дусен Қымбат.....	127
Оспан Ұлдана.....	128
Хавазматов Маруф.....	129
Құдиярхан Назгүл.....	130
Бейсен Олжас Мұхитұлы.....	131
Мади Мәншүк.....	132
Альзах Динара.....	133
Алмаханбет Дина.....	135
Ермолда Аружан Сабитқызы.....	136
Ерғара Нұршашқан Азаматқызы.....	137
Арықбай Бибіажар.....	138
Қыдырқұлбек Әсем Рысқұлқызы.....	140
Инабат Әбдімауленқызы.....	141
Садықова Ақерке Шарипбекқызы.....	143
Нұржан Дариға Ерғалиқызы.....	144
Жанатбек Нұрай Асылханқызы.....	146
Рыскелди Нұрила Нұрболқызы.....	147
Абдусаттаров Рамазан.....	149
Мирзахматова Дилдора Миржалоловна.....	151
Тұрсынбек Диас Оразұлы.....	152
Серкебай Меруерт.....	154
Айымбет Абылай.....	155
Абдивахаб Іңкәр Бекзатқызы.....	157
Бергалы Аймира.....	158
Алихан Жания Жомартқызы.....	159
Жүрген Асанали.....	160
Базарбай Нұрбек.....	161
Діллахан Аяулым.....	163
Уралов Демирхан.....	164
Шухратбекова Нармина.....	165
Жеткерген Даниал.....	167
Адырбекова Інжу.....	176
Ким Яна.....	177
Сивачева Кристина.....	178
Қарабай Нұрай.....	179
Тоганбаева Зулфира.....	184
Жантуар Нұрсұлтан.....	186
Аккошев Ралиф.....	188
АманҚасиет Төлегенқызы.....	190
Сапарбай Қаракөз.....	192
Қаныбек Нұрдана.....	193
Әуез Аружан.....	194
Құрас Елнұр Маратұлы.....	196
Асан Диас.....	197
Дарханбай Қаршыға.....	199
Сапарбек Қарақат.....	200
Серік Айша.....	201
Жұмаханұлы Мұхамеджан.....	203
Төребек Қарақат Досымбекқызы.....	204
Ыдырыс Мейір.....	207
Мүсілім Ақерке Рахымжанқызы.....	208
Сәдуақас Еңлік.....	209
Налиханова Айгүл.....	212
Кеңесбай Сымбат Ғалымқызы.....	214
Ботабек Ақжүніс.....	216
Ғабизият Аяла Сағидоллақызы.....	217
Сәрсенбай Іңкәр Талғатқызы.....	218
Есентаева Аружан Досжанқызы.....	219
Есеналы Жанерке.....	221
Мүсірбек Нұрдос.....	225
Сапарханқызы Баянсұлу.....	226
Түгелбаева Бибігүл.....	227
Тойшыбек Камила.....	229

Игиликова Ұлбосын.....	231
Базар Қымбат.....	232
Кучерова Назерке.....	234
Шахмамедов Эмран.....	235
Оралбай Жәнібек Нұрхатұлы.....	236
Сейітқасым Анель.....	238
Ихласова Нұржайна.....	240
Бөкембай Томирис.....	241
Шәкірбек Ақсұлу.....	242
Әбдікерім Ақниет.....	243
Байжұман Ақшолпан.....	245
Саламат Ақерке.....	246
Қуаныш Гүлбаршын.....	248
Дәуренқызы Дина.....	249
Әлжан Тоғжан.....	250
Төлеген Талшын.....	251
Орақбай Ләззат.....	252
Тілеуқұл Нұрыасқан.....	253
Қойшыбай Инжу.....	256
Инкарова Жансая Мұратқызы.....	259
Құсанбай Диана.....	264
Есеналы Өткір.....	265
Оразбек Аңсаған Жарқынбекқызы.....	267
Дәненбай Алина.....	268
Оңалбек Қазына.....	270
Абдрахманова Джастина.....	271
Абдрахманова Жанерке.....	273
Абдулла Нарғиза.....	275
Абыл Мирас Нұрланұлы.....	276
Адаева Ұлболсын Ерболқызы.....	278
Айнадинов Әділет Ықыласұлы.....	280
Айса Жаннұр.....	282
Айтжанова Назерке Русланқызы.....	284
Алибекұлы Мейірбек.....	285
Алтынбек Айша Асылханқызы.....	287
Алтынбек Асылзат Асылханқызы.....	288
Амантай Бақыт Оразбайұлы.....	289
Амантай Жарқын Жұмабекқызы.....	290
Асқар Гүлназ.....	291
Асхатқызы Алтынеұл.....	292
Бақытлова Адия Талғатқызы.....	293
Балтабай Гүлім Маратқызы.....	294
Баянов Алдамжар.....	295
Биксариева Диляра Исаевна.....	297
Бексұлтан Айзере Бекболатқызы.....	298
Дәнекерова Әсем Сүлейменқызы.....	299
Ермекбаева Асемай.....	301
Елюбай Перизат.....	302
Есеналина Мерей.....	305
Есқали Арайлым Нұрғизатқызы.....	307
Естілеу Ералхан.....	310
Жанаманова Данагүл.....	311
Жангелдина Гүлімай.....	313
Жанкеева Жанерке.....	315
Жолдасғалиева Назира.....	316
Жолдығали Әсем.....	317
Жолмағамбет Назерке Есқалиқызы.....	318
Жолмырза Нұрдана Нұрланқызы.....	320
Жумашева Айгерім.....	322
Жұбатқан Нұрсая Жолдасқызы.....	323
Жұмабаев Нұржан Мырзатайұлы.....	324
Жұмабекова Инабат.....	325
Зайдуллаева Жаннұр.....	327
Қабдрахманова Әдия Берікқызы.....	329
Кеңес Асылайым.....	330

Кадірбаева Жібек Әділғазықызы.....	333
Костырина Е.Ю.....	335
Кунуров Дамир.....	336
Куспанова Мерей.....	336
Қайырғалиев Алмаз Қаныбекұлы.....	338
Қалатаева Іңкәр.....	339
Қалиева Томирис.....	341
Қанатқызы Томирис.....	344
Қарабатырова Айшабibi.....	345
Қасымов Мұхамедияр Асланбекұлы.....	348
Қосуақова Диана.....	349
Қуанбаев Аңсар.....	351
Қуандық Ақсезім.....	353
Қуандық Іңкәр Темірбекқызы.....	356
Қуаныш Томирис.....	357
Қуанышбай Ақниет Берікқызы.....	358
Құдбаева Нұрсая Қырымқызы.....	359
Қылышанияз Ерсұлтан.....	360
Леонова Дарья.....	362
Мадетхан Дильназ Нурболқызы.....	363
Миненко Артем.....	364
Мунбаева Айгерім.....	365
Муратова Мирина.....	366
Мусаева Аружан.....	367
Мұханбетқали Амина Мұратқызы.....	369
Мылтықбаева Толғанай Қанафияқызы.....	370
Нұрболқызы Диляра.....	371
Нұрланқызы Жадыра.....	373
Өмірзақ Ақтоты Алмасқызы.....	374
Погорелова Анита.....	375
Қыдырбаева Аяұлым.....	376
Сағындықов Ерлан.....	379
Садуақас Аяжан Шалқарқызы.....	382
Сарабек Айгерім Ерікқызы.....	384
Саркулова Нурия.....	386
Сатиев Даулет Алибекович.....	387
Серікбай Нұрару.....	388
Сидакова Дана.....	390
Сисенбай Гүлмарал Аманқызы.....	393
Сисенов Бекзат Исатайұлы.....	394
Совет Мадина.....	395
Такилова Жадыра.....	397
Талғат Гүл-Сезім.....	399
Талғатқызы Альбина.....	400
Тәртіп Ұлдана Русланқызы.....	401
Туменова Жанара.....	402
Тыныбаева Нұрсәуле Әлібиқызы.....	404
Хасен Диас Дамирұлы.....	406
Шүйтбаев Әли.....	407
Байтұрсынқызы Орынжан.....	408
Дастанова Акнур.....	409
Накебаева Дана.....	410
Тұрған Жанел Арманқызы.....	411
Қалмаханбетұлы Диас.....	413
Нұрболатұлы Әмір.....	414
Бөтенбай Сабина.....	417
Ескербек Меруерт Ақжігітқызы.....	418
Зейнелов Расул Ануарович.....	421
Жақсылық Жандәулет.....	422
Бақбергенов Райымбек.....	423
Ақжанбеков Нұрдәулет.....	424
Абдраймова Адина.....	425

Алғысөз

Балалар біздің болашағымыз. Өз елінде балалар білім алуға, өз Отанын жанындай сүйуге міндетті.

Өзінен үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, еңбектенуге, демалуға, балаша ойнап-күлуге еркін құқықтары бар.

2022 жылды мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев «Балалар жылы» деп жариялауына орай, «Мен Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Жастарға зор үміт артамын. Жастарымыз атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың, реформалардың игілігін міндетті түрде көреді. Олардың арасында көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр азаматтар аз емес. Біз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасауымыз керек», - деген ойын айтып, балаларға ерекше көңіл бөлу керек екенін жеткізген. Сол себептен біз балаларға қай кезде де білім алуға, шығармашылыққа баулуға үнемі қолдау көрсетіп отыруымыз керек. Биылғы балалар жылы аясында ұйымдастырылған «Әлем балалар көзімен» атты оқушылардың шығармашылық жинағы жарық көріп отыр. Мұнда Республика бойынша әр өңірдің шығармашылыққа бейім мектеп оқушыларының өлеңдері, әңгімелері, эсселері, ертегілері, жұмбақтары, сөзжұмбақтары, жеке ойлары т.б жарияланған. Олар өз орталарындағы өзгерістерді, өздерінің қиял әлемдеріне бойлаулары арқылы, әдемі ойларын кіршіксіз балалық сезімдерімен зерек ой ұшқырлығымен, білімділіктерімен шынайы жеткізе білген. Осы орайда шығармашыл оқушылар мен жетекшілеріне оқуда алғыр, еңбекте табысты болуларына шынайы тілегімізді қосамыз.



Оналхан Кәусар Аханқызы
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«Кошке Кемеңгерұлы
атындағы №49 орта мектеп» КММ-нің
1 «В» сынып оқушысы.



Жетекшісі: **Жалмуханова Бибасия Рамазановна**

МЕКТЕПКЕ АЛҒАШ БАРҒАНДА

Мезгіл күз уақыты болатын. Айнала сап-сары алтындай. Таңертең ерте оянып, мектепке дайындалдым. Әкем мен анамның, «Ертең мектепке барғанда киесің» деген, су жаңа киімдерімді киюге асықтым. Қолымда бір шоқ гүлім бар, мектепке қарай бет алдым. Жақындай бергенде, мектеп алаңының түрлі –түсті шарлармен және әсем гүлдермен безендірілгенін көрдім. Балалар да мен сияқты, қолдарындағы гүл шоқтарымен ұстаздарына асығып барады. Кенет алдымнан күлімдеген, жүзі мейірімді, алғашқы ұстазым шықты. Мені жылы жүзбен қарсы алды. Анашымның гүл шоғын ұстазыңа бер деген сөзін естіп, гүлді ұстазыма қуанышпен сыйладым. Осы сәт менің әлі есімде. Содан алғашқы қоңырау соғылып, мектепке кірдік. Сынып іші жап-жарық, тап-таза әрі кең екен. Ұстазым партаға отырғызды. Сыныптастармен таныстырды. Алғаш оқулығымыз «Әліппені» таратып берді. Әліппені қолыма ұстап, ішін көргенше асықтым. Ішіндегі сиқырлы әріптердің сырын ұғып, білім әлеміне саяхаттадым. Содан бері алғаш мектепке барған сәтім есімде!



Танатқан Әліби Ерханұлы
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«Кошке Кемеңгерұлы
атындағы №49 орта мектеп» КММ-нің
3 «Ә» сынып оқушысы.



Жетекшісі: **Иман Гүлжәмилә Молдабекқызы**

Отаным

*Отаным менің туған ел,
Жеті атам қоныс қылған ел.
Қазақстаным қадірлі,
Басында бақыт тұрған ел.*

Ұстазға

*Ұстазым менің ұстазым,
Өзіңе келет ұқсағым.
Алғаш қалам ұстатып,
Алғаш әріп танытып,
Білім жолын нұсқадың.*

Әкеме

*Әкешім менің еңбекқор,
Бола білген үлгілі.
Соңына дейін апарар,
Адал болған тірлігі.*

Анашым

*Анашым мені әлдилеп,
Осы күнге жеткізген.
Ақ сүт беріп әппештеп,
Керемет бала еткізген!*

Бауырым, Әділге

*Бауырым менің бауырым,
Көрсеткен бізге тәлімін.
Жаны ашып жүреді,
Көңілін табар бәрінің.*



Дархан Дариға
Нұр-Сұлтан қаласы
№72 мектеп-лицейінің
10-сынып оқушысы

Жетекшісі: **Адилбекова Жанар Советхановна**

Тау ұлына

*Сүйген ұлы тауларды,
Қыраттарды, бұлақтар мен бауларды,
Таудай сезім тасып жатқан бойында,
Тау ұлы – ол
Жақсы көрген Хантәңірі, қыранды.*

*Әрбір сөзі таудай биік, бір әлем,
Сол сөздері жан-жараңды дәрігердей емдеген.
Поэзияға сыйған құдды бар әлем,
Поэзиясы көңіл жырын күңіренге тербеген.*

*Жүрегінде жатса дағы қанша мұң,
Шыңыраудан құласа да қанша мың.
Жасымады, қайта тұрды орнынан,
Ақындықтың антына адал болдың.*

*Поэзияны серік етті жанына,
Ғашық болды алып таулар шыңына.
Қара өлеңі таза жауһар елі үшін,
Сақталынған қазағының жадында.*

*Ұланы едің Қарасаздай мекеннің,
Білетінсің туған жердің қасиетті екенін.
Нәр алғансың Қасқа бұлақ суынан,
Мақтан етер өзіңді асқар таулы мекенің.*

*Ақиықтың қазағымен жүрегі бір, жаны бір,
Байлығы да, базары да, бары-нары болған жыр.
Мұзбалақты еске салып биік таулар жанып тұр,
Мұқағали – таусылмайтын мәңгі ғұмыр, мәңгі жыр.*



Сəби Аянат Мұратқызы
Нұр-Сұлтан қаласы
BINOM School Saryarka мектеп-лицейінің
8-сынып оқушысы
Жетекшісі: **Айкен Исатаева**

Абайға арнау

*Сыншыл ақын, Абай ата - шыншыл ақын.
Өнер, ғылым, білімге аса жақын.
Өмірімен танысып, мақсат қойып,
Шыншылдыққа, адалдыққа талпынасың.*

*Өлеңдерін қаншама мұра қылған,
Бастау алған халықтық асыл жырдан.
Өсиеті, өлеңі, әрбір сөзі,
Тайдырмайды біздерді тура жолдан.*

*Ізгі ниет, адал жолға шақырғандай,
Бойында, құдіреттік жатыр қандай,
Жаман ниет жақсысына салыстырып,
Барлық таңын біздер үшін атырғандай.*

*Әлемнің құпиясын ашқан ақын.
Бар ма еді, ұлы Абайдан асқан ақын?
Адамзаттың жағымыз қасиетін,
Өлеңменен, жырменен айтқан ақын.*

*Абай ата- өшпестей мәңгі жұмбақ,
Біз үшін ұлы ақын биік тұрмақ.
Өсиетіңді әрқашан алты Алашқа,
Болашағың өтеді мәңгі жырлап.*

Абайға арнау 2

*Қасиетіңмен қазақты әлемге таныттың,
Қара сөзіңмен қалауы болдың халықтың.
Өлеңім менен өнерім өрбіп жүрсе де,
Ұлыға сендей сөз табуға да ғаріппін.*

*Атам-ау мен де ұрындым дертке өзіңдей,
Ақын атанып жыр жазғым келер көз ілмей.
Болсам да ақын, жазсам да тоқсан толғауды,
Болмас ешқашан сенің бір ауыз сөзіңдей.*

*Сенің өлеңің ісіме шабыт сыйлаған,
Түсіме кіріп талай түн мені қинаған.
Асық қылды ғой сендегі тұнған қасиет,
Сұрарым, ата-ау, сол қасиетіңді қи маған.*

*Бүгін өзімді жайсыз сезіндім неліктен?
Не көрінген, не екен маған кезіккен?!
Мың сұрақ бар, жауап таппадым, білерім -
Мен - жас ақынмын сенің жырыңа желіткен!*

*Өлеңің сенің - қиялым менің құмарым,
Қара сөздерің – қасиет тұнған тұмарым.
Қолымды жайып бір Құдайымнан сұрарым.
Берсе екен маған сендегі шабыт құралын.*

*Хәкім дер сені, Абай деп санар данасын,
Жыр жазса егер, жырыңа арнар санасын.
Ұлықтар ұрпақ, тарихың жаяр тереңге,
Туса жалғыз ұл Абай деп қояр баласын.*

*Қазақтан жаным, қаным да қазақ тілім де,
Қазақ болған соң, қазақ қаздайын үнім де.
Жауқазындайын жырларың жақын жаныма,
Неге қазақпын, білмесем соның бірін де.*

*Ұқтырдың ұлтқа надандық пенен хақтықты,
Жақсыға үйір, жаманшылықтан сақтықты.
Өзің жазғандай иманды адам көш бастап,
Ардан безгендер бәлеге талай қақтықты.*

*Бүгінгі ұрпақ атыңды мейлі мақтасын,
Поэзияда тарихың тұнып жатқасын.
Ескерткіш қойып есіне сені алғанша,
Шын қазақ сені жүрек төрінде сақтасын!*

Сәкен Сейфуллинді оқығанда

*Оқымауға өзіңді амалым жоқ,
Көңілде бұлт ойнайды, жанарымда от.
Өткен-кеткен мықтылардың арасынан,
Тұрады ылғи тұлғаңа қарағым кеп.*

*Қайран сабаз қазақтың дара туған,
Көкірегі көк толқын сан атылған.
Әділетсіздікке тайсалмай тік қараған,
Ар-намыстың отынан жаратылған.*

*Дара қыран жаралған самғау үшін,
Қазағына өмірін арнау үшін.
Халқы үшін туған керемет адамдардың,
Даңқты келер күнге жалғауы үшін,*

*Сыршыл ақын өлең жыр бұлағындай,
Ғасырлардың сөнбейтін шырағындай.
Атың өлмей, өмірмен бірге жасар,
Елдік пенен өнердің тұрағындай.*

*Үлгі тұтар ұрпағың талғамдайсың,
Талғамдайсың тәтті бір армандайсың.
Еліме тәуелсіздік болған кезде,
Ұрпағыңа келіп бір қалғандайсың!*

Ұлы ағартушы

*Адамзаттың көзін аштын өлеңмен,
Жыр жолдарын арнап саған келем мен.
Мыңдаған жүректерді тербеген,
Ыбырай ата, қасиетті де кемел ең.*

*Көп білуге құштар болып бала кезден,
Әңгімелерін Ыбырайымның оқып өскен.
Бүгенде жолын қуған ұлы ақынның,
Алдарында өнерімен тұрмыз біздер.*

*Аштың білім ұясын қазақ үшін,
Оқытамын деп қазақтың әр баласын.
Жақсартуға болашақ ел тынысын,
Білім беру жолында кетті - ау күшің.*

*Сен болмасаң қазағым жанар ма еді,
Қараңғы бір түнекте қалар ма еді.
Елу елге кірем деп талпыныспен,
Тастан зәулім сарайды салар ма еді.*

*Ыбырай-жыр, Ыбырай-тарих, Ыбырай-дастан
Білімге тереңінен қадам басқан
Ұрпаққа мұра болып келе жатыр,
Ыбырай сөзі қаймағы бұзылмастан.*

Перзентімін еркін, азат халықтың

*Өз тіліңсіз көрсең де өз күніңді,
Өз тіліңсіз болсаң да асқан білімді.
Өз халқыңа бола алмайсың азамат,
Білмей тұрып туған ана тіліңді.*

*Әлде қалай жоғалтса ана баласын,
Бала іздеп таппай ма өз анасын.
Өгей шеше секілді өзге тіл де өгей,
Өз тіліңмен ертерек тап жарасым.*

*Сенде айып жоқ, тілің де емес кінәлі,
Ешкімнің жоқ болса да оған күмәні.
Үйренбесең, өз тіліңді білмесең.
Жазықсыз-ақ жазғырып ел тұрады.*

*Қаның жаның, қазақы ұлттық түрің бар,
Сенен үлгі алар қызың, ұлың бар.
Перзентісің еркін, азат халықтың,
Тәуелсіз ел, мәртебелі тілің бар.*

Махамбетке арнау

*Білімді, ойы терең, тілге шешен,
Әділ жан, ақылға бай, ақын да сен.
Халқының қамын ойлап көз ілмеген,
Жау жүрек, қайсар мінез, батыр да сен.*

*Батыр ең Исатайға серік болған,
Ер едің берген сертке берік болған.
Жете алмай арманыңның ақ таңына,
Қапыда жау қолынан мерт болған.*

*Ұрпағыңмын мен өзіңнен үлгі алған,
Қалам алып өзіңе арнап жыр жазған.
Ұландарың болашақтың қамын жеп,
Болса деймін дәл өзіңдей қаһарман!*

Мұқағалиді оқығанда

*Мұқағали поэзия ішінде,
Оқы-таны, үлкенің де, кішің де.
Өлеңімен қоса сыры жазылған,
Фибрат алар оқып әсте түсінде.*

*Поэмасы «Аққулар ұйықтағанда»,
Құдіреті сезілмес ұқпағанға.
Сыртын шалма, жаныңмен ішіне ен,
Ойын ұғын бірақта бұқпаланба.*

*Ойға тоқы өлеңін, жазғандарын,
Шабытынан қамданып қазғандарын.
Бойға жина асылын, сен танып біл,
Жазғандарын, адамның азғандарын.*

*Түсіне біл айтқанын өмір жайлы,
Ұғынсаң жүрек қалай туламайды.
Айтылған Мұқағали жан сырлары,
Ойлардан ойларды кеп қуалайды.*

*Дүниеге Алтайдың бөктерінде,
Келген екен заманның көктемінде.
Кейін қайтпай, әкесі қаза тапты,
Бала еді, соғыстың өткелінде.*

Жыр алыбы - Жамбылға арнау

*Биік ұстар қазағымның намысын,
Тарлан едің тым ерекше шабысың,
Көк байрақтай көтеріміз биікке,
Жаралған жан қазағымның бағы үшін.*

*Ақын едің өлең жазар жүректен,
Кезіңіз жоқ көңілді бір жүдеткен.
Сегіз қырлы азаматсыз дарынды,
Ұлы жүздің Екей руын түлеткен.*

*Дәріптеген қазақ атты ұлтыңды,
Тұнған тарих еңбегіңіз бұл күнгі.
Біздер оқып ғибрат алып жатырмыз,
«Көрұғлы» мен «Өтеген батыр» жырыңды.*

*Жұмыр жерге атың мәлім Жамбылым,
Дарынды ата біздерге үлгі әр ісің.
Сіздегі бар қасиеттер ерекше,
Кейін қалған ұрпақтарға дарысын.*

Мағжан Жұмабаевқа арнау

*Қазағымда ақын көп қой туылған,
Туылғаннан жыр жазуға бұрылған.
Шәкәрім мен Абайлардай алыптың,
Ізін қуған ақынның бірі Мағжан.*

*Қазағымның ойлағасын жағдайын,
Дана бола білді Мағжан әрдайым.
Зар заманда өмір сүрген халықтың,
Жақсартуға тырысты ғой жағдайын.*

*Кешіп өткен талай өзен-көлдерді,
Өткізді ол қиын-қыстау күндерді,
Халқыменен бірге жүрген жерлерді
“Ұмытпаспын”-деді, Мағжан сол кезді.*

Ата-бабам аңсаған

*Қайрат, Ләззат, Сәбираға баға жетпес,
Асылдар алып берген Тәуелсіздік.
Сен үшін менің мынау жаным құрбан,
Тәуелсіз ел – Отаным құдай берген.*

*Назарбаев ағамды жақсы көрем,
Көрегендік, жақсылық ойлап жүрер.
Ең алғаш егемендік ту ұстаған,
Мәңгілік жүректерде нұр боп енер.*

*Қазақ елі дамыды күндер санап,
Әрбір таңын егемендік жырға балап.
Қара жерге табынып өсе бердік,
Көк туымыз қолымызда әнді жалғап.*

*Әртүрлі салалар бар өркен жайған,
Білімді, мәдениетті дамытты адам.
Жасампаз миллион жұрты қазағымның,
Жарқылдады үміті көрік шашқан.*

*Табынып Бекет ата тұрағына,
Үш жүз алпыс әулиеге тәуеп еттім.
Тәуелсіздік қыраны самғады ғой,
Мен бақытты екенмін дәл осы күн.*

Тәуелсіздік таңы атсын

*Тәуелсіздік оңай бізге келген жоқ,
Ұл-қыздарым оны қолдан берген жоқ.
Отан үшін құрбан болған боздақтар,
Ел есінде қалды мәңгі өлген жоқ.*

*Әрқашанда тыныш болсын түніміз,
Шуақ шашсын ашық аспан күніміз.
Кеше ғана азаттықты аңсаған,
Бүгін міне, ірі елдердің біріміз.*

*Жалыным бар ешкім оны сөндірмес,
Бұл әлемде қазақ жерін кім білмес.
Қонақжайлы, азат елді, көп ұлтты,
Қазақстан еліне ешкім тең келмес.*

*Халқым аман, тыныш өмір кешейік,
Елімізді қорғап мәңгі жүрейік.
Бар адамға бір ғана менің тілегім,
Бейбітшілік қасиетін білейік!*

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына

*30 жыл – тәуелсіздік алғаныма,
30 жыл – еркін тыныс алғаныма.
Орындалып ата-баба арманы,
Ұрпақтары қанат қағып самғады.*

*Тәуелсіздік бар халықтың арманы
Қол жеткізу оған оңай болмады.
Жанын қиып тәуелсіздік жолында,
Талай қазақ зардап шегіп зарлады.*

*Асқақтатып армандарды аспанға,
Мойындаттың қазақ барын жалғанда.
Кейбір елдер бәсекеге түсе алмай
Ілесе алмай қалды біздің шаңға да.*

*Тойла қазақ, тойла қазақ тойыңды,
Жан жағыңа алаңдатпай ойыңды.
Лайықсың сен еркін ойнап күлуге
Бұл алланың нұры жауған күнінде,*

*Құтты болсын, құтты болсын тойымыз!
Алға қарай жүйткі берсін ойымы,
Мың жылдығын тәуелсіздік тойының,
Ұрпақтарың тойлауына бұйыртсын.*

Махамбетке арнау 2

*Исатайды серік қылып қасыңа,
Асынып қылыш, дулыға кидің басыңа.
Қарсы шықтың дұшпанға сен қорықпастан,
Сендің сен жеңіліп қалмасыңа.*

Қуанамын Махамбеттей батыр барға,
Ұқсамайды басқа ешбір батырларға.
Қорықпастан ,сескенбестен,
Қарсы шықтың асқақтаған Жәңгір ханға.

Қазақстанның топырағынан жаралдың,
Алыбынан орыстардың нәр алдың.
Бекетай құмның басында,
Түніменен түйініп, таң атқанша тарандың.

Халқыңның егемендігін ойладың,
Дұшпаныңды жайына еш қоймадың.
Дәл осындай ерліктің арқасында,
Шайқастан соң жеңіс тойын тойладың.

Исатайды «Тарланым» деп жырладың,
Дұшпаныңа аяушылық қылмадың.
Исатайдай жан досыңмен бірігіп,
Сақтап қалдың қазағыңның ар-бағын.

Махамбеттің ерлігіне тамсанам,
Қанша халық Махамбеттей батырларды аңсаған.
Жәңгір ханға қарсы шыққан соғыста,
Бір топ қалды Махамбет өзі бастаған.
Махамбеттің ерлігінде шек бар ма?
Ұрпағыңды ойладың сен тек қана.
Мәңгі бақи ұмытпаймын мен сені,
Көкейімде боласың сен тек қана!

Жерұйықты іздеген Асанқайғы

«Жерұйықты» іздеп Асан бабам талмаған,
Бармаған жері, баспаған тауы қалмаған.
Қанағатсыздығын жалған дүниенің дәлелдеп,
Жер мықты екен мықтыларды жалмаған.

Дәлелдей алмай кеңдігімен тарлығын,
Қара жерде көк аспанда қалғыды.
Азғындардың әлі күнге сезбейді,
Ғасырлардың қойнауында қалды кім?

Оған жауап берсе берер Адамдар,
Тарих құрар уақыттар, замандар.
Зұлымдықты сезе алмай егер жүрсеңдер,
Сау тұрғанда бір -біріңе қараңдар!.

Жамбыл – жырымның бастауы

Бала жастан жырладың елдің мұңын,
Насихаттап әр қашан ел бірлігін.
Жамбыл ата, мәңгілік өшпес ұғым,
Жырларың жаңғырып тұр міне бүгін.

*Киелі Жамбыл таудың етегінде,
Есік ашып өмірге беттедің де.
Адалдықтың арына арқау етер,
Жол аштың адалдықтың мектебіне.*

*Көгімізде жаңғырды даңқын бүгін.
Қазаққа қуат берер жарқын жырың.
Мәңгілікке ұласып ұлы жолың,
Жырыңмен ұрпағыңды талпындырдың.*

*Баладың тамырыңды туған елге.
Бұтағыңды – абыздың жырлары деп.
Жапырағың жайылған балаларың,
Жырларыңнан түледі талай ақын.*

*Өлең үшін өмір сүрген өр бабам,
Жырларыңнан рухты мен табам.
Бата алған Сүйінбайдай ақыннан,
Жамбыл ата ұрпағыңмын мақтанам!*



Коптлеуова Гульшат Доскеновна
Сарыозек ауылы, Кербұлақ ауданы
№49 орта мектебінің 7-сынып оқушысы

Жетекшісі: **Узақбаева Молдир Ербосыновна**

Сұм соғыс

*Елі үшін кеудесін оққа тосқан,
Жеңіс үшін соғысқа үлес қосқан.
Ұмытпайық бабалардың ерліктерін,
Соғыстың ерте жастан дәмін татқан.*

*Өзі емес өзге үшін ерлік еткен,
Жеңіс тіпті оңайлықпен жатпеген.
Ата-бабам қан майданда қансырап,
Сұм соғыстың азабымен жан кешкен.*

Отбасым

*Бар байлығым отбасым,
Әрқайсысы дара шың.
Үйреткен бар білгенін,
Әжем менің дарасың.*

*Әкем менің ардықты,
Сыпайы да салмақты.
Алақаны аялы,
Анам менің жан жақты.*

*Қорғар мені ағам бар,
Әпкем маған алаңдар.
Ізімнен ергер сіңілім,
Отбасым осы адамдар.*

Әсель апай

*Ұлағатты ұстазым Асель апай,
Мейірлене қарай тұғын бәрімізге.
Білімге әркез жетелеген еш жалықпай,
Арман нұрын шашып берер көзімізге.*

*Білем сезем оңай емес ұстаз болу,
Құдыретін түсінемін ұстаздықтың.
Ұстаз болу оқушыға үлгі болу,
Бар мәнісін түсіндірер жақсылықтың.*

Әжеме арнау

*Әлпештеген аялаған,
Мені әрқашан қолдаған.*

*Сұлу әжем ардақты ,
Көркіне көз тоймаған.*

*Құшағыңнан күннің нұры төгілген,
Бар жақсылық өзің жақтан көрінген.
Ешқашанда еркелікке қарамай,
Маған сіздей керемет жан берілген.*

*Әже дейтін ардақтығой керемет,
Барында оны жаныңа да керек ет.
Өмірі оның әрқашанда қымбатты,
Жүзі оның қыр гүліне тең келед.*

*Асыл әжем мейрімді жанашыр,
Сөзі оның кереметқой қарашы.
Әрбір сөзді құйып алар санаға,
Өсе берсін әрбір үйден немерелер.*

*Әжем менің сәби кезден қараған,
Барлықтарын ұлы адамға санаған.
Құтты болсын келіп жеткен мерекеңіз,
Бірдей жанды асылдарға санаған.*

Аяулы анама арнау

*Анашым ақ жүрегің жанашырым,
Өмірдегі бағалы бар асылым.
Маған қарап жүзіңіз ден нұр төгілген,
Әлемдегі баға жетпес бар асылым.*

*Жүзіңізден жылу төккен адамсыз,
Алға қарай жүре берсін қадамыңыз.
Біздей жанды тәрбиелеген сіздерді,
Қуанышпенен жүргізсін тек ортаңыз.*

*Анам менің мәпелеген жан анам,
Ешқашанда жаман көзбен қарамаған.
Сізді мәңгі сыйлап өтер біздерміз,
Біз сіздің құшағыңызды саялаған.*

*Ерекшесіз басқаларға ұқсамайсыз,
Біздерді сіз бар жанмен аялайсыз.
Бәрінен де көңіл қойып жүретін,
Біз сізді барыңызда бағалаймыз.*

*Жаным анам бірге жүрген қасымда,
Қиындықта бірге болған жанымда.
Құтты болсын бүгінгі мерекеңіз,
Шүкір дейміз сіздей жанның барына.*

Наурыз

*Наурыз келді нұрға бөлеп даланы,
Жырға теңеп ауыл, қауым, қаланы.*

*Сол көктеммен келді міне өз Наурыз,
Жаңа жылы күткен қанша баршамыз.
Далам жатыр, сұлу нұрға боялып,
Гүлдер, құстар көктемменен оянып.
Көк аспанда әсем күн тұр күлімдеп,
Қуанышты жаңа жылым бүгін деп.
Қыс ызғары алыс кетті бүгін де,
Бүлдіршіндер жүр далда асыр сап.
Қуаныш пен шаттық ізі жүзінде,
Көзің түссе бауға, тауға, қалаға.
Қарасаң да алып шаһар қалаға.
Қар еріген, құстар салып әсем ән
Шаттанып жүр күйбең қарт та, бала да.*

Тәуелсіздік

*Тәуелсіздік – Тәңірдің берген сыйы,
Қуантады балша еркін күйі.
Мен мақтанам өзімнің елімменен,
Таң қалдырар, таңғажайып жерімменен.
Қарап тұрсам, әлемде талай ел бар,
Өніп-өсіп мекен етер жері тар.
Біздің елге, мұндай сұлу табиғатқа,
Әрбір елдің тұрғындары келгісі бар.*

Мағжан Жұмабаевқа арнау

*Солтүстіктен көптен шыққан ұлы ақын,
Табиғаты өлеңдерге тым жақын.
Өмірінің қасық қаны қалғанша,
Қазағым деп жырлап өткен ұлы ақын.*

*Аты оның көп халыққа танылған,
Қазағымды күллі әлемге танытқан.
Әбілмағжан дана ақын деп білер,
Жырларына барлық адам қаныққан.*

*Алашының атақтысы ардақты,
Өмірдегі өз қалауын таңдапты.
Көңілдегі әрбір ойын өлеңмен,
Қазағымның жастарына арнапты.*

*Қажымастай қайрат сыйлар халқына,
Көңіл қойып ақыл берер жалпыға.
Орыстардың қаһарына қарамай,
Мақсаттарын қоя білген алдына.*

*Ақылын алған талайдың,
Шәкәрім, тіпті Абайдың.
Адалдықты бәрінен,
Жоғарылау санайды.*

Өшпестей бір артына із қалдырған,
Өмір деген отты лаулап жандырған.
Сөз қадірін терең ұғып, сезініп,
Өлең деген ұлы қамал салдырған.

Талай талай биікті бағындырған,
Жас бұтақтай жастарды сындырмаған.
Әдебиетте ерекше орын алып,
Білімдіні тасадан тыс қалдырмаған.

Кітаптары жеткен ұлы көрерменге,
Әңгімелер жетті түпкі тереңдерге.
Әңгімесі таңғалдырған әлемді,
Айтқым келед ұлылығын мен сендерге.

Ерекше адам өзгеше боп жаралған,
Шығармасы дараланып қаралған.
Үлгі алар кісінің нақ өзі деп,
Бүкіл қазақ жастарына жар салам.

Әрбір жыры тереңдерге бойлаған,
Ақиқатты дәлелдемей қоймаған.
Әрбір сөзді сараптаумен жариялап,
Атақ үшін елін жерін сатпаған.

Қандай жүйрік мына жалған өмір де,
Қанша жылдар өтті бүгінгі күнде.
Қайта оралмас дарындысы мол шақтар,
Ғылымдары жетті бүгінгі күнге.

Ұрпағымын адуынды қазақтың

Ұрпағымын адуынды қазақтың,
Бабаларым көрген талай азап күн.
Сол батырдың төккен маңдай терімен,
Мен бүгінде тәуелсізбін, азатпын.

Еркін өсіп, сайран салдым елімде,
Уақыт келді еңбек етер менің де,
Отанымның маған берген жемісін,
Қайтаратын келіп қалды кезім де.

Ғылым іздеп , өнер құған жастармыз ,
Елімізді біздер алға бастармыз .
Қазақстанды бар әлемге танытып ,
Еуропаны озып, басып тастармыз.

Біз дәрігер, ұлт саулығын ойланар ,
Біз журналист, шешендігі бойда бар.
Агроном мен инженер де өзіміз,
Толы болар қазынамен қоймалар.

*Біз ұстазбыз , ұрпаққа дұрыс ой берер,
Біз ұланбыз, елді қорғар бойлы ер.
Министр мен депутат та өзіміз,
Еңбек етіп, биік елмен бой теңер .*

*Біз жастармыз, болашақтың тірегі,
Ойы асқақ , биік болған тілегі.
Мағжан сенген бүгінгі жас біз едік,
Білімді ұрпақ, арыстандай жүрегі.*

Тәуелсіздікке-30жыл (эссе)

Міне биыл тәуелсіздікке 30 жыл толды. Әлемде Қазақстан деген ұғым орната білдік. Ал, осы тәуелсіздікке біз қалай қол жеткіздік? 1986 жылы 16 желтоқсанда әпке, ағаларымыз біздің болашағымыз үшін үлкен көтеріліске шықты. Бұл көтерілістің себебі: орыс үкіметі биліктен Дінмұхаммет Ахметұлы Қонаевтың орнына Кольбинді қоймақ болды. Ал, қазақтың жас батырлары оған жол бермей, қазақ елінің өз өзін басқара алатындығын, қазақ халқының осал еместігін дәлелдеді. Ресей үкіметі жалпы көтеріліске шыққан адамдарға қарсылық көрсетіп, жастарға қыс ызғарына қарамастан суық су шашты, кінәсіз болса да барлығын түрмеге қаматты, тыныш отырған халықтың жұмысынан айырды. Сонда да көтерілісшілер барлық қиыншылыққа төзіп, тойтарыс бере білді. Қаншама жас өрендеріміз қыршыннан қиылды. Күннен күнге елі үшін көтеріліске шыққан адамдар саны арта берді. Бірақ осы төгілген қан мен көз жас өзінің айтқанына жетіп, Қазақстан республикасы 1991 жылы тәуелсіз ел атанып, азат елге айналдық. Шынымен де ауызбен айтып, видео роликтен көру оңай жұмыс, бірақ соның бәрін көзбен көріп, барлығына тойтарыс бере білу, әрине, қиын.

Осы 30 жыл ішінде көптеген жетістікке жеттік. Айта кетсек спорт саласында көптеген спортшыларымыз әлемдік деңгейде жүлделі орындарға ие болды. Иитья Ильин, Геннадий Головкин, Серік Сәпиев және тағыда көптеген мақтан тұтар спотшыларымыз елдің атын Дүниежүзіне танытты. 2018-2020 жылдары бүкіл әлемге қазақ елін танытқан, шетел төрінде қазақтың киелі аспабы домбырада ойнап, ән шырқаған Димаш Құдайбергенов та еліміздің мақтанышы. Сонымен қатар Ержан Максим, Данелия Тулешова сынды жас таланттыларымыз да аз емес.

Елбасымыз жастарды қолдау барысында 2019 жылды “Жастар жылы” деп атады. Осы жыл аясында “100 Жаңа есім” жобасы іске асырылды. Дәл осы жоба көмегімен біз ел дамуына үлес қосып, елеусіз қалған жастарымызды тануға мүмкіндік алдық.

2017 жылы “ЕХРО-2017” атты үлкен көрме ұйымдастырды. Бұл көрмеге әлемнің түкпір түкпірінен қонақтар келді. Әлемдік деңгейде өткен көрме арқылы әлем Қазақстан республикасын бұрыннан да жақынырақ, жақсырақ таныды.

Ия, жаза берсек 30 жыл ішінде еліміздің жеткен жетістіктері аз емес. Егемендікке жетіп, әлем картасынан өз орнымызды алу үшін, бастан өткерген қиыншылықтарымыз да көпке мәлім, бірақ осы жолда елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың да қосқан үлесінде атап өтпеу мүмкін емес.

Менің ойымша ендігі елдің болашағы, келер ұрпақ, біздің қолымызда.

–“Тәуелсіздіктің кезекті жылдығын атап өту бізге ең алдымен той тойлау үшін емес, ой ойлау үшін керек. Тәуелсіздіктің тайғақ кешулі жолында алдымыздан шығатын асу-асу белдер де болады. Ұлттың ұлан асуында ұйытқи соғатын желдер де болады. Сол асу-асу белдерде белімізді талдырмауымыз керек. Сол ұйытқи соғатын желдерде ұлы мұраттарымызды ұмыт қалдырмауымыз керек. Нағыз Тәуелсіздікке қиын істе тәуекелге бара алатындардың ғана қолы жетеді.” деп елбасымыз айтқандай ғасырлар бойы ата бабаларымыз ат үстінде жүріп, қорғап бізге жеткізген тарихы мен қазынасы мол еліміздің байтақ жерін және қол жеткізген тәуелсіздігіміз, ана тіліміз, әдебиетіміз бен мәдениетіміз, ұлттық құндылықтарымыз осы күнге дейін жеткен салт- дәстүріміз бізге аманат осы аманатты болашақ ұрпаққа аман есен жеткізу біздің қолымызда. Олай болса ендігі жүктелген міндет білімге құштар, саналы ұрпақ болып өсіп, аманатқа қиянат жасамау.

Қазақтың бір туар ұлы ақыны-ұлы Абай

Қазақ елі әрқашан өзінің біртуар дара азаматтарымен, дана ата-бабаларымен мақтана алады. Сол тұрғалардың бірі әрі бірегейі ұлы ақын, Абай Құнанбайұлы. Абай Құнанбайұлы 1845 жылы 10 тамызда дүниеге келген. Жастайынан білімге құштар болып, әкесінің нұсқауымен медреседе білім алған. Әкесі ұлын он екі жасынан бастап ел ісіне араластырып, даулы мәселелерде әділ шешім шығаруға баулыған. Жас Абай әкесінің үмітін ақтай білді, тіпті ойлағанынан да асып түскен зерек болған. Адам өзінің ойлаған мақсатына жету үшін сан қилы жолдан өтіп, кез-келген қиындықтарға төтеп бере білу қажет. Дәл осы іспетті ақын да жастайынан еліне жақын, халқының қалаулысы болғанмен де, көптің арасынан атына күйе жағып, іштарлық көрсе кендер де табылған. Бірақ дана ақын бұл қиыншылықтарға төзе білген. Болған оқиғалар Абай Құнанбайұлының сағын сындыра алмады, керісінше жігерін оята білді.

Абай атамыздың әр қара сөздері мен шығармаларының мақсаты жастарға үлгі беру, халықтың намысын оятып, ерекше ойлар тудыру, отбасына, Отанына деген махаббаттарын арттыру, ең бастысы әр адамға бір жол сөзбен тәрбие бере білу болады. Мысалы, бір ғана “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, жоқ-барды, ертегіні термек үшін, көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін. Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар” “Көңілінің көзі ашық, сергек үшін. «- деген өлең жолдары арқылы әрбір өлеңде терең ой, тәлім-тәрбие мен жүрек сыры жатқандығын жеткізгісі келген деп ойлаймын. Осыған ұқсас әр туындының тармақтарында көптеген мағына жатыр. Оны түсіне білу, оқып, үйрену әрбір ұрпақтың міндеті болуы тиіс. Абай Құнанбайұлы тек осы өлеңдерді жазып қана қоймай ән тудыра білген. Мысалы “Көзімнің қарасы” атты шығарманы тақпақ ретінде де ән ретінде де орындауға болады. Бұл жерден түйетін ойымыз ақын Абай атаның сазгерлік қасиетіде болған. Абай атамыз өмірінің соңғы жылдарында қара сөздер жазған. Осылайша өмірінің соңына дейін мағына мәнді, тәлім тәрбиесі мол, 45 қара сөз жазып қалдырған. Ақын қара сөздері арқылы келешек ұрпаққа деген өзінің білгенін, өмірден түйгенін жазып отырған. Мысалы, жазушының бірінші қара сөзі, “Бұл уақытқа дейін өмірім жақсы өттіме жаман өттіме ол маған белгісіз бірақ өмірімнің біраз бөлшегі өтіп кетті, мен көптеген жұмыстарды істеуге талпындым, бірақ ешқайсысы қолымнан келмеді, мен тек қалам мен ақ парақты серік қылып алдым. Өзімнің қайғы мұңымды, ішімдегі ренжісімді осы ақ параққа

түсіріп отырып қалған уақытымды өткізсем маған жеткілікті”,- деп басталады. Осы қара сөздегі ең басты ой – уақытты қадірлей білу, әрбір сәтті тек пайдалы өткізу керек екендігін айтқан. Ал ең соңғы қара сөзінде, «Құдай туралы әркім өртүрлі қауесет айтады, бірақ бұның не шын, не жалған екенін ешкімде аңғара алмайды тек білерлері жаратушы құдайдың бар екені, ал екінші мәселе махаббат сезім туралы. Егерде адамда адамгершіліктің басы- махаббат,ғадалет,сезім. Бұл үш қасиет адамға әрдайым керек және бұлардың қай жерде болмасын өз орындары бар. Біз ғылымды шығара алмаймыз, біз тек жасалып қойған затты реттеп жаңалық аша аламыз.”деп аяқталады.Бұл жолдар арқылы адам өмірде махаббат, адамгершілік туралы ұмытпау қажеттігін айтқысы келген тәрізді. Ия, бұл қара сөздер қазақ әдебиетінің биік шыңы, халықтың мәдени мұрасы болып есептеледі.

Абай Құнанбайұлы саясатта да белсінді болғаны белгілі.Тарихқа сүйенсек ақын үш рет болыс болып сайланған. 1885 жылы Қарамола ауылында өткен съезде болыс Абай төбе би болып сайланған.Сол уақытта бар жоғы 3 күн ішінде 73 баптан тұратын заңдар жинағын жазған. Заңдар сол кезде өз күшіне еніп, орындалған.Қорытындылай келе айтарым, Абай Құнанбайұлы сынды ұлы адам ғасырда бір туатын қайталанбас тұлғалардың бірі.Сол кісінің ұрпағы ретіндегі біздің ендігі міндетіміз ақынның өсиет сөздерін, даналыққа толы өлеңдерін ұмытпау, қастерлеу және келешек ұрпаққа дәріптеу. Қазақты әлемге таныта білген Абай есімін естен шығармай, қадірлей білу керекпіз.

Тіл мәртебесі

Тіл – адамның басты құндылығы. Әр елдің өз мемлекеттік тілі бар, сол тіл арқылы мемлекет тұрғындары бір-бірімен сөйлесіп, қарым-қатынас жасай алады. Қазіргі таңда Қазақстанда көп ұлт өкілдері тұрғандықтан қазақ және орыс тілдері кең дамыған. Конституция бойынша қазақ тілі – ұлттық тіл болса, орыс тілі- мемлекеттік тіл болып есептеледі. Оның ішінде қазіргі таңда орыс тілі кең таралған.

Себебі, қазір қазақ баласы қазақша 100 пайыз білсе де, орыс тілінде сөйлеуді әдетке айналдырған.Егерде осылай жалғасытыра берсек, қазақ тілінің маңыздылығы мен құндылығы жоғалады.Көбісі орыс тілін білсе болғаны, қазақ тілі маңызды емес деп түсінеді. Бірақ олай емес, себебі адам қаншалықты көп тіл білсе де, өз ана тілін ұмытпауы қажет. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» демекші, Өзге тілді үйренеміз деп өз тілімізден айырылып қалмауымыз қажет.

Жас журналистер клубының мүшесі ретінде жазған мақалам

Жақында №49 орта мектеп “Жас журналистер клубы’ ашылды. Менде осы клубтың мүшесі ретінде қабылдандым. Бұл клуб журналистика мамандығына қызығушылығы бар оқушыларға, талантты , дарынды балаларға арналған. Бір бала өлең жазбаса, екіншісі мақала жазуы мүмкін. Осы балалардың талантын ашып, жұмыстарын ары қарай дамытады, жұмыстарымызды аудандық, облыстық газет-журналдарға жіберіп, жариялануына көмек береді.Әрбір жұмысызды тыңғылықты қарап, баға беріп, қатесін түсіндіреді. Бұл клубтың ерекшелігі әр баламен жеке жұмыс, тыңғылықты дайындықты, апта, ай сайын тапсырмалар, конференциялар мен баланы дамытуды басты назарға алып жұмыс істейді. Біз үшін де, клуб үшін де бұл жақсы бастама.



Кабдолова Аружан
Сарыозек ауылы, Кербұлақ ауданы
№49 орта мектептің оқушысы



Жетекшісі: **Наурызбаев Олжас Бауыржанович**

Елбасы

*Байқап жүрміз, күндер өтті санасам,
Тәуелсіздік алдық біз де қарасам.
Қазақ елдің бас «тағына» отырды,
Елбасы, туған жерге жанасқан.*

*Болған бұрын мекеніміз таза емес,
Ал қазір, азық-түлік аз емес.
Шүкір біздің Елбасыға көтерген,
Тік тұрғызып еңбектерге итерген.*

*Елді жерде көбейді жеңіскерлер,
Пайда болды жаңа билік, саясаткер.
Көпшіл жерде көбейді немерелер,
Қазақ елден озбады мемлекеттер.*

*Не дейін, Елбасыға бас иейік,
Отан десе отқа да тік күйейік.
Болмасын жанымызда қас - жаугерлер
Бізді қорғап назар салар бас заңгерлер.*

*Ең алғашқы Елбасы – Әбішұлы,
Керей мен Жәнібектей хандық құрды.
«Тағын» берді сенатты төрағаға,
Жалғастырды ісін елдің қолын ала.*

Мағжан Жұмабаевқа арнау

*Мағжан атты Алаштың қайраткері,
Ақындықпен көтерді ол, әдебиетті.
Солтүстік қазақ жердің бұл тумасы,
Бекен және Гүлсімнің, ол баласы.*

*Есімі болды туылғанда Әбілмағжан,
Аты шықты зерелікпен оның Мағжан.
Өмірге келді Сасықкөл жағасында
Атығай рудың Құдайберді тармағында.*

*Мағжанда «Қорқыт» деген поэма бар,
Тақырыбы өмір және қайраң ажал .
Философтық шығармасы кең таралған,
Әрбір сөзде ащы шындық, ақиқат бар.
Аудармалық саласына көп мән берген,*

Қазақ тілге аударылды әңгімелер.
Заманнаң-заманға жетіп келіп,
Ауыздан-ауызға жетті еніп.
Осы өлеңді арнадым бабамызға,

Көрсетейік лебіз, құрмет ағамызға.
Жазба, тақпақ, еңбегін біз паш етейік,
Қазақ елдің тумасын қастерлейік.

Көтермелеп жұрттың рухын, даңқың Мағжан,
Қазақ елдің ақындары бар ғой ақ жан.
Мағжан деген ата-баба болмаса,
Ақындықпен аты шықты елдің қалай?

Ұрпағымыз жазушының атамыздың.
Ұмытпайық жазғандарын бабамыздың.
Болар бәлкім болашақта осындайлар
Өткен заман бабасына жете қоймар.

Ұлы даланың жеті қыры

«Ботай» деген қоныста атқа мінген,
Бұл заманның дәстүрін бәрі білген.
Ата-баба қару жарақ өндірген,
Әшекей, күміс, темір, мыс келген.

Көсемдердің қабірінен кездестірген,
Аң стилі мақтанады белестермен.
Бұл жауынгер мүсіндердің ең көнесі,
Алтын адам біздің елдің бар үлесі.

Әл-Фараби, Қожа-Ахмет есігі,
Түркістан қаласының бұл бесігі.
Мекендері Қытай, Үнді, Парсы жері,
Ұлы Жібек жолының гүлденуі.

Қазақстан алмалардың отаны,
Қызғалдақтар басып алды жотаны.
Ұлы дала жеті қыры отанның,
Осы әлемге барлық күшін қосатын.



Тұрар Заңғар,
Алматы қаласы,
Шона Смаханұлы атындағы N62- гимназияның
5 «а» сынып оқушысы.



Жетекшісі: Мұқашева Лариса

Күздің күндері

Тамыз айының басынан күздің алыс емес екенін сезе бастайсың. Саябақта аздаған сары жапырақтар көріне бастайды. Бірте-бірте сары жапырақтардың саны да көбейді. Аз күнде сабақ та басталады. Ойындарымыз азайып, керісінше оқуға көңіліміз ауып кетеді.

Айнала сарғайып кетті. Сары алтын сияқты. Әсіресе саябақта күздің сұлулығын көруге болады. Жерде сытырлаған сары жапырақтар. Аяғыңды аттаған сайын жапырақтар сытырлай түседі. Күн ашық болған күндері айнала әрлі түске боянғандай, сары, қызғылтсары, қызыл түстер жарқырай түседі. Ауа-райы бұзылған күндері айнала көңілсіз күйге енегендей тіршілік қысқы дайындыққа жан таппай кірісіп кетеді. Жаңбырдың жиі жауа бастағанынан күн де суып кетті. Аспанда тізіліп ұшқан жыл құстары бізбен қоштасып сәттілік тілеп ұзап барады.



Алиасқар Алуа Мақсатқызы
Алматы қаласы, Алатау ауданы,
№152 мектеп-гимназия,
3 «Д» сынып оқушысы



Жетекшісі: Мұқашева Ләйла Әбдіғаниқызы

Домбыра мен Қобыз (ертегі)

Ертеде Домбыра мен Қобыз деген ағайындылар болыпты. Екеуі де бірінен-бірі өткен өнерлі екен, елдің бәрі екеуінің өнеріне қызығыпты. Ағайындылар ауыл-ауылды аралап, өнерлерін жан-жақты дамытуды жөн көреді. Домбыра болса жеке әндерді сүйемелдеп, күй тартып, түрлі шығармаларды орындап халықты таңғалдырыпты. Қобыз-таңғаларлық пішінімен ғажайып сазымен, бай тембрімен халықты тамсандырыпты. Уақыт өте келе ағайынның арасына сызат түсе бастайды. Бірі Домбыраны қолдаса, бірі Қобызды қолдайды. Екеуінің реніштерін байқаған аталары шақырып алып өсиет айтыпты. Қобыз сен үлкенсің, сенің өзіндік ерекшелігін, ысқышпен ойнайтын қос ішегің бар. Домбыра, ал сенің екі ішегің бар, шертпелі қасиетің бар депті. Атасының өсиетінен кейін ағайындылар тату-тәтті өнерлерін көрсетіп келеді екен.



Еркинов Равиль
Алматы қаласы, Алатау ауданы
№152 мектеп-гимназияның
3-сынып оқушысы.



Жетекшісі: **Мұқашева Ләйла Әбдіғаниқызы**

Домбырам

*Қасиетті қара домбырам,
Өзіңмен дара құбылам.
Қолыма алсам тебіреніп,
Өзге бір күйге оралам.*

*Көзімді жұмасм сезінем,
Құдіретті қара домбырам.
Қазақылықтың қоңыр иісін,
Сезінем дара домбырам.*

*Домбырам алғаш серігім,
Өзіңде ойнап сезіндім.
Алты жасар бала ем,
Қауышқанда алғаш домбырам.*

*Өзіңнен талай нәр алдым,
Домбырам асыл домбырам.
Қазақылықтың қоңыр әуенін,
Асқақтата берші домбырам!*



Әуелхан Аяжан
Алматы қаласы, Алатау ауданы
№152 мектеп-гимназияның
3-сынып оқушысы.



Жетекшісі: Мұқашева Ләйла Әбдіғаниқызы

Қара ешкі

Ертеде бір жарлы отбасының қара ешкісі болыпты. Ол ешкі тойымсыз, төкаппар, өзімшіл болыпты. Көршілерінің ешкілеріне мүлдем қосылмайды екен. Сол үшін үй иесі бөлек бағады екен. Қораға қамайтын кезде сұрапты:

– Ешкім, ешкім тойдың ба?

– Ешкі «тоймадым» депті. Келесі күні тағы шөбі мол, суы мол жерге апарады. Кешке тағы сұрайды.

– Ешкім, ешкім тойдың ба?

– Ешкі тағы да «тоймадым» депті. Солай күн артынан күндер өтіп жатады, тойымсыз ешкі еш уақытта үй иесіне риза болмапты. Қатты ашуланған үй иесі ешкіні қуып жібереді. Сөйтіп ешкі иесіз, жападан жалғыз қалады.



Мұхамеди Бекжан
Алматы қаласы, Алатау ауданы
№152 мектеп-гимназиясының
3-сынып оқушысы.



Жетекшісі: **Мұқашева Ләйла Әбдіғаниқызы**

Алғашқы ұстазыма!

*Әр шәкіртке тек жақсыны қалаған,
Ұстаз деген жаны жайсаң дара жан,
Оқу, білім үйреткені үшін де,
Оған әркез қарыздар ғой әр адам.*

*Бағындырсын деп әрдайым биікті,
Қажет білім нәрін бізге құйыпты.
Ұстаз деген үлгілі жан мен үшін,
Мамандықтың иелері сүйікті.*

*Біздер деген бір мәуелі шынармыз,
Ұстаз айтқан әрбір сөзді ұғармыз,
Жалықпастан оқып, жазып үйреткен,
Шын жүректен ұстазыма мың алғыс.*

Кітабым!

*Білім алам іздесем,
Оқулығым, кітабым.
Нағыз доссың бізге сен,
Сенен бәрін ұғамын.*

*Ақыл да көп кітапта,
Керек заттың бәрі бар,
Ұқпас соны бірақ та,
Оқушылар табылар.*

*Өмір бойы мен үшін,
Кітап досым болады.
Еңбек етер ел үшін,
Кітап- білім бұлағы.*



Сабырбек Ілияс
Алматы облысы, Райымбек ауданы,
Сүмбе ауылы,
«Абай атындағы орта мектебі,
мектепке дейінгі шағын орталығымен»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
3- сынып оқушысы



Жетекшісі: Мұқашева Лаура Әбдіғаниқызы

Ақтабан

Биыл мен үшінші сыныпқа бардым. Сабақ басталды. Жазғы демалыс бітті. Менің Ақтабан деген тазы итім бар. Ол үнемі менімен мектепке барады. Қалай мен мектепке киініп шығамын, солай ол да қуанып, ары-бері жүгіріп шыға келеді. Ал, сабақтан қайтқан кезде менің келетінімді сезіп, тағы алдымнан жүгіріп шығады, ойнақтап ойнайды. Кейде жауын жауған күндері батпақ аяқтарымен үстіме секіреді. Ал анама бұл итімнің әрекеті еш ұнаған емес. Үсті-басыңды былғап тастады, кет әрі, бар әрі деп Ақтабаныма ұрсады да жатады. Бірақ мен оны үнемі қорғап жүремін. Алысқа ұзасам тазым мүлдем ойымнан шықпай жүреді. «Ит - адамның досы» деген осы екен ғой.



Абдихадир Нұрсая Бауыржанқызы
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы,
№34 «Бірлік» жалпы орта мектебі КММ-нің
9-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Тургинбаева Аширгуль Набиевна**

Тәуелсіздік жолында

Тәуелсіздік – мыңдаған жылдарда бір келетін бақ. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық, өркениетті елге айналып келеді. Отыз бір жылдық уақыт ішінде біршама тарих беттерін жаңа заман тұрғысынан парақтадық. Бақытты келешекке қарай жылжып келе жатқан тарих көшінде азаттығымызды баянды етіп ұстап қалуымыз керек. Сол үшін тәуелсіздіктің бізге, ұлы дала ұрпақтарына, қалай келгенін, тәуелсіздік жолындағы күресте қандай асылдарымызды, арыста-рымызды жоғалтқанымызды жадымызда сақтағанымыз абзал.

Тәуелсіздік – біз үшін мыңжылдық шайқастардың жемісі. Арғысын қоя тұрып, XX ғасырдың бас кезінде тәуелсіздік үшін бастарын ажалға тіккен Алаш Ардагерлерінің әдебиет тарихынан, ел тарихынан алатын орны туралы айтайық. Бүгінгі таңда отандық ғылымда Алаш тақырыбы біршама игерілді. Десек те, әдебиет тарихында бұл тақырып тәуелсіздік талаптары тұрғысынан жан-жақты қайта қарастыруды қажет етеді.

XX ғасырдың бас кезінде Ә.Бөкейханов бастаған ұлт қайраткерлері идеясы Алаш қозғалысы идеясының темірқазығы болды. Алаш қозғалысы біреулер айтып жүргендей 1917 жылы пайда болған жоқ. Ғылымда мұның пайда болу тарихы туралы сан алуан пікір бар. Яғни, 1-Алаш қозғалысы 1902-1903 жылдар аралығындағы Ресей империясының христиандандыруға қарсы қозғалысынан, 2-қозғалыс Қарқаралы петициясынан, ал 3-қозғалыс 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен басталады. Үш кезеңнен тұратын Алаш қозғалысы туралы айтылған соңғы пікірлер шындыққа жанасады. Ал енді негізгі тақырыпқа көшейік. Алаш Ардагерлерін ардақтаймыз, есімдерін құрметпен атап жүрміз. Ал, олардың сүйген жарлары жайлы, сонау қаралы күндер мен түндерде тағдырдың ащы азабын бірге тартқан, өмірінің соңына дейін Арыстарымызға адал жар бола білген өзіміздің қазақ әйел-қыздары туралы не білеміз? Бұл туралы мектеп оқушыларының қолы жететін әдебиет оқулықтарында ештеңе айтылмайды.

1825 жылы 14-шы желтоқсан күні, Санкт-Петербург қаласында Ресей патшасына қарсы орыс аксүйектері алаңға шығып, үлкен наразылық білдірді. Көтеріліске шыққандар аяусыз жазаланып, қаны судай шашылды. Осыған орай 14 желтоқсан тарихта «Қанды жексенбі» деген атпен қалды, Наразылық білдірушілер қозғалысы басып, жаншылды. Сол қанды қырғында көтерілісшілер арасында ерлермен бірге ержүрек орыстың әйел-қыздары да болды. Декабристер Сібір түрмесіне айдалып кеткенде оларды сүйген жарлары, енді бірінің аналары, апа-сіңілілері сонау Барсакелместей болған итжеккенге іздеп барып, өмірлерін азаматтарымен бірге өткізген. Тағдырдың тауқыметін, өмірдің ащы азабын

бірге тартқан. Олар өрімдей жас боп тұрып, ерлеріне жету үшін байлық-дүниесінен, туған-туыстан айрылды. Өйткені, сол кездегі Николай патшаның жарлығы бойынша жер аударылғандардың балалары әкесі ақсүйек болғанына қарамастан туыла салысымен, басыбайлы құл боп саналатын еді. Бұл туралы орыс қаламгерлері аянбай жазды, фильмдер де түсірілді.

Еңжас декабрист әйел 17 жасар Волконская Мария Николаевна болды. Мария күйеуі Волконский патшаға қарсы шыққаны үшін қамалып жатқанда, босанып жатқан болатын. Ол жағдайды ести салып, Петербургке жол жүріп кетеді. Әкесі Марияның бұл әрекетіне қатты қапаланып, қызына теріс батасын берген. Бірақ әкесі қызының Волконскийді іздеп тауып, оның алдында тізе бүгіп, жалбарына өзінің онымен дүниенің қыр шетіне дейін баруға дайын екендігін айтқанын және қызының өз ерімен бірге кеткенін естіп, «Менің қызым қандай керемет қыз еді, мен оны қалай бағаламай келгенмін» - деп тән алған екен. М. Волконская Сібір түрмесінде ерімен өмірін бірге өткізіп, перзенттерінің басыбайлы құл боп туылатынын біле тұра үш баланы дүниеге әкелді. Құдіретті сезімнің иесі деп тән алынған бұл декабрист әйелдің шынайы, берік махаббатына ұлы ақын Пушкиннің өзі қайран қалған болатын.

Өткен ғасырда, кеңес дәуірінде орыс декабрист әйелдері туралы, қазақ Алаш ардагерлерінің сүйген жарлары туралы ашық айтуға, мадақтауға, бағалауға мүмкіншілік болмады.

Ой толқытса шығады - деп жырау, «көшпенділердің философы» Асан Қайғы айтқандай бүгінгі ұлы дала ұрпақтарына өткен аға-апаларымыз жайлы ағымыздан жарылып айтуға мүмкіншілік туды деп білемін. Шынайы пәк сезім, биязылық, төзімділік, ибалылық, махаббатқа тұрақтылық – қазақ қыздарының табиғатымен біте қайнасып туылған қасиеттер. Аты аңызға айналған қайсар махаббат иелерінің бірі, қас сұлу Фатима Зейнуллиновна Ғабитова 1903-1968 жылдар аралығында өмір сүрді. Аса ауыр күрделі кезеңде өмір сүрген бұл аяулы апамыз үш бәйтеректің бірі, ақын І.Жансүгіровпен дәм тұздары жарасып, тұрмыс құрған. 1938 жылы Ілияс ақын жазықсыз жаламен атылып кеткен.

1937 жылы басталған зұлматты жылдарда жазықсыз жалаға ұшыраған арыстарымыздың сүйген жарларының өмірі орыс декабрист әйелдерінің өмірінен кем түскен емес. Батырлар жырында Қобыландының Құртқасы, Алпамыстың Гүлбаршыны қайсар, айлалы, адал болып, батырға сай дәріптеледі. Алаш арыстарының сүйген жары, олардың өнегелі өмірі туралы мәліметтер мектеп оқушыларына қол жетімді емес. Мектеп оқушылары бұл туралы неге білмеуі керек?! Мағжан Жұмабаевтың жары – Зылиха, Сәкен Сейфуллиннің құдай қосқан қосағы – Гулбаһрам орыс декабрист әйелдерінен кем азап тартқан жоқ.

Қазақтың өз алдына еңселі ел болуын ойлаған, сол ізгі мақсат жолында күрескен, бастарын ажалға тіккен халқымыздың озық ойлы азаматтары 30-жылдардан бастап «контрреволюционер», «ұлтшыл», «халық жауы» деген жаламен айыпталды, сотталды, айдалды, атылды. Қанқұйлы саясат салдарынан Алаш ардагерлерінің өздеріне ғана зобалаң туған жоқ, олардың жанұясына, ата-ана, туысқан бауырларына да қара түнек төнді. Мысалы, аяулы ақын, М.Жұмабаевтың әкесі – Бекен мен анасы – Гүлсім ұлының «халық жауы» деген жалаға ұшырағанын естігенде есеңгіреп, құм кезіп тентіреп кеткен дейді. Қазақ зиялыларын қудалау саясаты қазақ қоғамына өлшеусіз қасірет әкелді. Осылай зобалаңдықпен Алаш тақырыбы ресми түрде жабылды. Қасақана жабылған қара

күйеге талантты ақын, жазушы, сырлы-сырбаз сазгер, поэзияның ақсұңқары, мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин де алғашқылардың бірі боп ілікті.

1937 жылы небір жайсаңдар мен жампоздар тұтқындалып жатты. Іштей үрейленіп үнсіз жүрген Сәкенді Гүлбаһрам «Іштей уайымға салына бермей басыңды көтеріп жүр» деп жұбатып қояды. 24- қыркүйек күні қара құзғынға мінген екі жендет келіп, Сәкенді тұтқындап әкетеді. Үйдің ойран ботқасын шығарып, Сәкеннің қолжазба кітаптарын алып кетуге ыңғайланды. Сол сәтте Гүлбаһрам жендеттердің тінтуге байланысты жазылған хаттамасын алып қалды. Жауыздармен арпалысып жүріп, қолында кішкентай Аяны бар, ерінің қолындағы қолжазба кітаптарын, азғана ақшасын тығып үлгереді. Сол Сәкеннен қалған қолжазбаларды көзінің қарашығындай сақтап, сүйген жары, сүйікті Сәкенін қайта тірілтуге бар күш-жігерін салды. Сәкен түрмеге кеткен соң, сол кездегі өкімет оның пәтерін жазушы, Қ.Әбдіқадыровка, автокөлігін Ж.Жабаевқа берді. Гүлбаһрам кішкентай ұлын, үйден алып шығып кетуге мәжбүр болды. Жас нәрестесімен далада жүріп, ұлы Аянды суықтатып алды. Нәресте поезд үстінде көз жұмды. Ұлынан, қызынан айрылып қалған Гүлбаһрам Сәкенді бір көріп қалуға бел байлады. Әбден түрме табалдырығын тоздырып, ардақты азаматын көрді. Алайда, оны көргенде есінен танып қала жаздады. Кеңес жендеттері, Сәкеннің тістерін, әдемі мұртын, тырнақтарын қысқышпен жұлып тастаған екен. Бұл туралы Г. Батырбекқызы былай деп жазып қалдырған. «1938 жылы тергеу біткен кезде әр есікті бір қағып, жылап жүрген кезімде Сәкенді кездестірдім. Бұдан оны көрмей-ақ қойғаным жақсы еді. Алдында Сәкенге пошымы сәл-сәл ұқсайтын, жанары шүңірейген, тісі түгел опырылып, аузының ішінде тек тілі ойнақтаған, тергеуден, тепкілеп жауап алудан әбден қажыған тірі аруақ тұрды» - деп қазақ ұлтының маңдай алды перзенті, өмірлік жолдасын соңғы рет осылай көріп қалғанын жазды.

Арада 15-20 күндей өткенде Сәкен қазақтың нар тұлғалы ұлдарымен бірге атылып кеткен-ді. Араға 20 жыл салып, 1958 жылы 22 ақпанда қазақ поэзиясының ақсұңқары Сәкен есімі ақталды. Әрине, бұл да болса Г.Батырбекқызының арқасында жүзеге асты. Ерінің есімін ақтауда Гүлбаһрам өлшеусіз азап шекті. Сүйікті Сәкенінен, перзенттерінен айрылған қайсар ана өршелене түсті, балалар үйінен қыз асырап алды. Сол асырап алған Лаурасымен Сәкен үйінің түтінін түтетіп, өрлік пен ерліктің, адалдықтың шыңына шығып, өзінің адал, қайсар махаббат иесі екендігін көрсетті. Бұл орайда, орыс мүсінші-суретшілерінің декабрист әйел-қыздарға ескерткіш орнатқандай Гүлбаһрам апамызға да алтыннан ескерткіш орнатуға әбден лайықты екендігін айтпай кетуге болмайтын сияқты.

Сәкен Сейфуллин мұражайында сақталған бұйым, қолжазба, тарихи деректердің көз қарашығындай сақтап жеткізген Гүлбаһрамның ісі – көзсіз ерлік, аналық қайсарлық, ерлік пен өрліктің символы. Ондай сүйген жарға, асыл азаматқа өмірін арнаған, қайсар махаббат иесін Сәкен есімімен қатар қоюға болады. Мен көп рет Гүлбаһрам Батырбекқызын Мария Николаевна Волконскаямен салыстырып, олардың өзара ұқсас екі ғасырда қайталанған тағдырларына қарап, шынайы да адал, өршіл махаббаттың иелері деп білдім. Осындай аяулы апаларымыздың бірі, І.Жансүгіровтың, М. Жұмабаевтың өмірлік жолдастары. М.Жұмабаевтың жары Зылиха апамыз Мағжан қапас түрмеде жатқанда 14 рет Карелияға іздеп барған, қақаған аяздар мен аптап ыстықтар Зылиха апамыздың сағын сындыра алмаған, тапжылмай Мағжанның күнәсіз екендігін дәлелдеуге бар күш-жігерін жұмсап,

дозақ отына өз қосағымен түсуге дайын екендігін көрсетіп отырған. Мағжанның түрмеде жазған өлеңдерін, шығармаларын газет беттерінде жариялап отырған. Зылиха апамыз аяулы ақын М.Жұмабаевқа алғаш жала жабылып, түрмеге түскенде орыс жазушысы М. Горькийге хат жазып, сүйген жарын ақтап, түрмеден шығарып алған. Екінші рет қайтадан қамалып, итжеккенге айдалып кеткенде ардақты азаматын барынша аялап, түрмеде де бірге болып, қашан ақын көзден таса болғанша оған қызмет еткен. Мағжан көз жұмса да оның шаңырағының түтінін түтетіп, перзенттерін әсіресе, ақын шығармаларын көз қарашығындай сақтаған, 80-ге келгенше аруана Мағжан есімін, азаматының халық үшін сіңірген еңбегін ту етіп көтеріп насихаттап, жыр қылып өмірден өтті.

Мен, Алаш тақырыбындағы қазақ қыздарының жанқиярлығы, табандылығы, көнбістігі, сүйген жарға деген адалдығы туралы ізденісімді қорытындылай келе, бұл тақырыпты әлі де тереңірек зерделей түсуіміз керектігін және алты Алашқа адал келін болудың үлгісін көрсеткен әйел-аналарымызға ескерткіш орнатып, олардың өмірі жайлы көркем фильмдер түсіруді қолға алуымыз керек, деген ұсынысымды білдіргім келеді. Сонымен қатар, зерттеу жұмыстарын орыс декабрист әйелдерінің өнегелі өмірімен сабақтастыра жүргізуді жөн санаймын. Өйткені, бұл тақырып қазақ жастарын ғана қызықтыратын, тек қазақ жастарына ғана тиесілі тақырып емес қой. «Тарихты дұрыс бағаламасаң, келешек саған тас атады»-деген аталы сөз бар. Жалпы, осындай зерттеу жұмыстары арқылы өршіл, пәк махаббат иелерінің әділ бағасын беріп, олардың жастар тәрбиесіндегі жан-жақты тағылымдық мәнін ашпасақ елдігімізге сын болар еді.

Біріншіден, қазақ қыздарының берік те қайсар махаббат иелері екендігін танытатын Алаш зиялылары сүйген жарларының есімдерін жаңғыртып, ұлы дала ұрпақтары құлағына құйып отырсақ, тәуелсіздік туралы қасиетті ұғымның тереңдей түсетіні, тәуелсіздігіміздің баянды болатыны анық.

Екіншіден, бұл тақырыптың тағдырлас, көршілес жатқан орыс пен қазақтың мұңы мен зары, арманы мен мақсаты бір екендігін, екі халықтың ортақ мүддедегі ел екендігін танытатын тақырып екендігі сөзсіз.

Үшіншіден, қай қоғамның болсын жан ауыртатын, жүрек сыздататын дертіне айналған көкек аналар мен тастанды балалар, үйленіп оңай ғана ажырасып кететін кейбір желікпе жастарымызға өз шаңырақтарын сақтап қалу жолында аналық қайсарлық пен шынайы махаббат иелеріне айналған орыс декабрист әйелдері мен Алаш Ардагерлері сүйген жарларының өмірі тамаша өнеге болатындығы даусыз.



Зинулла Жансая
Алматы облысы, Жамбыл ауданы,
Қарғалы ауылы
«Қарғалы №4 орта мектеп» КММ
9 «ә» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Ф.К. Каракулова**

АНА

Кешір ана!

*Ерке өстім, бой түзедім, мен дара.
Жүрегімде бітпес қайғы, шер-нала.
Жасағанда оғаш қылық, ағат- іс,
Сенімменен үміт артқан, жан ана.
Кешірмесе кешірімесін басқалар,
Мейірімді, кешірімді сен ғана.
Қайтсем, ана, үмітіңді ақтармын?
Бойтұмар ғып ізгі ісіңді жүрегіме сақтармын.
Өтелмейтін парызың бар мойнымда,
Өтелер ме, қуаныш қып кеудеңізге таға алсам,
«Айдан алқа, күннен жүзік» лала гүлін бақтардың.*

*Өз жолыммен тыныш өмір сүремін,
Аяқ-асты өлім келер білемін.
Мен өлгенде мына әлем тоқтамас,
Тек тоқтайды менің әлсіз жүрегім.*

*Баратын жер жердің асты түнегім,
Жер астында болмайды еш тірегім.
Мен өлгенде қу тіршілік тоқтамас,
Тек тоқтайды менің ғазиз жүрегім.*

*Өткенді ойлап мұңаяды көңілім,
Табыт деген дайын тұрар көлігім.
Мен өлгенде тоқтамайды ешкімде,
Тоқтайтыны менің шерлі өмірім.*

*Ары кетсе бір ай мені жоқтайды,
Одан кейін қабіріме соқпайды.
Өзгелердің соғып жатыр уақыты
Өз жүрегім, өз уақытым тоқтайды.*

Бастар болсам қайтадан

*Мәселе көп өмірімді шайқаған,
Кейде солып, кейде бақтай жайқалам.
Қиындыққа төтеп берер едім ғой,
Бұл өмірді бастар болсам қайтадан.*

*Болашаққа басар болсам жай қадам,
Талантыма берер едім қайта мән.
Барлығында біліп туар едім ғой,
Бұл өмірді бастар болсам қайтадан.*

*Арналы өзен болмайтындай ағыссыз,
Жүрмеймін мен биік мақсат, бағытсыз.*



Бейсенбай Бекарыс Ержанұлы
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы,
№34 «Бірлік» жалпы орта мектебі КММ
9-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Тургинбаева Аширгүль Набиевна**

Абайдың 46-қарасөзі

*Болмасаң да ұқсап бақ,
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз –*

деп, ақынның өзі айтқандай ашық-жарқын бүгінгі қоғам, бала тәрбиесі жайлы ой қозғап, 46-қарасөзін жалғастырмақпын. Өзіңіз білесіз, Абай 1-қарасөзінің соңын былай қорытындылады емес пе? «Енді қалған өмірімді қалай, қайтіп өткіземін?! Ақыры ойладым. Осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін. Кімде-кім керекті сөз деп тапса, жазып алсын, оқысын. Керегі жоқ десе, сөз өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым. Енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» деген.

Мен де бүгінгі қоғам, заман туралы ойларымды ортаға салып көрейін, дұрыс деп тапқандар пікір білдіре жатар. Дұрыс емес деп жатса, сөзім өзімде қалады. Ешкім айып көрмес, «Абайға еліктеп кеттің бе?» – деп келемеж ете қоймас. Қарасөздері қазақ өмірінің, жалпы адамзат тіршілігінің күрделі мәселелерін талдауға арналған туындылар боп табылады. 45 қарасөзінің көп бөлігінде адами қасиеттер, кертартпа мінездер және оларды қалай түзеу керектігі туралы ой толғап, күллі адамзаттың басындағы күрделі мәселелерге талдау жасаған. «Адамзаттың Абайының» дүниеден озғанына бір ғасырдан астам уақыт өтіпті. Ұлы ойшыл сынға алған, кейде қатты налып, ащы тілімен әжуалап көрсеткен адам бойындағы кертартпа мінездер, қоғамдағы күрделі мәселелер оң шешімін тапты ма екен деп ойлаймын. Ғылым мен техниканың арқасында адамзат өркениеттің шыңына шықты десек те, адамилық қасиеттер, құндылықтар ілгерілеудің орнына ылдилап, құлдырап бара жатқан сияқты.

Қайда көрсең қатігездік, жемқорлық, парақорлық, шынайылықтан ада жасандылық етек алды. Қатігездік етек алмай қайтсін, жаңа туған нәрестеден бастап, жас сәбидің қолына ұялы телефон беріп жұбатамыз. Баланы әлдилейтін ананың уақыты жоқ, қиял бесігіне салып ертегімен еркелететін әженің де ертек айтуға уақыты жоқ. Ертелі-кеш ұялы телефонмен жұбанып, ондағы жантүршігерлік оқиғаларды көріп өскен балада қандай мейірім болсын? Оның үстіне қазіргі ата-аналар жас балаларына өте қымбат ұялы телефон, үстіне қымбат киімдер әперіп, баланы үлде мен бүлдеге орап қояды. Қымбат телефон ұстау, жұрттан артық киіну, дарақылық, мақтаншақтық екендігін ата-ана да түсіне бермейді. Ертең осындай көл-көсір ортада өскен бала тойымсыз, жемқор болып өспей ма? Меніңше, адам бойындағы өзімшілдік, дарақылық, тойымсыздық, тіпті қатігездік те осындайдан басталады. Сондықтан аналарымыз дүние қуа бермей сәбиінің жанында болса,

әжелеріміз той деп, гәп деп қызықты орта қуа бермей немерелеріне көп уақыт бөлсе, баланың тәрбиелі, рухани дүниесі кемел азамат боп өсетіндігі анық қой.

Парақорлық, жемқорлық, сыбайластық – күллі адамзаттың басындағы ауыр кесел. Сыбайластық, парақорлық туралы айтылғанда «Дана, дара Абайдың»

*Болыс болдым, мінеки
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шығындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
Сияз бар десе жүрегім
Орнықпайды суылдап,
Құр күлемін жымыңдап-*

деп, дәуірінің билікқұмар, жемқор пенделерін ойсырата сынға алған «Болыс болдым, мінеки» атты сатиралық өлеңі есіме түседі. Біз, баланы барды қанағат етіп, қарапайым, адал өмір сүруге, көпшіліктің мүддесін құрметтеуге дағдыландыруымыз керек. Сондай бала есейгенде де парақор, жемқор болмайды деп ойлаймын. Жоғарыдағы ойдың жалғасы ғой бұл сөзім. Көп жағдайда кішкентайынан асап жеп, өзінің тойғанын ғана ойлайтын, шалқыптасып жасаған бала ешнәрсенің қадіріне жетпейтін, өз мақсатына жету үшін арнамысты жиып қоятын, мешкей парақор боп шығады. Ия, өздеріңіз де мұндай балдарды көріп жүрсіздер. Мұндайлар – ерекше қымбат киімдер киетін, тек қымбат телефон ұстайтын, үйдеде, мектепте де өз айтқандарын істететін тіпті, оқытатын ұстаздарына да менсінбей қарайтын бүгінгі қоғамның еркетотайлары.

Ертеде бір жігіт әйелі босанып ұлды болыпты. Ұлының келешегі туралы әу бастан-ақ ойланып, бір үлкен ғұламаға келіп: «Ұлды болдым, келешекте баламды қалай тәрбиелесем екен?»-деп сұрапты. Сонда әлгі данышпан кісі: «Кеш қалдың, жігітім. Өйткені, бала тәрбиесі ана құрсағында жатқанда басталады» – деген екен.

45-қарасөзінде «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаділет, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтін де жері жоқ. Ол – жаратқан Тәңірінің ісі. Бұл ғаділет, махаббат сезім кімде көбірек болса, сол кісі – ғалым, сол – ғақил» – деп, тіршіліктің, тамаша тәрбиенің бастауы – сүйіспеншілік, махаббат деп көрсетеді. Мен бұл сөзін былай сабақтаған болар едім. Жақсы болу үшін адам өмірдегі барлық тіршілікке сүйіспеншілікпен қарай білуі керек, пайыммен қарау керек. Біз баланы өзін ғана емес, өзгелерді де сүйуге, бағалауға үйретуіміз керек.

Қорыта айтқанда, қоғам көшінің түзелуі, қатігездік пен парақорлық сияқты індеттерден құтылудың бірден-бір жолы бала тәрбиесі екен. Замананың заңғар жазушысы М. Әуезовтің «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» – деген [4, 137 б.] сөзі есімізде болсын. Бала дүниеге келмей тұрып, әуелі өзімізді тәрбиелейік: санамызды, ойымызды жанұялы болсам, перзенттерімді үлде мен бұлдеге орап, қатарының алды етіп өсіремін, дүние тапқыш етіп тәрбиелеймін» деген ойлардан арылтуымыз, тазалауымыз керек. Сонда ғана өзімізшіл, дарақы, мешкей, қашанда асап жеп жүру үшін арнамысты таптап өтетін, «бармақ басты, көз қыстылықпен» ғұмыр кешетін немесе адамды, небір адами құндылықтарды оп-оңай ғана құрбан ете салатын тұлғалардың пайда болуына тосқауыл бола аламыз демекшімін.



Әли Нұрилә Біржанқызы
Алматы қаласы, Әуезов ауданы,
«Жаңа Ғасыр» №175 гимназияның
9-сынып оқушысы



Жетекшісі: Жетекшісі Аширбаева Айнур Данебековна

Атам мен әжем – сарқылмас қазынам

Менің екі әжем бар. Бірі – әкемнің анасы, екіншісі – нағашы әжем. Мен екеуін де жақсы көремін. Олар өте мейірімді, ақылды, дана, еңбекқор жандар. Екі әжемнің жанында жүрсем, қарным да, көңілім де тоқ. Әсіресе, нағашы әжем – нағыз супер маркет. Қашан көрсең құрт-май, айран, ет, тәтті тағам дейсің ба бәрі бар, тоңазтқышында. Ал, әкемнің анасы, яғни үйдегі өз әжем – қалың кітап. Оның ертегісі таусылмайды. Мен екі әжемді де өте жақсы көремін. Әкемнің анасы, үлкен әжем зейнеткерлік демалысты, бұрын көп жыл мектепте физика пәнінің мұғалімі боп қызмет атқарған, ардагер ұстаз. Сан мыңдаған шәкірттерді білім нәрімен сусындатқан аяулы ұстаз.

Аталарым туралы әңгімелерім – өз алдына бір дастан, бір тарих. Мен үшін екі әжем мен аталарым – үлкен байлықтың қоймасы, ақылдың кені. Олар – мен үшін қымбат жандар.

Ы. Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесіндегі қазіргі Асан мен Үсен

«Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімесі, Ы. Алтынсариннің ең шоқтығы биік туындысы. Бұл прозалық туындысында Ыбырай еңбекке деген қоғамдық, таптық көзқарасты бейнелейді. Көшкен елдің жұртында қалған екі баланың бір тәулік ішінде басынан кешкендерін суреттеу арқылы сол балалардың өмір тануы, тіршілікке икемділігі жайлы мәселеге әлеуметтік мән береді. Жазушының шығармаға жасы құрбы екі баланы алып, оларды бай мен кедейдің өкілі етіп суреттеуінің сыры да оның идеясынан айқын көрінеді. Жарлы баласы Үсен – тұрмыстың ауыртпалығын көре жүріп, ысылған еңбек адамы. Ауылдары көшіп кетіп, жұртта қалған екі баланың далада тамақ тауып жеуіне, ауылдың қалай қарай көшкенін аңғаруына, түнде далада түнегенде ит-құстан сақтануына Үсеннің тапқырлығы мен еңбекқұмарлығы себеп болады. Ал, бай баласы Асан – өмір үшін күресудің жолын білмейтін, шыдамсыз, еңбекке икемі жоқ жан. Кісі еңбегімен күн көріп, бейқам болып өскен бай баласының басына күн туғандағы дәрменсіздігін суреттеу арқылы жазушы келешек Үсендер жағында екенін аңғартады. Сөйтіп, жастарға өмірден еш нәрсе үйренбей, жалқау болып өскен бай баласындай болмай, қиыншылыққа төзімді, өнерге бейім, еңбек сүйгіш жарлы баласы Үсендей болып өсуді уағыздады.

«Бай баласы мен кедей баласы» атты Алтынсариннің әңгімесінде үлкен идея бар. Ғасырлар бойы күштінің әлсізді қанап, халықты қанауды ата мирасындай көріп, соның арқасында үлде мен бүлдеге оранып өскен бай баласының басына күн туғанда дәрменсіздігін суреттеу арқылы жазушы сол қоғам құрылысының

тамыры шіріп, оның адамдары өмірдің жасаушысы, күресушісі емес, бейшарасы, үстемдік етуші таптың үлкені-жауыздық пен қаярлықтың қапшығы да, жасы –мүгедектіктің бейнесі деген қорытынды жасауға болады. Шығармасының бас кейіпкері етіп, бай баласы мен кедей баласын алуының өзінде үлкен сыр жатыр. Егер оның көздегені тек Үсеннің ақылдылығы, Асанның ақылсыздығы, яғни бір жастағы балалардың бірі ақылдырақ, екіншісі ақылсыз болуы мүмкін екендігін көрсету болса, онда оларды екі таптан шығарудың қажеті болмас еді. Жазушының бұл жерде көрсетейін дегені – биологиялық, не психологиялық мәселе емес, әлеуметтік мәселе. Екі түрлі тұрмыста өсіп келе жатқан екі баланың тәрбиесін салыстыра көрсету. Асанның есі дұп-дұрыс, дені де сап-сау. Бірақ оған қарағанда, Үсен көш ілгері жатыр. Өмірмен бетпе-бет келгенде, Асанның әлсіз, мүгедектігіне кінәлі де, Үсеннің өз құрдасынан асып түсіп, бетпе-бет келген өмір қиыншылығымен алыса кетуіне негіз боп тұрған-тұрмыс. Өз бетімен жерден еңкейіп шөп алмай өскен Асанды өз бетінше күн көре алмайды дейді. Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин шығармалары қазақтың қара домалақ балалары үшін үлкен мағынаға ие. Әсіресе, оның «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы мектеп табалды өз бетімен күн көруге келгенде әлсіздікке, бишаралыққа ұшыратса, әкесін де, өзін де өз күші, өз еңбегімен күн көруге дағдыландырған қиыншылық тұрмыс кедей баласы Үсенді күрескер етті.

Жазушы өз ортасынан үздік шығатын бірен-сарана ақылды, талантты Үсендердің, не ақылсыз Асандардың да болу мүмкіншілігін жоққа шығармайды. Бірақ ол бай балаларының көпшілігіне тән мінез Асанда, кедей баласының көпшілігіне тән мінез Үсенде деп, оларды өз орталарының кейіпкер-типін етіп көрсетеді. Өңгімені оқыған оқырман да, жазушы да Үсен жағында. Мұны олардың іс-әрекеттерін суреттеуінен де, диалогтарынан да көру қиын емес. Жазушы болашақта кедей баласы Үсенде деп ұғындырады. Асан мен Үсен образына байланысты және бір айта кететін нәрсе, бай баласы мен кедей баласын салыстырғанда, алдыңғысы ақылды, соңғысы ақылсыз келеді деген ескі ұғымға да жазушы соққы бере кетеді. Сөйтіп Алтынсарин «Бай баласы мен кедей баласында» өз кезіндегі қазақ даласындағы, Обломов, обломовшылдықтың кішігірім бір көрінісін суреттеу арқылы соны туғызып отырған негізгі себептердің бетін ашып, оқушыларын оған қарсы тәрбиелейді.



Ы.Алтынсариннің өзінің ұстаздық қызметіне байланысты қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу мәселесін ең негізгі, басты мәселе деп есептеді. Халқы үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын кедейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады. Сондықтан жастарды оқытып, тәрбиелеуден, тәрбие

ісінің құдіретінен артық ешнәрсе жоқ деп түйеді Ыбырай Адамның жан-жақты қалыптасуының негізгі көзі – тәрбие екендігін сан мәрте шығармаларымен дәлелдеп берді.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларында көтерілген екінші бір өзекті мәселе, жастарды түрлі жақсы қасиеттерге баулу, жаман қасиеттерден жирендіру мәселесі. Ы. Алтынсарин өз шығармаларында жас өспірімдерді адамгершілік қасиеттерге баулып отыру мектеп пен ата-ананың ортақ міндеті деп дұрыс түсіндіреді. Бала тәрбиесі – Ы. Алтынсарин әңгімелерінің негізгі арқауы. Бала жанының зергері Ы. Алтынсарин әңгімелерінің бәр-бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұны тартымды, олардың жан дүниесіне асер етерліктей етіп берілген. Осы әңгімелерді мұғалімдер мен ата-аналар балаларды ұқыптылық пен сабырлылыққа шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу мақсатында пайдалануға болады. Әңгімелері-жастар тәрбиесінде таптырмайтын тақырып. Ыбырай еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре білді. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің идеясы Абай айтқандай, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегіне топтасқан. Мәселен, «Бай мен жарлы баласы» деген әңгімесінде Үсенді тапқырлыққа, табандылыққа үйреткен тұрмыс тауқыметі – еңбек екендігін, сол себепті оның болашағы жарқын, өмір сүруі адал болатындығын көрсете келіп, жастайынан еңбексіз өскен бай баласы бос белбеу болбыр Асанды барынша келемеждейді. Ыбырай еңбек сүймей, ата-анаға арқа сүйеп жалқау болып өскен адамдар қулық-сұмдықпен күн көруге дағдыланады, өмір бойы біреудің жетектеуімен күн көреді деп көрсетеді. Ыбырай суреттеген еркетотай, ез Асандар бүгінгі қоғамда да көптеп кездеседі. Бұл жазушы әңгімесінің өміршеңдігін байқатады. Жазушы бұл қасиеттердің адамды жексұрын етіп көрсететіндігін астарлай айтып, оқырманға бала жасынан еңбекке бейім, қағылез, қиындықта жол тауып кете алатындай алғыр, тапқыр болуы керек деген үлкен салмақты ой тастайды. Ересектерге балаларды кішкентайынан еңбекке баулу қажеттігін ескертеді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, жас өспірімдердің басында кездесетін түрлі жаман мінездерді отбасындағы жаман тәрбиеден деп түсіндіреді,

«Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі оқырманды неге шақырады?

«Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі балаларды шыдамдылыққа, батылдыққа, сабырлылыққа, тапқырлыққа, көрегендікке тәрбиелейді. Еңбекке деген қоғамдық, таптық көзқарасты бейнелейді, «Қарны тоқтық, жұмысы жоқтық көп жағдайда адамға жақсылық әкелмейді. Қиыншылық көрмей өскен бала боркемік, қорқақ, епсіз бала боп өседі. Ондайлар көпшіліктің мазағына айналады. Сол үшін әрбір адам біреуге арқа сүйеп өмір сүрмеу керек, адал еңбекке жақын болуы керек деген байлам жасайды.

Жазушы айтып отырған жағдайлар бүгінгі өмірде кездеспейді деп ешкім айта алмайды. Асандар қазір де арамызда толып жүр. Не ішемін, не жеймін деп тапшылық көрмей өсіп жатқан, шетел асып, басқа мемлекетте оқып келген үлкен дөкейлердің балаларының халыққа пайдасы тиіпті дегенді естіген емеспіз. Керісінше, кішкентайынан әдемі киім киіп, тәтті тағам жеп өскен ондай балалар сол тәтті өмірден арылғысы келмейді. Тамыр таныстың көмегімен жақсы жұмысқа орналасады, майлы-жайлы орынға жайғасады. Солайша «Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен» жүріп жалғанды жапағынан басып ғұмыр кешеді. Жемқор, парақорларда да қазіргі заманның Асандарынан шығады. Елдің еншісін өз еншім

деп деп түсінетін, қайырымы жоқ, өз басынан басқаны ойламайтын, өмірі қарны тоймайтын, «түйені түгімен жұтатын» азаматтар жас күнінде Асан боп өскендер деп білеміз.

Жазушы биікке қойып суреттеген Үсен тәрізді еңбекқор, өмірдің қандай да болмасын қиын сәттерінде жол тауып кете алатын, батыл, ақылды, алғыр балалар қазір де арамызда көптеп кездеседі. Оларды қарапайым мектеп оқушыларының арасынан кездестіруге болады. Мектепке Асандар сияқты Үсендер ата-анасының қымбат көліктерімен бармайды, мектепке өздері барады. Ешкімнің жетегінсіз өздері оқиды, ұстаздарын құрметтейді, үлкендермен сөз таластырмайды. Қолда бар мүмкіншілікті пайдаланып, ата-ананың қабағына қарап жүріп, орта мектепті бітіріп шығады. Үсен сияқты бозбалалар санасындағы жарық сәулемен қиын сәттерде өзі де жол тауып шығады, қасындағы серіктерін аман-есен алып шығады. Істің көзін білетін, жоқтан бар жасайтын осы заманғы Үсендер оқып білім алып, шетелде оқымай-ақ арбаларын дүркіретіп тартып жүр. Осы заманғы Үсендер мал шаруашылығында ауыр еңбектің қайнаған ортасында жүр. Қыстың қақаған аязы мен шілденің аптапты ыстығында мал өсіреді, елді сүтпен, етпен қамтамасыз етеді.

Әр аймақтың өз Үсені бар. Оңтүстік Қазақстанда мақта, егін шаруашылығымен тынбай айналысып, өз тұрмысын түзеп, өзгелерге де қолғабысын аямай жүрген азаматтарымыз жетерлік. Сөзіміз жалаң болмас үшін айта кетсем, биылғы жыл Батыс Қазақстан аймақтарында қатты қуаңшылық салдарынан малға шөп болмай қалды. Түркістан облысынан бірнеше азаматтар шығып, Батыс Қазақстандық бауырларымыздың малын аман алып қалу үшін 3 айдан бері далада шөп жинап, үлкен қайырымдылық жасауда. Шөп тапшылығынан зардап шегіп, малы қырыла бастаған өлкеге мал шөбін жеткізіп беруде.

Осы заманғы Үсендер қоғамның барлық саласында кездеседі. Үсендер кара бастарының қамын ойлаудан аулақ. Қайырымдылық қорын құрып, ел ішіндегі жетім-жесірлерге көмектесіп жүрген, қамқоршысы жоқ отбасылардың жанына жалау боп жүрген азаматтарымыз қаншама! Жылағанды жұбататын, тарыққанға ас-суын бөліп беретін, пәтерсіз жүргендерге үй алуға көмектесетін азаматтарымыз, әрине, бүгінгі күннің Үсендері. Қазақ бар жерде қазақтай дархан, бауырмал халық бар жерде Үсендей аяулы, ардақты азаматтарымыз бола береді.

Қазіргі заманғы Үсендер-еңбекқор, ізденімпаз, білімге іңкәр, қарайым киінеді, үй шаруасына икемді, ата-ананың қолқанаты, ұстаздарымен жақсы тіл табысатын, сыныптастары арасында абыройлы, жақсы оқитын не орташа оқитын оқушы.

Қазіргі заманғы Асандар – еркетотай, үй шаруасына епсіз, қымбат киім мен тәтті тамаққа үйренген, өзімшіл, өркөкірек, мұғалімдерді аяқ асты етуге бейім, өзін өзгелерден биік санайтын, өздігінен мектепке барып келе алмайтын, мектепке әкесінің қымбат көлігімен барып келетін, үнемі жеке күтушісі не қарауыл-күзетшімен жүретін бала.

Ы.Алтынсарин түсінігінде білім дегеніміз айналадағы ақиқатты тану. Сондықтан, «Табиғат – ақыл, ол айналадағы қоршаған өмірді ғана қамтуға қабілетті, ал оны дамытып, біздің көргенімізді де білуге мүмкіндік беретін білім ғана»-деп атап көрсетті.

Ы.Алтынсарин өзінің ұстаздық қызметіне байланысты қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу мәселесін ең негізгі, басты мәселе деп есептеді. Халқы үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының

мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып, тәрбиелеуден, тәрбие ісінің құдіретінен артық ешнәрсе жоқ,-деп түйді ағартушы.

Адам–тәрбиеніңнәтижесі. Ол өміргепешенесіненежазылса, соныменкелмейді, оның тағдыры туысынан белгіленбейді. Адамдық қасиетінің қалыптасатын жері – өмір талқысы, әрекет етуі, тәрбиесі. Күн мен Ай бәрімізге ортақ, бәріміз де адамның баласымыз, ешкімді біріңнен бірің артықсын деп айыруға болмайды-дейді Ыбырай. Ол адам психологиясының қалыптасуындағы саяси-әлеуметтік, қоғамдық-тарихи факторлардың шешуші ролін жете түсінді. Ы. Алтынсариннің ойынша, адамның сана-сезімін негізінен тәрбие билейді де, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» болып қалыптасуын материалдық өмір жағдайларымен емес, идеологиялық факторлармен, ағартушылық әрекетпен тәуелді еткісі келеді. Ыбырай жеке адамның даму жолын қоғам дамуымен байланыстырып, оның адам туралы түсінігі жеке адам «барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы» дейтін қағидаға сәйкес келді. Ыбырай Алтынсарин шығармаларында көтерілген екінші бір өзекті мәселе: жастарды түрлі жақсы қасиеттерге баулу, жаман қасиеттерден жирендіру мәселесі. Оның «Хрестоматиясының» бірінші беттерінен-ақ балаларды оқуға, өнерге, ұқыптылыққа, тазалыққа, мейірімділікке шақырған әңгімелер мен өлеңдер жиі кездеседі. Ал, біз бүгінгі шағын зерттеу жұмысымызда жазушының қызықты прозалық шығармалары төңірегінде ғана әңгіме өрбіттік.

Балажанының зергері Ы. Алтынсарин әңгімелерінің бәр-бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұны тартымды, олардың жан дүниесіне әсер етерліктей етіп берілген. Осы әңгімелерді мұғалімдер мен ата-аналар балаларды ұқыптылықпен сабырлылыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу мақсатында пайдалануға болады. Ыбырай еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре білді. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің идеясы, Абай айтқандай, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегіне топтасқан. Әңгімелерінде балаларды тапқырлыққа, табандылыққа үйретіп көп тұрмыс тауқыметі–еңбек екендігін, сол себепті оның болашағы жарқын, өмір сүруі адал болатындығын көрсете келіп, жастайынан еңбексіз өскен балалардың бос белбеу болбыр болатынын барынша келемеждейді. Ыбырай салған сара жол – бұл күндері қанатын кеңге жайған, тамырын тереңге жіберген, экономикасы мен мәдениеті дамыған тәуелсіз Қазақстан Республикасының білім шаңырақтарында жалғасын кеңінен табуда.

Біріншіден, Ы. Алтынсарин әңгімелеріндегі қазіргі оқырман үшін «Адамды адам ететін – еңбек» деген тәрбиелік мәні зор идеяларымен, салт-дәстүрлерімізді, шынайы өмір болмысын кеңінен суреттеуімен аса құнды.

Екіншіден, жеке тұлғаны адалдыққа, еңбекке, ұқыптылыққа, талаптылыққа шақырады. Қорыта айтқанда, Ы. Алтынсаринның өз халқын оқуға, өнерге үндеуі надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кезде әлеумет өміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның халықшыл, елжанды болғандығын көрсетеді. Оның әдемі, әсерлі әңгімелері сол дәуірдің өзінде-ақ қаламгер тарапынан қазақ прозасының іргетасы мықтап қаланғандығын аңғартады.

Сөз жоқ, Ы. Алтынсарин – қазақ балаларының ең сүйікті жазушысы, қазақ балалар әдебиетінің атасы, балажанының зергері. Жоғарыда аталған әңгімелерді әрбір бала өмірде өзіне жол көрсететін шамшырақ, бағдаршам ретінде жадында ұстағаны жөн деп білеміз.



Оңалбай Ардақ
Шымкент қаласы, №52 мектеп-лицейінің
8-сынып оқушысы

Жетекшісі: **Абдикаримова Киз-Жибек**



Ұстаз

*Даналардың данасы ұстаз деген,
Жетістікке жетермін ұстазбенен.
Әрқашан құрметтейік ұстаздарды,
Ата-анаңдай үміт күтер ертең сенен.*

*Алғаш жазу үйреткен ұстаз деген,
Оны қалай айтпауға болады екен?
Әріптерді үйретіп, санауменен,
Кім мейірімді дегенде, ұстаз дер ем.*

*Білім бердің аямай маған енді,
Ата-анам, барлығы маған сенді.
Ұмытпаймын тәлім мен тәрбиеңді,
Одан кейін алып берем, алтын кенді.*

*Ұстаздарым саналы ұлы тұлға,
Ал оларды болмайды ұмытуға.
Ұстаз деген екінші анамыз ғой,
Жарқырап тұрар әркез нұрлы тұлға.*



Мәдіхан Аяулым
Шымкент қаласындағы №52 мектеп-лицейінің
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Абдикаримова Киз-Жибек**

Ұстаз

*Ұстаз дейтін ұлы тұлға ардақты,
Өнеге мен білім берер жан-жақты.
Алғаш келген сәттен бастап біздерді,
Қолымызға қағаз, қалам ұстатты.*

*Сан ғылымды бойымызға сіңірген,
Екінші ана саналады әрбірден.
Биік шыңды бағындырған мамандар,
Алдарында қарыздарын кім білген?*

*Ұстазды теңер едім жарық күнге,
Шуағын шашып тұрған жер бетіне.
Басымды иіп тұрып алғыс айтам,
Жетеген үлкен өмір есігіне.*



Сарыбек Азиз Алтынбекұлы
Шымкент қаласы Терешкова атындағы
№31 жалпы орта білім беретін мектебінің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Құрманбекова Мая Сериковна**

Жүз жасаған бәйтерегім

*Үш бәйтерек қонған екен қазақ жұрттың басына,
Тағы да бір бәйтерегім қалып кетті айтылмай
Жазылмаса жазылмасын аты оның бұлармен
Өз ойыммен қосып қойдым осылардың қасына*

*Мың жасаса бәйтеректер кетеді екен жоғалып
Бірақ менің бәйтерегім тұр ғой әлі ырғалып
Мың, екі мың, үш мың емес тұратын есте мәңгілік
Жамбыл деген бәйтеректі айтып жүрем ән қылып*

*Жақсы тәлім тәрбиеге толы өлең сөздері
Тірісінде көрген жанның бақытты екен көздері
Жасын берсін әр қазаққа Жамбыл ата бабамның
Жырын жалғап теріп, ән арнаған балаңмын*

*Барша қазақ елі оны жүз жасады деседі
Сенсін басқа, бірақ оған мен ешқашан сенбедім
Өлсе ақын қалады оның артындағы өлеңі
Ол әр қазақ жүрегінде мәңгі өмір кешеді.*



Акрамжанова Луиза
Шымкент қаласы,
А.Макаренко атындағы
№41 мектеп-лицейінің
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Калиева Назекет Мадиевна**

Жаңа әлемдегі – Жаңа Қазақстан

Жаңа Қазақстан – өзінің жеке даму жолын таңдап, жыл сайын әлемдік қоғамдастықта үлкен құрмет пен беделге қол жеткізе отырып, алға қарай нық қадам басуда. Бүгін біз түбегейлі жаңа кезеңге сенімді қадам бастық.

Біз осы заманғы жаңа экономикалық жүйенің, демократиялық мемлекеттің іргетасын қалыптастырдық, қазіргі заманғы жалпы этностық институттарды, өмір сүру сапасы мен стандарттарын өзгертуді жақындастырдық.

Біз ішкі тұрақтылыққа қол жеткіздік, дамудың әлеуметтік базасының сенімділігін қамтамасыз етіп, экономиканың жарқын болуын қамтамасыз еттік. Қазақстан геосаяси тұрақтылық пен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі маңызды функцияларды орындайтын халықаралық қоғамдастықтың толыққанды және жауапты мүшесі ретінде орнықты.

Жыл басында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Қазақстанның тұжырымдамасы туралы үндеу жариялады. Ондағы басты мәселе ел тұрғындарының бейбіт өміріне бей-жай қарамайтындығын айқын аңғартты.

Жаңа Қазақстанның тұжырымдамасы қоғамды біріктіруді, радикализмнен бас тартуды, сондай-ақ жүйелі реформаларды білдіреді. Бұл күн тәртібі қоғамды рухтандыруға арналған және баршаны Жаңа Қазақстанды құруға қатысуға шақырады. Бұл курс барлық «Сау» әлеуметтік күштердің бірлігі мен шоғырлануын қамтиды.

Жаңа Қазақстан нені білдіреді?

Бұл мемлекеттік аппаратты жаңарту ғана емес, экстремалды көзқарастар мен іс-әрекеттерді радикализациядан бас тарту, шығармашылық мотивті нығайту, яғни, бұл кезең-кезеңімен және жүйелі реформаларды жалғастыруды да білдіреді.

Бюджет саласындағы басқа қызметкерлердің жалақысы өсті. Адамдар орындалған жұмыс үшін, қоршаған орта үшін жауапкершілік алуы керек. Біз шынымен де, үлкен өзгерістер дәуірінде тұрмыз!



Маханбет Диана
Шымкент қаласы,
№48 жалпы орта білім
беретін мектебінің 8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Сарбаева Калида Кадыровна**

Алаш ардақтысы

«Оқуға құштар бала» жобасы аясында өзім оқыған кітап жайлы әңгіме еткім келеді. Бұл әңгіме Тұрар Рысқұлов жайында. Ол өзімнің жерлесім екен, қазіргі Түркістан облысы, Түлкібас ауданында дүниеге келген. Жастайынан «Түрме баласы» атанып жүріп, таптық қайшылықты сезінеді. Әкесімен түрмеде жатқан Тұрар сол жерде жұмыс істей жүріп, орыс тілін меңгереді. Түрме бастығы оны шоқындыруға қанша әрекет етсе де, онысынан түк шықпайды. Бұдан кішкентай Тұрардың әкесі бойына сіңіріп кеткен тектілігін көруге болады. Ол нағашы атасының қолында «Қырғызбаев» деген жалған фамилиямен Меркідегі «орыс-түземдік» бастауыш мектепте оқиды.

Ұстазы Иван Андреев бала Тұрарды өзіне жақын тартқан. Мектепті озат оқумен аяқтаған Тұрар құжатын өз әкесінің есімімен Рысқұлов деп алады. Ауыл балаларының арасында «Қызылжебе» атанған Тұрардың кейінгі өмірі де жастарға үлгі боларлық. Тұрар Рысқұлов түрме үйлерін сыпырып, бастықтың атын айдап жүріп, орыс тілін үйренеді. Араға жылдар сала Тұрар әке әңгімесін досы Мұхтар Әуезовке айтады. Ұлы жазушы сол әңгімеден «Қараш-қараш оқиғасы» деген атақты туындысын жазып шығады. Осылай Тұрар әкесіне әңгімеден ескерткіш қояды.

Тұрар Рысқұлов терең ойлы, болашақты болжай білген әлемдік деңгейдегі реформатор тұлға. Ол-тарих, экономика, дипломатия, мәдениет, ғылымның әр саласын жете меңгерген аса талантты адам. Қанаушылықты, шовинизмді, саясатты бұрмалаушылықты үкіметке ашық жеткізген. Ұлттық экономиканың өнеркәсіптің тұрғын үй және коммуналдық шаруашылықтың, өндірістің дамуына ұшан теңіз еңбек сіңірген. 1927-1930 жылдары Тұрардың ықпалымен Орталық Азияға, Батыс Қытайға, Батыс Монғолияға, Батыс Сібірге даңғыл жол салған Түркісіб темір жолы ашылды. Қазіргі таңда сол Түркісіб магистралінің ізімен экономикалық қатынастарды дамытып отырмыз. Бірқатар жоғарғы оқу орындарының ашылуына тікелей әсер етті.

Осылай өмірге жолдама алған Тұрар небір тағдыр-тауқыметіне мойымай, қаншыма тақсырет тартса да, тауы шағылмаған тұлға. Сталиндік репрессияға ұшыраған Алаш ардақтысының өнегелі өмірі – ұрпаққа мұра. Өзінің өмірін халқына арнаған Тұрар «Алаш ардақтысы» атанып, есімі мәңгі ел есінде сақталады. Қазіргі таңда Рысқұлов атында аудан орталығы, көше, мектептер бар. Дара тұлға Тұрар мұрасы тек қана Қазақстанға емес, арысы әлемге, берісі Орта Азияға ортақ мұра екендігін ешқашан естен шығармағанымыз абзал. Бұл біздің қоғам қайраткеріне деген құрметіміз деп ойлаймын.



Байраш Асылбек
Шымкент қаласы,
№48 жалпы орта білім беретін мектебі
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Даужанова Гульзира Ергешбаевна**

Отырарым

*Отырарым, киелі, құтты мекен!
Мәшһүр болған әлемге – Атамекен.
Тарихыңды жырменен жазар болсам,
Жыр қалтамнан аққан сөз жетер ме екен?*

*Отырарым – сен менің мақтанышым,
Қазақтың тарихында – дара Шыңсың!
Нар тұлғалар туылды өңіріңде,
Із қалдырып өшпестей мәңгілікке.*

*Отырарды мәңгі сүйіп өтемін,
Елге сыйлы азамат болып өсемін.
Отырарым өркендесін, өрлесін,
Өміріме өзек етіп өтермін.*



Сопбек Аружан
Шымкент қаласы,
Н.Төреқұлов атындағы №62 жалпы орта
білім беретін мектебінің 10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Абаева Шырынгүл Қанзаққызы**

Спорттың адам өміріне пайдасы

Қазіргі заманның жағдайына сай, кез келген адамның денсаулығы төмен. Бұған әсер ететін факторлар өте көп. Басты жағдай, ол-экологияның ластануы, яғни қоршаған орта факторы. Көптеген зауыт, фабрикалардың салынуы, көліктердің түтіні, қоқыс. Бұның барлығын істеп жатқан адамдар, яғни-біз. Дұрыс тамақтанбауды да бұл жағдайға жатады. Ал ең басты нәрсе,біздің өмірде спорттың аз болуы.

Спорт – көңіл күйді көтеріп, өз-өзіңізді көңілді сезінуге көмектеседі. Өйткені жаттығу барысында эндорфин гормоны көптеп бөлінеді. Ал ол гормонды - бақыт гормоны дейді. Ол адам жанын тыныштандырып, рахаттандырады. Бар болғаны жарты сағат жаттығу жасау сізді осындай ауыр аурудан аман алып қалады. Сонымен қатар жүгіру мен жүзу де өте пайдалы екендігін ұмытпағайсыздар. Күніне минутты таңғы жаттығуға бөлген жағдайда біздің күніміз де сәтті өтеді, көңіл-күйіміз де жақсарады, денсаулығымыз да мықты болады. Спорт-салауатты өмір салтының негізгі бөлігі. Физикалық белсенділік денсаулыққа ғана емес, адамның психологиялық жағдайына да әсер етеді екен. Спортпен айналысудағы арттықшылықтар: денсаулықты жақсартады, арықтатады, иммунитет жоғарланады, жалпы айтқанда денсаулыққа деген пайдасы өте зор. Неге бұның барлығын орындамасқа? Егер спортпен шұғылданудың пайдасы көп болса. Ол біздің күш-жігеріміздің әлсіздігі. «Салауатты өмір сүру дегеніміз – тазалық сақтап, дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану». Бала тәрбиесіне қазақ халқы ерте кезден көңіл бөліп, баланың ақыл – ойының, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөліп отырған. Осыған дәлел қазақтың спорттық ойындары. Жас кезінен бастап балаларға дұрыс тәрбие беріп, асық атып, атқа мініп, теңге іліп, бәйгеге шауып, күреске түсіп өскен балалар шымыр да шыныққан, епті де икемді болғанын білеміз. Қазіргі уақытты өткен кезеңмен салыстыра алмайсың. Себебі, уақыт өте көптеген өзгерістер өмірге енді. Тіпті, бала тәрбиесіне жаңаша көз қараспен қараймыз. Қазіргі таңдағы қоғамдағы жат қылықтар жастарға кері әсерін тигізуде. Жастар арасындағы темекі, ішімдікке еліктеушілік, тіпті нашақұмарлық та дендеп бара жатқандай. Қазіргі ғаламдық жаңару кезінде компьютерге тәуелділік мәселесі де қосылып отыр. Қызығушылықпен істеген әрекеттің соңы немен тынарын да түсінбей істеп, опық жеуі мүмкін. Демек, қазақ халқы «тәрбие басы – тал бесік», - деп бекер айтпаса керек. Жат қылықтарға қарсы тәрбиені отбасы ошақ қасынан бастаған жөн.Салауатты өмір салтын қалыптаструда дене тәрбиесінің маңызы зор. Жастарды болашақтың тірегі болатын, денсаулығы мықты азамат ретінде қалыптастыру керек. Елбасымыз қазіргі жастардың болашағына зор сеніммен қарап, үміт артады. Яғни, дені сау, білімді, білікті, жан-

жақты қалыптасқан болашақ жастарды елестетеді. Елбасымыздың қолдауымен 2003 жыл – денсаулық жылы болып жарияланғаны белгілі, расында да бүгінгі таңда еліміздің ақсақалдарынан кішкентай баласына дейін дене тәрбиесіне ерекше мән беруі біздерді қуантып отыр.

Адамды қоғам емес,өзі өзгертеді? Спортпен шұғылданатын адамдар өзінің денесін жақсы көре бастайды, денсаулығына мән береді. Сонымен қатар, терең дем алуды да үйренеді. Ал терең тыныс алу кезінде біз күйзелісті есімізге де алмаймыз. Өзім сүйіп жақсы көретін спортымның бір түрі-волейбол және би. Күнделікті тренировка жасағанымда, ләззат аламын, өзімді бақытты сезінемін. Ал билеген кезімдегі сезімді айтып жеткізу мүмкін емес. Өзімді басқа ғаламшарда сезінгендей боламын. Спортпен айналысып үлкен жетістікке жеткен кездегі шаршау, ол тамсанып шаршағандай. Қазақ халқы «Тәрбие басы - тал бесік» деп бекер айтпаса керек. Жат әрекеттерге қарсы тәрбиені отбасы ошақ қасынан бастаған жөн. Ал одан кейінгі балабақша, мектепте, арнаулы оқу орнында, жоғарғы оқу орнында дұрыс тәрбие бере отырып өмірге бейімдеп қалыптастыруымыз қажет. Қазіргі таңдағы мемлекетіміздің негізгі мақсаты қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыру. Дене тәрбиесі – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Жастардың жан – жақты дамуын дене тәрбиесінсіз елестету мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыспен кезектестіріп отыратын жас адамды айтамыз. Бір сөзбен айтқанда, дене тәрбиесі - барлық тәрбие атаулының бір саласы. Оның түп қазығы - қозғалыс, қозғалыссыз тіршілік болмақ емес. Біздің мектебімізде де Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру тәрбие тұжырымдамасы аясындағы «Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру» бағыты бойынша оқушылардың бойында салауаттылықты қалыптастыру мақсатында түрлі спорттық шаралар ұйымдастырылуда. Түрлі спорт секциялары жұмыс істейді (баскетбол, волейбол, футбол т. б). Қазақтың ұлттық ойындарын насихаттау (тоғызқұмалақ, асық ойыны, т.б.). Мектептер арасында баскетбол, волейбол, футбол арасында жолдастық кездесулер өткізу; Бүгінгі таңда оқу жүйесіне президенттік тесттің бағдарламасы да кіріп отыр. Әрине, президенттік тесттің нормативтер көрсеткіштерінен сынама тапсыру әркімнің міндеті болып табылады.



Сахан Бейбіт
Шымкент қаласы,
№ 75 мектеп-гимназияның
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Садыкова Айткуль Ажибековна**

Қыс

Былтырғы жылы қысқы демалыс уақытында Алматыдағы Алатау бөктерінде тұратын нағашымның үйіне қыдырып барғанымда, қыстың кереметтігін бірінші рет байқадым. Қыс мезгілінің сұлулығын осы жерден көрдім. Бізде, Оңтүстікте қыста қар аз жауады. Жауған қардың өзі көбіне еріп, ауа райы ыбылыңқы – сыбылыңқы болады. Қар атысып, шанамен сырғанап да алмайсың. Қар жауды деп қуанып жатсаң, асты еріп, кешкі аязбен қатқалақ боп қатады. Бірақ, сол селдіреп жауған қардың аязы бетіңді шымырланып, аяғыңнан өтіп, дедек қақтырады. Мен ес білгелі біздің жақтан әлі қалың қар көрмедім. Қалың қарда аққала соғып, сырғанақ тепкің келеді. Нағашымның аулында, міне, нағыз қыс.

Қыс. Жердің бетін аппақ, мамық қар басқан. Даланың табиғаты тып-тыныш қалпымен маужыраған күйге енгендей. Алатаудың сілемдері мен биік жоталарындағы қыс көрінісі көздің жауын алып, жан баурайды. Кеуденді мұздай ауасы кернеп, рахат бір күйге бөленесің. Иығыңа қос қанат бітіп, қалықтап ұшып, тау шатқалдарын аралап жүргендей сезінесің. Табиғат неткен сұлу. Қыс көрінісі ғажап. Алыстан апанық көрінген тау бөктеріндегі шырша, арша ағаштары ақ тонын желбегей жамылғандай қардан қалың тон киген. Көгілдір аспан түсі адам айтып жеткізгісіз сұлу. Көк аспандағы шарбы бұлттар сан түрлі құбылыс бейнесіне еніп, кең аспанда ойнақтап, жел ығымен ауып барады. Күн де шайдай ашық, жарқырап тұр. Аппақ қардан көзің шағылысады. Алатаудың асқақ шыңдарындағы қалың қар ертегідегі Аяз атаның қабағындай қатпарланып, бір сәт тыныстап, терең ойға батқандай. Осы тұста Абайдың «Қыс» өлеңіндегі «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды», -деген өлең жолдары ойыма еріксіз оралды. Қыс мезгілінің аязды күндерімен қоса, ерекше бір жылылық сыйлайтын күндері де аз емес. Ғажайып, ұмытылмас шақтары адам жанына шуағын шашып, нұрын төге түскендей көтеріңкі көңіл күй сыйлайды.



Темірхан Каусар
Шымкент қаласы,
№75 мектеп-гимназия
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Аманкулова Венера Сабитовна**

М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесі бойынша сөзжұмбақ

				1	Қ					
				2		А				
				3		С				
			4			Ы				
5						М				

1. Қасымның туысы Исаның әйелі кім?
2. Қатты ашуланған Қасым Исаны немен ұрды?
3. Қасымды қамқорлығына алған алыс туысы кім?
4. Қасымның әке-шешесінен неше қой қалды?
5. Қадиша Қасымды не деп ұрсып, таяқтайтын?

Жауабы

				1.	Қ	а	д	и	ш	а
				2.	т	А	с	п	е	н
				3.	и	С	а			
			4.	о	т	Ы	з			
5.	ж	е	т	і	М	и	т			



Абдушукуров Абылай
Шымкент қаласы, №75 мектеп-гимназиясы,
7«А»-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Кадирбаева Күлсара Аманқұлқызы**

Исабековтың «ДЕРМЕНЕ» шығармасы

1. Мені, мені шотпен ұрмақ! Аха-ха-ха... Катюшамен атпаса анау-мынау мылтыққа өле қоймаймын. Кімнің сөзі?
2. «Жасымық» сөзінің мағынасы?
3. «Құдайдың ұрған жері осы болды. Мынау асығатын емес» Кімнің сөзі?
4. заманынан келе жатқан сары самаурын әндете ызылдады.
5. Тоқсанбай шал үйіне келген соң не істеді?
6. «Ергешжанның атын атап келіп тұрған соң жеті сомын соларға бердім». Кімнің сөзі?
7. Ауыл шалдарын ауызашарға шақырғандағы Тоқсанбайдың ойы не еді?
8. Омаш сол бетімен алдына кеп тізерлеп жығылып, еңкілдеп қоя берді. Омаш неге жылады?

СӨЗЖҰМБАҚ

1.										
2.										
3.										
4.										
5.										
6.										
7.										
8.										

СӨЗЖҰМБАҚ жауабымен

1	О	М	А	Ш						
2	Н	О	Қ	А	Т					
3	Т	О	Қ	С	А	Н	Б	А	Й	
4	Н	И	К	О	Л	А	Й			
5	С	А	Д	А	Қ	А				
6	К	Е	М	П	І	Р				
7	К	Ү	Н	Ә	С	І	Н			
8	Ұ	Р	Л	Ы	Ғ	Ы	Н			



Амантай Ұлжан
Шымкент қаласы, №75 мектеп-гимназиясы,
7«А»-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Кадирбаева Күлсара Аманқұлқызы**

Қарыз алма (ертегі)

Жаздың шуақты күні. Табиғаттың сұлулығына тамсанып, Сұңқар өзен жағасында демалып отыр еді. Сарқыраған өзеннің толқыны мен судың сыбдыры жаныңа рахат сезім сыйлайды. Су бетінде қып-қызыл алма ағып келіп, жанындағы ағаш бұтақтарының арасына келіп тірелді. Үп-үлкен, шиедей қызыл алманы жалма-жан алды да жей бастады. Алманың дәмділігінен басы айналды. Кенет өз қателігі есіне түсті. Сұңқар бес жасынан бастап ата – әжесінің жанында өсті. Ол кісілер намаз оқитын. Сұңқарға тура жолда жүруді, қандай нәрсе болса да рұқсатсыз алуға болмайтынын құлағына құйып отыратын. Өлгінде ғана жеген қызыл алманың да иесінен рұқсатсыз алғаны есіне түсті. Неде болса мен алманың егесін тауып кешірім сұраймын деп өзіне уәде берді.

Жігіт өзен жағалап өрге қарай жүре берді. Алдынан алма теріп жүрген қария кездесті. Қарияның қолын алып:

- Мен бүгін өзен бойлай аққан қып-қызыл алманы рұқсатсыз жеп қойдым. Алма сіздікі екен. Ақысын қалай өтесем болады? – дейді.

Қария:

- Ендеше балам бір ай менің үйіме, маған қызмет жаса дейді. Жігіт қарияның үйінде бар жұмысты қиналмай жасайды. Бақтағы алмаларды жинау, өрістен малдарды қайыру, қоралардың төбесін жаңалау сынды ұсақ – түйек жұмыстармен жүріп бір айдың қалай өткенін байқамай да қалады. Сұңқар қарияға келіп:

- Бір ай өтті. Мен қарызымды өтедім бе? – деп сұрайды.

- Мен саған қояр бір шартым бар. Менің екі көзі соқыр, құлағы керең, екі аяғы сал қызым бар. Сол қызды өзіңе жар етіп ал, қарағым, - деді қария жымысып, ол қызым менің төргі бөлмемде отыр дейді.

Сұңқар әлгі қызды көруге барады. Айдай сұлу қыздың екі көзі көреді, айтқанды естиді, аяғы сау күйін көріп түсінбей, қарияға қайта келіп:

- Атай, сіз айтқан қыздың он екі мүшесі сау ғой.

Жұмбағыңызды түсінбедім, - деді таңданып.

Сонда қария:

- Қызымның көзі соқыр дегенім, жаман нәрсені көрмейді, құлағы керең дегенім өсек – аяңды тыңдамайды, аяғы ақсақ дегенім жаман жерді баспайды дегенім. Сен иман жүзді, адал жан екенсің. Қызымды өзіңе лайықты дегенім, - деп сөзін қысқа қайрыпты.

Сұңқар қарияның батасын алып, сұлу қызға үйленіп, мақсат-мұратына жетіпті.



Абдикхай Жанболат Баубекұлы
Шымкент қаласы, № 90 дарынды балаларға
арналған мамандандырылған
мектеп-гимназияның 7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Ходжакелдиева Роза Есенбековна**

Ауылға барғым келеді

*“Бір тәуекел бұзады,
Мың қайғының қаласын,
Бір жақсы сөз жазады,
Мың көңілдің жарасын”,* - деген нақыл сөзді атам көп айтатын еді. Атам

ауылда тұрады, оны қатты сағындым.

Сәлеметсіздер ме, оқырман аға-әпкелер?! Менің есімім – Алпамыс. Алпамыстай батыр болмасам да, оқуда озатпын. 7-сыныпта оқимын. Өзімнің оқитын мектебімді айтсам, ғарышқа самғағандай боламын! Себебі, ондағы мұғалімдер біздерді өте жақсы көреді. Мен мұны қашықтан оқу басталғаннан-ақ сезіндім. Құдайға шүкір, міне бір жылдан асты қайтадан мектепке барып оқып жатырмыз. Біз отбасымызбен ұстаздарды құрмет қыламыз! Әкем: «Ұстаздар, халықтың болашағы болған жастарды, біздерді тәрбиелеуде қажымай еңбек етеді», - деп үнемі ұқтырып отырады.

Аға-әпкелер, мен демалыста ауылға барамын. Маған ауыл: «Кел, Алпамыс, бар жақсымды саған беремін, жұпар иісімнен нәр ал», - деп тұрғандай болады. Ол жерде өзіммен жасты Айша есімді қыз бар. Айшаның мінезі өте биязы, ақжарқын, әдеби кітаптарды көп оқиды. Маған үнемі қызықты әңгімелер айтып береді. Ауыл қандай тамаша?! Балалармен асық ойнайсың, доп тебесің, кештің болғанын да байқамай қаласың. Әжемнің шақырған дауысы ғана ойынды бөледі.

– Алпамыс, қара домалағым келе ғой, кеш болды енді. Саған бауырсақ пісірдім, - деп айқайлап тұрғаны. Үйге кіремін, бауырсақтың иісін-ай, шіркін! Тез барып жуынып, дастарқан басына отырамын. Атам үнемі тамақтанып болған соң, отбасы құндылықтары, достық, өз ісіне жауапкершілік, барлық табыс тек қана адал еңбекпен келетіні туралы қызық та құнды әңгімелер айтады. Бірде, мен саған әпсана айтайын тыңдайсың ба дегенде, қуанғаным-ай!..

“Баласы нашар болып өскен бір әке баласына әсер ететін барлық тәсілдері таусылған соң, есік алдына бір бағана көміп, баласының әрбір нашар ісі үшін оған бір шегеден қаға беріпті. Біраз жылда бағана әбден шегеге толыпты. Балаға бұл әсер етіп түзеле бастапты. Енді әке баласының әрбір жақсы қылығы үшін бір шегеден суыра беріпті. Ең соңғы шегені суыратын мерекелік сәт келгенде бала жылап жіберіпті. Неге жыладың дегенде шеге жұлынып таусылғанымен орындары үңрейіп тұр ғой, - деген екен”, - деп әпсанасын аяқтады. Маған: - балам, қашан да арқаңа қарағанда ізің жақсы да дұрыс түсетін болсын - деді.

Таң азанда ең жақсы көретін жаттығуым – атпен серуендеу. Қазақ халқы қашанда жылқыны қадірлеп қастерлеген. Өз егесіне жылқының адалдығы туралы компьютерден ғаламтор арқылы көптеген деректі фильмдер көргенмін. Айшаның

қызықты әңгімелерінде де Отан үшін күрескен жауынгерлердің алдында қашан да жылқы жануарлары болған. Жылқыны ауылда ғана кездестіресін. Иә, ауылда достарым көп. Қалаға қайтқанда олардың ұялы телефондарының номерін алдым. Күні бүгінге дейін хабарласып тұрамын.

Атам үнемі насихат айтқанда еңбекпен байланыстырады. Әйгілі ғұламалардың сөздерінен мысал келтіреді. Жан иелерінің өзге жаратылыстан айырмашылығы - өз қорегін өзі табуға тырысатындығы. Сен де еңбектен қашпа, еңбекпен табылған дәннің қашан да тәтті болатынын ескертіп, тағы да мысалдар келтіретін.

«Істеп жүрген жұмысыңнан бақыт табам десең, оның үш шарты орындалсын: бірінші, атқаруға тиіс жұмысыңа шамаң келетін болсын; екінші, ол жұмысты шектен тыс ауырламайтын бол; үшінші, істеген жұмысыңның қорытындысы болсын. Бүгін істеу керек нәрсені бүгін істе», - дейтін. Аға-әпкелер, қолыма қалам алып, осы әңгімені жазуым керектігін және бүгін істеуім керектігін атам есіме салып тұрғандай сезінемін.

Еңбегімнен қорытынды шығатынына да сенемін!

Иә, уақыт... қысқа..., уақыт... ұзақ..., уақыт... ақиқат...!



Таджибай Нұрай Рустамқызы
Шымкент қаласы,
№94 жалпы орта білім
беретін мектеп



Жетекшісі: **Салықбаева Нурсулу Муслимовна**

Бақыт

*Бақыт деген – отбасының барлығы,
Бақыт деген – денсаулығың бар мәні.
Бақыт деген – жаныңдағы жақын досың, адалдық,
Бақыт деген – тыныштық пен бейбітшілік, татулық.*

*Әке –шеше, бауыр деген, сенің үлкен қанатың,
Бұл қанатың бар кездерде сенің жолың болатын.
Денсаулығың сенің деген, қуат, шаттық бар мәнің,
Денсаулығың бар кездерде, жаның тыныш болатын.*

*Досың сенің бар қазынаң, құпияңды сақтайтын,
Бұл ғаламды шарласам да сендей досты таппайтын,
Тыныштық пен татулығым, бақытымның бар мәні,
Бейбітшілік бар кездерде бақытқа бәрі толады.*

*Бақыт деген - бұнымен шектеліп бір қалмайды,
Бақыт деген - қуныш пен шаттыққа толы болады.
Қабылдай біл, жамандық пен жақсылықты қатарлы,
Жамандықтың артынан, бір жақсылық болады.*

*Бақыт деген – әр адамның өз қолында болады,
Жақсылықты жасай білсең, бақыт құсы қонады.
Бақыт деген – дүниені басқаға да сыйлай біл,
Сонда сенің жан дүниең мейрімділікке толады.*



Ислам Жұлдыз Исмаилқызы
Шымкент қаласы,
№94 жалпы орта білім
беретін мектеп



Жетекшісі: **Салықбаева Нурсулу Муслимовна**

Жомарттық

Бір кісі болған екен. Жағдайы нашар, кедей тұрыпты. Қатты зарыққан ол әулие кісіге барып: өтінемін, мен үшін, құдайдан тілек тілеші, кедейліктен өлуге айналдым, – деп айтады. Сонда әлгі әулие кісі: «байлықты осы дүниеде қалайсың ба, әлде о дүниеде қалайсың ба?» - деп сұрайды. Кісі болса, осы дүниеде деп жауап қатады. Әулие, бәрі бір бұл дүние өтер, о дүниелік байлық мәңгі – дейді. Кісі: «жоқ мен осы дүниеде қалаймын», - деп айтады. Әулие кісі: «мейлі таңдау сенде.» дейді.

Біраз күн өткен соң әлгі кісінің жұмысы оңды болып, есепсіз бай болады. Бірақ ақшаны мүлде өзіне жаратпайды. Кедей-кепшікке беріп, үйсіздерге үй салып береді.

Әулие кісі бір күні түсінде әлгі кісінің о дүниеде зәулім сарайда көреді. Іштей «байлық осы өмірде қалады. Бірақ неге о дүниеде шалқып өмір сүріп жүр». Сонда құлағына әлдебір дыбыс естіледі. «Оның себебі ол байлықты жалғанда қаласа да, менің құлдарыма кедейлерге жұмсады. Ол сол ақшасымен жұмақты сатып алды».

Сонда әулие: «Еее, демек, жақсылықты басында жасап, қызығын соңында көреді екенсің ғой» деп ұқты.



Райкулова Меруерт Мамыржанқызы
Шымкент қаласы,
№95 жалпы орта білім беретін мектептің
9 «А» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Амирова Айзада Нагизхановна**

Тәуелсіздік!

*Тәуелсіздік, азаттығым теңдігім,
Келді міне бейбітшілік өмірің.
Ей, Қазағым қуансайшы бүгінде,
Өз елің бар алып отырған теңдігің.*

*Сан ғасырлар армандаған бабалар,
Тәуелсіздік келіп қалыпты адамдар.
Қалай келгенін білмеймін...
Деп айтуға ұялыңдар адамдар.*

*Қанша адам құрбан болды тәуелсіздік жолында,
Қанша адам сарсан болды орыстарды қолында.
Сол кездегі адамдар мықты екен,
Елі үшін казіргілер жан беруге дайынба.*

Хакім Абай

*Тамсандырған бүкіл әлемді,
Қазақтың қарапайым ұлы еді,
Туылыпты қазақ елінде,
Семей атты көркем шығыс жерінде.*

*Абай деген даналардың данасы,
Абай деген ақылдылар ағасы.
Үш әйелді бағындырған,
Сері жігіт Құнанбайдың баласы.*

*Абай атам ұлылардың ұлысы,
Көркем даналардың көрінісі,
Бір қазаққа бұйырған,
Әлемнің ең керемет құбылысы.*

*Дүниені таныдыққой сенің өлеңіңмен,
Болашақты болжадың қасиетті мінезіңмен,
Айтып кеткен ақылдарыңды,
Санамда үнемі мен түйіп өтем.*

Бекенұлы Мағжан

*Өлең жаздым қалам алып қолыма,
Бір шабыт бар ағып жатқан бойымда.*

Қанша өлеңдерді жазсамда,
Жаздым бүгін Мағжан атай жайында.

Қазақ үшін қан берер,
Елі үшін жан берер,
Алаш үшін абақтыда,
Сандалғанын ел білер.

Бар айыбы ұлты үшін күйгені.
Бар айыбы елін қатты сүйгені,
Әділетті болайық деп әрқашан,
Туған жер деп өлеңдерді тізгені.

Шырылдады Қазақ деп Мағжан атам,
Шыдамады қиналғанда барлық адам,
Халқы үшін жан беретін адам барда,
Кім кір келтірер»Қазақ деген ұлы атқа,

Өлең жазды отырсада абақтыда,
Шаршамады, қиналсада, тоңсада,
Мен жастарға сенем деп айтқан адам,
Танымал болдың бүкіл Азия халқына.

Есіміңді ұмытпаймыз,
Әрқашанда ұлықтаймыз,
Үлгі болар әр ісіңді,
Санамызда сақтаймыз.



Нұржігіт Жанель Байсейтқызы
Шымкент қаласы,
№95 жалпы орта білім беретін мектеп
8 «А» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Бархиева Фарида Егембердиевна**

Үштік достық

Самал, Сымбат, Гүлнұр деген өте жақын құрбылар болыпты. Олар бір сыныпта оқитын. Олардың бірін-біріне жақын болғандары соншалықты араларында құпия - сыр деген дүние мүлде болмапты. Уақыттарын ылғи бірге қызықты өткізетін. Бірақ бұл шақтың да уақытты бітті. Арада біршама уақыт өткен соң, Сымбат өзінің жалғыз қалып жатқанын түсінді. Себебі, Самал мен Гүлнұр Сымбатты мүлде ұмытты. Бұрынғыдай жақсы қарым-қатынас түбегейлі өзгерді.

Дүйсенбі күні үлкен қоңырауда Самал мен Гүлнұр асханаға таңғы ас ішуге бірге кетті. Тіпті Сымбатқа ескерткен де жоқ. Сымбат бұл жағдайға біртүрлі болып қалды.

Сымбат ылғи өзінің құрбыларына сенетін! Құрбыларын сыйлап, ерекше жақсы көретін. Бірақ соңғы жағдайлар Сымбатқа кері әсер етті. Құрбыларынан көңілі қала бастады. Сымбатқа бұл жағдай өте ауыр болды. Үнемі көңілсіз жүрді. Сәуле мен Гүлнұрға қарап қызығып қарап тұратын. Осылай уақыт өтіп Сымбат жалғыз қатты күйзеліске түсті. Озін бәрінен айрылғандай сезінді. Соңында үштік достық болмайтынын түсінді. Адам екі адамды бірдей қарай алмайтынын түсінді. Адам екі адамнан, бірін жақын тартса, бірі артта қалады екен. Өзіне жасалған сатқындыққа қатты ренжіді.

Ең қиын сұрақ

Кейде ата-анамызды бағаламай жатамыз. Біз анамызға ең қиын сұрақты қояды екенбіз. Ол сұрақ, анашым, сіз мені қатты жақсы көресіз бе, әлде бауырымды ма? Міне, осы сұрақ ана үшін ең қиын сұрақ екен. Анамыз, барлығын бірдейсіңдер, барлықтарыңды жанымнан артық жақсы көремін. Біреуіңді жақсы көріп, біреуіңді қалай жаман көремін, десе бұртиып қалатынбыз. Міне, көрдіңіз бе? Мені жақсы көрмейсіз деп ренжитінбіз. Осы кездерге қатты қатты өкінемін. Сондай қиын сұрақты анама қойғанымға қатты өкінемін. Себебі мен ойлана келе бұл сұрақ ана үшін ең қиын сұрақ екенін түсіндім. Барлығымызды бірдей 9 ай, 9 күн құрсағында көтеріп аялап өсірген анамызды бізді қалай бөліп жарып айтады? Ана үшін барлық баласы бірдей. Әр баласын жанынан артық жақсы көреді екен.

Қолда бар алтынды бағалайық. Анамыз біздің ең асыл қазынамыз!



Төлеген Дана
Шымкент қаласы, №95 жалпы
орта білім беретін мектеп
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Абишева Гулнара Калдибековна**

Ауылым

*Көктем келсе көркіне көрік қосқан,
Күннің өзі сәулесін күліп шашқан,
Бадамдай төсінде өзен аққан,
Тәуелсіздік атты менің ауылым.*

*Жағасында белес-белес қыры бар,
Алыс кетсем сағындырған сыры бар,
Жүрегіме құйып тұрған жыры бар,
Тәуелсіздік атты менің ауылым.*

*Қалайша жырламайын мен өзіңді,
Сұлу ерке Бадамдай өзеніңді,
Сенің арқаң тани білсем өзімді,
Тәуелсіздік атты менің ауылым!*

Достарым

*Достарым ризамын өздеріңе,
Құрметіңе, ізетіңе, сөздеріңе.
Қабағыма қарап бір жәутеңдеген,
Шуағы мол мейірлі көздеріңе.*

*Сендер барда несіне қиналайын,
Көрсеткен тек Алламыздан айналайын.
Қиын сәтте демеу болған достарым,
Өздеріңе арнап бір жыр жазайын.*

*Сендер барда жүгім жерде қалар ма?
Көңіліме мұңдар жетіп қонар ма?
Сүйенішім, қорғаным да өздерің,
Қуаныш жасы тұнып тұр ғой жанарымда.*

Туған жер

*О, туған жер, қасиетті мекенім!
Мен өзіңе шексіз ғашық екенмін.
Сол үшін де соңғы демім біткенше,
Туған жерді жырға қосып өтемін.*

*О, туған жер, қасиетті мекенім!
Гүлің болып ауылымда өсемін.
Аяладың, еркеледің, жыр бердің,
Сенде талай табыстарға жетемін!*

*О, туған жер, қасиетті мекенім!
Балалығым құшағыңда өткенін.
Мақтан тұтам жасыратын түгі жоқ,
Перзентіңмін қадіріңе жетемін.*



Асанова Асем Асановна
Шымкент қаласы,
А.Асқаров атындағы №77 мектеп-лицейі,
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Нурекенова Назгуль Жаксылыковна**

Театр өнері

*Театр - өмірлік сұрақтарға
шешім табатын жоғарғы интенция*
А.Герцен

Театр – мәдениет ошағы, өнер ордасы және де ойын-сауық орны дегенді білдіреді. Ол жерде сахналық өнердің өмір көріністерін драмалық әрекеттер арқылы көрерменнің көз алдына актерлар күшімен бейнелейді. Қазақ театр өнері де ертеден келе жатқан салт-дәстүрімізге негізделеді. Үйлену салты, қыз ұзату, шілдеhana тойына байланысты өтетін ойын-сауықтар, ақындар айтысы т.б. салт-дәстүрлеріміз театр өнерінің алғашқы көріністері болып есептеледі. Театрдың тарихи жағынан қалыптасып, даму, өркендеу жолы әр ұлттың, әр халықтың өмір тұрмысымен, олардың жалпы тарихымен және мәдениетімен тығыз байланысты. Театрдың да өнердің өзге салалары секілді өзіне тән ерекшеліктер бар. Өртүрлі тарихи көріністерді көруге барған сайын рухани жанымызға азық жинаймыз және де театр өнері де қоғамдық ой-сананың негізгі бір формасы болып табылады. Театр әдеби шығарманы сахналық әрекетпен, өзіне тән бейнелі театрлық бояу-өрнекпен жаңа күйге түсіреді де драмадағы мінез-кейіпкерді, олардың өзара қарым-қатынастарынан, қақтығыстарынан туатын талас-тартыс пен іс-қарекеттеріне жан бітіріп, тірілтіп жібереді. Осыған орай көрермендер де сахнадағы оқиға мен оған қатысушы-қаһармандардың әрбір сезімі, көңіл-күйіне немқұрайлы емес, бар ынтамен, ынтызар көңілмен қарайды. «Театр – мәдениет ордасы»



Ағабек Аллаберген
Шымкент қаласы,
Ө. А. Жолдасбеков
атындағы №9 ІТ лицей



Жетекшісі: **Абдиматова Айгуль Айжумашовна**

Әлем балалар көзімен

Менің ата-анам Қасқасу елді-мекенінің тумалары. Жанұямызбен отырғанда өздерінің балалық шақтарын, туған ауылдары туралы көп айтады. Балалық шақтары тым тәтті өткен сияқты. Үйдегі сақтаулы тұрған альбомдарын қарап отырсам, барлық адамдардың жүздерінен мейірімділіктің, бауырмалдықтың шапағаты шарпып тұрғандай. Ата-аналарымен, бауырларымен, сыныптастарымен түскен суреттерде табиғаттың керемет көріністері суреттегі бейнелерді одан бетер ажарландырып жібереді. Әсіресе, мына бір фотолары, қыстың керемет суреттері. Айнала аппақ қар. Мектеп оқушыларының арасынан жүзінен нұр шашқан анамның бейнесін бірден танимын. Біреулері сырт киіммен, біреулері сырт киімсіз, бас киімсіз ешқандай түзетуді қажет етпейтін фотолар. Сол фотолардың арғы бетінде қарлы таудың бейнесі, айналадағы ақ көрпедей төселіп жатқан аппақ қар. Ата-анамның айтуларына ол кезде қыс қатты болған. Қардың тереңдігінен омбылап жүре алмай қалатынбыз, қысқы ойындарды айтсаңшы? Қармен атысып, сырғанақтың түбін түсіретінбіз - деп, әкем сол бір балалық шақтың бал күндерін есіне алып отырады.

Менің сұрайын дегенім, қазір неге сондай қар жаумайды? Жыл мезгілі ауысып кеткен сияқты. Қыс мезгілінде кейде қатты нөсер жауып жатады. Осы сұрақтың жауабын көп іздедім? Табиғат неге бұлай өзгеріп кетті?

*Адамның табиғатсыз күні жоқ,
Табиғаттың оны айтар тілі жоқ.*

деп, дана халқымыз айтқандай адамзат баласы табиғаттың бар байлығын тартып алумен шектеліп кетті ме екен? Жер - адамзат баласына аманат. Ата-бабамыздың ұрпаққа тастап кеткен аманаты. Демек, адам баласы бұл дүниеге жауапты тіршілік иесі. Жерді әбден тіршілік етуге келмейтіндей қылса да немесе гүлдендірсе де өзі үшін.

Қазіргі таңда ғаламдық мәселеленің бірі-климаттық өзгерістер, Жер температурасының жоғарылауы. Өкінішке орай, адамзат өзінің өмірін қоршаған ортаға ауырлық түсіре отырып, жеңілдетіп келді, әлі де солай. Бірақ, ғаламдық мәселеге әкелген өзгерістердің салдары адамзаттың өз тіршілігінде үлкен қауіп төндіруде. Мәселен, Жер температурасының жоғарылауы-климаттық өзгерістердің кесірінен 2200-2400 жылдарға қарай Жер беті адамзатқа ғана емес, басқа да тіршілік иелері үшін өмір сүруге қолайсыз болуы мүмкін. Егер ғаламдық жылыну осы бетімен кете берсе, 2060 жылға қарай 1,4 млрд. Адам қонысын ауыстыруға мәжбүр болуы мүмкін. Антропогендік фактордың салдарынан болып жатқан ғаламдық климаттық өзгерістер адамзаттың өзіне ғана емес, сүтқоректі жануарлар әлемінің де жойылып кетуіне негіз болуда.

Енді адамзат өмір сүру үшін не істесе болады? Мәселені шешуге атмосферадағы көмірқышқыл газын азайту қажет екендігі көпке белгілі жәйт. Бірақ, жүздеген миллиард АҚШ доллары көлемінде табыс әкеліп отырған мұнай мен көмір өнісінен әлемнің бүкіл елі бірден бас тарта алмайтыны анық.

Қазақстан: мұнайды, жасыл энергияны жайнатып ғаламдық жылынуға қарсы күреске үлес қоса ала ма? Әлем елдерінің бірі ретінде Қазақстан да мұнай үрдістен тыс қала алмайды. Еліміз зор дамымаса да, жел және Күн энергиясы өндіріс қозғалыста. Дегенмен, экономикамызда мұнай мен көмір өндірісінің үлесі үлкен. Саяси да маңызы зор.

Қазақстан-жасыл энергия қашан дамиды, арзандайды деп қол қусырып отырған елдердің қатарынан емес. Еліміздің кей жерлерінде Күн мен жел энергетикасы өндірісі бірте-бірте көбеюде. Бірақ, өзіндік құны мен көмірден алынатын энергия құнынан арзан болатындай деңгейге жету керек деген дәлелдер де бар.

Бірақ елімізде де осы мәселе төңірегінде жұмыс жасап жатыр. Еліміздің кей жерлерінен Күн мен жел энергетикасы өндірісі бірте-бірте көбеюде.

Ауаны ластап, климатты кірлететін үлкен бір сала-көлік. Себебі транспортта мұнай көп қолданады.

Менің ойымша, қоғамдағы экологиялық мәдениетті дамыту қажет. Мүмкін балабақшадан, мектеп қабырғасынан бастап, мәселен, автокөлік алайын деп жатып, бұл табиғатқа қаншалықты зиян тигізеді деп қалыпты жағдайда өзінің де сатушыдан да сұрай алсаң-бұл да жетістік. Табиғи заттан жасалған, қоршаған ортаға зияны жоқ немесе тым аз пакеттерді қолдануда адамдардың қоршаған ортаны сақтауға қосқан үлесі болмақ.

Тікелей де жанама да әсер ете отырып, қоғамдық ойды қозғауда өз үлесімді қоссам деген мақсатым бар. Бұл саналы әр адамға парыз болмақ, әрі.



Оңалбай Айгерім
Шымкент қаласы,
№122 Ақжар ЖОББМ
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: Абдуллаева Гулжан Саидиллакизи

Менің қалам – Шымқала

*Шымқала неткен керім шырайлысың,
Берекелі мекенім, шырай мүсін.
Дала менен тауларың астасып тұр,
Туған қалам мұншалық ұнаймысың.*

Шымкент – күн санап дамып келе жатқан еліміздің ірі қалаларының бірі. Мүмкіндіктер қаласы. Еңбекқор жастардың шоғырланған ордасы. Қаламыздың әсемдігін сөзбен жеткізуге әсте мүмкін емес. Жасыл қала. Жайдарлы қала. Шымкент қаласы жыл өткен сайын көркеюде. Сәулеті мен әлеуеті қатар дамыған көрікті де құт мекеннің аумағы үлкейіп, халық саны артып келеді. Елордасы Нұр-Сұлтан мен әсем қала Алматыдан кейінгі «үшінші қала» деген мәртебеге ие болды. Еліміздің маңызы бар қалалардың бірі.

«Адамға өмір бір-ақ рет беріледі, оны Шымкентте сүру керек», - деп Елбасымыз айтқандай мен Шымкентте туғаныма, осы жерде өмір сүріп жүргенімді мақтан етемін. Жалпы Шымкентте төрт аудан бар. Олар Абай, әл-Фараби, Қаратау және Еңбекші. Әр үйдің, әр қаланың, әр мемлекеттің өзінің құрылу, қалыптасу жолы бар. Біздің қаламыздың да тарих қойнауында жатқан 2200 жылдық тарихы бар екені баршаға мәлім. Шымкентіміз Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қалалардың бірі болғандықтан оның сауда-саттық жағы бұрыннан дамыған. Қаламызда бірнеше базарлар мен зауыт, фабрикалар бар. Шымқаланың орталығында көптеген саябақтар, ойын-сауық орталықтары, зообақ, цирк, мәдени және сауда орталықтары, бар. Саябақтарда көптеген тарихи мүсіндер қала көркіне көрік қосып тұр. Атап айтқанда: Абай саябағында А. Құнанбайұлының мүсіні, облыстық сот алдындағы үш бидің мүсіні, Ұлы сазгер-композитордың құрметіне салынған Шәмші аллеясындағы Шәмші Қалдаяқовтың мүсіні, Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлердің құрметіне салынған ескерткіш тастар бар. Және де кейіннен ашылған қаламыздың көркіне көрік қосып тұрған нысандардың бірі ол Бәйдібек алаңы мен Жайлаукөл саябағы. Ол жерде қазақ халқына бас болған, керек кезінде ақыл, керек кезінде тоқтау айта алған Бәйдібек бидің ескерткіші бар. Қаламыздың көкорай шалғын шөптері, ағаштары, жайқалған гүлдері оны одан әрі әсем етіп, көркем етіп көрсетеді. Осыған дәлел ретінде Асанбай Асқаров атамыз іргетасын қалап кеткен Дендросаябағын атап көрсетсек болады. Шымкентті «жасыл қала» деп аталуының бір себебі де осы. Шымкенттің айналасында Бадам және Арыс өзендері ағып өтеді. Қаламызды көріктендіріп тұрған тағы бір насандырдың бірі жаңадан бой түзеген, әлемді енді танып жатқан жас бала секілді және тарих қойнауынан сыр шертетін, өзінің көрген білгенінен бізге тіл қатып тұрғандай көрінетін көне ғимараттар.

«Бұл өңір қазақылықтың қаймағы бұзылмаған, көкпарың сақталған, бәйгең сақталған, терме мен жырың сақталған, қазақылық болмысың сақталған өңір»

Бекболат Тілеуханов.

*«Қазақтың Шымкентте бестен бірі,
Ешқашан шығармаңдар естен мұны.*

*Әрқашан бізге қарап өлшенеді,
Қазақтың қаншалықты өскендігі».*

Әселхан Қалыбек.

Жоғарыда келтірілген еліміздің елеулі азаматтары айтқан пікірге сүйенсек, біздің өңірдің салт-дәстүрі сақталған. Қыздары ибалы, келіндері инабатты, жігіттері салмақты да тәрбиелі келеді. Әрине, ол рас та дөп басып айтылған пікірлер. Біздің өңір халықтарының жайдарылығы, қонақжайлылығы сонша жүздерінен нұр төгіледі. Әрқашан бір-біріне көмек қолын созуға дайын жандар.

Шымқаламызда екі жүзден астам мектеп бар деп естігенмін. Біз соның Ақжар ауылынындағы №122 жалпы орта мектебінде оқимыз. Біздің мектеп шағын болғанымен оқушылар өте көп. Бізге, яғни оқушыларға білім нәрін сусындатып жүрген ұстаздарымыз да мақтан етерліктей. Олар бізді, біз оларды жақсы көреміз. Бар білгенін бізге үйретуден ешқашан аянып қалмаған.

Тек Шымкент емес Қазақстанның барша қалаларында жастардың білім алуына мүмкіндіктер жасалануда. Бұлардың бәрі біз, жастар, үшін. Ендеше, мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып еліміздің өсіп-өркенденуіне өз үлесімізді қосқанымыз жөн. Мен Шырайлы Шымқаламды шын жүрекпен сүйемін!



Хасанова Арайлым
Шымкент қаласы,
Еңбекші ауданы, №134 жалпы
орта білім беретін мекепе, 7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Идирисова Қарашаш Сегізбайқызы**

Жұмбақтар

Біз, оқушылардың оқуға, білім алуға құштарлығымызды асыру жолында жұмбақтардың маңызы өте зор. Мен өзім оқушылардың оқуға құштарлығын, қызығушылықтарын асыру үшін мынандай жұмбақтар жаздым.

*Ұстазын анасындай көреді,
Болашақта жақсылығын біледі.
(Оқушы).*

*Бір үйде тұрады,
Жіңішке мен жуаны.
Сөз құрауға әрдайым,
Көмектесіп тұрады.
(42 әріп).*

*Озаттардың айнасы.
Жалқауға жоқ пайдасы.
(Күнделік).*

*Білімділер одағы,
Жақсы көрер сол бағаны,
Үздіктерге дос ол дағы.
(Бестік).*

Осы мен жазған жұмбақтар оқушылардың оқуға құштарлығын асыру жолында көмектесем мен өзімді ең бақытты оқушы санар едім.



Шарафи Айя Бахтияровна
Шымкент қаласына қарасты
Ө.Жолдасбеков атындағы
№9 ІТ лицейінің 8-сынып оқушысы.

Жетекшісі: **Адильбекова Бахыт Таукеловна**

Әлем балалар көзімен

*Арнайын мына әлемге өзім өлең,
Балалық бал тілімменен.
Ғажайып боп, көрінер мына дүние,
Кішкентай балалардың көзіменен.*

*Кішкене жүректерде үміт гүлдеп,
Мейірімді санаға ұғыппын деп.
Баланың ойлауынша жақсылықты,
Айтуға болмайды екен ұмыттым деп.*

*Жақсылыққа әйтеуір жаны құмар,
Баланың сарқылмайтын қарымы бар.
Жер шарында мейірім жоғалмайды,
Әлемнің балалардай жарығы бар.*



Абдукарим Асылзат
Шымкент қаласы,
Т.Тәжібаев атындағы №47
мектеп-гимназия, 8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Жанибекова Кулмира Асановна**

Түркі бесігі – Түркістан!

*Түркістан – тұмарымдай,
Бабамның шынарындай,
Санамның шырағындай,
Халқымның қасиетті
Теберік Құранындай.
Айбарымсың, Түркістан,
Айдарымсың, Түркістан.
Ә.Ысқақбай*

Дөңгеленген төрткүл дүние, қасиетті жер бауырында талай халық тіршілік етеді. Тарих тоғанағын арқалаған өмір керуені күллі әлемге Тәңірі несібесін мол берген. Рухы күшті, атақ-даңқы шартарапты аралап кеткен - бұл Түркістан. Түркістанның бір жарым ғасырлық ұлы тойын ЮНЕСКО деңгейінде тойлап өтті. Әлем жұртшылығына мәшһүр болған Тұран жұрты тарих маңдайынан қалайша ойып тұрып орын алды? Сонау ілкі заманнан бері тамырын тереңге тартқан түркі елі бұл күнде алып бәйтерекке айналып отыр. Бұл бәйтерек – тарихқа бай, көнекөз, көкірегіне шежіре тұнған, келбеті асқақ, жаны таза, ер жүрек, өресі биік, өрісі кең бәйтерек. Қазақ топырағындағы Түркістан түбі бір түркінің ортақ астанасы, бесігі. Алты алаштың басын қосқан түп кіндігі. Аласапыран жылдары алаш азаматтары Түркістанды астана етуді ойлады. Түркістан – күллі мұсылманның Меккеден кейінгі тәу етер киелі мекені.

«Өмір – теңіз, онда жүзем деменіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз» - деп Әбілхасан Рудаки шайырымыз айтқандай, Қожа Ахмет Яссауидің хикметтері бізге аманат. Иmandылық пен тазалық, адалдық пен адамгершілік, даналық пен қарапайымдылықтың үлгісі болған бұл киелі Түркістанда жер жүзіне от шашып, нажағайдай жарқ еткен Ақсақ Темір салдыртқан Яссауи кесенесі Оңтүстік Қазақстанның аса көрнекті ғимараты. Ерте дүниенің өзінде атышулы қолбасшы, жаһангер мансапқор Ескендір Зұлқарнайын, кей құсыраулар Тұранға құмар болғанда оның қасиеттелігін танып қызыққан. Осы киелі топырақтан ғылым көкжиегіне көз тастаған атақты Ұлықбек, Ибн Сина Әбуғали сынды тұран ұлдары ербіген.

*Тұранда түркі ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от боп жан туып па?
Көп түрік енші алып тарасқанда,*

Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?-деп Мағжан ақын жырлағандай, тұранның түп кіндігі Түркістанға ие болып қалу бақыты бізге бұйырыпты. Атақты өлкеде қазақтың арыстан ұлдары: қасқа жолды Қасым хан, ескі жолды Есім хан,

данышпан хан Тәуке ел билеп, өз елінің арбасын өрге сүйретті.

Алаштың арыс ұлдары, от ауызды орақ тілді билері, ақыл күші мен білек күші астасқан батыр перзенттері Жәнібек, Абылай, Қазыбек, Баян, Қабанбай, Бөгенбай батырлар Түркістанның төсінде тыныштық тауыпты.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?

Түрікке адамзатта ел жеткен бе?

Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,

Тұранның ерлеріне ер жеткен бе? –

деген Мағжан ақынның өлең жолдары барша қаны түрік ұлдарының келбетін аша түскендей.

Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын,

Оның тартар азабы да соншама, - деп М.Шаханов жыр еткендей, тарихымыздың жасырын жатқан беттерін парақтап ашып, елдігімізді танытар тұстарын өлең етіп өрген, жыр жазып төгілген, салмақты еңбектер қалдырған біртуар перзенттері Мағжан, Ахмет, Оралхандар рухты сындыру саясатының құрбандарына айналды.

Мың жыл, бәлкім, әлі де мың шежіресі мен тамаша тарихы тізбектеле беретін Түркістан бір төбе, шаһар-шежіре, уыс топырағы – уыз тарих. Түркістан – бәріміздің бесік тұмарымыз. Ол тұмар баршамызды, Отанымызды – Тәуелсіз Қазақстанымызды әлі талай зұлматтардан сақтайды.

Туысқан бауырлардай жыл құстары,

Түркістаным – қашан да үрдіс таным.

Шынарындай шығыстың жайқала бер,

Түркілердің ордасы – Түркістаным!

Түбі бір түркі елін бесігінде тербеп, ұйыстыра білген Түркістан бұл күнде Европа мен Азияның киелі шаңырағы, құт мекені.



Әбдіқадір Жанахмет Нұрахметұлы
Шымкент қаласы,
Қ.Сыпатаев атындағы
№7 ІТ мектеп-лицей, 7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Бекбосынова Лайла Мутановна**

Адамгершілік - асыл қасиет

Адамның бойында адамгершілік ізгіліктің болуы жақсы қасиет деп санаймын. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін сүйуге үйретеді. Адамгершілігі мол адам басқаларға қашан да үлгі-өнеге көрсететіні белгілі. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев атамыз: «Адамның жақсысы – адамға сүйіспеншілікпен қарағандар» -деген екен. Демек адам жақсы ісімен көрікті. Мен үшін бірінші орында - отбасым. Отбасы – бұл ұлттың, елдің, әлемнің негізі. Отбасымызда менің ең бірінші міндетім - ата-анамды құрметтеу деп ойлаймын. Ата-анам мені өмірге әкелді. Маған жарық дүние сыйлаған анама мың тағзым етемін. Өмірде адам болып қалыптасуыма анам мен әкемнің тәрбиесі, ата-әжемнің айтқан ақылы зор ықпалын тигізді. Отбасымда өз міндеттерімді сүйіспеншілікпен және жауапкершілікпен орындасам, дұрыс әрекет екенін түсінемін. Басқалардың бізге жақсы қатынас жасағанын қаласақ, өзіміз де оларға сүйіспеншілікпен, сыйластықпен, құрметпен қарауымыз керек. Әрбір сөзімізге шындық керек. «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» деп әжем үнемі айтып отырады. Расында, шындық жақсылыққа бастайды, жақсылық жәннатқа бастайды. Өмірде ешкімге қиянат жасама, сонда сенің жан дүниенің тыныш болады. Бұл - менің құлағыма сіңіп қалған сөздер. Қазіргі қоғамда көптеген адамдар жақсы іс, қайырлы іс жасауда. Көптеген кәсіпкерлер, блогерлер, танымал тұлғалар қоғамға көптеп көмектесуде. Бүкіл халық танитын белгілі айтыскер ақын Айнұр Тұрсынбаева қаншама қазақтың баспаналы болуына көмектесіп, қайырымды іс жасап жатыр. Бұл керемет қасиет деп бағалаймын. Ал менің де қолымнан келгенше барлық адамдарға көмектескім келіп тұрады. Бір адамға көмегім тисе, қатты қуанамын. Атам былай дейді: «Адамға қойылатын басты талап - асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, жақсы азамат болып шығу» Өйткені, адам өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты болады,- дейді. Адам болып туғанымызбен, адам болып өмір сүру, адам болып адал атты арқалап жүру қиындығын білемін. Әр күн сайын жаңа адамдармен танысамын. Адамдарға көмектесіп, тек жақсылығым тисе қуанамын. Адам күнде бір қайырлы іс жасауды үйренсе, ол жақсы қасиет деп бағалаймын. Адамгершілігіміз артып, жамандық атаулыдан аулақ болайық.



Әбіш Жанель Нұржанқызы
Шымкент қаласы,
Қ.Сыпатаев атындағы
№7 IT мектеп-лицей, 7-сынып оқушысы



Жетекшісі: Бекбосынова Лайла Мутановна

Кроссворд



1. «Жетім» әңгімесінің басты кейіпкері
2. Жазушының туған жері
3. Табиғат- адам қатынасын суреттейтін шығармасы
4. Жетім қалған кішкентай Мұхтарды тәрбиелеген ағайы
5. Шұғылданған спорт түрі
6. Алғашқы шығармасы
7. «Қаракөз» туындысының жанры
8. Мұхтарды танымал еткен журнал
9. Жан серігі, жұбайы
10. 1926 жылы балалардың сүйікті кітабы болған повесі
11. Гогольден аударған туындысы
12. 1928 жылы бітірген университеті
13. «Абай жолы» эпопеясы үшін берілген сыйлық
14. Драмалық шығармасы
15. «Қорғансыздың күні» шығармасының құпия аты
16. «.....» жас қазақ жазушылар ұйымы
17. Алғаш рет «Еңлік-Кебек» пьесасының сахналық қойылымы көрсетілген үй иесі
18. Балалар әдебиеті мұрасына жататын еңбегі
19. Қаламгердің көзі тірі ұлы
20. Жылқышылар туралы әңгімесі

*Орындаған: Әбіш Жанель
6 сынып оқушысы
Қ.Сыпатаев атындағы №7 IT мектеп-лицейі
Жетекшісі: Бекбосынова Л.М*

Кроссвордтың кілті:

1. «Жетім» әңгімесінің басты кейіпкері (**Қасым**)
2. Жазушының туған жері (**Семей**)
3. Табиғат – адам қатынасын суреттейтін шығармасы («**Көксерек**»)
4. Жетім қалған кішкентай Мұхтарды тәрбиелеген ағайы (**Қасымбек**)
5. Шұғылданған спорт түрі (**Футбол**)
6. Алғашқы шығармасы («**Дауыл**»)
7. «Қарагөз» туындысының жанры (**пьеса**)
8. Мұхтарды танымал еткен журнал («**Абай**»)
9. Жан серігі, жұбайы (**Валентина**)
10. 1926 жылы балалардың сүйікті кітабы болған повесі («**Сұр**»)
11. Гогольден аударған туындысы («**Ревизор**»)
12. 1928 жылы бітірген университеті **Ленинград**)
13. «Абай жолы» эпопеясы үшін берілген сыйлық (**Лениндік**)
14. Драмалық шығармасы («**Тартыс**»)
15. «Қорғансыздың күні» шығармасының құпия аты («**Арғын**»)
16. «.....» жас қазақ жазушылар ұйымы («**Алқа**»)
17. Алғаш рет «Еңлік – Кебек» пьесасының сахналық қойылымы көрсетілген үй иесі (**Әйгерім**)
18. Балалар әдебиеті мұрасына жататын еңбегі («**Ертегілер**»)
19. Қаламгердің көзі тірі ұлы (**Мұрат**)
20. Жылқышылар туралы әңгімесі («**Бүркітші**»)



Анарбек Аякөз
Шымкент қаласы,
Ы.Алтынсарин атындағы
№65 мектеп-гимназияның
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Абдильдаева Ақбөпе Орысбайқызы**

Мағжанның мақпал жырлары

*Теріп теңіз түбінен, тіл маржанын тізбекке,
таза, терең, өткірін, найза қылып тілмекке.
Неге екенін білмедім, Мағжан сөзін сүйемін!*


*Түркі жұртын Түркістан, бесігіне бөлеген
Арқадағы Бурабай, жер жәннатқа теңеген,
неге екенін білмедім, Мағжан рухын сүйемін!*

*Жұбайы жарын, анасын, бүтін алаш баласын,
қапас болып сағынған қайран сары даласын.
неге екенін білмедім Мағжан жанын сүйемін!*

*Күннен туған ақынға, дұшпан екен қара түн,
арсыз бен арды соғысса, қалар соңы ұшпа күл.
неге екенін білмедім, Мағжан рухын сүйемін!*



Әбдіқалық Нұрғиса Әбдірашитұлы
Шымкент қаласы,
№54 жалпы орта білім беретін мектебінің
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Айдосова Айнур Ерубаяевна**

Ғажайып кеме және айға саяхат

1. Айға сапар

Жазғы демалыс кезі. 2054 жыл. Елдос және Ернұр «Ғарыш-2064» зертханасында керемет жұмыс атқарып жүр. Қазіргі таңда олар секілді 8-9 сыныпта оқитын жасөспірімдер космоновтика, космология, астрономия сияқты ғылым салаларын жетік меңгеруде еді. Дәл мына сәтте, Елдос пен Ернұр өз жобаларын дайындап жатыр. Айға 10 минутта жеткізетін ғарыш кемесін жасауды көктемде бастады. Зертханада жұмыс жасайтын ғалымдар, астрономдар, оларға Ай туралы көптеген ақпараттарды айтты.

Ай, Жер ғаламшарын санамағанда, адам болып көрген, жалғыз астрономиялық нысан болып табылады. Бұны Елдос пен Ернұр нақты білді. Алайда, олар Айды өз көзімен анық көріп, оның бойымен қадам басқылары келді. Ақыры, ғарыш кемесі дайын болды. Оны балалар «Қуат» деп атады. Осы атауды нақты түсіндірер болсақ, жер мен ай арасындағы қашықтық – 384 500 км. Ал осындай қашықтықты еңсеру үшін, ғарыш кемесіне көп мөлшерде энергия қажет болады. Елдос және Ернұр өздерінің үй жануарларын да айға апармақшы еді. Елдос өз иті – Хатиді, ал Ернұр өз мысығы – Қараңғыны, жолға алып шықты. Елдос және Ернұр 384 500 км қашықтықты 10 минутта еңсеретін ғарыш кемесін дайындағанына, өте қатты қуанды. Еңбектері еш кетпеді. Сонымен, Елдос және Ернұр «Қуат» ғарыш кемесін ұшуға дайындауды аяқтап, оны «Ғарыш-2064» зертханасындағы «Ғарышқа ұшыру» платформасына орналыстырды. Ұшудың алдында, ғалымдар балаларға сәттілік тіледі.

Көп ұзамай, балалар кемемен тура Айға қарай ұша жөнелді. Осы 10 минутта Елдос және Ернұр көп нәрсеге таңғала қарады. Аспан әлемі өзінің тылсымдығы мен әсемдігімен, адамдарды өте қатты таңдандырады. Жұлдыздар жерден ғана ақ нүктедей болып көрінетінін, барлығы жақсы біледі. Қазір Елдос пен Ернұрдың бұл мәліметтің шын екеніне, көздері анық жетті. Алыстан басқа да ғаламшарлар көріне бастады.

Осылайша, достар Ай бетіне асықпай қонды. Елдос және Ернұр, олардың үй жануарлары да, заманауи скафандрларды киіп алды. Ол өте жеңіл және ауаны арнайы құрылғы – «эйрметр» арқылы беріп отырады. Елдос және Ернұр, айды өз көздерімен анық әрі толық ауқымда көрді. Олар Айдың қазан шұңқырларын, үңгір секілді ойықтардың, бір сөзбен айтқанда, Айдың ғажап бейнесін 700 мегапиксельді фотоаппаратқа түсіріп алды. Айды зерттеудегі, олардың басты мақсаты – Айда жаңа тіршілік қабатын құру болатын. Бірақ, оның алдында, достар астрономдармен бірге, нақты зерттеулер жүргізу міндетті болып келеді.

Содан соң ғана, Елдос пен Ернұр айдағы алғашқы өсімдіктерді отырғыза алады. Астроном-ғалымдар, екі күннің ішінде Елдос пен Ернұрға көмектесу үшін, айға ұшып келеді. Олар бірге жаңа, тағы да бір тіршілік ортасын құрайтын болса, бұл неткен таңғажайып жаңалық болар еді!

1-әңгіме. Мезозой эрасы

1-бөлім. Уақыт көлігі

Ақылбек өз сыныбында үздік оқитын балалардың бірі еді. Ол 2061 жылы туылған еді. Қазіргі таңда «уақыт көлігі» ойлап табылды. Ғалымдар ол арқылы уақыт кеңістігінде саяхаттап, әлемді зерттейді. Ақылбек те уақыт көлігімен саяхаттауды ұнататын, тек әрбір саяхаттау кезінде, өткен немесе келер шақта саяхаттаушыны ешкім көрмейді әрі байқамайды. Ал, Ақылбек болса, өткен шақта оны байқап, көргенін қалады. Сол үшін де ол өз уақыт көлігінің жобасын дайындап жүр (әрине, өзі ғана емес, атасымен бірге жаңа уақыт көлігін жасауға кіріскен). Атасының есімі – Ғалымжан Бердібеков. Ол ғалым. Нағыз білімді ғалым. Ғылымның бірнеше түрімен айналысады. Зоология, физика, химия, техникалық ғылымдармен жұмыс жасайды. Ақылбек атасымен «уақыт көлігі» жобасын 6 ай дайындаған. Бүгін жобаның дайын болуының соңғы күні. Мектепте сабақ ертерек біткен соң, Ақылбектің атасы оны портал көлігі арқылы үйге жеткізді.

- Ата, бәрін егжей-тегжейлі жасап шықтық. Енді өз уақыт көлігімізді қолдансақ, болатын шығар! – деп айтты Ақылбек.

Атасы күлімдеп, былай деді:

- Әрине, Ақылбек! Жоба толықтай дайын, оны қолдану үшін қондырғының жүйесін іске қосамыз. Уайымдама, біз уақыт көлігін жақсы қылып, жасадық.

Ақылбек қуанды.

- Иә, біз жаңалық аштық. Осы жобаны 6 ай бекерден бекер дайындамадық.

Ақылбек және оның атасы үй ішіне кірді. Үйлерінде арнайы зертхана бар еді. Заманауи үйлер өте «ақылды» болады. Зертхана есігі автоматты түрде ашылады. Үй ішінде флэшка түріндегі және кәдімгі кітаптар да бар. Олар үлкен кітапханада орналасқан. Бөлмелерде роботтар тұратын еді. Тек Ақылбектің отбасысы бұл роботтарды шұғыл жағдайда ғана қолданады. Зертханаға кіргеннен кейін, Ақылбектің атасы уақыт көлігіне жақындады. Олардың «уақыт көлігі» өзгеше болып шықты. Үлкен портал секілді есікке уақыт қондырғысы және сағаттар бекітілген.

- Ал, енді біз қондырғыны іске қосып, қай шаққа баратынымызды таңдаймыз – деп, түсіндірді Ғалымжан ата.

- Оны мен іске қоссам бола ма? – деп өтінді Ақылбек.

- Жарайды, Ақылбек. Бірақ тек керекті батырмаларды қолдан.

- Иә, ата! Мен жобаны сізбен бірге дайындадым емес пе? Ешқандай қателік жібермеймін.

Сонымен Ақылбек қондырғыны керекті амалдар арқылы қосты. Жүйені іске қосу үшін ол сағаттың тілдерін бұрады. Біраз уақытта көрсеткіштер пайда болды.

- Алақай! Мен уақыт көлігін іске қостым. Ақылбектің қуанышында шек болмады.

- Ақылбек, жарайсың! Енді қай кезеңге аттанғың келетініңді шеш.

Ақылбек ойланып, шешім қабылдады;

- Ата, мен мезозой эрасындағы бор кезеңіне аттанғым келеді. Себебі, мен осы кезең туралы ең қызықты ақпараттарды, үй жұмысы кезінде айтып өткім келеді.

- Жақсы. Тек ол жерде абай болу керек. Өзімізбен бірге Пангоны алайық (ол Ақылбектің үйіндегі ең ақылды робот, толық есімі – Панголин №5)

Ақылбек Пангоны шақырып, қауіпсіздікке арналған киімді киеді. Атасы да дәл солай істеді. Сонан соң, Ғалымжан ата уақыт көрсеткішінде

«Мезозой эрасы» таңбасын белгіледі. Өткен шақ батырмасын Ақылбек және оның атасы іске қосты. Осылайша, олар мезозой эрасының юра кезеңіне аттанады.



Зархунова Жансая

Шымкент қаласы,
№ 98 жалпы орта білім беретін мектептің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Түрікпенәлі Әлия Әділханқызы**

Абайдың қара сөздерінің тәрбиелік құндылығы

Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиетіндегі қайталанбас тұлға, ұлы ойшыл, философ, ақын. Оның дүниетанымдық көзқарастары, ой-пікірлері ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Фирдауси, Сағди, Ширази, Науаи, Сократ, В.С. Белинский секілді ғұламалардың шығармаларын оқып, олармен жете танысты. Сол арқылы оқыған шығармаларындағы ойды өз заманымен салыстыра отыра, қазақ қауымдастығындағы актуалды мәселелерді қара сөздері арқылы түсіндіруге тырысты.

Абай Құнанбайұлы қара сөздері арқылы оқырманмен сырласады, пікірлеседі, мәнді де мағыналы мағлұматтар мен кеңестер береді. Ол “керек кісі болса алсын, алмаса, өз сөзім өзімдікі” деген еді. Алайда, сол кезде де, қазіргі таңда да қара сөздерді керек етпейтін жан жоқ болса керек. Абайдың қара сөздері тек сол замандағы проблемаларды қамтыған болса да, олардың маңыздылығы жойылған жоқ. Менің ойымша, керісінше, дәл біздің дәуірге лайықталып жазылғандай.

Бәрімізге белгілі, Абай адамзат бойындағы жағымсыз, ұнамсыз мінездерді көп талқыға салады. Бір мысал келтіре кетсем: “Мал тілейсіңдер, неге керек қылайын деп тілейсіңдер? Әуелі Құдайдан тілеймісің? Тілейсің. Құдай берді, бергенін алмайсың. Құдай Тағала саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсамайсың. Жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарап қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса, ұғарлық ақыл берді, қайда жібергенінді кім біледі? ...Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?”. Көріп отырғандарыңыздай, ХІХ ғасырда жазылса да, мемлекетіміздің актуалды мәселесін талқылап отыр. Адамның ұнамсыз істерден аулақ болып, адам баласына Алланың берген тартуын қадірлей біліп, оны жамандыққа емес, елінің ғылымы мен білімін, экономикасын дамытуға шақырады.

Сөзімді Мұқтар Әуезовтің “Абайдың қарасөз дейтін мұралары көркем прозаның өзіне бөлек, бір алуаны болып қалыптанады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естелік, мемуар да емес. Стилль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар, Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбіне адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді” деген сөздерімен аяқтағым келіп отыр. Абайдың қара сөздерінен әлі де үйренеріміз, аларымыз көп. Оларды тұшынып оқып, Абай айтқан жолмен жүрер болсақ, еліміздің болашағы сенімді қолда болатындығы сөзсіз.



Айдарова Аружан Абуллақызы
Шымкент қаласы,
М.Жұмабаев атындағы №39 жобб
мектептің 11-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Раимжанова Атина Сатархановна**

Қазақ сатирасының бала тәрбиесіне әсері

Оспанхан Әубәкіров (1934–1986) 4 мамырда Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Үшбұлақ ауылында туған. Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясының театр факультетін тамамдаған. Мамандығы актер болғанымен, өзінің шығармашылық мұратын сатирадан тапқан. Ол республикалық газеттерде, «Ара» журналында қызмет істеген. Сатиралық жанрмен бірге, балаларға арналған өлең-жыр, ертегі, пьеса, белгілі композиторлардың әндеріне мәтін жазумен, аудармамен де айналысқан. Әзиз Несиннің «Ахиреттен келген хаттары», Бранислав Нушичтің «Менің өмірбаяным», «Лао Шэнің «Мысықтар қаласын», Э.Рапкенің «Мюнхаузеннің хикаяларын» қазақ оқырмандарына ұсынған. 1983 жылы балаларға арналған «Қағаз қалпақ» сатиралық жинағы үшін Қазақстан Жазушылар одағының сыйлығы берілді.

Күлкі біткеннің бәрі бірдей күшті емес және күштінікі емес, бәрі бірдей қасиетті де қажетті емес. Бізге керегі халықтың шынайы күлкісі, комизмнің, қуаныштың ішкі мәнін дәл ашатын күлкі. Сын күлкі – түзелуге, оңалуға бастайтын жол, қуаныш күлкісі – өмір-тіршілігіміздің деңгейін көрсететін мөлдір айна секілді. Сондай күлкілер өмір серігіміз болуға тиіс. Мұндай күлкісіз өткен күн – бос өткен күн, ізсіз кеткен күн. Заман сипаты, заман трагедиясы, кезең рухы оның күлкісінен байқалады. Адам күле отырып заманның қайшылықтарын ашады. Осыған дәлел француз драматургі Ж.Б.Мольер өз тұсының билеп-төстеушілеріне: «Мені дүрелей беріңдер, бірақ күлкімді тыюшы болмаңдар, еркін күлуге мүмкіндік беріңдер», - деп тілек қойған. Яғни, күлкі сыры мен юморлық сезім арқылы комизм табу сатира мен юморға жол ашады. Сонымен сатира, юмор негіздері – юморлық сезім, комизм, күлкі және тапқырлық. Ал осы «сатира» ұғымы қандай мағына береді және ол әдеби шығармалардың жанры ма, оның қандай түрлері бар, бізге жеткен сатира қай ғасырдан басталады деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Әрине пәленбай жылы, пәленбай елде пайда болған деп айту қиын. Бізге жеткен сатира, біздің заманымызға дейін V ғасырдың аяғы мен IV ғасырдың басында өмір сүрген Аристофан мұрасынан белгілі. Сатира ұғымының пайда болуы ежелгі гректер жүзім өсірушілердің, жүзім шарабын жасаушылардың құдайы – Дионистің ән салып, би билеп, күлдіріп жүретін жол серіктерін «saturos» деп атаған, яғни «сатира» сөзі осы атаудан шыққан делінсе, қазіргі «сатира» атауы әр түрлі мағынада қолданыла береді. Біреулер оны әдебиеттің бір тегі деп түсінеді. 1941 жылы шыққан «Шетел сөздерінің сөздігінде» былай делінген «Сатира – болмысың жағымсыз құбылыстарын ащы күлкіге айналдыратын көркем әдебиеттің тегі». Сатираны көп зерттеген, осы сала бойынша үлкен теоретик Я.Эльсберг «Сатира - болмысты әдебиет пен өнерде көрсетудің бір әдіс-тәсілі»

деп жазады. Кейбір деректер бойынша, сатира – жағымсыз болмыс, құбылыс атаулыны сынап, мінеп әшкерелейтін әдеби шығарма делінсе, Д.Н.Ушаковтың редакциялауымен шыққан «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде» «Сатира - өмірдің жағымсыз құбылыстарын күлкі, келемеж түрінде көрсететін әшкерлеуші әдеби шығарма» дейді.

С.М.Бондидің басқаруымен 1940 жылы жарық көрген «Поэтикалық терминдер сөздігінде» «Сатира – қоғамдық дерттерді келемеж етуді немесе әшкерлеуді мақсат ететін әр түрлі (роман, әңгіме, фельтон, эпиграмма т.б.) әдеби шығарма» дейді. А.П.Кватковский «Сатира – болмыстағы жағымсыз, құбылыстарды сынап, әшкерлеуді, күлкі етуді мақсат етіп, қара сөзбен немесе өлеңмен жазылатын көркем әдебиеттің түрі» дейді. Осыдан түсінгеніміз сатираның негізгі мақсаты – қоғамда болып жатқан әлеуметтік теңсіздікті, байлардың озбырлығын, ұғымсыз іс - әрекеттерін, ел ішіндегі алауыздық пен жаман мінез-құлықты күлкімен мазақ етіп көрсету. Сатираның мысалдан кейінгі көне жанрларының бірі – пародия. Бұл жанр да ежелгі заманда, яғни б.з.д. VII ғасыр шамасында пайда болған. Пародия – гректің *para* (против – қарсы, *edo* песня - өлең) деген сөздерінің біріккен, кіріккен түрі, яғни қарсы өлең, өлеңге қарсы өлең деген сөз. Қазақ сатирасының өсіп-өркендеп, терең тамыр жаюына зор үлес қосқан ғалым-ұстаздардың бірі де бірегейі – Темірбек Қожакеұлы! Ол – қазақ сатирасын егжей-тегжейлі зерттеп, сатиралық жанрлар жүйесін жете зерделеген һәм теориялық жағынан негіздеген ғалым. Бұған дейін қазақ әдебиеттану ғылымында сатира мен юморды терең зерттеп, талдаған ғалым болған жоқ. Оның қаламынан туған ондаған оқулықтар мен монографиялар және жүздеген ғылыми еңбектерді жинақтап, тасқа басса, Қазақ сатирасының энциклопедиясы секілді толымды дүние әрі болашақ оқырмандар мен жас зерттеушілер үшін аса құнды ғылыми еңбек болары хақ. Темірбек Қожакеев ғылыми еңбектері көп. Атап айтар болсақ, «Абай және Сұлтанмахмұт», «Қазақ мысалы», «Абай – сатирик», «Қазақ совет сатириктері», «Адам. Қоғам. Сатира», «Сатира және дәуір», «Сатиралық жанрлар», «Сатира – күштілер қаруы», «Сатира негіздері», «Шаншу сөздер мен шалқу сөздер», «Үр-кіншілік», «Газет жанрлары», «Қазақ совет баспасөзінің тарихынан», «Жыл құстары», «Көк сеңгірлер», «Сара сөздің сардарлары», «Жас тілшілер серігі» атты ғылыми еңбектері бар. «Өзгені билеу үшін өзіңді билеп ал» деген-дей, оның талап-тілегі өзгеге де, өзіне де қатаң болды. Уақытпен санаспай, жұмыс істейтін. Көп оқып, көп жазатын. Қазақ және орыс тілінде жарық көретін басылымдардың бәрін шолып шығатын. Қажет жерлерін түртіп алып отыра-тын. Сөйтіп, жүріп қазақ сатирасы мен журналистикасына һәм ғылымна ерен еңбек сіңірді. Мындаған маман дайындады. Олардың санына емес, сапасына мән берді. Кез келген істің жоғары деңгейде орындалғанын қалайтын. Соны бәрінен талап ететін. Өз ісіне немқұрайды қарайтындарды ұнатпайтын. Жалқаулар мен жауапсыздарды, жағымпаздарды суқаны сүймейтін. Сондықтан да олармен ылғи күресіп жүретін. Кежегесі кері тартқандарды кере-геге ілмесе де, басылымдарға жазып, мысын басып қоятын. Сол күрестен нәтиже шығаратын.

Пародия негізінен белгілі бір автордың немесе бүтіндей бір әдеби ағынның, әдеби мектептің творчестволық сәтсіздіктері мен жеке туындыларының мініп іліп-шалып, келемеждеу үшін жазылады. Енді пародияның бір парасы өз ойын, кей ұйқасын бір емес бірнеше өлеңде қайталап, талғамы зор, өресі кең оқырман

қауымды мезі ететін авторларға жазылады.

Міне, жоғарыда мысалға алынған пародиялардың барлығы да жеңіл юмормен, әзіл түрінде, зілсіз тұрғыда орындалған. Қазіргі таңда пародияның майталмандары: Бейсебай Кірісбаев, Көпен Әмірбек, Толымбек Әлімбекұлы, Қажытай Ілиясов, Саттар Ерубаяев және т.б.

Шарж французша әсірелеу деген ұғымды білдіреді. Ол екі нәрседен – сурет пен текстен тұрады. Ол белгілі бір типтердің мүлде жағымсыз, зиянды мінез – құлқын, іс-әрекетін, ұрлық-қарлығын, көзбояушылығын, қулық-сұмдығын, жылпостығын әшкерелеп, келемеждеу мақсатында жазылған. Симпатия болмаған соң, ащы әжуалау мақсат етілген соң сатиралық шаржда кейіпкер бейнесі әсіреленіп қана емес, мүлде бұрмаланып, адам шошырлық, кісі жиіркенерлік етіліп салынады. Достық шарждар жеке адамдардың жақсы қасиетін паш ету, жоғары көрсеткіш, биік табысын жұртқа таныту мақсатында, яғни таза мақтау, мадақтау ниетінде жазылады.

Эпиграмма грекше «надпись» деген сөз екен. Қазірде эпиграмма белгілі бір адамды, затты, болмыс құбылысты, әзіл тұрғысынан бағалайтын немесе күлкі келемеж ететін, қажет болса ашық әшкерелейтін сатиралық поэзияның 2-8 жолдық шағын жанры, өз кезеңінің көкейтесті мәселелеріне тез үн қоса қоюдың тиімді де шапшаң түрі. Эпиграмма да көптен келе жатқан көне жанр. Әр дәуір әр заманда оны әркім-ақ өзінің саяси жауларына қарсы жат бағыттың әр түрлі өкілдеріне қарсы күрес қаруы етіп пайдаланған.

Әр қоғамды адам жасайды. Адам орнатады. Адам мен қоғам егіз. Бұл екі ұғымды бірінен - бірін бөліп қарай алмаймыз. Адам – жаңа қоғамды орнатушы ғана емес, әрі оның иесі, басқарушысы. Қоғамның иесі, басқарушысы қандай болса, қоғам да солай дамымақшы. Сондықтан жарқын болашақты орнату үшін адам бойындағы жемқорлық, парақорлық, ашкөздік, көреалмаушылық, іштарлық қасиеттерімен күресе білуіміз керек. Сол күресте бізге көмектесетін құралдың бірі – сатира.

Жан-жақты, үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың бір құралы – сатира деп қарайтын болсақ, осы орайда бүгінгі қазақ сатирасы адам тану проблемасын қозғауды бірінші қатарға шығарды. Ірілі - ұсақты қылмыс, ұрлық-қарлық төңірегінде аттан салудың орнына адамдардың сана-сезіміндегі, мінез-құлқындағы жағымсыз әрекеттерге жиі үңілетін болдық.

Ендігі бір топ өлеңдерінде жағымпаздықпен күн көріп, айналасын жиіркендіріп жүрген пысықсымақтарды күлкімен әшкерелей отырып, жұртқа мазақ етеді. Мына өлеңдерін де атап өтуге болады: «Желке туралы жыр», «Ине мен жіп», «Екі езу және күлкі жаттығулары» және т.б. Адам мінезіндегі ұнамсыз қылықтың бірі жемқорлық, парақорлық, тойымсыздық, азғыру дейтін болсақ, осы мазмұнға ие болатын мына өлеңдерін атап өтуге болады. «Сөгіс берілсін», «Мені көрсеңдер қашыңдар», «Көлденең табыс», «Мөрбасар», «Ауыз туралы аңыз», «Емен есік», «Арызқойдың үстінен арыз», «Шындықтың үйленуі» т.б. Мысалы, «Көлденең табыс» өлеңінде күйеуінің күнделікті табысына қанағаттанбай оңай олжа табуға жолдасын азғырып отырған келіншек туралы айтылады.

- Түк еркектік намысың жоқ,
Көк тиын көлденең табысың жоқ...
Бәрін бүлдірген
Көлденең табыстың шатағы дейді.

Тек жүрсең, тоқ жүресің,
Домаланып көп жүресің,-
дегенің осы болады.

Бұл өлеңнің мазмұны көлденең табыстың алысқа апармайтындығын дәлелдей отырып, барға қанағат тұту, қолда барды қадірлей білу қасиеттеріне үйретеді. Оспанхан Әубәкіров көзі тірісінде кішкентай балаларға үнемі былай деп кеңес беретін болған екен:

1 Бала көп сөйлемей, көп тыңдау керек.

2 Тілалғыш болу керек.

3 Көп ұйықтамау керек.

4 Қантты көп жемеу керек.

- өмірлік жарының айтуы бойынша.

“Өлі күнге дейін, әр шығармасын көзімнің қарашығындай сақтап келем” - деген сатириктің жұбайы. Күлкімен түйреп өтетін тағы да бір топ жағымсыз қасиеттерге ата-ананың теріс тәрбиесі, топастық, сауатсыздық, пәтуасыздықты жатқызуға болады. Оған мысал мына өлеңдері: «Бос портфель», «Бөден жазған өлең», «Кей жігіттің тірлігі», «Амандық хат», «Қағаз бен Сабаз», «Қаңбақ туралы қағида», «Су мен сүт», «Түк түсінсем бұйырмасын», «Бытпырық Быламықов», «Төрт амал», «Әкеге тартып ұл туады», «Қиямет» т.б. Сықақ өлеңдердің түйіні – ізгілік.

О.Әубәкіровтің сықақ өлеңдерінің өзегінде үлкен әлеуметтік сыр жатыр. Біреулердің ұғымынша, сатира өмірге тек қара көзілдірікпен қарайды, тек дертті, кемшіліктерді көреді, көреді де, соның бәрін мансұқ етеді деп түсінеді. Бұл, әрине теріс түсінік. Сатираның негізгі мақсаты- ізгілік, игілік. Ол адамды адал өмір сүруге, арлы болуға, намысшыл болуға үйретеді. Жалақорлық пен өтірік, жағымпаздық пен жемқорлық, арамдық пен іштарлық, мақтаншақтық пен ұятсыздық, алаяқтық пен дүниеқорлық, пәтуасыздық пен өсек таратушыларға қарсы күресуге баулиды. Сатира тек құртып жою үшін ғана емес, оқырмандар сабақ алсын, сақтансын, сақ болсын деп жазылады. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстарда, әдеби кештерде, түрлі мерекелік іс-шараларда сатиралық шығармаларды оқыта отырып, оқушы бойында қызығушылық пайда болғаның байқау қиын емес. Оқушылардың сатиралық өлеңдер шығаруға ұмтылысы күшейіп, өздері шығарған сықақ өлеңдерін мектептің «Жас сатирик» қабырға газеттеріне жариялап, сатиралық кештер, КВН ұйымдастыру белсенділігі артты.

Қазақ сатирасының бала тәрбиесіне, пародияның мінез құлыққа әсері:

Мысал келтіретін болсақ: Қазақ әдебиеті сабағында , оқушылар арасында бір бірімізге пародия жасап , жағымсыз-жағымды қасиеттерімізді көрсету керек болатынбыз.Сыныптағы қыз, сабақта әрдайым ұйықтап отыратын балаға пародия жасады , оның үнемі ұйықтап қажетті білімін өз уақытында ала-алмай жүрген бейнесін көрсетіп,сол оқушыны да күлкіге баурап,ол әдеттен алып шығуды көздеді. Келесі күні сыныптасым сабаққа толық қатысып отырды. Оның өзгеріп қалғанын сұрағанымызда, ол оқушы “ кеше маған пародия жасағанда, өзімнің сырт көзге қалай көрінетінімді көрдім, бұл әрекетімнің дұрыс емес екенін түсіндім. Енді сабақты оқып, керекті білімімді алып, ары қарай дамытуға ,қоғамға пайдалы істер жасауды шештім” - деді.

Бұл жерде ол сыныптасым пародия арқылы өзінің сырт көзге қалай көрінетінін көріп, түсініп , өзгеруге қадам жасады.

Саңлақ сатирикті ұстазы санаған Көпен Әмір-бек былай дейді: «Осекең көзінің тірісінде-ақ қазақтың төрт қабырғасын түгел күлкіге қарық қып, ішегін түйіп, шаншуын үзген. Сырлы сөздің сын садағын асынғандардың өзі бір төбе, ал өзі бір төбе болатын. Сардар деген шен алып, шекпен жамылмаса да, қазақ тілін түсінетін жұрт Оспанханның отауын оқшаулап, орның бөлек сайлағалы қашан. Қайран Осекең! Күлкі мен әзілдің, мысал мен мысқылдың көмбесі еді ғой, кені еді ғой... «Сары майда жүгірген қасықтайын», сары алтындай сөз қоры қандай! Ауыз әдебиетін кәусарынан қанып ішкен кешегі ұрпақтың өкілі Оспанхан Әубәкіров сатираны классикалық дәрежеге көтерген қазақ», – деп толғанады.

Жалғанда жалғыз ер бар Көпен деген,

Адам жоқ мұның сөзін көтермеген.

Басын кесіп аламын біреу айтса,

Көпені Оспанханның бөтен деген.

Бата беріп аузына түкіргенмін,

Содан кейін Көпенім жәтелмеген...,

Оспанхан Әубәкіров, Көпен Әмірбек жайлы. Ғ.Қабышев: «Мен Оспанхандай жайдары, кішіпейіл жанды сирек кездестірдім, Ол баладай аңқау, ақкөңіл, жүрегінде жықпыл, көңілінде қалтарыс жоқ еді», - дейді.

Қазақ әдебиетін, қазақ сатирасын түсінетін халық барда О.Әубәкіровтің шоқтығы биік болмақ...

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.Қожакеев «Сатира және дәуір» «Жазушы»баспасы Алматы. 1976 ж.
2. «Саңлақ сатирик», «Қазақ тілі мен әдебиеті»журналы. 10.2002 ж.
3. Т.Қожакеев «Сатира күштілер қаруы» «Жазушы» баспасы Алматы. 1985 ж.
4. «Народно-поэтическая сатира» Ленинград. 1960 ж.
5. Т.Қожакеев «Жыл құстары». «Қазақстан» баспасы. Алматы, 1991 ж.



Сайдахметова Мафтуна Бахрамовна
Шымкент қаласы,
А.Макаренко атындағы
№41 мектеп-лицейінің 7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Утембаева Динара Байдуллаевна**

Табиғат ананы аялайық, адамзат!

Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ.

Табиғаттың оны айтатын тілі жоқ.

Табиғат! Осы бір жүрекке жылы, көңілге көтеріңкі сезім сыйлайтын салиқалы да салмақты сөзде қаншама терең тұжырым, ұлағаты мол ұғым, мағыналы да мазмұны ауқымды ой жатыр десеңізші! Табиғат – тіршілік көзі. Табиғатты аялау, оған үнемі жанашырлық сезіммен қамқорлық жасап отыру ата-бабаларымыздың ұрпақтарына ұран етіп қалдырған аманаты екендігін ешқашан да естен шығармауға тиіспіз. Табиғатты қорғау біздің парызымыз, оның әрбір бөлшегі әсерлі үлкен рөл атқарады. Аяулы табиғатсыз осы ғаламда өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес. Табиғат бізге көп әсемдігін, таза суын, көк аспанын, будақ бұлттары мен мөлдір суын береді. Таудан аққан өзен дауысы, жасыл шөптің сылдыры да ғажап сұлулық сыйлайды. Табиғаттың ғажайып әсемдігін көз алдыңа елестете отырып, өзің бір керемет сезімге бөленесің. Табиғаттың бар әсемдігін, оның әрбір сөзбен де, жазумен де жеткізу оңай емес. Оның керемет көрінісі жаныңды тебірентеді. Бұлттары мақтадай, шөптері кілемдей төселген. Жыл мезгілдерінің өзгеруі де табиғатты одан әрі әсерлендіреді.

Табиғатты аялау әр адам үшін маңызды. Атадан балаға мирас болып келе жатқан табиғатымызды көздің қарашығындай сақтап, анамыздай аялап келер ұрпаққа таза күйінде қалдыруымыз керек. Табиғат – адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағатын ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі. Сол сұлулық пен әсемдікті талай ақын жырға қосып, небір әншілер ән арнаған. Сол сұлулықты, әсемдікті жоғалтпай қастерлеуіміз керек. Бұл жайында халқымыздың қалдырған тағылымдық, тәрбиелік мәні зор «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Бұлақ көрсең көзін аш», «Бір тал кессең, он тал ек» тағы да басқа ұлағатты сөздері, табиғатқа деген сүйіспеншіліктері қазіргі ұрпаққа, бізге үлгі-өнеге.

Бұл орайда ғұлама ғалымымыз Қаныш Сәтбаевтің: «Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп, ол туралы ойламаған жігітті қайтіп азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпақ емес» деген жан тебіренісі еріксіз ойға оралады. Ендеше, елім, жерім деген ел азаматы өз туған жерінің тағдырына немқұрайлы қарамай, қоршаған ортаның тазалығына атсалысуы тиіс. Табиғаттың адам үшін маңызы зор. Адам табиғатқа мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарап, үйлесімділік сақтағанда, адамзат баласы үшін табиғат – кең сарай, мәңгі тозбас құтты қоныс болады. Жер бетіндегі барлық тіршілік атаулы табиғат-анаға қарыздар. Сондықтан да Табиғатқа немкетті қарау, онымен санаспау – ана сүтін ақтамағанмен пара-пар. Адам баласы Табиғаттың ең ұлы перзенті болумен бірге,

ең ұлы қамқоршысы да екенін ешқашан естен шығармауымыз керек.

Ө. Тұрманжанов айтқандай:

«Табиғатты қорғау үшін бәріміз,

Күресейік, бір - бір ағаш егейік.

Текке отырмай, жасымыз бен кәріміз,

Таза ауа үшін терімізді төгейік.

Сүйейік табиғатты аялайық,

Біз одан жақсылықты аямайық.

Анадай табиғаттың аясында,

Жадырап жас балаша дем алайық!» деп табиғатты әр қашан аялайық!

Табиғаттың тылсым күшіне ұшырағанша, табиғаттың әсемдігін сіңірейік.



Еркінбек Ернар Нұрланұлы
Шымкент қаласы,
№28 жалпы орта білім беретін
мектебінің 6-сынып оқушысы.



Жетекшісі: **Назарова Жаннат Тлеукуловна**

Күз – береке бастауы

Табиғат жаратылысы өзіне тән жыл он екі ай төрт мезгілмен ұштасады. Әр мезгіл өз сұлулығымен таңдай қақтырарлықтай. Мысалы қыс - мамықтай жұмсақ, кіршіксіз таза көңілдей аппақ қарымен көрікті болса, ал көктемде жылғалардан су ағып, өсімдік атауы бүршік атып, ағаштар ақ гүлден моншақ тағынады, төрт-түлік те төлдеп тіршілікке жан бітеді. Айналасын жасыл кілемге төсеп дала біткенді, суға жүгіртіп, қарынын үзілген жеміске тойдырған жаз да бар. Ал мен үшін орны бөлек, жаныма жақын - күз мезгілі. Иә, көне шаһар төріне басқа маусымдарға ұқсамайтын келбетімен күз де келіп жетті. Сары жапырақ, қоңыр салқын ауа райы, дана Абай айтқандай, жабырқаулы көңіл-күй, қара суық жел күзге тән қасиет. Мектепке асыққан бала, қоймасын астыққа толтырған диқаншы, қыс азығын жинаған шаруа, еңбекпен біте қайнасқан тірлік күз мезгіліндегі қызықты жайттар. Сондықтан күз - молшылықтың, байлықтың, берекенің мезгілі болып саналады.

Төрт мезгіл. Әр мезгілдің өзіне тән қасиеті бар. Бірі - жаныңа жылулық сыйласа, бірі – қайта туған жауқазындай бүршік атып жатады, ал бірі суығына үйретіп те үлгереді. Осы төрт мезгілдің ішіндегі ең кереметі күз болар. Күз... Сарғайған жапырақтардың тал басында желге шыдас бермей жерге түскен сәті, көз алдында бүкіл әлем қоңырқай түске боялып, бейне бір салып қойған сурет секілді күйге енсе, аспанның шелегі тесіліп қалғандай әр күн сайын тамшылар тамып, жаңбыр жауса, көңілің құлазып тұңғиыққа еніп кетсең, біреуді сағынсаң, ол сені сағынса, шіркін, міне, бұл - күз ғой! Күздің кереметі сағынышқа толы жүректі жұлып алып, әуеде әуелете ән салдырып, көңіліңді күңіренге де ішкі жан дүниеге шынайы бір сезім сыйлайтынында. Күзді сүю - сағынышты аңсау деген сөз. Орыстың бас ақыны Пушкин күзді бекерге сүймесе керек. Қаншама ақынның жырына, қаншама жазушының қаламына біткен осынау мезгіл меңіреу тартып тұрса да, өзіне тарта беретіні өзінше бір құдірет. Себебі, менің бойымдағы суретшілік қасиетімді осы күзгі табиғат көрінісі ашты десем артық болмас еді. Табиғат сұлулығына тамсана қарап, сыршыл да болып алғандаймын. Мен табиғаттан үйрендім. Маған сүюді, ойлауды, қиялдап, қиялыма қанат бітірген күзгі көрініс. Күз - адамзаттың сағыныш айы. мектепке асыққан оқушының сағынышы, қара жерге асыққан жапырақтың сағынышы, егістіктегі мол жемісіне асыққан бағбанның сағынышы, алыстап кеткен достардың қауышуға деген сағынышы, бойжеткен мен бозбаланың махаббат сағынышы, ақынның қаламына, суретшінің күзгі аллегияға деген сағынышы... Байқайсыз ба, бәрі сағыныш. Табиғат ананың көз жасын бұлап көк аспан да жетер. Құстардың саңқылы, тырналардың тырауы, қатарласа ұшқан тізбегі, қызарып атып, қызарып батқан күннің сәулесі, қара аспанның төсінде дөңгелене

қалып, нұрын төгіп тұрған ай сағымы, бәрі дерлік бір суретшінің туындысы секілді. Бірақ бұл ешқандай сурет немесе жасандылық емес, бұл шынайы қанық түстерге боялған күз мезгілі. «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан, күз болып, дымқыл тұман жерді басқан». Абай ақынның айтпағы дөп түскен. Бұл осынау мезгілдің пейзаждық анық үлгісі. Сағынып сарсаң қуып, салыңыз суға кетіп жүрсе, қапа болмаңыз. Қалыпты жағдай. Мезгілдің мезгілінен тыс мазалайтын әдеті жоқ. Күзде жабырқауыңыз - сіздің біреуге деген сағынышыңыз. Ал сағыну деген керемет сезім. Аңсауға апарса армандап кететін, үмітке сүйресе үркімей үкілететін сіздің кеуде тұсыңыздағы бір түйір ғана жапырақ тәрізді жүрегіңіз бәріне - куә. Күздің күлімдей қарайтын кезі болса алданыш көріңіз. Ол оның шынайы мінезі емес. Бірақ сізге деген сүйіспеншілігі. Әркімнің өз табиғатына сай мезгілі бар. Суық та ызғарлы. Көтемді аңсайтын мезгіл. Бірақ, қолдан келер дәрмен жоқ.

Осылайша өмір аяқталады. Сондықтан әрбір күннің жақсылығын сезініп, қандай сынға кез болсақ та Алланың игілігінен үміт үзбеуді үйренейік дегім келеді. Далада күз болса да, көңілдеріңіз жадыраңқы болсын!



Ергеш Малика
Шымкент қаласы,
№121 Текесу жалпы орта білім беретін
мектептің 10-сынып оқушысы



Жетекшісі: Балғабаева Айгүл Азатбекқызы

Көне Түркістан

Түркістан – Орта Азия мен Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі. Солтүстік – шығыста Қаратаумен, ал оңтүстік – батыста Сырдария өзенімен шектелген Түркістан алқабында жүргізілген археологиялық зерттеулер бұл аймақ тарихының тереңде жатқанын көрсетіп тұр. Аталған аймақта табылған тас дәуірі ескерткіштері бұл өңірде ертедегі адамның 500 мың жыл бұрын мекен еткенін көрсетті. Қазақ топырағындағы Түркістан түбі бір түркінің ортақ Орда – Астанасы. Алты алаштың басын қосқан түп кіндігі. Түркістан – күллі мұсылманның Меккеден кейінгі тәу етер киелі мекені. Қазақ шежіресі Түркістанның көне заманның қаласы екендігіне бірнеше түрлі дәлел айтады. М.Ж.Көпейұлы “Түркістан һәм қадимнен келе жатқан зор шаһар еді: бір шеті Алатауда, бір шеті Қаратауда” деп бастайды Түркістан баянын. Темір дәуірінде Түркістан қаласы орналасқан Сырдың орта ағысы аймағын көне парсы деректерінде «сақа» деп атаған. Осыдан сақ тайпалары мекен еткен өлке Тұран деп аталған.

XVII ғасырдың белгілі тарихшысы Махмұд Ибн Уәлидің “Бахр ал – асрар фи манақиб ал – ахйар” атты шығармасында мынадай мәлімет беріледі: “Қазіргі Түркістан – бұл байырғы Сакси қаласы, қара халық оны Йасы деп атайды”. Түркістан қаласы төңірегінде Сидак, Шайтөбе, Төрткүл 1, Төрткүл 2 және өзге де қалашық орындары бар. Түркістан қаласында қазақ хандары түрлі елшіліктер қабылдады.

Түркістан қаласы қазақтың бетке тұтарлары мен ақсүйектерінің мәжіліс өткізетін орны болды.

Түркістан қаласы сонымен қатар діни білім мен ортағасырлық ғылым орталықтарының бірі болды. Қалада Абд әл – Ғафур Түркістани жазып кеткен бір топ мектеп пен медресе жұмыс жасады. Тарихқа толы көне Түркістан бұл күнде біздің екінші Меккеміз, киелі шаһарымыз!



Жаналиева Сарвиноз
Шымкент қаласы,
Ұлықбек атындағы № 3 жалпы
орта білім беретін мектебі
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Нуримова Зауреш Абдешевна**

Эссе

Менің қаламның экологиялық мәселелері

Мен, Жаналиева Сарвиноз, Шымкент қаласының тұрғынымын. Жасым 13-те. Менің туған қалам шырайлы, әрі көне. Оның жұпар иісті саябақтары, кең де түзу көшелері, көп қабатты үйлері адамды өзіне баурайды. Сондықтан да болар, ТМД елдері арасынан «мәдениетті қала» деген атқа ие болды. Өз қалам туралы үлкен мақтанышпен айта аламын. Оның әрбір тасы, суы, зәулім-зәулім биік ғимараттары мен үшін өте қымбат. Себебі, бұл менің туып-өсіп жатқан жерім, үйім, өлкем, Отаным. Алайда қаламның біраз экологиялық мәселелері де бар. Бұл мәселелер мен үшін өте маңызды. Ендеше сол мәселелерге тоқталатын болсам, бұл біріншіден ауаның ластануы.

Қала ішінде орналасқан түрлі зауыттардың мұржаларынан түтін шығады. Түтін ауаны ластайды. Лас ауадан біздің тынысымыз тарылады. Сондай-ақ, автокөліктерден шыққан жанармайдың иісі ауаны ластайды. Адамдарға мұндай ауа өз зиянын тигізеді. Егер біз, қала тұрғындары, көп ағаш егіп, гүлдер отырғызсақ, дем алатын ауамыз тазарады. Демек, бұл мәселені шешу әрбір адамның қолында. Мен де үйімдегі аулаға көшеттер, раушан гүлдер отырғызамын. Былтыр отырғызған жас шыбықтар әдемі ағаштарға айналып, бой көтеруде.

Қазір көктем мезгілі. Менің ең сүйікті мезгілім. Бұл мезгілде барлық жәндік, өсімдік атаулының бәрі оянып, бүршік жарып атады. Сол уақытта туған қаламның табиғаты ажарланып ерекшеленеді. Керемет бір ғажайып көріністі байқауға болады. Осындай әсем суретті қала адамдары тек тамсанып көріп жүре берсе, шіркін! Өкініштісі, оны бәрі түсіне бермейді.

Екінші экологиялық мәселе – қала тазалығы. Осы орайда өз мектебімнің тазалығы туралы айтқым келеді. Мектебімнің ауласы үлкен. Аула сыпырушы апай күнделікті өз міндетін мінсіз атқаруға тырысады. Ал, біз, оқушылар, мектеп айналасын таза ұстауға тырысамыз. Оның қаншалықты маңызды екенін 1-сынып оқушыларынан бастап ұққан. Қоқыс тастамаймыз, ағаш бұтақтарын сындырмаймыз. Былтыр сыныбымыздың ұлдары еңбек сабағында мектеп ауласына көшеттер отырғызды. Оларға су құйып, топырағын қопсытып күтті. Мұнда сыныптастарымның кішкентай болса да мектеп өміріне, қаламызға қосқан үлесі деп ойлаймын.

Біздің қаламыздың көшелері кең, жері тегіс. Айнала мұнтаздай таза. Өз жұмыстарымен кетіп бара жатқан адамдар. Санасы жоғары адамдар, әрине қоқыс тастамайды. Дегенмен бірең-сараң ерінеді. Ол адам айналаға, өзіне зиян шектіріп тұрғанын түсінсе ғой? Тастаған пісте қабығы немесе орамалары, тағы

басқа қоқыстары мәдениетсіздікке жатады деп ойлаймын, әрі денсаулығымызға зиян. Сондықтан да қаламызда жоғары дәрежелі мәдениетті адамдар санаты көбейсе екен деп тілеймін.

Үшінші экологиялық мәселе – су тазалығы. Қаламызда өзіндік тарихы бар қасиетті өзен бар. Ол өзеннің аты – Қошқар ата. Шымқаланың барлық түкпірін аралап ағатын жалғыз өзен. Ауаны дымқылдандырып тұратын қасиеті бар. Сол өзен туралы тамаша бір аңыз бар екен. Қошқар атаның шын аты Қылыш екен. Оның төртінші атасы Арқар. Оған, «Сен енді Арқардай бола алмассың, қошқардай бол!» - деп жанама ат қойған екен.

Осындай қасиетті жерді аялап, қорғаудың орнына кейбір адамдар жаман қоқыстарын өзенге тастап жатады. Бұл өкінішті жайт. Осылай, біз, адамдар киелі өзеннің қасиетін қашырып жүреміз.

Қошқар ата өзенінің жанында әжем тұрады. Бірде қонаққа үйіне бара жатқанымда, өзім қатарлы бірнеше мектеп оқушылары тамақ қалдықтарын тастап, киелі суды лайлап жатыр екен. Бұл балаларға бірдеме айтқым-ақ келді, бірақ тыңдайтын олар жоқ. Ішімнен қынжылып, ақымақ балалардың қылығына наразы болдым. Бұл оқушылардың өзенге деген қамқорлығы ма?

Жоқ адамдардың ақымақтығы мен сауатсыздығы ма? Тереңінен ойланатын мәселе. Үлкендер үлгі көрсетсе, кішілер соны қайталар.

Қорыта келгенде, қаламыздың табиғатын, яғни жерін, суын түрлі жаман заттардан қорғап, аялайық! Бәріміз бірігіп, достар, туған жерімізді көркейтуге ат салысайық! Экологиясын жақсартуға бар күшімізді салайық!



Даниярова Мерейлім
Шымкент қаласы,
№23 мектеп-лицейінің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Байтерекова Айгул Тулбасиевна**

Ұлы жеңіске – 77 жыл!

Соғыс. Бұл қасіретке толы сөз. Бір қарағанда, қарапайым және жәй ғана естілгенмен оның ішінде қаншама азап, мұң, зұлымдық, қайғы-қасірет, қиын кезеңдердің бәрі бар. “Ол кезді есіме алғанда, менің көзіме еріксіз жас келеді” деген қаншама аталарымыздың сөзін есітіп, есіп келеміз және олардың көзінен отанға деген ыстық махаббатын, айтқан әңгімелерінен жеңіске деген құлшыныш сезімдерін сезінеміз.

Соғыс кенеттен басталғанымен, бірінші күннен бастап-ақ қазақ халқы бірлікте, ынтымақта болды. Ұлы Отан соғысы қаншама жазықсыз адамдардың өмірін алып кетті, бостандық, бейбіт, бақытты өмір сүру үшін фашисттермен күрескен сарбаздардың өмірін қиды. Көп адамдар соғыс майданынан мүгедек болып оралды. Соғыс кеңес үкіметінің миллиондаған адамдарының өмірін қиды, көптеген балаларды жетім, әйелдер қауымын жесір қалдырды. Соғыс жылдарында адамдардың бір-біріне жанашырлықпен қарауы, қолдауы тіпті керемет. Сол бір сұрапыл соғыс жылдары халық өздерінің еліне деген сүйіспеншілігін, ерлігін көрсетті. Адамдар туған елін, жерін сақтап қалу үшін, жауды бірге жеңу үшін бірлікте, ынтымақта болды. Аштыққа, қиындыққа қарамастан адамдар бірге болған. Осындай қиын-қыстау кезеңде адамдар тек бірігіп ғана бұл қиындықтан аман-есен өтуге болатынын түсіну маңызды болды. Қиыншылық пен азапты бірге көрген адамдар бір-бірлерін оңай түсініп, көмектесе алды. Суыққа да, ыстыққа да, аштыққа да қарамай күндіз-түні өліммен арпалысқан әр жауынгерді «Халық Қаһарманы» деп атауға лайықты деп санаймын. Бірақ ең бастысы, жауынгерлер жаулардың қысымына төзімділікпен төтеп бергені. Бұл майданда тек қана ерлер ғана күреспеген, қазақтың жас, өрімдей қыздары да қаншама қиындыққа төтеп берген. Олардың қатарында қазақтың қыздары - Мәншүк Мәметова, Алия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова т.б. майдандастарымыз бар. Соғыс мықтыларды, ержүректерді алып кетті. Бір сөзбен айтқанда, соғыс ешкімді аямады, десек те, қанша қиыншылықтың артында қуанышты күндердің барын ойлау, үлкен қуаныш. Келер ұрпаққа Ұлы Отан соғысындағы батырларымыздың жеңісі туралы айту парыз. Оны жас ұрпақ білуі керек деп санаймын.

Қорытындылай келе, соғыс ол адам өміріндегі сынақ секілді, бірі мерт болады, бірі тірі қалады. Бірақ соған қарамастан адамдар жеңілмеді. Сондай-ақ, кейбірі жақын адамдарынан айырылғандардың ішінде үлкен мұң мен жара қалды. Халқымыз осының бәріне ерекше төзімділік көрсетіп, тағдыр талқысымен келгендерге қол ұшын берді, біз оларға мың алғыс айтуымыз қажет. Ер есімі - ел есінде мәңгі қалады. Қанша жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың есімі тарихта үлкен орын алады. Әрқайсымыз

қазір жарқын аспан астында бақытты ғұмыр кешіп, бостандықта өмір сүріп жатырқанымыз, осы соғысқа қатысқан ардагерлеріміздің арқасы деп білемін. Біздің болашағымыз үшін жан аямай, өмірін қиған, ардагер батырларымызды ұмытпаймыз және олардың ерліктерін өзімізден кейінгі жас ұрпаққа насихаттап жүреміз!



Зейлбек Балнур
Шымкент қаласы,
С.Ерубаев атындағы
№24 ІТ мектеп-лицейінің
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Баедилова Лаззат Серикжановна**

Көркем сөздің зергері

«Неге екенін қайдам, бар қызығымды дәптерден тапқым келеді. Оңаша іздейтінім – осы бір қағаз бен қалам. Сен қолыңдағы қаламмен жол салсаң, ол сөйлей бастайды. Тоқтасаң, тоқтайды. Көкейіндегі айтар ойыңды қайталайды» деп Әкім Ысқақ айтқандай, мен де бүгін ақ қағазға қара қалам алып, көркем сөздің зергері – Ғабит Мүсірепов туралы көкейімде жүрген ойларымды жазғым келіп отыр.

Ғабит Мүсіреповтің есімімен нәзік стилист, сөз сиқыршысы, қазіргі өмір барометрінің сәл қозғалысының өзін сергектікпен сезінгіш сезімтал суреткер туралы ұғымдарымыз тығыз байланысты. Мұның бәрі мағынасы үлкен бір ғана «зергер» деген сөзге сыйып кетеді. Алайда, бұл сөз де ғажайып жанның табиғатын толық түсіндіріп бере алмайды.

Ғабиттің таланты халық топырағында өніп, онымен тығыз байланыста болды, туған даласының арман-мүддесімен, қайғы-қасіретімен, үміт-сенімімен сусындады. Ізгі сезімдерді оятушы Талант пен Тұлға кейде, тіпті, тағдырдың жазмышынан жеріне жете алмай, жолы қиылып жатса да сан ұрпақтардың миы мен жүрегінде орнап қалған.

Ғабит бір сөзінде:

- Мен ұзақ өмір сүретіндердің санатынанмын. Лев Толстой, Бернард Шоу бәріміз әдебиеттің қара наны – қара сөзбен, одан да дәмдірек – драматургиямен қанаттанамыз. Мұнда ойыңа алғаныңды бір сағатта айтып тауысып тастай алмайсың, - деген еді. Бұл сөзімен ол поэзияның мықтылығына шәк келтірейін деген ойдан аулақ еді. Оның жан-дүниесінің өзі поэзияға толы. Ауыз әдебиетінің көусарлары батырлар жыры, қисса-дастандар оның шығармашылығын суарып, эстетикасы мен көркем ой-жүйесінің қалыптасуына көп әсер етті. Мұның жарқылдаған ұшқындарын біз Ғабиттің пьесаларынан, туындыларындағы шебер қолдан шыққан әйелдер образынан көреміз. Оның жұмбақ тартымдылығы да осыдан деп ойлаймын. Оның айтып, жазып кеткен ойларына қайта-қайта ден қойған сайын әсем жаңа бір әлемді ашқандай боламын. Оның ойларының астарлы мәні жаныңды байытып, қанаттандырады. Қозғалысқа, ізденіске шақырады.

Ғабит Мүсіреповтің өз қатарындағы үздік ерекшелігі жайында сөз болғанда, айрықша атап айтпасақ болмайтын бір қасиет-оның тіл байлығы, шеберлігі. Бұл жөнінде академик Мұхамеджан Қаратаев: «Ғабиттің жазушылық еңбегінің жөні мүлдем басқа. Оны оқушы жұртшылық бәрінен бұрын үлкен суреткер жазушы деп таниды. Көркем сөздің шебері, зергері деп біледі. Жазушының проза мен драматургия саласындағы сүбелі шығармаларын сүйіп оқиды, сүйсіне ләззат

алады» деген еді.

Мүсірепов меңгерген тақырыптар, қозғаған әлеуметтік мәселелер оның шығармаларында терең көркемдік шешімін тапқандығы ұлттық әдебиетімізде ғана емес, әлемдік әдебиеттің шеңберінде де жоғары бағаланды.

Керемет дарындылығының, ізденгіштігінің арқасында Ғабит қазақ әдебиетінің алдыңғы шебіндегі маңдайалды қаламгерлердің қатарына ерте қосылған. Көркем сөздің қадір-қасиетін білетін ортада оның әңгімелерімен, «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», «Ұлпан» секілді кесек туындыларымен «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Ақан сері – Ақтоқты» сияқты шығармаларымен таныс емес адам кемде-кем болар. Ғабит мүсіндеген әрбір кейіпкердің бейнесінен біз тұтас бір өмір шындығын көргендей күй кешеміз. Оның кейіпкерлері негізінен еңбек адамдары. Бұлармен қатар сұлу қыз, сері жігіт, адамға өмір берген ардақты ана бейнесі де Ғабит шығармаларының төрінен орын алған.

Жазушының өмір жолы, шығармалары жазылған мақалалар мен зерттеулерде оның өнерпаздық өнегесі, суреткерлік шеберлігі хақында аз айтылған жоқ. Алайда, біз бүгін Ғабит Мүсіреповтің туғанына 120 жыл толған мерекесі аталып өтіп жатқан тұста оның еңбегін, артына қалдырған бай мұрасын түгел танып-білдік дей аламыз ба? Тіпті, оның азаматтық тұлғасын, адамгершілік қасиеттерін анық ұғып түсіне алдық па?

Қорыта келгенде, өзімше түйіп айтатыным мыналар:

Бірінші: - Ғабит шығармалары біздің ұлттық ой-сезіміміздің дамуына, жетілуіне болысыпты. Қазақ екенімізді және қандай қазақ екенімізді жан-жақты таныппыз: қуатты, мақтаныш боларлық қасиеттерімізбен бірге, әлсіз, қасиетсіз жақтарымыз да аз емес екен. Ғабит бізді турашылдыққа, талғамшылдыққа, еркін қабылдауға тәрбиелесіпті. Міне, әрекет жағынан жүректілікке, ірілікке шақырыпты.

Екінші: - Туған әдебиетін жарты ғасыр бойы трибунадай пайдаланған бабамыз – туған жұртымен тілдесіп отыруын бір мезет те ұмытпапты. Оның көрікті сөзінде отты, серпінді романтика мен ғажап реализм үнемі астарласып отырыпты. Уақыт қандай жүйрік болғанымен біздің зергердің алдында дәрменсіз. Хас шебердің вахтасын кейінгі жас толқындар жалғастыруда. Ол – әрқашанда бізге Замандас. Ұстаз. Көркем сөздің зергері.

Қазақтың талантының тарихында, Бауырлар, бұл ерекше!




Әлімбай Жанасыл
Шымкент қаласы,
С.Ерубаев атындағы
№24 ІТ мектеп-лицейі



Жетекшісі: **Баедилова Лаззат Серикжановна**

Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы бойынша кроссворд



Сұрақтары:

- 1."Қараш-қараш оқиғасы"повесінің бас кейіпкері кім?
- 2."Көксерек" әңгімесіндегі Құрмашты үнемі келеке етіп жүретін бала?
- 3."Абай жолы" романында айтылғандай Абайдың бірінші жұбайы кім?
- 4.Мұхтар Әуезовтің шыққан руы?
- 5."Бүркітші"әңгімесіндегі Бекболдың жас жолдасы кім?
- 6."Бүркітші" әңгімесінде конезаводтың бригадирі?
- 7."Оқыған азамат"әңгімесінде қала ортасында базардан суға қарай баратын көше?
- 8."Оқыған азамат"әңгімесіндегі Мейірханның өлім ауызында жатқан жолдасы кім?
- 9."Сөніп-жану"әңгімесіндегі оқиға жылдың қай мезгілінде орнайды?

10. Мұхтар Әуезов кімнің көмегі арқылы арабша хат таниды?
11. Мұхтар қай медреседе оқиды?
12. "Жетім" әңгімесінде Қасымға қиянат жасаған оның ағайыны кім?
13. "Іздер" әңгімесінде көзін ылғи төмен салып, жүзі салбырап жүретін адам?
14. "Көксерек" қандай жанр?
15. Мұхтар Әуезовтың анасының есімі кім?
16. "Асауға тұсау" қандай туынды?
17. "Қараш-қараш оқиғасы" әңгімесіндегі байдың есімі?
18. Мұхтар Әуезовтың немере ағасы?
19. Жұмаш қай шығарманың кейіпкері?
20. Мұхтар Әуезовтың әкесі кім?



Мұсабаева Мерей
Шымкент қаласы,
С.Нұрмағамбетов атындағы
№72 жалпы орта білім беретін мектебінің
5«Г» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Курбанкулова Гульшат Нурматовна**

Әже жүзі

*Аппақ болған, мейірімді қара әжем,
Көрдім сенің көздеріңнен бір мұңды,
Самайыңнан ақ шашыңды көргенде,
Білдім сен де қиналғансың кей кейде.*

*Бұл жалғанда қиналмаған жан бар ма?!
Ауыр тұрмыс, жалған өмір қоя ма?
Бет жүзіңе әжім басып салыпты.
Бауырыңды езіп тұрып қинапты,*

*Қуаныштан бал-бұл жайнап жүзіңіз,
Қамқор әжем, күлімдесін көзіңіз!
Жүрекжарды өлеңімді қабыл ал,
Жүрегімнен шыққан сөзді қабыл ал!*

Асыл әже

Асыл әже – жүзі жарқын, қамқор, көңілі пәк, басынан ақ кимешегі түспейтін, мейірімді, жанашыр, асыл жан. Қазіргі таңда асыл жанды, ақкөңілді әжелер аздап кездеседі. Ақ кимешек киіп, ұршық иіру - әжелерге тән ерекше іс. Әжелер немерелері болсын, өз балалары болсын өте нәзік, өте жылы мейіріммен көзқарасын көрсетіп, балажандылығын білдіретін адамдардың бірі. Менің ойымша, әрбір әже иманды, салт-дәстүрден аттамайтын, нағыз ұрпақ қалдырғысы келеді. Ол үшін үйдегі жүрген кіп-кішкентай бүлдіршіндеріне адамдық жолдан таймауға, адамгершілікті ұстануға әрқашан бағыт-бағдар беріп отырады.



Мұратқызы Балауса

Шымкент қаласы,

№78 жоббм

8-сынып оқушысы



Жетекшісі: Серікбай Сындаргүл Уалиханқызы

Тәуелсіздік-асқақ армандар мен қайсар рухтың жемісі

*Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула, желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!*

М. Шаханов, «Желтоқсан тағылымы»

Тәуелсіздік. Ол – өз билігі өзінде, көк жүзінде еркін қанат қаққан құстай азат болуды аңсаған ата-баба арманы.

Жыл сайын Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында теледидардан берілетін 1986 жылдың желтоқсанында Алматы қаласында алаңға шыққан жастарға өрт сөндіретін машиналардан мұздай су шашып, таяқпен қудалаған, итке талатқан көріністерге шошына қараймын. Қазақстанды басқаруға бейтаныс адамның тағайындалғанына наразы болған, қазақ елін қазақ басқаруға тиіс екенін айтып, алаңға намыс пен рух жетелеп шыққан жастардың ортасында қанды оқиғаларға куә болған апаларымыздың бірі бүгін біздің ортамызда жүр. Ол - мен оқитын №78 жалпы орта білім беретін мектептің мұғалімі Қозыбақова Гүлмира Өмірбекқызы.

Гүлмира апай Алматы энергетика институтының студенті болатын. 3-курс оқып жүргенде 1986 жылдың 17 желтоқсаны күні құрбыларымен бірге алаңға шыққан. Жиналғандарды қудалау басталғанда, милиция қолына түсіп, оны сүйрелей жөнеліпті. Апыр-топырда басынан ауыр соққы тиеді. Есін жиғанда, емхананың қабылдау бөлмесінде жатыр екен. Айналасы толы жаралы адамдар. Ешкімге дәрігерлік көмек көрсетпеу туралы бұйрық берілгенін мейірбикелер жылап жүріп айтқан. Өзіне-өзі келген соң, ол жерден шығып кеткен. Көп ұзамай, оқудан шығарылғанын естіген .

Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың бірі Орынбасар Самалықов:

Желді тоқсан ...

Қан тоқсан ...

Қаралы күн,

Жұдырықтай жүректің жанары мұң.

Көкіректе сыздаған ізі қалды,

Кім қайтарар жандағы жара құнын?-

деп жазғандай, сол күндердегі қанды оқиғалар желтоқсаншылардың көңілінде әлі мұз боп қатып жатқан шығар деп ойлаймын. Олардың қаны алаңда босқа төгілген жоқ. Ұлт еңсесін көтерді. Олар тәуелсіздік күнін жақындатты. Желтоқсан көтерілісі Тәуелсіздік тарихында алтын әріптермен жазылды.

Жақында апаймен сөйлескенімде: «Міне, 35 жылдан асты. Жыл сайын Тәуелсіздік мерекесі жақындаған сайын көңілім қобалжып, сол күндердің

елесі мазалайды. Алайда бүгінгі тәуелсіз елімізді, бақытты балаларым мен немерелерімді көргенде, Аллаға сансыз шүкіршілік айтамын,»-деді.

Атамекенді қасық қандары қалғанша қорғап, оны бізге аманаттап кеткен, Тәуелсіздік жолында, болашақ ұрпақтың бақыты үшін күрескен ата-бабалар рухы мен аға-әпкелер алдында бас иемін.



Равшанбеков Мустафо
Шымкент қаласы,
А.С.Пушкин атындағы
№1 мектеп-гимназиясының
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Құдайберген Күлшар Үшкемпірқызы**

Туған жер табиғаты!

*Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған.*

/М.Мақатаев/

Сәлем, достар! Менің атым Мустафо. Ұлтым өзбек болғанымен, қазақша өз ойымды еркін жеткізе аламын. Өзбек тілі мен қазақ тілі түркі тілдес халықтары болып келгендіктен де шығар. Біз биыл жыл бойы қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сөз таптарын меңгеріп, морфологиялық, синтаксистік талдау жасап, қазақ халқының салт- дәстүрінің мән-мағынасын түсіндік. Сонымен қатар туған жеріміздің әсем табиғатына деген үлкен сүйіспеншілігіміз бен қызығушылығымыз арта түсті. Сабақта Қазақстан қорықтарына саяхат жасадық. Қазақ әдебиетінің негізін қалаған атақты ақын- жазушылардың шығармаларын оқыдық. Абай Құнанбайұлының табиғат тақырыбында жазған лирикалық «Жаз!», «Күз», «Қыс», «Жазғытұры» шығармаларын жатқа мәнерлеп оқыған сәтте көз алдыма әсем табиғат көрінісімен бірге сол замандағы ауыл адамдарының тұрмыс тіршілігін де анық байқадым. Табиғат – тіршілік көзі. Оның әрбір әсері адам өмірінде үлкен роль атқарады. Аяулы табиғатсыз осы ғаламда өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес еді. Әр жыл мезгілі әр қилы. Төрт жыл мезгілі бізге төрт түрлі ғажайып күйін сыйлайды. Таудан сарқырап аққан өзендер мен хош иісті қарағайлы ормандарды көрудің өзі кермет емес пе!? Бау-бақшада өскен жеміс- жидектердің иісі мұрын жарады. Жайқалып өскен түрлі гүлдер көзге өз кереметін сыйға тартады. Біздің қаламыздан шамамен 20-30 км жерде

«Ақсу-Жабағылы» қорығы бар. Қорықта жан-жануарлар, өсімдіктер мен аң құстардың сан-алуан түрлері мемлекеттік қорғауға алынған. Жыл сайын ерте көктемде, әлемдегі барша қызғалдақтардың арғы атасы болып келетін Грейг қызғалдағының ашылуын тамашалауға саяхатшылар келеді. Еліміздің жеті су өңірінде «Алтынемел» ұлттық саябағында жер бетінде өте сирек кездесетін «Өнші құм» ғажайып құбылысына барып, жел соққанда әдемі сыбызғы әуенін естуге болады. Ал сол жақын маңайда табиғат ананың керемет туындысы «Шарын» шатқалы мен теңіз деңгейінен 3000 метр биіктікте орналасқан «Көлсай» көлдері табиғи паркіне соқпай кете алмассың!

Табиғат жайлы өнегелі сөздер, мақал-мәтелдер мен өлең-жырлар да аз емес. Оның әсемдігін жырлаған, суреттеп жазған ақындар баршылық. Табиғат көркемдігін өз өлең-шумақтарында жырлаған ақындар қатарында Сұлтанмахмұт Торайғыров «Шілде», Қасым Аманжолов «Дауыл», Ыбырай Алтынсарин «Өзен» сияқты ақындарды атауға болады.

*Таулардан өзен ағар сарқырағын,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.
Көңілдің суын ішсең ашылады,
Денеңде бар дертіңді қашырады.*

Ыбырай Алтынсарин атамыз әсем табиғатты жырлады. Табиғат көркемдігін ақ қағаз бетіне түсірген ақындарымыз оның құдіретін білген. Сол өлең жолдары бізге жеткен. Біздің әрбір қадамымыз, әрбір істеген ісіміз табиғатқа байланысты болғандықтан, оның біздің өмірімізде ерекше орын алатыны сөзсіз. Бірақ, адамзаттың кейбір істері табиғатқа кері әсер етуде. Оның кері әсері біздің денсаулығымызға да зиян келтіруде.

Табиғатты қорғау-табиғатты аялау әр адамның міндеті. Үлкен-кіші әрдайым оны таза ұстап, құрмет тұту қажет. Табиғаттың адамзатқа қаншалықты қажет екені баршамызға мәлім.



Уалихан Елдана Оразханқызы
Шымкент қаласы,
«Ш.Уәлиханов атындағы №18 жалпы
орта білім беретін мектебі» КММ-нің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: Каюпова Роза Оразгельдиевна

Қазақстанның жеті кереметі

Елімізде әлемнің жеті кереметіне тең келерлік ғажайыптар жеткілікті. Барлығына белгілі, бұл дүниеде жеті керемет бар және өз еліміздің жеті кереметі бар. Еліміздің жеті кереметі ғажайып адам секілді. Әрбір адамның өзіндік ерекшелігі бар, табиғатта да солай.

Олардың бірі – киіз үй. Киіз үй – ұлттық ою өрнектермен безендіріліп, қай ұлтқа тән екенін білдіріп тұрады. Киіз үй тұрмыста екі мыңжылдан бері өзгеріссіз қолданылып келеді. Ол ағаш өңдеу, тері илеу, жүн тоқу деген ұлттық өнерлеріміздің қосындысынан тұратын қол-өнер туындыларының көркем обсерваториясы секілді қалыптасқан. Киіз үйдің ерекшелігі: көктем, қыс, күз мезгілдерінде қоныстан қонысқа көшуге қолайлы, жазда салқын, қыста жылы болып келеді. Әрі жер сілкінісіне де ыңғайлы, жарты сағат ішінде орнатып алуға болады.

Келесі бізде Таңбалы тас суреттері. “Таңбалы тас” бірнеше жылғадан, өзекектерден тұрады. Жан-жағында сайлар, күнге әбден күйген жалпақ гранит тас бар. Тастың беті толған сурет. Таутеке, бұғы, киік, шошқа, жылқы, бұқалардың кескіндері сол тасқа қашалып салынған.

Бурабай – тауы мен тасы да, көлі, жазық даласы да аңызға толы ұлттық парк. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл өлке осыдан миллиондаған жылдар бұрын мұздықтардың еруінен пайда болған екен. Ал біздің қазақ ата-бабаларымыз болса, бұл жердің жаратылысы жайлы өзіндік аңыздарын қалдырған. Сонымен қатар онда орналасқан жұмбақтас – Әулікөлдің сол жағында, Көкше мен Теміртау тауларының айырығында орналасқан жартас.

Егер Жұмбақтасқа көгілдір шығанақтан қараса, қыздың бейнесі байқалады, ал қарама-қарсы жағынан қараса мыстан кемпірдің бейнесін көруге болады.

Шарын шатқалы – қазақ елінің туристерін құшақ жая қарсы алатын қонақжай мекендерінің бірі. Егер сіз экстрим іздеп жүрген болсаңыз, тап осында өзіңіздің қаншалықты төзімді немесе ұтқыр екеніңізді анықтап біле аласыз. Алайда, ескере кетейік, бұл кез келгеннің, тіпті мыңның бірінің қолынан келе бермейтін іс.

Алатау – негізінен, Алматы облысының, яғни Жетісудың жерінде. Бұлар биік, шыңды-құзды, жоғарғы жағы қалың мұздықтар мен қарлы шыңдар болып келеді. Көпжылдық қарлардан таулар үнемі алақанаттанып жатады. Соған байланысты, яғни тау көрінісіне қарай – Алатау аталған. Тау етектері өте керемет көрініске ие. Орман, ағаш, көл тап бір картинадан шыққандай әсер береді. Ол жер таулы мекен болғандықтан суы да, ауасы да таза, адамға жан рахатын сыйлайды. Сонымен қатар бұл өңірлерде пайдалы қазбалар өте көп. Ал суы шипалы екен.

Маңғыстау жерасты мешіті – Аңыз бойынша Ақтау қаласынан 200 шақырымнан астам жерде Сенек кенті аумағында орналасқан бұл мешіт Қожа Ахмет Иасауи әулиенің шәкірті сопы Шопан-ата салған.

Аңызда Шопан-ата мұнда төлімгерлерінің асатаяғын тауып алып, сол жерде он бір жер асты камералардан тұратын мешіт тұрғызу шешіміне келді. Каспий теңізінің Маңғыстау шығанағына жақын орналасқан тау жыныстарында қашалған Шақпақ ата жерасты мешітінің кешені құрылысы бойынша қызықты және күрделі болып келеді. Бұл жерде Хоремнен Хазарияға, Балгарияға апаратын сауда жолындағы айлақ болған. Мешітке кіретін басты есік жел мен теңіздің қызықты қылып өңдеген тік жартас жақтан келеді.

Ахмет Яссауи ескерткіші – Орта Азия мен Қазақстандағы біздің занамызыға дейін сақталған ең зәулім күмбезді, қыштан соғылған ғимарат. Ахмет Яссауи ғимаратының құрылымындағы тағы бір ерекшелік: Қазандықты қоршаған блоктар-залдар мен бөлмелер күмбезді мызғытпай ұстап тұратын тіреу іспетті. Қабырғаның қалыңдығын белгілегенде де үйдің берік тұруы көзделген. Ол XII ғасырда өмір сүрген бүкіл Шығысқа аты әйгілі көне түркі ақыны, софизмді уағыздаушы Ахмет Яссауидің бейітінің басына орнатылған.

Қорытындылай келсек, бұл ғажайыптар адамдарға олардың мұрасы мен мәдениетін көрсету үшін де қажет екенін түсінуге болады. Ақырында, олардың қазіргі әлемдегі маңызы мен маңыздылығын білу біз үшін елеулі.



Иристаева Малика Ибрахимжановна
Шымкент қаласы,
«Ш.Уәлиханов атындағы жалпы
орта білім беретін мектебі» КММ-нің
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Каюпова Роза Оразгельдиевна**

Наурыз-түркі халықтарының дәстүрлі мейрамы **Эссе**

Наурыз мейрамы түркі халықтарының дәстүрлі мейрам болып саналады. Шығыс халықтарының түсінуінше, Наурыз – үндестік мейрамы. Наурызда Табиғат-ананың бауырындағы бүкіл тіршілік оянады: жылылық келеді, арықтардын су ағады, жер бетіне көк шығады, құстар ұшып келеді, мал төлдейді. Сөйтіп, жаңа күн басталады.

Қазақтар Наурызды «Ұлыстың ұлы күні» деп те атайды. Бұл мерекені бүкіл халық, ұлыс болып бірге тойлайды. Қазақ халқында бұл мейрамды тойлаудың ежелден қалыптасқан дәстүр бар. Табиғат мейрамында адамдар ерте оянып, жаңа күнді жақсы көңіл-күймен қарсы алады. Бірін-бірі құттықтап, жақсы тілек айтады. Ренжіскен адамдар бір-бірінен кешірім сұрайды.

Біз білгендей Наурыз мейрамы тек қана Қазақстан елінде тойланбайды. Наурыз мейрамы Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия, Иран, Әзірбайжан және тағы басқа елдерде тойланады. Әрбір ел, мейрамды басқаша тойлайды. Бірақ басқа елдің тойлау бір-біріне ұқсап кетеді. Наурыз мейрамы жақындағанда барша адамдар үйлерін тазалайды, жаңа киім-кешек алады. Иран жерінде Наурыз 13 күн тойланады. Дастарқанға парсы әліпбиіндегі син әріпінен басталатын жеті түрлі тағам қояды. Әзірбайжанда Наурыз бес күн тойланады. Наурызға дейінгі төрт сейсенбі өтіледі. Соңғы сейсенбіде балалар көршілерінің есігін қағып, баскиімін тастап кетеді. Үй иесі баскиімді танып, сол үйге арнайы сыйлықтар алып барады. Тәжіктер Наурызда «бадж» деп аталатын тағам пісіргеді. Олар мейрамда арқан тартпақ, қораз төбелестіру, көкпар сияқты ұлттық ойындарды ойнайды. Түркияда халық мейрамды ерте тойлайды. Тұрғындар қыстың аяқталғанын білдіру үшін тұрғындар далада от жағады. Қазақстан мен Өзбекстан елдерінде тойлау бір-біріне ұқсап кетеді. Олар бауырсақ пісіріп, көже дайындап ойын күлкімен тойлайды.

Әрбір ел ерекше Наурызды тойлайды. Бұл мейрамның аты «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Наурыз — кей білгіштердің жаңалық ашып, онысымен жұртты адастырып жүргеніндей, діни мереке емес. Бұл баяғы заманнан қалыптасқан бүкілхалықтық Жаңа жыл. Ол күні күн мен түн теңеледі. Бұл мереке өте эстетикалық және де атмосфералық болып көрінеді. Маған бұл мейрам өте ұнайды. Себебі бұл күні мен жаңа өмір бастағандай сезінемін.



Сатыбалды Гүлбаршын Абайқызы
Шымкент қаласы,
№83 жалпы орта білім беретін мектебінің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: Гафарова Раушания Маратовна

Тәуелсіздік – ел тірегі

*Қазақстан – туған жерім тұғырым,
Отан-Ана, сүйем сені, ұлығым.
Тұрған кезде Тәңір қолдап өзіңді,
Мәңгі болар, елім сенің ғұмырың.*

*Елінде қыл тағдыры қиындаған,
Көз жасы көлдей болған, тыйылмаған.
Желтоқсанның азабы қандай ащы,
Бағына әділеттік бұйырмаған.*

*Арман қылған әр сәтін азаттықтың,
Бодан емес, Тәуелсіз қазақ бүгін!
Бостандықты аңсаған, бабаларым,
Он алтыншы желтоқсан ғажап күнім.*

*Ұран сап қазағыма ыстық леппен,
Қарайлап болшаққа зор үмітпен,
Тәуелсіздік жемісі, батырлардың,
Желтоқсанда елі үшін тізе бүккен.*

*Бейбіт күнді аңсаумен қайран бабам,
Батырлар көп, қан төгіп ел қорғаған.
Намысын ешқашанда бермей жауға,
Арпалысып майданда жер қорғаған.*

*Халықпыз кең даланы мекен еткен,
Жер үшін ата-бабам қанын төккен.
Тәуелсіздік, туымды көрем бе деп,
Ежелден-ақ қайран бабам арман еткен.*

*Жас ұрпақпыз сол туға қолы жеткен,
Бақ деп білгін басыңа қонып келген,
Биік ұста, сол туды, ей қазағым,
Дұшпаның көп бұл күнде аңдып жүрген.*

*Бостандықта еркін әлем, еркін ел,
Қазақстан Тәуелсіз Ел, көркем ең.
Намысыңды таптатпаспын өзгеге,
Өзің үшін отқа түсіп, өртенем.*

*Қазағым қыран құстай самғап ұшқан,
Мойымай шыға білген дағдарыстан.
Мәңгілік ел, Ұлы дала мәртебесі,
Көркейіп, өркендей бер Қазақстан!*

Тіл - тірек

*Көгімнен шуақтанып күнім шыққан,
Жаралған тілім менің сұлулықтан.
Бар менің бір жүрегім, бір-ақ тілім,
Жасалған құдіреттен, ұлылықтан*

*Қобызым, қоңыр үн мен ол бір өлең,
Домбыра дауысы бар, күмбірлеген,
Ит, құс пен аңның мынау байқасаңыз,
Бөрінің де өз тілі бар, кімді көрсең.*

*Менің тілім, Абай, Мағжан сөйлеген тіл,
Оларды оқып, қазақтың қадірін біл!
Тілдің парқын білмеген бұл надандар,
Алаңсыз, күліп-ойнап көлденең жүр.*

*Тіл жоқ болса, қазақтың тірі өлгені,
Жол таппай тығырыққа тірелгені,
Қазақтың қаны да бір, жаны да бір,
Тірегі мен тілегі бір жүректегі.*

Ақын болам...

*Қаламымның ұшы жоқтай дел-сал боп,
Қиналады өлең ойдан шығарда.
Әуреленіп қиналамын дел-дал боп,
Адамда жоқ, өлеңімді ұғарға.*

*Шықпаса егер жүрегімнен өлеңім,
Ғәріп басым бұл сұмдыққа шыдар ма?
Біле алмаса өнерінің өлшемін,
Көңіліме мұндай қайғы ұнар ма?*

*Шығарамын өлеңімді ретінсіз,
Сынақ таппай өз өзімді сынарға,
Болмас өмір, қатал тауқыметінсіз,
Амал таппас өр көңілім жыларға.*

*Көтеріліп белестердің шыңына,
Таппас амал жар басынан құлауға.
Қыстау сәтте елегізіп Тәңірден,
Хәл болмастай керегіңді сұрауға.*

*Тәңір берген дарынымды өзі алса,
Аяғы жоқ адамменен тең болар.
Арындаған, жалындаған ақындық,
Әркездеде жүрегіме ем болар.*

*Ой айтатын өлеңіммен жан болам,
Болар адам, мейлін болмас қолдаған.
Қаласа Алла ешкімнен де жеңілмес,
Ақын болам, бұрын-соңды болмаған!*



Полатхан Амина
Шымкент қаласы,
№86 жалпы орта білім
беретін мектебінің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Құлыншақова Гүлмира Оңалбекқызы**

Бақыт іздеген бала

Қыс бітіп, көктем шыққан күндер еді. Сонау бір ауылда екі ажырамас дос тұрады. Есімдері Серік пен Берік. Екеуі де байдың балалары. Кішкентайынан қиыншылық көрмей өскен екі достың мінезі де екі түрлі еді. Серік – өзімшіл, өркөкірек, қызғаншақ адам болатын. Ал Берік – жанашыр, әрқашан қол ұшын созуға дайын азамат болды. Беріктің Серіктен бір айырмашылығы ол үнемі терең ойға шомып, ешкім жауабын таппаған сұрақтардың жауабын табуға тырысатын.

Бір күні ауыл ақсақалы жас жігіттерге тапсырма беремін, ойлары қалай болады екен деген оймен Берік пен Серікті шақыртып алады. Екеуі жиналған соң ақсақал сөзін бастап:

- Қош келдіңдер, шырақтарым. Бүгінгі мен сендерді шақырған себебім, жайдан-жай емес, сендердің ойларыңды білгім келеді,- депті.

- Айтыңыз, ақсақал, тыңдап тұрмыз, - деп екеуі ақсақалдың айтар сөзін асыға күтіп отыр. Сонда ақсақал:

- Бақыт деген сөзді қалай түсінесіңдер?- деген сұрақ қойды. Серік ойланбастан:

- Ақсақал, біз бақытты балалар емеспіз бе? Ішер асымыз, мінер тұлпарымыз бәрі дайын тұр ғой. Бақыттың бәрі осында емес пе? – деп жауап берді. Ақсақал сонда:

- Ей, қарағым, бақыт сен ойлағандай зат емес. Екінің бірі зат бола бермейді. Жүрегіңде шынайы бақытты болуға деген талпыныс болмаса сен ешқашан бақытты бола алмайсың. Бүгінгі сендерге айтарым бақыт іздеңдер. Үш жылдан соң кімнің шынайы бақытты болғанын, кімнің бақытын жоғалтқанын көре жатармыз, - дейді. Берік ақсақалдың сөздеріне ұзақ уақыт ойланып жүрді.

Әне-міне дегенше үш жыл да өте шықты. Бұл уақыт арасында Серік өзіне жайлы баспанасы, керемет кәсібі, бес үйір жылқысы бар асып-тасып жатқан бай болды. Ал Берік үш жылын ата-анасымен, сүйген жарымен, бала-шағасымен, достарымен өткізді. Серіктің ойынша Берік бақытты бола алмады. Ол бақытты байлық деп санады. Алайда қашан көрсе де Беріктің жүзіндегі күлкісін, шаттанып жүргенін байқады.

Үш жыл өткен соң ақсақал шақырып алды.

- Қанекей, осы үш жылда немен айналыстыңдар? Бақыттарыңда таптыңдар ма?- деп сұрады ақсақал. Сонда Серік:

- Осы үш жылда кәсіп бастап, оны дамыттым, жайлы баспана алдым.

Мал-жайым – бәрі бар, мен нағыз бақытты адам шығармын, - деп жауап берді. Ақсақал оған:

- Қарағым-ау, сен менің сөздерімді әлі түсінбепсің-деді күрсініп.
- Ал, сен ше, Берік, осы күнге дейін не тындырдың?- деп Беріктен сұрады.

Берік ақсақалға:

- Ассалаумағалейкум, ақсақал, амансыз ба? Мен Серік секілді кәсіп бастап, бай болмадым. Осы жылдары ең алдымен ата-анаммен өткіздім. Мені осы дүниеге әкеліп, мәпелеп өсірген осы ата-анам. Олар болмаса мен қазір дәл алдыңызда тұрмас едім. олардың бақытын көру, ризығын алу менің де бақытым. Екіншіден, үйлендім. Бала-шағалы болдым. Сүйген жан-жарым мен бала-шағам бар. Олардың көзіндегі қуаныш менің де қуанышым. Үшіншіден, ақша жинап, кедей, жетім адамдарға көмектестім, азық-түлікпен қамтамасыз еттім. Әкесіз, шешесіз өсіп жатқан балалардың көз жасын көргім келмейді. Оларға азық-түлік, киім-кешек, ойыншықтар апарып бердім. Сол кездегі олардың қуанғанын көрсеңіздер ғой. Неткен керемет сезім еді. Төртіншіден, жаңа достар, жолдастар таптым. «Ағаш тамырымен, адам досымен мықты» деген мақал бар ғой. Оларға қиын сәтте көмектестім, олар да менің басымен қиындық туғанда әрқашан жанымнан табылды. Осы үш жыл бойы үзбеген әдетім болған Аллаға сыйындым, намаз оқыдым, құран оқыдым. Алла тағала менің күнеларымды кешірсін, отбасымды бәле-жаладан қорғасын, үйіміздегі бақыт-берекемізді қашырмасын деп сыйындым. Осы істерімнен кейін олардың қуанышын көріп, үстімнен ауыр жүк түскендей болды. Шынайы күліп, олармен бірге шаттанып, қуандым. Нағыз бақыт осы емес пе? – деді Берік. Ақсақал оның сөзіне риза болып:

- Бәрекелді, Берік, сен менің үмітімді ақтадың. Бақыт сөзін дұрыс түсініпсің, жарайсың! – деп Берікке риза болып, батасын берді.

Шынайы бақытты қанша іздесең де таппайсың. Бақытты боламын деп оған қадам жасай білсең, міндетті түрде бақытты бола аласың. Айналаңа жақсылық жаса, қуаныш сыйла, үлкендердің разылығын ал, өзің өмір сүрген ортаңнан бақыт жасап ал. Бақытты ұзақ уақыт жолға шығып іздеудің немесе бақытты боламын деп дүние-мүлік жинаудың қажеті жоқ. Себебі, бақыт – үйде, ата-анаңның, отбасыңның, достарыңның қасында.



Алиева Мадина
Шымкент қаласы,
№130 жалпы орта
білім беретін мектеп
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Абдуназарова Перизат**

Ж.Сахиевтің «Айдағы жасырынбақ» және «Дабыл» фантастикалық әңгімелерінің тарихи және көркемдік құндылықтары

Жүніс Сахиев (1950 ж. 1 наурыз) – қазақ жазушы, аудармашы, редактор. Аты аңызға айналған қазақтың-фантаст жазушысы. Жазушының көптеген ғылыми-фантастикалық шығармалары бар және біз оның «Айдағы жасырынбақ» және «Дабыл» әңгімелерімен таныспыз. Маған бұл шығармалар қатты ұнады. Себебі, бұл шығармаларда қазіргі кездегі өзекті мәселелер қозғалады. Яғни, автор бұл шығармаларды балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында фантастикалық жанрда жазған және оларды жақсы жаққа тәрбиелейді.

Менің ойымша, бұл шығармалар көптеген оқырмандардың көңілінен шығады. Себебі «Айдағы жасырынбақ» шығармасының тарихи мен рухани құндылықтары жетерлік. Себебі, бұл шығармада айдың тарихы, қалай пайда болғаны және ертеде Айда тіршілік болғаны жайлы оқырмандарға қызықты әрі түсінікті етіп жеткізілген. Және егер адамдар қоршаған ортаны қорғамаса, аяламаса, ластаса, Жердің Айдағыдай жағдайға жететіндігін айтады.

Шығарманың соңында автор Ж.Сахиев шығармадағы кейіпкер арқылы «Табиғаттың болашақ тазалығы сендердің қолдарыңда, мұны достарыңа да айта жүріңдер» деген сөздері арқылы оқырмандарды табиғатты қорғауға шақырады. Автор бұл шығарманы ғылыми-фантастикалық жанрда жазып, өзінің оқырмандарын бір жағынан фантастикалық түрде қызыққа бөлеп, бір жағынан тәрбиеге бағыттап, ғылымға деген қызығушылығын оята алды. Сол үшін, мен осы шығарманы оқуға кеңес беремін және оқыған адам өкінбейді деп сенемін.

Ал «Дабыл» әңгімесіне келер болсақ, бұл әңгіменің де тарихи және рухани құндылықтары өте көп. Бұл шығарма да менің көңілімнен шықты. Себебі, өз тарихымыз жайлы, төлтаңбалар жайлы, тіліміз жайлы жазылған фантастикалық, шытырманға толы әңгімені оқу, біздің қызығушылығымызды арттырады, зейінімізді ашады және рухани байытады деп ойлаймын.

Бұл шығармада қазақ тілінің және қазақтардың тарихы туралы толық және оқырманға түсінікті ақпарат берілген. Яғни, ежелгі адамдардың тастардағы қалдырып кеткен белгілері мен жазулары жайлы және туған жердің адамзат үшін қандай маңызды болғаны туралы айтады. Менің ойымша, бұл шығарманы оқырмандардың көбісі ұнатады. Өйткені, бұл шығармада «Ғажайып тас» туралы айтылады. Қазіргі кезбен байланыстырар болсақ, біз өмірде білетін көне түркі тастары бар. Олар: Орхон-Енесей жазба ескерткіштері, Тоныкөк, Күлтегін жазба ескерткіштері және т.б.

Шығармада Ж.Сахиев шығарма кейіпкері арқылы «Тарихымызды білмесек,

кім екенімізді қайдан ұғамыз?» деген сөздері арқылы оқырмандарды өз тарихын білуге, оқуға тәрбиелейді. Ж.Сахиев бізге бұл шығармасымен көне заманнан жеткен рухани жәдігерлер туралы білімімізді арттырғысы келді. Сондықтан, мен бұл шығарманы тарихи мен рухани құндылықтарға мол деп айта аламын. Себебі, көне түркі таңбалары мен белгілері жалпы мәдени мұраның ажырамас бөлігі емес пе?!



Амантай Мерей
Шымкент қаласы,
«Х.Досмұхамедов атындағы №4 жалпы
білім беретін орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
8 сынып оқушысы



Жетекшісі: **Маметханова Махаббат Токтаровна**

Батыр халық

Қазақ өз тарихында «нені көрмеді?» - десеңізші. Қазақ хандығының құрылуынан бастап қарастырсақ, жұртымыз жоңғар-қалмақтан да, Ресейдің тарапынан келген ұжымдастыру, күштеп отырықшыландыру саясатынан да, сол уақыт аралығында орын алған көптеген көтерілістерден де, 1930 жылдардағы жаппай ашаршылықтан да, 1920-30 жылдардағы саяси репрессиядан да, ұлт зиялыларымыздың қуғын-сүргінге ұшырауынан да, I-II дүниежүзілік соғыстардан да, ол оқиғалардан бері қарай жылжысақ 1986 жылы желтоқсан айында орын алған қантөгістен де аман қалып бүгінгі күнге дейін жетіп отырған «батыр халық» болып табылады. Жоғарыдағы оқиғалар қазақ тарихының қысқаша мазмұны болып келеді. Қазақ тарихы үшін ХХ-ғасырдың бірінші жартылығы ең қиын қыстау жылдар аралығы. Әсіресе, елі үшін деп тулап тұрған қазақ ұлт зиялыларының жартысынан көбіне «халық жауы» атағы жамылдырылып, олардың елі үшін еткен еңбектерінің барлығы зая кетіп, шығармаларының біразы жойылып, ал өздері болса 1930 жылдарда болған репрессияға ұшырап, қуғын-сүргін құрбандарына айналды. Зерттеулер бойынша 1931 жылдан бастап 1954 жылдың 1 ақпанына дейінгі кезеңде КСРО-да 3 млн 377 мың адамды соттап, оның 643 мыңына ату үкімі орындалған. 2 млн 369 мыңын 25 жылға дейінгі мерзімге түрмелерге қамап, миллиондаған адамдарды лагерьге айдаған. Осылайша, Кеңестік билікті қолдаған зиялылар 1930 жылдары қуғын-сүргінге ұшырады. Өз елі үшін еренбей еңбек еткен патриоттарымыз әрқашан тарих беттерінде қала бермек. Осы жайттардың орын алғанына 100 жыл толмаса да, өскелең ұрпақ осы оқиғаларды көбіне біле бермейді. «Тарихын білмеген ел - жетім» дейді, өз тарихымызды біліп жүрейік. М.Жұмабаев қазақтың болашағы жастарға арнап арнайы «Мен жастарға сенемін» атты өлеңін арнап шығарған болатын. Өлеңнен үзінді:

*Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!
Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат ұмтылған.*

*Көздегені көк аспан.
Мен жастарға сенемін!
Жұмсақ мінез жібектер.
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!*

Қазіргі бейбіт заманымыз, тәуелсіздігіміз осы тұлғаларымыздың арқасында және олардың арманы қазақ елін көркейту, жаңғырту болатын, ата-бабаларымыздың үмітін ақтау өз қолымызда!



Кенжебай Нұрсұлу
Шымкент қаласы,
М.Х.Дулати атындағы
№8 мектеп-гимназиясының
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: Алшынбаева Кунсулу Тасполатовна

Әлем тыныштығы – ел тыныштығы, отбасы тыныштығы

(Өз басымнан өткен оқиға желісінен алынды)

Отбасы, ата-ана, бауыр, туған-туысқан, деннің саулығы, амандық, ашық аспан, әлем тыныштығы – міне, осылар менің түсінігімдегі бақыттың бастауы. Себебі әлемде тыныштық болмаса, сенің жанұяңдағы ата-анаңның бірі немесе бауырыңның бірі ауыр халде, қиын жағдайда болса, сен толыққанды бақытты бола алмайсың, уайым-қайғыға салынасың. Ал бақыт пен уайым-қайғы – екі бөлек дүние. Олай деуімнің үлкен бір себебі бар десем болады.

Арыс қаласы. Таңғы сағат тоғыз еді. Ашық аспанға қарасаң, ешнәрсе де болмайтындай тып-тыныш болатын. Әдеттегідей, таңғы астан соң теледидар немесе ноутбуктен ғаламтордың мультфильмін қарауға кіріскен едік. Себебі, жазғы демалысқа нағашы әжемнің үйіне он күнге келіп, оныншы күні қонақта едік. Анам ең кіші інім Абдуллахты ұйықтатуға кіріскен. Ал Жалғас пен Абдурахман інілерім аулада ойнап жүрген болатын. Сағат тілі 9:20-ны көрсеткенде, бір толқынды сезінгендей болдық. Бірер секунд өте салысымен, терезе сыртынан отқа оранған саңырауқұлақ тәріздес жарылысты көрдік. Үлкендігі мен қуаты соншалық – бізді лезде жұтып алардай, қашып құтыла алмайтындай дірілдеп, айқайлап жібердім. Жер сілкініп, дүмпулерден үй ішіндегі шамдар, терезе алдындағы ұсақ-түйек заттар, ас бөлмедегі ыдыстар еденге құлап жатты. Бөлме толқып, біз бір бұрышқа қарай екпінмен құладық. Ойымда бір-ақ нәрсе, ол – інілерім, анамнан, үлкендерден қалмай тезірек қашу, аман қалу. Бір минутқа жетпей сыртта болдық, бірақ сол қысқа уақыт ішінде де талай нәрсені сезініп үлгереді екенсің. Ақша, құжат, тіпті су алып шығуға уақыт болмады. Бір мезгілде барлық ұялы телефондар істемей қалды. Аспаннан жаңбыр секілді жауған снарядтар дәл менің және менің інілерімнің төбесінен зымырап өтіп жатты. Бүкіл халық қашты, тіпті бір-біріне қарайтын түрі жоқ. Жылап-сықтап алға тұра ұмтылған ересек адамдар, кемпір-шал, бала-шаға, тіпті үй жануарлары. Марқұм атаммен бірге оқыған курстасы, дос-бауыр болып кеткен көрші атам да көлігімен жанымыздан қарап өтті, бірақ тоқтамады. Негізі, онда бір бос орын болғандай көрінді. Мейлі, сөмкесі болған шығар сол орында, бірақ мен сол жерге анамның қолындағы бір жасар інімді отырғызар едім деп ойладым. Ол өте кішкентай қорғансыз нәресте ғой, жүгіре де алмайды, не болып жатқанын да түсінбейді, тек екі көзі алақандай болып, анама жабыса құшақтап алған. Ең әлсізі – сол. Атаға ренжімеймін, оны да түсінуге тырыстым. Адамға қателік жасау тән емес пе?...Осы сәттегі менің бар арманым – бәріміз аман қалсақ, снарядтар үстімізден түспесе екен дедім.

Көшедегі ағылған жұрттың соңынан ере бердік, аспан қара түтін, бомбалар

тоқтайтын түрі жоқ. Әрбір жарылыс соңғысы және сонымен ішкі құрылыстарым жарылып кететін секілді жүгірдім. Таныс адамдар да бір-біріне қарауға шамасы келмей, алға қарай ұмтылуда. Кей адамдар сүрініп құлап, тұруға шамалары келмей жатыр. Ал олардың тұруына көмектесіп жатқан бір жан жоқ, әрқайсысы өз басымен әлек. «Су қоймасынан су жіберсе, мына үйлерді су басып қалады, тезірек жүгірейік, әйтпесе құримыз» дегенді естіп қалып жаттым. Тағы да уайымдадым, себебі арамызда анам ғана жүзе алады. Біздің барлығымызды қалай құтқармақ деп ойладым. «Су жібермесе, ең үлкен бомба Ташкент облысына дейін жарып жіберуге күші жетеді» деп үлкендер асығыста айтып келе жатты. Сонда осы біздің отбасымыздың соңғы сәттері ме деп ойладым.

Жарылыстардан құлақ керең болды, терезелер сатыр-сұтыр қирап жатты, тіпті кейбір үйлер құлап жатты. Сол сәттерде інім «Немістер мен қазақтар тағы да соғысып жатыр ма? Тағы да немістер бастап жатыр ма? Енді не болады?» деп, анамды мазалап жатты. Анашым оларға: «Жүгір, көп сөйлемей жүгіріңдер, сұрай берме, бір-біріңді мықтап ұстап алыңдар, ал су басып қалса, мынандай ағаштардан ұстап алыңдар!» деп ақылын айтып жатты. Бір-екі минут кеш айтқанында біз бір-бірімізден адасып, қиналар едік. Қолдарымызды ұстағанымыз сол еді, анамыздан көз жазып қалдық. Артымызға қарай алмадық, жанымызды сақтап жүгіре бердік, жеңгемнен де, әжемнен де адастық. Бағыт көрсетер бірде-бір ересек адам жоқ, ең үлкені – мен. Інілеріме мен жауаптымын деп ойладым. Жалғас пен Абдурахман екеуі екі қолымнан ұстап, жылап келеді. Ал менің бар ойым – екеуін оттан тезірек аман алып шығу. Бір түйір де жылай алмадым. Адам қатты қорыққанда, көзге жас та келмейді екен. Бір жағынан, мен жыласам, інілерім не болады деп ойладым. Әкесі де, шешесі де дәл сол сәтте мен болғандықтан, әлсіздікке жол жоқ еді. Шаршадық, тіпті аяқтарымыз істемей қалды. Өкпеміз өшіп, ерніміз су ішпегендіктен, кезеріп кетті. Ал бізге қашу керек, тек қашу... Аман қалу үшін шаршағаныңды да сезбей қалады екенсің. Жүгіріп келе жатқанымызға екі сағат болды. Алты жасар Абдурахман інім қайта-қайта бір затты мұрынына апарып иіскейді. Ол не деп үңілсем, жеңгеммен бірге жоғалған бір жасар інімнің «тәпішкесі» екен. Үйден шыққалы әлі қолында ұстап келеді екен. Жалғас інім: «Абдуллах інім бір жасар ғой, қайда екен, өліп қалмады ма?» деп жылап келе жатқанда, Абдурахман аяқ киімін қайта-қайта иіскеп келе жатыр екен. Сонда түсінгенім: жай күні інісіне қарамай, жоқ болғанда, Абдуллахты уайымдайды екен ғой.

Бір жарым сағатта анам бізді тауып алды. Сол сәттегі қуанышымда шек жоқ. Анамның көзінен парлап жас ағып жатты. Жоғалған інім де кешке жақын табылды. Анам келген соң да жүгіруді жалғастырдық.

Қырық бес градус шілденің ыстығы. Жиырма шақырым жерді қашып жүгіру, жартылай жарылмаған снарядтардың аяқ астында жатуы, сусыз қырдың төбесінде көмек күту, саңырауқұлақ тәріздес бомбалар, інілерімнің жылаған дауыстары, қара аспан, шаршаған аяқ, белгісіздік, міне – осының барлығы Арыс қаласындағы 2019 жылдың 24 маусымында болған апатты күннің естеліктері. Тура соғыстағыдай. Соңында әкем қаладан келіп, қырдың төбесінен бізді іздеп тапты. Бір-бірімізді қатты құшақтадық. Бақыт дегеннің осы екенін сезіндік. Көлігімізге он екі адамды мінгізіп, бейбіт бағытқа қарай жөнелдік. Жарылыс арасынан үш және бес жастағы адасқан балаларды жетектеп алған болатынбыз. Анам екеуміз фотосы мен есімдерін желіге таратып, кешкісін ата-анасына Қазығұртта

табыстадық. Жоғалған ең кіші інім табылып, ұпайымыз түгелденгендей болды. Сөйттік те сол кісінің үйінде екі сағат асыр салып ойнап алдық, әрине, қарнымызды тойдырып алғаннан соң.

Кейбіреулер үшін бақыт – ол жаңа кең сарайдай үй, ақшаның көп болуы, жаңа скутер, мүмкін, соңғы үлгідегі смартфон немесе көлік шығар, бірақ мен үшін бақыт деген – елдің тыныштығы, отбасымның амандығы, саулығы. Бұл сөзді мен бекерге айтып отырғаным жоқ. Туған адамыңнан айырылып, қайта тапқаннан соңғы күйді кешіп айтып отырмын. Ата-анаң, бауырың – олар сенің өмірің мен бақытыңның бір бөлшегі, байлығың мен қазынаң. Сондықтан, достар, өкінбейтіндей істер жасап, тірі кезде бүкіл жақындарымызды, ағайын-туыстарымызды, достарымызды, тіпті танымайтын адамдарды да бағалайық, қадіріне жетейік! Қазір уақыт барда ата-анамызды, бауырларымызды аялайық, жақсы сөздер айтып, күнде қуанышқа бөлеп отырайық!

Мен қазір 10-сынып оқушысымын. Елімізді, тіпті бүкіл әлемді індет жайлап, үлкен қауіп төнді. Қаншама елім деп еңірейтін азаматтарымыздан, ата-әжелерімізден, көке-апаларымыздан, тіпті көптеген жастарымыздан да айрылып қалдық. Ал енді осы індеттің құрбанына айналмас үшін, бүкіл қауіпсіздік ережелерін сақтап, індетті жұқтырмаудың амалын жасайық! Бұл – еліміздің қауіпсіздігі деп білемін. Ал әр жанұя еліміздің бір бөлшегі болып саналатындықтан, елдің амандығын тілесе, ауруды жұқтырмаудың амалдарын жасауы қажет.

Қорыта келе айтарым мен ештеңеге де өкінбеймін. Басымнан өткен осы қиын жағдайлар маған және көптеген адамдарға сабақ болды деп ойлаймын. Өзімді бақыттымын деп ойлаймын, себебі мен бақыт мекеніндемін. Елімде тыныштық болып, отбасым аман болса, міне, бақыт деген осы шығар.



Дасибек Айана
Шымкент қаласы,
М.Х.Дулати атындағы
№8 мектеп-гимназияның
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: Алшынбаева Кунсулу Тасполатовна

Әлем – балалар көзімен

Әлем – балалар көзімен... Өте ауқымды, ойландыратын тақырып. «Әлем» дегендегі менің түсінігім – бүкіл ғаламшар, қыр-сыры мол, ұшы-қиыры жоқ шетсіз, шексіз шым-шытырық оқиғаларға, үздіксіз өзгерістерге, жаңалықтарға, бақыт пен шаттыққа, жақсылықтарға, сонымен қатар жүретін қиындықтар мен тосқауылдарға, жамандықтар мен зұлымдықтарға толы әлем.

Біз – осы әлемнің балаларымыз, осы ұлан-ғайыр әлемнің бір бөлшегіміз, бейбіт елдің, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы армандап, күресіп өткен Тәуелсіз Қазақстанымыздың ұрпағымыз. Және осындай қасиетті қазақ елінің арқа сүйер келешек ұланы болғаным үшін өзімді бақыттымын деп есептеймін. Бұл – бір-екі ауыз сөзбен айтып жеткізе алмайтын ерекше сезім.

Біз бақытты балалармыз. Себебі, аллаға сансыз шүкір, сүйікті ата-аналарымыз жанымызда, үздіксіз өзгеріп отырған жаңа әлемге бағыт-бағдар беріп, тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатып жүрген білікті ұстаздарымыз бар, еліміз үшін тер төгіп, еңбектеніп жүрген дана халқымыз бар, қазынаға толы сарқылмайтын әдебиетіміз, бүкіләлемдік кеңістікте орны айқындалған өзіндік мәдениетіміз, тарихымыз бар, жерасты, жерүсті қазба байлықтарға толы ұлан-байтақ жеріміз бар. Міне, сондықтан да, біз – бақытты жандармыз. Ең бастысы, ана тіліміз, туған тіліміз бар. Бұл – осы әлемнің өскелең ұрпағы үшін үлкен мәртебе.

«Алты жасар бала алыстан келгенде, алпыстағы ақсақал сәлем берер» дегендей, ата-бабаларымыз жастарға үміт артып, үлкен сеніммен қарағаны баршаға мәлім. Алайда, біздің заманымызда өсіп келе жатқан жастардың кеңес дәуіріндегі балалармен салыстырғанда, түбегейлі ерекшеленетінін барлығымыз байқаған шығармыз. Олардың өмірге деген көзқарастары, санасы, ресурстық мүмкіндіктері мен жалпы әлемді қабылдауы мүлдем басқаша деуге болады. Себебі әлем өзгеруде, өмір талаптарына сәйкес адам да өзгеруде. Бірақ әлем қанша жерден өзгеріп жатса да, ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан ұлттық, рухани, мәдени, адами құндылықтарымызды сақтап қалуға міндеттіміз.

Адам баласы мектеп қабырғасында жүргенде-ақ түрлі қызығушылықтары болады. Бірі көркем суретке қызықса, енді бірі спортқа ден қояды. Ал кейбірі дәрігерлікті ұнатса, инженер болғысы келетіндер де жетерлік, ұшқыш, ғарышкер болуды армандайтындар да кездеседі. Мысалы, мен кішкентай кезімде биші болуды армандадым. Балабақшаға барған кезімде табиғатты қорғауды мақсат еттім, күннің шапағатын, жердегі өсімдіктерді, жануарларды салуға қызығатынымын. Бұл арманым ұзаққа созылмады. Кейін шахмат үйірмесіне барып, біраз жарыстарға қатыстым. Жұлделі орындарға да ие болдым. Бір мезгілде

әкемнің достары балалар арасында шахматтан жарыс өткізген болатын. Менің қарсыласым да көптен бері шахмат үйірмесіне қатысып келе жатқан чемпион еді. Мен үшінші жүрістің кезінде қарсыласымды жеңіп шықтым. Сол кезде әлемдегі ең тамаша өмір – шахматпен айналысу екен ғой деп ойлайтынмын. Жоғары сыныпқа өткенде, өмірдегі негізгі мақсат – елдің тыныштығы екенін, отанды сүю, үлкендерге қамқор болу, елдегі ауызбіршілік, бейбітшілік, ашық аспан, елге адал қызмет ету арқылы өмірді өзгертуге болатынын түсіндім. Әр елдің өз зауыты мен фабрикалары, түрлі кәсіпорындары болып, халықтың жағдайын жақсартуға әсер етсе, ел байлықтары үнемді жұмсалып, одан табылған табыс әрбір азаматқа тиесілі болса екен деп армандайтынмын. Еліміздегі жұмыссыздықтың қасіреті ғой, жұмыс іздеп, өзге елдерде тоқтап жүргендер қаншама десеңші. Міне, осындай келеңсіздіктерге үкімет жол бермей, күрделі мәселелердің шешімін табуы керек деп ойлаймын.

Мен әлі мектеп оқушысы бола тұра, ата-анама салмақ салмау үшін өз бетімше табыс табуды бастадым. Жарнамалар жүргізіп, тапқан табысымнан ата-анама, іні-сіңлілеріме көмектесіп тұрамын. Күн сәулесі адамға шуағын шашып, қалай әсер етсе, олардың күлімдеген көздері маған солай әсер етеді. Олардың ризашылығы мені одан да көп еңбектеніп, талпына түсуіме итермелейді.

Өмірдегі бүкіл адамзат ауырмай, ұзақ өмір сүрсе екен деп армандаймын. Кейде теледидардан кейбір кішкене сәбилердің қиын жағдайын көріп, оларға көмектескім келеді. Олар да біз сияқты өмірге үлкен үмітпен қарағанын қалаймын, көздерінен мұң емес, балалық күлкі мен бақыттың, қуаныштың белгілерін көргім келеді. Олардың да жақсы өмір сүруге құқы бар ғой. Еліміз жікке бөлінбей, нағыз бірлікте өмір сүрсе екен деймін. Халықтар арасында бай мен кедейге бөлінушілік болмаса екен, сана-сезіміміз қалыптасып, тапқа бөлінбей, бірдей өмір сүрсек екен деп армандаймын, шіркін! Тағы да бір тілерім: әлемде ешқашан «Соғыс» деген зұлымдық болмаса екен.

Менің осы арманым шындыққа ұласса, әлем балалары да мені толықтай қолдайтынына күмәнім жоқ.



Сагиндик Бейбіт Ермекқызы
Шымкент қаласы,
№130 жалпы орта
білім беретін мектебінің 8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Абдуназарова Перизат**

Мұқағалиға арнау

*Өзегің талса өлеңін нәр қыларсың,
Оқымасаң қастерлеп қор қыларсың
Тоқсан жасқа толыпты, міне бүгін !
Еске алайын Қарасаз Қарлығашын.*

*Ақиығы қазақтың дара тұлға,
Өлеңімнен сыр шертем арнау, Аға!
Көңілімде жыр сәулесін маздатқанда,
Қолдарсың сенем бүгін, Жыршы-аға!*

*Таңғы шықтай қатар келген,
Поэзиясы ақынның,
Ой мен сезім қатар келген.
Тоғандағы өзендей,*

*Мұңлы, сырлы, жырға толы
Жан жаралы ақынның
Өлеңінің кешті өзенін
Дауылды ақын – Саңлақтай!*

*Қамшылатып жырын төккен,
Жүрекке құйып тамшысын.
Кестеленген ою-өрнек,
Әрбір сөзі ой толғар.*

*Жазды өлеңін қан тамшылап,
Қыл-қаламы майысқан,
Ажал құшты соңғы өлеңді.
Қойды ма ақын нүктесін.*

*Із қалдырған өлең жырға,
Сезімімен түйіскен,
Ақын жаны тыныш тапсын,
Поэзияның патшасы,*

*Оқып отыр бар еңбегін қалың елім Қазағым.
Ақын атын мәңгілікке өшпес рухын көтеріп,
Біз өскелең жас ұрпақтар ақынға арнау арнаймыз.*

Абайға арнау

*Лирикалық кейіпкер өзің екен,
Саңлағы поэзияның – Абай ата!
Ән-жырдың биіктеттің шаңырағын,
Қадаған қазықтай ғып әрбір сөзін!*

*Кестелі орамалдың жиегіндей,
Сөздері өрілген үй кірпішіндей,
Жарқ етіп, құйрықты жұлдызындай,
Өмірден өтсе-дағы тірі бейнең!*

*Өмірін өнерімен жарқ еткізген,
Арнауым арналады бүгін саған
Көкірегімде жыр сәулесін маздатқаны
Ақиық дара ақынның жыр тақпағы!*

*Жырлайды жан сарайым дамыл таппай,
Жыр сандық құлпын ашып ақтарғанда,
Өлеңім өрілсінші, рухы биік,
Қазақтың біртуары дара ақынға.*



Дусен Қымбат
Шымкент қаласы,
Т. Рысқұлов атындағы
№25 мектеп-гимназия
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Султанова Айжамал Сембековна**

Қазақ халқының батырлары

Қазақ халқы қаншама қиыншылықты бастан кешірді. Көшіп – қонып жүрген кезден бастап, жаугершілік заманда да, өзінің қолбасшы, батыр, жаужүрек мың балаларымен көзге түскен.

Жаудан, даудан, небір кесірлі кесапаттардан аман алып, халқын, елін, жерін қорғаудан тайсалмаған, өз өмірін сарп еткен батырларымыз, аға- әпкелеріміз бүгінгі таңда ел есінде. Солардың бірі 1941-1945 жылдар аралығында болған Ұлы Отан соғысы. Осы соғыста қаншама батырлар қыршынынан кетті, кейбіреулері аяқ, қолдарынсыз елге оралды. Майданға қатысқан қаһармандарға алғысым шексіз. Себебі, олар қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен, өз өмірлерін құрбан еткен жандар.

Тарихта ерлігімен өшпестей орын қалдырған батырларымыз өте көп. Мәселен, Бауыржан Момышұлы - Кеңес одағының батыры, әрі жазушы, Екінші Дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, қазақ халқының мақтанышы. Сонымен қатар соғысқа қыздар да қатысты. Олар соғысқа аттанып, қыз баласы демей, елін жаудан қорғаған батырлар. Атап айтсақ, Хиуаз Оспанова, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұловалар отқа кеудесін тосты, солардың арқасында біз байтақ жерде өмір сүріп келеміз. Олардың ерліктері ел есінде.

Ұлы Отан соғысының ардагері жазушы Б.Бұлқышев: «Сендер соғыс дегенді білмей өтетін боласыңдар. Біз жастығымызды сендердің бақыттарының жолына құрбан еттік. Сендер тыныш өмірде бақытты жасайтын боласыңдар. Біз кәрлі кезеңнің, соғысты заманның жандарымыз», -деп философиялық ой айтқан еді.

Иә, келешегі жарқын, болашағы бөтеннің аузына қарап өтпесін деп бар өмірін ел тағдырына алаңдап, керемет келешекте өмір сүруі үшін тоқтаусыз еңбек еткен батыр ата- бабаларымыз, тіпті бүгінгідей ғажап, бейбіт ғұмырды бізге тарту етіп отыр.

Өз кезегінде елдігімізді бекемдеп кеткен барша батырларымызға мың алғыс айтсақ та жетпейді. Себебі, олар бізге тәуелсіздіктің ақ таңын, бейбіт өмірді сыйлап кетті. Ендігі кезек, тәуелсіздікті тұғырлы етіп, елдікті бекем ұстап, кіндік қаның тамған жерді қасықтай демің қалғанша қорғап өту керек. Ол біздің мемлекет алдындағы міндетіміз.



Оспан Ұлдана
Шымкент қаласы,
№133 жалпы орта білім
беретін мектебі
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Байзақ Ақнұр Талғатқызы**

Болашақ ұстаз қандай болуы қажет?

*Маған жақсы мұғалім бәрінен қымбат,
өйткені мұғалім – мектептің жүрегі.*

Ы.Алтынсарин

Ұстаз – таудан арқырай аққан өзен секілді, айналасына қуат беріп, жолына кездескендерді нәрлендіріп, таудай қиындықты тастай домалатып, білімнің сар даласында тыныштық тауып, дамылдайды. Ұстаз – ақылдың тозбайтұғын асылы.

Меніңше, ұстаз болу қуанышы мен қиыншылығы қатар жүретін өмір иірімі секілді. Күн санап дамып жатқан заман ағымына ілесу оңай дүние емес. Ал, ұстаз болу деген сол ағымда өмір сүру деп білемін. Себебі, сағат санап шығып жатқан жаңа технологиялар, жаңа бағдарламалар, мұның барлығын меңгеру өсте мүмкін емес. Алайда, ұлы тұлғаларымыз сапалы білім беру жолында, бұл қиындықтардың бәрін еңсеріп келеді.

Қазіргі тапқырлық танытып, оқушының қызығушылығын арттыратын дүние ойлап тауып жатқан ұстаздарымыз да жетерлік. Менің ойымша сол оқушының білімге деген қызығушылығын оята алған ұстаз – ұлы ұстаз. Мен ұлы ұстаз деп өзімнің сынып жетекшім, Жібек апайымды айтар едім. Себебі, Жібек апай өзінің әрқашан да ізденіс үстінде жүретіндігімен және шәкірт психологиясына жете назар аударатын қасиеттерімен үлгілі педагог екендігін дәлелдеп жүр. Тіпті бұл кісіні әмбебап ұстаз дер едім. Бойында қаншама қасиетті жинай отырып, рухани бай екендігін де аңғартады.

Мен өзімді жолы болғыш шәкірт деп есептер едім. Себебі, маған білім беріп жатқан ұстаздарымның барлығы да әмбебап ұстаздар. Қазіргі таңдағы қағазбастылықпен қатар, заманауи технологияны жастардан артық меңгерген десем де болады. Мәселен, Гүлбану, Заура, Ақнұр апайларымды да осы тұста тілге тиек етпесем айып болар.

Қорыта айтар болсам, болашақ ұстаз бойынан табылуы тиіс ең басты қасиет – әмбебаптық дер едім. Мұғалімнің әмбебаптығы жан-жақты білімді, тартысқа түссе тарпаңдап шығып, додаға түссе бәйгені бермейтін, шәкіртке түрлі әдістемелік құралдар арқылы жағдай жасаса, мұндай ұстаз меніңше, бір халықтың абыройы болар еді.



Хавазматов Маруф
Шымкент қаласы,
Титов атындағы
№20 мектеп-гимназияның
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Бадирова Куралай Насировна**

Өмір шындығы

(Ұ. Есдәулеттің «Қара пима» поэмасын оқығаннан кейінгі ой...)

Жақында біз сабақта Ұ.Есдәулеттің «Қара пима» атты шығармасын оқыдық.

Қыс мезгілінің ызғарлы суығын суреттеуден басталған поэма біртіндеп кішкентай баланың «суық» тағдырына алып келеді. Басты кейіпкерлер – жетім қалған бала мен маскүнем әке. Ғасыр дертіне айналған маскүнемдік – бала тағдырына шабылған балта дер едім. Автор шығармада бірнеше мәселе көтерген, соның ішінде ең бастысы – адамның арақ ішуге деген құмарлығы. Мас күйінде адам адамдық қасиеттен айырылып, туған баласын да ұмытады. Онсызда анасынан айырылған баланы тағдыр әкесінен айырады. Әкесі ащы судың жетегінде кетеді. Суық үй, қараусыз бала, поэма соңындағы баланың аянышты тағдыры - маған үлкен ой салды. Баланың алдағы өмірі қалай болмақ? Бұл оқиғадан соң әкесі қайта ішіп кетпей ме? Баласы әкесін кешіре ала ма екен? Өмірде мұндай оқиғалар қаншама? Қаншама отбасы осы арақтан зардап шегуде? Бұл менің ойымдағы жауапсыз сұрақтар. Мен өзімді басты кейіпкердің орнына қойып көрдім. «Мен кешіре алар ма едім ...?» Мен үшін бұл қиын сұрақ болды.

Әке деген қамқоршы, асыраушы, жанашыр адам емес пе еді? Ол арақтың кесірінен мұндай қасиеттерден айырылды, зиян әрекеттен жеңілді. Дегенмен автор бізге бір үміт сыйлайды: әкесі арағын қойып, жұмысқа орналасып, салауатты өмірге қадам басқан сәтін суреттейді. Бұл әрине мені қуантты, болашақта баласына қарап, қасында болып, екеуі бірге өмір сүрсе бәлкім баласының психологиялық жағдайы да дұрыс болар еді.

Бұл поэмада тағы бір үлкен проблема – бала тәрбиесі деп ойлаймын. Себебі ол баланың тәрбиесіне қарайтын анасы жоқ, әкесі болса маскүнем. Ол кімнен тәрбие алады? Өз бетімен өсіп келе жатқан бала кімнің жетегінде кетеді...? Ата-ана тәрбиесін көрмеген, аш жүрген бала қылмысқа баруы да мүмкін ғой.

Міне бұл поэмада автор ғасыр дерті болған маскүнемдік арқылы өмір шындығын суреттейді. Ащы шындығын... Баланың аянышты тағдырын оқығанда көзге жас келеді екен... Не үшін арақтың зардабын бала тарту керек...? Әлде баласының кесілген аяғы – әкесіне берілген жаза ма екен...?



Құдиярхан Назгүл
Шымкент қаласы,
Ө.А.Жолдасбеков атындағы
№9 ІТ лицейдің
10-сынып оқушысы.



Жетекшісі: Куатбаева Эльмира Толендиевна

Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ

Қазақстан – тәуелсіз, жері кең, ұлан байтақ, егеменді ел. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Өзімнің шығармашылық жұмысымда сыбайлас жемқорлықсыз болашақ туралы ойыммен бөліскім келеді.

Алдымен, «сыбайлас жемқорлық», «пара» деген ұғымдардың астарын ашып, мән-мағынасына үңілер болсақ, бұл ұғымдар сонау сан ғасыр бұрын пайда болғанын тарих дәлелдейді. Мәселен, ІХ ғасырда өмір сүрген түркі халықтарының ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары туралы трактат» атты еңбегінде дәл осы тақырып сөз болады.

Тіпті, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы -қоғамдағы жемқорлық жайын назардан тыс қалдырмаған тұлғалардың бірі. Өзінің «Жаңа закон» өлеңінде сол дәуірдегі қазақ қоғамындағы жемқорлық, рухани құлдырап бара жатқан ел тағдыры туралы ойларын жеткізген. «Түзетемін қазақ халқын, Іштегілер көп білмес елдің парқын», - дей отырып, халықтың қазы, майор, тілмаштарға қаналып отырғанын қоғамдық әділетсіздіктің үлкен белгісі етіп көрсетеді. «Ұрды, соқты, талады, пара алды деп, Қор боларсың өтірікке есің шығып», - деген тармақтардан да Абай атамиздың өлеңдерінің өзегі болған тақырып сыбайлас жемқорлық екенін байқай аламыз.

Ал, бүгінгі таңда еліміз сыбайлас жемқорлықпен белсенді күресуде. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді жұмыс атқаруда. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, біздерге, жастарға, оңтайлы жағдайлар жасалуда. Жоғарғы оқу орнына мемлекеттік грантты иелену үшін тапсырылатын ҰБТ электрондандырылды. Компьютерде тапсырылатын тест ашықтық пен айқындылықты көрсетеді. Оқушылар арасында өтетін ғылыми жобалар мен пән олимпиадалары да бейнекамерамен қамтылған. Барлық жұмыстың сайтта жариялануы сенімділікке жетелейді, өзім де соның куәгерімін.

Ойымды түйіндей келе, «сыбайлас жемқорлық – індет, оны жою -міндет» екендігін әрқайсымыз жете түсінуіміз қажет. Қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін арттыру үшін сыбайлас жемқорлықпен күресті әр адам өзінен бастауы қажет деп ойлаймын. Жаңа Қазақстанның әрбір азаматының бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетті қалыптастыру – баршамыздың міндетіміз!



Бейсен Олжас Мұхитұлы
Шымкент қаласы,
№46 мектеп-лицейінің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Байымбет Ақмарал Құрымбайқызы**

Тәуелсіз Қазақстан

Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік.

Қ.К. Тоқеев

Тәуелсіздік дегеніміз не? Қазақстанның Тәуелсіздік алуы туралы не білемін? Мен өмір сүріп жатқан «Тәуелсіз Қазақстан» қандай?

Тәуелсіздік ұғымы терең мағынаға ие түсініктердің бірі. «Егемендік» сөзінің өзі жанымызға жылу, бойымызға күш-қуат береді. Тәуелсіздік үшін ата-бабаларымыз жанын беріп, көк туымыздың желбіреуі үшін аянбай еңбек еткенін талай тарихи оқиғалар негізінде білемін. Қазіргі таңда сол армандары орындалып, Егемен ел ретінде танылып отырған жайымыз бар.

Мен үшін Тәуелсіздік ұғымы – бейбіт өмір, еркін пікір және ой деп түсінемін. Барлығымыз білеміз, КСРО тарап, 1991 жылы Қазақстан өз егемендігін алып, Қазақстан Республикасы ретінде тәуелсіз мемлекеттер тізіміне кірген болатын. Ең алғашқы президентіміз – Н.Ә.Назарбаев болды. Егемендігіміздің бірден-бір айғағы – Конституция болып табылады. Біздің еліміз - демократиялық мемлекет. Елімізде сөз еркіндігі, ой еркіндігі және әр адамның құқығы тең дәрежеде сақталған. Осының барлығы- егемендігіміздің айғағы емес пе?!

Мен Тәуелсіз Қазақстанның ұрпағымын. Қазақта жақсы бір сөз бар: «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», демекші болашақта білікті маман иесі атанып, өз елімнің атақ-даңқын шет елдерге танытқым келеді. Қазіргі таңда еліміздің жастары әлемдік аренада түрлі бағыттар бойынша жүлделі орындар алумен қатар, жоғары деңгейлі нәтижелер көрсетуде. Осы орайда атап өткім келетін жайт, бұл да бір Тәуелсіздіктің жемісі деп білемін. Қарап отырсам, көзді ашып жұмғанша егемендігімізге 31 жыл толыпты. Осы жыл аралығында, еліміздің экономикалық тұрғыда, мәдениет жағынан және білім беру тұрғысынан биік белестерді бағындырғаны сөзсіз. Ары қарай да жас өскелең ұрпақ, яғни біз еліміздің мүддесі үшін аянбай еңбек етеміз деп білемін. Өз ойымды мына өлең жолдарымен қорытындыласам деймін:

*Егемендік – тұмарым,
Бөйтерегім – шырағым.
Ел мерейін өсіріп,
Мен де шыңға шығамын!*



Мади Мәншүк
Шымкент қаласы,
З.Космодемьянская атындағы
№23 мектеп-лицей
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Шадыхан Ұлдана Қайратқызы**

Туған жерім – тұғырым

*Туған жерім – тұғырым,
Елін сүйген ұлыңмын.
Елі үшін жан берер,
Ойнақтаған құлынмын.*

*Сенсің менің мақтаным,
Өзіңмен мен мақтандым.
Кереметін жерімнің,
Өлең бойы мақтадым.*

*Киелі оңтүстігім жайлы мекен,
Адамдардың пейілі байлық екен.
Бұл өлкеде туылған әрбір жанда.
Арман деген шынында бар ма екен?*

*Оңтүстікте киелі Түркістан бар,
Шілтер әуле, Арыстан баб тағы да бар,
Табиғаты тамаша оңтүстікте
Туылған әрбір жанның бағы да бар.*

*Табиғатты тілге тиек еттім мен,
Қасқасу мен Біркөлік, Түлкібасы.
Табиғаттың тілсіз бір кереметі,
Көріп алып көз тоймастай кеттім мен.*



Альзах Динара
Шымкент қаласы,
Ж.Аймауытов атындағы
№64 мектеп-гимназияның
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Салыбекова Бибигул Есимханқызы**

Сағыныш

Әлі есімде... Кішкентайым да анам мен әкем көп іс-сапарға кететін мені жақын туыстарымыздың үйіне апаратын. Мен қанша кішкентай бала болсам да, бәрін түсінетінмін. Кетерден алдын екеуіне қарап:

-Қашан?... Қашан келесіңдер?- деп жылайтынмын. Олар мені жыламасын деп:

- “Үш күн, қызым, сосын келеміз”,- дейтін.

Алайда бұл үш күн ұзаққа созылатын. Олар, сірә, мені ештеңе түсінбейді деп ойлаған болар. Мен бірден ренжіп шығатынмын. “Кішкентай ғой әп-сәтте ұмытып, ойнап кетеді”,- деді анам. Әпкем бауырына басып, алып қалды. Әр күн сайын оған барып, саусақтарыммен күндерді тізіп көрсететінмін, “қарашы екі күн қалыпты” деп санайтынмын. Сонда әрбір жүрек қағысым анам мен әкемді аңсап іздейтін.

Кейде тығылып, жылап аламын. Осылайша әпкемнің емес жаудың қолында қалғандай жалғызсырадым. Анамның орнын әпкем, әкемнің орнын жездем баса алмады. Қазір сол кездерді есіме алып, ата-анаңнан саған артық адам жоқ екенін, ең бауырмал жандар солар екенін түсіндім. Ешқашанда оларды ренжітпеңіздер! Анаң сені тоғыз ай құрсағында, тәй-тәй басып жүргеніңше қолында ұстап, мәңгі жүрегінде көтереді! Өмір бойы мейіріміне бөлеп өсіреді. Әкең сені өзгелерден кем болмасын деп, күні-түні жұмыс істеп, ішсін-жесін деп түнде ұйқыдан қағылады. Біз ол кісілерге қарыздармыз. Оны өтеу мүмкін емес! Тек олардың разылығын, батасын, жылы лебізін алуымыз қажет.

Біз қанша өсіп, жетіліп, ата-ана болсақ та оларға баламыз. Ата-анаңа не істесең, алдыңа сол келер деген атам қазақ. Қолда барда алтынның қадірін біліп, қастерлеп, аялайық!

Анашым, әкешім аман болыңыздаршы!..

Туған тілімізді қадірлейік!

Менің қазір ойлайтыным, тіл мәселесі... Неге олай деп түсінбей жатқан боларсыздар? Қазіргі жасөспірімдердің қазақ тілін, туған тілін білмеуі мен үшін ұят.

Неге бұл әңгімені қозғап отырмын? Себебі кеше мен қоғамдық көлікке отырып едім. Жол ақысын “за проезд” деп қазақтар беріп жатыр. Оны қоя бере, базарлар мен сауда үйлерінде де осы әңгіме. Қазақтардың бәрі орысшаны абырой көріп сусылдап жүр емес пе? Жүрегімнің ауырғаны-ай! Жоқ, мен ешкімді үгіттемеймін. Тек таза қазақша сөйлеуді басшылыққа алсақ деймін.

Тіл халыққа Алладан аманат қой! Ата-бабамыздың өзі “Өз тіліңді өшірме, өшіргенді кешірме” деп кеткен. Аманатқа қиянат қалай ғана жасаймыз? Қазақтың жерінде тұрып, қазақтың қасиетті нанын жеген соң, қазақша неге сөйлемейсің? Қазақ тілі әлемдегі ең бай, көркем тіл емес пе? Шүлдірлеген орысшадан, ана тіл мың есе артық. Ойланарлық жағдай көп... Сонымен қатар осыдан шамамен екі-үш күн алдын әлеуметтік желіден өзге ұлт өкілінің қазақ тілінде сайрап тұрғанын көрдім, ал жанындағы қазақ жігіті орысша сөйлеп тұр. Өзінің туған ана тілін білмей, өзге тілде сөйлеу абырой алып келмес! Сол қазақ жігітінің сөйлегенінен әсемдікті көргенім жоқ. Тек сол өзге ұлт өкілінің азаматына риза болдым. Өзге ұлт өкілі болса, қазақ тілінде керемет сөйлеп отыр. Бұл бейнені көргендер, менің осы жазбамды оқығандар титтей болсын ойланған шығар...

Тіл-халықтың байлығы. Ана тілімізсіз, біз, ешкім емеспіз. Сондықтан да оны қадірлеп, аялап жүрейік. Туған тілді мәңгі сақтап қалу өз қолымызда!



Алмаханбет Дина
Шымкент қаласы,
Ж.Аймауытов атындағы
№64 мектеп-гимназияның
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Салыбекова Бибигул Есимханқызы**

Мағжанға арнау

*Жырламай қалай қаламын,
Жыр арнауға бар күшімді саламын.
Арқау болған бүгін де қаламыма,
Мәңгілік өлең жаздым ағама.*

*Бойында тұнып тұрған мұнша дарын,
Әр кез жоғары қойған қазақтың арын.
Өлеңді сыршыл етіп жаза алатын,
Бүгін де Мағжанның әр сөзі алтын.*

*«Мен Жастарға сенемін»деп бердің бата,
Қазақтың қайраткері Мағжан ата.
Құштар етті шығармаң әдебиетке,
Ұқсап бағам өзіңе келешекте.*

*Ұлы ақынды дәріптемей болмас-ты,
Мағжан ата уайымдама жолың енді жалғасты.
Болашақты болжап кеткен ғажап қып,
Ізінді басар ізбасарың мың қазақ.*

Анашым

*Бұл жарық дүниге келгенде,
Жүрегіме жылу болып енгенде.
Мен үшін бола білген ең данам,
Бір өзіңіз жан жүректі ақ анам.
Ана әр адамның жақұты,
Өмірдің бар бақыты.
Шаттығы ғаламның,
Бәйшешегі даламның.
Жан ұшыра шырылдайтын мен үшін,
Тыным таппай еңбек етер мен үшін.
Сарп ететін бізге арнап бар күшін,
Әрқашан да сен анаңды түсін.
Ел бастаған көсем де,
Сөз бастаған шешен де,
Біліп қойғын, әй, пенде
Нәр алғанбыз анадан сен де, мен де.*



Ермолда Аружан Сабитқызы
Шымкент қаласы,
С.Нұрмағамбетов атындағы
№72 жалпы орта білім беретін мектебінің
8«Д» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Файзуллаева Сапаркүл Сүндетқызы**

Әпке

*Әпке, әпке, әпке деген қорғанышың байсалды,
Тәрбие берер, өнеге берер салмақты.
Алып ұшар, жүгірерде біз үшін,
Тастамайды, талмайды, жанын берер сен үшін!*

*Кішкентайдан қорған болған біздерге,
Мейірімін, шапағатын төктіде,
Өзін емес, бізді қойды өмірінің мәніне.
Әпке деген екінші ана тірегің,
Жүрегінде жылулығы төгілген!*

Мейірімді әпке

Әпке өміріңдегі ең жақын адамдардың бірі. Әрқашан жаныңнан табылып, қорғап-қолпаштап, қиындық туғанда жалғыз қалдырмайтын жан. Бір анадан туған соң, туған бауырың болған соң саған әрдайым жаны ашып жүреді. Әпке деген сен үшін, бауырлары үшін барын, жанын береді. Сол үшін әпкені барында бағалау керек. Үйдің үлкені әпке, ағаларымыз туылғаннан солай табиғатынан бауырына қорғаныш болуға, жауапкершілік алуға бейімделеді.

Дулат Исабековтың Әпке шығармасында ата-аналарынан ерте айырылған жетімдер туралы айтылады. Бұл шығармадан үлкен тәлім-тәрбие алуға болады. Әпкесінің бауырларына деген махаббаты, қамқорлығы туралы айтады. Қазіргі кезде әпке түгілі, туған балаларын тастап кететін ата-аналар қаншама?!

Меніңде 4 бауырым бар. Артымда еріп келе жатқан олар, маған қарап тәрбие алып, маған қарап өседі. Сол үшін менде оларға жақсы іс үйретіп, тәлім-тәрбие беруге тырысамын.

Әпке – өмірімнің мәні мен сәні. Жаныма жылу беретін ғажайып жан!



Ерғара Нұршашқан Азаматқызы
Шымкент қаласы,
С.Нұрмағамбетов атындағы
№72 жалпы орта білім беретін мектебінің
8«Ә» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Аскарбаева Гулмира Суендиковна**

Табиғатты қорғау – парыз

Халқымыз «Табиғат – жер байлығы, батырлар – ел байлығы» деп бекер айтпаса керек. Өйткені табиғат – ғажайып әлем. Біз адам баласы оның бар мейіріміне бөленіп, тіршілік етеміз. Сондықтан барша адамзат табиғатты көз қарашығындай сақтап, оны аялауы қажет.

Адамзатпен бірге, жер бетіндегі барлық аңдар мен құстар, балықтар, жәндіктер, өсімдіктер – табиғаттың бір бөлшегі болып табылады. Табиғаттың көз тұндырар сұлулығымен бірге, бізге берері өте көп. Жер асты қазба байлығынан бөлек, күнделікті тұтынатын тамағымыз бен ішетін суымыз, жұтып отырған ауамыз бәрі-табиғаттың бізге берген игілігі.

Өкінішке орай, қазіргі кезде табиғаттың ластануынан бүкіл әлем экологиялық мәселелерге тап болып отыр. Табиғаттағы «Қызыл кітапқа» енген аңдар мен құстардың, өсімдіктердің азаюы, тіпті кейбірінің жоғалып кету алдында тұруы - бүкіл әлемді алаңдатуда. Біздің елімізде де көптеген аңдар мен құстарға қауіп төніп тұрғаны шындық. Өз пайдасынан басқаны ойламайтын браконьерлер көбейді. Олар тұқымы сиреп бара жатқан аңдар: марал, киік, арқар т.б. атып алуын доғармай отыр. Өзен-көлдерде балықтарды заңсыз аулау – балықтың кейбір тұқымдарының жоғалып кетуіне алып келуде. Бұл жағдайлардың барлығы табиғаттағы тепе-теңдіктің жойылуына әкеп соқтырады. Нәтижесінде түрлі адамзатты қауіпті жағдайларды туғызуы мүмкін.

Мен бүкіл адазат баласына табиғатты аяла дегім келеді. Өркім өзінен бастаса екен деймін. Ең болмаса өз отырған орныңды, айналаңды таза ұста, қоқыс тастама! Өсіп тұрған гүлдерді, өсімдіктерді жұлма! Жазықсыз жәндіктерді, аң-құстарды атпа!

Қолыңнан келсе, ағаш ек, гүл ек! «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деген ата-баба пікіріне құлақ асыңдар! Өйткені «адамдардың табиғатсыз күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» екенін ұмытпайық!



Арықбай Бибіажар
Шымкент қаласы,
А. Назарбеков атындағы
№87жалпы орта білім беретін мектептің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: Азатбаева Фарида Орынбасаровна

Сағыныш

(Болған оқиға желісімен)

Бүгін де әдеттегіше мектепке асығып, сөмкемді іле-шала қолыма алып, аялдамаға келдім. Келген бойда бейнесі көзіме оттай басылды. Бұл Әсел еді. Көптен бері сабаққа келмей жүрген болатын. Мен оны сағынғаным сонша, қапсыра құшақтай алдым. Бірден сұрақ астына алғым келді, бірақ өзімді тежеп қалдым. Қал-жағдай сұрасып, автобуспен мектепке қалай жеткенімізді білмей де қалдық.

Әсел – бірінші сыныптан бері бірге оқып келе жатқан жан құрбым. Ол өте ақылды, мейірімді, сыпайы әрі достыққа адал қыз. Отбасында үйінің үлкені болғандықтан, інілері мен сіңлісіне үнемі қамқор болып жүреді. Әкесі де беделді қызмет атқаратын болу керек, бай-қуатты, үлгілі отбасылардың бірі еді. Анасы да еңбекқор, балаларына мейірімді, өте қарапайым жан.

Әдетте тілалғыш, оқуда озат, сыныптастарымен жақсы қарым-қатынаста болған Әселдің соңғы кездерде көңіл күйі болмай, сабақтан көп қалатынды шығарды. Бұрынғыдай сабаққа да белсене қатысуды қойды, тек жабырқаумен жүретін болды. Сыныпқа кірген бойда мен де оны сағынғанымды білдіріп:

- Әсел, бүгін менің қасыма отыршы, тапсырмаларды да бірге орындаймыз, — деп өтінішпен қарадым. Ол да келіскен сыңай танытып, маған көзінің астымен бір қарап, басын изегендей болды.

- Жоқ, менің қасыма отырады, - деп Жансая да жалма-жан жағаласа кетті.

Біздің бұл таласуымызға Әсел мән бермегендей, соңғы партаға отыра кетті. Бірінші сабақ қазақ әдебиеті болатын. Мұғалім сыныпқа кірісімен сабақ та басталып кетті. Журналға қарап түгелдей бастады.

- Алиханов, Әнуарова... - деп атай бастады мұғалім. Кезек Әселге де келді. – Жанысова дегенде , «Мен» деп орнынан зорға көтерілді. Барлығымыз соңғы партаға жалт қарадық. Мұғалім де:

- Бүгін Әсел сабаққа келіпті ғой, жағдайың қалай?- деп сағынған сезімін білдіргендей болды.

Оқушылар мұғалім берген тапсырманы орындай бастады. Төлен Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесінде ата-ана қадірі, өтелмей қалған балалық борыш жайлы пікірталасуда. Сыныптағы осы бір шуды мұғалім берген тапсырма басты. Ата-анаға хат жазу тапсырылды. Шамамамен арада 10-15 минут өткен соң , мұғалім оқушылардың жазған хаттарын оқыта бастады. Кезек Әселге де жетті. Көңілі жабырқаулы қыз орнынан сүйретіле тұрып, ақ қағазға көк сиямен жазылған әлдебір жазуларға қарап тұрды да, оны мыжып тастай салды. Мұғалім көзінің

астымен бір қарады да, үндемген күйі журналға шұқшия қарап отырып қалды. Қоңырау соғылып , барлығы сыныптан шығып кетті. Манағы мыжылған хатты алдым да оқи бастадым.

«... Әке, сіздің біздің қамымыз үшін аянбай еңбек етіп жүргеніңізді білемін. Бірақ соңғы кезде хат- хабарсыз кеткеніңіз мені көп ойландырып жүр. Біз сізді қатты сағындық. Ертерек іс – сапарыңыздан оралып, бұрынғыша бақытты отбасы болып өмір сүріп жүрген кездеріміз қайта келсе екен дейміз. Бізге телефон соғып хабарласуды да қойдыңыз. Үй іші біртүрлі суық, қызықсыз болып барады. Сапардан келгенде тәттілер әкеліп, бізді қуантатын сәттеріңіз қайта келсе екен. Анашым да күлісіреуді қойды. Анам екеуіңіздің араларыңызда қандай жағдай болды? Бізді неге тастап, басқа отбасыны таңдадыңыз? Әкешім, бізді неге ұмытып кеттіңіз? Біз сізді жақсы көреміз, ешқашан ұмытпаймыз, сіздің келуіңізді асыға күтеміз. Сәлеммен қызыңыз Әсел» делінген хатта.

Міне, жанқұрбымның мазасыз күйін енді ғана түсінгендей болдым.



Қыдырқұлбек Әсем Рысқұлқызы

Шымкент қаласы,
№94 жалпы орта білім беретін
мектебінің 10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Садиебекова Ләззат Балтабаевна**

Ұлағатты ұстаз

*Білімімен бар білгенін үйреткен,
Бас иеміз ұстаздарға құрметпен.
Ұстаздарға талай ақын ән арнап,
Барлық әлем ұстаздарды үлгі еткен.*

*Ұстаз деген ұлағатты ұлы адам.
Ұлылар да бір ұстаздан үлгі алған.
Өнеге айтып, дұрыс жолды көрсетіп,
Ұлы ұстаз ізгілікке баулыған.*

*Үйретер оқысаңыз ғылым – білім.
Білімсіз қараңғы болар көрген күнің.
Білім нәрін сусындатып бойымызға,
Ұстаз ғана дәріптейді терең ілім.*

Жыр алыбы – Жамбыл

*Жамбыл ата елімнің жыр алыбы
Өз даңқын дүйім жұртқа паш еткен.
Қазақтың ойшыл, дана жанашыры
Халқына қадірі артып, даңқы өрлеген.*

*Жыр жазды шыншылдықпен шабыттана
Танылды өнерімен шартарапқа.
Ән мен жырға кенелтіп бар әлемді
Өнерін өрлестірген бар ғаламға.*

*Жамбылдың ұлылығына сөз жетпейді.
Биік таудай басынан қар кетпейді.
Алатаудың ақ иық қыранындай
Жыр жазса, оған ешкім теңеспейді.*

*Жырлайтұғын әділдігін бар қазағын,
Қазақтың қамын ойлап жыр жазатын,
Киелі аспап домбыраның үніменен,
Шерткендей қазағының бар азабын.*

*Ұлтының бұтақ жайған бәйтерегі,
Елінің мұң-мұқтажын сөз етеді.
Бостандықты армандаған өз халқына,
Әділдік пен жақсылықты құптаған.*



Инабат Әбдімауленқызы
Шымкент қаласы,
Қаратау ауданы,
№103 жалпы білім беретін орта мектебі
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Исаева Сауле Шаймерденовна**

1) Қ а с ы м

2) Т о б ы қ т ы

3) Ә р ж ы л д а р о й л а р ы

4) ғ а з и з а

5) И с а

6) Ү й л е н у

7) Қ а р а л ы с Ұ л у

8) Н ұ р ғ а н ы м

9) К о л х о з

10) Л е н н и н г р а д

11) Б а р ы м т а

12) Ш а т қ а л а ң

13) К ә м и л а

14) Т ү н т і с а р ы н

15) Е р н а р

16) Б ө р і л і

17)

Жауаптары:

1. Мұхтар Әуезовтың 1921 жылы «Қызыл Қазақстан» журналында жарияланған прозасы.
2. Мұхтар Әуезовтың «Жетім «атты әңгімесіндегі басты кейіпкердің аты.
3. Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебек» шығармасындағы Кебектің руы.
4. Мұхтар Әуезовтың 1959 жылы жарық көрген шығармасы.
5. Мұхтар Әуезовтың «Кім кінәлі» шығармасындағы сүйгеніне қосыла

алмай, құсадан өлген қыздың есімі.

6. Мұхтар Әуезовтың «Жетім» әңгімесіндегі бала Қасым кімнің қорлығына шыдай алмай қашып кетті?

7. Мұхтар Әуезовтың әке өміріне көнбей, сүйген жігітімен қашып кеткен қыз хикаясының атауы.

8. Мұхтар Әуезовтың 1925 жылы жарық көрген әңгімесі.

9. Мұхтар Әуезовтың атасы Әуез-Құнанбайдың қай әйелінің інісі?

10. Мұхтар Әуезовтың «Іздер» әңгімесіндегі ауыл атауы.

11. Мұхтар Әуезов қай қалада оқыды?

12. Мұхтар Әуезовтың ескі қазақ ауылының алуан түрлі реалистік дәстүрде бейнелеген шығармасы.

13. Мұхтар Әуезовтың колхоз өміріне арналған әңгімесі.

14. Мұхтар Әуезовтың екінші әйелінің есімі кім?

15. Мұхтар Әуезовтың адам тағдырларының тартысы бейнеленген туындысы.

16. Мұхтар Әуезовтың 1935 жылы дүниеге келген ұлының есімі.

17. Мұхтар Әуезов қай жерде дүниеге келді?



Садыкова Ақерке Шарипбекқызы

Шымкент қаласы,
№103 жалпы орта
білім беретін мектебі



Жетекшісі: **Касимова Айнура Ильясовна**

Анажан

*Аямай бар ғұмырын баласынан,
Төрт бөліп түн ұйқысын таң атырған.
Есейіп, бой жетсемде бұл өмірде,
Анамдай таба алмаспын жанашыр жан.*

*Анашыңның қадірін біл, аманыңда,
Күлкісі сейілмесін жанарыңда.
Іздеме жұмағыңды өзгелерден,
Жұмақ кілті анаңның табаныңда.*

*Жыласаң күн демейтін, түн демейтін,
Қатемді кешіретін үндемейтін.
Анаңның қадірін біл бар кезінде,
Біреуге көру арман күнде кейпін.*

*Тағдырдан қателессең мұң шағасың,
Анашым сен ақылдысың, нұр данасың.
Салың да бір суға кетіп, күрсінгенде,
Ана шырақ болмаса егер бұлданасың.*

*Бір керемет үлгі алдым ана сізден,
Теңеймін теңдесі жоқ жарық күнге.
Бес уақыттық байланысты жалғап келіп,
Қарадыңыз Жаратқанға жарқын жүзбен.*

*Анадан қуат алар жарты ғалам,
Ана деген бақыт сыйлар алтын адам.
Барша ғалам тәңір десе артық болмас,
Ана күнсіз қасиетті жарқыраған.*



Нұржан Дариға Ерғалиқызы
Шымкент қаласы,
№118 «Көкбұлақ» жалпы орта
білім беретін мектебінің
10 «А» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Шорман Гүлжамила Жамбылқызы**

«Ұранды ердің- ұрпағы қайсар»

*Шүйінші, халқым, шүйінші!
Шүйіншіге сүйінші!
Шаттан, ата-анамыз,
Шаттан, аға-бабамыз,
Кек қайтарып фашистен,*

*Соғыс бітті жеңіспен,
Жеңдік жауды күресте
Жасалсын той-мереке.
(Т. Жароков)*

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына бірнеше жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді. Бұл мейрамды бұрынғы кеңес одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды...

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі

жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

*Жеңіс деген жақсылықтың сыңары,
Жігерленген құштарлықтың құралы
Күрескердің арманы мен ұраны,
Қуаныш пен мерекенің бұлағы*

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500 ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.



Жанатбек Нұрай Асылханқызы
Шымкент қаласы,
№ 127 жалпы орта мектебінің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Сарсенбаева Куралай Айдарбековна**

Менің елім – Қазақстан

Жер шарының шимайланған картасында жер көлемі жағынан 9-орынды тұрған байтақ ел- Қазақстан! Аспанмен астасқан даласы, ақ жүрек халқы мен баласы, зәулім-зәулім бәйтеректей ғимараты, қойнауы байлыққа, егістігі астыққа толы өлке ол- менің өлкем!

Тұғырлы тәуелсіздігі, желбіреген байрағы, еліміздің тарихы мен дәстүрінен сыр шертетін ел таңбасы, әуелеген ән ұраны, ата заңы мен көш басшысы президенті бар Қазақстан дербес мемлекет!

Әлемнің 130-дан астам ұлтын бір шаңырақтың астына біріктіріп, ынтымағы жарасқан дархан ел бұл күнде бейбіт күн кешуде.

Өз тарихы мен салт-дәстүрі, әдебиеті мен мәдениеті, күн санап өркендеген өркениеті мен ғылымы бар мемлекетімді мен әрқашан мақтан тұтамын.

Топырағыңнан айналдым туған жерім, сенің кең пейіл халқыңмен, көк тіреген биік тауларың, ну орманың, телегей теңіз суларың, көз тартар әсем табиғатың менің көкірегімді кернеген мақтанышым!

Талай ақын мен жазушылар тіліне тиек етіп, жырына қосқан туған жерге деген махаббатым мені де бей-жай қалдырмады.

Бабалар қанын төккен байтақ жерім,

Аналар құрт қайнатқан дархан елім.

Сенде туып, сенде өстім өркендедім,

Сенімен мақтанамын туған елім!

Елімізде мақтан тұтарлық жарық жұлдыздарымыз өте көп, оның ішінде елімізді әлемге танытып, көк байрағымызды өзге елде желбіреткен жанып, сөнген жұлдыздарымыз Бекзат Саттарханов пен Денис Тенді алсақ болады. Ал қазіргі таңда өзінің күмбірлеген күміс даусымен бүкіл әлемді мойындатқан Димаш Құдайбергелді мақтан етемін. Мен де сондай жұлдыз болғым келеді.

Қазақ болып туылып, бейбіт елдің бақытты ұрпағымын !



Рыскелди Нұрила Нұрболқызы

Шымкент қаласы,
№69 ЖОББМ
7- сынып оқушысы



Жетекшісі: Томарбай Раушан Тойлыбайқызы

Әлемнің сегізінші кереметі

Шымкент пен Түркістан қалаларының ортасында жұрт аузында жүрген Екпінді ауылындағы «Қызыл көпір» болып аталып кеткен өзіндік тарихы бар көне жәдігер болып саналатын көпір бар. Қызылкөпір-қайталанбас құрлыс нысаны. Біздің өңірде Қоқан хандығынан кейін Ресей патшалығы 1864-1865 жылдары жаулап, өзіне қаратқан.

Бұл тарихи көпір ХІХ-ғасырда Патшалы Ресей кезінде, яғни 1884 жылдар да салынған, 1887 жылы пайдалануға берілген деген дерек бар. Бұл жол Ұлы Жібек жолы деген тарихта қалған тежеу бар. Яғни, біздің өңірде сол атақты Ұлы Жібек жолының бір тармағы өткен. Қытайдан жібек матасы алғаш өндірілген заманда, бүкіл Еуропа саудагерлері біздің өңір арқылы Қытайдан тауар тасыған. Бұл жолмен керуеншілер сауда-саттық, айырбас жасау үшін ары-бері өткен. Көктемде өткел бермес Бөген өзенінде қызыл су аққанда өзен суға толып, асау ағысы осы керуеншілерге ары -бері өтуге кедергі жасаған. Бұл көпірдің орнында ағаш көпір болған, бірақ ауыр жүк арқалаған түйе керуендеріне ағаш көпірден өту қауіпті болған. Керуеншілер патшаға губернатордың атынан шағым түсірді, ол кезде губернатор деген болған екен. Бұл жерге көпір үшін рұқсат алып, қазынадан ақша бөлінген. Бұл кезең Ресейдің де Қазақстанды өзінің отарына айналдыра бастаған кезеңі еді. Патша үкіметі бұл өңірді тез игеру, Шымкентте (бұл кезде Шымкент уезі деп аталған) қатынасты жақсару үшін жол және өзендерге көпір салуды қолға алған екен. «Уз. ССР, фолд 17, опиев 1 , ед, Хр 25477. «О перестройке моста черц Буген 1879г» құжат дәлел бола алады. Петербор деген қалада инженер Петровскийдің жобасы бойынша сол жақта жасалады. Темір жолмен Саратов қаласына жеткізген, өйткені осы жерге дейін ғана пойыз жол болған. Саратовтан бері қарай түйемен артып келген. Әуелі Түркістанға жеткізілген, содан кейін осы жерге алып келген. Бас шебері бір татар кісі деп айтады.

Көпірді жасау үшін сол кезде сотталған адамдардың еңбегін пайдаланған деген дерек бар. Өйткені өзен табанын қазу, оны тұрғызу үшін өте көп күш керек болған.

Көпірдің табанына өрілген қыштар сол жердің топырағын күйдіріп суыққа және ыстыққа төзімді етіп қыш жасаған. Екі ғасыр өтсе де асау өзеннің ағысына шыдап тұрған қыштың бірде- бір жері үгітілмеген. Ауыл адамдарының айтуы бойынша қышты илеу үшін биенің сүтін пайдаланған деген аңыз бар. Ал көпірдің қаңқасы болат темірден жасалған, дегенімен көпірді құрастырғанда бірде-бір болт немесе гайка пайдаланбаған. Бұл көпір темірден құрастырылған, ұзындығы 34 метр.

Осы көпірді құрауға өз еңбегін сіңірген осы елдің азаматы Қалдар атамыздың еңбегін атап айтуға болады. Ол атамыздың жас кезі болса керек, өзі темір ұстасы

болған, қол көрікпен темірді қыздырып құрастырған.

Қызыл көпір туралы ең алғаш деректі білген кісі сол ауылдың тұрғыны профессор наук Ислам ағай. Ташкентте Мемлекеттік архивте жұмыс жасаған уақытында қызыл көпір туралы жазбаны көріп, көзіне шоқтай басылады.

1984-1985 жылдары осы тарихи көпір туралы газетке мақала жазып шығарған, бірақ бұл жазба сақталмай қалған.

Қазіргі таңда бұл жерден Батыс Қытай – Батыс Еуропа жолы өткен. Осы көпірді 1962 жылға дейін елдің игілігіне жарап келді. 1962 жылы бұл жерге қазіргі заман талабына сай көпір салынады, бірақ сол көне көпірді тұрғындар көне жәдігерді сақтап қалу үшін бұзғызбай қасынан салғызады.

Екі ғасырдан бері келе жатқан көпірдің ағаштары тозып, бірнеше рет ауыл адамдары өз күштерімен ретке келтіріп отырған. Соның ішінде Таңатаров Оңласбек атамның еңбегін айта кетуіміз керек. Осыдан бес-алты жыл бұрын сол кісінің мұрындық болуымен, ауыл ақсақалдарымен бірігіп, Арыс қаласының әкімдігіне барып өтініш жасап, адам жүретін жолын қайта жаңғыртқан. Әйтседе, тарихи көпірдің тарихи көрнісімен, қалпын сақтап қалған.

Біз айтып отырған көпірдің астынан ағатын асау өзен бұрын түйе бойламайтын болған екен. Қазіргі таңда суы тартылып қалды. Өзен жағалауына «Білеміз ынтымақсыз іс оңбайды, Тартынып шу-шулеткен кісі оңбайды» деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай ынтымағы жарасқан, бірлігі күшті, берекелі ел қоныстанып, мал шаруашылығы мен егін шаруашылықтарын дамытып, бір-бірімен сыйласып, тату-тәтті өмір сүруде. Сонымен қатар бұл елде көптеген қызыл кітапқа енген грейг қызғалдағы мен дәрілік қасиеті бар дермене деген шөп өседі. Қызғалдағы жеріне көрік берсе, дермене шөбінің жазбайтын дерті жоқ екен.

Қазіргі таңда бұл көне жәдігер, тарихи маңызы бар нысан ретінде мемлекет қарауына өтіп, қорғауға алынған. Әйтседе бұл тарихи көпір ауыл арасындағы қатынас жол ретінде ауыл халқының игілігіне жарап тұр.

Осы көпірдің үстінен талай рет өтіп көрдім. Содан кейін осы көпірдің XIX ғасырда салынған деген жазбаға көзім түсті. Содан барып тарихи көпірге деген қызығушылығым оянып, іздене бастадым.

Нағашы атам Қалидин атамнан сұрастыра жүріп, осы елдің ел ағасы Жолдыбай атама барып, осы мағұлматтарды жинақтадым. Рухани жаңғыру тұсында өлкетану аясында тарихқа бай, шежірелі жердің тарихын жаңғыртсам деген ой келді.

Оңтүстік өңірде ашылмай қалған жерлер бар. Барымызды бағалап, тарихымызды жаңғырта берейік.





Абдусаттаров Рамазан
Шымкент қаласы,
Т.Тәжібаев атындағы
№81 ЖОББМ
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Уркенбаева Гульмира Анваровна**

Өмірге ғашық ақын

*Ғасыр ақын, өмірге ғашық ақын,
Кей сәттерде қиналса қысылатын.
Мына өмірге бар жанымен ғашық ақын,
Ғасыр ақын Өмірге ғашық ақын.*

*Ғашық ақын, өмірде асыл ақын,
Өткелінен өмірдің асып ақын.
Бақытына балаған халқын ақын,
Алаулаған от кеуде, жалын ақын.*

*Батыр ақын, өмірде алып ақын,
Өзегімді өртеген жалынды ақын.
Кім түсінер ақынның ақындығын,
Жанымды жаратқандай саған жақын.*

Ізін жалғар Мағжанның!

*Алаштың айбыны асқар Мағжаны,
Осы менен қазағымның бағы жанды.
Өмірі-өлең, жаны-жыр Мағжанымның
Жарық жұлдыз қазақтың арыстаны.*

*Өлең жырмен егіз еткен әр күннің,
Әнге қосқан ерлігі мен теңдігін.
Сөзі-алтын, ізі-өнеге Мағжанның
Өлеңменен өрнектеген ғұмырын.*

*Ойға түйдім ақиықтың жырларын,
Ақтарылған ішкі сезім, сырларым.
Ақындықтың арнасына бас қойып,
Тыңдадымғой жырлай берем жырларын.*

*Ізін жалғар ақынмын Мағжанның
Жырын жалғап үзбей өтем ардағым.
Болмасам да Мағжандайын ер тұлға
Мағжандарша жырлап өтем ел жайын.*

Мағжанға арнау

*Ақын көп қой Қазағымда туылған,
Мағжан ақын жыр жазуға бұрылған.
Абай Мұқтар Мағжандары қазақтың,
Ақындықтың ізін қуып танылған.*

*Ойлағасын Қазағымның жағдайын,
Мағжан ақын дана болған әрдайым.
Зар заманда өмір сүрген халықтың,
Жақсартуға тырысты ғой жағдайын.*

*Өзен-көлді талай кешіп өткен бе,
Өткізіпті қиын-қыстау күнді де.
Бірге жүрген халқыменен бірігіп,
Мағжан сырын ақындығын төкті ме?*

Қазағымның Мағжаны

*Өнерлі қазағымда ақын көп қой,
Солардың бірі Мағжан ақын ұл ғой .
Мағыналы, тәрбиелі жыр жазатын,
Мақтан тұтар ер тұлға батыр ұл ғой.*

*Табиғаттың өз тілі бар сенетін,
Орны бөлек қазақ үшін ұл едің .
Өлеңдері самал желмен теңселіп,
Көл түбінде тұнық мөлдір су едің.*

*Мағжандай бабамызды ұмытпайық,
Өнегесін жастарға ғұрыптайық.
Болашақ енді біздің қолымызда,
Ей, Қазағым текті ұлды ұмытпайық.*

*Мағжанды айта алмаймыз жай сөзбенен,
Тал бойынын өнер тамған ақын дер ем.
Сондықтан мақтан тұтам, мақтан етем,
Қазағымның Мажаны, Мағжан екен.*

Мағжанға айтар сырым.

*Мағжанымыз поэзияның саңлағы,
Өлеңдері ән -жырымның шаңырағы.
Орындалса әндеріңіз жаным жылып,
Нұрға оранған жүрегім жадырайды.*

*Мағжанымыз ақындардың дарасы,
Сыршыл жүрек, нағыз Алаш баласы.
Өзі өлсе де, өлеңдері өлмейтін,
Нағыз шебер поэзияның атасы.*

*Өлеңдері жарқыраған күн секілді,
Жүрегіммен сырласқан мұң секілді.
Сенімменен бойыңа күш жинатар,
Рухыңды нық көтерер үн секілді.*



Мирзахматова Дилдора Миржалоловна
Шымкент қаласы,
Қаратау ауданы,
№108 Хамза атындағы жоббм
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Избасарова Ақдарига Батырбековна**

Бақыт – әр адамның жүрегінде!

Адамның ең ұлы қасиеті – бақытты болуға талпынуы.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Біз, адамдар көбінесе «Бақыттымын» деп айтпаймыз. Сол сәт біздің бақытты шағымыз екенін де біле бермейміз. Уақыт өте келе барып, сол күндердің бақытты шақ екенін байқаймыз. Көңілімізге сәл қаяу түссе, өзімізді бақытсыз сезінеміз, өз өміріміздегі жеке басымыздағы шешімі табылмай жүрген мәселелерді ғана ойлап, абыржу хәлін тудырамыз.

Мен ойлаймын «бақыт» деген әр адамның жүрегінде өзінде бар нәрсесін қадірлей білсе, сол нәрсенің өзі адамға бақыт сыйлауы мүмкін. Сол сияқты әр адам жүрек жылуын өзгелерге төге білсе, өзгелер де оған солай өз мейірімін төгеді! Ал жүректері мейірім мен махаббатқа толы адамдар ең бақытты жандар! Әдетте, үлкен кісілер «бақыттың ішіне бәрі де сыяды» деп жатады, менің ойымша, бұл өте орынды сөздер. Мысалыға, біреу үшін өмірдің мәні денінің саулығына келіп тірелсе, енді біреуінің ойынша, ол отбасы мүшелерінің амандығы, тағы басқа адам өмірдің мәнін байлықтан іздейді. Есейе келе, менің де өмірдің мәні жайлы ой - пікірім өзгерген сияқты. Мысалыға, бала күнімде мен үшін өмірдің мәні - жаңа ойыншық, әдемі көйлек, ата - анаммен қыдырып, ойнауға негізделсе, ал қазір бойжеткенімде мен үшін өмірдің мәні - ол сабағымды жақсы оқып, ата - анамның маған артқан үмітін ақтап отырғаным.

Дегенмен де, әр адам өмірдің мәнін әр түрлі түсінгенімен де, барлық адам бақытты болуға лайықты деп ойлаймын. Бақытты болу үшін қандай да бір әрекет жасаудың керегі жоқ, мен ойлаймын осы өмірге келіп өмір сүріп жатқанымыздың өзі бақыт әрине егер өмір мәнін ұғына білсе!

Қуанышты өз ішіңізден табуға тырысыңыз. Өз-өзіңізбен бақытты болыңыз. Иә, өзімізді бақытты қылатын өзіміз. Бақытты болыңыз!



Тұрсынбек Диас Оразұлы
Шымкент қаласы,
Еңбекші ауданы,
№127 ЖОББМ,
7 «Д» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Тургунбаева Айсулу Акылқызы**

СӨЗЖҰМБАҚ



СӨЗЖҰМБАҚ

**МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ
ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

*Құрастырған: №127 ЖОББМ-тің
7«Д» сынып оқушысы Тұрсынбек Диас*

*Жетекшісі: Тургунбаева Айсулу
Акылқызы*



1. Алғашқы жазушылық сапары қай қаладан бастау алды?
2. 1917 ж. «Еңлік-Кебек» драмасы ең алғаш қойылған жер?
3. Әкесінің есімі кім?
4. Семейде оқытушы болып жүріп шығарған журналдың аты?
5. Қай рудан шыққан?
6. «Жетім» әңгімесіндегі кейіпкерді ата?
7. Кімнің шығармаларын көп тыңдап, жаттап өскен?

жауаптары



1. Алғашқы жазушылық сапары қай қаладан бастау алды?
2. 1917 ж. «Еңлік-Кебек» драмасы ең алғаш қойылған жер?
3. Әжесінің есімі кім?
4. Семейде оқытушы болып жүріп шығарған журналдың аты?
5. Қай рудан шыққан?
6. «Жетім» әңгімесіндегі кейіпкерді ата?
7. Кімнің шығармаларын көп тыңдап, жаттап өскен?



1. Қасым қай әңгіменің кейіпкері?
2. Мұхтардың атасының есімі?
3. М. Әуезов қандай тұлға?
4. Қай ауруханада қайтыс болды?
5. 1929 ж. жазған әңгімесі қалай аталады?
6. Шығармаларын оқу арқылы байлық артады?
7. 11 жасар Мұхтар ағасының тәрбиесіне өтеді.
8. Әжесінің есімі кім?
9. Қазақстанның қай өңірінде дүниеге келген?
10. Жазушы мақаласы Семейде қандай газетке басылып шықты?



жауаптары



1. Мұхтардың атасының есімі?
2. Қасым қай әңгіменің кейіпкері?
3. М. Әуезов қандай тұлға?
4. Қай ауруханада қайтыс болды?
5. 1929 ж. жазған әңгімесі қалай аталады?
6. Шығармаларын оқу арқылы байлық артады?
7. 11 жасар Мұхтар ағасының тәрбиесіне өтеді.
8. Әжесінің есімі?
9. Қазақстанның қай өңірінде дүниеге келген?
10. Жазушы мақаласы Семейде қандай газетке басылып шықты?





Серкебай Мерuert
Шымкент қаласы,
№ 127 орта мектептің
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Жұмаділлә Айханым Тойлыбекқызы**

Жалпы Қазақстандағы ең ірі теңіздің қазіргі экологиялық ахуалы туралы, олардың шешілу жолдарын қарастыру және болашағымыздың табиғатын сақтап қалу біздің міндетіміз.

Арал теңізі – Қазақстанның інжу-маржаны

Жарқыраған күн. Бұл Әлімбетовтер отбасына тамаша естен кетпес күндердің бірі болмақ. Себебі, олардың қызы Жанардың 13 жасқа, яғни мүшел жасқа толуын теңіз жағалауына барып өткізбекші. Таң сәріден бастап үй іші қызу дайындалып, түске қарай жолға шығып кетті.

- Әке, біз қайда барамыз? – деп Жанар әкесінен тосыннан сұрақ қойды.
- Қазақстанның тұзды көлі – Аралға барамыз.
- Ол жердің керемет екенін елестетіп тұрмын.

Осылай көңілді отбасы әне-міне дегенше Аралға келіп те қалды. Көліктен түспестен – ақ Жанардың көңіл-күйі су сепкендей басылды. Себебі, Аралдың көрінісі Жанардың елестеткеніндей болып шықпады. Суы салқын, көрінісі керемет теңіз, шын өмірде құрғап, тартылып кетіпті. Құрғап қана қоймай, тұздалып сол аумақта егін шықпай жатыр екен.

- Әке, теңіз қайда? – деді Жанар суы тартылып, тұзы бетіне шыққан Арал теңізінен көз алмай.

- Тартылып жатыр деп еді, бірақ бұншалықты суы құрғап, тұзды өлкеге айналғанын білмеппін. Иә, өкінішті-ақ! –деп күрсінді әкесі.


- Жүр мен сені оданда ойын орталығына алып барайын,- деп көңілі түскен қызын қалаға алып қайтты.

Міне, осылай Жанар өзінің төл мерекесінде Арал теңізінің бүгінгі күнімен бетпе – бет келгендей. Арал теңізінің бүгінгі жағдайы баршамызды ойландырары анық... Қоршаған ортаны аялайық!



Айымбет Абылай

А.Назарбеков атындағы № 87 жалпы
білім беретін орта мектептің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Шаймырзаева Бағила Алтынбековна**

Жұрт айтатын махаббат осы ма еді

*Жұрт айтатын махаббат осы ма еді,
Жұрт сөзінен жүрегім шошып еді.
Махаббатым менің бірақ ондай емес,
Ол басқа күллі әлем білсін енді.*

*Жұрт айтатын махаббат осы ма еді,
Жүрегім жалғыздықты тосып еді.
Алайда келді дағы бұл махаббат,
Шын махаббат ей, пенде, осы деді.*

*Осы ма еді шын махаббат осы ма еді,
Көңілімде жұрттың сөзі бөсіп еді.
Айтыңдаршы, бұл жұрт неге осыншама
Осыншама қорқытады осы мені.*

*Әлде менің махаббатым жас па әлі,
Жас па әлде көңілі бос па әлі.
Сыры неде білмеймін бірақ менің,
Жас жүрегім айналмады тасқа әлі.
Бұл махаббат жұрттыңкінен басқа әлі,
Бұл махаббат жұрттыңкінен басқа әлі.*

Төрт мезгілге деген сағыныш

*Құлпырып көктемдейін ғашық болып,
Көруге мөлдір көзін асық болып.
Естуге сыңғыр үнін бұлақтайын,
Бүршік атып, алып ұшып тасып толып.*

*Жаздай жайнап, жылынып жер қызарып,
Сағынып, күткен сайын күн ұзарып.
Түнімен сөйлесем деп телефонда,
Қалады атып арайлы таң бозарып.*

*Сарылып сары күздей сағынасың,
Сағынеееп, қалың көрпе жамыласың.
Көрпені алып құшағыңа жинағанда,
Бақытты еткен сол бір сәтке салынасың.*

Қыс келіп жаурағанда саның үсіп,
Жабасың жылы көрпе көңіл түсіп.
Қардай аппақ жанарыңа мұз қатқанда
Ерітем деп бір жылайсың көзің ісіп

Осылайша он екі айды өткізесің
Ұшқындатып көңіліңе шоқ түзесің.
Іштегі тулап жатқан от сезімді,
Төрт мезгілге өлең арнап жеткізесің.

Көңілім төрт мезгілдей алып ұшады,
Махаббатым өмірге деген құшақ-құшақ.
Елімнің бүгіні мен ертеңін ойлаған соң,
Өлең жаздым, данадай Абай құсап.



Абдивахаб Іңкәр Бекзатқызы

Шымкент қаласы,
Т.Рысқұлов атындағы
№25 мектеп-гимназияның
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Байбосын Фаридә Еркебайқызы**

Әлем балалар көзімен

Өзіміз білетіндей әлем қыр-сырлы, тамаша әлем. Біздің әлемімізде 7 миллиардтан астам адам бар және осы әрбір адам әлемге үлкен көмегін тигізіп отыр. Яғни адамдар әлем бөлшектері, тек қана адам емес сонымен қатар, біздің табиғатымыз, тауларымыз, көлдеріміз, жануарларымыз, тіпті біздің жәндіктеріміздің барлығы әлем бөлшектері. Әлемнің қызығы, жаны – Еуразия. Еуразияның жан-тәні Қазақстан. Ал Қазақстанның болашағы ол – жас балалар. Біздің болашағымыз түбегейлі осы жастарға қарап тұрғаны мәлім. Бұны біздің президентіміз Қасым Жомарт Тоқаев та мақұлдайды. «Балалар – болашағы еліміздің» деген сөздер бекерге айтылмаған болуы керек. Бүгінгімізді де, ертеңімізді де жалғайтын осы бір ұрпақ, яғни, жастар. Дәл қазірден бастап балаларды жақсы жолға салып тәрбиелеген дұрыс. Ең бірінші тәрбие ол ата-анадан. Ата-ана бала үшін не істеу керек? Ата-ананың басты мақсаты баладан ешнәрсе аямай, баланы қолдап, балаға мотивация беріп барынша баланың көңілін аулап өсіру керек. Әрі қарай балалар өздері алып кете береді. Кейбір кездері әлем балалар көзімен қызықсыз болып кетеді. Себебі олардың алдыларында жүрген достарының бірі кетіп, бірі келіп жатады, міне сол кездері балаларға әлем қызықсыз болып көрінетін секілді. Сол үшін үнемі баланың көңілін қызықты заттармен аулап отырған абзал.

Қорытындылай келе, біздің болашағымыз балалар екенін түсінеміз, бір сөзбен айтқанда «болашақ» атты қамалдың іргетасын қалаушылар - бізбіз, яғни жастар!



Бергалы Аймира
Шымкент қаласы,
З.Космодемьянская атындағы
№23 мектеп-лицейі
9-сынып оқушысы



Жетекшісі: Умирбаева Роза Абдукаримовна

Туристер Қазақстан туралы не ойлайды? (мақала)

Біз әртүрлі шетелдіктермен сөйлесіп, интервью алдық. Әсіресе Қытай, Америка, Франция және Корей едерінен келген туристермен тілдестік. Қатысушылар орта есеппен 22 жаста. Жалпы, көшіп келушілердің Қазақстан туралы не ойлайтынын білейік.

Олар негізінен «EF» бағдарламасымен келген. Қазір олар Қазақстанның Аль-Фараби ең үздік университетінде білім алады. Олардың айтқан сөздері бойынша, білім алу бізде жеңіл, себебі біз бағдарламаның артында тұрмыз. Бізде өте суық екенін байқалады екен, бірақ олар тек Нұр-Сұлтан қаласында болған. Оның артықшылығы – бізде білім беру оңай, халықтың өзіндік ерекше руханилығы, көптеген ашық даланың болуы. Біз көп ұлтты елге жатамыз – басқа ұлттармен ортақ тіл табамыз, салт-дәстүрлерді сақтаймыз. Бізде әдемі көрікті жерлер бар. Қорғаушы адамдар. Әсіресе жастар. Кореядан келген адамға жасөспірімдермен араласқанды ұнатты, өйткені қазір көптеген адамдар К-POP тыңдап, Кореяны жақсы көреді. Америкадан келген адамға еліміздің тыныштығы байқалады, себебі бізде төбелес, митингтер сирек болады.

Кемшіліктердің ішінде бізде экономика, көлік өнеркәсібі және құрылыс дамымаған. Атап айтқанда, Біз ғимараттарды ұзақ саламыз – бұны Қытайдан келген адамдар байқаған. Франциядан келген турист қазақтармен алғаш танысқан кезде, олар жақсы әсер қалдырады, бірақ одан әрі қарым-қатынасты тоқтатады, яғни өзара қарым-қатынасты дамытпайтынымызды байқаған.

Қорытындылай келе, көптеген адамдар өз отанына оралғысы келеді. Мен оларды түсінемін, өйткені әркім өз отбасымен бірге өмір сүруге дағдыланған. Сонымен, Қазақстан – өте жақсы ел. Мұнда өмір сүру жаман емес. Мен бұл елден көшпеймін.



Алихан Жания Жомартқызы
Шымкент қаласы,
Т.Рысқұлов атындағы
№25 мектеп-гимназиясының
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Байбосын Фарида Еркебайқызы**

Әлем балалар көзімен

Балалар – ата-аналарының болашақ ұрпақтары. Бұл әлемді балаларсыз елестету мүмкін емес. Осы әлемді көңілді, бақытты қылып жатқан балалар. Балалар болмаса, ұрпақтарымыз жалғаспай, тоқтап қалатын еді. Балалардың тәтті күлкілері, тәтті дауыстары, тәтті қылықтары біз үшін үлкен бақыт.

Ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне ерекше назар аударып, «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше құлыңша қина, он төрттен кейін құрдасындай сыйла» деп, баланың даму кезеңдерін осылай ерекше бағалай білген. Қазақ халқы бірінші туған баланы «тұңғыш», одан кейінгілерін «ортаншы», ал ең соңғы туған баланы «кенже» деп атаған. Балалар өскеннен кейін, ата-аналарын асырауға, сыйлауға, құрметтеуге тиіс. Баланың ата-ана алдындағы ұлы парызы мейіріммен, жақсылықпен өтелмек. Бала – ата-ананың көз нұры, көңіл қуанышы. Ұл-қыз ата-анасын қуанышқа бөлеп, бақытқа жеткізу үшін, ең әуелі, әдепті болуы керек. Әдепті болып өскен бала ата-анасының қас-қабағына қарап, қал жағдайларын айтқызбай сұрап және олардың жеп-ішу, киім-кешек, ұйқы-демалысын қадағалап, көңілдерін тауып тұрады. Бала өзін әлпештеп өсірген ата-анасын дәл солай әлпештеп аялауға міндетті, сәби шағында өзін қалай бағып-қақса, қартайғанда оларды да солай алақанға салып мәпелеуге борышты. Әдепті де адал ұл-қыз ата-аналарына көзі тірісінде қызмет көрсетулерімен қатар, дүниеден қайтқаннан кейін де оларды жиі-жиі еске алып, олардың өсиет-аманатын қалтқысыз орындап, қалып қойған қарыздарын өтеп, замандас-достарына құрмет көрсетіп, зиратына барып тұрады. Ендеше, баланы сеніммен тәрбиелеу – зор нәтиже береді деп ойлаймын.



Журген Асанали
Шымкент қаласы,
З.Космодемьянская атындағы
№23 мектеп-лицейдің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: Умирбаева Роза Абдукаримовна

Әдептілік

Қазақ халқының салтында үлкенді сыйлау әдептіліктің бір үлгісі болып табылады. Ата-ананы сыйлау, оларды қадірлеу, ізет көрсету адамның ең қастерлі қасиеттерінің бірі. Кіші үлкенді сыйласа, үлкендер де өз тарапынан оған лайық ықылас білдірген. Содан барып үлкен мен кіші арасында жарасымды қарым-қатынас орнаған. Ол әдетке айналып әдептілік ережелерін тудырған. Үлкендер отырған жерде сөз жарыстырмай, ізет көрсете білу, көңілге қарай сөз айту, қажет кезде өзінді ұстай білу халық дәстүрінде қалыптасқан қасиеттер. Әдептілік адам бойында бірден қалыптаспайды. Ол - біршама жылдардың, қоршаған ортаның, жақсы тәрбиенің жемісі. Ата-ана өз балалары үшін тәртіптілік пен сыпайылықтың, жарасымдылықтың, қамқорлықтың үлгісі, отбасындағы тәрбие құдіреті осында. Адамдар арасындағы қарым-қатынас әдептілікке негізделсе, жан-жағына жылуын шашады, әдепсіз болса қапаландырады. Адам - әуелі адамгершілігімен, әдебімен көрікті. Әдептілік-өзінді әр түрлі жағдайда мінез-құлықтың жалпы ережелеріне, эстетикалық, этикалық талаптарға сәйкес ұстай білу. Әдепті адам ыңғайсыздық тудыратын жағдайды болдырмауға тырысады. Әдепті болу үшін өзінді-өзің ойша болса да басқа адамдардың орнына қоя білуің керек. Әдепті адам өзінің басқа адамды жек көретінін немесе өте жақсы көретінін көпшіліктің алдында білдірмейді, бұл басқаларды ыңғайсыз жағдайда қалдырмау үшін қажетті. Адам мәдениеті жоғары болған сайын, оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы сыпайы бола түседі.



Базарбай Нұрбек
Шымкент қаласы,
А. Назарбеков атындағы
№87жалпы орта білім беретін мектептің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Азатбаева Фарида Орынбасаровна**

Сиқырдың құдіреті

Ерте, ерте, ертеде ауыл шетінде Шермендер отбасы өмір сүреді. Шермендер отбасы ұсталықты ата-бабаларынан бері кәсіп қылып келеді. Ақтан ауылындағы адамдардың аяқ киімдерін жөндеп, күн көретін жалғыз отбасы. Бұл отбасы еңбектерінің арқасында бақытты күн кешеді.

Ақтан атты шағын ауыл Жоңғарлардың жайлауына жақын орналасқан. Жоңғар әскерлері келіп, өз елінде азық таусыла бастағанда, Ақтан тұрғындарын қинап, азықтарын тартып алады. Солардың қолынан өлмес үшін, олар еңбек етеді. Барлығы осы үшін күресіп, Жоңғарлардың жойылуын тілейді. 70 жыл бойы Ақтан ауылының қиналғанын көрген тау бөктерінде тұратын кемпір оларға сиқыр жасай бастайды. Өзінің сиқырында осы ауылға батыр өмірге келсін дейді. Ол батыр Шермендер отбасында өмір есігін ашып, алып болып туылады. Жас нәрестеге Ерқазы деп ат береді. Ауыл ақсақалы азан шақырып, баланың батыр болғанын тілейді. Кішкентай кезінен ержүрек болып өскен бала 11 жасында соғысқа ауыл адамдарын жинап шығады. Оны күтпеген жоңғарлар ханына айтады. Кішкентай ғана бала ханды жекпе-жекке шақырады. Алып тұлғалы батыр бала ханның басын алады. Жоңғарлар алды-артына қарамай қашады. Ауылын қорғап өскен бала Ақтан ауылының ханы болады. Ел оны қатты құрметтейді. Ерқазы 100 шақты соғысқа аттанып, жау бетін қайтарады. Солай, солай Ақтан ауылы үлкейе бастайды. Шермендерді Ерқазы басқарып, ауылдың тұрмыс-тіршілігі жақсарып келеді. Ерқазы отбасы құрып, Рауза есімді қызға үйленеді. Одан бала туылып, азан шақырып баланың атын Сайман деп қояды. Ерқазы әке атанады.

Қыс. Ерқазы төсек тартып қалады. Мүлде тұра алмайтын жағдайға жетеді. Ханы ауыр халге түскен соң, ауыл күнкөрісі қиындай бастайды.

- Ойбай, басымыз бөлеге қалды.Түп-тамырымызбен қыратын болды,-деп Рауза зар қақсап жер тоқпақтап, жылай бастайды.

- Ей, бәйбіше, не көрінді саған, - деп Ерқазы сұрақтың астына алды.

- Не болғаны нес, жау шапты, жау!-деп болған жағдайды түсіндірді.

- Мен жауға төтеп беремін,-деп ауыл адамдарын жинап, көшуге көндірді. Олар келісіп, бастарын салбыратып қимастықпен Ерқазымен қоштасып, елден көшеді.

Ерқазы Сайманды шақырып:

- Балам, егер мен осы соғыста ажал құшсам, балаңның атын менің есімімен ата,-деп бұйырады.

Сайман кішкентай болса да, айтқанын түсінгендей:

- Жарайды,-деп әкесін құшақтап, қоштасты.

Ерқазы ауыр халде болса да жалғыз өзі Жоңғарға қарсы бара жатады. Алдынан

бір бетін бүркенген адам қарайып көрінеді, оны үйіне алып кетіп емдей бастайды. Солай Ерқазы дертінен айығып, аттай шауып кетеді. Жалғыз өзі Жоңғарлардың барлығын қырады. Бірақ мұның кім екенін білгісі келіп оны емдеген үйге барады. Онымен амандасып, қалай емдегенін сұрамақшы болады. Әлгі адам баяғы Ерқазыны батыр болып, ел қорғасын деп сиқыр жасаған кемпір болып шықты.

- Мен көпті көрген адаммын, - деп көз алдында ғайып болады.

Ақтан ауылының тұрғындары қайта оралып, ешқандай қиыншылықсыз күн кешеді.



Діллахан Аяулым
Шымкент қаласы,
Т.Рысқұлов атындағы
№25 мектеп-гимназиясының
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Байбосын Фарида Еркебайқызы**

Ал сен бұл жерлердің атауын білесің бе??!

1.   

2. 

3. 

4. 

5. 

6. 

7. 

8. 

Жасырынған сөз туралы не білесің?

Жауаптары:

1. Бурж Халифа
2. Сахара
3. Килиманджаро
4. Рашмор тауы
5. Ниагара
6. Стоунхедж
7. Ассы үстірті
8. Ақ орда



Уралов Демирхан
Шымкент қаласы,
З. Космодемьянская атындағы
№23 мектеп-лицейдің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: Умирбаева Роза Абдукаримовна

Арам ойын

Бір кезде Джек есімді қарақшы болған. Ол 14 жасынан бастап қарақшылыққа қосылып кеткен. Өзінің кемесінде ол ең жас болған, сол үшін Джекке әртүрлі жұмыс берген. Кейде командасымен қарақшылыққа түскенде, ол көптен қалып кетіп, тығылып пальманың үстінде ұйықтайды екен. Кеме капитаны оны көп ұрсатын, солай ақырғы кезде капитан оны күресуге шақырды. Кемедегілердің бәрі тамашалауға жиналды, өйткені бұл өте қызық оқиға. Джек қорықпастан күресуге келісті, бәс тым жоғары болды: егер Джек жеңсе, ол енді жұмыс істеуге мәжбүр болмайды, ал капитан жеңсе, Джек кемеңі тастап кетуі керек еді.

Сонымен бірінші айналым басталды. Қарсыластар қолғап киіп, палубаның бүйірлерінде тұрды. Капитан бірінші болып жақындады, ол өзінің Джектен артықшылығын сезінді. Алғашында Джек капитаннан аулақ болды, бірақ ол мұны түсінгенде Ұзақ уақыт бойы капитанның соққыларынан құтылу мүмкін болмайтынын түсінген ол алға қарай жүріп, капитанға соққы беруге тырысты. Бірақ бір кезде капитан күтпеген маневр жасап, Джектің бетінен ұрды. Ол құлап қалды, ал төрешілер тыныс алу үшін күресті тоқтату туралы шешім қабылдады. Джек палубаға барғанда, күміс сандықты тапты. Ол тамаша идеяны ойлап тапты: соққы күшті болуы үшін күміс тиындарды қолғаптарына салып алды. Сыртқа шыққаннан кейін ол өз қабілетіне сеніп, капитаннан қашқан жоқ. Капитан бұл туралы білмеді, сондықтан ол алға қарай жүрді. Капитан тербелгенде, Джек бар күшімен зор соққы жіберіп, капитанды нокаутқа түсірді. Барлығы таң қалды және Джек үшін қуанды. Капитан сөзінде тұрды, одан кейін Джек өзінің еркіне қарсы жұмыс істемеді.




Шухратбекова Нармина
Шымкент қаласы,
Молда Мұса атындағы
№5 жалпы орта білім беретін мектебінің
7 «Б» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Тажобаева Кульжазира Асатуллаевна**

Кроссворд «Әлем таныған Әуезов»



Көлденеңінен:

1. М.Әуезовтің туған жері
2. Киіз үй сахнасында қойылған «Еңлік-Кебек» пьесасы өткізілген жер атауы
3. «Абай жолы» роман-эпопеясы аударылған тілдердің бірі
4. М.Әуезовтің замана шындығын көрсететін шығармасы

5. «Қорғансыздың күні» әңгімесінің бүркеншік атауы
6. М.Әуезовтің анасының есімі
7. М.Әуезовтің «Абай » романы қай тілге аударылды?
8. Жазушы қайтыс болған қала атауы
9. М.Әуезовтің 1934жылы жазған драмалық шығармасы
10. Жазушы туған ай атауы
11. М.Әуезовтің алғашқы жарының есімі
12. Мұхтарды Семейге орыс мектебіне алып барған немере ағасының есімі
13. Ұлы жазушы М.Әуезовтің әжесінің есімі
14. М.Әуезовтің 1918жылы дүниеге келген алғашқы перзентінің есімі
15. М.Әуезов Шекспирдің қай шығармасын аударды?
16. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы қанды оқиғаның өткен жер атауы
17. М.Әуезовтің қыздарының бірінің есімі
18. М.Әуезовтің театр өнеріне үлес қосқан жанрларының бірінің атауы
19. М.Әуезовтің «Қазақтың өзгеше мінездері» деп аталатын алғашқы мақаласын бірігіп жазған жазушы
20. «Қорғансыздың күні» әңгімесінің басты кейіпкері
21. М.Әуезовтің Н.Гогольден аударған шығарма атауы
22. «Қараш-қараш» оқиғасының жанры

Жауаптары:

1. Семей
2. Ойқұдық
3. Чех
4. Тастүлек
5. Арғын
6. Нұржамал
7. Орыс
8. Мәскеу
9. Тартыс
10. Қыркүйек
11. Райхан
12. Қасымбек
13. Дінасыл
14. Мұғалима
15. Отелло
16. Қарашоқы
17. Ләйлә
18. Драматургия
19. Жүсіпбек
20. Ғазиза
21. Ревизор
22. Повесть

Жеткерген Даниал
Шымкент қаласы,
А.Назарбеков атындағы
№ 87 жалпы білім беретін
орта мектептің 10-сынып оқушысы

Жетекшісі:

Көкеммен болған әңгіме

Кеш. Қараңғылық көшелерді өз арбасына түсіргендей дала қап-қара түске енген болатын. Үйде жалғыз мен және менен бірнеше жас кішкентай балам (балам деуге себеп бар), үстелдің үсті шашыраңқы, кешкі астан кейінгі енді дем алып отырған күйімізде бала қасыма келіп үн қата бастады...

*- Көке, айтшы, айтам деген оқиғаңды,
Жетер, қойшы басымды сипағанды.
Қалай қайтты әкем... анам, айтшы маған,
Сонда қоям, бәлкім түнде жылағанды...*

*- Рас айтасың, балам менің, тыңда бері,
Айтар саған мән жайды уақыт келді.
Әкең сенің жақын досым, жастайымнан,
Анаңменен көру оны бақыт еді.
Ыңғайланып отыр да, тыңда мені*

.....

Ажал көпірі

*Аман шығып қыстан да, көктем келді,
Бұл жылы, көп күттірмей ерте келді.
Қыс... бірақ жалғыз емес, өзіменен
Сол бір қыздың жақынын ертіп кетті.*

*Тағдырымен ойнауға күші қалмай,
Ажалым осы ма деп ойға салмай.
Сұм көпірдің шетінде құлаймын деп,
Отырды бір қыз, болашағын ойлай алмай.*

*Түрлі ойдың айдынында шомылып,
Отырды да қарады артқа бұрылып.
Соңғы рет бір қарайынша артыма
Бәлкім, жаным, келер маған тіріліп.*

*Деп мойнымен артына бұрылғанда,
Көлігінен түсті жігіт бұралаңдап.
Жақындап сол қыздың отырған жеріне
Болмысынан анық екен, тұр алаңдап.*

- Бұл қайткенің қарағым, не болғанын
Айтшы маған, мен айтайын жән боларын.
Секірмек боп тұрған қызды көргенімде
Жүріп кетпей, саған кеп, дөп тоқтадым.

Көзіңдегі жастарын қыз жаймен сүртіп,
Отырғандай боп, сол жігітті ұзақ күтіп.
Ұзын бойлы, денелі бейтанысты,
Құшақтады, бөгде екенін тез ұмытып.

- Айырылдым, Бақытымнан, менің жалғыз,
Түріме бір қарасаңшы, маспын нағыз.
Жоғалтатын ештеңем жоқ болғаннан соң
Өлемін мен, кеш болмай сіз кетіп қаңыз...

- Қарындасым, қол жұмсауың өзіңе,
Ұтылғаның, тағдырдың сұм жүзінен.
Көлікке отыр, үйге барып сөйлесейік,
Асықпағын... ерік берші төзімге.

Бет орамал жігіт берген, қыздың жасын
Сүртіп, сол қыз көлік жаққа бұрды басын.
Жұмбақ жігіт көлігін оталдырып,
Үйге қарай жүрді де, газды басып.

Әне-міне дегенше, үйге келді.
Жасырын ұл, қызға ыстық кофе беріп.
- Ал, тыңдап тұрмын, сұлуым, айт назыңды,
Шындықты айт сұраймын, маған сеніп.

Тұңғыықтай көзіндегі жаспен бірге,
Отырды біраз үн қатпай, бас түсіре.
- Әкем кеткен жастайымда ажал құшып,
Кетті анам да артынан, соған ере.

Барымда сол, нарымда сол бағым еді,
Махаббатым, жалғыз жаным Бақыт еді.
Менде бары сол жігітпен бірге өткен
Қайталанбас, қайран алтын уақыт еді.

Бақыт өліп, өлді мендік жүрегімде,
Сұлу түрі тұр ғой әлі есімімде.
Сені көріп ойладым мен, Бақытжаным
Кіріп менің жаныңа келді ме деп...

Көз алдымда кетті ол да, өртке орап
Өмірімді менің соған жүрген арнап.
Қоштасам деп тұрғанымда тағдырыммен,
Сен кеп қалдың, бұрылғанда артқа қарап.
Кешір мені, мендік есім Сәуле болад...

- Сәуле, Сәуле, атың тәтті ғажап балдай,
Жүзіңде, көктем күні атқан таңдай.
Айтсам менде өзімді, Жарас болам,
Жалғызбын мен жапырақсыз жалғыз талдай

Бала едім, ата-анасы көп балаған,
Жалғызым деп мені анам көп атаған.
Ішкілікке құмар болып келді әкем менің,
Сонан анам арылуын, тез қалаған.

Өткен жылы, ішіп келді тағы бір рет,
Анам айтты, «Қойшы мұны, тоқтатшы», - деп
Әкем салып ашуға одан сайын,
Аяусыздан анамды сабады кеп.
Бала едім, ойладым ғой қояды деп.

Бірақ болмады, өлді анам шыдамай,
Жардан безіп кетті әкем де тұра алмай,
Шарап ішпеймін содан кейін, темекі де
Тартпаймын мен, әкем сияқты бола алмайм...

Тағдыр бізді көп сынапты, жетер енді,
Жаңбыр бітті, көрейік кереметті.
Досым бол, сен, жоқ демегің, тұр үйімде
Сендей жанды өзіме керек еттім.

Жерге жатам, кереуетке сен жайғас,
Тілеймін мен қайырлы түн қайталанбас.
Деп екеуі үнсіз ғана батты ұйқыға,
Алда не тұр, олар мүлдем болжай алмас.

5 айдан кейін

Аз уақытта жақын дос боп үлгерді олар,
Бір-біріне еш күмәнсіз сенген болар,
Сол күндері, асханада тамақ жасап
Тұрған Сәуле, Жарасқа қарап біраз:

-Сен болмасаң, батырым, жатармедім?
Сұм көпірдің астында, жаным шығып.
Мен бейбаққа, тоқтап сен, қалай келдің?
Не істер едің, секірсем алыс тұрып?

Құшақтады артынан кеп, Жарас қызды,
Мойынына қойды-дағы ыстық жүзді.
Олай деме, Сәулем менің, болмады ғой
Сен мұндасың, қосқандай сол тағдыр бізді.

Қара маған, жаным Сәуле, бер қолыңды,
Сен келген соң айырдым мен оң солымды.
Сен келгенде түнегімде жанды шырақ,
Сен келгенде суық жүрек тез жылынды.

Сен жоқ жерде қалай енді тұра алам?,
Сенсіз енді қалай өмір сүре алам?
Жарым болшы, жарығым, Сәулетайым,
Қане енді, жауабыңды айтқың ботам.»

«ИЯ, ИЯ, тағы да Ия, ақымағым,
Сені жалғыз қалай мен қалдырамын?
Білемін ғой, жоқ десем мен, көзіңде,
С-Ә-У-Л-Е деген жастардың ағыларын.

Жар боламын, Жарасыма жарасқан,
Бақыт барма дүниеде бұдан асқан?
Деп екеуі қосылып тағдырдың сол,
Ағы мен де, қарасымен бірге алысқан.

3 айдан соң
Тойы болды, екеуінің шағын ғана,
Тек достары, жас жұбай мен жазық дала.
Тойдан кейін екеуі ұзақ тұрды
Аспандағы жұлдыздарды Сен деп санап.

-Сәулетай, осы енді біз, жұп болдық қой,
Арамшөпті жүректегі біз жұлдық қой.
Айтшы маған, мен өлсем сен, нестер едің?
Соны ойланшы, жаман айтпай жақсы жоқ қой.
Жазғы гүлдей жүрегіңді бір тыңдап қой.

-Түү, Жарасым, сенде жоқты айтасың-ау,
Тойымыз ғой, ондай ойды қайтесің-ау.
Сен өлмейсің, қорықпа, мен бармын ғой,
Өлімге емес, мына маған, сенесің-ау?

Кішіпейіл дауысымен Сәуле айтты,
Екеуі, құшақтасып, үйге қайтты.
Қыз ойлады, «осындай зор ерім бар да,
Мен сорлыда басқа бір арман бар ма?»
Деген оймен керемет бір күйге батты.

Расыменде бұлай деуге себеп болды,
Жарас досым, қайталанбас сері болды.
Қалың қасты, денелі, ұшқыр ойлы,
Жарасқа да сұлу қызы керек болды.

Ол жігіт өлеңді көп шығаратын,
Сәулеге де арнау айтып қуантатын.
Бір сөзбенен екі жақсы қосылды да,
Бар ма енді күш екеуін айыратын?

Күндер өтті, апталар, бір ай өтті,
Осы уақыт екеуіне болды тәтті.

Сол бір күні, жұмыстан келді Жалғас,
Бұл жолы, біртүрлі боп, шаршап кепті.

Күтіп алды үйден оны тамағымен,
Сәуле жары, өзінің сұлу жанарымен.
- Шаршағансың-ау деймін, жатшы анда,
Қуантайын сені жақсы жаңалықпен...

Менде де бір жаңалық бар, олай болса,
Расында да, жатайыншы, жәймен босап.
Тыңда бері, жаңалыққа саналмайды,
Бірге алған сұр көйлек,- деп тентек құсап.

- Жоға жаным, көйлегің жәй дүние ғой,
- Тоқта Сәуле, маған бір жымия ғой.
Шыныменде сенбісің, қалайша сен
Бұлай дедің, шыныңды айтта, рас сөйлей ғой.

- Рас айтамын, алған көйлек бірге барып,
Қалады екен естігенде жолда қалып.
Енді бергің қолыңды, көзді жұмда,
Жүрекпен сез, не екенін сонда тұрып.

Қолын алып Жарастың, қойды ішіне,
Кішкене дәу, жаңа ұрпағы бар ішінде.
- Жарас енді екеуіміздің жалғасымыз
Ұл келеді, бірнеше айдың жүзінде !

Көзін ашып, Жарас бір сәт қуанды,
Сөйте тұра, құшаққа алып жылады.
- Қуанышты, әрине, бірақ менің
Ұйқым келді, жұмыстан кеп шаршадым.

Жасты сүртіп, көзіндегі, жатты кері,
Сәуле оның бұл қылығын түсінбеді.
Басын изеп, шықты ол қыз, бөлмеден,
Мұңды көрді, әлсіз оның жүректегі

-Қалай болды, Жарасым, бұл қайткенің?
Менің адал көңіліме су сепкенің?
Түсінбедім қуандың ба, жыладың ба,
Рас айтам, бұл емес еді менің күткенім...

Қыз да жылап, ол да жылап, таң да атты,
Оянғанмен бір-біріне тіл қатпады?
Кешке қарай шараптан аулақ бала,
Шарап ішіп, ала жібін өзінің-өзі аттады.

Ішіп келіп, үйіне, жатты құлап,
- Кешір, Сәулем,- деді де, кетті жылап.
Сәуле жатып қасына, құшаққа алып,
- Не болды саған, Жарасым?,- деді сұрап.

*Бірақ Жарас үн қатпады, содан кейін,
Ішті шарап, үйден Сәуле кеткенге дейін.
Байғұс Сәуле, кетер жері болмаған соң,
Менің үйім пана болды көпке шейін.*

*Жалғыздықтан шығуға кез келдірмей,
Хабар келді Жарастан да көп күттірмей.
Есік қақты, үйіміздің бір бейтаныс,
Жөнін айтып, хабарлады, үйге кірмей:*

*-Саламатсыз, көршісімін Жарастың,
Қиын күнде оған менде қарастым.
Сізді отыр, күтіп Жарас үйінде
Көргісі кеп, өлімімен таласып.
Кеттік үйге, бәріміз бір қарасып...*

*Сәулетайдың осы сөзді естігенде,
Тұрды қатып, қанжарменен кесілгендей.
Асықтырдым оларды мен, ертіп шығып,
Жарасқа да жеттік, оны көп күттірмей.*

*Кірсек үйге, есік ашық, тым-тырыс,
Ешкімнің де үні жоқ, тып-тыныш.
«Жарас» десіп, айқайласып, бөлмесіне,
Кірдік оның, тасып тұрды мол құлшыныс.*

*Бірақ мұнда Жарас болмады, тек денесі,
Жаны шығып кеудесінен, шықты елесі.
Қанға толы бөлме, жатқан тапанша,
Өз-өзінен алған екен есесін.
Расымен де, бұған қайтіп сенесің?*

*Жыладық біз денесінен құшақтай,
Кетті Жарас бұл өмірден ұзақтай
Қайттім енді, сорлы басым, Жарас барда,
Қатал өмір болған маған жұмақтай.
Кетті енді ол тағдыр, құрған тұзақтай
Кетті Жарас, енді ешкім қайтармайды,
Өлді,
Өлді..» деп Сәуле айқайлайды.*

*Көзді сүртіп қарағанда қасыма,
Бір қағаз тұр шифонердің басында,
Хат екен ол, досымның, соңғы жазған,
Дереу ашып оқыдым мен дауыстап...
«Сәулем менің!*

Адамдар бірін-бірі сүйеді екен. Содан соң біреуі өліп, саудыраған сүйек болып, жер астында қалады. Ол ештеңені де білмейді, сезбейді. Ештеңеге қиналмайды, ойламайды. Бірақ бар салмақ, бар ауыртпалық тірі қалғанға түседі ғой. Шіркін, шын сүйіспеншілікпен қосылған жандар өлмейтін болсайшы! Жоқ, мұным табиғат

заңына қайшы болар. Сол себептен де Жаратқан менің жанымды өзіне қайтарып алмақшы.

Бірақ мен өлсем де өлмейтін шығармын деп ойлаймын. Өйткені, мен сенің жүрегіңде және құрсағыңдағы ұлымның жүрегіңде мәңгіге өмір сүремін ғой. Сонда ол менің өлмегенім емес пе? Солай емес пе, Сәулешім? Солай деші, жаным! Екі ай бұрын дәрігер маған «Простите, у вас обнаружили смертельную болезнь. Вам осталось жить только около трех месяцев. Мне очень жаль...» деп айтқан болатын. Бірақ мен сенбедім. Рас екенін біле тұра сенбедім, сенгім келмеді. Өмірде қалуыма тек санаулы ғана күндер бар еді. Мен бірақ әлсіздік танытып, ішімдікке салынып кеттім. Сен мені оным үшін жазғырдың! Содан кейін сен үйден кеткен соң қараңғылық түбіме жетті. Абайдың өлеңінде бар еді ғой:

Сәулең болса кеудеңде,

Мына сөзге көңлің бөл.

Егер Сәулең болмаса,

Мейлің илан, мейлің күл. Сол сияқты ең керек уақытыңда сенен айырылып, ажалымнан ерте кетуді жөн көрдім. Бірақ мен сені айыптамаймын, тек сені қалай сүйгенімді жеткіземін деп жазып отырғаным ғой, қалқам. Айтпақшы, бүгін 14 февраль екен ғой... Екеуіміз көпірде танысқан уақыт, есінде ме? Ал менің ол күн кешегідей әлі есімде. Сен қырсығып секірем деп тұрып алғаның, менің өзімше сені құтқарғаным. Сол қырсық мінезінді ұнаттым ғой білесің бе оны? О дүниеге кетпес бұрын сенің күннің нұрына бөленген шұғылалы жүзіңді көріп, ұзын шашыңнан бір иіскесем бе деп едім. Болмады. Денем суып барады.

Бұл ісімнің бәрі әлсіздігім шығар, бірақ сен батыл бол. Досым жақсы азамат, көңілін тауып жатсаң жар бол. Барым да, нарым да сен едің және сен болып қаласың. Менімен болағаныңа рақмет! Кеш мені, Сәулешім. Баланың бетінен менің атымнан сүйіп қой. Мына жолдарды ақырғы сөзім деп біл:

Сөзім жоқ дәл осылай болуында,

Бар қайғы, қалың дертім менің мұнда:

Көңілдің баяғыдай мінезі жоқ,

Соғады жүрек зорға, келші, тыңда.

Жоғалды, батты, кетті сәулем-Күнім,

Жайнаған жүз құлпырып қызыл гүлім.

Сәулесіз, Айсыз, Күнсіз қараңғыда

Өтермін қайғырумен шықпай үнім.

Жалғанның бір көрермін көп пен азын,

Өмірімде енді болмас жылы жазым.

Енді бір өлгенім де, жүргенім де,

Қолымнан ұшқаннан соң ерке назым.

Жә, көп сөйлеп кеттім ау. Қош Сәулем. Шынайы махаббатпен сенің Жарасың.
14 февраля, 2006 года.»

Хатты оқып мұңға баттық бәріміз,

Іштей өлдік, тірі жалғыз тәніміз.

Солай өтті күндер, айлар, сағаттар,

Бақытсыз боп, кетті біздің сәніміз.

*Өзін қинап, туды анаң сені де,
Өміріңе сенің қосты мені де.
Сен келген соң өмірге, Сәуле байғұс,
Барды тағы сол баяғы көпірге.*

*Мен де бардым артынан, құтқарам деп,
Үлгермедім сұрап одан бұл қалай? деп.
Бірақ анаң қарамады артына,
Ойладым мен, маған қарап бұрылады деп*

*Көз алдымда секірді сұм көпірден,
Кетті артынан Жалғастын, кетті өмірден.
Солай сені баққан осы күнге дейін
Жалғыз менмін, саған қарап, көрінген...*

Дедім дағы, дәптерімді жауып, балаға ұйықта дегендей ым бердім. Ол да үн қатпай орнына жайғасты, бір-екі сұрақ қойғысы келгенін көзінен байқадым, бірақ сөйлеуге мұршасы болмады, жаным-ау, сөйлемеді. Жасы небәрі он бесте, сәуірде 16 ға толады. Өмірі әлі алдыңда. Соны ойланып жатып менің де көзім ілініп кетіпті. Ең қызығы, ертесіне көзімді ашсам бала жоқ. Үйдін айналасын бәрін тінтіп шықтым, тірі жанның дауысы шығар емес.

Алайда, жастығының астынан қағаз таптым, бала әкесіне тартқан екен, хатты ұнатады екен дедім де оқуға бастым.

«Кешіріңіз, сізге алғысым шексіз. Сізден көпірдің қайда екенін сұрағым келген, бірақ қаламызда бір-ақ көпір барын есіме салдым. Түні бойы көз ілмедім. Сізге көп-көп рақмет! Мені көргіңіз келсе көпірдің астына қараңыз. Біз отбасымызбен сізге қол бұлғаймыз!»

Көзден төгілген жас, хатты әрең оқытты. Оның бір жаққа шыққанын мен негізі көрген болатынмын. Бірақ, бұл жолы тоқтатпадым...

Өмір, өмір шіркін ғажап қой. Баламды ертіп, үйге келдім. Баламның есейіп қалғанын сонда білдім. Айналайын, жан балам, «әкең жетпеген бақытқа сен жетуге тиістісің» - дедім іштей.

Ойлар

*Қайғы жұттым, байладым наз бен мұңды,
Жаман ойлар айдады, тас пен құды.
Көп ойлаймын, тоқтатар күш бар ма екен деп,
Жүректегі алаулаған тасқын суды?*

*Жақсыны да, жаманды да ойға аламын,
Өткен күндер сарынымен толғанамын.
Басымдағы килограммдық жалғыз бөлшек
Ауыр болды барлығынан тонналардың.*

*Тағы ойлаймын, мен бейбақта шара бар ма?
Алды-артың жалған күлкі, айла бар да?
Бақытыммен бетпе-бет шықсамда мен,
Ол бір сорлы менен теріс айналар да.*

*Жарымжанмын, жартымды сол Құдай алған,
Әр көз жасым оны терең ойға салған.
Мен мұңайсам жалғыз үміт сонда ғана,
Тәңірімнің құлы болу бұл қай Арман?*

*Жас болсам да қайғым бар жүрегімде,
Жүрегіме байқап кір кіреріңде.
Таудан ауыр бір мұң жатыр, қарап көрсен
Ұмытасың жүзіңдегі күлкініде.*

*Бұл сынақты көтерермін ұзақ болған,
Бала кезден жабысқан, тұзақ болған.
Әрбір қыстың артынан жаз келед дейд,
Бірақ менің жазым қайда құрып қалған?*

*Қараңғылық, жалғыздықтың уын іштім,
Тірі тұра жаны жоқтың күйін кештім.
Мақтансүйдім, ойнадым, күлдім біраз
Жасырдым сол мұңды көзді, амал нешік?
Осылайша өтіп жатыр шіркін өмір,
Жай табады екен қашан мендік көңіл?*



Адырбекова Инжу
Шымкент қаласы
З.Космодемьянская атындағы
№23 мектеп-лицейінің
9-сынып оқушысы



Жетекшісі: Умирбаева Роза Абдукаримовна

Өткен ғасыр мен қазіргі ғасыр

Бүгінгі қоғам бұрынғыдан мүлде бөлек. Қазіргі уақытта әлемде әртүрлі салаларда технологиялар дамып келеді. Технология медицинада, бағдарламалауда, тіпті әрбір адамның күнделікті өмірінде қолданылады. Қазір технологиялар барлық адамдарға қол жетімді және барлығы оларды үнемі қолдануға дағдыланған. Бірақ техника онша дамымаған заманда адамдар қалай өмір сүрді? Ол кез қазіргіден жақсы болды ма? Технология өмірімізді қалай өзгертті және соның нәтижесінде қоғам дамыды ма? Мысал ретінде балаларды алайық. Бұрын технология жақсы дамымай, кең таралмаған кезде балалардың өмірге деген қызығушылығы артып, қызығып, үнемі өздрін мазалаған сұрақтарына жауап іздейтін. Ол кезде балалар көп оқитын, көшеге жиі шығып, дамып, ең бастысы қарым-қатынас жасайтын. Өйткені, біздің қоғамымыз да, өміріміз де коммуникацияда құрылады. Содан балалардың ой-өрісі кеңейіп, әркімнің дүниетанымы әртүрлі болды. Өздеріне қажетті ақпаратты табу үшін олар кітапханаларға барды, сонда оқыды, үлкендерден сұрап, барлығына көбірек қызығушылық танытты. Қазір балалар бар уақытын телефонмен өткізеді. Олар өте аз оқиды, қозғалмайды, дамымайды, өмірге қызықпайды, ең бастысы араласпайды. Сондай-ақ, барлық уақытын телефонмен өткізген балалардың көру қабілеті нашарлайды, олардың қиялдары дамымайды, олар жай ғана қалыпты сөйлей алмайды. Олар мұны істей алмайды. Өз ойларын қалай жеткізуді білмей, олар жай ғана коммуникативті емес, қызықсыз және өз ойын тұжырымдай алмайды. Яғни олар жай ғана қарым-қатынас пен өмірге деген қызығушылықты жоғалтады. Әрине, технологияның көмегімен медицина жақсы дамып, күнделікті өміріміз жеңілдеді, бірақ сонымен бірге аурудың түрлері де көбейді.

Әрине, бүгінгі ұрпақ еліміздің болашағымыз саналады. Технологияның маңызды екені даусыз және оны одан әрі дамыту қажет, бірақ сонымен бірге адам өзінің адамдық қасиетін ұмытпауы керек. Адамдар еңбекқор, қызықты, ақылды және көпшіл болып қалуы керек.



Ким Яна
Шымкент қаласы
З.Космодемьянская атындағы
№23 мектеп-лицейінің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: Умирбаева Роза Абдукаримовна

Дүниеде не ұлы?

Өмір бойы сіз біздің әлемнің сұлулығына таңдана аласыз. Әлемде нені көруге болады соншалықты әдемі?

Өмірдің сұлулығы – айналамызда. Айналадағы әлем әртүрлі дыбыстар мен иістерге толы. Дүниенің әдемі болмауы мүмкін емес, өйткені оны адамдар жасайды, ал қоршаған орта - табиғат, тау-тас, өзен-көл және жай ауа-райы өз уақытында өзінше әдемі. Сұлулық туралы айтқанда, барлық білімнің ең үлкен қайнар көзі – кітаптарды айтпай кетуге болмайды. Кітаптар – күшті білімнің қайнар көзі. Табиғаты сондай тамаша дүние емес пе? Әрбір адам экология мен табиғатқа қамқорлық жасай бастаса, онда біздің планетамыз әлдеқайда таза және әдемі болады.

Отбасы – өмірдегі ең маңызды нәрсе! Мен үшін өмірім және ондағының бәрі әдемі! Әлем әртүрлі эмоцияларға толы. Қуаныш, бақыт, махаббат, қайғы сияқты. Біз бастан кешірген барлық эмоцияларды бағалауымыз керек. Сондықтан біз өзімізді тірі және толыққанды сезінеміз. Әрбір сезім өзінше әдемі және бірін-бірі толықтырады. Әрине, бәрі қалыпты жағдайда қажет. Артқа қарап, өткенге тоқталмаңыз. Бұл өмірді жарқын және ерекше өмір сүру керек! Әлем өзінің ерекшелігімен және пайдалануды қажет ететін мүмкіндіктерімен әдемі. Мен үшін дүниедегі сұлулық – шығармашылық, табиғат және адамдар. Мен үшін бұл шабыт пен релаксация көзі.

Әр сәтті бағалап, ұсақ-түйектен ләззат алу керек деп есептеймін.




Сивачева Кристина
Шымкент қаласы
З.Космодемьянская атындағы
№23 мектеп-лицейінің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: Умирбаева Роза Абдукаримовна

Кроссворд



1. Жүннен жасалған аяқ киім
2. Ерлер мен әйелдердің сырт киімі
3. Күннен қорғайтын мата
4. Түйе жүнінен жасалған жеңіл жазғы киім
5. Жұқа киізден жасалған кемпингтік жадағай
6. Бағалы былғарыдан жасалған тон
7. Түркітілдес халықтардың дәстүрлі ет-ұн тағамы
8. Қонақтарды қарсы алуға арналған үстел
9. Бие сүтінен ашытып жасаған сусын
10. Ел билеуші және Бас қолбасшы
11. Қазақ ақыны, композитор, ағартушы, ойшыл
12. Қазақша жыл басы
13. Көктемнің соңғы айы
14. Атақты массагет патшайымы

Жауаптары: 1) шалбар; 2) шапан; 3) кенеп; 4) шекпен; 5) кебенек; 6) ішік;
7) бесбармақ; 8) дастарқан; 9) Қымыз; 10) хан; 11) Абай; 12) наурыз; 13) мамыр;
14) Томирис.



Қарабай Нұрай
Шымкент қаласы
М.Жұмабаев атындағы
№39 жалпы орта білім беретін мектебінің
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Раимжанова Атина Сатархановна**

Қазақ халқының салт-дәстүрлерін жаңғырту

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.
Н.Ә.Назарбаев

Менің аты-жөнім Қарабай Нұрай Әкем Талғат, анам Динара және аға, іні сіңлілерім бар. Мен үйдегілердің бесіншісімін. Менің ата-анам екеуі де үлкен отбастарында тәрбие алып, өскен. Ағайын-туыстарымыз бір-бірімізге қонаққа барып, тығыз қарым-қатынастамыз.

*Алыстан алаш десе, аттанамын,
Қазақты қазақ десе, мақтанамын.
Болғанда әкем – қазақ, шешем – қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын.*

Әр ұлттың өзінің салт- дәстүрі болады. Сол сияқты қазақ халқының өзіне тән қалыптасқан дәстүрлері бар екендігі бәрімізге мәлім. Бұл ертеден келе жатқан дәстүрлер ұрпақты инабатты, тәрбиелі, парасатты, саналы болуға тәрбиелейді. Мен де келешекте сондай азамат болып өсуді армандаймын. Біз өзіміздің салт-дәстүрімізді сақтаймыз, себебі бізге әжеміз бен атамыз үнемі айтып отырады. Өз халқының дәстүрін білу әр адамның міндеті деп ойлаймын.

Көшпелі және рулық -тайпалық негізде құрылған халықтарда туыстық байланыстар қоғамдық қарым-қатынастың негізін қалайды.

Рулас ағайын, туыс, аталас, бір ата баласы, бір әке баласы туыстық байланыстан туындайтын парыз бен қарыз міндеттер өте көп.

Олар қазақтың ғұрыптық заң-салттарымен бекітілген.

Отбасында негізгі туыстық қатынас – ерлер жағымен есептелген. Сонымен қатар әйел жағымен де туыстық байланыстардың атаулары бар. Қыздан туған балаларды жиен деп атап, балалар үшін шешесінің туыстары нағашы, нағашы жұрт деп аталды. Қазақ салты бойынша жиенді ренжітуге болмайды, сұрағанын беріп, көңілін жықпауға тырысқан. Жалпы алғанда, қазақтың туыстық қатынас атаулары 90-ға жетеді. Отбасы – адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі.

Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың

балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» - деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып тұр емес пе? Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін шеше, бұлар – жанұя мектебінің ұстаздары болады. Әке мен шешенің баласына қоятын ең бірінші басты талап- тілектері - баланың «әдепті бала» болып өсуі.

Сондықтан қазақ жанұясы әрдайым: « Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма» деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып өсірген. Қазақ отбасында өз баласын мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірген. Үнемі жанұясында осылай тәрбие көрген бала ақырында, өздігінен тіл алғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болып шыға келеді.


Мен халқымыздың біраз жаңарған салт-дәстүрлері туралы оқыдым.

Бесіке салу



Нәрестені алғаш бесікке бөлеу рәсімі. Бесікке саларға шақырылған ауыл-үйдің әйелдері шашуын, жол-жоралғысын ала келеді. Баланы алғашқы бөлеу үлгілі ұрпақ өсірген қадірменді әйелге тапсырылады. Ол өзінен басқа тағы бір-екі келіншектің көмегімен бесікті жабдықтайды, сәбидің әжесі не шешесі түбектің тесігінен балаларға тәтті үлестіреді. Осыдан кейін бесікті отпен аластап, баланы бөлейді. Бесікке салған әйелдерге көйлек, жаулық сияқты сый тартылады. Үлкендер батасын беріп, баланың ер жетуіне, ананың үбірлі-шүбірлі болуына тілектестік білдіреді және бесік жыры айтылады.

Қырқынан шығару



Туғанына қырықкүн толғанда баланы қырқынан шығарады. Қырқынан шығаруға жиналған әйелдер баланы теңге, сақиналар салынған тегешке шомылдырады. Әйелдердің үлкені «Отыз омыртқаң жылдам бекісін, қырық қабырғаң жылдам қатсын» деп, баланың үстіне қырық қасық су құяды. Сақиналарды баланы шомылдыруға қатысқан әйелдер бөліседі. Келесі кезекте баланың шашын, тырнағын алады. Шашын шүберекке түйіп, киімінің иығына қадайды. Тырнағын адам баспайтын жерге көмеді. Бала қырқынан шыққанға дейін киген ит жейдесіне тәттілерді түйіп, иттің мойнына байлап қоя береді.

Тұсау кесу



Тұсау кесу – сәби қаз тұрғаннан кейін тез, жығылмай, сүрінбей жүріп кетсін, болашағы жарқын болсын деген тілекпен жасалатын дәстүр. Арнайы дайындалған ала жіппен баланың аяғын тұсап байлайды. Жіпті қадірлі, ісі алға басып тұрған, ері жылдам, сүрінбей жүретін адам кеседі. Бұл – бала осы адамға тартсын деген тілектен туған рәсім.

Сүйінші



Сүйінші – қуанышты хабар әкелушіге берілетін сыйлық. Дүниеге жас нәресте келуін, келін түскенді, алыстағы сағынған адамның келгендігін, жоғары атақ, үлкен сыйлық берілуін, т.б. қуанышты сәттерді алғаш хабарлаушы сүйінші сұрайды. Сүйіншіге бағалы зат немесе ақша береді.

Қуанышты хабар жеткізуші адам «сүйінші-сүйінші» деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі «қалағаныңды ал» дейді. Немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл қуанудың, ризалықтың белгісі. Сүйінші сұраудың да, оның сүйіншісін алудың да ешқандай сәкеттігі жоқ.

Көрімдік беру



Жаңа туған балаға, жас келінге, ботаға тағы басқа алғаш көрген сәтте көрімдік сұрау халықтың ежелгі және лайықты дәстүрі. Мұның маңызы алып, беруде ғана

емес жақын-жуықтың адамгершілігін, ниетін, ашыққолдығын да танытудың белгісі ретінде қаралады. Байғазы мен көрімдік екеуі екі басқа ұғым. Көрімдік адамға, жандыға, байғазы көбінесе жансыз дүниелерге қатысты айтылады.

Сырға салу



Ұзатылып шығуды шешкен қыз үйіне жігітті таныстыру күнін анасымен кеңесе отырып, белгілейді. Болашақ құдалар сый-сыяпатымен, алтын сырғасымен қыздың үйіне келіп, танысады. Сырға салуға екі жақ арнайы дайындалады. Қыз бала өзіне киер көйлек таңдап, әлек болады. Анасы үйдің тазалығын, жайлылығын, дастарқанын ойлап, уайымдап жүреді. Әкесі кеше ғана мойнына асылып жүрген қара қызының бой жетіп, басқа үйге кеткелі жүргеніне қапаланады. Ал жігіт жағы қызға тағатын сырғаны таңдап, ата-анасына сыйлық іздеумен болады. Соншалықты ұзаққа созылатын дайындық бірнеше сағаттың ішінде зу етіп өтеді. Өзінің теңін тауып, бақытты болуды аңсаған ару алтын сырғаны құлағынан шешпей, жаңа өмірге психологиялық тұрғыда өзін дайындай жүреді.

Қыз ұзату



Бүгінгі қыз ұзатудың жөні мүлдем бөлек екен. Мен өзім зерттеулерімде аңғардым. Әрине, ескі салттың қалдықтары бар, бірақ заманның ағымына қарай көптеген салт-дәстүрлер ұмыт болып, жаңа дәстүрлер енген. Мысалы, қызды үйден шығарып саларда төселетін тазалықты, адалдықты білдіретін ақ мата «Ақ жол» үстіне кейінгі кездері раушан гүлінің гүлжапырақшаларын шашу пайда болды.

Қорытынды

Ата дәстүрі бойынша әрбір ұрпақ қазақтың тарихын, салт - дәстүрін, әдет - ғұрыптарын, өсиет - өнегелерін өзіне үлгі тұтуға тиіс. Салт - дәстүрлерді зерттей келе менің көңілге түйгенім және ұққаным – оның адам өміріндегі алатын орнының маңызды екені, тәрбиелік мәнінің зор екені. Мен оның адамды ізгілікке, қонақжайлыққа, мейірімділікке, сыйластыққа баулитынына көз жеткіздім. Бұл

болашақ ұрпағынан зор үміт күтіп отырған халқымыз үшін маңызды. Біз өз ұрпағымызды білімді де тәрбиелі, өнегелі де ізетті, мейірімді әрі қайырымды, қонақжай етіп тәрбиелегіміз келсе, халықтық салт - дәстүрге, оның ішінде көне салт – дәстүрлерді қайта жаңғыртып, ерекше мән беруіміз керек.

Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени салт - дәстүрлерімізді ұмытпауымыз керек. Ата тегін ардақтау дәстүрі, көбінесе отбасында, мектепте, балабақшада сөз болып отырса, кейінгі ұрпақ қазақтың салт – дәстүрлерін бойына сіңіріп, тәрбиелік мәнін білер еді деп ойлаймын. Салт - дәстүр, әдет -ғұрып - халықтың рухани өзегі, тілінің тірегі, мәдениетінің арқауы, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан дәстүрді халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, көздің қарашығындай сақтап, ілгері дамытып отыру – өркенді де өнегелі іс. Салт – дәстүрді дәріптеп, мектептерде жаңа пән ретінде енгізілсе, мен сияқты жас буынның мектеп қабырғасында ұлт мәдениетінің нәрімен адамгершілік асыл қасиеттер үлгісін санаға сіңіруіне жағдай жасалар еді деген тұжырымға келдім. Бұл болашақ ұрпағынан зор үміт күтіп отырған халқымыз үшін маңызды.



Тоганбаева Зулфира
Шымкент қаласы
№111М.Маметова атындағы
ЖОББМ
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Ахмедова Дилфуза Турсункуловна**

Қанат бітірген асыл сөз

*Атадан қалған асыл сөз
Таза мінсіз, асыл сөз,
Ой түбінде жатады.
Ой түбінде жатқан сөз,
Шер толқыса шығады.
Асан қайғы*

Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры – шешендік өнер. Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөздер – ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра, асыл қазына. Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билерден басталып (XII-XIII ғғ.), Жиренше шешен, Асан қайғы (XIV-XV ғғ.) есімдерімен қатысты калыптасып, өркендей түсті.

Шалғез, Бұхар (XV-XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелергежалғасты. Шешендік өнерінің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV-XVIII ғғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді.

Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі, аңыз әңгімелерден, өлең-жыр, дастандардан ұшыратамыз. Осы сөз өнерінің кең қанат жайып, орнығып дамуында тапқырлық пен шешендіктің тамаша нұсқалары – жыраулар толғаулары, айтыстар мен мақал-мәтелдердің орны ерекше.

Шешендер сөзі – халқымыздың тілдік қазынасы. Ол көркем әдебиетіміздің калыптасып дамуына белгілі дәрежеде үлес қосқан ақын-жыраулардың арнау, толғау сөздеріне ұқсас болып келеді.

Ертеден-ақ, халқымыздың өзіндік басқару жүйесі болды. Ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеген, әділін айтқан шешендері, білімпаз билері болды. Би – халықтың көкейіндегісін айтқан, ойын жарыққа шығарған әділет жоқшысы. Қазақтың атақты билері Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекеден қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес.

Шешендік сөздерге тән ерекшеліктер. Біріншіден, қазақ шешендерінің сөздері жазбаша емес, ауызша айтылып дүниеге келеді де, одан кейін бірден-бірге жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді.

Екіншіден, айтыла келе бастапқы нұсқа қалып өзгертіліп отыруы мүмкін.

Үшіншіден, шешендік сөздер кейінгі айтушылар тарапынан қажетіне қарай өзгеріп қолданылып отырған.

Шешендік сөз ақындар айтысы сияқты сөз тартысы дау үстінде, ел тағдыры талқыланған ұлы жиын кеңес кезінде, оңаша ой толғау не сұхбат, әңгіме-дүкен барысында арнау, сәлем, өсиет түрінде де өмірге келген.

Шешендік сөздер көбінесе түсінік сөзден басталады. Түсінік сөзде айтылмыш шешендік сөздің немен байланысты, қандай жағдайда туғандығы мен кім айтқандығы баяндалады.

Шешендік сөздің, айтылар ойдың негізі – мазмұн. Сөз нақтылы, нені айтса да сендіретіндей, иландырып қарсыласын мойындататындай дәлелді айтылған.

Жазба әдебиетіміз дамыған кейінгі дәуірде шешендік сөздер саптан шыққан жоқ. Заманға сай жаңа мазмұн, жарасымды тұр тапқан шешендік сөз нұсқалары көбейді.

Шешендік сөздің шыны – айтыс. Мұнда ауыз әдебиетіне тән барша қасиеттер тоғысқан.

Шешендік сөздер мән-мағынасының тереңдігімен ғана емес, сондай-ақ тақырыбының кеңдігімен де ерекшеленеді.

Ш.Уәлихановтың: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған өкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болған. Би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған», – деген сөздерінен би – халықтың көкейіндегісін айтқан, жарыққа шығарған әділет жоқшысы екенін танимыз.

Кезінде Ахмет Байтұрсынов: «Әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді», – деді. Демек бұл қастерлі мұра – шешендікпен айтылған билер сөзі ұмытылмайды, қай кезде болса да халық жадында.

Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың



Жантуар Нұрсұлтан
Шымкент қаласы
З.Космодемьянская
атындағы №23 мектеп-лицейінің
10 «Б» сынып оқушысы



Жетекшісі: Умирбаева Роза Абдукаримовна

Ақпарат туралы ертегі

Ежелгі уақыттарда бір жас жігіт өмір сүріпті. Оның ата-анасы оған жақсы тәрбие берген еді. Алайда, жігіт туылғаннан бері адамның бәріне бар жанымен сенетін және оның ата-анасы бұл ерекшелігіне көңіл бөлмейді екен.

Бір күні, әлгі жігітке оның әкесі малды жайлауға апаруын тапсырады. Ал олар өмір сүрген ауылдаң жайылымында сол жылы жақсы шөп шықпай қалған еді. Сондықтан оның әкесі жігітті ауылдан 20-25 шақырымнан аса жерге баруға кеңес береді.

- Бірақ, әке, мен сол жерлерде ешқашан болмаған едім, - дейді жігіт.
- Сол жерде сұрап, білерсің, - деп жауап береді оған кәрі әкесі.

Жолға шыққан баласын шығарып салып, әкесі баласына ақша мен тамақ беріп, бар малын жігіттің алдына салып береді.

Жігіт үйінен шыққан соң, қайда баратынын білмейді. Бірақ, даладағы жел оған ерекше дыбыстарды құлағына сыбырлағандай болады. Сол дыбыстар жігіттің құлағына сөздер болып естіледі. Сол сөздерді анықтау үшін, жігіт қатты тырысып бағады, және ол «Солтүстікке барсаң, шөбі шүйгін жайлауды табасың» деген сөздерді естиді. Содан кейін жігіт «Табиғат маған әрқашан шындықты айтар» деп ойлап, солтүстікке қарай бет түзейді.

Алайда солтүстіктен ештеңе таппайды. Алдынан тек қана құм мен тас шығады. Күн ыстықта арып-ашып жүргенде, жолында 4 – 5 малды жоғалтып та алады.

Содан соң, ол «Адам көрсем, шөп мол жер қайда екенін содан сұраймын. Адамдар желге қарағанда, өтірік айтпайтын шығар» деп ойлайды. Жүре-жүре бір ауылдың жанына келеді. Сол ауылда бір 40 – 45 жасты кедей және арық ер адамға жолығады. Ол оған:

- Мен саған қазір жақсы жайлауға жол көрсетемін, бірақ біз ауылдан алыстануымызға мәжбүр боламыз,-дейді.

Әлгі ер адам жігітті ауылдан алыстау оңаша жерге алып келіп, жас жігіттің өзіне тап беріп, оны итеріп құлатады да, төмпештеп ұрып, ақшасын және тамағын дорбасымен қоса тартып алады. Онысымен қоймай, шамасы келгенше 4-5 қойын жіппен байлап, сүйреп кетеді.

Сонымен, бір кезде есін жиған бала айналасына қараса, малдың жартысы қалған, тамағы мен суы да таусылуға жақын екен. Жігіт қалған сумен таңдай жібітіп алды да, қалған малынан айырылып қалмас үшін келген ізімен үйіне қайтуға шешім қабылдайды. Қайтқан жолда ол бағанағы кедей адам өмір сүрген ауылдың қасынан өтеді. Бұл жолы оның алдынан 35 жасар Оспан деген өте танымал, батыл жігіт өзінің екі баласымен шығады. Оспан біздің жігіттен қайда

бара жатқанын сұрайды. Ол басынан кешкенін айна қатесіз баяндап береді. Оспан оған:

- Жақын арада шөбі шүйгін жайлау бар, бірақ саған оңтүстікке қарай бет бұру керек,- дейді.

Жігіт әдеттегідей, Оспанның да сөзіне сеніп, сол айтқандай оңтүстікке мал басын қайтарады. Бұл жолы сәті түсіп, өзі іздеген жайлауға жетеді. Жас жігіт малын жайлауға өргізіп,көкке әбден тойдырып, ісін бітіріп үйіне қайтады.

Бұл ертек арқылы айтпағым, осы жас жігіттей, біздің арамызда қазіргі уақытта тексерілмеген ақпарат ресурстарына сеніп, сан соғып жүргендер өте көп. Өркениеттің дамуымен қоса, алаяқтардың да дамыған заманы келгенін ескерткім келеді. Сондықтан, замандастарымды әрнәрсеге сене бермей, тек қана аты бар, танымал, нейтралды, уақытпен тексерілген БАҚ – қа сенуге шақырамын. Және де, Шалкиіз ақын айтқандай:

Айдын сулар, аймақ көл – тасыса дөңбек келтірер,

Көп өтірік, жаман сөз – басыңа бәле келтірер

Өздерің де өтірік айтып, алаяқтыққа бармаңдар дегім келеді. Бәрімізді Алла адал жолдан айырмасын.



Аккошев Ралиф
Шымкент қаласы
З.Космодемьянская
атындағы №23 мектеп-лицейінің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: Умирбаева Роза Абдукаримовна

Жұмақтың кілті ананың табанының астында

Жұмақтың кілті ананың табанының астында – демекші, адам баласының үлкен жетістікке жетуі, оның анасымен жылы қарым-қатынаста болуынан болады. Қазіргі уақытта көптеген адамдар аналарын құрметтемейді, сондықтан бұл біздің заманымыздың қасіреті.

Ананы құрметтеу – әр баланың парызы, себебі Құранда ана туралы былай жазылған: «Адамға ата-анасына жақсылық жасауды және оларға, әсіресе анасына қамқорлық жасауды бұйырдық, өйткені ана оны құрсағында көтереді, ал бала есейген сайын оның әлсіздігі артады» («Лұқман» сүресі, 14-аят). Медицинаға үңілсек, ананың баласына құрсағында жатқанда денсаулығының бір бөлігін беретінін көреміз.

Анамыз бізді өсіргенде қанша қиналғанын өзіміз ойлап көрейік. Ол түнде ұйықтамады, себебі нәресте жылайды, оны жылы төсегінен тұрып, мұздай бесік таянып емізеді. Біз үйге кеш қайтқан сайын ол бізді уайымдайды. Сүрініп құлағанымызда жарамызды кім орап берді? Әрине, анамыз. Ананың қаншама уайымынан кейін оған алғыс айтып, қамқорлық жасау бізге қиын болмас.

Барлық тәжірибелер адам денсаулығына кері әсер етеді. Біз мұны түсініп, оның аз уайымдап, бақытты болуын қадағалауымыз керек. Бізге тәжірибенің себептерін жасаудың қажеті жоқ немесе ананың толқуын тудыруы мүмкін нәрсе туралы бірден айтудың қажеті жоқ. Анаңды қуанту үшін миллиондар керек емес, тек бірнеше гүл мен жылы сөздер керек. Ұл-қыздың жылы лебізі ана жүрегіне қуаныш береді. Мысалы: “Анашым, менің сізге, сіздің мен үшін өте қымбат екеніңізді және сіздің қамқорлығыңызды бағалайтынымды айту үшін келдім. Алла Тағала сізге разы болсын!” десеңіз, анаңыз қуанып қалады.

Есейсең де, ана үшін сен әрқашан сол бала болып қаласың. Және ол сіз өзіңізді нашар сезінген кезде түсінеді. Себебі ана жүрегі балаға өте жұмсақ және сезімтал.


Ата-анасының қамқорлығына қарамастан, кейбіреулер ата-анасын қартайған шағында тастап кетеді. Олар өздерінің болашағын білмейді, өмірде барлығы қайта айналып келерін білмейді, сондықтан оларды да уақыт келгенде балалары тастап кетуі мүмкін. Осы жағдайларға байланысты “Қартайғанда ата-анасын тастап кеткендерге ұят- ол Жәннатқа кірмейді.” деген хадис бар.

Қамқорлыққа ең лайық адам – анаңыз деп қорытынды жасауға болады.

Менің ойымша, әр адам өз анасын қамқорлыққа алуға міндетті. Құрметті оқырмандар, ата-анамыз ешбір ақшаға сатып ала алмайтын асыл қазына екенін түсінуіміз керек.



Аман Қасиет Төлегенқызы
Шымкент қаласы
А.Назарбеков атындағы № 87 жалпы
білім беретін орта мектептің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Шаймырзаева Бағила Алтынбековна**

Эссе

Қылыштан өткір тілім бар

Елінің болашағын ойлаған әр азамат ана тілінің болашағы үшін де қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Төл тілінде сөйлеуден безу - ана сүтін беріп өсірген анаңды ұмытумен бірдей. Әрине, қылыштан өткір тілім барда ойға алғанды айтқаным дұрыс сияқты. Меніңше, «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде, тілсіз ұлт болмайды. Өз тілімізді сақтау, өз тілімізді құрметтеу отаншылдық рухты оятуға қызмет етеді, әрі ата-баба алдындағы ұлы парызымыз!» десекте, тілге оғаш қарайтындар баршылық. Бүгінде кейбіреулердің қазақ тілін білмеуі, білсе де сөйлемейі - қазақ тілін жақсартып, биік белестерге көтерудің қатерлі дерті болып табылады. Оған кім кінәлі?

Қазақстанның болашағы – жастардың қолында. Расында, жастардың қазіргі аяқ алысында қандай ерекшелік бар деген кезде мен олардың күнделікті өмірге лайықты жаңалық іздейтінін, болашаққа сеніммен қарайтынын атаған болар едім. Себебі, қазіргі жастар өте білімді, ашық өз ойын, пікірін еркін білдіре алады. Қай кезде де, қандай жерде де, әлеуметтік желілерде де өз ойын ашық білдіретіндер, жастар! Олар ешкімнен қаймықпайды, қорықпайды. Меніңше, нағыз Мағжан айтқан «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» жастар өз тілі, ділі, жері үшін ештеңеден де аянбайды. Ал, керісінше үлкендер жұмыстан айырылып қалмайын, бұл менің айтар уәжіме қарап тұр дейсің бе дегендей енжарлық танытып жатады. Ертеде бір ақылды адамның сұлу қызына екі бірдей жас жігіттің көзі түседі. Таңдау қызда болғандықтан, қыз «Мен өз жұртымның шын перзенті болатын ұлға ана болғым келеді. Сол ұлды сендер қалай тәрбиелер едіңдер», - деген екен. Сонда екі жігіт те өз ойларын ортаға салады. Менің ойымша, екінші жігіттің сөзі дұрыс еді. Себебі, жігіт «Халық өмірінің өлшемі - тіл. Олай болса мен ұлыма өлең, жыр мен дастандар айтып, керек болса, өз ана тілі үшін жанын беруге баратындай ұл тәрбиелер едім» деген болатын. Иә, отбасында ұл-қыздарға дұрыс тәрбие беріп келеміз бе?

Ата-баба алдындағы ұлы парызымыз, өз тілімізді құрметтеу отаншылдық рухты ояту. Керісінше, рухты оятпақ түгілі, өшіріп жатқанға ұқсап барамыз. Кез-келген ата-ана үш тілділікті қолдаймыз дегенмен, екі тілдікті қолдап келеді. Олар орыс тілі мен ағылшын тілі. Менімен көпшілігіңіз келісетін де шығарсыз. Себебі, қазақ тілі мамандарының өзі өз қыздарын ағылшын, орыс тілі курсына беріп жатқанын өз көзіммен көрдім. Неге сол ұстаздарымыз қыздарын қазақ тілі курсына бермейді. Көптеген басшылар өздерінің ұл-қыздарын орыс тілді мектептерге береді. Тілдің ашылмаған, айтылмаған сырлары көп қой.

Қорытындылай келе, халық өмірінің өлшемі - тіл, тілсіз ұлт болмайды. Тіл - тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы.

Міне, Тәуелсіздікке тәубе деп келе жатқанымызға да 30 жыл болды. Сол 30 жыл ішінде талай белестерді бағындырып, көптеген қамалдарды да өткір тілдің арқасында ала білдік. Меніңше, тілді құрметтеу- әрбір қазақстандықтардың міндеті, борышы. Олай болса тілдің қадірін білейік, қашанда құрметтеп, бағалайық.



Сапарбай Қаракөз
№116 Д.Нұрпейісова атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Мираманова Калима Аштановна**

Арман – бақытқа жетелейтін жол

Арман – адам көкейіндегі ізгі ниет, болашақтан күтер үміт, алға қойған мақсат. Армансыз адам жоқ. Арман сөзінің қолданылу аясы өте кең... Арман адамды алға жетелеп, көптеген ерліктерге, адал, батыл әрекеттерге итермелейді.

Армансыз адам – қанатсыз құспен тең. Әр адамның жан дүниесінде тамыр жайған арманы бар. Ол арман – адаммен бірге өседі, өркендейді.

Адам баласының арманы көп болады ғой. Арман адамды алға жетелеп, көптеген ерліктерге, адал, батыл әрекеттерге итермелейді. «Армансыз адам – ормансыз бұлбұл», - дейді қазақ халқы. Ал мен «Арманы жоқтың – жаны жоқ», - деп айтар едім. Себебі, менің ойымша, жаны нәзік адамдар ғана армандай біледі. Шынымен де, адамға Алланың берген ерекше қасиеті – армандай білу. Ал, нені, қалай армандайсың – ол әр адамның өз өресіне, өзіне деген сеніміне байланысты. Асыл арман дейміз, асқақ арман деп, арасында орындалмас арман деп те қоямыз. «Арманың орындалсын», - деген тілекті жиі естиміз.

Өз арманым туралы айтып өтетін болсам, менің армандарым көп. Саралай отырып, ең бастысын айтсам – жер бетіндегі адамдардың бәрі мейірімді болса екен, жер бетінде тыныштық пен бірлік болса екен деймін. Сол жағдайда ғана барлық адамдардың арманы орындалады. Менің басқа армандарыма тоқталатын болсақ, олар өте көп. Мен отбасымның мәңгілік бақытты өмірі туралы армандаймын. Келешекте білікті маман болғым келеді, дәрігер «Ақ халатты абзал жан» болғым келеді. Мен көптеген жетістіктерге жеткім келеді. Жер шарын аралап, саяхат жасауды да армандаймын. Менің арманым көп...

Кім армандауды жақсы көрмейді? Мен өте арманшыл адаммын. Менімен бірге үнемі арман-мақсаттар бірге жүреді деуге болады. Армансыз күнім жоқ. Шамам келсін, келмесін армандарымда шек жоқ, таусылмас армандарым бар. Бір күні бұл армандарымның орындалатынына сенімім мол! Әр адам армандай білуі тиіс. Қаншалықты көп армандаған сайын, адамзат баласы биікке ұмтыла біледі. Жақсы өмір сүргің келсе, үлкен арман-мақсаттар қоя біл. Сонда ғана жетістікке жете аласың. Армандар адамдарға тың идеялармен үлкен шабытты беріп отырады. Армандау арқылы көзің ашылады, өмірде өз жолыңды табуға көмектеседі. Дамисың, жаңа серпін аласың. Езуің күлкі мен қуанышқа толады. Өзіңнің шын мәнінде қандай бақытты екеніңді сезінесің. Ал, енді бір сұрақ. Бақытты болып жүру кімге ұнамайды? Көп адамдар «Неге беталды нәрселерді ойлай бересің? Бәрібір оған жете алмайсың ғой!?»-деп. Адамдар айта берсін. Біреудің сөзіне құлақ салуға міндетті емессің. Бастысы өмірдің біз күтпеген тосын сыйларға толы екенін ұмытпа. Армандау тегін ғой. Ешкім саған армандама деп шек қоймайды. Барлығы өз қолыңда. Осы дүкендерде тегін киім, тегін тамақ беріп

жатыр дегенде барлығын тастап, бос уақыт тауып барасың ғой. Мен сеземін, бір күні сен де барлық армандарыңды толықтай жүзеге асырасың. Сен де басқа мықты адамдар секілді үлкен жетістіктерге жетесің. Қаперіңде ұста: «Адам жасағанды адам жасайды».

Қорытындылай келе, арман – ол сондай бір ерекше дүние екен. Мен арманымның орындалуын асыға-асыға күтемін. Менің осы жазған арманымды оқып отырған сіздің де армандарыңыз орындала берсін - деп ойымды аяқтаймын.



Қаныбек Нұрдана
№ 135 жалпы білім
беретін орта мектептің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: Абдираманова Шахарбану Боранбаевна

Тіл – ел құндылығы

Тіл – халықтың айнасы, ұлттық болмысы және құндылығы. Тіл-ұлттың жаны. "Тіл мәртебесі - ел мәртебесі" деп босқа айтылмаған. Себебі, тілдің қаншалықты мәртебесі мен құндылығы жоғары болса, елдің мәртебесі асқақтап, жоғары болады әрі даңқы асқақтайды.

Ал біздің елдің мәртебесі – ана тілі! Ана тіліміз-ол қасиетті қазақ тіліміз. Б.Момышұлы атамыз айтып кеткендей "Қазақ тілі сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл"

Біздің қазақ тіліміз, яғни ана тілімізді ежелден ақ құрмет тұтып, қадірлеген, оны ары қарай келешек өсіп келе жатқан ұрпаққа насихаттап отырған. Мысалы А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, М.Дулатов, Н.Төрқұл, М.Саматұлы т.б. сынды ұлт зиялылары ана тілімізді қалыптастырудағы рөлдері маңызды. Ал әдеби жағынан М.Әуезов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов секілді жазушылардың маңызы жоғары. "Тілі өлген ел – тірі өлген ел" демекші, тілдің осы уақытқа дейін өлмей, атадан балаға келуі осы ұлт зиялылары мен ұлт жанашырларының арқасында. М.Жұмабаев өз дәуірінде: "Мен жастарға сенемін!"- деп айтып кеткен, ал ендеше оларға алғыс ретінде, біз ана тілімізді қадірлеп, қастерлеп, дамытып, үлес қосуымыз қажет. Ғ.Мүсірепов атамыз айтып кеткендей, біз тіліміздің қадірін кетірмей, таза,әдеби тілде, мәдениетті және этика мен эстетиканы қолдана сөйлеуіміз қажет. Бұл еліміздің болашағына тікелей әсер етеді.

Президентіміз Қ.К.Тоқаев халықтың болшағы туралы тереңінен толғай отырып: "Мемлекеттің ең басты дүниесі тек қана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы"-деген болатын.

Қорытындылай келе, біз ана тілімізді барынша дамытып, қорғауымыз қажет. Біздің ана тіліміздей ешқандай таза тіл жоқ. "Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте" дей отыра, тіліміздің зор болашағына сенейік, әрі үлкен сенім артып, дамуына үлес қосайық. Біздің болашағымыз- ана тілімізде!..



Әуез Аружан
№ 135 жалпы білім
беретін орта мектептің
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Уржигитова Ардак Ермагамбетовна**

Абайға арнау

*Ақын деген кім десе Абай дер ем,
Дана деген кім десе Абай дер ем.
Кім не десе о десін менен егер,
Сұраса ғылымды да Абай дер ем.*

*Ғалымның өлмейтұғын хаты деген,
Жақсының өлмейтұғын аты деген.
Абайдай Ұлы ақын қазағымның,
Жадында мәңгілікке қалған ерен.*

*Абай жазған өмірдің ақ-қарасын,
Абай жазған ғылымның да саласын.
Ұлы Абайдан тебірентер жүректі.
Махаббаттың дастанын да табасың.*

*Абай бізге қалдырған сан қасиет
Өмірінде көп көрген сын-қасірет.
Сол көрген мен білгенін һәм түйгенін,
Жазып кеткен жастарға қып өсиет.*

*Абай деген – қазағымның данасы,
Абай деген – ақындардың ағасы.
Бір ғасырда қайталанбас тұлғалы
Дәуірлердің ұмытылмас данасы.*

*Абай – өлең, Абай – дастан, Абай – жыр,
Абай – ақын, Абай – дана, Абай – сыр,
Бір сөзінде мың түрлі сыр жасырын,
Қазақтардан шыққан Абай жар салғын.*

*Абай – дана, Абай – дара қазақта,
Ұлы Абайды оқымаған қазақ па?
Ақындар көп дегенменен болмас кез
Ұлы Абайдай ұлтын сүйген бірақ та.*

Сәби жүрек

(Репрессия құрбанын құтқарған жас бала)

*Жайма шуақ күні еді бұл жылдың,
Құмарына кірді бала ойынның.
Ауыл шеті бар еді бір абақты,
Терезесі дала жаққа қарапты.*

*Көрді бала сол жерден бір тұтқынды,
Үміт еткен жүзі сірә солғынды.
Аяп бала әжесіне жүгірді,
Ас әкеліп, тойдырады тұтқынды.*

*Міне солай бірнеше күн өтеді,
Тұтқынның да жаза күні жетеді.
Деді тұтқын үміт сөнген көзімен
Енді келме, мені алып кетеді.*

*Бала жүрек қимады оны өлімге,
Қанша мейірім кіп-кішкентай жүректе.
Жан ұшырып жүгіреді әжеге,
Баяндайды, болған жайтты ентіге.*

*Танымайтын адамға жүз көрмейтін,
Ойланбастан жиып берді бар мүлкін.
Бауырына сенбейтін бұл заманда
Тағдырының сыйы шығар бұл бөлкім.*

*Осылайша бала оны құтқарды,
Содан талай күндер өтті ызғарлы.
Бір тілім нан таба алмас күн жетті
Болды қазақ ашаршылық құрбаны.*

*Қиындықтар кезікті жас балаға,
Шекара асып, кетті басқа қалаға.
Сол қаланың билікті бір өкілі,
Болып шықты баяғы ауыл тұтқыны.*

*Әлгі тұтқын қарыздарын өтеді,
Солай бала тұрмысы да өседі.
Жақсылығын сол кездегі ұмытпай,
Өле-өлгенше алғыс айтып кетеді.*

*Міне солай болған екен оқиға
Бұл бір сабақ ұға білген адамға.
Жақсылықтың өтеуі жоқ деменіз,
Жақсы істер бақыт сыйлар әр жанға.*



Құрас Елнұр Маратұлы
№135 жалпы орта білім
беретін мектебі
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: Ерболатова Акмарал Акыловна

Мейірім – ол ізгілік

Мейірімділік – адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру көрінісі. Мейірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кең пейілділік, жанашырлық, ізгі ниет секілді қасиеттерге негізделеді. Мейірімділік адамның жоғары адамгершілік белгісі ретінде оның бүкіл тыныс-тіршілігін, жан дүниесін жадырататын, шат-шадыман тіршілігі үшін қажетті аса маңызды қасиеттің бірі болып саналады.

Мейірімділік ананың ақ сүтімен келеді деп ойлаймын. Анамның аялы алақанынан бар мейірімділікті сеземін. Әр адамның мейірімді әрі қайырымды болуы оның отбасындағы тәрбиесіне, өскен ортасына да тікелей байланысты. Қазақ халқы қашаннан балаларын ата-анаға, өзінен кішілерге қамқор болуға баулып отырды. «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді», «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деген нақыл сөздер арқылы айналасындағы адамдарды мейірімділікке тәрбиеледі. Аталмыш қасиет адамдарға ғана мейірімділік көрсетумен шектелмейді. Өзіңді қоршаған ортаға, жан-жануарларға, табиғатқа деген мейірімділіктің де болуы қажет. Шынайы мейірімді болу – өзіңнен гөрі басқаларға қамқор болу, өзгенің мүддесін өз мүддеңнен жоғары қою деген сөз. Мейірімді адам әрқашан басқаларға көмекке келіп, әркез жақсылық жасағысы келіп тұрады, “ Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық секілді ақ жүректен шығады”. Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде мейірімділік адамдар арасындағы адамгершілік, ізгілік пен ізеттілік, имандылық пен инабаттылық секілді асыл қасиеттермен үндестік тапқан.

Мен әлемді жақсы көремін. Мен барша жұртқа, әлемге мейірім шуағын шашқым келеді. Әлемді мейірімділік ұстап тұр. Бір-бірімізге жылы сөздер айтып, мейірімді болайық!



Асан Диас
№ 69 жалпы орта білім
беретін мектебі
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Томарбай Раушан Тойлыбайқызы**

Тәуелсіз Қазақстан

*Тәуелсіз елім қазағым,
Аз болған жоқ азабың.
Күллі әлем таңданып,
Бізге бұрды назарын.
Тәуелсіз елім қазағым,
«Елім» деп ән жазамын.
Дамыту үшін бұл елді,
Бар күшімді саламын!*

Тәуелсіздік жылдары

*Тәуелсіздік жылдары,
Көп болды қазақ құрбаны.
«Отан» деп бәрі күресті,
Қазақтың қыз бен ұлдары.*

Таң нұры

*Шуақ төгіп, атсын әркез таң нұры,
Бақытты боп, қуансыншы барлығы.
Түн тыныш боп, атсын таңым тамаша,
Өкінбестей өтсін адам тағдыры.*

Отан

*Отан деген дала тау,
Көкшетау мен Қаратау .
Ордабасы, Қазығұрт,
Ақтау менен Қаратау.*

Отбасы

*Бар байлығым отбасым,
Жамандық желі соқпасын!
Жамандық қайғы қасіреттен,
Аллаһым өзі сақтасын!*

Жылқы

*Жылқы деген төрт түліктің киелісі,
Тау жылқыны армандар барлық кісі.*

*Жылқыменен бәйге озып топ жарғандар,
Жылқысы жоқ адамның күйер іші.*

*Жүзден жүйрік, мың тұлпар жылқы деген,
Көкпар менен бәйгені жылқы көрген.
Бабамның жүрген жолын білмесекте,
Жылқы білер бабамның жолын жүрген.*

*Қазақта жылқы мінген ақын болған,
Атқа қонып, жауға шапқан батыр болған.
Креслоға отырған шенеуніктер,
Жылқының ер тоқымына отырмаған.*

М.Мақатаевқа арнау

*Арнадым саған мына өлеңімді,
Бәрі білер ақындық өнеріңді.
Қазақтың ақындарының бірі едің,
Сенікіндей болсын деймін өлеңім де.*

*Ұрпаққа мұра болған өлеңдерің,
Ақындықта өзіңді Төре дермін.
Тарихта атың мәңгі қалардай,
Қазақтың ұлы ақынның бірі едің.*

*Ғибрат алам, әрбір жазған өлеңіңнен,
Үлгі алам, сенің құнды өнеріңнен.
Әр өлеңде терең тұнық бір мән бар,
Әр өлеңді жазасың-ау жүрегіңмен!*

*Әрбір жазған өлеңіңнен шабыт алам,
Сан толғанып айрықша бір шабыттанам.
Сен секілді ақын болу қайдан демей?!
Ән жазу үшін алам қолға қағаз, қалам.*



Дарханбай Қаршыға
№ 118 жалпы орта білім
беретін мектебінің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: Тастанбек Перизат Керімбайқызы

Бес арысым

*Халық едік қазақ дейтін ұлыларды ұлықтар.
Асыл сөздің дана ердің ешқашанда ұмытпар.
Дана ері елдің жайын еркін тұрып айтатын.
Бес арысы елі үшін, сөз батырын сұрыптар.*

*Қазағымның бес арысы, бес қыраны самғайтын,
Батыр қанын, тарих заңын мәңгі ғұмыр жалғайтын.
Қалам алып қолдарына халық жырын толғайтын.
Халқы үшін, елі үшін сөз бастаудан қашпайтын.*

*Атап айтпау бес арысты маған үлкен сын болар.
Қазақтың бұл батыры сөз шеберінде шыңдалар.
Жүсіпбек, Мағжан, Ахмет, Шәкәрім мен Міржақып,
Елдің қамын айту үшін туған олар нақ ұлдар.*

*Болғаны мен жан мен тәні өзге өлке жұртынан,
Бес арыстың жүректері соғар қазақ ұлтынан.
Бірі ақын, бірі ғалым, аудармашы, зерттеуші,
Танып оны қазақ халқы сөз зергері тұрпынан.*

*Өлең-жырға жатталатын мәңгі бақи жадымда,
Бес арысым ұрпақтарың ұмытпайды барыңда.
Қасиетіңді жырлап өтем, жырлап өтем қарт бабам,
Еңбектерің ел есінде сақталады әнім боп.*



Сапарбек Қарақат
№118 жалпы орта білім
беретін мектебінің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Тастанбек Перизат Керімбайқызы**

Міржақыпқа

*Жадымызда жаңғырып тұрған тағы,
Ол кешегі осы елдің ұлтаны.
Ақиқатты жылап тұрып жырлаған,
Міржақып ақындардың сұлтаны.*

*Міржақып құдды бір алып кемедей,
Ашщы шындық бар сөзге де егедей
Міржақып заманының ұлысы,
Қалай айтпасқа ұлы сөзге теңемей.*

*Халықтың жүрегінен орын тапты,
Бар ақылын жар салып айтып бақты.
Өзі дара, сөзі дара Міржақыпты.
Мойындаған елі де, таңдай қақты.*



Серік Айша

№39 М. Жұмабаев атындағы
жалпы білім беретін мектептің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: Ильясова Кенжекул Карибаевна

Оқуға құштар бала

Төрешілер оның есімін атағанда жүрегі алып-ұшып, ерекше күйге бөленді. Бұл дәрежеге жетуіне тікелей әжесінің ықпалы бар. Себебі жас кезінен кітап оқуға бағыттай отырып, оқуға деген құштарлығын оятты. Содан бері басқа балалардай барған жерінен ойыншық емес, кітап іздейтін. Міне, нәтижесі бүгін шығып отыр. Әжесі – көп ой түйіп көсемдік танытатын ерекше жан. Бала тәрбиесіне келгенде қаталдық танытатын. Сол қаталдығының да пайдасы бар ма?-деген ой туды. Себебі жұмсақ болса, бұндай дәрежеге жетпес еді. «Дарындылық – адам бойынан табылатын асыл қасиет. Осы қасиетті шыңдау үшін көп күш-жігер қажет», -дейтін қария. Міне, соның айғағы.

Ойлау арқылы түйсігіндегі ақпараттарды сыртқа шығару, сараптау, қайта өңдеу күш-жігердің нәтижесінде келеді. Басында тұйық болатынын. Алайда, әжем: «Ынжық болма, әрбір ісіңе мұқият бол, салмақты ой айтатын салиқалы адам бол!»-дейтін. Әжемнің астарлы оймен жеткізетін ақылы пайдаға асты. Санамды сансыратқан сұрақтың жауабын әжемнің айтқан ойларынан іздейтінмін. Жаңа ойлар, тың идеялар келеді. Оны жүзеге асыру үшін де тағы ойлану керек. Ойлардың жемісі-бүгінгі алған марапатым.

Адам баласының жетер жетістігінің шыңы көп ізденуде екендігін бірі біліп, бірі біле бермейді. Оқу-күрделі үрдіс. Оған да шыдам керек. Менің бүгінгі жетістігімнің осы шыдамдылығым мен табандылығымның нәтижесі деп ұғар едім. Қазір резонанс заманы (қайта өрлеу заманы). Өткен тарихты ой елегінен өткізіп, одан болашаққа тірек болатын ұлттық рухани құндылықтарды бойға сіңіру жолдарын іздеп тауып, оны өмірдің сұранысына сай жаңарту, жаңғырту заманы. Бұл заман – қолдан келер мүмкіндіктерді іске асыру заманы. Бабаларымыздың озық ойларының өміршеңдігі уақыт өткен сайын артуда, қоғамдық рухани күштерге қуат беруде. Уақыт озған сайын даналық ойдың кереметін, ғажабын, көркін сезінудеміз. Алыстаған сайын жарқын ойдың шуағына жылынып, жан сарайымыз кеңеюде. Ұзақ шығарма оқуға уақыт таба алмай жүрген ұрпақтың көкірек көзін ашар сәулелі ой дүниелеріне жүрек көзімен қарайтын, сезінетін, шабыттандыратын ішкі рухтарды оятатын күштерге дән себу-зиялы қауымның ізгілікті ісі. Өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға ғана осы айтылған әрекеттерге баға бере алады. . Шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты», - деп бізге артылар жүктің ауыр екендігіне баса назар аударған. Ол – ойшылдықты, даналықты сол ойшылдар мен даналардың тауып айтқан ұлағатты ойларынан іздеу. «Ізденістің ең қызықтысы – ұлы адамдардың ойына ілесу». (А. Пушкин) Ойдан ой іздеу оңай іс емес. Ол да терең білімге сүйенуді талап етеді. Кез келген ой оңайлықпен алдырмайды. Оған да алғырлық, зейін,

ынта, сүйсініс, таңырқау, табандылық керек. Міне, өз бетіммен ізденудің нәтижесі үлкен мүмкіндік тудырып отыр. Бұның бәрі оқуға құштарлықтан туып отырған әрекет.

Тағы да баланың ойын төрешінің сөзі бөлді. Оның жұмысына берілген бағаның соншалықты құнды екенін естігенде өз еңбегінің еш кетпегеніне көзі жетті. Том-том кітаптардың құндылығын енді түсіндім. Жаңа бағытқа жасалған қадам-болашақ жұмыстың жемісі. Оқуға құштарлық құнды еңбектің нәтижесі. Осы ойлардың жетегінде тұрып толқыған көңілі болашақта да толағай табыстардың күтіп тұрғандығын аңғартады.

Болашаққа бағдар бұлыңғыр көңіліңді қара бұлттан шығарған күндей әсерде болады. Болашақтың жолы тегіс болу үшін де көп еңбектену керек екен-ау деген ой мазалады. Дараланған тұлғаның дара қалпы өзгелердің қызығушылығын тудырды. Бұл үшін үлкен күре жол жатыр. Түзу жолмен жүру үшін де ойлану керек. Дұрыс ойлану үшін оқу қажет. Міне, оқуға құштар бала адаспайды. Тегіс жолмен жүруге бағытталады. Тегіс жол өміріңнің қалтарыссыз өтуіне ықпалын тигізеді.

Төрешілер оның есімін атағанда жүрегі алып-ұшып, ерекше күйге бөленді. Қаншама еңбек бүгін өз нәтижесін беріп отыр. Оқуға құштарлықты қалыптастырған әжесінің еңбегі орасан зор. Жалпы адамзат баласы дүниеге білімге деген құштарлықпен келеді. Дамыту - ата-ананың міндеті. Адамда ынта жігер, құлшыныс болған жағдайда ғана өмір соқпақтары кедергісіз болары сөзсіз. Талпыныстың нәтижесі-жетістік. Ойланудың нәтижесі-шығармашылық. Шығармашылықтың нәтижесі-марапат. Міне, бізге керегі осы.



Жұмаханұлы Мұхамеджан
Шымкент қаласы
М.Жұмабаев атындағы
№39 жобб мектептің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: Тулепова Сапаркул Мырзакуловна

Жүрегімнің бойына терең бойла

Абай – қазақ өлең үлгісін жаңаша тұрғыдан байыта түскен ерекше жарық жұлдыз. Оның жазған өлеңдері кімді болса да рухани биіктерге жетелеп, болашаққа деген құштарлыққа ұмтылдырады. Оның бірі: «Өлсем, орным қара жер, сыз болмай ма?!» атты өлеңі. Бұл өлеңнің мағынасы тереңде жатыр. Бұл өлеңнің қандай да бір мұңнан туғандығы байқалғандай...

Өмірдің қиын-қыстау кезеңін басып өтіп, өмірінің ұзын бойын шолып келіп өлім жайлы айтып отырған Абай аса қымбат қасиет табады. Абай бұл өлеңде болашақпен, болашақ ұрпақпен тілдесіп, бар өмірін, сырын, мұңын бүгінгі ұрпаққа жол сілтегендей...

Өмірден әбден қажыған ақын ешкімге шағымданбайды, жәй ғана оқырманымен сырласып отырады. Бұл ақынның өзі мен қоғамы, заманы, халқы жайлы айтқан жан сыры. Ол болашақты болжай білген. Абайдың шығармасын оқығанда, кім болса да ақынмен іштей сырласады.

*Жүрегімнің бойына терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.*

Өзі айтып отырғандай Абай айналасындағылар үшін жұмбақ жан...

Абайдың кез-келген жан қалайтын ақындық ұлы дарыны, билік, байлық, атақ, данқы болды. Бірақ ол бақытсыз еді, сол үшін де ол айналасына жұмбақ болып көрінетін.

*Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма, - дейді.*

Абайдың мыңмен жалғыз алысқаны түсінікті. Халық мешел, қараңғы, надан еді. Бар ғұмырында ақын солардың көкірек көзін ашып, халқына болашақтың жарқын жолын көрсеткісі келді. Алайда, қараңғы, надан елінің ұлы Абайдың айтқанына көніп, соңынан ермегені де рас.

Ерте оянып, дегеніне жете алмаған ақын:

«Өзі ермей, ерік бермей жұрт қор етті»- деп, еліне өкпе-ызасын білдіреді.

*Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан
Сен де бір кірпіш, дүниеге
Кетігін тап та бар қалан!*

Жас ерекшеліктеріне қарамай Абайдың әрбір сөзін әрбір шығармасын үнемі айтып жүретінімізге сенімім мол.

Елге пайдасы тиер маман болып, қанатымыз талмай қалықтай берейік, жас ұрпақ!



Төрбек Қарақат Досымбекқызы

Шымкент қаласы
Т.Рысқұлов атындағы
№25 мектеп-гимназиясының
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Дәрменбай Әлия Төлепбергенқызы**

Нағыз дос

(Өңгіме)

Жанат ұйқыдан шошынып оянды. Сыртқа шығып, айналасына қараса, таң енді атып келеді екен. Табиғат сондай керемет күйде, тіршіліктің көбі әлі ояна қоймағандықтан, айнала мүлгіген тыныштық, тек құстардың әсем үні мен самайыңнан өткен салқын жел ғана осы тыныштықты бұзғандай. Бірақ бұл көрініс Жанаттың көңіл-күйін көтере қоймады. Ол бір күрсініп, жан-жағына көз жүгіртті де үйге енді. Жуынып, таңғы асын ішті. Үйді ретке келтіріп, киімін ауыстырды. Есікті кілттеді де, көшеге шықты. Жол бойы көрген түсін ойлап келе жатты. Бірде өзен үстіне салынған көпірге таяп қалғанын байқады. Мән беріп қараса, орта буын мектеп оқушысы көпірдің үстінде өзенге секірмекші болып тұр екен. Жанат дереу бейтаныс балаға қарай жүгіріп, оның құлап бара жатқан сәтінде қолынан шап беріп ұстап қалды. Бала не болғанын түсінбей, өзін өлім аузынан алып қалған кісінің түріне қарай берді. Жанат та оған сұраулы бейнемен қарап тұрғаны. Біраз үнсіздіктен соң, екеуі танысып, мән-жайды біле бастады.

- Ал, есімің кім? Бұл әрекетің не? Неге мұндай қадамға бардың?

Бала үндемеді. Бірнеше уақыттан соң:

- Есімім – Сұлтан. Көргеңіздей көпірден құлап, бұл өмірмен қоштасқым келді.

- Неге, бұл әрекетің дұрыс деп ойлайсың ба?

- Сіз мені түсінбейсіз. Менің өмірімде не болып жатқанын білмейсіз. Мені ешкім түсінбейді, ешкім.

- Сұлтан, мүмкін маған айтарсың. Мен түсінуге тырысамын.

- Білесіз бе, маған айналам мені жек көретіндей көрінеді. Мені ешкім қолдамайды. Бәрі тек маған қарсы сөйлеп, дауыс көтереді. Мұғалімдердің де көңілін таба алмадым. Ал сырлас достарым менен теріс айналды. Өмір сүрудің еш мәні қалмады.

- Жігітім, сен ат үстінде жауға шапқан, елі мен жері үшін жанын берген ұлы тұлғалардың ұрпағысың. Олар осы кең байтақ шексіз даланы елін сүйер патриоттарға арнап қалдырды. Болашақ ұрпақ тәуелсіз өмір сүрсің деп, ешкімнің боданы болмасын деп, бейкүнә сәбилер, жазықсыз балалар, қазыналы қариялар қаза тапты. Ал өзіңдей жас жеткіншектердің тәтті балалық шағы болмады, қабырғасы қатпаса да Ұлы Отан Соғысы кезінде тыл жұмыстарына тартылып, таң алакеуімнен қара кешке дейін жұмыс істеді. Күні-түні бейбіт күнді аңсаған ата-бабаңның арманы орындалып, енді тәуелсіздік алғанда, сенім артқан жастары осындай болмашы нәрсеге түңілсе, біз болашақ күнімізді кімге сеніп тапсырамыз? Тәуелсіз Қазақстанның ертеңі не болмақ? Сенің мұның дұрыс емес. Өзіңді қолға

алып, дұрыс шешім қабылдайсың деп ойлаймын,- деді де, үйіне қарай бет алды.

Сұлтан бұл әңгімеден кейін біраз ойланды. Өзінің әрекетінің дұрыс емес екенін түсінді де, көңілді қайтты. Расымен де, Сұлтанның нағыз адал досы болмады, бәрінің өз мақсаттары бар еді. Бірі қызық үшін, бірі уақыт өткізу үшін дос болса, ал енді бірі тек өзіне керек кезде пайда болатын. Бірақ Сұлтан Аянды ұмытып кеткен-ді. Сұлтан дәл қазір араласып жүрген жолдастары амал дос екенін түсінді. Енді ортасын өзгерту керек екенін ұғынып, өзінің бұрынғы балабақшада бірге болған досы Аянды ойлады .

Аян – орта бойлы, әдеміше келген, тәрбиелі, достыққа адал, көңілді бала. Үнемі қиналғанда қасыңнан табылуға даяр әрі бәріне жүрегі жылып, мейірлене қарайды.

Күн қайта сыртқа шығып, анасының берген тапсырмасымен дүкенге келе жатқан. Кенет біреудің «Ұры!» деген сөзін естіп қалды. Дереву көз алдынан жүгіре өткен бойшаң баланы байқап қалады. Артынан Аян қуа жөнелді. Ұрлаған сөмкені қайтару үшін қаша жөнелген Досанның аяғы көлденең жатқан тасқа сүрінеді. Қолындағы сөмке жерге түседі.

- Қолыңнан келсе, осындай қарт кісілердің сөмкесін тартып алмай, қайта жүгін көтеріп көмектессең, батасын алар едің. Ұят емес пе?!-деп Аян жерде жатқан сөмкені алды.

Артынан ентіге жүгірген Аян сөмкені иесіне алып барады. Досан Аянның артынан ашулана қарап тұрады.

Таң атты. Сұлтан көршісі Аянның үйіне бет алды. Әдетте ол үнемі Досанның үйіне баратын еді. Аян кітапханаға бармақ болып, киініп жатыр екен. Ол кітапханаға серік боп баруын өтінді. Сұлтан барғысы келмесе де, Аянның көңілін қимай қасына ерді.

Кітапханадан бірнеше кітап алды. Сұлтан Аянның осыншама кітап алғанына таң қалды. Бірақ Аянның ұсынған қызықты деген кітабынан бас тартты. Олар үйге келді. Аян Сұлтанның сабағы үлгерімі нашар болғанымен, компьютер тілінде жақсы жұмыс жасайтынын біледі. Сол себептен Аян оған ұсыныс жасайды. Олар батырлар туралы ғаламтор желісінде жаңа қосымша жасамақшы болды. Ол қосымшадан азғантай болса да, тиын-тебен түсетінін айтты. Сұлтан сәл ойланып, онымен келісті де, бірден іске кірісті. Ол ойлары біртіндеп жүзеге аса бастады.

Күнде бірге жүретін, ұрлықты бірге жасайтын, темекіні бірге шегетін, балалардан әлімжеттікпен бопсалап теңге алатын досы Сұлтан Досанға келуді сиретеді. Бойында қызғаныш пен қызығушылық пайда болған Досан екеуін аңдымақшы болды.

Олар бірге сабаққа барады, екеуі футболды да бірге ойнайды, аракідік Аянмен кітапханадан кітап алуды да әдетке айналдырады. Бұрын үй шаруасына көмектеспейтін Сұлтан оған да көңіл бөле бастайды. Ұйқысы қанбай, сабаққа енжар қарайтын Сұлтанның айналаға көзқарасы өзгерген, оқу үлгерімі де жақсара бастады.

Күнделікті екі достың әрекеттерінен кейін оларға деген қызығушылық пен қызғаныш пайда бола бастады. Шын мәнінде өзінің доссыз қалғанын түсінді. Олармен дос болғысы да келді. Бірақ батылы әрі өркөкіректік пасық намысы жібермеді. Сезімтал Аян Досанның өздерін күнде бақылап жүретінін байқайтын.

Бірде Аянның қарт көршісі қалаға көшпек боп, заттарын жүк көлігіне артып

жатқан болатын. Елгезек Аян көмекке барлық достарын, сонымен бірге Досанды шақырады. Сұлтан мен Аянның қатарына қосыла алмай жүрген Досан бірден қуана келіседі...

Содан олардың достығы беки бастайды. Сол күннен бастап, Досан екі достың қасында жүріп, бұрынғы әрекеттерінен сабақ ала бастайды. Мінезі өзгеріп, айналасындағы адамдарға құрметпен қарайды. Ұрлықты қойып, адал еңбекпен нан табады.

... Досан - қазір бір мекеменің инженері. Ал Сұлтан - ақпараттық технология бөлімінің бас маманы, Аян - ұлттаралық қауымдастықтың өкілі ретінде Стамбулда келісімшартпен жұмыс жасауда.

P.S. Досан бұрынғы өмірін, әрекетін жасамақ түгілі, оны ойлаудың өзін ұят көреді.



Ыдырыс Мейір
Шымкент қаласы
Молда Мұса атындағы
№5 жалпы орта білім беретін мектебі
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: Утегенова Эльмира Еркинбековна

Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы

Әр заманның өзіндік қиындығы мен тартымдылығы болады. Оған мысал, өткен тарих – әдебиет. Аласапыран кезеңдерді соғыс, аштық, небір қызықты оқиғаларды көз алдымызға елестетін – көркем әдебиет. Сондай қызықты да тартымды шығармалардың бірі – Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы дер едім. Бұл аталмыш романда – қазақ қызының ауыр тағдыры, төңкерістен кейінгі азамат соғысының зардабы, «көзі ашық, көкірегі ояу» тұлғаға дейін баяндайтын туынды. «Ақбілек» романынан адам мінезінің энциклопедиясын көруге болады. Қыз баласының анасынан бір мезетте айырылғаны, қаншалықты қиын соғатынын білемін. Анасынан айырылып, өзін өлдіге санап, соған қарамастан тағдырға қасқая қарсы тұрған қайсар қазақ қызы Мамырбайдың Ақбілегі.


Өмір қиындығына, жұрттың сынына құрбан болған Ақбілектей қазақ қыздары қаншама десеңізші?! Жалғыз Ақбілек қана анасынан айырылып қойған жоқ, бірақ жалғыз Ақбілек қана барлық қиындыққа қарсы тұрып, өмір сүруге талпынды. Менің ойымша Ақбілектің басынан өткен жағдайлардың барлығы да қазақ қыздарының трагедиялық бір бөлігіндей. Өйткені қызды алып қашуы, оған офицердің өрескел, жағымсыз қылықтар көрсетуі – Ақбілектің ғана емес, бүкіл қазақ қыздарына тиетін ауыртпашылық. Қыз бостандыққа шыққанымен, сүйген жігітінің жиіркенуі, туған әкесінің қыздан теріс айналуы және орыстардың сол қызды кәпірмен жаттастыруы, еркелеп өскен нәзік қызға өлімнен де ауыр жаза болып тиді. Ал кәпірмен жанасу, діннен безу, арам, әрі адал атқа сызат түсіретін нәрсе еді.

Біздің заманымызда да түрлі жағдайға байланысты тағдыры ауыр қыз – келіншектер де аз емес. Сондықтан автор: «Әр қазақ қызы жалғызым, құласаң қайта жігерлен, оқу оқып, білім алуға қақың бар» - деген-ді.

Жүсіпбек Аймауытовтың мен сүйіп оқыған керемет туындысында қазақ қызының өмір айнасы десем қателеспеймін. Ондағы сурет, шынайы бейнеленген. Бауыржан Момышұлы атамизың: «Жер бетіндегі ең батыр адам – қыз» - депті. Мен қанша батыр болсам да бөтен, танымайтын елде бір сағат та тұрғым келмей қашамын, ал қыз болса барған жерінде жалғыз өзі көрмеген, танымайтын адамдармен тіл табысып, сол елді біріктіріп, ел де қыла алады, сыйлата да алады, алыса да алады, қаймықтастан ұрпағын да көбейтіп, сол елді жеңіп, мәңгі билейді» - деген екен. Ананың ақ сүтімен бойына дарыған қазақтың ару қыздары жасасын!



Мүсілім Ақерке Рахымжанқызы
Шымкент қаласы
А.Назарбеков атындағы
№ 87 жалпы білім беретін орта мектептің
9-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Шаймырзаева Бағила Алтынбековна**

Туған жеріңнің туын көтеруге сен қандай үлес қосар едің?

«Туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас»- деп, ата бабаларымыз бекер айтпаған екен ғой. Елімнің кең даласындай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. Өскенде туған еліме, оның көркеюіне өз үлесімді қосамын. Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа!» - демекші, туған жеріміздің көркеюіне үлес қосамын деп ойлаудың өзі бір бақыт. Туған өлкем – байлығы мол қазынам. Шынында, біз еркін және өркендеген елде өмір сүріп келеміз. Ұлттық идеяны жаңғыртып, қасиетті мекенді қастерлеу – менің борышым. Туған жерімнің туын көтеруге мен қалай үлес қосам?

Менің айтпағым, Қазақстан мемлекетінің ертеңгі болашағы жастарға, яғни бізге тәуелді. Ахметше айтсам, басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы

«Өркімнің туған жері – Мысыр шаһары» демекші, менің кіндік қаным тамған жер – Шымкент қаласы. Туған жерімді қатты жақсы көремін. Туған жерім күннен күнге көркейіп келеді. Әсем ғимараттар бой көтеруде. Бау-бақшасы, таза ауасы, ақ алтын ақ мақтасы, егінді даласы, малға толы өрісі - біздің мақтанышымыз емс пе?

Міне, егемендігімізді ту етіп, еңселі ел болғанымызға отыз жыл толып отыр. Ұлттық идеяны жаңғыртып, қасиетті мекенді қастерлеуде Елбасының сарабал саясатының арқасында көптеген елдермен бәсекелесе алдық. Әрине, тәуелсіздік жылдары көп істер атқарылды. Жас мемлекетімізде саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім қалыптасып, Қазақ халқының береке, бірлігі артты. Мен туған жерді дамыту үшін біріншіден, ауылды жердегі денсаулығы мықты ауыл балаларын қолдап, спорт саласына өз үлестерін қосуға жағдай жасар едім. Екіншіден, тар жол тайғақ кешумен өткен елімнің әлеуметтік жағдайын көтеру үшін қазіргі заманауи үлгіде мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын дамытуды қолға алар едім. Өздеріңіз білетіндей қазіргі таңда сан түрлі мамандықтар ашылып, ел дамуына үлес қосатын азаматтар өсіп келеді. Тізбектей келе айтқым келетіні, туған жеріңнің туын көтеруде алған біліміңді кәдеге жарату, өз бетінше үздіксіз білім алу дағдыларын меңгеру, бәсекеге қабілетті болу, өз мамандығыма деген адалдық еліме қосқан үлкен үлестің бірі болмақ.

Қорытындылай келе айтарым, ата-бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен жерімізді сыртқы жаулардан қорғап қалды. Өз елі үшін жанын да, барын да аямаған ерліктері ешкімнің есінен кетпейді. Осындай еңбекпен жеткен жерімізді, елімізді сақтап аялау, кейінгі ұрпаққа аманат етіп жеткізу бәрімізге үлкен міндет. Әрине, әр күнімізді бағалай отырып, туған жердің гүлденуіне, өсіп өркендеуіне барымызды салайық!



Сәдуақас Еңлік
Шымкент қаласы
Т.Тәжібаев атындағы
№47 мектеп-гимназияның
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Бейсетаева Бибайша Әбдіманапқызы**

Түркі әлемінің бесігі

Батысынан шығысқа қыран ұшса жас түлек,

Жетем деген жеріне жетеді екен бес түлеп.

Солтүстіктің хабарын Оңтүстіктің қазағы

Радио болмаса, бір айдан соң естімек,- деп қазақтың Тұманбайы жырлаған осы бір ұшы-қиыры жоқ, Алтайдан Атырауға, Арқадан Алатауға дейін созылып жатқан киелі мекен – менің Отаным, Ұлы Түркіден қалған төр мекен, қара шаңырақ-Қазақ жері.«Қазақтардың және Еуразияның басқа да халықтарының тарихында Алтайдың алар орны ерекше. Осынау асқар таулар ғасырлар бойы Қазақстан жерінің тәжі ғана емес, күллі түркі әлемінің бесігі саналды. Дәл осы өңірде біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының орта шенінде Түркі дүниесі пайда болып, Ұлы дала төсінде жаңа кезең басталды», -деп жазылған «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалада.

Бұл жер – тамырын тереңнен тарататын болсақ, бастауын сонау көк сүңгісін көкке қарап бұлап, «Түркі халқы үшін Түнде ұйықтамадым, Күндіз отырмадым, Қара терімді сықтым, Қызыл қанымды төктім, Шығай халықты бай қылдым, Өлімші халықты тірілттім...», деп көк бөрідей ұлыған Күлтегін, Тоныкөк, Білге қағандардан қалған киелі мекен. Тарихқа «Ұлы Тұран даласы» деген атаумен еніп, Фердаусидің жырына арқау болған жер. Шығысы Сары өзеннен (Хуанхэ) бастап, батысы «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау» деп аталарымыз айтып кеткендей, Европаға шейінгі ұлан-ғайыр өлкені мекендеген түркінің балалары өз алдына отау тігіп, бөлек кеткенде, қазаққа енші болып қалған қара шаңырақ. Дүниежүзіне әйгілі “Күлтегін жазуынан” басталып, бүкіл түркі әлеміне ортақ тұлғалар Шығыстың саңлақтары Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Ахмет Иүгінеки, Ибн Синалар өмір сүріп, ілім таратқан ғылым мен білімнің отаны.

Мағжан ақынша айтсақ:

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,

Түріктен басқа от болып жан туып па?

Көп түрік енші алысып тарасқанда,

Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?- деп жырланған өлке.

Міне, бүгінгі қазақ даласы, бүкіл әлемге егемендігімен, еркіндігімен, елдігімен танылып отырған Қазақстан деген мемлекет – осы киелі қара шаңырақтың егесі.

Түркі мәдениетінің тұнық тұмасын – салт-дәстүрін, әдет-ғұрпы мен ән-жырын өздерінің дәстүрлі өмір салтына байланысты сақтап қалғандар да менің көшпенді ата-бабаларым – қазақтар. Түркілердің нағыз түркілік дүниетанымдарын айшықтайтын болғандықтан шеттегі түркілер осы туысқандарының жерін ата

қоныс, қара шаңырақ деп атап кеткен. Тіл тұрғысынан айтар болсақ, Махмут Қашқари « ең таза, ең тұнық түрік тілін қалаға келмеген, басқа тілдерді білмейтін түркі тайпалары сөйлейді» деп жазады. Демек, бұл – негізгі түркі тілін, мәдениетін, дүниетанымын, тіпті мемлекеттілігін сақтап қалған ата қоныс, қара шаңырақтың бар болғандығын көрсетеді.

Мен Түркілердің қарашаңырағы тақырыбында ізденіп жүріп, өте қызықты жайттарға куә болдым. Қазақтарда көнеден келе жатқан «Түркімен – төрағам, Өзбек – өзағам» деген мақал бар екен. Осы қанатты сөзді Мәшһүр Жүсіп Көпей шежіреге сүйене отырып талдағанда, бұл мақалға сай түркімендер, тек қана қазіргі Түркіменстанның түркімендері ғана емес, бұрынғы Османлы елінде тұрған барша түркі ру-тайпалары, қазақтардан бес ата үлкен; ал өзбектер қазақтардан үш ата үлкен деп жазады. Сонда қазақтар түркі ағайындардың ең кенжесі ретінде қарашаңыраққа ие боп қалған болады. Бұл Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында да «Біріншіден, қосқан үлестері кейінірек сөз болатын протомемлекеттік бірлестіктердің дені қазіргі Қазақстан аумағында құрылып, қазақ ұлты этногенезінің негізгі элементтерін құрап отыр. Екіншіден, біз айтқалы отырған зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең-байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралды,»- деп атап көрсетілген. Түркі мәдениеті тұрғысынан қазақтар солтүстікте Еділ мен Жайық, оңтүстікте Сырдария мен Амудария жағалауларындағы қалаларда ұзақ өмір сүргендіктен, далалықтар ретінде түркі мәдениетінің ең таза үлгісін сақтай білді. Сондықтан да қазақтардың әдет-ғұрпы, тілі мен әдебиеті, музыкасы, дүниетанымы, шежіре дәстүрі нағыз көне түркі мәдениетінің жалғасы болып табылады. Бұлай болуындағы негізгі себептің бірі – ХХ ғасырға дейін қазақтардың Еуразияның ең соңғы көшпенділері ретінде өмір салтын жалғастыруы болса керек.

Бір қызығы, американдық ғалым Брюс Привратски бүгінгі Қазақстанның оңтүстігіндегі Ахмет Яссауи жатқан Яссы қаласының Түркістан аталуын ол жерде түркі мәдениетінің өкілі қазақтардың басым болуымен байланыстырады.

Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр Әл-Фарабиді бабамызды дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан.

Біздің жеріміз Түркінің төл отаны ғана емес, адамзатқа ортақ қаншама материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы екендігін бүгінгі біздер мақтанышпен айта аламыз. «Ұлы Даланың жеті қыры»мақаласында: «Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Көне жылнамалар бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ұлан-ғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткені туралы сыр шертеді»- деп жазады. Оған дәлел атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі.Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Бүгінгі қазақтар жылқыны мініс көлігі ретінде ғана қарамай, түрлі спорттық байқауларға (бәйге, көкпарт.б) баптап, сүтінен дертке дауа саумал қымыз дайындап, әлемге ұсынып отыр. Берен сауытты тесіп өтетін,

масағына қауырсын тағылып, металмен ұшталған жебе де, оқтай түзу немесе иілген жүзі ерекше қылыш та осы көшпенділердің- менің ата –бабаларымның қолынан шыққандығын бүгінгі ұрпағы- біздер мақтанышпен айта аламыз.

Қазақтың жері, атап айтсақ Алатаудың баурайы бүкіл әлемді таңдай қақтырған алма мен қырмызы қызғалдақтың «тарихи отаны». Көктемде біздің Алатаудың байрайына немесе Сырлы Созақтың даласы - Қаратау жаққа барып көріңізші, сізді кілемдей құлпырған қызғалдақты дала құшағын жая қарсы алады. Қазақ даласы әлемге ең көп таралған жемісті адамзатқа тарту етті. Жазда ауылға бара қалсаңыз, тарихы Алматының тауларынан басталған алманың сан түрі самсап сізді қарсы алады. Алма мен қызғалдақ Ұлы Жібек жолы арқылы дүние жүзіне тарап, бүгінде сан түрлі болып жетілдіріліп, адамдарға қуаныш сыйлауда.

Міне, осындай киелі мекен, кең даланы мекендеген Қазақ деген халықтың төл перзенттері бүгінде білім мен ғылымда қазақтың арманын алып көкке ұшқан Тоқтар, Талғат, Айдындар, мәдениет пен өнерде Димаштар боп, спортта Данияр, Жансая т.с.с. боп тағы басқа салаларда халқын әлемге танытуда. Аталар жолын абыроймен жалғауда.

Азаттығын алған аз жылда Арқа төсіне Астана салып, бабалар мекені Түркістанын қайта түлетуде. Мен Түркіден қалған төр мекен – Қазақтың даласында, қазақтың баласы боп туылғанымды мақтаныш етемін. Біз жасайтын болашақ әлі алда.



Налиханова Айгүл
Шымкент қаласы
№ 75 мектеп-гимназияның
8-сынып оқушысы

Жетекшісі: **Жабагиева Еркежан**

Абайдың ұлттық ұраны

Қазақ халқының ұлы данышпан ойшылы Абай өзінің «Бірінді қазақ, бірің дос, Көрмесең істің бәрі бос» нақыл сөздері арқылы қазақ халқына тән ұлттық құндылықтарды қозғайды, яғни Абай заманында көрініс тапқан мәселер болашақпен ұштасып, қазіргі қазақ қоғамының қалыптасуының құралы болып отыр. Данышпан Абай осы сөздері арқылы қадірін, елінің қасиетін тануға үндеді. Патшалық Ресей билігі кезінде болған сұмдық жайттардың қазақ халқына ықпалы басым болғаны анық, себебі бұрынғы достар дұшпанға айналып, патша шенеунігіне талас, тіпті, бауырлар арасында орын алып жатты. Осыған орай, Абай өзінің қазақ халқын «Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын», «бақас», «бақталас» деп сынай отырып, берекелі бірлік пен ынтымақтастыққа шақырады. «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» демекші, қазіргі таңдағы Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуында ұлт бірлігінің маңызын байқаймыз. Себебі, тіпті, Абай заманын алып қарасақ, оның өмірі 1822-1824 жж. жүргізілген патша реформаларының кезеңімен тұспа-тұс келеді. Қазақ халқына тән дәстүрлі хандық биліктің патша тарапынан жойылуы, болыс-ауыл старшындары лауазымдары үшін ашық күрес – Абайдың ұлттық сана-сезімінің қалыптасып, дамуында өз рөлін атқарды және ол мұндай қазақ болмысына жат іс-әрекеттерді сынай отырып, «ұлттық ұран» - бірлік пен ізгілікті насихаттайды. Сөздің шыны керек, бірлік пен білек күшімен 15 ғасырда алаш өз ордасын – Қазақ хандығын құрып, Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», өз-Тәукенің «Жеті жарғысының» қазақтың бірлігі мен біртұтастығын ғасырлар бойы сақтағанын білмек керек. Менің ойымша, Абайдың бұл сөзі қазақ халқы арасында белең алған қызғаныш пен күншілдік дертін сынау ғана емес, керісінше ұлтты бірлік туының астына жинауды білдіреді. Абай қазіргі таңдағы қазақ қоғамының жоғалтқан ізгілік қасиеттері мен 19 ғасырда орын алған оқиғалар арасында көпірдің іргесін қалады. Себебі, ата-бабамызда болған мансапқорлық, бір-біріне деген қастандық пен жауыздық көрініс тапқан Абай өлеңдері өскелең ұрпаққа сабақ бола отырып, қазақ қоғамының ынтымақтастығын нығайтады. Бүгінгі күні әлемде орын алып жатқан жаһандану процестерінің ықпалымен ұлттық бірлікпен қатар этносаралық ынтымақтастықтар да маңызды орын алуда. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының: «Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің татулық мен ынтымағы арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды», – деген сөзі кешегі мен бүгінгі тарихымызды ұштастырып тұр. Бұл қазақ халқының ауызбіршілігі мен ынтымақтастығының нәтижесі деп білемін, себебі бірлігі кеткен елден береке қашады.

Қорытындылай келе, мен Абайдың «Біріңді қазақ, бірің дос, Көрмесең істің бәрі бос» деген сөздерінің қазақтың ұлттық мүдделерінің дамуындағы рөлін сезіне отырып, қазақ елінің ұстанымы – елдегі қоғамдық келісім мен этносаралық үйлесімді сақтау екеніне тоқталып өткім келеді. Дана Абай атамыздың бұл ұлағатты сөзін естен шығармауымыз керек!



Кеңесбай Сымбат Ғалымқызы

Шымкент қаласы
№ 75 мектеп-гимназияның
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Садыкова Айткуль Ажибековна**

Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің...

Әрбір адам үлкен өмірге қадам баспастан бұрын, үлкен өмірдің қиындықтарына төтеп бере алатындай күш-қуатты, мінезді, өмірлік құндылықтарды отбасында бойына сіңіреді. Отбасы – бастауыш сынып тәрізді, білімнің негізін қалай қаласаң, ары қарай солай жалғасып, кетеді. Міне, сондықтан әр адам үшін отбасы, отбасындағы тәрбие, жылулық маңызды. Оған дәлел Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасы. Шығармада қайталанбас ұлы, дара тұлға, Бауыржан Момышұлының балалық шағы мен жастықшағындағы отбасында алған тәрбиесімен таныса аламыз. Маған шығармада әкесінің Бауыржанға нағыз қазақи тәрбиенің негізін қалауы, үлкендерге сәлем беріп, құрмет көрсетіп, кішілерге қол ұшын созып, ізет көрсетіп, халқына, еліне, жанашыр, ел тұтқасын ұстайтын, нағыз азамат етіп тәрбиелеуі қатты ұнады. Сонымен қатар, әжесінің анасының орнын жоқтатпай, немерелеріне бар жылуын арнауы, бар мейірімін төгуі, ертегілері арқылы немерелерінің бойына жанашырлық пен бауырмалдықты, бір-біріне деген мейірімділікті сіңіруі, олардың қияли ойлау дағдысын дамытуы маған қатты әсер етті. Сонан соң, шығармада Бауыржан Момышұлы: «Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған ұстаздарымды еске түсіріп, ойға бататыным бар. Сондай шырын шақтарда ең алдымен ата-аналарымның бейнесі елестейді. Солардың берген тәлімі басымырақ бола береді...» деп айтқан жері жанымда жатталып қалды. Себебі қазіргі таңда адамдар өз ата-аналарын ұстаз деп танып, білуден бұрын оларды ойлап, құрметтеуі қарын аштырарлық. Ата-анасының ақылына қарағанда сырттағы адамдардың ақылы маңыздырақ болып тұр. Тағы бір тоқтала кететін жайт, қазір ертегі айтатын әжелер мен ертегі тыңдайтын кіршіксіз, таза пейілді, пәк балалар аз, тіпті, жоқтың қасы деуге де жақын. Ертегі – балаларды мейірімділікке, сабырлыққа, батылдыққа, жақсы амалдар жасап, дұрыс жолмен жүруге баулиды, ойлау өрісін кеңейтеді және ертегілер арқылы қазақ тарихында болған ұлы батырларды да танып біледі. Ердің батырлығын естіп өскен бала батырларға еліктеп, Бауыржан Момышұлындай еліне, жұртына адал, нағыз азамат, патриот болып өсері сөзсіз. Сонымен қатар, қазір нағыз қазақи тәрбие әлсіреп жатыр. Момышұлы сияқты батыл, ержүрек, халқы үшін жанын қиюға дайын, өнерлі, ата-анасын қадірлейтін, ашуын ақылға жеңдірген, салт-дәстүрді қадірлейтін, үлгі тұта алатын тұлғалар қазіргі таңда азайып барады. «Ұшқан ұя» шығармасымен танысып болған соң, бізге, бүгінгі жастарға осындай тәрбие жетіспейтінін ұғындым. Шығарманы оқу барысында отбасындағы жылы атмосфераны қағаз бетінен оқып отырсам да өзімді шығарма кейіпкерлерімен бірге жүргендей отбасы жылулығын сезіндім. Мен бұл шығармадан ұлттық құндылықтар мен отбасындағы құндылықтардың бірқатарын

ұғына алдым. Әр адам үшін өмірінде маңызды рөл атқаратын отбасының әрбір мүшесі өз міндеттерін дұрыс, тиісінше орындаса, кіршіксіз таза, ақ пейілді, жаңадан өсіп келе жатқан балалардың бойына Бауыржанның әжесі мен әкесі, яғни, Қызтумас пен Момыналының Бауыржанның бойына сіңірген қасиеттер мен құндылықтарды дарыта алса нағыз еліне сүйеу бола алатындай, жерін, елін сүйген азамат пен азаматшалар болып өсері хақ. Бұл шығарма оқырманын бейжай қалдырмасы сөзсіз. Сондықтан аға буындар мен кіші буындарға, барша кітап сүйер оқырмандарға осы шығарманы, «Ұшқан ұя» шығармасын оқуға кеңес беремін!



Ботабек Ақжүніс
Шымкент қаласы
№ 75 мектеп-гимназияның
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Садыкова Айткуль Ажибековна**

Көктем кереметі

Міне, қыс бітіп, жылы шуақ күнімен көктем де келді. Пах, шіркін, көңілімізге шаттық ұялап, бір марқайып қаламыз. Өзінің ерекше қасиеті бардай, осы мезгіл келгенше асыға күтеміз. Талдар бүршік атып, көктің басы көрінеді. Мал төлдеп, қорадағы қозы-лақтың шулаған дауысымен қатар, электр тоғының сымына тізіле қонған құстар, қыбырлаған жәндіктер, бәрі-бәрі көктемнің әсемдігін көрсетеді.

Сол керемет – Көктемнің керемет күнінен басталады. Көктемнің алғашқы күні 1 наурыз – Алғыс айту күні. Алғыс айту дегеніміз не? Алғыс айту-біреудің екінші біреуге ықыласын білдіруі, рахмет айтуы. Ең алғаш осындай өмір сыйлаған ата-анамызға алғыс айтамыз. Содан соң бізге білім мен тәлім-тәрбие беріп жатқан ұстаздарымызға рахмет айтамыз. Біздің жанымыздан табылып, қиындықта қол ұшын беретін жанашыр достарымызға алғыс айтамыз. Қазақтың халқының ұғымында не ғұрлым көп Алғыс алған адам бақытқа кенеледі деген. «Алғыспен ел көгерер» деген мақал да соны мегзейді. Алғыс айту күнінде барынша жанымыздағы адамдарымызға алғыс айтып, жылы жүзбен, қуаныш сыйлағанға не жетсін. Көктемнің тағы бір ерекше мерекесі ол – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні. Көктем қандай әдемі болса, әйел адамы да сондай сұлу болады. Мерекеде әйел затын, анамызды, әпке-сіңлі, құрбы-құрдастарымызды мерекелерімен құттықтап, қуанту қандай керемет. Бұл мереке - мен үшін ерекше мереке. Ата бабамыз айтқандай «Әйел үйдің қазығы» демекші көктемнің ең әсем гүлі – әйел заты деп білем. Көктем мерекесі жалғаса келіп, қазақ халқының жаңа жылы – Өз Наурызы кіріп келеді. Наурыз мерекесімен қатар, көрісу дәстүрі де жүріп жатады. Әсем әні, күмбірлеген күйі, мың бұралған билерімен, наурыз көжемізбен ерекшеленіп Наурызды қарсы аламыз. Қазақтың ұлттық киімі, сыңғырлаған шашбауы – әр қыздың сәні мен нәзіктігін көрсетеді. Бұл күні қазақтың ұлттық тағамдары дайындалады. Көктемнің бастауы, жаңа жылы, тіршіліктің басталуы айналамызды құлпыртып жібереді. Мен көктем мезгілін - жаңарудың, жаңа бастаманың жандануы деп білем.



Ғабизият Аяла Сағидоллақызы
Қостанай облысы, Арқалық қаласы,
А.Байтұрсынов атындағы
бастауыш гимназиясы
4 «Ә» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Кабылдина Акбалдак Жанбыршиновна**

Мен бақытты баламын

Мен өзімді ең бақытты бала сезінемін. Себебі, қасымда жақын жандар, адал достар, кең байтақ Қазақстаным бар. Тәуелсіз мемлекеттің бақытты ұрпағымын. Мен әкем мен анамның ерке қыздарымын. Олар менің бақытты әрі тәртіпті болып өсуіме барлық күштерін салады. Мен олардың маған жасап отырған жақсы істеріне ризамын, ал олар менің жетістіктеріме риза. Және әрқашанда өзімнің жеткен асуларыммен қуантатын боламын. Мен өзімнің отбасымды құрметтеймін. Олар маған көптеген нәрселер үйреткен. Олардың көмегімен бақытты өмір сүріп жатырмын. Олардың тәрбиесінен мейірімділігі мен қаталдықты аңғарамын. Әкем мен анамның айтқан әрбір жақсы сөздері мен тәлімін бойыма сіңіріп келемін. Мемлекетіміздің көркеюінеде бар күімді саламын. Сабақты жақсы оқып, өз ісімнің адал маманы боламын. Еліміздің дамуына үлес қосу мен үшін үлкен бақыт. Олай болса мен – бақытты баламын.

Келешектің тұтқасы біздің қолымызда

Болашақ бүгіннен басталады. Біздің білімді және білікті маман болуымыз-еліміздің жарқын болашағының кепілі. Келешектің тұтқасы біздің қолымызда болғандықтан, біз болашақта –білімді, бірлігі жарасқан, елін сүйетін патриот болып өсуіміз керек. Болашақта жаңа технологияларды меңгеріп, жаңа жаңалықтар ашып еліміздің ілгері дамуына, көркеюіне өз үлесімізді қосатынымызға сенемін. Сол үшінде қазірден бастап жақсы білім алып, жан-жақты дамудамыз. Біз үшін бар күштерін салатын, ұстаздар мен ата-аналарымызға алғысымызды білдіреміз. Қазірден бастап бірнеше тіл меңгеріп, дәстүрді дәріптеп жүру үшін домбыра үйреніп жүрмін. Әзірге мемлекетіміздің дамуы үшін қоса алатын үлесім ол сабақты жақсы оқу. Сондықтанда ұстаздар берген сапалы білімді санама тоқу өз міндетім екенін жақсы түсінемін.



Сәрсенбай Іңкәр Талғатқызы
Қостанай облысы, Жангелдин ауданы,
А.Қоңқабаев атындағы
жалпы білім беретін мектебінің
3-сынып оқушысы



Жетекшісі: Сұлтанғалива Ләззат

Жаз

Жазда күн жылынады. Күн нұрын шашып, айнала түрлі құстардың дауысына, балалардың күлкісіне толады. Балалар жаз болса, көлге шомылуға, жидек теруге барады. Маған сол ұнайды. Мен қабат-қабат киім кимей, бір-ақ көйлекпен жүргенді жақсы көремін, сондықтан маған жаз ұнайды. Жазда көбелектер гүлден гүлге қонып ұшып жүреді. Мен көбелекті ұстап алып қызығып қанатының әдемілігіне қарап тұрамын да, ұшырып жібере саламын. Айтпақшы, көбелектер құстардан қорғану үшін қулық істейді екен. Мысалы, ақ көбелек ақ гүлге қонады, қызыл көбелек қызыл гүлге қонады. Сонда оларды қарлығаш таба алмай қалады екен. Тағы да маған жаздың ұнайтын себебі жылдың бұл мезгілінде барлық оқушылар демалысқа шығады.



Есентаева Аружан Досжанқызы
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы,
«Бірлесу-Еңбек» орта мектебінің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Ақынбаева Розлан Дәулетқызы**

Ісі өнеге, сөзі өсиет – Бауыржан

*Мен бір жан өмірімнің өзі дастан,
Ыстық, суық ғұламадан көзін ашқан.
Көктемдей құбылмалы мінезім бар,
Мейлің күл, мейлің илан, мейлің жасқан.*

Бауыржан Момышұлы

Бауыржан Момышұлы – тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім жан. Ол ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға. Көзінің тірісінде-ақ аты аңызға айналған Бауыржанды біз бала күнімізден жақсы білеміз. Бауыржанның әділ, шыншыл, қырағы, аса қыңыр, рухты, «арың нанға сатпаған» қазақ батыры екені қайбір санасызға болмаса, қаны бар қазақ азаматына айдай аян. Ендеше, біз батыр туралы не білеміз? Оның тұла бойындағы қадірлі қасиеттері қандай еді?

Меніңше, елімізге Бауыржан Момышұлындай ұлы перзентін таныстырып жату артық. Еліміз қаһарманымыздың ерлігін, ерең еңбектері мен қанатты сөздерін мақтанышпен айта бермек. Ендігі кезекте мен батырдың болмысы мен ұстанымдарын сөз еткім келері хақ. Бауыржанның өзгелерден даралап тұрған айрықша қасиеті – қалам мен қаруды тең ұстауы деп білемін. Биыл Бауыржан Момышұлының туылғанына 112 жыл толуына орай, даңқты қолбасшыға арналған әдеби кітаптар жастарға дәріптеліп жатыр. Мысалы, Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», Александр Бектің «Волоколосское шоссе» туындылары, олар батырдың ер мінезін шыңдай түседі. «Баукең, бауырмал еді. Оқымаған кітабы жоқ. 1865 жылы басылған Құраны бар еді», - деп Мекемтас атамыз айтқандай, Бауыржанның тамсана қарайтын асыл қасиеттері жетерлік. Батыр Жаратушының сүйген құлы болғандықтан, сірә, өмір бойы ешкімге бас имей өз ар-намысының құлы болған. Әрине, ол – суреткер, оның айтар ойы, жазар тақырыбы – соғыс шындығы екені рас. Дегенмен, «Бауыржан» сегіз қырлы, бір сырлы «азамат, оны тек соғыспен шектеу үлкен қателік. Оның бір білсе, бірі білмес өнері мен, қызығушылықтары көп. Оған дәлел әдебиеттанушы Абай Қалшабектің мақалаларында» Бауыржан құралайды көзге атқан мерген, турникке тартылу басқа спорт түрлерімен айналысқан. Сонымен қатар, көпшілігіне белгісіз суретшілігі бар», - деп тайға таңба басқандай жариялаған. Сонымен қоса, «Баукеңнің келіні Зейнеп» атамыз ат құлағында ойнайтын шабандоз, атбегілігімен аты шыққан, бильярд ойынының шебері» - деп өз сұхбаттарында сағынышпен айтқан болатын. Бауыржанның тұлғасын әлі ешкім зерттеп, тереңіне жеткен жоқ. Сол үшін де, осынау арысымның күнделігі мен туындыларын оқу мен

үшін өте қызық. Ең қызығы Бауыржанның М.Әуезов, Р.Қошқарбаев, Ж.Жабаев, М.Ғабдуллин, Қ.Сәтпаев сынды ірі тұлғалармен бір заманда ғұмыр кешуі. Менің пікірімше, қасына игі жақсыларды жинауы да іші тар, теріс пиғылдылардың шамына тигені сөзсіз. Мен оны Мекемтас атаның «Талантты қолбасшы Баукеңе қысым жасау сонау майданнан басталған. Оның батырлығы, қолдаушылары кейбір басшылардың шымбайына батып, көре алмай аяғынан шалды. Соның бірі әйгілі Жуков болды», - деген сөзімен дәлелдей аламын. Міне, соғыста қан кешіп, істеген адал еңбегі бағаланбаған Баукең өмірден қол үзді. Елеулі еріміздің дүниеден өтуін Мұхтар Әуезов «Табыт қабірге түсірілерде әскери взвод үш дүркін оқ атып, салют берді. Бір ғажабы – жердегі салюттен кейін аспанда күн күркіреп, себелеп жауын жауды. Аспанда бізбен бірге, еңіреп жылағандай сияқтанды», - деп бейнелеген еді. Мұның өзі, құдайдың құдіреті ғой. Абай Қалшабек «Салмақты дүниелерді бағалауға уақыт керек», - дегендей көп ұзамай Бауыржан Момышұлына батыр атағы берілді.

Қорыта келе, Бауыржан мен үшін жұмбақ, ғалым болып қала береді. Оның ерлігі мен ғалымдығы — ұлы тәрбие, үлкен өнеге мектебі.

Жамбылға жыр арнаймын

Туылып елдің дархан даласында,

Алатау Ұзынағаш арасында.

Жырымен жан жылытып ән тербеген,

Жамбылдай ақын өткен Алашымда.

Сол еді қазақ рухын танитында

Намысын тасқа қашап жанитында,

Тайпалтып тылсым сазды төрттағанын,

Жамбылдай талант өткен тарихымда.

Жамбыл жаққан шамшырақ жанады арман,

Жас ұрпақты жетелеп барады арман.

Жиырмасыншы ғасырды дүбірлеткен,

Жамбыл жыры өшпейді саналардан.

Ақын атын ардақтап ағылды нұр,

Айтып жатыр жырларын қауым дүркін.

Ақ жүрекпен аңғарып қасиетін,

Жаттап өскен ұланбыз дауыл жырын.

Жамбыл жыры көңілде сыр қалдырар,

Ән аңсаған әлемді түр жандырар.

Аралап жүр қазақтың кең даласын,

Шуағымен баршанды нұрландырар.



Есеналы Жанерке
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы,
«Бірлесу-Еңбек» орта мектебінің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Жуанышова Анар Тайтулеуовна**

Далалық мәдениеттің дарабозы

Аннотация

Мақалада жыр дүлдүлі Жамбыл Жабаев қалдырған атақты әдеби мұралардың алтын арқауын саралағанда олардың өн бойынан азаттық ойдың ұшқыны айқын көрініс табады. Жамбыл Жабаевтың сөз сайысындағы қайталанбас құбылыс болғандығы, айтыс өнерінің және жырдың өшпес өнегесі, далалық мәдениетіміздің, ұлтымыздың мәңгі байлығы екендігі қарастырылады. Жүз жыл жасаған ақын жүректің мәңгілікке бет бұрған ғибратты ғұмырын болашақ ұрпаққа үлгі ету арқылы тұлға есімін ұлықтауда, жыр алыбы Жамбылдың асқақ жырлары бүгінде дәуір үніндей жаңғырып, ақын есімін насихатталады.

В статье рассматривается золотая нить знаменитого литературного наследия, оставленная поэтом Жамбылом Жабаевым. Считается, что Жамбыл Жабаев был уникальным явлением в дискуссии, неизгладимым образцом искусства айтыса и песни, вечного богатства нашей степной культуры, нашего народа. Столетний поэт прославляет имя человека, подавая будущим поколениям пример поучительной жизни сердца, обращающейся в вечность.

Түйін сөздер: жыр дүлділі, әдеби мұра, айтыс өнері, жырдың өшпес өнегесі, далалық мәдениет, ғибратты ғұмыр, жыр алыбы.

Жамбыл Түстіктегі осы таудың бөктерінде, қақаған ақпан айында осыдан бір жарым ғасыр бұрын дүниеге ақын келіп, кейін әлгі тауды да, бүкіл қазақ халқын жалпақ жаһанға, айдай әлемге жария етті.

Адамның есімі бір – ақ сөз. Сол бір сөздің өзінде қаншама құдіретті күштің иесі еді. Жиырмасыншы ғасырдың жарығын Жамбыл тіршілік тауқыметін қарттыққа бой алдыра бастаған кезде, жастық, жігіттік дәуреннің оты да, әсері де, жалынды да сөніп, сол өткен ғасырдың тереңіне еніп бастаған бабалық шағында көрді

Анадан тума талант ақын болып туу да, жүз жыл жасап, заман құрсағынан ақынның алыбы болып қайта туу да жұмыр басты пенденің маңдайына жазыла бермейді. Бұл Алланың әмірімен, сүйген құлының ғана пешенесіне жазылады. Алланың қалауымен замана құрсағынан ұлы жырау, алып ақын болып туған Жамбыл қазақ ақындық өнерінің даму тарихында алға қарай алып адым жасады. Алып адымды ұлы жыраумен бірге қазақ поэзиясы да алып адымдап алға басып, өз дамуының жаңа дәуірін бастады. Сөйтіп қазақ халқының ақындық ойы, жыраулық өнері бірнеше ғасырлық даму, өркендеу жолында Жамбылдай ақынның ғұмырбаянын тарихта қалдырды.

Тарихқа көз салсақ, кезінде бұрынғы Әулиеата уезіне, Тараз – Әулиеата қаласына Жамбыл есімі беріліп, жұрт жаппай құттықтап жатқанда:

Атыңнан айналайын Әулиеата,

Атыңды тартып алдым, болма қапа! – деп дұға оқып, кешірім сұрағаны баршаға мәлім жайт. Міне, бұл Жамбыл атамыздың кемеңгерлігін және қасиетті, әулиелі өлкеге басын игендігін білдіреді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Жамбыл – ғасырлық ғұмырында арыны басылмаған алып жыршы, шұрайлы жырдан өшпес мұра қалдырған дүлдүл ақын. Ол өзінен кейінгі әр ұрпақтың ат басын арнайы бұрып, шөліркегенде тұнық жырларынан сусындар тұма бұлағы...» - деп ой пайымдайды./2,3/

«Жамбыл – қазақтың суырып салып айтқыш ақындық өнерінің аса көрнекті өкілі. Оның әсем жыр әуені мен шалқыған домбыра сазынан қазақ халқының жарқын үні естіледі...» - дегендей, «Қазақ әдебиетінің тарихы» еңбегінде Жамбыл Жабаевқа осындай жоғары баға берілген.

Халқымыздың біртуар ұлдарының бірі, поэзия әлемінде ерекше орны бар Сәкен Сейфуллин: «Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып, халқының қолына беру - біздің әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз» - десе, қазақ әдебиетінің барлық жанрларында қалам тартып, елеулі туындылар берген әмбебап дарын Ілияс Жансүгіров: «Жамбыл жырлары Бұғымүйіз, Бесмойнақ жайлауының гүліндей алуан түрлі. Хош иісі күншілік жерден аңқып тұрады. Ақын жырын тыңдаған сайын, көк жайлауға шыққандай әсер аласың» - деп баға берген болатын. Тіпті Николай Тихонов, Василий Лебедев – Кумач секілді орыс ақындары да қарт жыраудың қазыналы жырларына үлкен құрметпен қарап, оның поэзия мен халық сынды мәңгі жасай беретіндігіне зор сенім білдірген./3,29/ Расында қынапқа сыймаған қылыштай қазақтың маңдайына біткен өткірлігі де, айбатты да Жамбылдың өктем жырлары еді. Ел мен ердің басына күн туғанда, анталаған жауларға домбырасы мылтықтан, ана тілі зеңбіректен де қауіпті көрінген жырау жауынгерлік рухтың жалғыз жаршысы бола білді. Екі ғасырдың тауқыметін екі иығына артқан қарт жыраудың қалың елімен бірге жер қайыстырған өз жолы, өз жеңісі, өз тағдыр – тарихы бар.

Ақынның пікірінше, жастар патриотизм дегенді өз Отанынын шексіз әсемдігі, өнердің қайталанбас сұлулығы деп түсінуі керек. Заман заңғары, жыр алыбы - Жамбыл атамыз аталмыш лирикалық бейнелерді елінің байлықтарымен қатар қояды: «Қарсақпай мысы», «Қаратау қорғанысы», «Гүлденген Алатау алқаптары», «Алтайдың кең алтын қазынасы мен Қарағандының қара алтыны», «Қазақстанның теңіздері мен ормандары», «Шымкент мақтасы», «Алматының хош иісті алмалары» деген өлеңдерімен қазақ жерінің әсем табиғаты мен байлығын керемет суреттейді. Оның ойынша, өз елін мақтан тұтқан адам ғана өз жерінің әсемдігін, табиғатын, оның қазба байлықтарын сақтап қалуға, қорғап қалуға тырысады.

Жер байлығы болмаса,

Жерден алтын шығар ма?!

Ел қамын ойлар болмаса,

Ерден ақыл шығар ма?!, - деп жырлайды.

Адам мен заман – Жамбылдың шығармашылық өнерінің басты тақырыптық өзегі болды. Адамның жақсылығы мен жамандығы, адамдығы мен надандығы, адалдығы мен арамдығы сарапқа түскен шығармаларында ұлы жырау аз сөзбен, ишарамен – ақ заман тынысы жайында үлкен ой түйеді. Осының бәрі Жамбылдың көзінің қырағы, көңілінің сергек екендігін, ойының терең, танымының кең екендігін

танытады. Сонымен қатар ақынның айту, жырлау, толғау шеберлігі де мінсіз, тәңірдің дарытқан қасиетіндей кінәратсыз, күннің нұры секілді тап- таза екендігін аңғартады.

*Көп қарға тең келмейді бір сұңқарға,
Көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға.
Жақсының әрқашанда жөні бөлек,
Жаман адам жарымас бір қымтарға, - деп суреттейді.*

Төкпе сөздің төресі – жұрт көрмеген шындықты көріп, жұрт көріп, таныса да, батылы жетіп айта алмаған шындықты батылы жетіп айтқан, тек өзінше айтқан, айтқанда да жұрт таба алмайтын мазмұнмен, жұрт келістіре алмайтын пішінге бөлеп айтқан.

Шындық деген – кісінің өзі. Оны көру оңай болғанмен, тану қиын. Тани қалған күннің өзінде де оны сол қалпында айту – қиынның қиыны. Ақынның сыншылдығы да, сыншылдығынан туып жатқан, халық таныған ақиқат құбылыстар мен оқиғаларға негізделеді. Ол қандай қиын – қыстау жағдайда да, ақындығы мен азаматтығы, тіпті өмірі сынға түскен шақта да осы ақиқатты айтқан, сынын да, мадақ сөзін де шындыққа бағындырған. Жамбылдың шығармашылық абыройы мен суырып салма ақындық атағының халық арасына мейлінше кең жайылуының басты себебі осында.

Көрші жатқан қырғыз елінің көрнекті жазушысы Шыңғыс Айтматов: «Мен Жамбыл жайында жар сала ой толғағым келеді. Жиырмасыншы ғасырымыздың аса әйгілі ақыны, шын мәнінде, аты аңызға айналған замана жыршысының өткір де асқақ үні – бір ғана қазақ халқы емес, осы күнгі түркі тұқымдас барлық халықтар поэзиясының арасындағы ең озық игілік болып отыр. Өйткені Жамбылдың өмірі мен ақындық шығармашылығы көрші, әрі оған әрдайым етене жақын қырғыз халқымен өте тығыз байланысты қалыптасқан - ды», - деп ұлы жампоз жырау жайлы жылы лебізін білдіген .

Ж.Жабаевтың жырлары тек құрғақ насихаттың құралы емес, сондай-ақ, осы жас ұрпаққа рух беретін педагогикалық ой-толғамдарға толы тәрбиенің де құралы болатыны айдан анық. Жыр алыбы әрбір азаматтың өзін қоғамның бір бөлшегі ретінде санап, сол қоғамның, Отанның елдің, жердің гүлдей жайнап, өсіп - өркендеуіне ат салысуға шақырады.

*Өсиетім – шындықты, адалды сүй,
Ардақтаған халықты, адамды сүй...
Елдің тіккен іргесін игілікке*

Тап бүгінгі бақытты заманды сүй, - деп кейінгі ұрпаққа өсиет арнайды.

«Менің тамырларым – менің халқым, менің бұтақтарым – жырларым, менің жапырақтарым – ұлдарым мын қыздарым. Мен - бар болғаны жүз жылдық терекпін, қартайғанда тапқан жарық күнімді, халқымның бақытын, ұлдарым мен қыздарымның бақытын жырлаймын. Қазақ жерінің ұлдары мен қыздары нағыз керемет істер істейді», - деп өзінің бүкіл халқының бақытын жырлауға арнаған Жамбыл атамыз болашақ жастардан үлкен үміт күтеді./4,81/

Ұлы жыршының талай ақындармен айтысып, жеңіп шыққаны көпшілікке аян. Көзі тірісінде ХХ ғасырдың Гомері атанған жыр алыбының жәдігері кезекті бір ақындармен айтысында:

*Жасымнан атым аян Жамбыл едім,
Сүрінбес қара сөзге даңғыл едім.*

Сөйлесем сары күнге шалдықпайтын,

Қақырап қайран даусым қалды менің, - деп толғайды./4,89/

Қорытып айтқанда, қазіргі таңда өміршеңдігімен, жасампаздығымен өзін-өзі дәлелдеп отырған Жамбыл Жабаевтың поэтикалық шығамаларының өнегелік, эстетикалық және педагогикалық мазмұны Отанға деген сүйіспеншілікке, қаһармандыққа баулуда, еңбекке үйретуде, болашақта жас ұрпақты тәрбиелеуде өз ролін жоғалтпайтындығына сенеміз.

Керемет дарын, алып ақын – Жамбыл атамыздың «сары күнге шалдықпайтын», «қақырап шыққан қайран даусы» кейінгі ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталары даусыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақ жол газеті. №24 (18218), 27 ақпан 2016 жыл.3 б.
2. Жыр алыбы – Жамбыл: Жыр –дария // Егемен Қазақстан. – №41 (30020), 1 наурыз 2021 жыл 1 б
3. Жабаев Ж. «Халық менің - шын атым». Өлең-жырлары мен айтыс, дастандары.Алматы баспасы: 2008ж.
4. Жамбыл Жабаев. Үш томдық шығармалар жинағы. Алматы баспасы, 2005 ж.



Мүсірбек Нұрдос
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы,
«Бірлесу-Еңбек» орта мектебінің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Жуанышова Анар Тайтулеуовна**

Бауыржан Момышұлына арнау

*Майданда қазақ үшін қанын берген,
Қолына мылтық алып жауды жеңген.
Қазақ десе бір бүйрегі бұрып тұрған,
Қазақтың Бауыржаны еске түскен.*

*Бойы ұзын бізден гәрі биігірек,
Бір қараса таниды жүзі бөлек.
Көктемдей құлпырған күн дауысын,
Естісем жан дүнием бір тербелет.*

*Қан майдан соғыс кезі шөлдегенде,
Сол кезде кез болдым мен ұзақ көлге.
Көл емес көздері ғой Бауыржанның,
Елестеп мың көрінер бір көргенге.*

*Ойы бар бірде дауыл бірде жалын,
Теңіздей тебіrentкен терең жанын.
«Отан үшін отқа түс күймейсің» деп,
Тер төгіп елі үшін берген жанын.*

*Атамыздың атағына асқар тау тең,
Тарихта батырлықпен қалған Баукең.
Таңдаулының өзі ле жете алмас,
Қаһармандық танытқан біздің Баукең.*

*Айта берсем сөзім менің жетер емес,
Осы да жеткілікті болар емес.
Бауыржанды қай қырынан айтсам дағы,
Жақсы сөз бен жақсы ісі естен кетпес.*



Сапарханқызы Баянсұлу
Жамбыл облысы, Жуалы ауданы,
Б.Момышұлы ауылы
№1 мектеп-гимназияның
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: Утегенова Несипкул Жаксымуратовна

Ерлік – ұрпаққа ұран!

Бүгінгі ұрпақ қазіргі тәуелсіз Қазақстан елінде алаңсыз өмір кешуде. Мұндай еркіндік бақытын адамзат тарихындағы ең жойқын күресте бесіктен белі шықпай еңбекке араласып, бұғанасы бекімей қолына қару алып, қасық қаны қалғанша күрескен аға ұрпақ сыйлады. Биыл бүкіл жер-жаһанды дүрліктірген Екінші Дүниежүзілік сұрапыл соғыстың да аяқталғанына, яғни Ұлы Жеңіске – 75 жыл.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейіріммен тартушы, эвакуацияланған зауыт пен фабрикаларға, майданға керекті оқ - дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсенал болды.

Туады ерлер ел үшін,

Өлмейді ісі мәңгілік.

Өшпейді абзал есімдер,

Ұрпаққа жетіп мәңгілік, -

депақынатамыз Жұбан Молдағалиев жырлағандай, батырата-апаларымыздың есімдері, ерліктері жас ұрпақ санасында мәңгілік сақталатынына сенемін. Себебі, бабаларымыздың жүріп өткен жолы – біз үшін үлгі, шежіре, тағдыры – тарих .

Біздің парызымыз – бұл күнді еске сақтау. Ал, ардагерлеріміз күн санап қатары азайып бара жатыр. Оларға лайықты өмірді қамтамасыз ету, оларға көмектесу ұрпаққа аманат деп есептеймін.

Қазіргі таңда біз, Тәуелсіз елдің жас өрендері, үлкен күрес жолымен келген Тәуелсіздігімізді, елдігімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін өнегелі тәрбие, терең білім алып, аянбай еңбектенуіміз қажет деп ойлаймын.



Түгелбаева Бибігүл
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы,
Баймырза Бесбаев атындағы
мектеп-гимназияның
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Аяганова Марал Турсыновна**

«Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі құндылықтар» эссе

Қазақ әдебиетінің тарихының төрінен ойып тұрып орын алған тұлғалардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ауыр заманда білім алып, елді қорлықтан құтқаратын, игілікке бастайтын тек білім деп есептеді.

Әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы...» деп айтқандай, білім беруде саналы тәрбие өзегі адами қасиеттердің бала бойында көрініс табуына жол табатын Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінің маңызы зор деп есептеймін.

Жазушы шығармаларын оқып, оның көтерген тақырыптарының шынайы, өміршеңдігін көріп, тұнып тұрған құндылығы жоғары тәрбиенің көзі екенін байқадым. Оның халқына үлгі боларлық әңгімелерінің біреуін мысалға алайын. «Бақша ағаштары» әңгімесінде: «Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неліктен қисық біткен?» — деп сұрады баласы. «Атаның тілін алсаң ана ағаштай сен де түзу болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып бағусыз өсерсің. Мынау ағаш бағусыз өз қалпымен өскен», - деді атасы. «Олай болса бағу – қағуда көп мағына бар екен ғой», - деді баласы. «Бағу – қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең сен де мына қисық біткен ағаштай қисық өсерсің», - деді. Бала тәрбиесіне жастайынан көңіл бөлу керектігін жас шыбықтарға теңей отырып, астарлы оймен нақты жеткізеді. Бұл тұжырым әлі күнге дейін өзіндік бағасын жоғалтпаған. Оқыған бірнеше әңгімемде адамды неге тәрбиелейтінін атап айтқым келеді. «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі шыдамдылық, батылдық, сабырлылық, тапқырлық, көрегендікке тәрбиелейді.

«Атымтай Жомарт» әңгімесі қайырымдылыққа, қарапайымдылыққа, мақтаншақ болмауға, азды қанағат етуге тәрбиелейді. Төрт түлігі сай бола тұра еңбек етуді, кем-кетік, жетім-жесірге көмектесуді ұмытпаған, тапқан малды орынды жұмсай білген Атымтай Жомартты жастарға үлгі етеді. «Әке мен бала» әңгімесі «Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың, азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың», – дейді. Ал «Асыл шөп» әңгімесінде: «Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, аты «сабыр» деген», – дейді.

Сабырлылық, шыдамдылық, төзімділік, ұстамды болуға үндейді. «Бақша ағаштары» әңгімесінде тәрбие бағу-қағудан басталады деген ойды меңзейді.

Тәрбиелі болуға, адамгершілікке, үлкенді сыйлауға үйретеді. «Байұлы» әңгімесі «Батаменен ер көгереді», «Баталы ұл арымас» – деген халық қағидаларының өміршеңдігін әңгімеге арқау етіп, жастарды, біздерді, қайырымды, ізгі жүректі болуға, жоқ-жітік, жетім-жесірге қамқоршы болуға үндейді.

Ыбырай әңгімелерімен оқи отырып, ең басты назар аударған жәйім – кейіпкерлерінің халық арасынан шыққан қарапайым адамдардың болуы және 2-3 ғана кейіпкер ғана. Олар түсінікті қарапайым ғана ата, әке, бала, немере түрінде кездесе береді. Жоғарыда мысалға алынған әңгімелердің бірнешеуінен осы кейіпкерлерді көреміз. Ата, әке, ана бейнесі-ақылға шақырушы, көпті көрген өмір тағылымын салмақтап жеткізе білетін кейіпкерлер. Әңгіме кейіпкерлерін бұлай берудің Ыбырай шығармаларындағы қарапайым баяндай отырып, салмақты ой тастауына әсері мол. Ал, қарапайым халық өкілін өз шығармаларының кейіпкері ете отырып, халқымыздың қанына сіңген үлкенді сыйлау, өнеге тұту қасиеттерін дәріптей келе, отбасылық татулық, жарасымдылықты жоғары қойғанын байқауға болады. Қазіргі таңдағы интернет желісінен, теледидар арналарынан көрсетілетін зұлымдық, ата-ана, тіпті кішкентай сәбилерге көрсетіліп жатқан қатыгездікті көргенде, шынымен бізге Ыбырай шығармаларындағы қарапайым ғана тілмен жазылған адамгершілік қасиеттерінің жетпейтінін көруге болады.

Меніңше, Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінің, әсіресе, біздің заманымызда жастардың тура жолға түсуіне, өмір туралы кеңес алуға болатын қазына десем де болады. Жалпы, Ыбырайдың құндылықтарға толы әңгімелері – баға жетпес, мәңгілік шығарма. Сондықтан да барлық сыныптағы қазақ тілі оқулығынан Ыбырай әңгімелерінен мәтінді мысал етіп қарастырса, ертеңгі күні саналы, ел ертеңін ойлайтын, бауырмал, жанашыр ұрпақ тәрбиелеуге септігін тигізеді деген оймен эссемді аяқтаймын.



Тойшыбек Камила
Жамбыл облысы, Қордай ауданы,
Бел ауылы, №49 негізгі мектебінің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Туганбаева Эльмира Смаиловна**

Мен бейбітшілікті сүйемін (Эссе)

Мен бейбітшілікті сүйемін! Өз елімде мәңгілік бейбітшілік болғанын қалаймын! Әрине, бейбіт елде өмір сүруді армандамайтын адам жоқ. Әр таңды тыныштықпен қарсы алуды барлық адам армандайды. Бейбітшілік, тыныштық сақталған елде өмір сүргісі келеді.

Ал осы бейбітшілік деген не? Неге біз бейбітшілікті қалаймыз? Біздің еліміз бейбітшіліктің символы бола ала ма?-деген сауалдарға жауап іздеп көрейікші.

Бейбітшілік дегеніміз-бейбіт, тыныш өмір сүру, таңды тыныш қарсы алу. Бейбітшілік сақталған елде адамдар риясыз бақытты әрі мейірімді болып келеді. Бейбітшілік-бар халықтың арманы. Балалардың шат күлкісі, қызыққа толы ойындары елдің тыныштығының белгісі болып табылады. Міне, менің елімде осы белгі бар. Демек, менің елім – бейбіт ел. Себебі, менің елімде адамдар алаңсыз өмір сүруде. Олар ертеңгі күніміз қалай болар екен деп уайымдамайды. Тамақтары тоқ, киімдері көк. Балалар күнделікті сабақтарына, ал үлкендер жұмыстарына барып жүр. Дүкен, базар толы. Одан артық не керек? Менің ойымша, адамға тыныштықтан асқан бақыт жоқ. Себебі, БАҚ-тардан соғыс болып жатқан елдердегі жағдайларды көріп, оқып жүрміз. Тіпті соғыс болмаса да аштық жайлаған елдердігі жағдайлардан да хабардармыз. Олар бір үзім нанға, бір ауыз суға зәру. Аштықтан әл-дәрмендері құрыған. Болашақ туралы ойлауға шамалары да жоқ. Ал соғыс болған елдердегі ахуал бұдан жаман. Қирандылар астында қалған балаларды, ата-анасыз қалған сәбилерді көріп еңсе езіледі. Жазықсыз сәбилердің жайы ойландырады. Міне, осыларды көріп отырып, бейбіт елде өмір сүріп жатқаныңа тәубә дейсің. Бірақ осы бейбітшіліктің қадірін білмейтіндер де бар. Олар нанды аяқ асты етіп, тамақтың тәуірін таңдап жейді. Әлемнің екінші шетінде сол тамаққа жете алмай жүрген адамдар да бар екенін естен шығарады. Тіпті соғыста зардап шегіп жатқандардың тағдыры да оларды қызықтырмайды. Меніңше, бұл дұрыс емес. Өйткені бейбітшіліктің қадірін біліп, ысырап пен арандатушылыққа жол бермеу қажет. Біз еліміздің осы тыныш қалпын сақтауға барынша ат салысуымыз керек. Еліміздегі 130-дан астам ұлт пен ұлыстың бейбіт өмір сүріп жатқанын мақтан етуіміз керек. Ел ішінде ұлтаралық араздық тудырып, ел тыныштығын бұзғысы келетіндер табылып жатады. Олар еліміздің жетістігін көре алмай, ел іргесін бұзуды ойлайды. Сөйтіп, елімізді майдан алаңына айналдыруды көздейді. Біз осыған жол бермей, еліміздің тыныштығын мәңгі ету үшін сабағымызды жақсы оқып, білімді азамат болуда бар күш-жігерімізді жұмсап, аянбай еңбек етуді мақсат етіп қойғанымыз жөн. Сонда ғана тәуелсіз еліміздің болашағы жарқын болмақ. «Ынтымақшыл ел озар, ынтымақсыз ел тозар» деген

дана халқымыздың ұлағатты сөздерін нысанаға алып, ынтымақпен іс қылуды ойлайық.

Сөзімнің соңын:

Бейбітшілік – бар халықтың арманы,

Тыныштықты барша адам қалайды.

Бүкіл әлем тыныш болсын мәңгі деп,

Барша бала ақ тілегін арнайды,-

деген жүрекжарды жырыммен қорытындылағым келеді. Елімізде тек тыныштық болғай!



Игиликова Ұлбосын
Жамбыл обл., Талас ауданы,
Қаратау қаласы
А.С Пушкин атындағы орта мектебі



Жетекшісі: **Косарова Ботагоз Каржаубаевна**

Бұл әлемде барлығы бақытты ма?

Ауылда барлығы бақытты, күн шуағында ойнап жүрген балалар, әңгіме айтып отырған аталар-әжелер. Осы бір сәтте Жеңіс, Сексенбай атаның жанына келіп:

- Ата, Сіздің ойыңызша барлық адам бақытты ма?-деп сұрақ қойды.

Ата біраз ойланып, былай жауап берді:

- Жоқ, барлық адам бақытты емес, кез-келген адамның өз қиындығы, жаманшылығы болады. Өзін мазалап жүрген ойлар болады - деді атасы.

- Сіз неге олай ойлайсыз, меніңше барлығы бақытты сияқты үнемі күліп жүреді - деді атасына ойлана қарап.

- Барлығы сенің ойыңша бақытты көрінеді, сен әлі кішкентайсың, түсінбейсің, сені болашақта не күтіп тұрғанын білмейсің - деді сенімді түрде немересіне.

- Мен үнемі байқаймын, ойнап жүргенде де ешкім жылап немесе мұңайып жүрмейді.

- Ешқандай адам өзінің ішінде не болып жатқанын, сырттай көрсетпейді, біреуге ренжісе де, көңіліне қатты алса да, еш нарсе болмағандай жүре береді.

- Олар ішінде бір нәрсе болып жатқанын көрсете алмайды ғой.

- Сен әлі өсіп ер жетесің, сен ойлайсың мен үнемі осылай бақытты күйде ойнап жүремін, қиындықтар болмайды деп.

- Сонда, мен өскенде тек қиындық көремін ба? Менің ер жеткім келмейді..

- Жоқ, «Өмірде кездесетін әр қиындықтың бір қуанышы болатынын ұмытпаған жөн» тек қиналу емес көптеген сәттіліктер бақытты уақыттар болады.

- Мен сіздің айтқандарыңыздың барлығын түсіндім, маған түсіндіргеніңіз үшін көп рахмет сізге!



Базар Қымбат
Қаратау қаласы,
А.С.Пушкинатындағы орта мектебінің
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Төлеуіш Жазира Мақашқызы**

Мұқалиға арнау

*Қазақтың не өтпеді бастарынан,
Тартты ғой небір қасірет қатарынан.
Ашаршылық келгенде ел ішіне,
Шамамен бір-екіден ол аспаған.*

*Алты жасқа толғанда бала Мұқаң,
Саяси қуғын-сүргін белең алған.
Бақытты балалық шақ бастан кешпей,
Балалықтың базарын ерте жиған.*

*Сұм соғыс балалықпен қоштастырған,
Тым ерте пәк жүрекке із қалдырған.
Аттанып сүйікті әке қан майданға,
Салқындығын шаңыраққа тіктеп салған.*

*Болашақ ақын еді үй тұңғышы,
Алғаны, өнегесі әже ісі.
Сусындап аңыз бенен ертегі естіп,
Азат ойлы, пікірлі болды кісі.*

*Махамбет, Абайлардан қуат алған,
Ақындық жолға түсті ерте тарлан.
Әлемнің классиктерін оқып шығып,
Оқу оқып, заманында көп тоқыған.*

*Ақынның шабытына шабыт қосқан,
Лашындай ару екен жүрек жұтқан.
Жүрегін сол арудың жаулап алып,
Жар етті махаббатпен құдай қосқан.*

*Ұстаздықтан бастаған еңбек жолын,
Оқытқан балаларға орыс тілін.
Аудандық газетте де тілші болды,
Рухани астанаға жол бастаған.*

*Жұрт алдында жариялап ақындығын,
Талантқа да бір табан жақындығын.
Әбділдадай ағаңыз таныстырып,
Қауыштырды халқына шын ақынын.*

*Тағдырың бар ешкімге ұқсамаған,
Мінезің бар бір беткей ұққан адам.
Қиындыққа дес бермей қарсы тұрып,
Махаббетпен қара өлеңге басқан қадам.*

*Ғұмырың келте болды амал нешік?
Халқыңа өлеңдерің болды бесік.
Бүгінде еске аламыз өзіңізді,
Поэзия сыңарына теліп берік.*

Кучерова Назерке
Қаратау қаласы,
А.С.Пушкинатындағы орта мектебінің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Төлеуіш Жазира Мақашқызы**

Тәжді вирус

*Әлем елін жайлап келеді бұл індет,
Дерттен сақтау денсаулықты бұл міндет.
Дүр сілкінткен алапаттан аулақ боп,
Сара жолмен жүрудің өзі бір сүннет.*

*Әрнәрсенің алдын алса, жол табар,
Үйден шықпай, бос жүруді тез доғар.
Қоғам болып, адам болып күрессек,
Алдымызда оңалатын күн туар.*

*Қалыпты мектептегі сабақ тоқтап,
Қашықтан оқытуды әзір құптап.
Сақадай сай тұратын ұстаздарға
Мың алғыс білдіремін мен қуаттап.*

*Ерекше форматпенен білім беріп,
Ғаламтор желісіне үдере еріп.
Еселенді жұмысы ұстазымның,
Шәкіртіне білімнің дәнін егіп.*

*Еңбегі ұстаздардың ерен екен,
Түсінер шәкірттерің саяқ-некен.
Мектеп пен ұстазымнан алыстадым,
Ұстазыма бас иіп, тағзым етем.*

*Сөзімді түйіндейін қысқа ғана,
Қауышып, кездесейік күнде жаңа.
Індеттің жойылуы жеңіспен тең,
Дәрігер болса егер жұртқа пана.*



Шахмамедов Эмран
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы
Ғани Мұратбаев гимназиясының
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Жунисова Роза Калдыбековна**

Табиғаттың құпиясы

Ерте, ерте, ертеде бір Хэ теңізінің жағасында тұратын балықшы болыпты. Ол теңізден балық, бақа, шаян аулап күнін көріпті, оларды сатыпты. Бір күні балықшы достарымен бір белгісіз су жәндігін аулайды. Достары: «Ол жәндікті суға қайта жібере сал, оның түрі басқаша екен», - дейді. Бірақ балықшы: «Жоқ, достым, бұл жәндіктің еті дәмді болу керек», - дейді. Балықшы жәндіктердің біразын базарға апарып сатыпты, біразын үйіне әкеліп одан дәмді сорпа әзірлепті. Келесі күні Хэ теңіз жағасының тұрғындары ауыра бастайды. Олардың қызуы көтеріліп, жөтеліп, төсек тартып жатып қалыпты. Бұл аурудың емін барлық емшілер іздей бастайды. Сөйтіп бұл аралға танымал емшіні алдыртады. Ол барлық теңіз жағасының тұрғындарын жинап алады. Оларға : «Табиғатта тірі жәндіктерге тиіспеңдер, оның орнына жеміс-жидек, көкөніс жеңдер, енді белгісіз жәндіктерге жоламаңдар», -деп хабарлайды. Адамдар емшінің айтқанын тыңдап жеміс-жидек, көкөніс жеп, шөптердің қайнатпасын ішіпті. Сөйтіп барлық адамдар ауруынан жазылыпты. Сол күннен бастап теңіз жағасының тұрғындары үйлеріне бау-бақша өсіріпті. Ұзақ өмір сүрудің құпиясы – табиғи таза өнім екенін түсініпті.



Оралбай Жәнібек Нұрхатұлы
Жамбыл облысы, Қордай ауданы,
Қордай ауылы
№4 Балжан Бөлтірікова атындағы
мектеп-лицейінің
8 «Ә» сынып оқушысы



Жетекшісі: Абишева Мақпал Тәттібайқызы

Құстар патшалығы

Ел-жұртшылық аманда, бағзы бір заманда, адам аяғы баспаған мекенде құстар патшалығы болыпты. Бұл мекен «Құстар патшалығы» деп аталады екен, онда құстардың 489-ға жуық түрі мекен етіпті. Құстар бір немесе екі ғана жұмыртқа емес, бір жұмыртқалағанда он-он екі жұмыртқа жұмыртқалайды екен. Сол жұмыртқалар ай-күні жеткенде балапандарға айналып, өсіп-өне біріпті. Ай артынан ай, жыл артынан жыл сырғанап өте беріпті. Құстардың саны да артып, ұлғая беріпті. «Құстар патшалығында» құстардың жейтін азықтары мен мекен ететін жерлері азая беріпті. Бірте-бірте құстар жейтін азыққа, суға, жайлатын жерге таласып, құстар арасында келіспеушілік жиілей берген екен. Сонда құс патшасы қыран бүркіт сөз бастапты:

-Уа, «Құстар патшалығының» қанатты тұрғындары, біз күн өткен санымыз артып, тұратын мекеніміз бен жейтін азығымыз азайып, соның салдарынан талас-тартыс жиілей түсті. Сол себепті, біз тек қана «Құстар патшалығында» ғана мекен етпей жеті қат ғаламға таралайық, тұратын мекенімізге, бейімделе алатын ортамызға қарай мекен ауыстырайық. Мысалы, ну орманды мекен ететі, шалшықты жерде, сулы жерде, жазықтықта мекен етуге бейімделе алатын құстар мекенімізді ауыстырып, өрісімізді кеңейтейік!-деген ұсыныс айтыпты. Құстар патшалығының патшасы бүркіттің сөзін, сұлулық символы аққу да қоштай кетіпті:

- Иә, мысалы, біз, аққулар жұбымыз жазылмайтын, әдімілік пен бір-бірімізге деген сүйіспеншіліктің шынайы символы,суда өмір сүруге бейім келетін құстармыз. Сондықтан судың сәнін келтіріп, мәнді өмір сүру үшін суда мекен етейік!-деп сөзін аяқтапты. Жүзетін құстар (пингвиндер) да жоғарыдағы ойды қоштай кетіпті:

- Біз де жартылай суда, жартылай құрлықта өмір сүреміз және суық жерді мекен еткенді ұнатамыз. Тұратын мекенімізді өзгертсек, одан жаман болмаймыз,-деп сөзін аяқтапты.

Түрлі құстардың ұсынысын тыңдаған Құс патшалығының патшасы бүркіт:

- Біз, құстар, жүйке жүйесі жақсы дамыған, миымыз үлкен, көрер көзіміз, сезім мүшелеріміз әр құстарда ір түрлі болса да жақсы дамыған тіршілік иелеріміз. Көру және есті мүшелеріміз жақсы дамығандықтан алыс және жақын кеңістіктерді игере аламыз. Сондай-ақ, өсімдіктерді тозаңдандырып, олардың тұқымдарын таратуға септігімізді тигіземіз, зиянды жәндіктер мен кемірушілерді құртып, өсімдіктердің табиғаттағы санын реттеуге ат салысамыз, сол себепті де бүкіл әлемді өз қойнына сыйғызып отырған жердің қиыр-қиырына қанатымызды

қарыштатып қағып, қоныс тебейік!-деп, сөзін қорытындылады.

Осылайша «Құс патшалығын» мекен еткен құстар, өз қажеттіліктерін қанағаттандыратын ортаға қарай қоныс аударыпты, әйтсе де, мәңгі мекендері «Құс патшалығына» барып, дамылдап, сағыныштарын басып қайтады екен.



Сейітқасым Анель
Жамбыл облысы, Жуалы ауданы,
Б. Момышұлы ауылы № 1 мектеп-гимназияның
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Кемпрекова Жанар Жансериковна**

Туған жер

Немересі әжесінің қолынан қатты қысып ұстап алған. Мына көпшіліктің арасында адасып қалудан қорқа ма, әйтеуір көзінде бір түрлі жайсыздық бар, қобалжып келеді. « Астана-1» ғарыш кемесіне отырғызу аяқталып келеді, - деген хабарлама естілді. Кішкентай қыз дегбірсізденіп:

-Әже,біз қазір қалып қоямыз ғой! Тезірек жүрейікші! - деді.

- Ол бізсіз ұшапайды,қорықпа –деді әжесі сабырмен.

Екі жолаушы түрлі-түсті шамдары жарқыраған ғарыш кемесіне кірді. Кішкентай қыздың көңілі орнына түсіп, айналасына алақ-жұлақ қарай бастады.

- Әже, неге мынаның терезелері жоқ? Мен жұлдыздарды көргім келеді. Терезесі бар бөлігін табайықшы-деп әжесіне жауап беруге мүмкіндік бермей,қолынан ұстап, жетелей жөнелді.

- Бірінші өзіміздің бөлмемізге кіріп заттарымызды орналастырып алайық, содан кейін сен екеуміз барлық жерді аралап көреміз, тіпті қаласаң киноға да барамыз,-деді әжесі.

Олар жоғарғы қабатқа көтеріліп, екі адамдық бөлмеге келіп кірді.

- Бұл жерде де терезе жоқ екен. Мен енді жұлдыздарды қалай көремін,- деп немересі қиғылық сала бастады.

- Құлыным-ау, бұл кемеді терезе деген жоқ. Болса да одан ештеңе көрінбес еді, себебі біз өте қатты жылдамдықпен ұшамыз. Сен біздің Жердің қандай алыс екенін білесің бе? Сағатына 1000 километр жылдамдықпен ұшатын болсақ біз Жерге 800 жылдай уақытта зорға жетер едік. Ал біз қазір Жарықтың жылдамдығынан 10 есе көп жылдамдықпен ұшып келеміз,осы жылдамдықпен біз Жерге 19 сағатта жетеміз. Енді кішкене жатып тынығып алайық. Содан соң екеуміз мына кеменің ішін аралаймыз, қаласаң бассейнге барамыз. Қайда барғың келеді?

Немересінің бұл сұраққа жауап беруге шамасы келмей отырған жерінде ұйықтап қалғанын көріп, әжесі оны айналып-толғанып орнына апарып жатқызды. Балбырап ұйықтап жатқан немересіне сүйсіне қарап отырып, өзінің жас кезін есіне түсірді. 2011 жылдың көктемі. Марал мектеп қабырғасындағы оқушы еді. Қазақ тілі сабағында мұғалім оқушыларға «Біз жарқын болашақтың ұланымыз» тақырыбына шығарма жаздырды. Марал өз шығармасын оқып шыққаннан кейін, сынып екіге бөлініп, біреулері 2012 жылдың 21 желтоқсанға қатысты Мая халықтарының болжамына сенетінін айтса, екіншілері бұл тек дәлелденбеген пікір екенін айтып, қызу пікірталасқа кірісті . Марал сол кезде қателескен екен, бірақ оған қазір тіпті өкінбейді. 2012 жылдың желтоқсаны туралы тек Марал ғана емес, сол кездегі ғалымдар да ойланып еді ғой. Соның жемісі болар: қазір жер

бетіндегі бүкіл мемлекет бір-бір планетада өмір сүріп жатыр . Ешқандай соғыс, жерге талас деген жоқ. Бәрі тату-тәтті күн кешуде. Жер барлық адамдардың ортақ отаны іспетті. Өзге планетаға кеткендері Жерді сағынғанда келіп, топырағынан нәр алып кетіп тұрады. Марал да немересі Жансаяны отанымен таныстыруға алып кетіп барады. Жансая туылғалы Жерге барған емес, баласы мен келіні : «Қолымыз тимейді. Уақыт жоқ» дейтін.

Мұнда келгелі үш күн болса да, Марал Жерді сағынып қалса керек. Тек баласы мен келінін Жерге қайтуға көндіре алмағанына өкінетіндей Ай, жастарды қойсайшы, «Біз онда өмір сүре алмаймыз, сендер сияқты мал бағып, егін егу біздің қолымыздан келмейді. Еш болмаса қартайғандарыңда бәрі дайын жерде тұрғыларың келмей ме?» -деп бұның өзіне ақыл айтып жіберді ғой. Бәрібір Марал іштей қуанып келеді, немересін туған елге алып бара жатыр. Оған түнгі жұлдызды аспан кереметі мен Жер планетасының сұлулығын көрсетеді, таза мөлдір ауасымен демалдырады.



Ихласова Нұржайна
Жамбыл облысы, Сарысу ауданы,
Жаңатас қаласы, Абылай хан атындағы
мектеп-лицейінің 8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Базарбаева Айнұр Қуанышқызы**

Ұлы Абай атама

*Абай – ұлы, Абай – ұлық, Абай – ғалым,
Бойына ақылменен біткен дарын.
Ел билеп, бас көтеріп, сөз сөйлеген,
Қазақтың басын қосқан күнде жиын.*

*Абай деп жыр жырласам еш бітпейді,
Сөздері жүрегімнен бір кетпейді.
Ақынға шын пейілден жыр арнасам,
Қалайша көңілдерді тербетпейді.*

*Ұлы Абайды айтайық ұран қылып,
Өлеңдерін жаттаймыз мұра қылып.
Ғұламаның жырларын білмесеңдер,
Жүргендерің бұл өмірде надан болып.*

*Абайсыз ән айтылып, жыр жырланбас,
Қарасөзі айтылмаса ой толғанбас.
Құлақтан кіріп, жүректен орын алған,
Абайша сөйлеймін мен жалын болып.*

*Жастайынан қалам ұстап зерделенген,
Бұл дананы білмейтін жұрт кемде-кем.
Өзіңе еліктеймін жүрегіммен бой ұсына,
Жолыңызды берсін деймін бүкіл қазақ жұртына.*



Бөкембай Томирис
Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы,
Мойынқұм ауылы,
М.Жұмабаев атындағы мектеп-лицейінің
7 «А» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Оспанова Светлана Джексембековна**

Жұмбақтар

1. Шаршамайды сүюден,
Тәтті тоқаш түюден.
Ондай адам таппайсың,
Айналсаң да әлемді
Жақсы көрем

Жауабы: (Әжемді)

2. Бақылауды бірге жазамыз,
Әңгімені қызықты көп айтамыз.
Ақыл- кеңес бөлісіп,
Құпия кілтін ашамыз
Ол кім?

Жауабы: (Досың)

3. Сабаққа шақырады,
Кешіксең «Аһ» ұрады,
Үні оның жағымды,
Естімесе сағынады

Жауабы: (Қоңырау үні)

4. Қорғады ол ВИРУСТАН,
Түспеді мүлдем қалтадан,
Серік болып екі жыл,
Ажырадық биыл досымнан

Жауабы: (Медициналық бетперде)



Шәкірбек Ақсұлу
Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы,
Мойынқұм ауылы,
М.Жұмабаев атындағы мектеп-лицейінің
5 «А» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Құтжанова Эльмира Доғдырхановна**

Жоғалған сөмке (ертегі)

Аружанға анасы жаңа сөмке сатып алып береді. Ол жол жүріп келе жатып, қатты шаршап қалады да демала тұру үшін бір талдың түбіне жайғасып, ұйықтап кетеді. Сол сәтте мыстан кемпір оның сөмкесін ұрлап алады. Ұйқысынан оянған Аружан сөмкесінің қасында жоқ екенін байқап жан-жағын қарап, іздей бастайды. Құрбысына келіп анасының сатып алып берген сөмкесінің жоғалып кеткендігін айтады.

Содан құрбысы:

- Сен уайымдама. Мен сенің сөмкеңді кім ұрлағанын білемін. Оны осы жақта жүретін мыстан кемпір алып кеткен шығар, - дейді. Қорқып кеткен Аружан:

- Енді сөмкемді қалай қайтарып алам? - деп сұрады құрбысынан. Құрбысы:

- Аружан, сен осында қал, ал мен сенің сөмкеңді қайтарып әкелуге уәде беремін, - дейді. Аружанның құрбысы көше бойынан қызғалдақ гүлін теріп алып, мыстан кемпірдің үйіне барады. Алдынан шыққан мыстан

Аружанның құрбысына қулана қарап: - Сен не үшін келдің? - деп сұрайды. Ол мыстан кемпірге қарап тұрып: - Сізге қызғалдақ гүлін тарту етейін деп едім, - дейді. Мыстан кемпір қолына қызғалдақ гүлін құшырлана иіскеді де түшкіріп жіберіп, ғайып болып кетеді. Сөмкені қолына ұстаған құрбысы Аружанға келеді. Қуанып: - Міне, сөмкең. Енді сөмкеңді жоғалтпай ұста! - дейді құрбысы. Аружан сөмкесінің табылғанына қуанып құрбысын құшақтап алады. - Рахмет, құрбым! Мен саған ризамын! Адал достық деген осы болар! - дейді. «Досы көпті – жау алмас» - деген осы шығар.



Әбдікерім Ақниет
Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы,
Мағжан Жұмабаев атындағы
мектеп-лицейінің 7-сынып оқушысы



Жетекшісі: Тлеулиева Толқын Тұрсыновна

Ас атасы-нан (әңгіме)

Көктем мезгілі. Жексенбі күні еді. Анасы ұлдары Сағи және Мәдимен үйде отырды. Дала сондай жаймашуақ жылы еді. Сағи:

- Анашым, далаға шығып ойнап келейікші, бүгін күн жылы екен,-деді.
- Жарайды, онда киініп сыртқа шығайық!

Бәрі сыртқа шықты. Көрші балалар да ойнап жүр екен... Балалар бір-бірін қуаласып ойнап кетті. Бір кезде Мәди жерден бір үзім нан жатқанын көрді. Мәди:

- Анашым, мына жерге біреулер нан тастап кетіпті,- деді. Анасы нанды жерден көтеріп, бұлғанған жерін тазалап беторамалына салды. Ренжігендей болып, орындыққа отыра кетті. Балалары түсінбеді.

- Анашым, ол нанды не істейсіз? Бұлғанған, лас нан ғой, тастай салыңызшы,- деді Сағи.

- Жоқ, балам, нанды тастауға, аяқпен басуға, үстінен аттап өтуге де болмайды. Қазақта «Ас атасы – нан» деген сөз бар, яғни астың, дәмнің үлкені – нан. Нан қасиетті. Адам кез келген тамақтан жалығуы мүмкін, ал адам наннан шықпайды, наннан зерікпейді, жалықпайды. Дастарқаныңыздың үстінде күнде нан тұрмаса, көңіліңіз де, дастарқаныңыз да – орта, берекеңіз кетіп, дүние ойсырап тұрған секілді басқа тамақ көзіңізге көрінбейді. Нанның қасиеттілігінің өзі осында!

- Е-е-е, түсіндік, сіз бірінші дастарқанға нан қоятыныңыз содан екен ғой, анашым,-деді Мәди.

- Иә, жарайсың, балам. Соны байқап, түйсініп жүргеніңнен айналдым, құлыным!

- Сендер нанға байланысты тыйым сөздерді білесіңдер ме?

- Жоқ, ол қандай сөздер, анашым?-деді Сағи.

- «Тыйым сөз» дегеніміз не?- деді Мәди.

- Ол- істеуге болмайтын сөздер. Мысалы , нанға байланысты мынадай сөздер бар. Олар: «Нанды жерге тастама», «нанның үстіне зат қойма», «нанды төңкерме», «нанды бір қолмен үзбе». Бұл тыйым сөздер -сол нанның қасиетіне орай айтылған тыйымдар. Үйге келген кез келген адам асығыс болса да, өзге тамақтан емес, наннан ауыз тиіп шығады. Адамдардың арасындағы ынтымақ бірлік, бір-біріне деген жақсы қарым-қатынас, ауызбіршілік дастарқанның үстіне қойылған нан арқылы нығая түседі, яғни өзі нан ауыз тиген үйіне қазақ жамандық тілемеген. Нанын берген адамға жамандық ойламаған. Қазақтың «бір күн дәм татқан жерге қырық күн сәлем» дейтін сөзі осыдан келіп шыққан,- деп, анасы сөзін аяқтады.

– Рақмет, сізге анашым. Нан туралы көп нәрсе үйрендік,-деді Сағи.

– Енді нанды тастамаймыз,- деді Мәди.

–Ал енді қолыңыздағы нанды не істейміз?- деді Сағи, үлкендігін білдіріп.

– Иә, енді бұл нанды иттерге не құстарға береміз. Жүріңдер, арнайы орынға апарайық. Қайтар жолда дүкеннен үйге нан алуды да ұмытпайық,-деді анасы.

Олар нанды арнайы жерге апарып иттерге берді... Дүкеннен нан алды. Үйге көңілді оралды.

Үйге келгенде, қолдарын жуып, дастарқанға ең бірінші нан қойды. Нан бүгін күндегіден де ерекше дәмді еді...



Байжұман Ақшолпан
Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы
Мағжан Жұмабаев атындағы
мектеп-лицейінің 8 «В» сынып оқушысы



Жетекшісі: Умирова Гүлназ Сабитхановна

Су сұраған балық (әңгіме)

Күріштіктің суы тартылып жатқан бір күні «балықты қаптап әкелеміз» деп кеткен Бауыржанның көкесі мен ағасы, шынында да, олжалы оралды. Бесіншіде оқитын ағасы бүйірінде жымыып тұрған кәріс қыздың суреті бар жылтыр қалтаға үлкен бір сазан балықты бөлек салыпты. Оны малға қауынның қабығын турап салып беріп жүрген сары керсеңге әкеліп төңкере салды. Бауыржан сазанның қасына келіп, қып-қызыл қанаттарына кішкентай саусақтарының ұшын тигізіп еді, қытығы келгендей жыбыр-жыбыр етіп, тіршіліктің белгісін білдірді. «Өзі, шынында да, үп-үлкен екен, екі литрлік коланың баклашкасындай болатын шығар»- деп ойлады іштей. Еркелік өтіп, сәл нәрсеге шу шығарып үйреніп қалған Бауыржан:

- Ма-ма, ма-ма!-деп айқайлады бір кезде.
- Не болды, соншама тапа-тал түсте?- деп сұраған мамасына:
- Мына балық аузын ашып, менен су сұрап жатыр,-деді жылт еткен мұрнын жеңімен бір сүйкеп қойып.



Саламат Ақерке
Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы,
Мойынқұм ауылы,
М.Жұмабаев атындағы мектеп-лицейінің
7 «Б» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Қалымбетова Алтынай Бейсенбековна**

Кроссворд

				Б	а	л	м	ұ	з	д	а	қ
А	л	а	қ	А	й							
			г	ү	Л							
				с	А	н	А					
					Л	а	қ					
қ	ы	л	Ы	қ	т	ы						
				Қ	у	ы	р	ш	а	қ		
				Ш	а	н	а					
			б	А	л	а	л	ы	қ			
А	с	ы	Қ									

1. Баланың жақсы көретін тәттісі не?
2. Баланың қуанғанда айтатын сөзі?
3. Қыз балаға ұнайтын өсімдік?
4. Әр балада неболу керек?
5. Балалардың жақсы көретін жануары?
6. Қыздар қандай болу керек?
7. Қыздар қандай ойыншықпен ойнайды?
8. Қыста балалар немен ойнайды?
9. Өміріңнің ең қызықты сәті қандай?
10. Жазда балалар немен ойнайды?

Тәуелсіз елім

*Осы күнге жеткізілген жыр үні,
Тәуелсіздік ұлылықтың ұлығы.
Қолға қонған бақ құсындай қазақтың,
Ұзақ болсын әрқашанда ғұмырың.*

*Жеткен арман-жаса Тәуелсіздігім,
Егеменді ел болдық қой біз бүгін.
Танылды ғой қазақ бүкіл әлемге,
Қолымызға ұстадық ерлік тізгінін.*

*Тәуелсіздік құтты болсын ағайын,
Әрқашанда жарқын болсын жанарың.
Әрдайымда биік болып мәртебең,
Аспаныңда желбіресін байрағың!*

*Тәуелсіздік құтты болсын ағайын,
Тәуелсіздік бақыты ғой елімнің.
Ұрпағымыз алаңсыз өмір сүруге,
Тәуелсіздік жасай берсін мәңгіге!*

Табиғат

*О, табиғат құдіретіңмен табындырған,
Құдіретпен адам, зат та жаратылған
Соншалықты мұндай күшті болармысың
Дүние жүзін бір өзіңе бағындырған.*

*О, табиғат сұлусың сен, дарасың сен,
Сұлулығыңнан нәр алып келемін мен.
Тауларың бар бұлақтары сарқыраған,
Гүлдерің бар жұпар иісі аңқыған.*

*О, табиғат құшағыңда толған байлық,
Алтын, күміс шығару, өзіңе лайық.
Адам затқа қуат беріп келесің сен,
Пенделікпен зиян қылса, қылма айып.*



Қуаныш Гүлбаршын
Жамбыл облысы, Сарысу ауданы,
Жаңатас қаласы,
Абылай хан атындағы мектеп-лицейінің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Базарбаева Айнұр Қуанышқызы**

Қазақтың Шері тұлғасы

Ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан, Шері деген шын есіміне заты сай Шерхан Мұртаза – қазақ әдебиетінің көрнекті Ұлы тұлғасы. Ол – қазақтың айбарлы, қайратты, заңғар, кемел жазушысы.

«Жазушылар біреу туралы жаздым деп ойлайды, шындығында өз туралы жазады» деген жазушы пікірі маған үлкен ой салды. «Қызыл жебе» романының басты кейіпкері Тұрар Рысқұлов болса, ендеше осы тарихи тұлғаның өмір дерегі жайлы шығарма арқылы жазушы өз бейнесін аша түскен секілді. Ұлттың рухын түлеткен бұл шығарманың «Оян, Тұрар!» деп басталуы «Оян, қоғам!» деген қаламгердің жалынды үніндей. Қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың халқына жасаған еңбегі қандай өлшеусіз болса, зерделі жазушының да бұл шығарманы жазудағы еңбегі сондай зор.

Қазақәдебиетінің, тіліменділінің мұңын мұңдаған, шындықтың шырақшысындай болған Шерлі аға, Шері аға! Шерхан Мұртаза шығармалары – баға жетпес құнды дүниелер. Қаламгер «Алтын өзі тотықпайды, адамдардың жанын тотықтырады» - деп дүниеге қызықпауды дәріптесе, «Атадан алтау тусаң да, бір жалғыздық» деп өкінішін білдіреді. «Кейбір бастар ішіндегі дәнегі жоқ жаңғаққа ұқсайды. Ондайлар көп қой» - деп айналасындағы надан адамдарға налиды. Аз ғана сөз арқылы үлкен астарлы ұғымды жеткізе алған Шерхан Мұртазаның ой-толғаныстары өз алдына бір төбе дерсің!

Тәуелсіз қазақ елінің озық ойлы тұлғасы болған Шерхан Мұртазаның ана тілі туралы айтқан пікірлері де әсерлі, жебе оғындай өткір. «Тілсізді ұлт деуге болмайды. Тілінен айырылған халық – ата-абабасының, туған әкесі мен анасының атын ұмытқан халық. Ал ондайларды мәңгүрт деп атайды» деп ашына айтады. Үлкен алқалы жиында тіл мәселесі қозғалғанда, мемлекеттік тілді қос тіл етеміз деп атқамінерлер жанұшыра аптыққанда, Шерхан атамыз былай деген екен: «Қос тіл тек жыланда ғана болады. Бізде бір ғана тіл бар. Ол – қазақ тілі» дегенде қарсы келер ешкім болмапты деседі. Ұстазымның бала күнінде естіген осы әңгімесін бізге айтып бергенде, Шерхандай атамыздың сондай өжеттігіне, қайсарлығына, ұлты үшін қаймықпай қарсы тұра алғандығына тәнті болдым.

Қазақтың Шерағасы! Алаш жұртының маңдайына біткен жарық жұлдыз дерсің! Сөз маржанының қас шебері! Асыл сөздің Алдаспаны! Бұл теңеулер қазақтың бір туар тұлғасы Шерхан Мұртазаға әбден лайықты деп ойлаймын.



Дәуренқызы Дина
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы,
Антон Макаренко атындағы орта мектебінің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Абдуллаева Сауле Ермагамбетовна**

Отбасы – тәрбие бастауы

Отбасы – әрбір адам үшін ыстық ұя мекені. Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақында-на, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті де біз отбасын Отанның кішкентай бір бөлшегі ретінде қарастырамыз. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысады. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады.

Отбасының басты қызметі – баланы дұрыс тәрбиелеу. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәрестеге дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Бұған баланың қажеттілігін толық қанағаттандыру, оны еңбекке үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады.

Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды, Отанының сүйікті және кішіпейіл азаматы болып жетілуін қалайды. Қазақтың «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» -дегендей есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп тәрбиелеу керек деп ойлаймын.

Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әке мен ана баланың алғашқы ұстазы. Бала бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттерін байқаса, қазақ оны ең бірінші әке мен ата тәрбиесінен көреді, тегіне тартқан дейді. «Әкесі сондай адам еді, атасы жақсы адам, көргенді бала» деп ер адам тәрбиесін ауызға алады. Өйткені әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оның жақсы тәрбиесі.

Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «Адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады. Тәрбиенің негізі «ананың әлдиінен» басталады емес пе? Ана тәрбиесі ұлылық дәнін себеді. Тәрбиелі анадан – тәрбиелі бала өсіп шығады.

Шариғатта да алтын ұя – отбасы жоғары бағаланып, оны бала тәрбиелеп өсіруіне бірінші дәрежелі мән берілген. Өйткені: «Балалар – ата-аналар қолына берілген аяулы аманат» Бұл ғажайып құдайшылдық анықтаманы жадыда ұстау былай тұрсын, әр үйдің мандайшасына іліп қоюға тұрарлық. Баланы өздігінен өмір сүруге мүлде қабілетсіз нәресте кезінен бастап бақытты балалық шақ, жеке шаңы-рақ көтергенге дейінгі жастық жолдары өтетін отбасын бақытты жағалауын бетке алып, өмір – айдынында жүзіп бара жатқан қайыққа теңесек, оның қос ескегі – әке мен ана дер едік.



Әлжан Тоғжан
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы,
Бектобе ауылы
Амангелді атындағы орта мектебі
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Бубеева Эльмира Абдикадировна**

Өмірзая жұлдызы (ертегі)

Ертеде бүкіл аспан жұлдыздары сүйсіне қарайтын, Өмірзая атты өте сұлу жұлдыз болыпты. Ол сонау ерте замандарда түні бойы көк жүзінен түспейді екен.

Сондай-ақ көркем Толғанай да өзінің бәсекелесі ретінде Өмірзаяны жек көріпті.

Бірде олар аспанда кездесіп қалады да, сөзге таласып, ашу үстінде бір-бірімен төбелесе жөнеледі. Өмірзая пысығырақ еді. Ол тырнақтарымен айға жабыса кетіп оның бет-аузын түгел тырнап тастайды. Мұқият қарап көрсеңіздер осы уақытқа дейін айдын бетінде қара дақтар көрініп қалады.

Жаратушы нашар мінезі үшін Өмірзаяны жазғырыпты деседі. Олар Өмірзаяға аспанда қысқа мерзімге ғана көрінуге әмір етеді, яғни көкте басқа Күн, не Ай, не Жұлдыздар жоқ кезде ғана шығатын болыпты.

Сол себептен керемет сұлу Өмірзая, тек кешкісін жападан-жалғыз жарқырап, күн батқан шақта ғана пайда болып, жұлдыз туар-тумастан жағалап кетеді екен.



Төлеген Талшын
 Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы,
 Бектобе ауылы
 Амангелді атындағы орта мектебі
 7-сынып оқушысы



Жетекшісі: Бубеева Эльмира Абдикадировна

	К										
	е										
	н										
	е										
	с										
	а										
	р										
	ы										

Сұрақтар

- 1.1922 жылдан 1991 жылға дейін болған мемлекет
- 2.Қазақ хандығының алғашқы лауазымды ханы
- 3.Алтын Орда ыдырап,Ақ Орда әлсірегеннен кейін Батыс Қазақстан жерінде пайда болған мемлекеттік бірлестік
- 4.Европадағы ең үлкен өзен
- 5.Үәйіс ханның ұлы
- 6.Қожа Ахмет Яссауидің кіндік қаны тамған жер
- 7.Қазақстанды тәуелсіздік алғанымен алғаш құттықтаған мемлекет
- 8.Көне грек тілінен аударғанда Яксарт деп аталатын өзен

Жауаптары:

- 1.Кеңес Одағы
- 2.Керей
- 3.Ноғай Ордасы
- 4.Еділ
- 5.Есенбұған
- 6.Сайрам
- 7.Түркия
- 8.Сырдария



Орақбай Ләззат
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы,
Амангелді атындағы орта мектебі.
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Жакыпова Венера Абикуловна**

Тарихы тасқа таңбаланған – көне Таразым!

*Түркістан – тұмарымдай,
Бабамның шынарындай,
Санамның шырағындай,
Халқымның қасиетті
Теберік Құранындай.
Айбарымсың, Түркістан,
Айдарымсың, Түркістан.*

Ә.Ысқақбай

Әлем... Ұшы қиыры жоқ, қыр-сыры өте мол, шексіз әрі шетсіз әлем. Сан мыңдаған құпияларға толы бұл ғаламда неше түрлі ғажайыптар бар. Әлем бойынша күн өткен сайын түрлі ғажайыптар орын алуда. Дүние жүзі бойынша барлық ғаламшар мүшелері мойындаған жеті керемет болса, біз адамзат оның ең қарапайым нүктесін алғаш көз ашқан кезден бастап көргенбіз. Ол-табиғат. Бізді қоршаған орта. Ал мен таныған ең алғашқы ыстық орта – Тараз! Жер бетінен ең алғаш таныған қала-көне де құнды ежелгі қала. Сонау VI-IV ғасырлардың алғашқы кезеңінен қарлұқтар мекен еткен бұл қасиетті жерде бүгінгі таңда қазақтар мекен етуде. Сол кездердегі «Қаракенидтер астанасы болған қала бүгінде Жамбыл облысының орталық – Астанасы Аласапыран заманнаң ескі қала орындарын иеленген 2000 жылдық тарихы бар «Көне Тараз» аталуының мән-мағынасы осында деп ойлаймын. Айша-биді, Тектұрмас, Қарахан кесенесі, Бабаджа қатун кесенесі, Ақыртас сарай кешені, Әбдіқадір кешені секілді қасиетті орындар ие атанған Тараз қаласы-киелі қала. Жер мәселесі-қазақтың тірі я өлі болуының мәселесі – Ахмет Байтұрсынұлы Ғұлана ақынымыз айтқандай терең мағынасы бар Тараз қаласының естеліктерірін ешқашан ұмытпауымыз қажет. Ұлы Жібек жолы өткен берекелі Тараз жарандағы, Түп қазақ, туған үйім Отандағы. Ықылым замандардың шаңы жұққан, Шаһарлы шежіремнің қаһарманы!



Тілеуқұл Нұрыасқан
Жамбыл обылысы, Талас ауданы,
Ойық ауылы, Бөлтірік Әлменұлы атындағы
орта мектебінің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Алимханова Жазира Жолсейтовна**

Мен атаммен мақтанамын

Соғыс. Бұл сөзді естігенде күллі адамзат атаулы жантүршігерлік оқиғалар көз алдыңнан сурет болып өте бермек. Сонау жылдары өткен Ұлы Отан соғысы баланы анадан, әкені баладан айырған қасіреті ұрпақ жадында мәңгі өшпек емес. Міне, сол соғыстың аяқталғанына да биыл 77 жыл болыпты. Бүгінгі таңда Отанымызды қорғауға жанын аямаған ардагер ата-апаларымыздың ерлік істерін еске алып, кейінгі ұрпаққа дәріптеу біздің үлесімізде, яғни жастардың еншісінде деп ойлаймын. Мен де осыған өз үлесімді қосуда Ұлы Отан соғысына балғын жасында аттанған өз атамның ерлік істерін жазғанды жөн көрдім.

Менің атам, Асқарбеков Тілеуқұл 17 жасында Отанын қорғауға 1941 жылы көпшілікпен бірге майданға аттанған. Ленинград түбінде оқ пен оттың ортасында жүріп, үш жерінен жарақаттанған. Госпитальге түсіп, жарақатының ауырлығына қарамастан, майданға қайта сұранып барған екен. Отан үшін от кешкен атам соғыстағы ерлігі үшін түрлі медальдарымен марапатталған.

Менің атам бір үлкен шаңырақтың үміт етіп отырған, көзінің нұры болған жалғыз ұлы болған. Мен атамды көрмесем де, әжем мен әкемнің айтулары бойынша көз алдыма елестетіп жүремін. Дене бітімі бұрынғы халық ертегілеріндегідей батырлар сияқты болыпты. Менің қазір өз құрдастарыма қарағанда ірілеу болғаным, атама тартқанымнан деп білемін.

Атам бұл өмірден озғанда әкем жеті жаста екен. Әкем атамның өмірден ерте кетуіне соғыстың зардабы болғандығын айтады. Себебі бірнеше жерден жараланып көк бауырына зақым келген, оң санының жіліншігіне тиген оқ тамырын зақымдап кеткен екен. Кішкене кезімде әжемнің:»Жарықтық шалым, жігіттің сұлтаны еді, екі иығына екі кісі мінгендей, көрікті еді. Көк бауырының ауырғанына, қолының кемдігіне қарамай еңбек етуші еді, тіпті қолына тиген оқ шынтағының тамырын үзіп, өле-өлгенше жазылмай, бүгілген күйінде кетті ғой»-деп еске алып отыратын еді. Атамның өмірден ерте өткеніне әлі күнге дейін әкемнің қынжылатынын «Әкем тірі болғанда ...» деген сөзінен аңғарамын. Бұл атың өшкір соғыс қаншама отбасын әкесіз, панасыз қалдырып, қаншама баланы жетім атандырды десеңші.

Қазір кейде өзім жеке қалғанда атамды ойлаймын, ол кісі сол сұрапыл соғыс басталғанда 17 жаста екен, мен қазір 15 жастамын әлі мен ойын баласымын. Ал ол кездегі балалардың балалық шағы болмаған екен, біз сияқты еркелеп, асыр салып ойнамаған екен-ау деп. Атам жайында қызықты әңгімелерді әкемнен естіп келеміз. Әкемнің бала кезінде соғыс туралы киноларды 9 май Жеңіс күніне қарсы көп беретін кезі екен. Атамыз марқұм сол соғыс туралы киноларды көргісі

келмейді екен, себебі шындыққа жанаспайды дейді екен.

- Сол кезекті бір кино көріп отырғанымызда әкем тағы да ұнатпай шығып кетті. Сол кезде әкемнің артынан ілесе шығып, өзінің айтқанын қайт қылмайтынын біліп, соғыста басынан өткен бір оқиғасын айтып беруін өтініп сұрайды. Әкемнің айтуы бойынша сол кезде атам езуіндегі шылымын құшырлана ұзақ сорып, алысқа қарап тұрып: «Әй, балам-ай, қоймадың ғой, ендеше басымнан өткен бір ғана оқиғаны айтып берейін», - деп әңгімесін бастап кетті деп еске алады.

- Иә, балам, ол соғысты сендерге құдай көрсетпесін, соғыс атаулысы болмасын, - деп сәл үнсіздіктен кейін, әңгімесін қайта жалғады дейді әкем. Ауылдан соғысқа аттанғанда бірден Ленинград түбіндегі ұлы шайқасқа түстім. Сол 1941 жылдан табаны күректей 4 жыл бойы майдан шебінде болдым. Сол 4 жыл ішінде небір кескілескен алпауыт соғысты басымнан өткердім. Қиян кескен соғыста небәрі 17 жастағы ауылдың баласы не орысшаға жетік емес, не қолына мылтық алып көрмеген, ыңғай орыстардың ішінде соғысқа кірдім де кеттім. Ең алғашқы шайқаста қолымнан жараландым. Госпитальге түсіп, жарақатым айыққан соң, қайта майдан шебіне бардым. Қала қоршауда, мылтық та, оқ дәрі де жетіспейді. Өзіме берілген мылтық та жоқ, шындықты айтар болсам, үш адамға бір мылтықтан берілген еді. Қасымдағы рота командирінің пулеметіне көмектесіп жүреміз. Кезекті немістердің шабуылында қасымдағы Васили деген орыс жігіті көз алдымда жан тапсырды, онда өлгенге қарап тұру қайда, қолындағы мылтығын ала салып, «алға» деп немістерге қарсы жүгірдім.

Соңғы рет 1945 жылдың бас кезінде атақты «Брест» қамалын алар кездегі кескілескен ұрыс өте жойқын болды. Күні бойы екі жақ тайсалмай соғыс жүргіздік, адамдардың өлігі тау болып үйілген. Екі жақ та берісер емеспіз. Соғысудан адамдар діңкелеп шаршаған кез еді, арасында анда-санда бірлі жарым оқ атылып қойып тыншығандай болғанда, солдаттардың кейбірі мылтығын таянып, кірпіктері лажсыздан айқаса берген шақта, командиріміздің ұрандатқан ащы даусынан «Алға!, Отан үшін!» деген бұйрығымен барлығымыз жапа тармағай алға ұмтылдық. Жан-жағымыздан жарылып жатқан мина мен снарядтарға, қарша жауып жатқан оққа қарамай, ұрандатып алғы шепке шығып, қолымыздағы қарумен оқ боратып келеміз. Сол сәтте ішіме зу етіп келіп оқ тиді, көзім қарауытып, бүйірім ауыр тартып барып, етбетімнен құладым. Уақыты кешкі 5-тер шамасы. Бір уақытта есімді жисам, таң қылаңданып қалыпты. Оқ борап тұр. Қозғалайын десем, ішіме тас салып қойғандай зілдей, біраз қан кеткен екен. Зорға қозғалып мейірбике отырған жаққа еңбектей жылжып қозғалдым. Сол кезде қасымдағы солдаттардың жан ұшыра «орныңнан қозғалма», «жатқан орныңда жат» деп орысша айқайлаған дауыстарына қарамай, алға жылжи бердім. Сол еңкездеп жан ұшыра жорғалағанымда талай өліктердің үстінен жер бауырлап өтуіме тура келді. Межелеген жеріме жеткенімде, екі солдат біреуі қолымнан, біреуі аяғымнан алып арбада жатқан жаралылардың үстіне лақтырып жіберді. Арбаға жегілген атты қамшылап жібергенде, арба селкілдетіп ала жөнелді. Содан госпитальге келіп түстім. Өмір үшін күрес деген сол балам, егер де мен сол жатқан жерімде жата берсем қансырап, өлер едім - деп, сәл жымыып әкем, әңгімесін жалғап, - ал сенің анау кино фильміңде соғыс жүріп жатқанда, бір-біріне бауырмалдық көрсетіп, қай жерің жараланды деп, жас балаша өбектеп жататынына сенбегендіктен, сол кинофильміңді көргім келмейді, неге десек, кескілескен соғыста адамдар бір-біріне ондай аяушылық танытатындай уақыт та болмайды. Міне, өмір мен

өлімнің арасы бірақ адым дегенді сол кезде көресің, балам. Әрине, екі жақ та бір келісімге келіп, соғыс заңы бойынша өз солдаттарының мәйіттерін жинап алуға уақыт алады. Ол берілетін уақыт кейде бір аптаға кетіп қалатынын ескерсең, талай жараланған адамдар орнынан қозғала алмай, сол жатқан жерлерінде өлгендері де кездеседі. Міне, саған шындық, балам, -деп бетіме қарап, менің жылап тұрғанымды көріп, жасымды шолақ саусағы бар қолымен сүртіп тұрып, құдай сендерге ондай сұм соғысты көрсетпесін,- деп сөзін аяқтады дейді атам әңгімесін.

Атам жастайынан алғыр, білімге деген құштарлығы басым болса да, ел басына күн туғанда еңбекке ерте араласыпты. Сондықтан да елге майданнан оралысымен, мал дәрігерліктің жоғары оқу орнына өз күшімен түсіп, туған ауылына келіп, совхоз кезінде күні-түні ат үстінде жүріп, еңбегін аямаған екен. Сол мал шаруашылығы саласында мал дәрігері мамандығы бойынша жұмыс атқарды. Оқуын тамамдағаннан кейін отбасын құрып, үлкен мәуелі шаңыраққа айналды. Бүгінгі таңда атамның есімі соғыс ардагерлері есімдерінің қатарында тұр.

Атам 1981 жылы 57 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Атамның туған аулына, ағайынға жасаған жақсылығы туралы да көп айтуға болады, ол өзінше бөлек бір тарих болар еді. «Жақсының аты өлмейді» демекші, туған ауылымыздың өркендеуіне, шаруашылығын дамытуға атсалысқан, бейбіт өмірді сыйлаған Атамды мен мақтан етемін.

Қойшыбай Инжу
Жамбыл облысы, Меркі ауданы,
Тәтті ауылы, М. Мәметова атындағы
№13 жалпы орта білім беретін мектебінің
10 «А» сынып оқушысы

Жетекшісі: Каринбаева Сандугаш Жаксылыкбаевна

Жұлдызайдың «жұлдызды» саяхаты

2030 жыл. Жаз айы. Кешкі сағат 20.00 Кешкі ас ішіп отырып ата-анасы Жұлдызайдан неліктен үнсіз отырғанын сұрады.

Жұлдызай: - Мама, Папа өзге планеталықтардың барына сенесіздер ме?- деді. Олар жымып күліп, қызына олардың қиял екендігін айтты. Жұлдызай орнынан ұшып тұрып, көзіне жас алып, бөлмесінің есігін тарс жауып алып, жастығын құшақтап өкси жөнелді. Сөйтіп жатып қалай ұйықтап қалғанын білмей қалды.

Ертесіне ол сол сұрақты кездескен адамның бәріне қойды. Барлығы оған күліп, кейбіреулері кекетіп жатты. Жұлдызай ызаға булығып келе жатып көзі қарауытып кеткенін байқамай қалды.

Қап-қараңғы тас түнек. Көзге ешнәрсе көрінбейді. Ол айқайлай бастады. Бірақ ешкім оның сөзін естімеді.

Бір кезде Жұлдызай не болғанын өзі де түсінбей қалды. Кенет айналасы жап – жарық. Жұлдызайды «Жердегі» тіршілік иелеріне ұқсамайтын жатпланеталықтар қоршап алған.

Біреуі Жұлдызайға:

- «Ни Хау», «Хелоу», - деп жатыр Олар өзара дауласып жатқанда біреуі:
- Сәлем, - дегенде Жұлдызай :
- Сен қазақ тілін білесің бе? – деп қуанып кетті.

Жұлдызай жатпланеталықтарды құбыжықтай сүйкімсіз деп ойлайтын. Бірақ мүлде олай емес. Сұңғақ бойлы, жасыл шашты, үш саусақты, бадырақ көзді, үшкір құлақты, қызғылт ерінді болып келген олар Жұлдызайды жылы жүзбен қарсы алды. Жұлдызай көп ұзамай жаңа әлем иелеріне үйрене бастады. Оқымысты, Айару, Ханшайым, Күнсұлу, Бағбан, Сәулетші атты достарымен кемеге таяп келеді. Кемелері шар тәрізді сопақша келген ішінде жолаушыларға арналған орындар, ғылыми жұмыстармен айналысатын бөлек бұрыш, ұйықтайтын төсектері бар бөлме, кемені басқаруға арналған бұрыш, кітаптар қойылған сөрелер, тамақтар салынған қораптар тұрды. Ханшайым мен Оқымысты кемені басқару орнына отырып, кемені іске қосты. Қалғаны жолаушылар орнына отырып, әңгіме- дүкен құрды. Жұлдызай:

- Бұл қай планета?- деді.

Айару:

- Бұл «Ғажайып» планетасы, - деді.

Күнсұлу:

- Жұлдызай өзің туралы айтшы, - деп өтінді.

Жұлдызай:

- Менің жасым 11 де, 5-ші сыныпты бітірдім. Жаратылыстану сабағын сүйіп оқимын. Мені таңқалдырғаны бұл планетада да ауаның қабаты бар екен. Мен үнемі өзге планетаның бар екеніне және онда тіршілік иелері бар екеніне сенетінмін, -деді.

Суретші:

- Сендердің планеталарыңда суретшілер көп пе? деді.

Жұлдызай:

- Ия, менің әпкем де суретші ол көбінесе табиғатты бейнелегенді ұнатады, - деді.

Бағбан:

- Біз жеттік, - деп хабар берді. Кеме тоқтады. Алдарында зәулім сарай. Кеме баспалдағымен түсіп келе жатқан қонақтарды Патша мен патшайым жылы жүзбен қарсы алды. Жұлдызайдың көз алдында әке – шешесі тұрғандай сезінді. Сарайдың төбесінде жалауы желбіреп тұр. Еліміздің туындай көк түсті көп қолданған. Дастархандағы тағамдар сондай дәмді. Олар гүл сөлінен жасалған шөл қандырар сусын ішіп, тәтті балмұздақтар жеді. Патша мен патшайым Жұлдызайдың қалай пайда болғанын естіп, «Ғажайып» планетасындағы алғашқы адам екендігін айтты. Кейін барлығы сарайды аралады. Әр бөлме асыл тастармен көмкерілген. Бір бөлме гүл тектес өсімдіктерге, екіншісі кітаптарға, үшіншісі демалуға, енді біреуі шеберхана сияқты әр-түрлі заттар жасауға арналған. Тағы сондай шексіз бөлмелер. Әр қонаққа сарайдан бір-бір жатын бөлмелер бөлініп берілді. Жұлдызай бөлмеге кіргенде өзін ханшайымдай сезінді. Гүл күлтелерінен жасалған жұмсақ көрпелі төсек, әр-түрлі киімдер ілінген шкаф, бойымен бірдей айна. Ең ғажабы түнде жанып тұратын табиғи гүл. Жұлдызай күннің тамаша батқанын бірінші көріп тұр. Әбден шаршаған ол тәтті ұйқыға батты.

Ертесіне олар скафандор киіп аспан әлеміне саяхат жасады. Таң атқанымен жұлдыздарды да, айды да, аспан кеңістігін де көрді. Каметаны да, астероидтар мен метеоридтерді, құс жолын, 12 зодияк жұлдыздарын, жетіқарақшы, Темірқазықты да көріп, тамаша Галактика жүйесін, Күнді де көрді. Жұлдызайдың қуанышында шек жоқ. Тоғыз планета күн орбитасында айналып бара жатқанын тым алыстан бақылап тұрды. Ат басы тұмандығын, яғни, жұлдыздар түзілетін фабрикуны да көрді. Тартылыс күші арқылы бірігіп қалған егіз жұлдыздар жұптасып ғарыш биін билеп жүргендей. Ғажап жер планетасынан ұшырылған «Хаббл» телескопын да көрді. Бұл Жұлдызай үшін ең тамаша «ғарыштық экспедиция» болды. Ал, енді олар кемеге оралып «Ғажайып» планетасына жол тартты. Достарына Жұлдызай ерекше сезімін айтып жеткізе алмай отыр. Қазір ол терезеден көзін ала алмай ғарыш кеңістігін тамашалап келеді. Саяхат күннен-күнге қызықты болып жатыр. Жұлдызай планетаның ең ірі де, атақты жалғыз заводуна келді.

Заводта түрлі-түрлі керекті заттарды қоқыстардан жасап жатыр. Ойыншықтар, кемелер, көліктер, ыдыстар бұйымдар жасауда. Ең қызығы олар «Жер» планетасындағыдай бензин емес, гүл сығындыларын пайдаланады екен. Ендігісі - «Фабрика» аялдамасы.

Фабрикада киімдер, қағаздар, маталар көрпелер, жастықтар түрлі жиһаздардың барлығы табиғи өсімдіктерден жасалады. Олар тынымсыз еңбек етуде. Әр күнде әртүрлі саяхат.

Келесі күні планетаның ғажайып бағына келді. Не деген тамаша жұпарын аңқытқан гүлдер. Жер планетасынан әкелетін бамбуктер, кактус, шырша,

пальмалар өсіп тұр. Ғажайып планетасының өсімдіктерінің келбеттері үлкен болып келген, күлтелері мен жапырақтары қалың, сабақтары мен сағақтары жуан тамаша екен. Жұлдызайға достары гүлмен сөйлесуді үйретті. Ол қарапайым тәсіл. Ол үшін бар болғаны жандүниемен беріліп, құлағыңды гүлге тосасың. Сол кезде сен өсімдікпен сырласа аласың. Жұлдызайдың көзі өзінің сүйікті «қызғалдақ» гүліне түсіп кетті. Ол қызғалдаққа таяп келеді. Қызғалдаққа планетаның топырағы мен атмосферасы ұнаған сияқты. Жердегі келбетінен әлдеқайда үлкейіп кетті. Жұлдызай жандүниесімен беріліп құлағын қызғалдаққа тосты. Қызғалдақ Жұлдызайға отбасы оны сағынып жатқанын айтты. Жұлдызай достарына мән-жайды айтты. Достары Жұлдызаймен қоштасып, қызғалдақтың қауызына отырғызады. Кеш батып, қызғалдақ қауызын жапты. Қараңғыдан ешнәрсе көрінбейді. Біраздан кейін Жұлдызай көзін ашты. Тамшуырдың (система) ғана дыбысы естіледі. Әке-шешесі екі қолын ұстаған бойда ұйықтап жатыр екен. Сәлден кейін анасы оянып:

- Қызым көзін ашты, - деп қуанып кетті. Әкесі оянып, қызының бетін сүйіп алып:

- Қызым-ау, көліктің астына қалай түсіп кеттің, жансақтау бөлімінде үш күн ес-түсіңді білмей жаттың ғой – деді де, дәрігерге қуанышты хабарды жеткізуге кетті. Жұлдызай жан-жағына қарап еді жанында құмырада бір шоқ қызғалдақ гүлі тұр екен. Қызғалдақты иіскеп, құлағын тосқан кезде:

- Сені достарың ешқашан ұмытпайды. Олар саған барлық өзге планеталықтардың атынан тек сәттілік тілейді, - деп үн қатты.

Ол арман мен қиялдың арқасында тірі қалды. Өмірдің қандай екенін түсінді. Мүмкін ол Жұлдызайдың арманы мен қиялынан пайда болған түс шығар, мүмкін шынымен де сол оқиға болған шығар. Бұл тылсым дүниеде бәрі жұмбақ болып қалмақ. Бірақ, армандап, қиялдап жүрсеңіз, олар тек жақсылыққа жетелейді.

Инкарова Жансая Мұратқызы
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім
басқармасы Мойынқұм ауданының
білім бөлімінің Шығанақ орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
10-сынып оқушысы

Жетекшісі: **Серикова Г.К.**

Жайқалтып өлең-сөз сарайын

*Жайқалтып өлең-сөз сарайын
Жарқырап маңдайда арайым.
Өлеңге сүйсінген сіздермен
Сәлеммен танысып алайын.*

*Ауылым-ортасы думанның
Өнердің нұр жолын қуғанмын.
Жамбылдың Мойынқұм ауданы
Шығанақ ауылында туғанмын*

*Қадірлі, қастерлі қыз-ұғым
Жалғасы мен Анам ізінің.
Білімді, өнерлі Жансая
Мен мына – Мұраттың қызымын.*

*Талабым таудай да, күш-ағын.
Мақсатты өмірлік ұшағым.
Шығанақ мектебін үздікпен
Тәмамдап, түлеймін, ұшамын.*

*Шәкіртпін, өнерлі талапты
Кең жайған қырандай қанптты.
Гиппократ антымен елді емдер
Дәрігер болам ақ халатты.*

*Берікпін антыма сөздегі.
Осынау балауса кездегі.
Ұстаным – өмірлік жолымда
Өзіңді құрметте, өзгені.*

*Ел іші кеңінен тануға
Өнердің төріне қонуға
Мен лайық өренмін бүгінгі
Байқауда жеңімпаз болуға.*

Өнерпаз әрқайсы өзгеше
Әр мықты өз жолын бермесе
Ең мықты өренді танытсын
«Жарқырап, жас дарын» ендеше!

Әке деген...

Түсінгенге, әке деген адамдық,
Әжеттілік, қайсарлықта, адалдық.
Әке деген, түз тағысы, қыраны
Әке деген, шын асылдан тұрады.

Тау тұлғалы, сыйлы болған асыл жан,
Әке емеспе, әлпештеген баптаған.
Ешкімнен де қалмасын ұл-қызым деп,
Күндіз-түні еңбек етіп тыңбаған.

Әкетайым, қолдау берген әрқашан,
Қиындыққа төзімменен қараған.
Сырласқанда ақыл айтып қоштайтын,
Әкем менің ақ пейілді асыл жан.

Әке деген Алатаудай мақтаныш,
Дауыл тұрса Алтын қақпа қорғаныш.
Әке деген тас қараңғы сәттерде,
Жарық шашар, күлімдеген қуаныш.

Әке деген, ақыл айтып қолдайтын,
Мейірімді, жылы сөзбен баурайтын.
Керек болса тау қопарып біз үшін,
Әрқашан да жамандықтан қорғайтын.

Әке деген баласына қорғандар,
Сын сағаттың жауынгері болғандар.
Оққа төсеп ұрпақ үшін кеудесін,
Аязы мен үсігіне тоңғандар.

Алғыс айтам, әкелерге бас иіп,
Болса екен мәртебесі тек биік.
Әке деген болашағы әр ұлттың,
Болашаққа тексізсіздікті теппейік.

Досыма

Ей, досым енді саған сөз сөйлейін,
Жан дүние сырымен бөлісейін,
Көп болды сырымды айтпағалы,
Енді саған жарамды көрсетейін..

Ей, досым мені шын дос көресің бе?
Мен сені бағалаймын білесің бе?!
Өзгелердің мына маған керегі жоқ,
Сен қымбатсың сөзіме сенесің бе?

*Ей, досым менімен біргесің бе?
Тура жолға шақырсам ересің бе?
Тек жақсылық тілеймін әрқашанда,
Сол себепті жанымда жүресің бе?!*

*Болашаққа бірге қадам жасайық,
Бір-бірімізге демеу бола алайық..
Жолдарымыз бөлініп жатсадағы,
Хәл сұрауды ешқашан ұмытпайық.*

*Бала күнгі арманымыз орындалар,
Бұл жалғанда бізге де орын болар.
Ақымақтықпен талай қате жасасақ
Жас кезіміз мәңгіге есте қалар..*

*Уайымдама бәрі жақсы болады,
Бақыт шаттық бәрі бізде болады.
Дәл қазіргі уайымдарың сейіліп,
Үй ішіңе тек жақсылық толады.*

Ақындық...

*Түсінбейді, олар мені түсінбейді,
Ақындықтың не екенінде білмейді..
Түнімен сандалады ойларым,
Ақ қағазға түсірші қәне, дейді.*

*Сөз жетпейді, кейде тіпті сөз жетпейді,
Ойларым мені алысқа жетектейді.
Түн ұйқымды ұрлауға құмарланып,
Ақ қағазға қанекей түсір дейді.*

*Сөз жетпейді ендігі мұнан алып,
Ойланасың түнімен ұйқыдан қалып,
Жалғыздыққа ғашық болған адамдай,
Тыныштыққа жан дүнием құштарланып.*

*Шабыт бар кейде келіп, кейде келмес,
Түн болғанда сөз жиналып ұйқы бермес,
Керемет бір ойшыл ақын болмасамда,
Болашақта бағындырам мен бір белес..*

Досыма

*Сен барсың ба, мына мендік өмірде,
Ендеше айтарым, әрдайым тек күлімде.
Мен қалаймын менен көмек болғанын,
Сол себепті ешқашан да сүрінбе!*

*Мен білмеймін ертең таңым ата ма,
Әлде соңғы күнім бүгін бата ма..
Ешнәрсеге алдын айтып бере алмаймын,
Сол себепті ренжімеші жарай ма?!*

*Қате кетсе әрқашан кешір мені,
Негізінен жақсы көрем мына сені.
Біліп,білмей қате жол басқан болсам,
Түзу жолға өзің сүйреп әкел мені.*

*Мына мен талай түн ұйықтамаймын,
Бұл өмірде не қалаймын ойлағаймын.
Кей кезде нәпсімен құрдас болып,
Түзу жолдан мен біраз ұзақтаймын.*

*Кейде тіпті қатемді ойламаймын,
Кешірімді Алладан сұрағаймын.
Өз өзімді жек көріп кей сәттерде,
Неге бұлай болды деп жылағаймын.*

*Ала таңның атарына мен сенгеймін,
Жақсылықтан үмітімді еш үзбеймін,
Әрдайым нығметіне бөлейтін,
Бір Алланың барына Шүкір деймін.*

Құрбыма

*Жаныма жақын тартқан құрбым менің,
Әрқашан қиын сәтте қолдау бердің.
Күлімдеген,әрдайым жадыраған,
Жақын жандар тізімінің бірі едің.*

*Қиын сәтте әрдайым қолдағансың,
Дауыл тұрса бір өзің қорғағансың.
Қуаныш пен қайғымда ортақтасып,
Мендегі бар мұңымды тындағансың.*

*Алғысым көп Тәңірге сені берген,
Қолдаушы етіп,жаныма серік еткен.
Жылы сөзді аса көп айта алмаймын,
Сол себепті өзіңе жыр жолдаймын.*

*Уақыт бөліп осы өлеңді жазып едім,
Оқисың да ұғасың деп үміттендім.
Саған қарап айта алмаған алғысымды,
Осы өлең арқылы өрнектедім.*

Тағдыр

*Жан дүние алай-дүлей боп келеді,
Бәрі жақсы болады деп сенеді.
Күндіз-түні тыңбай еңбек етсеңде,
Тағдырыңа жазылғаны дүп келеді.*

*Ойымда талай ой сандалады,
Сұрапыл ой миымды жеп барады.
Бәрі жалған екенін білсемдағы,
Қу дүниеге көңілім алданады.*

*Бойыма жинаған иманым бар,
Иманмен бірге болған айналам тар.
Тар айнала болғаны артығырақ,
Еш уақытта ала алмаспын жалғаннан нәр.*

*Адам көп айналамда өрбіп жүрген,
Алла ғой оларды да кезіктірген.
Көп доспен араласып жүргеннің де,
Қайыры жоқ боларын кімдер білген.*

Қоштасу

*Өтіп барады біздің міне балалық шақ,
Ертең күні кім қарсы алар жайып құшақ.
Мектептің қабырғасын сағынамыз,
Туіспіз ау болмауға қырық пышақ.*

*Өтер уақыт артына бір қарамай,
Кетер әттен, балалық шақ тез зулай,
Мектептегі ең қызықты сәттерді,
Есте мәңгі сақтайықшы ұмытпай.*

*Ең алғашқы достықтың орны осында,
Ең алғашқы махаббатың қасыңда.
Әліпбиді жаттатқызған апайың,
Ең асыл да, бағалы жан расында.*

*Оралмайды, артқа енді ешқашан,
Естелік боп жүректе қалар әрқашан.
Мына біздің тентектіктен шаршаса,
Сұраушы еді «есейесің сен қашан?»*

*Есейіп қалдық міне бүгінде,
Аман есен жеттік бізде бұл күнге.
Ұямыздан ұшар уақыт таяды,
Тек естелік қалады енді бұл жерде.*

Құсанбай Диана
Жамбыл облысы, Меркі ауданы,
№18 ЖОББТМ (РО),
7 «В» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Аликулова Гульвира Кураловна**

Әлем балалар көзімен

*Үлкен әлем бір аспанның астында,
Анасы жүр баласының қасында,
Барлық адам риза мына өмірге
Көздерінде мұңы жоқ кәрі, жастың да!*

*Бұл – уайымсыз, бақытты менің әлемім.
Бейбіт күнде шаттанады бар елім.
Таза ауа, мөлдір бұлақ, көк жайлау,
Тынысым терең, жеңіл шығар әр демім.*

*Қуанышпен күндерім өтіп келеді,
Жақындарым қасымда болса керегі.
Жаңбыр жауып, қатты дауыл тұрса да
Бейбіт әлем өз жылуын береді*

*Жарқыраған аспандағы күнімен,
Жалт-жұлт еткен жұлдыздардың сырымен,
Бейбіт елдер бас қосып өмір сүргенде
Әлемде мынау бақыттымын шынымен!*

Есеналы Өткір
Жамбыл облысы, Меркі ауданы,
Тәтті ауылы, М.Мәметова атындағы
№13 жалпы орта білім беретін мектебінің
8 «Б» сынып оқушысы

Жетекшісі:

Қызыл қапшық

Қоңыр салқын күз.Таңғы сағат 9.00. Арман таңғы асын ішіп, оқуына қарай жол тартты. Бірінші дәріс бітіп, екінші дәріс басталды. Арман кішкентай кезінен бері дәрігер болуды армандайтын. Оның аздап жалқаулығы болмаса, зерек, сабағын жақсы оқитын бала болатын. Көрші ауылда тұратын нағашы әпкесі Гүлнар ауруханада бас дәрігер болып жұмыс жасайтын. Оның ақ халат, қолына шприцін алып,адамға екпе салғаны Арманға қызық болып көрінетін. Ол өзі қалағандай медициналық жоғарғы оқу орынына түсті. Биыл үшінші курс.Яғни нағыз практиканың басталатын шағы. Әдеттегідей Арман, Людмила Ивановнаның сабағына үлгермей қалады. Людмила Ивановна- практикалық жұмысты жүргізетін апай. Сәл қаталдау кісі. Ол орыс болса да қазақ тілінде еркін сөйлейтін. Людмила Ивановна қабағын шытып, Арманға қарады да:

- Арман , сен қашан сабаққа уақытылы келесің?
- Тым құрығанда, сабаққа дайындалып келдің бе?
- Апай, сабаққа дайындалып келгенім рас. Бүгін қатты ауырып тұрмын.

Дәріханаға барып, дәрі алуым керек еді,бара берсем бола ма?- деді

Людмила Ивановна қанша жерден қатал болса да, мейірімділігі де жоқ емес еді.

-Өзің кешіккенмен қоймай ,сұранып тұрсың ба? -деп кідіре тұрып:

- жарайды ,бар. Бірақ келесі жолы сұраймын , -деп ескертті.

Арман дәрістен шықты. Бос уақыты көп болғандықтан,қайда барарын білмей,біраз жүрді.Кейде іштей мұғалімді алдағанына қынжылып та келеді. Оның ата –анасы ешқашан ешкімге өтірік айтпа, ешкімнің ала жібін аттама деп айтып отыратын. Арман аялдамаға келіп, ата- анасының тәрбиесіне кір келтіргеніне ұялып,терең ойға шомып отырған еді. Аялдаманың қасынан өтіп бара жатқан екі қыздың өтірінің иісі Арманның ойын бұзды. Сәнді киінген,қолдарында орташа келген қара чемодан бар. Арман қыздармен танысқысы келді, бірақ батпады. Қыздардың артынан ұзақ жүрді. Кенет біреуінің қалтасынан қызыл қапшық түсіп қалды. Арман қуанып кеткен, себебі сол сәтті пайдаланып, қыздармен танысып алмақшы болды. Арман енді қыздарды тоқтатып атын сұрай бергенде, арғы жақтан қырлы шалбар, қара фурашка , ашық көк түсті, шолақ жеңді сол жақ кеуде қалтасында кестеленген «полицей»деген жазуы бар адамдар қастарына келді.

- Сәлеметсіздер ме , жолдастар!
- Сәлеметсіздер ме ?-деп бәрі амандасты.
- Чемодандарыңызда не бар? Тексерсек болады ма? – деп қыздардан сұрады.

- Бұл біздің чемоданымыз емес!
- Бізге анау тұрған жігіт ұстай тұруымызды өтініп еді. Бұл сол жігіттің чемоданы,— деп Арманды нұсқады.

Арман кенет қыздардың бұл қылықтарын түсінбеді. Екінші полицей Арманды тергей бастады.

- Бұл сіздің чемоданыңыз ба?
- Жоқ, ағатай, бұл қыздардың чемоданы.

Қыздар кілттің Арманда болуы мүмкін екенін, оны тексеріп көруін сұрады. Сол сәтте Арман шикіліктің барын сезді. Полицейлер Арманның қалтасының бәрін тексерді. Оның қалтасынан қыздардан түсіп қалған қапшық шықты. Қапшықтың ішінде чемоданның кілті бар екен. Арман аң-таң. Чемоданды ашып қалғаны сол екен, іші толған көздің жауын алатын гауһар тастар, әшекей бұйымдар мен алтындар екен. Полицейлер Арманнан кілттің қайдан жүргенін сұрап, тергей бастады. Арман болған жайттың бәрін егжей – тегжейімен айтып берді.

- Ия сөйлеңіз. Бұл чемодан сіздікі болмаса, кілті қайдан жүр?
- Мен студентпін. Бүгінгі тапсырманы орындамаған соң, мұғалімге өтірік айтуға тура келді. Жолда қыздарды көріп танысым келді. Ал бұл қапшық қыздардан түсіп қалған соң, осы сәтті сылтауратқым келді.

Полицейлер қыздар мен Арманның қолына кісен салып, полиция бөлімшесіне тергеуге алып кетті. Әрқайсысынан бөлек-бөлек болған жайтты сұрады. Әркім өзін ақтап әлек болып жатыр.

Кезек Арманға да келді. Полицейлер:

- Тағы да сұраймын, шыныңызды айтыңыз, өзіңізге де жеңіл болады. Арман уақытында оқымаған сабағы үшін өкінді. Болмашы нәрсеге бола, басы осындай дауға қалар деп кім ойлаған?

Арман шынын айтып шырылдағанмен, полицейлер сенер емес. Олар қалаған жауапты естімеген соң, Арманды ұра бастады. Бірақ ... Оның кінәсі жоқ қой. Арманға сұрақ қайта – қайта қойылды. Арман да қалыспай шынын айтып, қара терге түсті. «Мен кінәлі емеспін» деп айта бергені сол-ақ еді, басына тиген соққының қатты болғаны соншалық — қара терге түскен Арман кенет оянып кетті...

Терезеге қараса таң атып келе жатыр екен. Сонда Арман 90 минут сабақты өткіземін деп, өзінің бір күнін өткізіп алғанын түсінгендей болды. Өзін-өзі іштей кінәлап, жегідей жеді. Аз жұмысты қиынсыңсаң, көп жұмысқа тап боларсың.



Оразбек Аңсаған Жарқынбекқызы
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы,
Жасеркен ауылы,
М.Әуезов атындағы орта мектебі,
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Сыдық Шолпан Серікқызы**

Батыр баба Бауыржан

*Бауыржан батыр атамыз,
Барша жан білер аты аңыз.
Темірдей тәртіп ұстанған,
Біз үшін биік данасыз!*

*Сөзінен ешбір таймады,
Әскерін мықтап қайрады.
Соғыста артқа шегінбей,
Елінің қамын ойлады.*

*Болады сіздей енді кім?
Сақтаймын өшпес ерлігін.
Қайсар да, батыр, ержүрек,
Ойлаған қазақ теңдігін!*

*Болаттай болып шыңдалған,
Қазақтың атын шығарған.
Ерлігі бізге үлгі ғой,
Бүгінде міне жыр болған!*

Дөненбай Алина
Жамбыл облысы, Меркі ауданы,
Тәтті ауылы, М.Мәметова атындағы
№13 жалпы орта білім беретін мектебінің
7 «А» сынып оқушысы

Жетекшісі:

Нағашы әпкемнің құрбылары

Інім екеуіміз жазғы демалыс кезінде қаладағы нағашы әпкемнің үйіне қыдырып бардық. Нағашы әпкем ертең сендерді құрбыларыммен бірге қаланы көрсететінін айтты. Нағашы әпкем құрбыларын күте- күте жалығып, дүкенге кетті. Кетерінде бізге:

- Қыздар келсе, күте тұрсын, әпкем кәзір келеді деп айтыңдар,-деп ескертіп кетті.

Інім екеуіміз теледидар көріп отырғанбыз. Көп кешікпей әпкемнің екі құрбысы Айша мен Зарина да келді. Қонақтарды жылы қарсы алдық.

Арада он минут өткенде:

- Шай ішіңдер, - деп қолқа салдық. Қонақтар асқа алғысын айтты. Әпкемнің келуі ұзара түсті. Олар сыртқа шығуға айналды.

- Ең болмаса нан ауыз тиіңіздер, -дедік. Олар әрине наннан асып кете алмады. Қайтадан аяқ киімдерін шешіп, дастархан басына отырды. Біз нанды жуандап тұрап, үстіне қалыңдап май жақтық. Нан алдына келгенде, шетін үзіп қана қоя салды. Сонда інім Азамат:

- Жаманнан жарты қасық ас қалады. Нанды тауысып жеңіздер,-деді. Менде құптап қойдым. Мұндайды күтпеген олар әрең-әрең дегенде өзі үзген нандарын тауысты.

Аздан соң Зарина:

Нанның майы тым қалың екен. Су әкеліп берші - деді. Мен екеуіне екі кесе су әкеліп бердім. Олар бір-екі ұрттап қоя бергенде, мен:

-Жаманнан жарты аяқ су қалады. Судың да сұрауы бар. Ішіп қойыңдар,-дедім.

- Су тым көп екен. Ішіп тауыса алар емеспіз деп қалды.

- Көп деп менсінбеңіз, аз деп азсыңбаңыз. Одан да тауыса ішіп қойыңыздар,- деп менде қақымдап қоймаймын. Олар бір-біріне қарап жымып қояды. Суды да тауысты. Бір уақытта әпкем келді. Құрбыларын көріп қуанып, шай әзірлеп жатыр. Сонда Айша:

- Інің өзі бір қонақжай, мырза бала екен. Бізді шылқыта майға тойдырып, сумен қатырды. Енді шай ішетін мұршамызда жоқ, - деп күлді. Қисынды сөзге біз де қосыла күлдік. Қазақта «Ас атасы – нан» деген сөз бар, яғни астың, дәмнің үлкені – нан.

Бала ақ пен қараны ажыратып танымай тұрып-ақ оған оң қолына нан ұстауды, нанды баспауды, тастамауды үйретеді. Үйге келген кез келген адам асығыс болса да, өзге тамақтан емес, наннан ауыз тиіп шығады. Адамдардың арасындағы ынтымақ бірлік, бір-біріне деген жақсы қарым-қатынас, ауызбіршілік

дастарқанның үстіне қойылған нан арқылы нығая түседі, яғни өзі нан ауыз тиген үйіне қазақ жамандық тілемеген. Нанын берген адамға жамандық ойламаған. Қазақтың «бір күн дәм татқан жерге қырық күн сәлем» дейтін сөзі осыдан келіп шыққан.



Оқалбек Қазына
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы
Антон Макаренко атындағы орта мектебі
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Абдуллаева Сауле Ермагамбетовна**

Экология және адам денсаулығы

Экология – бүкіл адамзат баласының шалыс басқан әрбір іс-әрекетіне келешекте шек қоятын, оның тыныс-тіршілігіне тікелей атсалысатын ғылымның жаңа саласы. Экологиялық проблемалар – ең маңызды өмірлік проблемалардың бірі.

Адам баласының қалыпты өмір сүруі үшін оған қажетті қоршаған орта жағдайлары мен табиғат байлықтары болуы қажет. Адамзат қоршаған орта мен табиғат байлықтарын өз қажетіне пайдалана алатын саналы тіршілік иесі. Адам тек табиғатты пайдаланып қана қоймай, табиғатты өзгерте де алады. Адамның көңіл-күйі мен өмір тіршілігі, денсаулығы қоршаған ортаның жағдайымен өте тығыз байланысты. Адамдардың табиғатқа, оның ресурстарына ойсыз араласуы жер шарының климатының өзгеруіне, Дүниежүзілік мұхиттардың ластануына, шөлді-шөлейтті жерлердің кеңейуіне, ормандардың азаюына, қышқылды жаңбырлармен келетін күкірт және азот оксидінің мыңдаған тонналарын жер бетіне әкеліп отыр. Ал олардың жан-жануарлар мен өсімдіктер, су жүйесін жойып жатқандығы белгілі.

Қазіргі кезде адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасы ерекеше маңызға ие. Пайдалы қазба байлықтарының шектен тыс көп пайдалануы, жер бетінен көптеген өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің жоқ болып кетуі және сонымен қатар табиғи ортаның ластануынан адамдардың денсаулығы да бұзыла бастады. Қоршаған ортаның шектен тыс ластануынан бұрын белгісіз аурулар пайда болуда. Мысалы, адам қоршаған ортаның сынаппен ластануынан – минамата, ал калий элементі арқылы ластануынан итай ауруларына шалдығуда. Тіпті сыртқы ортаның шектен тыс ластануынан адамның генетикалық ақпараттарын өзгертіп жіберетіндігіне түрлі кейіптегі сәбилердің дүниеге келуі мысал бола алады.

Табиғат, Жер-Ана, туған жер, атамекен құлаққа жылы естіліп, жүрекке шаттық сезімін ұялататын қасиетті сөздер. Адамның өзі сол табиғат пен Жер-Ананың перзенті. Өзімізді қоршаған тіршілік ортасын – биосфераны келешек ұрпаққа ластанмай, көркейтіп, көріктендіріп жеткізу бүгінгі жас ұрпақ, біздің басты парызымыз болып табылады. Табиғатқа жанашыр болу адамзат қоғамына, оның келешегіне жанашырлық жасау болып табылады. Сол себепті туған жеріміздің тамылжыған тамаша табиғатын сүю, оны қастерлап, қадірлеу – әрбір адамның азаматтық парызы.



Абдрахманова Джастина
Актюбинская область,
Каргалинский район, с.Бозтобе
Бозтобинская ОШ
ученица 7 класса



Жетекшісі: **Абдрахманова Гульсын Жолаушевна**

Эссе

«Взрослые и мы дети»

Наверное самым важным вопросом остается вопрос о взаимоотношении людей друг с другом. Особенно остро стоит тема отношения взрослых людей и детей. Дети зачастую считают, что их никто не понимает. Эта тема освящена во многих литературных произведениях, а также над ней работают психологи и ученые в данной сфере. Нередко на нервной почве из-за непонимания случаются ссоры, которые могут привести к негативным последствиям.

В детские, школьные годы и вплоть до совершеннолетия недопонимание является нормальным явлением. Взрослые стараются советовать детям исходя из своего опыта, и во многом они правы. Но, нужно брать во внимание то, что взрослые и дети росли в разное время, когда интересы, мода были другими. Поэтому ребенок никак не может смириться с советами взрослых людей. Полагаю, что стоит взрослым вспомнить свои детские годы, то также всплывет их недопонимание с родителями, ведь времена всегда меняются.

Например, все родители переживают, когда их дети гуляют до позднего времени. Если ты опоздал, то будешь очень долго выслушивать нотации родителей. С чем же это связано? Возможно, это связано с опытом взрослых, скорее всего у родителей и взрослых были такие ситуации, когда в ночное время случалась беда. Взрослые переживают и иногда, бывают бессильны в своей правоте, потому что между ними опять встало недопонимание. Родители со своими переживаниями, а дети в своей беспечности.

Мать может дать совет как одеться, естественно ребенку это не понравится, ведь подросток следует моде, которую взрослым сложно понять. Учителя всегда недовольны отвлеченностью на гаджеты на уроках и на это есть причины. Ведь в юном возрасте, кажется, что знания не понадобятся, так может немного, но взрослые имеют другую точку зрения.

Родители и взрослые должны в первую очередь уделять внимание к жизни ребенка, это поможет лучше понять его. Может ребенку, вообще не нравится спорт или наоборот рисование. Не считаясь с мнением ребенка, родители загоняют его на спорт, тратя его время на вещи, которые ему вовсе не нравятся. Ребенок начнет тянуться к общению, ведь если он увидит, что с его мнением считаются, соответственно он будет считаться и с мнением родителей и взрослых. Таким образом, отношения между взрослыми и детьми не всегда складываются удачно. Порой старшие не понимают младших и наоборот. Младшее поколение считают себя взрослыми, способными справиться со всеми проблемами. В борьбе

за свободу и самостоятельность, они не понимают сложностей этого мира. И не получив желаемого, не имея жизненного опыта, понимают, как жесток и беспощаден мир. Недостаточное отношение к воспитанию старших поколений, не оказывает влияние на поведение младших. В результате появляются споры и конфликты между взрослыми и детьми. Подростки не соглашаются с мнением родителей, считают, что они портят им жизнь. А ведь родители хотят помочь своим детям, и часто бывают правы, в то время как молодежь презрительно относится к замечаниям старших. Но бывает, что и взрослые являются виновниками конфликтов. Родители не прислушиваются к детям, не знают об их увлечениях и интересах, не уделяют внимания и не интересуются жизнью своего ребенка. Из-за частых упреков дети становятся агрессивными и замыкаются в себе. Чтобы избежать подобных ситуаций, необходимо прислушиваться к друг другу, делиться своими секретами, успехами и победами, радостями и переживаниями. Главное стоит помнить, что нужно уступать друг другу, как детям, так и родителям.

И хорошим приемом последует, это поставить себя на место другого. Взрослые советуют детям, но зачастую не представляют себя на месте детей и как к ним начнут относиться одноклассники и сверстники. И главным я считаю, что должны присутствовать взаимопонимание, достаточное общение и умение уступать. Когда соблюдены данные три фактора, то вероятность хороших отношений между детьми и взрослыми возрастет.



Абдрахманова Жанерке
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы
Исатай Тайманов атындағы гимназияның
7- сынып оқушысы



Жетекшісі: **Хажай Тамара**

Туған жер

*Уа, дариға, алтын бесік туған жер,
Қадіріңді келсем білмей, кеше гөр!
Жаза алмас ем топырағыңды тебіренбей,
Ақын болмай, тасың болсам мен егер,-*

деп кезінде болашақ ұрпаққа мол әрі аса құнды мұра қалдырған Қасым Аманжолов ақын атамыз туған жерін осылайша өлең - жолдарымен сүйіп өткен екен.

Туған жер – ауылым алтын бесігім. Туған жер деген ол сенің кішкентай кезіңнен, үйіңнің басқан табалдырығынан басталады. Сен алыс жолға кеткенде сені қолымен бұлғап шақырады. Қанша жерге барсаңда, туған жерің ерекше ыстық, бөлек болады. Сенің өсіп жетіліп келген табиғатың, өзен- көлің барлығы да туған жеріңде. Туған жеріңнің қызықтарын ұмыту мүмкін емес. Оның адам өмірінде алатын орны ерекше, киелі ұғым.

Туған жер, туған ел деген екі ғана сөзде қаншама мағына, қаншама ой жатыр десеңізші?! Туған жердің қадірін әр адам, туған жерде шырақта жүрсе түсінеді.

Туған жер қадірі дүниедегі ең ұлы деген нәрсемен пара-пар. Себебі, ол – сенің әлпештеген анаң, аялап өсірген әкең, туған-туысың, аға-әпкең, сені білім жолына жетелеген ұстаздарың, сол білімге ұмтылу жолындағы құлын- тайдай тебіскен жора-жолдастарың дүниеге келген жерің, қызыққа толы өткен балалық шағың, туған ауылыңның ауласы. Туған жер арқылы еліңнің өткені мен болашағын байланыстыра аласың. Нағыз балалық шақ, өз туған жерің, өскен елің, құрбы – құрдас, достарыңның арасында басталады.

Отан дегеніміз не?- деген сұрақ туындайды. Туып өскен жер ме, мәдениет пе, әлде отан ол «үйренген орта» ма? Әрине, «орта» деген сөзге көп нәрсе кіреді. Қазақ жерінде туса да, туған бетте шетелге кетіп қалған бала, туған елін отаным деп ерекше сезіммен еске алып отыратын, шетел адамдарында талай рет теледидар арқылы көріп білдім. Өйткені, туған жердің ерекше сағыныш сезімі адазатты толғандырмай, сағындырмай қоймайды. Адамзат өмірінде адам болып туғаннан кейін қазақ жерінің азаматы, баласы болып туу мен үшін үлкен мәртебе. Олай болса, туған елге деген патриоттық сезімнің алғы шарттары менің ойымша, «Менің елім Қазақстан, Менің жерім киелі Қобда, мен отанымды сүйемін, мен қазақпын» деген сөздерді айтудан бастау алады. Бірақ, көп адамдар «сүйемін деп» айтуға үйір емес. Біз отанымызда өмір сүріп жатқан кезде отан «Отан оттан да ыстық» дегенге мән бермейміз. Ол үшін адам баласы жанын беруге дайын болуы тиіс. Біз тек өзіміз аман- есен, жақсы өмір сүріп жатсақ, жақсы тамақтанып, жақсы киінсек, мінер көлігіміз жылы, ыңғайлы, жайлы үйім болса, барлығы болса,

- деп өмір сүреміз. Алайда, отан деген осы айтылғандардан мүлде басқа нәрсе екенін, өмірден де артық зат екенін әр азамат сезіне бермейді. Екіншіден, әр қазақ азаматтарының әскери борышын өтеу арқылы одан көп нәрсе үйренуден, отанға деген сүйіспеншіліктен, отан деген сөздің түп-төркінін білуден, отанын құрметтеуден, қорғаудан басталады. Кез келген уақытта отан үшін жанын беруге дайын екенін түсінуден тұрады. Мен Туған жерім – батырлар мекені. Кеңес Одағының 8 батыры менің кіндік кескен туған жерімде дүниеге келіп, батырлықтың даңқын аспандатқан. Әсіресе қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлова апамызды ерекше, мақтаныш сезіммен айта аламын, өзіме ерлігін үлгі етемін. Мен Қобда аулыммен мақтанамын. Өйткені туған жерім көптеген жетістіктерге толы. Біздің ата – бабамыз айтқандай:

Туған – жердей – жер болмас,

Туған елдей ел болмас.

Туған елге, туған жерге, туған тілге деген ыстық сезімнің үздік үлгісі мен үшін осындай болмақ. Отан туралы ой толғасаң, жан толғанысын айтып тауыса алмассың, сірә. Туған жердің – қазақ елінің қадірін біле жүрейік дегім келеді. Уақыт өзгерген, технология көптеп енген бұл заманда адамдар тіршілік -тынысына терең кірді. Қазір адамдар бір – біріне деген құрметі, сыйластығы, бұрынғыдай ете араласуы азайып бара жатыр. Осындай уақытта туған жерін, туыс – жұрағатын, отаның туралы насихаттау, оның мәнін түсінуді кейінгі ұрпаққа үйрету- әр азаматтың парызы.

Туған жер ол адамның кіндік қаны тамған жері: Сондықтан менің түсінгенім, әр адам өз туған жерімен мақтана біліп, туған жерін сүйіп, құрметтеу керек.



Абдулла Наргиза
Ақтөбе қаласы,
Бегалы негізгі мектебінің
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Избасова Салтанат Аватовна**

Туған жер алтын бесік

Туған жерім, кіндік қаным тамып, балалық шағым өтіп жатқан Бегалы мен үшін құтты мекен. Бұл жердің ауасы таза, жері көк. Қысы – қатал, жазы – ыстық. Бегалы ауылымды мен ерекше жақсы көремін. Бау-бақша өсіріп, мал шаруашылығымен айналысатын ауылда Әмірғалиев Қайырбек аға басқарады. Әкімнің ауыл тазалығына, көп балалы отбасыларға, көмекке мұқтаж жандарға көмегі зор. Қазір таза ауыз су құбыры тартылып, көгілдір отын әр үйге кіргізіліп, көшелерімізге жарық шамдар қондырды. Ал мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Избасова Салтанат бастаған білікті ұстаздар, ауылымыздың білікті дәрігері, Айша Тілектесқызы бастаған ақ халатты абзал жандар ел үшін аянбай еңбек етуде. Ауылдық модельді кітапханасының кітапханашысы Нұргүл Тілектесқызы әжелерді, оқушыларды, оқырмандарды кітап оқуға тартады. Алдағы уақытта ауылымызға балалар ойын алаңы салынады. Ауылымыз жылдан жылға көркейіп, өсіп, дамып келеді. Біздің шағын ауылымыз-берекелі де мерекелі. Бегалы – сулы, нулы көрікті жер. Бегалы жерінде әртүрлі дәрілік шөптер, қарағай, терек, қарақат, бүлдірген өсімдіктер өседі. Дәрілік шөптердің сабағы, тамыры, гүлі, жапырағы, қабығы, жемісі, шайыры, тұқымынан халық шөп-дәрілер дайындайды. Адыраспан, ақ жалбыз, ақ қайын, ақнар, ақ қорғасын, шегіргүл, шытыр секілді өсімдіктер өседі. Ауылымыздың шетінде қарсақ, түлкі, борсық, қоян кездестіруге болады. Мен осындай табиғаты көркем елді мақтан тұтамын.



Абыл Мирас Нұрланұлы
Байғанин ауданы,
№3 Қарауылкелді орта мектебінің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Бирмаганбетова Жамила Жайлибаевна**

**«Кітап – біздің досымыз»
(шағын әңгіме)**

*«Әрбір адамның ең жақын
досы – өмірлік досы – кітап
болуы тиіс...»*

М.Әуезов

Адам баласының ой-санасын оятып, терең сырлардың тұңғығына жетелейтін, сезім қылын шертіп, көкірегінен күмбірлеген күй ойнататын, қиялын шарықтатап белгісіз дүние кейіпкері ететін әлем – кітап әлемі.

Біздің мектеп кітапханасында небір түрлі кітаптар бар. Оларға қызығатыным сонша, оқып тауыспасымды білсем де, барлығын алып оқи бергім келеді. Оқыған кітаптарымның ішінен Бердібек Соқпақбаевтың кітаптарын сүйіп оқыдым. Оның

«Менің атым -Қожа» туындысы естен кетпес балалық шақты суреттейді. Қожаның басынан өткен түрлі оқиғалар күлкіңді де келтіреді. Бірақ олардан алар тәлім-тәрбие көп. Және жазушының «Балалаық шаққа саяхатын» да оқып шықтым. Оқып отырып күлдім де, жыладым да. Жазушының өміріндегі қиындықтар, соғыс жылдарындағы азапты күй, мұның бәрі жүрегіңді сыздатып, көңіліңді құлазытады. Балалық бал дәуренді, бала күйді сондай шебер суреттеген жазушының дарынына тәнті болдым.

Кітапхана – сол кітаптардың тұрақты мекені. Бірнеше күнін немесе сәтін оқырманмен өткізеді де, келесі оқырманын күтіп сәресіне қайта орналасады. Жай ғана тұрмайды, сол өзін қолына алған оқырманның сырын, ішкі түйсігін өзге көздерден жасырып, ішіне бүгіп тұрады. Кітапты тек қана білім көзі емес, сыр сандығы деуге болар деп ойлаймын. Себебі, әр оқырман кітапты оқи отырып, ойланады, күледі, көңілі босап жылайды, қуанады, мұңаяды, әйтеуір, қарапайым пендеге тән сезімге еркін беріледі. Жақынына айта алмаған, көрсете алмаған қырын ашады. Кітап сенің бұл сырыңды көпке ашып жарияламай-ақ, өз міндетін атқарады да, еңбегіне ақы сұрамай-ақ қала береді.

Міне, біздің мектебімізде де сондай-балалардың біліміне білім қосатын, жеткіншектің арманын ұштайтын, ұстаздың парасатын молайтатын кітаптар мекені – кітапханамыз бар.

«Кітапхана-адамзат жадының, ұлт жадының алтын қоры. Кітапханашылар сол теңдесі жоқ қазынаның шырақшылары іспетті» дейді Әбіш Кекілбаев. Кітапхана өмірі-сырт көзге байқала бермейтін, ағысы баяу, тулаған толқындары ішінде жататын өмір. Сол өмірге бойлап, дендеп енген адам ғана бұл шаңырақтың қыры мен сырын аңғара алады. Сол мамандықты өміріне серік еткен адам ғана рухани байлыққа кенеліп, өзгеге қуаныш сыйлауға дайын тұрады.

Өмірде барлық нәрсе өзгереді, тек кітапхана халық қажетіне жарап, ғасырлар бойы жасамақ. Осы құндылығымыз ешқашан жоғалмай келешек ұрпақ асыл қазынамыздан нәр алып, сусындай берсін, кітаптың және осы кітаптың жинақталар жері – кітапхананың қашанда тұғыры биік болсын.



Адаева Ұлболсын Ерболқызы
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы
Қосөткел негізгі мектебінің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Сатенова Салима Абдуллина**

Едіге деген ер екен...

«Едіге жыры – бұл қазақтың ең керемет тарихи жыры»

Ш. Уәлиханов

Әлқисса, әрбір ер жүрек, әрбір шыншыл адам өз Отанына абырой әкеледі. Ол кез келген адам болуы бек мүмкін. Батырлық дегеннің өзі тура жолдан таймау, адалдықтан алыс кетпей адамгершілікті сақтау екінің бірінің басына қона алмайтын бақ, қолынан келмес іс. Қазақ әдебиетінің тарихы тек кеше мен бүгіннен бастау алған жоқ, сонау көне түркі заманынынан бастау алған. Сан ғасырлық жылдардың ішінде түркі әлемінің батырлығын суреттейтін талай дастандар мен жырлар дүниеге келді. Мысалы, «Қырымның қырық батыры», «Алпамыс батыр жыры», «Едіге батыр жыры», «Қобыланды батыр жыры» т. б.

Сөз басын «Қырымның қырық батыры» мен «Едіге» жырынан бастамақпыз. Едіге батыр-ХІҮ-ХҮ ғасырларда өмір сүрген, Алтын Орда дәуірімен тұспа – тұспа келеді. Ер Едіге-батыр, би, әмірші, түменбасы, ең бастысы шынайы өмір сүрген, ноғай ордасының негізін қалаушы, тарихта болған адам. «Қырымының қырық батыры» жырын әдебиетімізге танымал жыршы Мұрын жырау жазып алған нұсқасы бар. Бұл жыр тек қазақ халқының ғана емес, көне түркі халықтарына ортақ мұра, түркі халықтарының біразында зерттеліп, зерделенген. «Қырымның қырық батыры» жырының ең өзекті алтын діңгегі іспеттес негізі болып саналатын жыр – Ер Едіге жыры. Бұл жыр түркі жырларының ішінде көлемі жағынан ең ұзақ, тым ауқымды жыр болып табылады.

Едіге жыры-синкретті, себебі жырды, тарихи жыр ретінде де, қиял-ғажайып бағытта да, Едігенің шешендігінде анық айқын аңғартуға болады. Тарихи жыр деп отырғанымыз мұнда тұнып тұрған күллі түркі әлемінің тарихы жатыр, екіншіден Едігенің халық қиялынан туғызған емес, шынайы адам, өмір сүргенін нақты деректер дәлелдейді. Мысалы, Едігенің Тоқтамыспен шайқасып кек қайтаруы, апасының күйеуі Темірланнан бөлек кетіп, өз хандық құрғаны айтылады. Батыр бұл аймақтағы ноғайы, қазағы, маңғұлы, тағы басқасы бар төрт арыс елге хан болады. Едіге Сәтемір елінде 12 жылдай хандық құрады. Шындығында да, Едігенің Ақсақ Темір қоластындағы Хорезм жерін оншақты жыл билегенін көне тарих жоққа шығармайды.

«Едіге жыры» – қиял-ғажайып жыр. Ер Едіге ертедегі эпостық дастандарда аян беріп, қиналған қолын ұшын беріп, Алладан кейінгі, пендесінің қиналғанда дем беріп, ауырғанда ем берген Баба Түкті Шашты Әзиздің шөбересі болған. Едігенің дүниеге келуінің өзі қызық оқиға. Жыр-дастандар тарихы бойынша бір жігіт Перінің қызына ғашық болады, перінің қызы аяғы ауырлайды, сонда ол жігітке екі өкшеме, екі өкпеке, басыма қарама деп пәрмен береді, алайда

қызыққан жігіт барлығына қарап тұрады. Сөйтсе, пері қызы басын қолына алып тарайды, қолтығындағы екі тесік ұшатын қанат орны, екі өкшесі жоқ, тек екі айрық екен, перілер ұша алатын болыпты. Мұны көріп қалғанын байқаған пері қызы, жер бетінде қала алмаған, осы періден туған бала Едіге батыр деседі.

«Едігені» қазақ халқында ең алғаш зерттеген ғалым – Шоқан. Кейін зерттеулер жалғаса береді, осы Шоқан жазып алған нұсқа арқылы академиктер В. Радлов, М. Жирмунский, М. Әуезов, Қ. Сәтбаевтар зерттеуді әрі қарай жалғастырды.

«Өлең түрінде айтылмағандықтан, екінші, кеш жиналғандықтан біз бұрынғы уақытта қымбат, бағалы, сұлу болған «Едіге» әңгімесін жылқышының құрығындай сүйретумен таусылған, таусыншығын ғана ұстап қалып отырмыз» деп түйіндейді М. Әуезов еңбегінде. 1927 жылы Қаныш Сәтбаев Мәскеуде СССР халықтарының Орталық баспасынан «Едіге» жырын 3000 дана етіп бастырып шығарған. Кешегі кеңестік дәуірде тыйым салғанға дейін осы халықтардың бәрі жырлаған. Тек қазақтың өзінде 14 нұсқасы бар. Негізінен Шоқан, Нұрым, Нұртуған нұсқалары кең тараған. Шоқан нұсқасы 1400 жол ғана. Ең көлемдісі қарақалпақта — 16328 жол. Мұны Қияс нұсқасы деп атайды. Олардағы Өтенияз нұсқасы 14 мың жолға жақын. Нұсқаның көлемі ғана емес, саны жөнінен де «Едіге» жыры бірінші орында тұр. 50-ге тарта нұсқасы бар екен түркі халықтарында

Едігені жырын зерттеуді біздің облысымыз ұстаз Жұбаназар Асановтың еңбегі зор. «Ер Едіге» жыр мектебінің облысымызда алғаш болып ашылуы да жыр сүйер қауым үшін қуантарлық жайт. «Ер Едіге – Ноғайлы дәуірінің жыры» атты музыкалық альбом жарыққа шықты. Мұнда жыршылар туралы мәліметтер мен жыршылар жырлаған жырдың нұсқалары диск түрінде сақталған. Жыл сайын Ақтөбе қаласында республикаға танымал жыршылардың басын қосатын «Ер Едіге» жыршылар байқауы дәстүрге айналды. Жыр мектебінде бірнеше ұстаздар сабақ береді. Олар мәдениеттану ғылымдарының профессоры Есентүгел Әзи, өңірге танымал жыршы Сарин Әділбек, Демеубай Жолымбетов сияқты ұстаздар бар. Жыр мектебінің негізі міндеті-батыс жыр өңірінің мақам-саздарын сақтап қалу, дамыту, Наурызбек жыраудың шығармашылығын насихаттау болып табылады. Жыр мектебінде жас шамасы әр түрлі білім алып жатқан 40 тан астам шәкірттер бар. Ақтөбе қаласында батыр атауына көше берілді. Тарихи деректерге сүйенсек Едіге Ақтөбенің Мәртөк ауданында қаза тапқан делінеді.

Атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жыр қалды, Едігені қазақтан айыру саяси идеология үшін тиімді болды, себебі, сол үшін де бірнеше жылдардың шеңберінде бұл жыр баспа бетін көрмей ұзақ жатты. Әрбір қазақтың, түркінің Ер Едігеден нәр алуынан, осы жырмен сусындаған ұрпақтың ұлтшыл, ержүрек, аңғал, батыр ұрпақ қалады деген қорқынышында болды. Шындықты қанша бүркемелесең де, түбі бір күндердің күнінде су бетіне қалқып шығады емес пе, ақыры Едіге де өз әлемімен, Түркі жұртымен табысты, оқырманымен қауышты. Өткенінді білу, тарихынды зерделеу, түп-тамырыңды білу, бүгінгі адамзаттың, болашақ ұрпақ алдындағы айнымас парызы, әуелгі тарих жеті атаң, кейінгісі ел тарихы, өзектісі-ұлт тарихы.



Айнадинов Әділет Ықыласұлы
Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы,
Бадамша ауылы, «№2 Бадамша орта
мектебі», 8«Ә» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Утеуова Венера Шмитқызы**

*Жан анашым, маған тартқан сыйыңмың,
Сондықтан да басымды идім, сыйындым.
Қиыншақтар бастан өтті өмірде,
Өзіңіздей ұғар соның күйін кім?*

*Шыдадыңыз, шынарсыз ғой сынбаған,
Тағдыр тез ішар болаттай шыңдаған.
Ұсақ сөзге бөлмедіңіз уақытты,
Жүрегіңіз тек тілекті тыңдаған.*

*Жайлы еді мінезіңіз қашан да,
Мен де солмын, жананамнан асам ба?
Саған деген сағынышты жырменен
өрнектеймін, сақтап қоям, жазам да.*

*Әкемізді бағып-қағып баладай,
Өтті солай талай жыл мен талай ай.
Сабырыңыз сарқылмайтын теңіздей,
Неткен шыдам, неткен жүйке, ой Алла-ай.*

*Бәріне де уақыт дәйім табатын,
Сиыр сауып, нанды жауып жататын.
Анашымның тірлігіне тынымсыз,
Уақытынан жаңылысқан сағатың.*

*Дақ салдырмай әрқашанда арына,
Алал болып отбасына, жарына.
Мың сан рет шүкір етем Тәңірге,
Сіз секілді аяулы анам барына*

*Кеудеңе мені тербеттің,
Жас шыбық енді көктеді.
Мінекей мен де ержеттім,
Еңбегің бекер кетпеді.
Өмірде мынау ең аяулым сенсің анашым.*

*Болмаса мейлі зор даңқың,
Мен үшін бірақ данасың.
Мейірім төккен нұр жүзің,
Тұрғандай сезем жанымда.*

Адал бол деуші ең жұлдызым,
Сақталды сөзің жадымда.
Игі еңбек түбі осы ау дер,
Көргендер жеміс ағашын.
Қартаймай мәңгі жасай бер күндей Анашым!

Өзіме ыстық туған жер,
Ыстық далам жар тасы.
Әділдікпен шешетін,
Армысың әділ қазы алқасы.

Жаздым елге жырымды,
Желбіретіп тұлымды.
Әділқазы сынасын,
Құйындай шапқан құлынды.

Жырменен айтсам сырымды,
Жақсыға баладым бұл күнді.
Әділқазылар берің бағамды,
Болашақ поэзияға басатын қадамды.

Ұлы күнде тауып мезгіл бір ретін,
Атқарғандай қасиеті міндетін.
Жаратылыс нұрын бөлеп Жаратқан,
Жылына бір теңелген сәт Күн мен Түн!

Жан байытып жұрттың жылы лебізі,
Ізгі жолда сайрап жатыр ел ізі.
Орындадық нақыштарын Наурыздың,
Салт-дәстүрге бай ұлтпызғой негізі.

Аққа тиіп ағайынның ауызы,
Артты бір күн Наурыzkөже маңызы,
Бойындағы нәрін берген аямай,
Табиғаттың адамға жоқ қарызы.

Асылжандар қысүрден ас қамдар,
Бел алады берекелі бастаулар.
Жақсылықтар жиынтығы Әз-Наурыз,
Жамандықты өткен жылға тастаңдар.

Қыстың да кетіп қаһары,
Көктейді көктем баһары.
Туған жер ыстық әркімге,
Өзіне Мысыр Шаһары.

Туған жерім Бадамша,
Өмір сүремін адамша.
Туған жерін жырқылсын,
Мына мендей балаңша.



Айса Жаннұр
Байғанин ауданы,
№3 Қарауылкелді орта мектебі
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Жубанова Кенжегул Бахитовна**

**«Менің ауылым – мақтанышым»
эссе**

*Алыс кетсем, мен сені аңсай жүрем!
Сағыныштан өзіңе ән сап жүрем, туған жер!
Ауылымның түтіні қымбат маған,
Қымбат маған белдері күн қақтаған, туған жер!*

Б.Тәжібаев

Жүгі нарда, қазаны теңде болып, көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқының ертеден-ақ ежелгі мекені – ауыл болғаны анық. Яғни, ауыл – ұлтымыздың ұйытқысы. Ауыл – адамзаттың кең дүниенің есігін ашып, өмірге келген жері. Бізге дейін сан толқын ұрпақтың кіндігі, қаны мен маңдай тері тамған киелі мекені. Дүниедегі ең құдіретті АНА болса, ауыл да барлық халықтың анасы, тіршіліктің нәрі.

Елбасымыздың: «Біз кез-келген ұлттың түп-тамыры ауылжұртында жататынын естен шығармауға тиіспіз», - деген сөзі өте дұрыс айтылған.

Негізгі бөлім: Менің ауылым – Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы.

Байғанин ауданы 1928 жылы құрылды. Ол кезде аудан Табын деп аталып Адай уезінің солтүстік-шығысындағы ірі бөлінісі еді. Кейін 1932 жылы Ақтөбе облысының әкімшілігіне еніп, 1940 жылы ауданға халық ақыны Нұрпейіс Байғаниннің есімі берілді. Бұл өлкеде қазаққа атақты жырау Ақтан ақын дүниеге келген. Халыққа белгілі тұлғалар: Түрікпенбай палуан, Көбен би, Таймас Ишан, Байтақ мақсым, Мыңбай батыр осы өлкенің қадірлі мақтанышы. Сондай ақ бұл өлкені би әрі болыс болған Мыңбай батыр басқарған.

Сонымен қатар бұл өлкеден қазаққа аты шыққан тұлға ақын, жазушылар: Ақтан Керейұлы, Сағи Жиенбаев, Бәкір Тәжібаев, Тобық Жармағамбетов, Есенбай Дүйсенбаев, Өтежан Нұрғалиев, Сәбит Баймолдин, Қажығали Мұханбетқалиұлы, Төлеген Айбергенов атты Республикаға танымал тұлғалар дүниеге келген. Менің ауылым Байғанин ауданында мен мақтанып тілге тиек етер тарихы талайды таңдандырған киелі жерлер өте көп. Мысалы аты аңызға айналған Ақбота-Сәңкібай шоқысы. Табиғаттың таңғажайып ескерткіші Жем өзені жағынан мен мұндалап, алыстан әппақ болып көрініп тұрады. Керемет көрініс. Жанына жақындап қарасаң, шоқы табиғаттың өзі қолмен салған туынды секілді. Қатпар-қатпар жота еріксіз баурайды. Алдынан қарағанда бүрмелі көйлек киген сұлуды көргендей боласыз. Тау жотасындағы сызаттар, жауын-шашын «салған» өрнектер, бейне бір шахмат тақтасын елестеді. Айналасы тегіс жазық. Жерден тік шығып тұрған таудың қайдан, қалай пайда болғаны – табиғаттың жұмбағы. Ал халық аузында жүрген тарихына үңілсек... «17 ғасырда өмір сүрген Сәңкібай

батыр өзінің Әбілқайыр ханға есебін беруге кеткен кезде еліне шау шабады. Сол кезде Ақбота апамыз, Сәңкібай батырдың қызы 18 жасқа келіп, бұлаңдап, бой жетіп отырған шағы екен. Әкесі Сәңкібай батыр елден сарап шегіп кеткен уақытта тосыннан келген жауға ерлерше киініп, елдегі ағайын-тума, малшы-жалшыны жинап, қол бастап, жауға қарсы шабады. Барымталаған малды, қиянат көрсеткен елді құтқарғанымен, Ақбота апамыз осы жерде қаза табады. Қызының ержүректігіне, қаһармандығына риза болған әкесі Ақбота қызының мүрдесін осы адам аяғы баспасын, мал аяғы баспасын деп осы жотаның ең басына биік шыңына жерлеген екен», дейді. Сонымен қатар халық аузында аты әнге айналған «Ақбұлағымды» айтсаңшы... Елге белгілі Жарқамыс деген жерден алты шақырымда Ақбұлақ деген мекен бар. Қасында баһадүр Бөкенбай батыр жерлеген қорым қыр басында. Төменде әлемге танылған мөлдір сулы Ақбұлақ жарқырап жатыр. Ақбұлақтың суын ішкенде арманда, ішпегенде арманда. Осындай әлемге танылған сан қырлы тарихы бар Байғанинімді, туған жерімді, ауылымды шын жүрегіммен мақтаныш етемін.

Қорытынды: Елбасының мақаласы турасын айтқанда, ұлтымыздың ұясы, алтын бесігі, ырыстың кіндігі саналып келе жатқан ауыл туралы салиқалы сөзі көңілге ерекше бір серпін берді. Ауыл түлесе – қазақ түлейді. Өйткені, ауыл мен қазақ ажырамас ұғымдар. Шыны керек, игі жақсының барлығы дерлік осы ауыл дейтін ұлы даладан шығады емес пе? Сөз өрнегін оймақтап, жырдан кесте тіккен ақын-жазушыларымыз да, ән өрнегін айшықтаған сазгер, күйшілеріміз де, аты аңызға айналған даналарымыз да сол қарапайым ауылдың қара шаңырағынан шыққан. Талай танымал тұлғалар түлеп ұшқан бұл өңір- көне кесенелер мен құнды жәдігерлер сақталған киелі мекен. Қойнауынан құт дарыған, шатқалынан шаттығы тасыған Байғанин өңірі – ырыс пен ынтымақтың қайнар бұлағы. Халқы еңбексүйгіш, жері құнарлы мекен деп айта алар едім». Ауылым-алтын бесігім» деген, мен де өз ауылымды алтын бесікке теңеймін. Менің ауылымның табиғаты, ауасы, суы да, тіпті топырағы да таза. Туған жерім тарихқа да бай. Адам өзінің туып-өскен жеріне деген сүйіспеншілігін жүректен шыққан сезіммен жеткізеді. Сондықтан мен де «Менің ауылым – мақтанышым» деп құдіретті сөзбен айта аламын.



Айтжанова Назерке Русланқызы

Ақтөбе облысы, Қобда ауданы,
Қосөткел негізгі мектебінің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Бурумбаева Әсел Галимжанқызы**

Жұмбақтар

1. Пішін, түсі әртүрлі,
Ғылымы бар сантүрлі.
(Кітап)
2. Ұзындығы көп екен,
Белгі саны бар екен.
(Сызғыш)
3. Арифметикалық өрнектерден тұрар,
Ақылы мол теп тез-ақ оны ұғынар.
(Есеп, формула)
4. Ұстадым бір таяқты қаздақтатып,
Жүргенде жол салады табандатып.
(Қалам)
5. Беті оның теп-тегіс,
Жері бар қаласы бар.
Үйлері жоқ мекендейтін,
Сулары жоқ терең дейтін.
(Карта)
6. Бір құдық бар әр елде,
Дәмін татқан құр қалмайды әдетте.
(Оқу,білім)
7. Білімі көп сый-асы,
Балғындардың ұясы.
(Мектеп)
8. Ілімнің көшбасшысы,
Шәкірттің қолбасшысы.
(Ұстаз)
9. Бір-ақ қана тілі бар,
Сыңғыр-сыңғыр үні бар.
Белгіленген уақыт сайын соғылар,
Әрбір білім ордасынан табылар.
(Қоңырау)
10. Бір аяғы инелі,
Онымен тіреп тұрады.
Ал,екінші аяғы,
Шыр айналып шығады.
(Циркуль)



Алибекұлы Мейірбек
Ақтөбе облысы, Алға ауданы
Қарақобда мектеп бала-бақшасы
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Абилхай Айдана Бауржановна**

Мемлекеттік рәміздер – ұлт мақтанышы!

Тәуелсіздік – қасиетті, киелі ұғым. Ол ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы аңсаған арманы, үміті мен сенімі. Ол – азаттықтың алтын арқауы, елдігіміздің мызғымас тұғыры. Тарих атты ұлы көште әр кезеңнің алар орны, шығар биігі бар. Иә, уақыт бағамында 30 жыл қысқа ғана мерзім болғанымен, тәуелсіз еліміз үшін жүріп өткен жол, еңсерілген іс ғасырға пара-пар уақыт. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің тарихы, олардың қадір-қасиеті мен мән-мағынасының құндылығы бір бөлек. Егеменді еліміз 1992 жылы 4 маусым күні алғаш рет тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері бекітілді. Мемлекеттік рәміздер-біздің егемендігіміздің мызғымас негіздерінің бірі. Тәуелсіздік – Алтын күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт белгі-рәміздеріміз бар. Оның біріншісі – Елтаңба, екіншісі – Әнұран, үшіншісі – Көк байрақ, төртіншісі – қазақ тілі. Сондықтан рәміздерімізді қастерлеу, оған құрметпен қарау – бойымыздағы елжандылығымыздың, Отанға деген сүйіспеншілігіміздің бір белгісі.

Ту – мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын білдіретін басты рәміздің бірі. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Туының бірыңғай көгілдір түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанды, Қазақстан халқының береке-бірлігін, ынтымағын, ниет-тілектің тазалығын, адалдығын бейнелейді. Ежелгі түркі тілінде «көк» сөзі аспан деген ұғымды білдіреді. Көк түс түркі халықтары үшін қасиетті ұғым, бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болған. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты, күш-қуатты меңзейді. Күн-қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің және өмірдің белгісі. Күн-уақыт, замана бейнесі. Қанатын жайған қыран құс-биік мақсаттар мен жарқын болашақтың, қырағылық пен мәрттіктің символы, ол билік, айбындылық бейнесі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік туының авторы-суретші Шәкен Ниязбеков.

Елтаңба – Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығымен (24.1.1996) белгіленген. Рәміздік тұрғыдан алып қарасақ мемлекеттік гербінің негізі-шаңырақ. Ол – гербтің жүрегі. Шаңырақ – мемлекеттің түп-негізі отбасының бейнесі. Шаңырақ – күн шеңбері. Айналған күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті. Шаңырақ – киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар – дала дүлділі, ер – азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар – қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол – ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың,

жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Елтаңбасының авторлары – Ж.Мәлібеков пен Ш.Уәлиханов.

Гимн (әнұран) – ел азаматтарын тиімді әлеуметтік-саяси тұрғыдан топтастырып, этномәдени тұрғыдан теңдестіру үшін негізгі мәнге ие, маңызды дыбыстық рәміз саналады. Гректің «gimneo» сөзінен шыққан «гимн» термині «салтанатты ән» деген мағынаны білдіреді. ҚР мемлекеттік әнұраны елдің өзіндік музыкалық-ақындық эмблемасы болып табылады. Музыка және өлең сөз арқылы өмірдің бүкіл палитрасы, тағдырдың барлық эмоциялық-мазмұнды реңкі байқалады. Олар адамның ішкі дүниесінің, жан күйі мен мақсатының ең басты мәнерлеушісі болып табылады. Музыка және поэзия әлеміне араласа отырып, адам табиғат ырғағымен резонансқа кіреді. Ырғақ табиғи және әлеуметтік ғарышты біріктіреді, адамның жанында болмыспен ортақтастық сезімімен білінеді.

Халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа деген үмітін, арман-тілегін паш ететін, ортақ мақсатқа топтастырып, біріктіруші күшке ие – мемлекеттік рәміздерді көзіміздің қарашығындай сақтап, қастерлей білейік! Ашық аспанда көк туымыз желбіреп, Әнұранымыз асқақтай берсін!



Алтынбек Айша Асылханқызы
Ақтөбе қаласы, Қызылжар ауылы,
М.Мақатаев атындағы №73 ЖББОМ
4 «Б» класс оқушысы

Жетекшісі: **Бекбаева Ақниет Әлімбайқызы**

Өз-Наурызым келгенде

*Наурыз айы – мереке,
Жылы жақтан құс келер.
Наурыз тойы келді деп,
Ән салады шөжелер.*

*Бу бұрқырап әр үйде,
Пісіп жатыр көжелер.
Киіз басып, жүн түтер,
Ақ жаулықты әжелер.*

*Ұлдарымыз ержеткен,
Күш сынасып сайысар.
Қыздарымыз бойжеткен,
Кесте тігіп майысар.*

*Ағайын туыс көп күткен,
Қауышып құшақ жайысар.*



Алтынбек Асылзат Асылханқызы
Ақтөбе қаласы, Қызылжар ауылы
М.Мақатаев атындағы №73 ЖББОМ
7 «а» класс оқушысы

Жетекшісі: **Жұманова Шынар Сайхолқызы**

Біржан қалай батыр атанды?

Баяғыда өте терең, қараңғы, қорқынышты жер түбінде жалғыз көзді жалмауыз кемпір өмір сүріпті. Ол күнде сыпыртқысына отырып, ұшады екен. Ұшып жүріп кішкене балаларды ұрлап жейді екен. Біреуін таңғы асқа, екіншісін түскі асқа, үшіншісін кешке жепті. Жалмауыз кемпірге қандай да бір батырлар балаларды құтқару үшін барса, бір де біреуі тірі қайтпапты. Өйткені жалмауыз кемпірдің мықты-мықты күзетшілері бар екен. Бірі жеті басты жасыл құбыжық, екіншісі – қорқынышты, үлкен өрмекші.

Бір күні жалмауыз кемпір ауылдағы ең сужүрек адам Біржанның баласын ұрлап кетеді. Ол қатты қайғырады. Ақыры әрі ойланып, бері ойланып, перзенті үшін тәуекелге бел буады. Ол сауыт сайманын сайлап, қару асынып, ала жылқысымен баласын құтқаруға шаба жөнеледі. Бір кезде жылқысына тіл бітеді: – Ей, Біржан, сен анау жалғыз ағашты көрдің бе? Сол ағаштың астында жер астына барар үңгір бар. Сол үңгір – мыстанның жері. Абайла, сақ бол! – дейді.

Ол жер астына кіреді. Біржан жеті басты құбыжықты көреді. Біржан алмас қылышын шығарады. Ол шауып келіп бір басын кесіп алады, тағы кеседі, тағы кеседі. Ақыры жеті басты дәуді жеңеді. Екінші өрмекшіге келеді. Оның аймағы тор-тор екен. Өрмекшіге кездескенде, өрмекшінің аяқ-қолдарын кесіп тастайды. Біржан мыстанды аңдып тұрып, баланы енді жемекші бола бергенде, садағымен жалғыз көзінен атып түсіреді. Осылайша Біржан басқа балаларды да, өзінің баласын да құтқарып, еліне қуанышпен қайтыпты.

Ел той жасап, қорқақ Біржан содан соң ер Біржан атанып кетіпті. Оны батыр қылған баласына деген махаббаты екен.



Амантай Бақыт Оразбайұлы
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы,
Қаратал ауылы, Ш.Берсиев атындағы ОМ
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Базарбаева Алия Аязбаевна**

Баға жетпес ұлы Абай

*Ұлы Абай – баға жетпес бар асылым,
Ұлтымның болашағы, дара шыңым.
Жүректен жыр дастанын толғап тұрған,
Өзіңсің рухани жанашырым.*

*Қазақтың мақтанышы, бақ нұрысың,
Табиғат бейнесінің тапқырысың.
Қазақтың барын-жоғын түгендеген
Қырық бес қара сөздің авторысың.*

*Біз ұрпақ жігерімен алға асығар,
Алдымызда Абай-жыр арнасы бар.
Қазақ деген ел барын паш еткізген,
Рухани байлықтың жалғасы бар.*



Амантай Жарқын Жұмабекқызы
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы,
Қаратал ауылы, Ш.Берсиев атындағы ОМ
9-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Базарбаева Алия Аязбаевна**

Тәуелсіздік тұғыры

*Туған елге арқау болсын бұл үнім,
Тәуелсіздік алтын бесік тұғырым.
Сан ғасырлар бабаларым сақтаған,
Тәуелсіздік – ұзақ болсын ғұмырың.*

*Тәуелсіз елім бар деп шаттанамын,
Рухыммен арманға аттанамын.
Өркендедік егеменді ел болып,
Мен де бүгін жырымды ақтарамын.*

*Еркіндікте ұлан байтақ даламыз,
Бақытты елде өсіп-өнген баламыз.
Кең әлемге кеңейген керегесі,
Отаныммен алға басар санамыз.*



Асқар Гүлназ
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы
«Терісаққан орта мектебі» КММ
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Уразова Айслу Таусогаровна**

Алтын құйрық

Ерте, ерте, ертеде бір бай болыпты. Сол байдың жалғыз тұяқ Қасым атты ұлы бар екен. Қасым жастайынан атқа мінуді армандайды. Сол тілегін естіген әкесі ұлын құлыншаққа мінгізеді. Құлыншақ Қасыммен бірге өсіп, биеге айналады. Қасым он алты жасқа келгенде биесін ерттеп мініп, аңға шығады. Әкесі сөзін жерге тастамай батасын береді.

Ұзақ жол жүргеннен кейін, шаршап, талдың түбіне барып демалады. Шаршағаны сонша – қалың ұйқыға кеткенін өзі де байқамай қалды. Ұйқысынан шошып оянса, биесі қасында жоқ екен. Көзіне жас алып, ашуға булығыды. Ойына сан түрлі ой келіп, кектенеді. Содан кейін биесін іздеп жолға шығады.

Келе жатса, бірдеңе жалт-жұлт етеді. Қызық көріп, жақындаса өзінің биесі екен. Биесінің ішін жарып кеткен екен. Ішінен қанатты, ерекше құлын шығады. Құлынды жетелеп, ауылына келеді. Арада біраз уақыт өткеннен кейін, Қасым құлыншаққа бауыр басып қалады. Құлыншақ тез өседі. Бір күні құлыншаққа тіл бітіп, Қасымның қасына келеді.

- Қасым, мені қасқырлардан аман алып қалдың, сол үшін де алғысым шексіз. Мені аспан әлемінде достарым күтуде. Сондықтан кетуім керек. Мені жіберсең деп келдім.

- Әрине, сені қинамаймын. Тек мені ұмытпа,- деп Қасым мұңайып қалды.

- Ұмытпаймын, естелік ретінде өзімнің алтын құйрығымды беріп кетейін,- деді құлыншақ.

-Үйімнің төріне іліп қоямын. Үнемі есіме алып отырамын,- деді Қасым.

Сөйтіп, олар бірін-бірі қимай-қимай қоштасты.



Асхатқызы Алтынгүл
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы
«Терісаққан орта мектебі» КММ
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Уразова Айслу Таусогаровна**

Жер-ана

Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрық келтеде Жер-ана өмір сүрген екен. Оның ұл-қыздары көп екен. Біреуі Аспан, біреуі Ай, біреуі Күн, біреуі Бұлт, біреуі Көк екен. Өрбір баласының бір-бір қызметі бар болады. Аспан күндіз Күн сәулесін шашады, ол адамдарды жылуға бөлейді. Түнде Аспанда жұлдыздар толып, жалтырап адамдарға жол көрсетеді екен. Сансыз жұлдыздар бір-біріне хабар бергендей, жылт-жылт етеді. Сондай кезде жұлдыздарға қарап, сол әлемге сүңгігің келеді.

Бір күні бәрі түнеріп, қатты дауыл болып кетті. Сол кезде Аспанды Бұлт торлап, тырс-тырс еткен жаңбыр айналаны жуып-шайды. Бірақ бұлт көп кідірмеді, себебі жел оны ұшырып әкетті. Қайтадан Күн шығып жадырады.

Жер-ана бетіндегі тіршіліктің бәрі қыбырлап, қозғала бастады. Бақта құстар сайрап, шөп көтеріліп, құстар бір-бірімен айтысқа түсе бастады. Сондай кезде Жер-ананың адамзатқа істеген игі істері жайы қандай керемет екені байқалады.

Бірақ бір күні Жаман адам келді де гүлдерді жұлып, тапап, от жағып бәрін бүлдірді.

Сол кезде Жер-ана қиналып қалып өз ұл-қыздарын шақырды: - Адамзат бізге қастық істеді, енді не істейміз?-деді.

Ұл-қыздары: -Басқа жаққа кетіп қалсақ қайтеді?-деп айтты.

Жер-ана сәл кідірді де ойланып:-Адамзатқа бір мүмкіндік берсек қайтеді ?-деп шешім қабылдады.

Тағы бірнеше күннен кейін дәл сол жағдай қайталанды.Жер-ана ұл-қыздарын алыс жаққа алып кетпекші болды.

Сол кезде адам істеген қателігін түсініп, жер-анаға келді:-Жер-ана, бізді кешірші, қателігімізді мойындаймыз, алдыңызда бас иеміз, келесі жолы мындай қателіктерді болдырмаймыз,-деп.

Жер-ана сәл ойланды да адамзатты кешірді. Содан бері адамзат өзінің әр ісін бақылап жүруге ант берді. Содан бері талай заман өтіп келеді. Жер-ана адамзатпен тығыз байланыста, дегенмен кей кезде берген антын ұмытпау үшін адамды сынаққа алады.

Долы дауыл, нәсер жауын-шашын мен ұлыған бұрқасын, шалқыған су мен жер қыртысынан шыққан от шашу адамзатқа нағыз сынақ болады.

Жер-ана адамзатты бүлдірмей,таза ұстап, бағып-қағып, табиғатты аялауды ұмытпауды ескертетіндей.

Жер-ана кей кездері қалың ойға шомып:-Адамзат істеген қателіктерін қайталамаса екен, бәрін аялап, күтіп, мәпелесе екен,- деп ойланады.



Бақытова Адия Талғатқызы
Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы
Шалқар ауданы №2 мектеп-гимназиясының
9-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Әбдінағиева Амансұлу Күшікбайқызы**

Жамбылдың жыры жүректе

Жамбылдың жыры

жас өренді түлеткен,
Ашық алаңда ашық айтқан жүрекпен.
Сөзі де ащы, қабағы қатты ақынның
Озбырлықпен өлеңі келген түнекпен.

Жамбылдың жыры

Бала шақта туған-ды,
Шабыты ерен, талап, білім құған-ды.
Қара домбыра құлағында тілі сайрап
Сал-серімен қыздырған айтыс думанды.

Жамбылдың тілі

Тұла бойды тіліп өткен,
Он жасында ақындықты серік еткен.
Жыр алыбы – Жамбылдың сөз өнері
Қоғам мен ел мүддесін көрген көппен.

Жамбылдың тілі

жауынгер жігерінде,
Майданнан күткен ананың тілегінде.
Жыр шебері, сөз шебері – ұлы тұлға
Әр қазақтың дүрсілдеген жүрегінде.

Жамбылдың сөзі

Тарихымды жеткізген,
Рухы мықты! ұлықталар тек бізбен
Бір ғасырда бір туатын ақынның
Бейнесі биік еңбекпенен жеткізген.

Жамбылдың өзі

тектіліктен таймаған,
Азуынды нағыз ақын сайраған.
Әр қазақты бір туған бауыр етіп
Өмірі – дода, өлеңімен қайнаған.



Балтабай Гүлім Маратқызы
Ақтөбе қаласы, Облыстық
туберкулез-санаториясы-интернаты
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Қуатбаева Назерке Балапановна**

Логикалық сұрақтар

1. Бізге тиесілі болғанмен басқалар бізге өзімізге қарай қолданады. Ол не? (адамның есімі)
2. Лимонның жартысы неге ұқсайды? (екінші жартысына ұқсайды)
3. Суды елекпен қалай тасуға болады? (мұз күйінде)
4. Бір үйде елу батыр, үй сыртына сүйкенсе өліп жатыр? (шырпы)
5. Машинаның қай дөңгелегі айналмайды? (запасной)
6. Есікті ашу үшін не қажет? (есікті жабу қажет)
7. Теңіздің ортасында не бар? (ң әріпі)
8. Адам нені бұзғанда қуанады? (рекорд бұзғанда)
9. Ақтөбеде біреу Өскеменде жоқ,
Алматыда екеу Астанада көп (А әріпі)
10. Әлемдегі ең үлкен алма қайда өседі? (Ағашта)



Баянов Алдамжар
 Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы,
 Бадамша ауылы, «№2 Бадамша
 орта мектебі» КММ
 7«А» сынып оқушысы




Жетекшісі: **Шаудырова Назия Рзаханқызы**

Шахановқа арнау

*Ақынсың сен жүрегім өлеңіңді қалаған,
 Ақынсың сен парасатты ізгілікке жалғаған!
 Терең ойлы, талғамы биік,
 Көңілім тек бір өзіңнің өлеңіңді аңсаған!*

*Ақынсың сен құдіретің шындығыңнан танбаған,
 Армандарым өлеңіңде, жаралып,
 Алып ұшып биіктерге самғаған,
 Сол себеппен арнадым өлеңімді тек саған!*

Сөзжұмбақ



1. Мұхтар Шахановтың мансабының бірі қалай аталады?
2. 1986 жылы қандай журналдың бас редакторы болып жұмыс жасаған?
3. Түркі дүниесі жазушылар бірлестігінің қандай сыйлығының лауреаты атанған?
4. Не туралы М.Шаханов былай деп айтты: «Екі парасатты, пайымды адамның сана биігінде жолығуы».
5. М.Шаханов өлеңінің бірі қалай аталады?
6. Қай мемлекетте 1969 жылы жазушылар одағының мүшесі болған?
7. М.Шахановтың 2003 жылы шығарылған кітабы қалай аталады?



Биксариева Диляра Исаевна
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Жарсай ауылы,
Жарсай негізгі мектебі
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Жангалиева Гауһар Оразалықызы**

Мен – елімнің болашағымын

*Тәлкегі көп тағдырдың тар жолында,
Көрдік талай соғыс, аштық, зарын да.
Ерікті елім! Енді сенің тағдырың.
Мен секілді өр ұланның қолында*

*Тарихты ашсам мұң-зарыңа кезігем,
Өтті елім, тозақтың да тезінен
Өткен күннен болашақты жоспарлап,
Алдымдағы борышымды сезінем*

*Құшағында аунап дала пейіштің,
Бұлағыңның кәусар суын жейі іштім
Сондықтан да, қалаулы боп халқыма
Сені әлемге танытуға тиіспін.*

*Тас құлатып, тау қопарып тастар да,
Елімізді жарық күнге бастарда.
Елу елдің қатарына кіруге
Ең алдымен, білім керек жастарға!*

*Дейді аға ұрпақ: «Ал болашақ баста алға!»
Жігер барда жету керек асқарға
Елу елдің қатарына кіруге
Патриоттық сезім керек жастарға!*

*Тәңір ием, мейір нұрын шашқанда,
Алты алашым алға қадам басқанда.
Жету үшін алға қойған мақсатқа,
Тәрбие мен білім керек жастарға!*



Бексұлтан Айзере Бекболатқызы
Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы
Қарашоқат жалпы орта білім
беретін мектебі 6-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Ахет Гүлден Ермекбайқызы**

Желбіре, жеңіс жалауы

Соғыс, соғыс!

Жаңғырған дауыс естілді,

Жинады барлық естіні.

Ешкімге оңай соқпады,

Жылады халық, ес жиды.

Аттанды әке, ағалар,

Қиналды ана, балалар.

Боялды қанға даламыз,

Қирады сәнді қаламыз.

Қару алып ағалар,

Қырға шығып аналар.

Жеңу үшін дұшпанды,

Ту көтерді бабалар.

Бақытты өмір күн үшін,

Мәңгі тыныш түн үшін,

Қан майданда шайқасып,

Ұлы жеңіс орнатты.

Желбіреп Жеңіс жалауы,

Халықтың болды қалауы.

Жарқын өмір басталды,

Жағылып Мәңгілік алауың.



Дәнекєрова Әсем Сүлейменқызы
Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы
«№1 мектеп-гимназия» КММ
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Төлмағанбет Саягүл Майданқызы**

Кітап – асыл қазына

Кітаптану – бұл ғылымның жас бұтағы. Қазіргі таңда бұл жас бұтақ мөуеленіп келеді. Кітап әлемі күрделі әлем және нәзік әлем. Мемлекет басшысының қолдауымен бастама болып отырған алты деңгейлі «Оқуға құштар мектеп» пилоттық жобасы- дәл осындай жарқын дүние. Ұлы Абай «Артық білім кітапта» дей отырып, кітаптың адам өміріндегі рөлін бейнелеген. Абайдың оныншы қара сөзі – осының дәлелі. Себебі, кітап – рухани өмір көзі. Әрбір кітап оқу процесі оқу сағатынан басталады.

Цифрлы әлемнің тұрғынына айналған «Z» ұрпаққа ең алдымен қажеті – кітап оқуға деген құштарлық, қызығушылық болуы тиіс. Көркем әдебиет мазмұны жас ұрпаққа мотивация, серпін беретіні айқын. Мен онлайн контентін қалыптастыру мақсатында баршаңызға кітап оқуды ұсынамын. Біз сіздермен кітапхана және цифрлық кеңістікте бір боламыз, қымбатты менің оқырмандарым.

*Қазақ елі – тұтас әлем, жарасым,
Қадірлеген терең ойлы баласын,
Біз қолдаймыз рухани көшке жетелер,
«Оқуға құштар мектеп» атты жобасын!..*

*Кітап менің – ең рухани жақыным,
Кеңістігі шексіз-шексіз шақырым,
Жазар ма еді жас ұрпаққа сенбесе,
«Мен жастарға сенемін», -деп ақыным!..*

*Құндылықтан ұрпақ едім нәр алған,
Отты ұшқындар байқалатын жанардан,
Мынау әлем, мынау дүние барлығы
Кітап бетіне жазылу үшін жаралған!..*

*Ұлылықтан бастау алған ауыл - бел,
Көктей өнер көктем келсе жауынды ел,
«Ер қаруы – бес қару» деп танысақ,
Кітап – сарбаз. Кітап – мықты жауынгер!..*

*Білім – сәуле. Шуақ болып шашылған,
Болашақтың даңғылы боп ашылған,
Иоллығ – тегін қадірледі кітапты,
Айтар сөзі мәңгі тасқа жазылған!..*

Ұлы тұлға! Қабыл болып батамыз,
Кемелді ойды кейін біліп жатамыз,
«Кел, балалар оқылық!», - деп шақырды,
Алтынсарин Ыбырайдай атамыз!..

Бұл контенттен қала алмаспын шеттеп мен,
Бағыт алдым болашаққа беттеп мен,
Оқуға құштар оқушылар шығады
Озық ойлы! Оқуға құштар мектептен!..

Өнегіне зейін салып өлеңнің,
Мен бунақ пен тармақтарға шебермін,
Дәріптейік қасиетті кітаптың
Веб-парағын виртуалды әлемнің!..

Ел алдында сөз сөйлеймін іркілмей,
Осы жоба – әлеуетті, ілкімдей,
«Оқуға құштар мектеп» атты жобасын,
Бағалаймыз Ұлттық құндылық кілтіндеі!.

Кітап оқу – қасиетті ұлылық,
Ой мен саңаң серпілетін шынығып,
Дәріптейміз рухани бұл жобаны,
Бес саусақтай бірігеміз жұмылып!..



Ермекбаева Асемай
Ақтөбе қаласы, Қарғалы ауданы,
Петропавл ауылы, Петропавл ОМ КММ
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: Таир Алтыншаш Асқарқызы

Туған ауылым – мақтанышым

Ауыл дегенде көз алдымызға не елестейді? Ауыл – бұл тек біздің тұрып жатқан жеріміз емес. Бұл – біздің кіндік кесіп, қанымыз тамған жер. Ауыл сөзін бірінші рет естігенде, тек мал-жер шаруашылығымен, от жағып, түтін түтетіп отырған адамдар шоғыры деп елестетеміз. Тереңге көз салсақ, бұл сөздің астында үлкен мән-мағына жатыр.

Ауыл дегенде, көз алдыма дүниеге шыр етіп, аяулы анамның құшағында бақытты да шуақты күн кешіп жатқан, алғаш тәй-тәй басқан ыстық топырағы, шалғын шөбі, таза ауасымен дем татқан туып-өскен жерім – Петропавл ауылы елестейді. Петропавл ауылы мен үшін жай ғана ауыл емес, мен үшін ең қымбат, ыстық жер. Петропавл тылсым табиғатымен, жұпар ауасымен, ерекше қонақжайлығымен адамды өзіне баурайды. Табиғаты жылдың төрт мезгілінде де ерекше әсем. Жазы жайдарлы болса, қысы қаталдау. Әсіресе, жаз мезгілінде таңғажайып табиғатын суреттеп жеткізу мүмкін емес. Тау бөктері жасыл желекке бөленіп, жылғасында аққан сылдыр судың дыбысы құлаққа ерекше тылсым естіледі. Айнала ну орманның өзі адамды тылсым дүниеге шақырады. Орманнан естілетін қарғалардың дыбысы адамды өзіне еріксіз баулиды. Әсіресе кешкі уақытта шыққан қарғалардың дыбысы әуендей есіп, бір тіршілікті білдірткендей. Бұл аймақты Қарғалы деп атағаны осыдан болса керек. Жылдың қай мезгілінде де келсеңіздер аспаннан қара бұлттай қаптап ұшқан қарғаларды, не болмаса қарқылдаған дауыстарын естуіңізге болады. Сондықтан біздің ауылды қарғалар мекені деп те атайды.

Біздің ауылдың тұрғындары да өте қонақжай, жайдарлы. Ауылымыз көпұлтты болса да өте тату. Әрдайым қандай мереке болса да, татулықта, ынтымақтастықта атап өтіп жатады. Ол – ауылымздың ауызбіршілігі. Қуанышта да, қиыншылықта да ауыл тұрғындары бір-біріне қолдау көрсетіп, демеп жүреді. Біздің ауыл – картоптың отаны. Картоп егу – ауылымыздың бұрынан келе жатқан атакәсібі. Бұл шаруашылықта да ауыл тұрғындары бірлесе атқаруда.

Мен ауылыммен мақтан етемін. Қазіргі таңда ауылмыз өркендеп, дамыған ауыл – мекендердің алдыңғы қатарында. Жарқын болашаққа жаңа қадамдар жасауда. Оны спорт, мәдениет, білім жағынан дәлелдеп айтуға болады. Ауылымыздан шыққан спортшылар, ғылым-мәдениет саласында еңбегі сіңген тұлғалар – ауылымызды көкке көтерді, даңқын шығарды. Мен де болашақта оқуымды үздік бітіріп, ауылымның көркеюіне үлесімді қосамын. Менің ауылым-менің қазынам!



Елюбай Перизат
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы
№5 Қандыағаш қалалық
жалпы білім беретін орта мектебінің
9-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Жанғылыш Айжан Зейнуллақызы**

Абай мұрасы – қазақтың киелі қазынасы

*Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты көздесең,
Жат тоқып ал көңілге.*

С.Торайғыров

Қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, қазақ әдебиетінің негізін салушы Абай атамыздың шығармалары әр қазақтың жүрегінен үлкен орын алады. Ақынның мұрасы – қазақ халқының ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани байлығы. Қанша ғасыр, қанша жыл өтсе де, Абай атамыздың мұрасының қадірі артып, саф алтындай жарқырай түсуде. Абай Құнанбайұлының өлеңдері, поэмалары мен қарасөздері – қазақтың киелі қазынасы. Абай - қазақ халқының ғана ақыны емес, барша әлемнің ақыны. Ұлы ақын көп жылдық тарихы бар өшпейтін мұрасын қалдырып кетті. Абай шығармалар – біздің асыл қазынамыз. Абай мұрасы мәңгілік! Сол мұраны құрметтеу, сақтау – әр қазақ баласының парызы.

Біз ел болып 2020 жылы бір жыл бойы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жылдық мерейтойын атап өттік. Тек қазақ халқы ғана емес, барлық ұлт өкілдері де Абай өлеңдерін оқып, өз үлестерін қосты.

*Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?-*

деп ақын өзі жырлағандай, Абай шығармалары ешқашан өз құнын жоғалтпайды. 9 жастағы Ләйлім-Шырақтың Абай өлеңін оқу эстафетасын мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа жолдауы үлкен бастама болды. Осылай басталған Абай өлеңін оқу челенджі бар әлемді шарлап кетті.

Барлық қазақ халқы үшін Абайдың атамыздың орны ерекше. «Адамзаттың Абайы» атанған хакім, дана да дара ақын, ойшыл Абайдың артына қалдырған киелі қазынасының бірі - қарасөздері. Абайдың қарасөздері халықты бірлікке, жақсылық жасауға, ақылды болуға, сыйластыққа, ата-ананы қадірлеуге шақырады. Абайдың қырық бес қарасөзінің барлығының да мән-мағынасы терең. Абайдың қарасөздері күллі адамзат баласына арналған. Себебі, ол өзінің қарасөздерінде жақсы пен жаманның, естілік пен ессіздіктің арасын ажыратып береді. Бізге, жас ұрпаққа, тәрбие беруде Абай атамыздың «Он жетінші сөзінің» маңызы зор деп ойлаймын. Бұл қарасөзінде Абай атамыз адамның бірыңғай жақсы қасиеттерін өзара таластырады. Бұл қарасөзі «Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті» деп басталады. Осыдан-ақ ұлы ойшылдың ең

бірінші күрескені надандық екенін түсінуге болады. Осылай қайрат, ақыл, жүрек - үшеуі адам бойындағы өз міндеттері мен артықшылықтары туралы айтып, ғылымнан кеңес сұрайды. Бір қарағанда, үшеуінің де дәлелі дұрыс сияқты. Еңбек ету үшін, ғылым-білімді меңгеру үшін адамға ең бірінші қажымайтын, мақсатына жеткізетін қайрат керек. Ал ақыл болмаса, жақсы мен жаманды, пайда мен зиянды ажырату өте қиын болады. Сонымен қатар, білім мен өнер ақылсыз адам бойына дарымайды. Ал енді, жүрексіз адам өмір сүре ала ма? Адамға ар-ұят туралы ойландыратын жүрек емес пе? Кім болса да, алдымен жүректің қалауын орындайтыны белгілі ғой. Абай атамыз өзінің «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» өлеңінде «Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек», - деп жырлағандай, осындай қиын таластың жауабын ғылым айтады. Ғылымның шешіміне келсек, қайрат бірыңғай адалдық жолында күшін жұмсамайды екен; ақыл да жақсы мен жаманды бірдей ұстанады екен; адалдық пен ізгілік жүректен табылады екен. Жүрек жақсылыққа қуана алады, жамандықтан қаша алады. Қорытындысында, адам үшін ең керегі – жүрек қалауы. «Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, - деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол», - дейді ғылым. Абай атамыз адам бойындағы осындай үш қасиетті тең ұстауды, осы қарасөзі арқылы бізге ақылдың, қайраттың, жүректің әрдайым бірге жүру керек екенін түсіндіргендей. Толық адам дегенім осы үш қасиет бойынан табылатындар деп ойлаймын.

*Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.* -

деп, Абай атамыз толық адам болу үшін қажетті адами қасиеттерді атап айтып береді. Нағыз адам болу үшін нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек керек. Жүрек ақылдан нәр алса, қайрат бар күш-жігерін өнерге жұмсамақ. Бұған Абай атамыздың «адам баласы адам баласынан тек қана ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген нақыл сөздері де дәлел бола алады.

А.Құнанбайұлының өзі де, өнері де халық арасында маңызды рөл атқарады. Ақынның оқу-білімге шақыратын өлеңдері – біз секілді жас ұрпақ үшін үлкен тәрбие мектебі. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

*Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.* -

деп жас жеткіншектерді адам болуға шақырады. Бізге бес дұшпаннан қашуды, бес асыл іске жақын болуды үйретеді. Сонымен қатар, асыл істерді де, жамандықты да атап айтып өтеді:

*Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ -
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой -
Бес асыл іс, көнсеңіз.*

Осы өлең жолдарынан нәр алған әр жасөспірім алдағы уақытта өз мақсатына жетеді деп ойлаймын. Абай ақынның білімге шақыратын, ғылымды насихаттайтын жырларының әр адам үшін маңызы зор. Өйткені сол өлеңдер бізді білім алуға жетелеп, оқуға деген құштарлығымызды шыңдайды.

Достар, мен сіздерге осы қырық бес қарасөзді және ақынның өлеңдерін оқуды ұсынамын. Себебі, Абайдың қарасөздерінің тәрбиелік мәні зор және ол болашақта сіздердің өмірлеріңізге үлкен әсерін тигізеді. Абай атамыздың мұрасы – адамды адам етіп тәрбиелейтін бұлақтың қайнар көзіндей. Біз үшін Абай атамыздың өлеңдері, қарасөздері – тәлім-тәрбие берер үлкен мектеп!



Есеналина Мерей
Ақтөбе облысы
Дмитриевка ЖНББМ
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Суингарина Майра Озганбаевна**

Туған жерім

*Туып өстім қазағымның жерінде,
Мақтанамын бұл тағдырға бүгінде.
Ашық аспан, кең дала, мейрім халық,
Тыныштық пен берекелік басында.
Не керек енді бақытты болу үшін балаға?!*

Отбасым

*Отбасым менің тірегім,
Жақындарым жүрегім.
Әрқашанда қуанып
Үйіме мен кіремін.
Анам менің аппағым,
Әпкем менің асылым.
Ағаларым – қорғаным.
Әкем болса мен оған әрқашанда «ханшайым».
Еркетай мен үйдегі...
Бақыттымын, әрине!*

Мектебім

*Мектебім маған ұнайды
Бұл менің үйім шынайы.
Іші толы дос-жара
Бәрі жақын жаным.
Әрқашан мұнда қызықты...
Жүрегімді жылытты
Ұстаздардың келбетті.
Білім алып шығамыз,
асқар тауға шығармыз...
Бірақ менің мектебім
Қалар мәңгі есімде!*

Мысығым

*Мысығым менің мырылдап,
Қасымда жүр жыбырлап.
Кітабыма үнілді
«Көмектесейін» дейді ме...*

Тапсырманы орындап
Кірдік екеуміз ойынға...
Добым кетті домалап
Үстінде Мурка- акробат.
Үйді шаштық быт-шыт қып...
Келер апам жұмыстан..
Жинайық үйді, Муркажан!



Есқали Арайлым Нұрғизатқызы
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,
Т. Жармағамбетов атындағы орта
мектебінің 9-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Казиева Нуршат Адилхановна**

Жемқорлықты қалай жеңеміз?

Жемқорлық – қоғам дерті. Қазіргі таңда болып жатқан үлкен мәселе, айтуға оңай болғанымен, шешімі әлі де табылмай, сансыз шиыршыққа шимайланып келе жатқан мағынасы ауыр ұғым. Қай жерде тұрсаң да, әлемнің төрт бұрышынан да ірі державаға айналып, бай-қуатты мемлекеттерден де осы кері әрекетті кездестіруге әбден болады. Жемқорлық-мемлекеттік саяси басқару орындарындағы өкілдерінің, әсіресе жоғары лауазымдағы тұлғалардың жеке бас мүддесі үшін өзіне тапсырылған қызметтер мен мүмкіндіктерді жасауы. Атап айтқанда, мұндай әрекеттер қылмыс болып табылып, қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Нәтижесінде адамның өзі зардап шегеді. Бұл қоғамға, оның ішінде қарапайым қара халыққа үлкен зардабын тигізеді. Жемқорлық-қоғамға қауіпті іс-әрекет. Әлемдегі ең бай, экономикасы өте жоғары деңгейде дамып кеткен Израиль мемлекетінің премьер министрі Г.Меирдің айтуынша “Жемқорлықты сатқындыққа, ал жемқор шенеуліктерді сатқындарға теңестіруге болады”. Қарап отырсақ, жемқорлық пен сатқындық бір-бірінен еш айырмашылығы жоқ тең ұғым. Жемқорлық халыққа екіжүзділікпен күліп қарап, теріс жағынан зиян келтіру. Нәтижесінде тек халықтың ғана емес, барша мемлекеттің мүддесін құлату. Мемлекетте жемқорлық қалыптасқан жағдайда экономика құлдырайды, саяси келіспеушіліктер мен экономикалық өсудің тежелуіне әкеп соғады. Жалпы, мемлекеттік лауазымды теріс мақсатта қолданып, байлықтың құнығына кіру жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде қиянат жасамауға жатады. Бұл істі дұрыс әрекетпен ұштастырып, адам санасына дұрыс идеялогия қалыптастыру қажет.

Қазіргі таңда жемқорлық еліміздің күрделі мәселесі болып отыр. Кезінде біз үшін тура жолды салып кеткен ата-балаларымыз: “ Дөп басып тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ”, -деген екен. Анығында барлығы адамның тікелей санасына қатысты. Алаштың бетке ұстар азаматтары, ғасыр қайраткерлері Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би сынды әділдік пен турашылдықты ту еткен тұлғаларымыз тарихтан дәлел бола алады. Жемқорлық бұрынғы заманда болған жоқ, себебі, барлық дүние халық игілігі үшін жасалатын еді. Жалпы жемқорлықты түріне қарай топтастырып, әрі қарай тығырықтан шығу жолын ұсынамын.

Қоғамдағы бәрімізге ең таныс-саяси жемқорлық, яғни саясаттың кең аясындағы ауқымды әрі лауазымды қылмыс. Атап айтқанда, пара беру және алу, қызмет өкілеттілігін теріс пайдалану, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу және тағы басқа. Бұндай аса ауыр қылмыспен және мемлекетке сатқындық жасау фактісімен талай жылды арқалап кеткендер қаншама...

Енді бірі – медицинадағы жемқорлық. Иә, медицина елімізде күннен-күнге дамып келеді. Сөйте тұра, даму үдерісімізді жемқорлықпен байланыстырсақ,

адам денсаулығы жөнінде қалмақ. Медицинада қылмыс көп кездеседі, соның ішінде: медициналық білімді, қызметтерді, анықтамаларды сатып алу және медициналық аса маңызы бар құжаттарды сатып алу, “дәрігер қателігін” жасырып қалу сияқты қылмыстар кездеседі.

Білім саласындағы жемқорлықты айтпасам да қоғамдағы тыныстан анық көрініп тұр. Халықтың басым бөлігінің орта білім алуы, сауатсыздық, оқусыз қалған студенттер, мұғалімдердің орташа білімі – еліміздегі білім сапасының төмен болып нағыз жемқорлықтың қайнар көзі екендігінің айқын көрісі. Білім сапасының төмендігі еліміздің дамудың шарықтау шегіне ілесе алмай келе жатқандығына дәлел болады.

Жемқорлықты құрылыста, белгілі бір мемлекеттік нысанды салуда кездестіре аламыз. Дәлел ретінде осы және өткен жылы қоғамда қызу талқыға түскен Астана LRT электржелілі пойыз жобасы. Жалпы 2,3 млрд доллар жұмсалса, ел астанасынан қаз қатар тізілген тұрғылардан басқа пойыздың көлеңкесін көргеніміз жоқ.

Ауылшаруашылығындағы жемқорлықтың зардабы тым көп. Нәтижесінде шаруалар зардап шегіп, дағдарысқа ұшырайды. Ай сайынғы мал басына төленетін қаржылай көмекті жеп қою, жалтару.

Иә, бұның бәрін жеткізу мүмкін емес. Бұл қоғам дертінен қалай арыламыз деген сұрақ бәріміздің көкейімізде. Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев “Біз ұлттық экономиканың ашықтығына, келісім-шарттарға қол сұғылмайтынына, зияткерлік меншік құқығы сақталатынына және жемқорлықпен аяусыз күрес”, -деген. Ал күресу үшін қандай реформалар мен саяси маңызы бар жұмыстар жүргізуіміз керек?! Мен өз реформамды, ұсынысымды ашық жеткізсем:

Біріншіден: Саяси құқықты шектеу керек. Кейбір заңды тұлғалардың міндеттері мен мүмкіндіктерін азайтып үнемі бақылауда ұстау керек. Екіншіден: Үкімет басындағы жұмыскерлер санын көбейту. Нәтижесінде адамдарға берілген жұмыстар тез шешімін табады. Үшіншіден: Мемлекеттің саяси жұмыстарын атқарып жүрген жасы ұлғайған, 55 жастан жоғары азаматтардың орнын босату. Неге? Себебі, олар жасы ұлғайған сайын еңбекке жарамдылығы мен қуаты төмендейді. Орнына халық мүддесін ойлайтын жас азаматтарды отырғызу керек. Төртіншіден: Үнемі есептеу жүргізу, жеке бас мүліктерді қатаң түрде тексеру. Бесіншіден: Мемлекеттік заңды тұлғалардың қарапайым халықпен тең құқылы дәрежеде өмір сүруін талап ету. Алтыншыдан: Медициналық сауаттылықты арттыру, дәрігерлердің қателік жіберуіне жол бермеу. Үнемі бақылау жүргізіп, құжаттарды тексеріп отыру. Жетіншіден: Білім деңгейін еліміздің барша мектептерінде жоғары ету, толық мамандандыру, қаржыландыру, сауаттылықты арттыру. Сегізіншіден: Білім алушының зейінін, ой-өрісін арттыру, демалуына, білімде, өнерде, спортта көрсеткен жетістіктеріне ақшалай қолдау көрсету, білім алуға құлшынысын аяту. Тоғызыншыдан: Мұғалімдерді заманауи білім беруге даярлау, оқушыларды емтиханға дайындауды талап ету.

Оныншыдан: Оқу гранттарын көбейту, шет елде грантта білім алуға мүмкіндік жасау.

Он біріншіден: Құрылыс жобаларына шетел инвесторларын тарту және ел қазынасын қатаң бақылауда ұстау.

Он екіншіден: Ауылшаруашылығына аса назар аудару, айлық көмек көлемін арттыру. Жыл сайын жем-шөппен қамтамасыз етіп, тапшылық тудырмау.

Он үшіншіден: Бастысы адамдардың санасына адами тұрғыда ойлайтын дұрыс әрекетті, нәтижені көздейтін идеология қалыптастыру. “Тоқтауын білмес жемқордан, оттауын білер мал артық” дегендей адам санасын жоғарылату маңызды.

Қарап отырсақ, менің бастамам мемлекет қаржысын тек халық мүддесіне, білім алуға, жақсы жағына қарай жұмсау. Нәтижесінде біз саналы ұрпақ, ел мүддесін ойлайтын азамат, патриот халық, бақытты мемлекет қалыптастырамыз. Қорыта келсек, осы реформа арқылы жемқорлықты жеңіп қана емес, жаһандану деңгейінің шарықтау шегіне жеткен елдер мен дамыған елдер қатарына қосылуға мүмкіндік алуға болатынын сенімді түрде айта аламын. Дамыған “Жаңа Қазақстанға” бірге жетейік! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!



Естілеу Ералхан
Ақтөбе қаласы, Қызылжар ауылы
М.Мақатаев атындағы №73 ЖББОМ
7 «а» класс оқушысы

Жетекшісі:

Алпамыстың тапқырлығы

Баяғы заманда Қаратаудың бауырында бір Алпамыс деген қария өмір сүріпті. Оның бала-шағасы болмапты. Бір күні ол саяхаттап, ел араламақ болып шешеді. Сөйтіп қолына тек домбырасын ғана алып, сапарға шығады. Жиһангез қария көп жерлерді аралайды. Бір күні шөл далада келе жатып таңдайы кеуіп, шаршап, үлкен тасты үңгірдің ішіне тоқтап, тынығуды жөн көреді. Кенет алдынан ақырған алып айдаһар шыға келеді. Айдаһар жасыл түсті, ұзындығы шамамен отызқырық кездей екен.

Алпамыс аждаһаны көріп қорыққан жоқ, керісінше қолына домбырасын алып, күйді төгілте жөнеледі. Домбыраның әуені әсем, құлаққа жағымды ғой. Алып мақұлық мұны ести сала, жас сәбидей балбырап ұйқыға батады. Содан соң жолаушы қарт үңгірден шығып, саяхатын әрі қарай жалғастырыпты.

Осыдан бір ой түйдім: домбыраның құдіретіне шек жоқ екен...



Жанаманова Данагүл
Ақтөбе қаласы, Қызылжар ауылы
М. Мақатаев атындағы №73 ЖББОМ
7 «а» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Уразова Айслу Таусогаровна**

Біз рәміздерді құрметтейміз

Біздің туып өскен жеріміз, туған еліміз – Қазақ елі. Қазақта: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», - деп бекер айтылмаған. Сол туған жерге деген ыстық махаббаттан туындаған ұлттық құндылығымыздың бірегейі – рәміздер. Олар – елтаңба, ту, әнұран. Біз үшін рәміздердің маңызы қандай?

Рәміздердің жалпы ел үшін маңызы зор. Себебі рәміздер балаларды отансүйгіштікке, адамгершілікке көптеген ұлы қасиеттерге тәрбиелейді. Әнұранды алып қарайтын болсақ мәтінінде үлкен рух пен қайратты сөздер жатыр. Әнұранды орындағанда әрбір қазақ баласының жүрегінде мақтаныш сезімі болады. Еліміздің қандай қуатты, тұғыры биік екенін әнұран сөздерінен айқын байқауға болады. Осы әнұранның сөзін жазуға Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев, әуенін жазуға Шәмші Қалдаяқов өз күштерін салды. Атамекенге деген ыстық ықыластан туған шығарманы қастерлемеу мүмкін емес.

Тағы бір құндылығымыз-ту. Мемлекеттік туымыз аспан түсіндей ашық, барлық халықты бірлікке, ынтымаққа шақырады. Мемлекеттік тудың авторы-Шәкен Ниязбеков. Сонымен қатар мемлекеттік туымыз қазақ елінің өз панасына басқа да көптеген ұлттар мен ұлыстарды алып, оларға қамқорлықпен, сыйластықпен қарайтынының айқын дәлелі десек те болады.

Құнды рәмізіміз – елтаңба. Елтаңба авторлары – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. Елтаңба – мәңгілік өмірдің символы. Елтаңбадағы шаңырақ қазақ халқының, қазақ отбасының бір шаңырақ астында тату-тәтті тұратынының ең негізгі белгісі. Халықтарды бір шаңырақ астында бейбітшілікте өмір сүруге шақырады. Қай заманда да қазақ халқы қай халықты болмасын өз туған бауырындай құшақ жая қарсы алған. Рәміздерімізден мұны сөзсіз байқауға болады. Барлық авторлар қазақ халқының қонақжай, мейірімді халық екенін жеткізуге тырысқан. Бұл барлық адамның қолынан келе бермейтін тың дүние. Рәміздер ұлттық құндылықтарымызды дәріптеудің көзі болып табылады. Өзге ұлт өкілдері біздің рәміздерімізге қарай отырып, қандай ел екенімізді бірден аңғарады.

Рәміздерді ата-бабаларымыздан қалған мұра ретінде ешқашан ұмытпауымыз қажет.

Туған жерден қанша жырақта жүрсе де рәміздеріміз әрбір қазақтың жүрегінде болуы қажет. Менің ойымша, рәміздердің авторын, оның шығу тарихын барлық Қазақстанда тұратын азамат пен азаматшалар білуі қажет. Өйткені, рәміздер-мемлекеттің тәуелсіз ел екенінің бірден-бір белгісі.

Еліміздің атын әлемдік деңгейде спортшыларымыз, өнерпаздарымыз шығарып, көк туымыз желбіреп тұрса, бойымды мақтаныш сезімі кернейді. Осы кезде рәміздердің маңыздылығын түсінесің. Рәміздер- елдің айнасы. Рәміздерді

еңбектеген балаға дейін білуі қажет.

Рәміздер – халық жадында қалатын мәңгілік бейне. Рәміздерін сыйламайтын адам өз елін де сыйлаудан қалады. Тұғыры биік тұлғаларымыздың елге деген ыстық ықыласынан туындаған шығармалары халық есінде мәңгі қалады. Ата-бабаларымыз елдің тәуелсіз болуына аянбай бар күштерін салып күресті. Қазіргі таңда тұғыры биік ел болуымыздың бірден-бір себебі- осы. Солардың еңбектерінің, күресінің арқасында еліміздің өзіндік рәміздері бар. Отанды құрметтеу, елге деген патриоттық сезімнің болуы әрбір Қазақстан азаматының парызы. Қай құрлықта жүрсек те мемлекеттік рәміздерімізді ұмытпай , мәңгі жүрегімізде сақтап жүруіміз қажет. Осы қалыптан ажырамай елтаңба, әнұран, туымызды қастерлесек, Отанымыз одан әрі гүлденіп, көркейе береді дегеніміме сенімім мол.



Жангелдина Гүлімай
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы,
Қожасай негізгі орта мектебі



Жетекшісі: Изтаева Жибек Алмукановна

Туған ауылым – мақтанышым

*Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің,
Нендей күйге жүрегімді бөледің.
Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем,
«Арманым жоқ бұл дүниеде» дер едім.
Қасым Аманжолов.*

«Білімдіден шыққа сөз, талаптыға болсын кез» - деп ұлы Абай атамыз айтқандай, мен талабыммен құлаштанып, өзімнің көзқарасыммен шығарма жазуды жөн көрдім. Туған жер – адам өмірімен тікелей байланысты. Туған жер – адам баласының кіндік қаны тамған, жаныңа, жүрегіңе жақын, қимас сезімге бөлейтін алтын ұясы. Оның топырағы да, тауы мен тасы да ыстық болады. Өркімнің туған жері – Мысыр шаһары. Туған жер, туған ауыл, ауылдың таза ауасы әр адам үшін қымбат деп түсінемін.

Менің туған жерім Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қожасай ауылы болып табылады. Дәл осы жерде менің көңілді де, шаттықты балалық шағым өтіп жатыр. Менің ауылымның табиғаты өте сұлу! Ауылымның ауасы қандай керемет! Өсіресе, табиғатын айтсаңшы! Тамаша! Қасымызда сылдырап Жем өзені ағып жатыр. Жемнің арғы жағасы тал, терек, қайың ағаш тұнып тұр. Жаз айларында қалада тұратын туыстарымыз келіп, мез-мейрам болып қаламыз. Мен өзімді туған жердің тұғырына қонар жас қыранымын деп ойлаймын. Міне, оқушылық өмірді артқа тастап, ересек өмірге қадам басқалы отырған өмірлік белесімдегі үлкен арман мақсатым -ауылымның болашағына өз үлесімді қосып, туған жерге еңбек ету деп білемін. Бізді алдан нұрлы болашақ күтіп тұр. Тарих қарияны танымаған, топырағын сүймеген ұрпақтан не күтеді? Сонымен қатар ол кісілердің аттары «Мұғалжар» энциклопедиясына енген.

Қазіргі таңда ауылдан қалаға жаппай көшу салдарынан ауыл көштен қалып бара жатқандай көрінеді.

Жазғы демалыс кезінде ауылдан сәл жырақ шықсаң, ауылыңды сағынып, ауылға қайтуға асығасың. Мұның бәрін жазып отырған себебім, әрбір адамға туған жері, ондағы орналасқан әрбір ғимрат, әрбір зат ыстық көрінеді. Өзімнің туған ауылыма деген махаббатым ерекше, бұндай ерекше қасиет әрбір адамның бойынан табылатынына сенімдімін. Мен үшін туған жерімнің әр тасы, бір тамшы суы да қымбат. Оның самал желі, таза ауасы, жұпар иісі аңқыған даласы кез келген адамның жанын жаулап алады. Біздің қазақ халқы да туған жер қадірін жас ұрпақ бойына, санасына бала кезінен-ақ сіңіруге ұмтылатындығын туған жер жайлы мақал-мәтелдерден, аңыздар мен батырлар жырларынан көреміз. «Ит – тойған жеріне, ер-туған жеріне» немесе «Туған жердей жер болмас, туған елдей

ел болмас» деп ерекшелеп көрсетеді. Бұлардың бәрінен шығатын қорытынды әркімге туған жері, туған елі қымбат екендігі деп ойлаймын. Әр ақын өз туған жерін жыр шумақтарына бөлейді. «Отансыз адам-ормансыз бұлбұл» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Себебі, адам баласы туған жерсіз, отансыз ғұмыр кешпейді. Кіп-кішкентай бұлбұлдың өзі туған жерін іздейді, қайғырады. Сондықтан да туған жерімізді бағалауымыз керек.

Төмендегі жыр шумақтарымен шығармамды аяқтағым келіп отыр.

*Қожасайда туып өстім мен өзім,
Осыменен басталады өлең сөзім.
Мұнайы бар кең әлемге тараған,
Ауылымның байлығын көрді көзім.*

*Қожасайға осы әнімді қосамын,
Қашан үлкен болғанымды тосамын.
Әлі де мен кішкентаймын білемін.
Ауылыма үлесімді қосамын.*



Жанкеева Жанерке
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы
Исатай Тайманов атындағы гимназия
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Амиргалиева Роза Изтургановна**

Тілім – тұғырым

Тілім менің – төрт тұғырды тоғыстырған қасиет,

Тілім менің – көшпенділер, ханнан қалған өсиет.

Тілім менің – сәнбес күндей, солмас гүлдей жердегі

Тілім менің – сонша заман өлмейтұғын құдірет.

Тілім менің – түп қазығым, тамырым,

Өзегімді өртеп туған жалыным,

Тілім менің – шыңға біткен шынардай

Тілімменен өлшенеді қадірім.

Тілім менің – шоғы қызыл, мәңгі лаулар әдемі,

Қасиетті тілімнің бар әлемі, әдебі.

Тілім менің – қазақтың тірегі мен тарихы

Тілім менің – түп тамырым, ата-баба жүрегі.

Төрт тағдыр деп айтқаным бар, олар міне осылар:

Көшпелі жұрт одан кейін хандық келіп қосылар.

Қазақ тілі құдіретті соншалықты шеті жоқ

Оған дәлел сол кездегі Абай, Асан, Жошылар.

Қалды екеуі тағы айтамын, зер салып сіз тыңдаңыз,

Қазақилық қамын жеген Ахмет, Сәкен мырзамыз.

Үшінші тағдыр Алаш болмақ, арыстары жазықсыз

Алыптарға тіл үшін де, жыр үшін де біз қарыз.

Төртінші жұрт – бұлар біздер “Тіл” ағаштың дәнегі,

“Алтын тамыр” тіл болып сақталудың себебі:

Қанша ұрпақ, қанша заман тебіренткен тіл толғау -

Көшпелі атам отырғызған “Алтын” болған діңгегі.



Жолдасғалиева Назира
Ойыл ауданы,
Қаракемер мектеп-балабақшасы
5-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Оспанова Айнагуль Кармысовна**

Хакім Абайға

*Адамзаттың ұлы Абай сен едің,
Еріп сенің соңыңнан мен келемін
Сөздеріңді оқыған әр оқушы
Тауып алар жанға шипа өз емін*

*Мен де табам өлеңінен дананың
Ұятыма, санама бар керегін
Сарқылмайтын қазына деп санаймын
Ғұламаның маған берер көмегін*

*Мәңгі бақи тарихта шын қалатын
Шынымен-ақ ол өмірде дара ақын
Мен де Абайдай ақын болғын келеді,
Бәйгелерден шаршы топты жаратын!*



Жолдығали Әсем
Ақтөбе қаласы, Қобда ауданы,
Жарық ауылы, Жарық мектеп-балабақшасы
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Сарманова Гүлнара Нағашыбайқызы**

Кітап

*Кітап – досың, жолдасың,
Өмірдегі жолбасшың,
Сүйіп өссем кітапты
Жаман бала болмаспын.*

*Үңіліп оқып әр бетін,
Оқуға құштар боламын,
Даналық бар, кітапта.
Біліміңді асырар.*

*Кітап сенің жан досың
Кітап сенің қазынаң,
Оқып білім алайық
Оқуға құштар баламын.*



Жолмағамбет Назерке Есқалиқызы
Ақтөбе облысы, Қандыағаш қаласы,
Мұғалжар ауданы,
№2 Қандыағаш қалалық ЖББОМ
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Айтишева Кунзира Амандыковна**

Ыбырай салған ізбенен

*«Кім жаққан , аты -жөні кім қоңыраушының?
Даланың дүбірлеткен қойнау, шыңын.
Қалың ел, қара қазан, сары баланың
Қашанғы арын, қамын ойлаушы кім?»
Ф. Қайырбеков*

Ең үлкен күш кімнің күші? Алып балуанның күші ме, шіріген байдың дәулеті ме, жоқ, әлде айлакер сиқыршының сиқыры ма? Бұл үшеуінің біреуін таңдап, нағыз күш осы деп ойласаңыз, сіз қателесесіз. Байдың күші кедейлерден көмегін аямаса, ол да бірақ қолдың кірі. Балуанның күші бұлшық етінде. Осы жерде «білекті бірді жығады» дегенді айта кету керек. Себебі жалғыз ғана жығуға жетер. Он балуанға шамасы жете қоймас. Сиқыршының күшін айтпасам да болады, уақытша көз байлап қызықтыруы мүмкін, сиқырының күші кетсе, қызығы да кетеді. Ал ешқашан сарқылмайтын күш ол – білім. «Кітап - білім бұлағы, білім - өмір шырағы»деген екен дана халқымыз. Себебі кітап арқылы біз білім алсақ, білім арқылы өміріміздің соңына дейін нәр аламыз.

«Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!»-деген Ыбырай атамның өлеңіне бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, ол күні бүгінге дейін балаларды оқып, білім алуға шақырған ұран болып келе жатыр. Осы өлеңнің аты аталған сайын оның авторы, қазақтың ұлы ағартушысы, педагог, ғалым, жазушы Ыбырай Алтынсариннің есімі ойға оралады. Оның қазақ балаларының болашағы үшін жасаған еңбегі - балаларға арнап мектеп ашуы. Қазақтың қара домалақ он төрт баласын оқитудан бастаған шағын білім ордасы бүгінде ең мықты мектептермен терезесі тең білім ордасына айналды. Қазақ әдебиетінің атасы болған ұлы ұстаз болашақ жастарға жоғары дәрежеде білім алып, келешегінен мол үміт күткен азаматтарға айналсын деген ізгі ниетпен «Қазақ хрестоматиясын» жазған. Ол жастарды , ең алдымен, оқуға, өнер-білім, тениканы меңгеруге шақырды. Оқу, білім тек ізденіс, қажырлы еңбекпен табылатынына мән берді. Білімнің болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетті. Өзінің «Өнер - білім бар жұрттар» өлеңінде оқып, білім алудағы мақсат халықтың қажетіне жарау, өз еліңді өнердің биігіне жеткізу деп біледі. «Айшылық алыс жерлерден, көзіңді ашып, жұмғанша жылдам хабар алғызды»-деп, қазіргі таңдағы технологиядағы жеткен жетістіктер тек өнердің, білімнің жемісі екенін айтып кеткен. Ал «Жаз», «Өзен» атты өлеңдерінде табиғаттың тамаша бір көріністерін суреттейді. Ондағы мақсаты балаларды табиғатты сүйеге, Отанды

сүюге тәрбиелеу еді.

«Құдіретін құдайымның көресің бе?

Не нәжіс тоқтар өзен денесінде. . .

Арыстан демалуға суға кірсе,

Балықтар шымшып ойнар терісіне» - деп, өзеннің, судың құдіретін айшықты бейнелеген. Барлық тіршілік иесі судың, өзеннің рахатын сезінеді т.б. Ыбырай Алтынсариннің қазақ жазба әдебиетінің тарихында тұңғыш рет балаларға арнап әңгіме жазған жазушы екендігін «Бай баласы мен жарлы баласы» сияқты әңгімелерінен білеміз. Осы «Бай баласы мен жарлы баласы» деп аталатын әңгі-месінде өмірден ешнәрсе үйренбей , жалқау болып өскен бай баласындай болмай, ақылды, төзімді, еңбек сүйгіш жарлы баласындай болындар дегенді айтады. Сондай-ақ бала тәрбиелеуде Ыбырай Алтынсарин ананың рөліне ерекше маңыз беріп, оның аналық махаббатын, бала өсірудегі үздік қызметін тамаша суреттеген. Баланың алғашқы тәрбиесі ананың қолында болатынын айтқан. Өйткені бала ананың бауыр еті, соғып тұрған жүрегі деп бағалаған. Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада дегендей ана еңбегін қадірлемеу, сыйламау, өзін әлпештеп өсірген адамға немқұрайлы қараудан, анаға опасыздық етуден ауыр қылмыс жоқ. Оны «Ананың сүюі» деген өлеңі дәлелдейді. Бұл өлең бала жанын тебіренерліктей мұнан да күшті, әсерлірек жазылған.

«Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,

Қуанышқа қуанып, қайғыңа күйетұғын.

Түн ұйқысын , төрт бөліп кірпік қақпай,

Шешең байғұс дамылсыз жүре тұғын!

Кім сендерді сағынар шетке кетсең,

Ғылым іздеп, тез қайтпай көпке кетсең.

Ұмытпа ең кемінде жұлдыз сайын,

Хат жазып тұр төбесі көкке жетсін!-деп ана қадірін аяққа бастырмауға үндейді. Ана жүрегі, ананың аялы алақаны қашан да құдіретті екенін естен қалғысыздай етіп жадында сақтауды міндеттейді. Ыбырай Алтынсарин ана құдіретін, ана бейнесін жас өспірімдерге әдебиет арқылы танытып отыр. Ата-ананы сыйлай білген бала, оның қадір-қасиетін түсінген бала басқаның да қадір-қасиетін өз ата-анасындай құрметтей алатын боп өседі. Осыдан біз қай жаста болсақ та Ыбырай атамиздың шығармалары бізге бағыт-бағдар беріп, әрдайым дұрыс жолды нұсқайтынын түсіндік. Сондықтан да әрбір қазақ баласы дара да дана қайталанбас тұлға Ыбырай Алтынсаринді мәңгілікке ұмытпайды. Сонымен қатар, Ыбырай Алтынсарин шын талантты бағалай білетін барша қазақ халқының жүрегінде ойып тұрып орын алды. Олардың кеудесіндегі Ыбырай жаққан жалын мәңгілік өшпейді. Себебі, Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының сөнбес шырағы, даланың дара, дана ұстазы.



Жолмырза Нұрдана Нұрланқызы

Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы,
Аққайтым ауылы
«Жаңақоныс ЖОББМ» КММ,
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: Үбәйтжан Айнұр Айтжанқызы

Киелі қала – Түркістан

Түркістан – көне қалалардың бірі. Бұл қала еліміздің оңтүстік аймағында орналасқан. Түркістан қаласы қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты. Қасиетті Түркістанды “Екінші Мекке” деп атаған. Қасиетті Түркістан – тарихи және туристік қала.

Жаңақоныс ЖОББМ-нің ұстаздары мен оқушыларымен саяхатқа барған едік. Наурыздың 22-сі пойызға мініп, 23-і пойыздан түстік. Пойыздан түскен бойда аталарымыздың басына құран бағыштауға бардық.

Үкаша атаның да басына бардық. Үкаша ата туралы аңыз бар. Аңызға жүгінсек, қайсыбір мысық пиғылды, іштарлық танытқан дұшпандары қапияда бас салып, Үкаша атаны қапы қалдырып бақиға аттандырған көрінеді. Таң намазында басы сәждеге енді барғанда дұшпанның қылышының соққысынан жерге салбырап түскен сахабаның мүбәрәк басы ешкімге ұстатпай, құдыққа түсіп кетеді. Ал құдық болса, жерасты жолдары арқылы, сонау Меккедегі зәм-зәм бұлағымен жалғасады. Себебі құрбан болған сахабаның басы, сол балбұлақтан табылып, пайғамбардың қабірінің аяқ жағына жерленіпті-міс. Бұл – Үкаша атаның “Иә, Алла, менің басым пайғамбарымның аяғында жатса екен!” деген арман-тілегінің орындалғаны керек.

Арыстан бабқа бардық. Ол жақта құран бағыштап, ішін араладық және мұражайды да араладық. Арыстан баб туралы аңыз бар. “Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле” деген сөз де Арыстан баб тұлғасының халық арасында үлкен орын алғандығын көрсетеді. Және одан кейін біз көне Отырарға бардық. Ол жақ адамға ерекше көңіл-күй және ерекше сезім болады. Ол жақ өзім үшін өте әсерлі болды. Көптеген бұрынғы базарлар және бұрынғы байлардың үш бөлмелі үйлерін көрдік. Бұл жер барған жерлеріміздің ішіндегі ең әсерлі ұнаған жер.

Кезекті барған жеріміз ол Қожа Ахмет Яссауидің кесенесіне бардық. Ол жерде өте киелі жерлердің бірі және адамға өте жақсы әсер қалдырады. Ол жер өте биік, әдемі салынған кесене.

Біз одан кейін Гаухар ана басына бардық. Гаухар ана – ұлы ақын ойшыл Қожа Ахметтің Ясауидің қызы. Гаухар ана жайлы аңыз-әңгімелерге сүйенсек, ол емшілік қасиеті ерекше жан болған. Әлі күнге дейін Ана кесенесінің маңында емдік қасиеттері бар артезиан суы шығатын құдықтар көптеп кездеседі.

Міне, осылай біз өз экскурсиямызды аяқтадық бір жағынан киелі жердің аңызын және ол жердегі киелі аталарымыздың тарихын білдік. Түркістанға саяхат керемет болды. Достарыма айтарым киелі жердің тарихын көруге барыңыздар, өте керемет екен. Бізде сондай күшті, керемет әсерде болдық. Тамаша!!!

Осындай киелі, тарихи жерге апарған ұстаздарға алғысымды айтамын!





Жумашева Айгерим
Ақтөбе облысы, Қобда ауылы,
Қобда қазақ орта мектебінің
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Тасмагамбетова Айгул Успановна**

Бақыттымын

*Туып өскен туған жердің бауырында,
Дала қуған көк аңқыған жайлауында.
Мен бақытты, елін сүйген азаматпын,
Құрмет етем байтақ жердің тасын да.*

*Батырлардың ұрпағымын, мен - болашақ айнасы,
Жер қорғайтын, ел жырлайтын арқар асқақ ұраны.
Үміт жағып, күн шуақты аспанын жыр етуші,
Мен болашақ ыстық лебі, өшпес отын қайнары.*

*Бақыттымын, жақсы көрем жерімді,
Қалықтаған аспандағы бүркітті.
Ерлігімді айтатындай ұрандата,
Ұмтылмайтын дастан жазам тарихқа!*

*Бақыттымын, жасыл көкте аунаған,
Табиғатта атты қуып ойнаған.
Ұнатқаным тарих еді, сүйемін,
Мақтан етем батырларды қорғаған.*



Жұбатқан Нұрсая Жолдасқызы
Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы,
Қарашоқат жалпы орта білім беретін мектебі,
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Ахет Гүлден Ермекбайқызы**

Қара сөздің қадірі

*Тұнық ойдың асылын терген ақын,
Сөз қадірін жақұттай көрген ақын.
Еліне сыйлы болып әрқашанда
Балаларға сөзден сый берген ақын.*

*Қадір ата өлеңдері тамаша,
Ал, қанекей, оқықшы жарыса.
Балалықтың бағында болғың келсе,
Қадірді оқы, жырларына таңырқа.*

*Қуат алам кей кезде жырларынан,
Көңілде әуелейді шырқалған ән,
Жыр мен сыр тұнып тұрған көмейінен,
Ұрпағына өшпестей із қалдырған.*



Жұмабаев Нұржан Мырзатаұлы
Ақтөбе қаласы, Әйтеке би ауданы,
Ақкөл ауылы,
«Абай атындағы жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: Аязбаева Багдагул Имамадиновна

Наурыз келді, халайық!

*Өз Наурыз құтты болсын, уа, халайық,
Жыл басын ақ көңілмен қарсы алайық.
Құт кірсін деп, Ақкөлімнің төріне,
Күй тартып, ойнап, ән салайық.*

*Ақкөлім туған жерім, бай мекенім,
Жырақтасам, өзіңді аңсап мен жетемін.
Шөбі шүйгін жасыл желек құлпырған,
Ақкөліме тең келер қай мекенің!?*

*Құтты жыл боп, Наурыз ен төріме,
Денсаулық бер әрбір жас пен кәріге.
Жаман кесел алыстасын жұртына,
Байық, бақыт әкелегісің бәріне!*

*Күн жылынар, мал өріске жайылар,
«Қардың басын қар алады» деген бар.
Шыңылтыр аяз, күндер суық болғанмен,
Көңіл суық болмасын тек адамдар!*



Жұмабекова Инабат

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,
Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебінің
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Кожина Перизат Исабекқызы**

Мемлекеттік рәміздер ұлттық мақтанышымыз

Біздің еліміз – төрткүл дүние көз тіккен, тарихы терең, тағылымы мол, Алаш зиялыларының арқасында егемендік қалыптастырған, ақырында қан мен тердің арқасында тәуелсіздік алған ел. Еліміздің елдігі, бізді әлем тарихына көк туымызды желбіретіп, әнұранымызды асқақтата шырқатып, елтаңбамызды жарқыратып, көк байрағымызды көтеріп жүрген-рәміздеріміз. Рәміздеріміздің арқасында бізді әлем жұртшылығы бірден танып, естеріне бірден еліміздің бетке ұстар азаматтары мен саңлақтары түседі. Рәміздеріміз-біздің еліміздің бейбітшілігіміздің, тәуелсіздігінің, татулығымыздың айқын көрінісі. Рәміздеріміз елімізде туылып, тұрып жатқан Қазақстандықтардың патриоттық сезімін оятып, елге, жерге деген махаббатын нығайта түседі. Еліміз тек қана ұлттық рәміздеріміздің арқасында емес, соның ішінде ұлттық валюта теңгемізбен, тарихи құнды жәдігерлерімізбен, ұттық киімімізбен музыкалық аспаптарымызбен мақтана алады. Алайда, мемлекеттік рәміздеріміз осынша барлық қазақи құндылықтарымыздың тұтастығының нышаны. Республикамызда 4 маусым – мемлекеттік рәміздер күні болып бекітілген. Мемлекеттік рәміздеріміздің әрқайсысы белгілі бір астарлы мағынаны, құнды ойды, тарихы тұнғыық мәнді білдіреді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне: ту, елтаңба, әнұран жатады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы-қақ ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында тік жолақ түрінде ұлттық өрнек нақышталған. Тудың авторы – белгілі суретші Шәкен Ниязбеков. Егеменді еліміздің желбіреген көк туы 1992 жылы қабылданды. Жалпы, барлық рәміздеріміздің түстері, бейнеленген белгілері мен жануарлары белгілі бір үлкен мағынаны білдіреді. Туымыздың аспан көк түсі-бейбіт өмірдің, ашық аспанды, тәуелсіздік пен тұтастықты білдіреді. Ежелгі ата-бабаларымыз көгіміздегі ашық аспанды көк тәңіріне теңеген. Соған қарап, көк түс біркелкі еліміздің тұтастығын меңзейді. Ту ортасындағы алтын күн – байлық пен молшылықты өмірді, күш-қуатты бейнелейді. Сондықтан туымыздағы күн шапағы-дәулеттілік пен байқуаттылықтың символы-алтын масақ пішінінде бейнеленген. Туымыздағы алтын күн-дамушы мемлекеттерімізбен серіктестік пен ынтымақтастық үшін әлемнің барлық еліне құшағы ашық екенін көрсетеді. Қыран бүркіт бейнесі-еркіндік пен тәуелсіздіктің, күш-қуат пен бейбіт өмірдің, нық мақсаттар мен болашаққа деген ұмтылыстың нышаны болып табылады. Қанатын кеңге жайып, қалықтаған қыран бүркіт бейнесі – жас егемен мемлекеттің әлемдік өркениет билігіне деген ұмтылысын көрсетеді. Тудың сабының тұсында тігінен ұзына бойына кескінделген ұлттық өрнектер бейнеленген. Қазақ халқының ұлттық ою өрнектері қазақ мәдениетінің тазалығын, әдемі мәнерге бағытталған

әсем өнерін көрсетеді. Тудың сабын жағалаған өрнектер қазақ мәдениеттің символдық түрде бейнелейді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы-мемлекеттің мәдени және тарихи дәстүрін бейнелейтін символдық мәне бар үйлесімді пішіндер мен заттардың мирастық ерекшелік белгісін білдіреді. Бұл – Ұлы дала көшпенділері айрықша қастер тұтқан өмір мен мәңгіліктің символы. Елтаңбамыздың ең әдемі , бірден көзге түсетін бейнесі – қанатты пырақтар. Ол шаңырақтың екі жағына, қанатын кеңге жайып орналасқан. Ортасында көгілдір түс аясында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақты айнала күн сәулесі секілді таралған уықтар шаншылған. Жоғарғы бөлігінде көлемді бес бұрышты жұлдыз, төменінде латын қарпімен жазылған “QAZAQSTAN” деген жазу бар. Елтаңбадағы жұлдыз, шаңырақ, уықтар, қанатты пырақтардың бейнесі алтын түстес. Ол-байлықтың, әділдіктің және кеңпейілділіктің белгісі. Елтаңба авторлары-белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шота-Аман Уәлиханов. Мемлекеттік елтаңба 1992 жылы қабылданды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны – ел тарихында екі рет 1992 және 2006 жылы бекітілді. Әнұран – елдің беделі асқақтаған сәттерде, мемлекеттік маңызы бар ортақ іс-шараларда және бардық елдің аумағында асқақтата шырқалып, патриоттық сезімді көтеретін ән, дыбыстық рәміз. Тәуелсіз еліміздің дыбыстық рәмізінің танымалдылығын арттыру мақсатында 2006 жылы әнұран қайта қабылданды. Нәтижесінде “Менің Қазақстаным” патриоттық әні таңдап алынып, жаңа әнұран ретінде бекітілді. Әнұранды Қазақ халқының өр тұлғалы композиторы Шәмші Қалдаяқов 1956 жылы Жұмекен Нәжімеденовтың сөзіне жазған. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев әнұранға мемлекеттік даңқын арттырып, салтанатты шырқалуы үшін кейбір өзгертулер енгізді. Сөйтіп, 2006 жылы 6 қаңтарда Қазақстан парламенті бірлескен отырысында “Мемлекеттік рәміздер туралы” жарлыққа тиісті түзетілер енгізді. Әнұран шырқалғанда оң қолымызды жүрек тұсына қойып, ырғаққа еріп, әнұранымызды аса патриоттық сезіммен, елімізге және туған жерімізге, Отанымызға деген ыстық махаббатпен шырқаймыз. Шырқалған сәтте бойымызды бір мақтаныш кернеп, денеміз тітіркеніп, патриоттық сезіміміз ояна түседі.

Барлық қазақстандықтар әнұранды жатқа біледі және білуі тиіс болып саналады. Әнұранды көбінесе еліміздің спортшылары жеңіс тұғырынан көрінген кезде, көк туымызды желбіретіп шырқайды.

Мемлекеттік рәміздеріміз тәуелсіз еліміздің мақтаныштары деп сенімді түрде айта аламын. Біз және кейінгі ұрпақ үшін үлкен әрі биік мәртебе болып қалатын, мәңгілікке қай жерде жүрсекте есімізде жүретін ұлт мақтаныштарымыз. Біздің елдігіміздің, бейбітшілігімізбен бауырмалдығымыздың айқын белгісі. Көк туымыз көгімізде, елтаңбамыз төрімізде , әнұранымыз жүрегімізде болса, бұл-жалпы ұлт үшін зор бақыт. Елдігіміз жоғалмасын, керегесі кең, терезесі тең еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!



Зайдуллаева Жаннұр
Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы,
№1 Ембі қалалық ЖББОМ,
9-сынып оқушысы



Жетекшісі: Дошняязова Гулназия Адилгереевна

Менің құндылықтар әлемім

Құндылық деген не? Бұл сұрақ көп адамның санасында ұялаған шығар, бәлкім. Мен құндылықты қалай түсінемін? Келесі бөлімде өз ойыммен бөлісетін боламын.

Құндылық – адамның қоршаған ортасы, таным -түсінігіне байланысты әр түрлі мағына береді. Кейбір адам материалды құндылықты биік санаса, кейбіріне рухани құндылық ең жоғары, ең құнды болып келеді. Ал мен үшін құндылықтың шегі деп жан дүниеміздің құндылықтарын ерекше атап өтер едім. Кейбір адамдардың байлыққа құнығып кеткендігі соншалықты, бойымызда дарыған қасиеттерімізге назар аудара бермейміз. Соның бірі жоғарыда айтып өткен жан дүниеміздің құндылығы. Ойланып қарасам, менің қандай құндылықтарым бар? Мен өзімді ақылды, инабатты, тәрбиелі, парасатты, адамгершілігі, түсінігі мол және т.б. керемет қасиеттерге ие адаммын деп санаймын. Бұның барлығы адамгершілік қасиеттерге жатады. Материалдық жағдайларың төмен болса да, ешқашан рухани байлықтарың төмен болмасы дегім келеді. Себебі байлық ақшамен емес, жан дүние мен рухани азықпен өлшенеді. Бұл ХХІ ғасырдың талап ететіні де осы – рухани байлық. Жан дүние құндылығының берік болып, ешқашан өшпеуіне себеп болатын ең асыл қасиет – адам бойындағы сабырлылық. Өмірде тосыннан келетін жағдайлар өте көп. Қуанышы мен қайғысы қатар жүретін айдың 15 күні жарық, 15 күні қараңғы дейді ғой. Сол себепті бәрін де сабырлылықпен жеңе білу қажет деп есептеймін. Сабырлылық – адами құндылыққа жататын қасиеттердің бірден-бір бастауы. ХХІ ғасыр интернет пен әлеуметтік желінің ойнап тұрған кезеңі. Осы әлеуметтік желілер өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың ой-санасына кері әсерін тигізе ме деп те қорқамын. “Өмірге адам болып келу – Алладан, адам болып өту-адамнан” деген тұжырымға сүйене отырып, өмірге адам болып келіп, әр нәрсеге арбалбай адам болып өтейік. ТІК - ТОК, INSTAGRAM, ВК секілді әлеуметтік желілердің ішіндегі пайдасыз заттарға еліктеп, адамгершілігімізді, ар-ұятымызды жоғалтып алмайық. Себебі келешек пен болашақ жастардың қолында екенін ұмытпайық. Менің бар қалауым – бұрынғы қазақ халқының бойындағы дара қасиеттер қазіргі ел тірегі жастардың бойынан табылып, рухани кемелденген ұрпақтың тамыры тереңге жайылса екен деген ниет. Қазіргі адамдардың адамгершіліктен жұрдай болғаны соншалықты ұсақталып, майдаланып бара жатыр. Неге? Себебі ұятты ұмытқан. Бойында адами құндылықтар қалмаған. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін өсіп келе жатқан жастардың көзін ашып, көкірегін оятып, адамгершілікке баулитын, жан дүниесінің таза болып, арамдық ойламай, кіршіксіз пәк, аузын ашса жүрегі көрініп тұратын, қазақтың құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ өсіру үшін елімізде көптеген іс-шаралар, байқаулар, түрлі орталықтар, лагерьлер көптеп ашылса

екен. Кішкентайынан жақсы тәрбие алатын болса, қазіргі жаһандану кезеңінде өзін-өзі жоғалтпай, рухани байлық шырағын сөндірмей жақсы ер-азамат болып өсер еді.

Қорытындылай келе, құндылық деген сөзді естіген бойда бірден құнды заттар, ақша, байлық, асыл тастар мен әшекей бұйымдарды есіңізге алмай, бірден ата-анаңызға, туыстарыңызға, достарыңызға, туған жеріңізге, еліңізге, ұлтыңызға деген бар махаббатыңызды, сүйіспеншілігіңізді, бойындағы жақсы қасиеттеріңізді есіңізге алыңыз, соны ойлаңыз. Бар асыл қасиетті бойымызға сіңіріп, жаман әдеттен аулақ болайық!



Кабдрахманова Әдия Берікқызы
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы,
Қосөткел негізгі мектебінің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Әмірғали Жанар Еділбайқызы**

Ғылымға шақыру

*Нұрлы боп атып әр ақ таң,
Еңбектен, ойлан талаптан.
Кітаппен жақсы дос болып,
Ілім жи оқып парақтан.*

*Ғылыммен өмір құндырақ,
Білімнің жолы қыл бірақ.
Қиындық келсе шыдай біл,
Кетпегін бұғып, құлдырап.*

*Ертеңің кемел, жырлы нақ.
Ғылыммен гүлдер сырлы бақ.
Көзі ашық жаннан боласың,
Біліммен жаның нұрлы жақ.*

*Алдыңнан шықсын жайлы күн,
Іліммен алыс қайғы мұң.
Жиғаның оқып, түйгенің,
Алтыннан қымбат байлығың.*

*Жалқаулық жігін байлағын,
Ар ойла істің байламын.
Қазаққа құнды ұрпақ бол,
Ғылымның жықпай байрағын.*



Кеңес Асылайым
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,
Қияқты ауылы, Қыналы Негізгі орта
білім беретін мектебінің
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Шалабаева Кунимай Сахиевна**

Ана тілі

(Мағжан Жұмабаевтің «Қазақ тілі» өлеңінің ізімен)

*1. Күш кеміді,
Кісенделді ұшқыр жан.
Құрықталды
Қанат көкке ұмтылған.
Бұғып қалды
Батыр бірде бұлқынған,
Сыйға оранды
Сатқын ұрған сыртыңнан.
Айбат болған,
Азулы енді ел тынған.
Шыңырау бас
Шит етті шырқыңнан.
Ырыссыс, тыс сыртыңнан.
Көйлек жеңсіз,
Уақыт блды
Уландырған сұрқыңнан.*

*2. Аман қалған,
Алауыздан, қыстықтан.
Төзіп сынап,
Төскейіне тас тыққан,
Ұққан қыспақ
Ұйымдардан, бастықтан
Кезбей сонда,
Көтерткен бас жастықтан
Жалындаған,
Жүзінде күш-жастық қан.
Бауырларды
Баурайға алған бас бұққан,
Ана тілім, өзің едің ыстықтан.*

*3. Сендік жігер,
Селдіртсе де самайын,
Таусылмады
Тауқыметтің талайы.*

Көрсө-дағы
Көңілсіздік маңйыын
Бәрін жеңіп,
Бостандықтың жаңа айын
Дәмін татшы,
Дербестіктің бал майын.
Жаныңдамын,
Жаңа жеңіс қалайын
Жараңды өткен жанымменен жамайын.
Ана тілім арқауымсың тек өзің
Сенен сәуле, сенен қуат алайы!

Уақыт жайлы

Дәуірлер аударылды ма,
Замандар мың құбылды ма?
Ғасырлар тоғыспай қап,
Жылдар да бұрылды ма?
Айлар да айналып кеп,
Аптаға ұрылды ма
Күндерге бір сәт қарамай,
Сағаттар жылжыды ма?
Минуттар бағаланбай
Секуттар зырғыда ма?

Қыс та өтті ақ тонын ала қашып,
Күз де кетті, бақшаны жауып-ашып,
Жаз да қайтты өзімен ыстығын ап,
Көктемде де сол жағдай асып-тасып.

«Алдында» да, аттанды алыстарға,
«Кеше» де кетті қайтып ғарыштарға
«Бүгін» де өтер, судай ағып,
«Ертең» де кетер мәңгі алысқа да.

Бүгін бар да, ертең жоқ бұл өмірде,
Әп сәтте-ақ, өтер зулап бұл күнің де.
Айуан болмай өтейік, бұл жалғаннан
Адам болып келген соң бұл өмірге!

Өзен

Сарқыра өзен, сарқыра,
Арнаны толтыр, тасқында.
Қандырсын шөлін атырап,
Жер қалсын сенің астыңда.

Тоқтама өзен, тоқтама,
Тіршілік қызу қайнасын.
Байлықтарыңды сақтама,
Жер беті гүлдеп жайнасын.

*Гүрілде өзен, гүрілде,
Бар әлем бұрсын назарын.
Бұрқылда гуіл-уілде
Сол сенің ерек ғажабың.*

*Ағында өзен, ағында,
Бұзып өт темір өткелді.
Жағаңда, халық жағаңда,
Сезінсін, сені көктемді.*

*Бұрқыра өзен бұрқыра,
Аспанмен шектес биікте.
Таңдансын халық сыртыңнан
Қол созшы, көкке биікке.*

*Сендегі тасқын-ағыстар,
Тасқындар толғау табыстар.
Шабыт сыйлайды жаныма,
Тобыл да, Ертіс, Арыстар.*



Кадірбаева Жібек Әділғазықызы
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,
Ебейті селосы, Қопа орта мектебінің
8 сынып-оқушысы



Жетекшісі: **Аманбекова Багила Шүренбайқызы**

Туған ауылым – мақтанышым

Менің ауылым – Ебейті деп аталады. Бұл естуімше -сулы, нулы өлке дегенді білдіреді екен.

Туған жер – адам баласының кіндік қаны тамған, бақытты балалық шағы өткен, ата-бабасының таралған, өсіп-өнген ыстық мекені. Туған жер – ол менің атамекенім. Туған жерін жырына қоспаған ақын, әңгімесіне қоспаған жазушы жоқ шығар. Тіпті, сайраған құстың өзіндік әнін де туған жерім деп сайрайтындай. Менің бүгінгі толғанысымның тақырыбы да өз туған ауылыма арналады. Туған ауылым – менің таусылмас жырым, сарқылмас әнім!

Менің аулым бір жағынан өзені ағып жатқан, бір жағынан асқар тауы асқақтап шақырып тұрғандай әдемі жерде орналасқан. Сылдырап аққан Сағыз өзені табиғатың бір ерекше жаратылысы, ауылымның тынысы, төрт түлік малдың ырысы. Туған жер дегенде елең етпейтін пенде жоқ шығар, сірә! Ақбота – Сәңкібай, Құлшар, Алатау сияқты айтулы өлкемізге жер-жерден тамашалауға туристер келуде. Зерттеушілер де келіп, оның ерекше жаратылысына таңдай қағып, құпиясын ашуға ұмтылуда.

Ия, «Туған жердей – жер болмас, туған елдей ел болмас» дегендей, өз жерімді ешнәрсемен теңгере алмаймын. Маған туған жерімнің әр тасы, әр тауы, тіпті, бір тамшы су да қымбат! Оның жанға жайлы, бетімнен өбетін самал желі, таза ауасы, жұпар исі аңқыған даласы да қымбат! Ауылым шағын, аз ғана үйлерден тұрса да, ондағы тұрғындардың көңілі мен ақ ниеті даладай кең.

Ауылымда бір мектеп, бір балабақша, бір кітапхана, бір амбулатория, бір мәдениет үйі бар. Бүгінде ауылымыз жарықтандырылған, су құбыры тартылған, интернет желісімен қамтылған – заманға лайық өмір сүруге қолайлы мекен деп ойлаймын. Осы шағын ғана ауылдың өзінен түлеп ұшқан небір танымал тұлғалар бар десеңші! Талай өрен байрақты бәсекелерде ауылымыздың абыройын асқақтатты десеңші! Айтып өтер болсам, әріге кетпей-ақ өзім білетін – Нұрмағанбетов Мерген, Талғатқызы Гүлназ деген жерлестеріміз «Абай оқулары» республикалық байқауының жүлдегерлері, облыс мақтаныштары. Ал мектебімізді үлгілі тәртібімен, үздік оқып «Алтын белгімен» бітірген Қасым, Гүлназ, Әбілмансұр, Ерасыл, – сияқты аға-апаларымыз көбімізге үлгі-өнеге дер едім.

Спорт саласында да дзюдодан оқушылар арасында Қалмырзақызы Динара – Республика чемпионы. Бұлар – біздің ауылымыздың мақтаныштары!

Аулым – алтын бесігім! Қанша уақыт өтсе де, өзім қайда жүрсем де мен үшін жұмақ мекен! Ауылымның өз перзенттері жыл сайын «Туған жерге тағзым»

акциясы негізінде саябақ салып, ойын алаңдарын ашып көркейтуде. Уақыты келгенде мен де өз үлесімді қосармын-ау деп армандаймын.

Көркейе бер, гүлдене бер, туған ауылым! Өйткені менің кішкене жүрегімнің мақтанышы өзіңсің!



Костырина Е.Ю.
Актюбинская область,
Каргалинский район,
Село Велиховка,
КГУ «Велиховская основная школа»
Ученица 8 класса



Руководитель: **Ковалева Юлия Николаевна**

Сказка

В одном чудесном поселке, окруженном прекрасной природой, жил-был один мальчик. Как и все дети его возраста он ходил в школу, но с большой неохотой. Однажды, прогуливая урок он замечтался о волшебном городе, в котором не надо ходить в школу и делать уроки. Вдруг, он оказался в золотом дворце. Вокруг царил беспорядок: учебники и другие школьные принадлежности были разбросаны, а дети бегали и играли в разные игры. В большом, заросшем илом пруду плавали черные лебеди. Они кланялись, приветствуя мальчика. Один из них пригласил его покататься. Лебеди рассказали мальчику, что в их городе не надо ходить в школу, делать уроки, а можно целыми днями гулять, играть и делать все, что вздумается. Мальчику очень понравилось жить во дворце.

Прошло несколько дней. Мальчику стало скучно и грустно: игры и безделье надоели, ему захотелось узнать что-то новое или чему-нибудь научиться. Грустный он бродил по двору и, вдруг, наткнулся на стоящие в стороне большие клетки с цифрами. Цифры оказались баллами, они горько плакали и наперебой рассказывали о том, как здесь очутились. Оказывается, это мальчик выяснил из их рассказа, когда ребенок перестает хорошо учиться и стремиться к новым знаниям, баллы на «хорошо» и «отлично», которые он мог бы получать, попадают в эту клетку. Горько стало мальчику за тот путь, который он выбрал, жалко стало баллы и решил он их освободить. Но это оказалось не просто. Для освобождения каждого балла необходимо было решить задание. А заданий было так много! Но мальчик не отчаиваясь приступил к работе.

Много времени прошло, но заданий, будто не становилось меньше. Неподвижно сидящего за партой мальчика увидели остальные ребята и заинтересованно подошли. Они наблюдали за ним и, постепенно, тоже стали выполнять задания. Комната наполнялась детьми, которые рассевшись за парты, выполнили все задания. Клетки открылись, выпустив «отличные» оценки, а черные лебеди – «двойки» растворились в воздухе. Довольные ребята снова очутились в родных городах и селах. Но теперь они с удовольствием ходили в школу, хорошо учились и всегда делали уроки. А о золотом дворце вспоминали все реже и реже, пока совсем не забыли.



Кунуров Дамир
Ақтөбе қаласы, Қобда ауданы,
Жарық ауылы,
Жарық мектеп-балабақшасы
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Сарманова Гүлнара Нағашыбайқызы**

Әлем балалар көзімен

Табиғат таза болса, көрікті болса онда адамдар да аман, табиғатпен көрікті болып жүреді деп ойлаймын. Таза табиғат болса, ауамыз таза болады. Егерде бізді қоршаған орта ластанса, онда адамдарға, өсімдіктерге, жануарларға, жалпы тіршілікке зиян екені сөзсіз. Өйткені: адамдарда табиғаттың бір бөлігі деп атауға болады. Себебі: біздің тамағымыз, киім-кешегіміз, тіпті адамдардың өміріне қажетті заттардың бәріде, табиғаттан алынады. Табиғатсыз адамның өмірі жоқ. Табиғатпен адамзат тығыз байланыста. Жер бәріміздің ортақ үйіміз, сол себепте біздің міндетіміз қоқыстарды жинап, гүл, ағаш өсіру, жалпы тұрған жерімізді абаттандыру. Тағы бір мәселе ол заводтар мен көліктер. Заводтар мен көліктердің түтіні, барлық тіршілікке зияның келтіреді. Қазіргі таңда заводтардың, фабрикалардың, көліктердің түтіні табиғатқа өте қауіпті. Сол үшін де заводтардың түтін шығаратын жеріне, түтінді жұтып алатын механика орналастыру керек деп ойлаймын. Ал көліктер жанармаймен жүреді. Бұл да табиғатқа және адамзатқа қауіпті. Егерде көліктердің жанармайын суға айналдырсақ, немесе күн энергиясымен жүргізетін көліктер ойлап тапсақ, онда тіршілікке еш қауіпі болмайтын еді. Қазіргі кезде көптеген өнеркәсіп орындары пайдаланылған суды арнайы сүзгіден өткізіп, тазалап, қайтадан іске қосуда. Табиғатты қорғаудың өзекті мәселесінің бірі- ауызсуды қорғау. Бұлда үлкен мәселе. «Судың да сұрауы бар» демекші, суды біз үнемдеп жұмсауымыз қажет. Өйткені ауыз судың мөлшері өте аз. Ащы су -97%, тұщы су-3%-ды құрайды. Осындай оң іс-әрекеттер, ойластырып шығаруға болады деп ойлаймын. «Адамның табиғатсыз күні жоқ, Табиғаттың оны айтар тілі жоқ», - осы мақалмен толықтай келісемін. Табиғатты аялау, тазалауды қазірден бастаған жөн, өйткені ертең кеш болып қалуы мүмкін. Менің болашақтағы міндеттерім осы, және жаңағы механикаларды жүзеге асыру. Қоршаған ортаны қорғау әрбір адамның парызы. Табиғаттың тазалығы, жер бетіндегі барлық тұрғындарға, мемлекеттерге ортақ, сондықтан да оны бірлесе қорғауымыз керек.



Куспанова Мерей
Мұғалжар ауданы,
Қ.Жұбанов ат.ЖББО мектебінің
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: Ғайнеден Айжан Жанатқызы

Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз (эссе)

Қазақстан рәміздері – елдігімнің белгісі,

Білу керек балаға дейін ең кіші.

Әнұран, көгілдір ту, елтаңба,

Рәміздерді жатқа білсін әр кісі – деп жырлағандай рәміздер құндылығы жоғары деңгейде.

Әнұран – қазақ халқының жүрегіне сөнбес сәуле берердей, рухты биікке самғатып, отанға, елге, жерге деген махаббатыңды оятып жіберердей-ақ. Өндетіп тұрып туған елдің қадір-қасиетін бойыңа сіңіртеп, патриоттық сезімді асқақтатып төбеңді көкке көтерердей ғой шіркін. Әсем әуеніңмен елінің, жеріңнің туған тарихын, даму жолын баяндап тұрғандайсың.

Ту- асыл мұра, қазына. Көгілдір аспан бейнесінде күн шығарып, қырандай асқақтап төреліктің шыңына жету керектігін бір бейнемен білдіріп тұр емес пе? Ұлан ғайыр алқапқа көз тігіп, қалайда қазақ жерін алуды арман тұтқан өзге елдердің мақсаты – осы көгілдір туды түсіру болды емес пе? Рухани жанымыздың айнасына айналып, биікке көтерілген көк байрағымыз еш уақытта жерге түспес. Рәміздеріміздің жарқын бейнесіне ерекше құрметпен қаруымыз абзал. Қазақ туын көкке көтерсе, қазақ елі дами бермек!

Елтаңба – елдік қасиетіміз. Отанымыздың жұлдызы жарқырап, молшылықты байқатып тұрған елтаңба бейнесі, қалың жұршылыққа ой салардай. Бір шаңырақ астында бір болуды үндеп қана қоймай, әрдайым пырақтай қалықтатуды үйретіп, жалған әлемде жеңімпаз болып, жұдырықтай бір болуды насихаттаған.

Қазақ жұрты кіндік қаны тамған жерін, ата-баба әулетінің мәйіті жатқан жерді ерекше қадірлейді. Қазақ үшін атамекен – отанжанды пенде ретінде өмір сүруінің шарттық атрибуты. Сондықтан да халқымыз өз ата -мекенін, Отанын, өз халқы, өз тілін, өз мемлекетінің рәміздерін, салт-дәстүрін жүрекпен сүйе білген, әрі ұрпағын да соған тәрбиелеген, баулығын. Міне, осындай тәрбие көріп өскен ұрпақ алысқа барары анық.

Қорыта келе, болашақ жастарға рәміздер сөзін ұғындырып қана қоймай, қадірлеуді, қастерлеуді бала бойына сіңіртеп ұлттық құндылығымызды парыздай қабылдауымыз керек. Ұлттық нышанын ұлылыққа санаған ел тозбас. Ұлы еліміздің әрбір игі істерін игіліктерге балағанымыз хақ. Ұлтжандылық қасиетіміз сөнбесін!



Қайырғалиев Алмаз Қаныбекұлы

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы,
Саға мектеп-балабақшасының
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Акбисенова Алтынзер Забихоллақызы**

Отан

*Отан деген отбасынан басталады,
Әсте есіңнен шығармағын жас талап!
Ата-анаңнан алған тәлім-тәрбиең
Мәңгілікке жадымызда сақталады.*

*Отан-Ана әркез сені қорғаймын,
Сағынышпен саған сәлем жолдаймын.
Балалықпен жан сырымды жолдаған,
Отан, сені әрқашанда қолдаймын.*

*Сарқылмайтын қуатым,
Тірегімсің сен, Отан!
Мәңгі соғып тұратын,
Жүрегімсің сен, Отан!*



Қалатаева Іңкәр
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы,
Қандыағаш қаласы,
Қандыағаш қалалық №5 ЖББОМ



Жетекшісі: **Сағынаева Анаргүл Оразбайқызы**

Ұстаз – ұлы есім

*Өз елімізге қолдан келгенше
қызмет ету – біздің әрқайсымыздың
борышымыз.*

Ыбырай Алтынсарин

Соңғы жылдары мектеп елдің қоғамдық өмірінің барлық салаларының өзгеруімен байланысты терең өзгерістерді бастан кешуде. Қазіргі қоғам білімге жаңа талаптар қояды, іс-әрекетке дайын, мәселелерді жеке тұлға тұрғысынан шешуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

«Ұстазы мықты елдің-ұстанымы мықты болады» дейді халық даналығы.

Бүгінгі заман талабы білімді де білікті, өздігінен тығырықтан шығуға жол таба білетін, өмірге икемді тұлғаны тәрбиелеуді қажет етеді. Ұстаз – ұлы есім. Өмірге күн нұрын төккендей, «мұғалім», «ұстаз» сөздерінің өзі жылы лебізбен шуақ шашқан таң айдарының сәулесі жағымды түскендей қалай естіледі!

Ғалымдар, халық қаһармандары, ақындар, балқытушылар, егіншілер, бақташылар, ғарышкерлер – барлығы да мұғалімнен тәрбие мен білім алып қанаттанады, осындай ұлы ұстаздарды бүкіл адамзат құрметтейді. Себебі еңбекқор талантты, дарынды, мейірімді ұстаз – ел абыройы.

Әрбір ұстаз өз Отанынын шексіз сүйетін білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениетті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті Халқымыздың рухани көсемі А.Байтұрсынұлы «Мұғалім түрлі әдісті көп білуге тырысу керек, олардың өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» дегені әр ұстаздың жадында болуы тиіс.

Халық даналығында «Мұғалім мықты болса, позициясы мықты» деп бекер айтпаған. Өйткені, мұғалім алдымен толыққанды саналы тұлға ретінде өзін-өзі жан-жақты білім нәрімен сусындап, содан кейін ғана балаларды өзінің жетегінен ілестіріп, білім-тәрбие бере алатын маман болуы керек. Ертедегі үлкендер бата бергенде «молда болма, мұғалім бол» деп тілейтін. Бұл сол кезден бастап ұстаздың мәртебесін бәрінен, тіпті молдадан да биік қойған.

Мұғалім болу үлкен батылдық пен шыдамдылықты қажет етеді. Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ең дамыған 30 елдің қатарына кіру үшін білім беру басты басымдықтардың бірі болып табылатындығын айтқан. Ал, жас ұрпақтың тағдыры мұғалімнің қолында ». Болашақта менде білікті, білімді ұстаздар қатарына қосылғым келеді.

Баланың жеке тұлға ретінде дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі мектеп қабырғасынан басталады деп ойлаймын. Сондықтан бүгінгі

педагогтың міндеті жеке тұлғаны рухани адамгершілік, ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтар жағынан дамыту үшін оның білім беру алу жолындағы өмірін мәдениетке ену үрдісі ретінде ұйымдастырып, оқушының әр даму кезеңінде әлеуметтік өмірдің мәнін түсінуімізге бағытталады. Сабақ процесінде сыныптан тыс жұмыстарда оқушының білім көлемі меңгертіліп, мінез-құлық өмірге деген белсенділігі артып, рухани-адамгершілік дәрежесі біртіндеп дамиды. Сонда ғана жас ұрпақ, яғни біздер болашақта өз ана тілін құрметтей алатын, өзін-өзі басқара алатын, қызмет көрсете алатын тәрбиелі, үлгілі, жаны сұлу, рухани-адамгершілігі таза тұлға болып қалыптамыз.



Қалиева Томирис
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы,
Сағашилі ауылы.
Сағашилі ЖББ орта мектебі,
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Қабидуллаева Гүлжауһар Ерболатқызы**

Түркі бесігі – Түркістан!

Түркістан – түркі жұртының ұлысы. Түркістан-тарихтың талайын көрген көне шаһар. Түркістан – түркілердің екі дүниедегі орталығы. Тарихы бай, тағылымы терең Түркістанның еліміз үшін орны бөлек. Ол бүкіл Орталық Азиядағы ең көне қалардың бірі. Түркістан – қазақ елінің рухани жүрегі, қазақтың көптеген қабырғалы тұлғалары мәңгіге жай тапқан қасиетті қала. Осында жерленген 164 әйгілі тұлғаның 21-і ел басқарған қайратты қырандар, ауқымды сөз бастаған билер. Түркістан тарихы – күллі қазақтың тарихы, күллі түркінің бесігі! Ал ендеше ауыз толтырарлықтай Түркістан біздің тарихымыз һәм Түркістан күллі жұрттың бесігі, Түркістан екі дүние есігі деп айту себебіміз неде екен?

Біздің тарихымыз Түркістансыз тарих емес. Ал Түркістанның тарихы Қожа Ахмет Ясауисыз қалай болар еді? Әрине, тіпті елестету де мүмкін емес. Ғасырлар бойы күллі түркі әлемінің саяси әрі рухани орталығы болған Түркістан қаласына облыс мәртебесін беру – түркиялық қандастарымызды зор қуанышқа бөледі. Түркия мемлекеті басшысы мен лауазымды тұлғалар елімізде жұмыс сапармен болғанда, көне шаһарға ат басын бұрмай кетпейді. Саяхаттап келген түрік туристері де тарихи орындарға зиярат етуді Ясауи кесенесінен бастайды. Өйткені түрік халқы киелі Түркістанды ұлы ойшыл, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған Қожа Ахмет Ясауидің туып-өскен жері ретінде жақсы біледі. Ясауи ілімінің арқасында Мансұр ата, Әбдімәлік ата, Ахи Эвран, Қажы Бекташ Уәли, Мәулана Жалаладдин Руми мен Юнус Эмре сынды түрік руханиятының көрнекті тұлғалары өсіп шықты. Мәдинәда Мұхаммед, Түркістанда Ясауи демекші бұл кесененің орны біз үшін де күллі адамзат үшін де бөлек ғалам іспеттес қой шіркін!

Түркістанның түркі әлемі үшін маңыздылығын әлемде ең көрнекті түрде қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев айтқан. Оның “Түркістан” деп аталатын ұзын поэмасының алғашқы шумақтары былай деп басталады.

*«Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой».* . . .

Түркістанға дәл Мағжандай баға берген ешкім жоқ шығар.

Енді осы өлең жолдары, Түркістан облысы құрылғаннан кейін ерекше мән мен мағынаға ие болып отыр. Бұрын Түркістан — екі дүниенің емес, бір дүниенің ғана есігі болған. Ясауи бабамыздың кесенесіне байланысты рухани дүниенің есігі еді. Ал енді Елбасының Түркістан қаласын облыс орталығына айналдыруынан кейін ол материалдық дүниенің, яғни бүгінгі дүниенің де есігі болды. Яғни, Мағжан айтқандай ол енді “екі дүниенің де есігі”. Бұл - Елбасының көрегендігі.

Бұл – Елбасының “рухани жаңғырудағы” елге үлгі боларлық салиқалы қадамы. Бұл мүмкін Мағжанның да бір ғасыр бұрын қиын-қыстау күндерде Түркістанның келешекте “екі дүниенің де есігі” болатынын болжаған сәуегейлігі. Елбасы 1998 жылы елордасын Алматыдан Ақмола қаласына көшіру арқылы бүкіл дүниені таң қалдырған әдемі Астана қаласын өмірге әкелген еді. Енді 20 жылдан кейін тағы осындай бір қадам басылды деп ойлаймын. Жақын арада Қазақстанда әлемге таңдай қақтыратын екінші қала бой көтермек. Ол Түркістан қаласы. Екі дүниенің есігі болатын өз қаламыз құтты болсын ағайын. Һәм айта кететін жайт, Мағжан ағамыз сол өлең жолдары арқылы Түркістанның цивилизациясын, Түркістанның даму темпін бізге дейінгі кезеңін айтты. Ол жердегі адамдардың даму эволюциясын басқа жерлермен салыстырғанда қарқынды болды. Өйткені, ол жерде сауда-саттық өте қатты дамыды. Ал, сауда жақсы дамыған жер болғандықтан адамдарының материалдық әлеуеті де жақсы болды деген сөз. Сондай-ақ, Түркістанда бұрыннан егіншілік, мал шаруашылығы, егіс шаруашылығы жақсы дамып, қалыптасқан. Адамдарының мәдени дамуы өте жоғарғы деңгейде болған. Оны қандай фактілермен дәлелдейміз? Біздегі Отырарды айтсақ болады. Сайранды айтсақ болады. Ар жағында орналасқан Ташкент, Өзбекстан, Самарқанд. Демек, Өзбектердің, Парсылардың мәдени дамыған ошақтарына жақын орналасқан. Осы мәселе, Оңтүстік Қазақстанның регион ретінде дамуының өте үлкен факторы болды. Оңтүстік өңірден ақын-жазушылардың, мәдениет қайраткерлерінің көп шығуы климатына да байланысты. Оңтүстіктегі жылы ауа-райының өзі адам баласына үлкен серпін береді.

«Ғылым мен мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы болып отыр» деп заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтпақшы, ең басты құндылығымыз – мәдениетіміздің көшін ілгерілету үшін еліміздің әрбір өңірінде заман талабына сай мәдени нысандардың санын арттыруымыз керек. Бұл тұрғыда Түркістан облысы мәдени нысандарға бай екендігін ауыз толтырып айтуға болады.

Бүгінде облыс көлемінде 678 мәдениет және өнер мекемесі халыққа қалтқысыз қызмет көрсетіп келеді. Атап айтқанда, 387 кітапхана, 251 клуб, 24 музей, 3 кәсіби театр, 7 саябақ, облыстық филармония, көркемсурет галереясы, «Оңтүстікфильм» мекемесі, «Түркістан сарайы» концерттік мекемесі халық игілігі үшін жұмыс істеуде.

Облыс орталығы Түркістан қаласына көшірілуіне байланысты театр, кітапхана, музей, цирк сынды 12 облыстық мәдениет және өнер мекемесі Шымкент қаласына берілген. Түркістандық өнерпаздардың жеткен жетістіктері де жетерлік. Атап айтқанда, Финляндия, Швеция, Эстония, Ресей, Италия, Грузия, Түркия, Молдова, Қырғызстанда өткен түрлі жанрдағы халықаралық байқаулар мен фестивальдерге қатысып, жүлделі орындарды иеленген. Түркістандық өнерпаздардың жеткен жетістіктері де жетерлік. Атап айтқанда, Финляндия, Швеция, Эстония, Ресей, Италия, Грузия, Түркия, Молдова, Қырғызстанда өткен түрлі жанрдағы халықаралық байқаулар мен фестивальдерге қатысып, жүлделі орындарды иеленген.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Түркістан алты алаш үшін қасиетті. Түркістан дегенде ұлы Тұран империясы, Алашорда, Көк орда елестейді. Шымкенттің миллион тұрғыны бар ірі мегаполис болып, ол елдің Түркістан облысы болып атауы бүгін арқамызды шымырлатып тұр. Бұл Қазақстанның

егемендігінің арқасы, тәуелсіз елдіктің белгісі. Мінекей менің Түркістаным, біздің Түркістанымыз қандай қала?!Осы уақытқа дейін осындай тарихи қалам болғанына мақтанамын, марқаямын. Осы уақытта кейінде өзімнің Түркістанға деген махаббатым мен ілтипатымды жоғалтпаймын. Ақындарымыздың Түркістан туралы бізге мұраға қалдырған өлең жолдарын ешқашан жадымнан өшірмеймін. Түркістан үшін атсалысып жатқан Қазақстандықтарды ерекше мақтан тұтамын. Қожа Ахмет Ясауи секілді кереметтей кесереміз барына қуаныштымын!Алдағы уақыттарда күллі Түркі жұртын осы Түркістанмен таңғылдарамыз әлі.



Қанатқызы Томирис
Ақтөбе облысы, Әйтекеби ауданы,
Құмқұдық ауылы
Қарашатау ЖОББ мектебінің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: Ұлықпанова Қызғалдақ Сердалықызы

Сіз қайырымдысыз ба?

Адамның шын мағынасындағы білімді болу үшін үш қасиет қажет – кең көлемді білім, ойлай білу және қайырымдылық сезім.

Николай Чернышевский

Абай атамның мына бір сөзі менің ойымды дөп басқандай «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», сөздің құдіреті керемет қой, шіркін! Бірауыз сөзбен талай нәрсені жеткізуге болады. Ғаламдағы барша адам мен зат атаулының барлығы бірігіп, тең дәрежеде өмір сүруінің кілті қайырымдылық десек те болады. Қазіргі қоғам келбетіне көз жүгіртер болсақ, қайырымдылық жасау кез келген адам қолынан келмейтін құнды зат болып тұр. Себебі қайырымды іс қылуға біздің қалтамыз көтермейді дейтіндер тағы бар. Бір сәт болсын ойланып, осы қайырымдылық дегеніміз не? Деген сауал қояр болсақ қайырымды жандар қай жерде болсын табылареді. Себебі қайырымды істі қалай жасасаң да артық болмайды.

Бала кезімнен ертегі кітаптарын көп оқығаннан шығар. Менің ойым, жан дүниемнің барлығы жақсылыққа бет бұрып тұрады. Өмірде жақсылықтың көп екеніне сенемін. Мәселен, ертегі кейіпкерлерін алып қарасақ, түбінде бір жақсылыққа жетеді немесе бір-біріне қайырымдылық жасауға асығады. Осы тұрғада әдеби шығармалардың барлығын алып қарайтын болсақ, барлығы дерлік шынайы өмірден алынып, соңында бір қайырлы нәрсеге көзіңді жеткізеді. Ыбырай Алтынсариннің әңгімелеріне үңілер болсақ, кез келген әңгімесі қайырымдылық пен мейірімге ұласып жатады. «Атымтай жомарт», «Мейірімді бала», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Шеше мен бала», «Таза бұлақ» секілді әңгімелері қайырымдылық пен өмірдің негізгі мәні мен маңызын ашып көрсетеді. Осы секілді әңгімелерді жас ұрпаққа үнемі оқытып отыратын болса, нағыз қайырымды, адал ұрпақ өсіп шығатынына сенімім мол. Мен осы өмірде ең үлгілі іс қайырымдылық екенін анықтүсіндім.

Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, қайырымдылық пен жаманқылқтың да адамға әуелбастан жаратылысынан дарымайтыны анық. Сол үшін де мен бала тәрбиесіндегі ең күшті құрал кітап екенін айтқым келеді. Қазіргідей дамыған заманда баланы техникалық құралға телміртіп қоймай, шынайы өмірмен де яғни кітаппен де дос болуды үйретуіміз керек. Мен үнемі кітапты жаныма серік етіп келемін. Сол арқылы өмірге деген көзқарасым да басқаларға қарағанда өзгеше екенін байқаймын. Кез келген сәтте қолымнан келгенше өзгеге қайырым жасауға асығып тұрамын. Тек адам баласы ғана емес жан-жануарлар мен өмір сүріп жатқан қоршаған ортамызға да қайырымдылық жасап жүреміз. Адам ақылды, кішіпейіл, әділ, қайырымды болуға міндетті. Сонда ғана осындай «адам» деген саналы атқа лайықты боламыз.



Қарабатырова Айшабибі
Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы,
Бадамша ауылы,
«Бадамша орта мектебі» КММ
8«А» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Ержанбаева Гульжан Нуртазаевна**

Анама

*Нұрым менен күнімсің ғой жан анам,
Нұр жүзің де маған ғана арналған.
Бақытым да ,байлығым да өзіңсің
Мен өзіңді періштеге балағам ...*

*Өзіңсің ғой өмірімнің бар мәні,
Қымбатымсың , асылымсың жан анам .
Ауырымашы , қартаймашы мәңгі сен,
Мақсатыңа жете берші қалаған ...*

*Ана, жүзің нұр құяды жүрекке,
Мейірлене , сен сүйген сол мезетте.
Мен бақытқа, мен бақытқа кенелем,
Бала жүрек сыймайтындай кеудеме.*

07.03.21

Ұстазға

*Асығамын ұстазым бір көруге өзіңді,
Әрбір сөзің елітіп жарқыратты көзімді.
Ұстаз десе жүрегім соғып тұрад өзің деп
Бейнең кетпес есімнен сенім артқан шәкіртке.*

*Жақсы менен жаманды ажыраттым өзіңмен.
Терең, терең ұғымды түсінгенмін өзіңнен.
Білім беріп,күлімдеп, қызықтыра білетін
Бір өзіңсің ұстазым биік тұлға мен үшін.*

4.10.21

Достық

*Достық деген қарапайым түсінікті бұл ұғым,
Доссыз болмас бұл дүниеде кімде кім.
Сондықтан да достық жайлы сұраса,
Адалдық пен шынайылық дер едім.*

*Достық –ол құрбыңа жылы сөз бен жақсы ой.
Достық- ол өз құрбыңа демеу берер жылу ғой*

*Ол достардың арасында болатын,
Түсіну мен кешіруден тұратын
Айдан анық құрбыларға сезім ғой.*

15.04.21

Музыка

*Музыка- елжіретіп , кейде сермеп, елітіп,
Жан дүниеңді , баурап алар ерітіп,
Ғажайып-ау оның сазды әлемі ...
Бояғандай түрлі реңге әрленіп.*

*Құлағыңа естіледі түрлі үн,
Бейне беріп көз алдына сан алуан.
Бейне толқын жағаға кеп ол ұрған ,
Бейне лента желбіреген желменен...*

*Музыка - сен белгісіз бір сырлы әлем,
Музыка - сен тұңғыйықсың жетпеген .*

21.10.21

Тәуелсіздік

*Тәуелсізбін, тәуелсізбін бүгін мен,
Азат өмір, еркіндікте сүрем мен
Елім берген, жеріме енген еркін күн,
30 жылдық мерейтойын тойлайм мен.*

*Ұланымын, ұрпағымын осы елдің,
Ұлы дала ұлылығын паш етем.
Мәртебесі өскен менің елімнің
Дәні болып елім үшін гүлденем.*

16.12.21

Туған өлкем

*Жеріңе ғашықпын мен туған өлкем!
Көк шүйгін шөбің қандай, бейне кілем !
Құстарың ән салады таң қалдыра,
Ғажап қой табиғатың, рақаттанам.*

*Қай жерге барсам-дағы сені ойлаймын,
Әр тасың алтын тастай әсер еткен.
Соққан желің аймалап мандайымнан,
Бір керемет асау сезім тудырады екен.*

*Аңсап кеп бұлағыңнан су сімірсем,
Бал дәмі тандайымнан кетпейді екен!
Шулаған қамыстарың айдын көлде,
Жүрегімде сағыныш тербейді екен.*

25.11.2021ж

Аққу құсы

*Аққу – аппақ , ақ сүмбе.
Аққу – ақтық қасиет.
Аққу – пәктік, шынайы,
Ақ сезім мен адалдық.*

*Қасиетті бұл құсты ,
Қазақ атпай , қорғаған.
Қасіретін түсініп ,
Оны атуға батпаған.*

05.02.22

I. Жансүгіровке арнау

*Жүйріктің жүйрігі дейді тарих сені,
Ақындардың легіне болған үлгі.
Әр сөзің мен сияқты жас ақынның,
Алуан-алуан ой салған түйсігіне.*

*Қазақы тұрмыс, салтым тіршілігім,
Бұл күні ұмыт болған кейбір ұғым.
Санама өлеңіңмен кірді бүгін.
Естігендей болдым мен бабам үнін.*

17.03.22

Білім

*Қараңғының көңілін аппақ қылған – бұл білім.
Ақиқатты аштырып , анық қылған – бұл білім
Әр жүрекке нақтылық , сенім берген – бұл білім.
Ақыл -ойды күшейтіп, саналы еткен – бұл білім.*

*Ата салтын ұстатып рух берген – бұл білім.
Туған тілі мен тарихты ту қып берген – бұл білім.*

22.03.22



Қасымов Мұхамедияр Асланбекұлы
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,
Аралтоғай ауылы,
С.Оразалин атындағы ЖОББМ
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Набиева Сайра Сарсенгалиевна**

Мұқағали ақынға арнау

*1931. Борандатқан ақпанда,
Мұқағали туыпты, бір шоқ жұлдыз аққанда,
Қарасаздың топырағында өскен Мұқаң ақын боп,
Асыл болды бітпейтұғын, өнерін кең қазғанда,*

*Ақын болды, ақиық, елінің мұңын жырлаған,
Ақын болды, ең асқақ, қазақ елі қолдаған,
Асқақтап тұрар сөнбейтін мәңгі алаулап өлеңі,
Отты жыры мәңгілік көгімде кең шарлаған.*

*Мұқағали-қазақтың асқар тауы сүйенер.
Жығылғанда жалынды жыры жанға дем берер,
Мұқағали өлеңі-жасай бермек мәңгілік,
Оқыған әр қазақтың жүрегіне от берер.*

*Мұқағали өлмейтін жалынды жыр қалдырған,
Халқының жүрегіне жырдан сурет салдырған,
Мұқағали өлеңі мына ұрпаққа рух беріп
Қол жеткізбес көктегі жұлдызды да алдырған.*



Қосуақова Диана
Ақтөбе қаласы,
«№50 орта мектебі» КММ,
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Маманбаева Тажигуль Абдирахмановна**

Ахмет Байтұрсынұлына арнау

*Байтұрсынұлы ағамыз,
Есімізге бүгін аламыз.
Ахмет атын ұлы біз,
Мәңгілік сақтап қаламыз.*

*Күңші оның анасы,
Аумат тұңғыш баласы.
Одан кейін Қазихан,
Кенжесі оның қыз Шолпан.*

*Әулеті Шақшақ руынан,
Тегі Арғын тайпадан.
Бата алып Шошақ атадан,
Байтұрсынұлы атанған.*

*Өнерлі оның бойында,
Ақындық та болады.
Әдебиеттің жолында,
Ұлы ұстаздық алады.*

*Үлгілі ғой бұл адам,
Болмаңдаршы тым арам.
Үлгі алсаң ағаңнан,
Бұзылмассың заманнан.
Әдебиетте адамдар,
Ақын жолын балаңдар.*

*Тыңдар кезде жаман жоқ,
Бұны білер адам жоқ.
Босқа безбей адамнан,
Өнеге ал ақын айтқаннан.*

*Бұндай ақын тым аз ақ,
Дамытар атын ұлы қазақ.
Өз жылында тым аздан,
Ұрпаққа көп жыр жазған.*

*Ахметтей ешкім баға алмас,
Одан өткен табылмас.
Халқы үшін белгісі,*

Шығарма жазған ол кісі,
Елі үшін жан берді,
Шығарма жолын жөндеді.

Көргенде бар атасы,
Көрегендей батасы.
Осы Ахметтің арқасы,
Құрылған қазақ даласы.

Елі үшін керіскен,
Жері үшін ес берген.
Ақылымен бөліскен,
Ажалымен көріскен.

Араб тілін аударып,
Түрмеге де қамалып.
Халқы үшін жинаған,
Ұлттық жазу ағартып.

Қазаққа ашқан нұр көзін,
Ақын қылған ол өзін.
Әліпбиді жазғанда,
Мақтан еткен ел жүзін.

Елін қорғар әр қазақ,
Болу үшін шын азат.
Қазақ деген ұранмен,
Тұрмаған ол жәй қарап.

Ағымызбен мақтанам,
Қазақ елін жақтаған.
Бірлік үшін ант алып,
Абыройын сақтаған.

Оқыған болса балаңыз,
Құрметпен оған қараңыз.
Мектептегі балаға,
Мейірімділік арнаңыз.

Мектепте жүрген кезінде,
Ренжітіп оны алмаңыз.
Балаңыздың жүзінде,
Күлкі қылған анаңыз.

Балалықпен оқушы,
Қате қылса, ол айып.
Мұғалімдер сол үшін,
Білімдерін жүр жайып.

Шәкіртке ұзтаз анадай,
Көрсетер бар ізетін.
Балалар үлгі қылады,
Берін ұғып алардай.



Қуанбаев Аңсар
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы,
«Терісаққан орта мектебі» КММ
9-сынып оқушысы



Жетекшісі: Уразова Айслу Таусогаровна

Мен мемлекетімнің гүлденуі үшін не істей аламын?

Әрбір қазақ баласы өз мемлекетін, өз елін көркейту саласында көп еңбек ету қажет. Отан деген ыстық атау жүректі елжіретіп, жанымызға жылулық береді. Бұл сезім ананың балаға деген сезімімен тең. Егер ана баласының болашағын бүгіннен бастап ойламаса, баланың болашағы не болмақ?

Біз де сол сенімді ұлтымыздың, еліміздің болашағын бүгіннен бастап ойлап, тарихымыздағы ата-бабаларымыздан үлгі арқылы ойлауымыз қажет. «Жетім көрсең, жебей жүр» деген дана халқымыз айтқандай, кейбір жастарымыз жетімдерге қол ұшын созып, рухани дүниесін байытып, нағыз қазақилыққа тәрбиелеуге өз үлестерін қосып жүр. Бұл да мемлекеттің гүлденуіне үлестерін қосу деп есептеймін.

Менің ойымша, болашақ Қазақстанның гүлденуі – барша қазақ халқының гүлденуі, дамуы, өсіп-жетілуі. Мемлекетімді гүлдендіру үшін, ең алдымен, қоғамда өз орнымды дәл табу. Мен болашақта мемлекеттің дамуына, гүлденуіне үлес қосқым келеді.

Қазір мен оқушымын, болашақта өмірде өз орнымды нық табу. Елімнің гүлденуіне ең бірінші қосар үлесім – ол оқуымды жақсы оқып, болашақ мамандығымның қыр-сырына қанығып шыңдалу. Кез-келген мамандық терең ізденісті талап етеді. Ізденген адам дамып, өсіп жетіледі. Өзіміздің дамуымыз арқылы өзгенің де білімін жетілдіруге жол саламыз.

«Мемлекетімнің дамуы мен гүлденуі үшін басты ұлттық басымдылықтар – бейбітшілік, тұрақтылық пен келісімнің төңірегінде топтасуымыз керек. Оларсыз ешқандай мәселені шешу мүмкін емес»-деді Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Еліміз тату болып, бірлігіміз жарасқан ел болсақ, мемлекетіміз тыныш өмір сүреді. Бүгінгі күнімізді ғана ойламай, әрқашанда ертеңімізді ойлап, еліміздің ахуалын түзетуіміз керек. Әрине, қазір де мемлекетіміздің ахуалы жаман емес. Бірақ одан әрі гүлдендіріп, жаңарту, біздің, мына болашақ жастардың қолында.

Мемлекетім – баға жетпес байлығым. Мен мемлекетімнің дамуы үшін оқып, ізденіп, білікті маман иесі болуға тырысамын. Еліміз үшін білікті де, білімді мамандар қажет. Сонымен қатар тәрбиелі, адамгершілігі мол, елін, жерін, мәңгі сүйіп өтетін, рухы биік, көкірегі ояу, ізденімпаз жас ұрпақ қажет. Елдің арқа сүйер тұтқасы оның жастары. Өзім осы заманда өмір сүре отырып, елімнің болашағына жиі алаңдаймын.

«Бұл менің жерім! Бұл менің мемлекетім! Осы мемлекеттің иесі мен және менің құрбыларым!» деген ұғымды түйсіндім. Осындай сезім арқылы «мемлекетімнің гүлденуі, дамуы жолында не істей аламын?» деген сұрақ әлі де толғандырады.

Дана бабамыз әл-Фараби «Ғаламда әр адамның өз орны бар» деген екен. Жаратылыстың шындығы да – осы. Жер бетінде тіршілік кешетін жанның әрқайсысының өз мәні мен орны, атқарар ісі мен қалдырар ізі болмақ. Елдің

гүлденуіне үлес қосу әрбіріміздің міндетіміз. Тұлғалардың да тарих сахнасында іздері сайрап жатыр. Ел болашағына үлес қосу деген – өз тілімді құрметтеу, туған тілдің құдіретін аса құнды мұра ретінде бағалау, салт-дәстүрімді сақтау, қазақи болмысымды жоғалтпау .

Абай атамыз: «Орыстан өнер үйрен,ғылым мен білім үйрен, бірақ сана-сезімі мен салт-дәстүрін, тәрбиесін үйренбе» деген екен. Данышпан Абайдың бұл сөзіне барша қазақ халқы құлақ түруі тиіс. Әр адамның санасында осы сөздер ұрандай сақталу керек деп ойлаймын. Менің ойымша, қазақ халқы әлемдегі қарапайым,ұшқыр ойлы,тату халықтардың бірі.

«Мен қазақпын,биікпін,байтақ елмін,

Қайта тудым өмірге қайта келдім.

Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,

Айта бергім келеді,айта бергім» - деп, Жұбан атамыз жырлағандай, біз мәңгі өшпейтін халықтың ұрпағымыз, сондықтан мен қазақ болып туғанымды мақтан тұтамын. Әр адам өз елінің,жерінің патриоты болу керек.

Қорыта айтқанда, елімнің гүлденуі ұлтжанды жастардың қолында.

«Елге деген сатқындық ең алдымен оның болашағына сенбеуден басталады» деген екен Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев. Елімнің келешегін ойлағанда жүрегім қорықпайды қайта қуанады, себебі мен елімнің болашағы біз сияқты, елін сүйетін, болашақ жастардың қолында екенін жақсы білемін. Тұғырың терең, мәртебең асқақ,бақытың мәңгілік болсын, менің сүйікті Отаным – қазақ елі.



Қуандық Ақсезім
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы,
«Терісаққан орта мектебі» КММ
6-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Клютова Гульназ Жаугаштыевна**

Жыл басы-Наурыз туралы менің ойым...

Қазақтар талай рет тұтасымен қырылып кетуге шақ қалды. Бірақ өмірге деген құштарлық, азаттық, еңсесі түскен елді қайыра түлетіп, қайтадан тәуекел тұғырына қондырып отырды.

Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Республикасы көпұлтты унитарлы мемлекет болғандықтан республика тұрғындарының татулығы мен бейбітшілігін сақтап, ұлтаралық бірліктің маңыздылығын негіздейтін ең негізгі факторы – қазақ тілі мен салт-дәстүрі. Сондықтан бәріміз бірігіп мемлекетіміздің тәуелсіздігінің басты белгісі ана тіліміз - қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, қолдану аясын кеңейтуімізге әле де болса жұмыстар жүргізіп келеміз. Тәуелсіздікке жету жолында ұмытылып бара жатқан салт-дәстүр, ұлттық тіліміз үшін аянбаған қазақ жоқ шығар. Міне, 30 жыл өтіпті қазақ тілі қолға алынып басшылықта отырған өзге ұлт өкілдерімен бірге Наурыз мерекесін жылда тойлау үстінде. «Ұлт боламын десең, бесігінді түзе»-деп бекер айтпаса керек. М. Жұмабаев: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» - дегені хақ, иә біз салтымыз арқылы иманын жоғалтпаған қазақпыз. Ата дәстүрін ардақтау-қазақтың халық педагогикасының ұлттық ұжданы. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, халық атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келесі ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелейді. Ата дәстүрі бойынша ең әуелі әкені, содан соң атаны, ата-бабаны құрметтеп, солардың алдында ұрпақтық қарыздарды өтеу- кейінгі ұрпақтың міндеті. Ол ұрпақтың борыштары: ананың ақ сүтін, еңбегін өтеу, ата дәстүрлерін құрметтеп, одан әрі олдәстүрлерді жалғастыру, дамгершілік қағидаларды қалтықсыз орындау болып табылады. Тәуелсіз мемлекетімізде ата-бабамыздан қалған қазынаның бірі салт-дәстүрімізді насихаттай отырып, ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан тәрбие көзін мақсат ету. Санасына сіндіріп, ұлттық құндылық дәстүрімізді насихаттауда Наурыз мерекесінің ұрпақтан -ұрпаққа келе жатқан үрдісті әрмен қарай дамыту. Ел болып ақ үй тігіп алты, сегіз қанатты үйлерден қымыранын сапырған әжелеріміз әнін айтып бозбала алтыбақан теуіп думанды той жасаған. Ал енді тоқталар болсақ:

Қазақстанда ресми түрде Наурыз 1988 жылдан бері тойланып келеді. Бұл мерекені Шығыс елдері Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Тәжікстан, Пәкстан ерте кезден өткізеді. Бұл мереке табиғат пен адамның үндестігін көрсетеді. Наурыз күн мен түннің теңелген күні. Көктемгі күн тоғысы наурыз айының 21-нен 22-не ауысқан түні болды. Осы уақыттан бастап күн ұзарып, түн қысқарады. Наурыз — жыл басы. Парсы тілінде «нау» — «жаңа», «руз» — «күн» деген ұғымдарды білдіреді. Халық наурыз мерекесіне алдын — ала дайындалады. Дәстүр бойынша үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ернеуіне дейін айранмен, сүтпен немесе

бұлақ суымен толтырылады. Бұл — тоқшылықтың белгісі. Табиғатпен байланыс күн Анаға деген тағзымнан көрінеді. Бұл күні ең қасиетті күн деп санап, бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылған. Аналарымыз тазалықты қолға алып үй маңын жинап, тәттілерін пісірген. «Бұлақ көрсең, көзін аш!», «Бір тал ексең, он тал ек!», деген сөз осыдан шыққан болу керек. Мұсылмандар үшін Наурыз – достық, еңбек, бейбітшілік мерекесі болып саналады. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Құшақтасып, көрісіп жақсы жоспарларымен, жаңалығымен бөліскен. Дастарқанның басты асы наурыzkөже болған. Наурыzkөже жеті түрлі тағамнан жасалған. «Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!» деген сенім бар. Дастарқан басында жастар үлкендердің батасын алған. Бата – үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!»-деп бата береді. Наурыз – мұсылман елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, Ұлыстың ұлы күні деп ақ сақалды қариядан бата сұрап, тұсау кесіп, ат жарысып, көкпар тартқан елеулі мереке әле күнге дейін жалғасып келеді. Ал бас шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі Наурыз мерекесі. Қазақ этнопедагогикасының үлкен бір саласы қазақ халқының салт-дәстүрі болып табылады. Халықтың игі әдеттері дағдылана келе әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлерге халықтың өмірінде қалыптасқан салт-дәстүрлер, салт-саналар болып қалған. Халықтың салт-дәстүрлері, рәсімдер мен жөн-жоралғылар, ырымдар мен тыйымдар, түрлі сенімдер өмірде қолданыс тауып келеді. Оның бәрі дамып, толысып, жаңарып отырған. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет- ғұрыптар сол халықтың тұрмысына, тәрбиесі мен мінезі, сеніміне, ырымына қарай қалыптасып келеді. Қазақ «Ат тұяғын тай басар» деп кейінгі ұрпақтың ата салтын бұзбауын, ұмытпауын талап етеді. Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын, тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістер. Ол – қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқының, іс-әрекетінің рухани негізі. Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел дәстүрге де бай. Қасиетті қазақ халқының салт-дәстүрлері өте көп. Қазіргі кезде ұмытылып бара жатқан салт-дәстүріміз де бар. Сол атадан келе жатқан дәстүрді біздер ұстаздар қауымы сынып сағаты, тәрбие сағаттарында кеңінен насихаттау арқылы ұмытпауға жағдай жасаудамыз. «Ата салтың – халықтық қалпың» дегендей, өз жұртының қадір- қасиетінен мәлімет беретін ғұрып қасиетпен, оған мейілінше құрметпен қару-ұлтымызға, елдігімізге сын. Тыңдар құлаққа, көрер көзге, сезінер жүрекке танымал, басқа елдерде жоқ дәстүр өрнектері, ортақ мұралары, тұрмыс-тіршілігіндегі керемет салт-ғұрпы мақтаныш сезімін тудырып, жұртшылықты жалпы отаншылық пен елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды міндет атқарумен келеміз. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жаңғырған қоғамның тереңнен бастау алатын рухани коды болатыны айтылады. Сондай-ақ, мақалада ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелденуіне, ұлттық салт- дәстүріміз бен тілімізді, мәдениетімізді сақтауға, бағалауға, дамытуға баса назар аударылып осындай мерекелеріміздің жаңғыруына толықтай жағдай жасалды. Елбасы өз мақаласында ұлттық рухани код туралы жазды. Бұл «қазақты қазақ ететін қандай құндылықтар, қандай мәдениеттің бағыттары» деген сөз. Біз тек тамағымыздың тоқтығына мән болмай, рухымыздың күштілігіне, қадір- қасиетіміздің молдығына бүгін мән беруіміз керек. Адамға тек жұмыс күші, материалдық өндірісті игіліктерді шығаратын тұлға деп емес, қоғамның маңызды күші, рухы биік тұлға, рухы биік қазақ, рухы биік Қазақстан мемлекетінің азаматы деп қарауымыз керек» деген ойын білдіреді.

Мен де толық қосыламын. Мен өз елімнің патриотымын.

Қорыта келе, басқа ұлт өкілдерінің диаспорасы болып табылатын қазақстандықтар бүгінгі таңда қандай этникалық топқа жататындығына қарамастан қазақ тілі мен мәдениетіне салтына оның мемлекеттік қызметінің сақталуы мен нығаюының маңыздылығына көңіл бөлуде және мерекелердің тойлануында барлық ұлт бірге бас қосады сол Наурыз мерекесі. Бұған дәлел ретінде соңғы жылдары Қазақстанда қазақ тілінде еркін сөйлейтін, дәстүрімізге қызығатын адамдар санының біртіндеп көбейіп келе жатқандығын айтуға болады. Қазақтың салт-дәстүрін қастерлейік. Біз қазақ елі ынтымағы жарасқан көп ұлтты еліміздің осы бірлігін арта берсін, әрбір шаңыраққа Қыдыр дарып, бақ қонсын, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!



Қуандық Іңкәр Темірбекқызы
Ақтөбе қаласы, Қызылжар ауылы,
М.Мақатаев атындағы №73 ЖББОМ
9-сынып оқушысы

Жетекшісі: Жұманова Шынар Сайхолқызы

Күн мен Ай

Бірде Күн Айға қарап:

- Сен келгенде айналада ешкім болмайды, - деп кемсітеді.

- Өйткені сен шыққанда барлық тіршілік иелері шаршап, содан мен келгенде тынығады, - дейді Ай.

- Әрине, себебі қажетті тірліктерін күндіз, яғни мен барда бітіреді: жұмысқа, сабаққа, бала-бақшаға барады, - деп қалыспайды Күн.

Осылайша екеуі біраз сөз таластырады. Олардың сөзге келіп жатқанын Бұлт байқап, жандарына келіп:

- Екеуің неге ренжісіп жатсыңдар? - деп сұрайды.

- Күн мені кемсітіп жатыр, - деп жыламсырайды Ай.

- Сен де мені жамандағансың, - дейді Күн де.

Бұлт:

- Доғарыңдар, бұларың дұрыс емес. Адамдар екеуіңді де жақсы көреді. Екеуің де оларға қажетсіңдер. Адамзат үшін әрқайсыңның да өзіндік маңыздарың бар, - деп келісімге шақырады.

Өз қылықтарына ұялған Күн мен Ай достасып, содан бері ренжіспей, бірі күндіз, бірі түнде Адам баласына қызмет етіп келеді.



Қуаныш Томирис
Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы,
№1 Ембі қалалық ЖББОМ
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Дошняязова Гулназия Адилгереевна**

Мәңгілік ел тұғыры – тәуелсіздік

Бабаның қасық қанымен, ананың көз жасымен әрең жеткен тәуелсіздік, батырды түнде ұйқысынан, жарын тосқан келіншекті күндіз күлкісінен айырған тәуелсіздік.

Тарих сахнасында аты қанды жазумен жазылар, қантөгіспен келген тәуелсіздік туралы кейінгі бөлімде сыр шертетін боламын.

*Еркіндігім, қасиеттім, қастерлім,
Өзің барда өзегімде жоқ шер, мұң.
Кеше сенің келбетіңді арман ғып,
Боданына бұғауландық басқа елдің.
Бабалардың басын тігіп бәйгеге,
Аналардың жанарына жас бердің...
Уа, еркіндік,*

Қош келдің!, - деген елін сүйген, ақиық ақын Қалқаман Сариннің өлең жолдарын басшылыққа алуды жөн санадым.

Тәуелсіздік сөзі жаңғыра қалса, ой-санамызға ең алғаш адам шығыны, көз алдымызға әп сәтте ақ жаулықты, елеңдеулі ананың бейнесі, құдай қосқан жарын тосқан, бет орамалынан жасы кеппеген әйелдердің ажары елең ете өте шығады. Расында, тәуелсіздіктің тұғырын биікке көтеру оңайлықпен келген жоқ. Отаны үшін, жері үшін қан майданда қолына қару алып, ақтық демі қалғанша шайқасқан біртуар батырларымыздың арқасында қазіргі таңда алар асуларымыз бен бағындырар белестерімізге еш қиындықсыз жетіп, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүріп жатырмыз.

«Білекке сенген заманда ешкімге дес бермедік,

Білімге сенер заманда қапы қалып жүрмелік», - деген Абылай ханның қанатты сөзі қазіргі замандағы жастардың ұраны болуы керек деп ойлаймын. Себебі қазір бейбітшіліктің туы желбіреген заманда тылдан келген жаумен емес, сырттан келген ақылдымен санасатын мезгіл.

*«Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар.*

Мен жастарға сенемін», - деген Мағдан Жұмабаевтың сенімі діттеген шыңымызға жетпейінше жүрегімізде үміт сәулесі болып жарқырайды.

«Ел мүддесі, ұлт тағдыры шешілер шақта бұғып қалғанның бәрі - сатқын», - деген Міржақып Дулатовтың бұл сөзі адам мінезін қайрау арқылы патриоттыққа, елін сүйуге әкеледі. Елін сүйген, елі сүйген тұңғыш елбасымыздың сенімі мен үміті болып отырған біз сенімді ақтауымыз керек.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін Бауыржан Момышұлының сөзімен аяқтасам – «Елін сүй-мінезден». Тарихқа терең бойлау арқылы елін сүйер, патриоттық оты жүрегінде лаулар ұрпақтың туыларына сенімім мол.



Қуанышбай Ақниет Берікқызы
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы,
Алтынды ЖББОМ
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **А. Дүйсенова**

Туған жер – тұғырың

*Туған жер - ата қоныс, атамекен,
Бауыры талай жанға болған мекен.
Әр ұлттың басын қосқан бір арнаға
Қазақ елі – ұлы ел, менің өлкем.*

Атамекен, туған жер жайлы, оның табиғатының сырын, тарихи шежіресін, ондағы атақты адамдарын білу-сол өлкенің ұрпақтары үшін өтелмес парыз. Өйткені, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап көрсеткендей «Ауыл дегеніміз – сайып келгенде халықтың тұрмыс-салты, мәдениетіміздің, дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыз бен рухани тіршілігіміздің қайнары». Мұны ауылдық жерде өскен әр адам жақсы түсінеді. Өйткені, ауылда туып, ауылда өскен адам еңбекпен есейіп, жер мен елдің қасиетін терең ұғынады. Туған жер табиғаты әр адамның жүрегіне нұр құйып, өмірін жырға айналдырары хақ. Сол себепті де «Туған жердің түтіні де тәтті» көрінеді.

Туған жер – бұл сөздерді естігенде, жан-дүниеңе ыстық сезім ұялайды. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деген қанатты сөз бар. Шынымен де, туған жердің әрбір тау мен тасы, өзені мен көлі, ауасы мен топырағы бәрі де адам үшін ыстық болады. Адамның туған жері көзге жылы, көңілге ыстық көрінеді. Туған жеріңе сүйіспеншілігіңді сөзбен жеткізе алмайсың. Адам баласы туған жерін ешқашан ұмытпайды. Менің туған жерім мен үшін қымбат. Мен туған жерімнің тұнық ауасымен дем алып, бақытты өмір сүріп жатырмын.

Қасиетті, туған жер! Бойымдағы бар жақсы қасиеттерім үшін мен саған қарыздармын. Қажырлық пен қайсарлықты құзды, шынды тауың мен асау желің үйретсе, жомарттық пен ақпейілділікті мына жатқан жеміс талы сай-салаңнан үйрендім. Шыдамдылық пен байсалдылықты шетсіз де шексіз далаңнан үйрендім. Жаза берсем тарихы таусылмайтын, табиғаты көркем, қаймағы бұзылмаған ауылым алтын бесігім. Осы Алтынды ауылда туып-өскеніме, Тұрғанбай атамның ұрпағы болғанымға өзімді мақтан етемін!



Құдбаева Нурсая Қырымқызы
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,
Белқопа ауылы, Белқопа ЖОББ
мектебі оқушысы



Жетекшісі: Жақыпова Жаннұр Қарасайқызы

Әріптер туралы ертегі

Баяғы өткен заманда Әріптер ауылы болған екен. Сол ауылда әріптер тату-тәтті өмір сүреді. Олар, бір-бірімен татулықта, ауыз біршілікте күн кешті. Ол елдің патшасы – Әліппе. Әліппе әділ басшы, жаны жомарт болған екен. Бұл елде бір қызығы 42 отбасы өмір сүрді.

Бір күні әріптер ауылына қара бұлт үйіріледі. «Қате» деген бүлікші келіп, патша мен халықтың арасына іріткі салады. Сиқыры мен әріптер еліне сия шашып, жаулап алмақшы болады. Ол жағдайды естіген ауыл тұрғындары Әліппе патшаға жүгінеді. Өйткені, патшалыққа көз тіккен Қатенің патша болуын халық қаламады. Халық жиналып, ойласады. Жасы үлкен А деген ақсақал шығып, былай дейді:

- Халқым, біз Қатеден құтылу үшін, ынтымақтастықта бірігіп, бір тұтас сөзге айналуымыз керек. Сонда ғана Қатені жеңе аламыз. Себебі, Қате ол әріпті ғана құртады. Ал, біріккен бір тұтас елді бір өзі жеңе алмайды.

Ақсақалдың айтқанын тыңдаған халық өз елдерін Қате деген жауыздан аман алып қалады. Әріптер әлемі үлкейіп, сөздер әлеміне айналады.



Қылышнiaz Ерсултан
Ақтөбе облысы, Темір ауданы,
Кеңқияқ ауылы
Кеңқияқ ЖОББ мектебінің
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: Сатанова Айдана Куттыбаевна

Әлем балалар көзімен

Менің әлемім – ертегі. Әр күнім бақытқа толы. Балалық шақтың сиқырлы әлемін аралап жүргендеймін. Себебі мен бейбіт аспан астында, алаңсыз ойнап күліп жүрмін. Осындай жайдары, жайма-шуақ өтіп жатқан әр күнімізді бағалайықшы. Дегенмен біздер үшін күн шуағын төгіп тұрса да, кей жерлерде аспан түнеріп тұр. Бірде ашық түсті, қызылды-жасылды әлем, бірде сүреңсіз қара бұлт төнген әлемге айналады. Ертегі-әлемімнің басын бұлт шалмаса екен. Мен үшін әлем барлық адамзатқа тең болу керек. Әсіресе, балалар мен аналардың жыламағанын қаламаймын. Жер шарында қаншама ел бар болса, сонша тағдыр бар. Мен тек өз елімнің ғана бақытты болғанын қаламаймын. Әлемде тыныштық орнаса екен деймін.

Менің ертегі әлемімде мейірім мен адалдық қаншалықты көп болса, қатыгездіктің де соншалықты кең тарағаны қынжылтады. Біздің елімізде 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялап жатсақ, көрші Украина мемлекетінде сәбилердің көз жасы көл болуда, аналар балаларынан, балалар аналарынан айырылуда. Бұл деген сұмдық қой? Ресми мәлімет бойынша 300-ге жуық бала мерт болған. Қандай қасірет десеңізші!? Жазықсыз балаларды өлтіруге қолы барған әскерлердің өз баласы жоқ па екен? Міне, балаға қамқорлық танытатын, қорғайтын үлкендердің ісі осындай.

Жер бетінде 2,2 млрд бала бар екен. Олардың екі миллиардқа жуығы дамушы елдерде тұрады. Демек осынша баланың жағдайы нашар, науқас. Өзім секілді балалардың қиын жағдайда өмір сүріп жатқаны жаныма батады. «Бала - болашағымыз» деп ұрандататын ересек адамдардың балаларды қорғаудың орынына қайғы жамылып жатқанына сене алар емеспін. Әлемді шынайы көретін, ешбір алдаусыз, өмірден тек қызықты сәттер болғанын қалайтын бала жүрегін алдамау керек.

Менің ойымша, ересектер жалпыадамзаттық құндылықтарды еске түсіргенде ғана, балалардың болашағы жайлы ойлана бастайды. Біз өмір сүріп жатқан әлемде балалардың бақытты болуын шынымен қалайтындар, әлемді жаңартуға, өркендетуге барынша атсалысса екен.. «Балам дейтін жұртың болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, мемлекет болашағын балалармен байланыстыратын әрбір мемлекет балалардың біліміне, денсаулығына аса қатты назар аударары хақ. Біздің Қазақстан Республикасының Президенті Қасымжомарт Кемелұлының биылғы 2022 жылды «Балалар жылы» деп атағаны бәрімізді қуантты. Биылғы жылы біздер үшін тосын сыйларға толы жыл болмақ. Тіпті Украинадағы балаларға да қамқорлық танытармыз. Барыс жылының балаларға берері көп болса екен.

Сөзімді түйіндер болсам, мен біздің әлемнің қуанышты болғанын, бақытты өмір

сүргенін қалаймын. Мен әлемнің гүлденгенін, жаңарғанын, дамығанын көремін және сенемін. Әр баланың көзінен жылулық пен от көргім келеді. Өмірге құштар болғанын қалаймын. Өз құрбыларым мен достарымның жүздерінен тек бақыт көргім келеді. Ешбір бала жыламасын, анасынан айрылмасын. Әрбір баланың арманы орындалып, балалық шақ әлемі есінде мәңгі қалатындай қызықты өтсе екен. Балалық шақ – өмірдің жақсылығы мен қуанышының таусылмайтын бесігі дер едім. Әлем менің көзіммен әдемі болады, егер әр баланың балалық шағы бақытты болса.

Біз-әлем балаларымыз,

Үмітін ата-ананың ақтайтұғын.

Ұстаздар шәкіртім деп мақтайтұғын,

Балалар болашағы еліміздің,

Бүгінді ертеңменен жалғайтұғын,- деп жырлағандай «Болашақ» қамалдың іргетасын қалаушылар осы Әлем балалары.



Леонова Дарья
Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы,
«№1 Бадамша ОМ»КММ
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: Базарбаева Жанаргуль Бахыткалиевна

Көп ұлтты, тату елім-Қазақстан!

Әрбір адамның өз Отаны, жері, мәдениеті, салт-дәстүрі бар. Сол сияқты менің де Ұлы Отаным бар. Ол-Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан – өте үлкен, бай, егеменді, көп ұлтты мемлекет. Менің кіші Отаным – Бадамша ауылы.

Мен Бадамша ауылында туып-өстім. Мен жаңа мектепте оқимын. Мектеп – ауылымның ең басты ғимараттардың бірі. Біздің ауылда жиырмадан астам ұлт өкілдері тұрады, мектептің өзінде он бір ұлт өкілдерінің балалары білім алуда. Ауылымыздың көп ұлтты болуының да өз тарихы бар. Мекен тұрғындары әртүрлі себептермен қоныс аударған.

«Дүниеде біздің елден де басқа елдер көп, әр түрлі мемлекеттер мен жерлер бар, бірақ адамның туған анасы да жалғыз, Отаны да жалғыз». Мен осы пікірмен келісемін. Өйткені мен өз отанымды, елімді, жерімді жақсы көремін және қадірлеп, мақтан тұтамын. «Жеті атасын білмеген, жетесіз» дегендей мен де өз ата-бабаларымның тарихына үңіліп, зерттеу жұмысын өткізуге тырыстым. Менің түп аталарым кім, олар Қазақстан жеріне қайдан келді деген сұрақтарға жауап іздедім. Үлкен нағашы атам мен әжем Украин жерінің тұрғындары болған, атам сол жерден соғысқа аттанып, Ұлы Отан соғысына қатысқан. Оның ордендері мен медальдері біздің үйдің мұрасы. Нағашы әжем 1943 жылы Қазақстан жеріне депортацияланған. Соғыстан кейін нағашы атам мен әжем отбасы құрып, Бадамша ауылында мекендеген. Әкемнің ата-анасы 1960 жылдары тыңға келген. Осылай біз Қазақстан жерінің тұрғынымыз. Менің бойымда орыс, украин қаны бар, бірақ мен қазақстандықпын.

Мен өзім орыс қызы болсам да, қазақ тілін білуге тырысамын. Өйткені ол менің болашағым. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», дегендей сөз бар ғой. Бұл сөзді Елбасымыз бекер айтпаған. Мен қазақ халқының салт-дәстүрлерін, тарихын, мәдениетін білуге тырысамын. Мен қазақ тілінен көптеген іс шараларға қатысамын. Абай өлеңдерін жатқа үйренудемін. Сол арқылы қазақ тілін жетік меңгергім келеді.

Келешекте қазақ тілің жетік білетін азамат боламын. Менің ойлауымша, әр азамат өз елін, жерін қадірлеу керек. Сонда ғана біз тату, бейбітшілікте өмір сүреміз. Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында барлық қазақстандықтарға ашық аспан, бақыт, зор денсаулық және амандық тілеймін. Жылдан жылға Отанымыздың гүлденуіне және дамуына тілектеспін. Еліміздің болашағы зор, жарық болсын!



Мадетхан Дильназ Нурболқызы
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы,
Исатай Тайманов атындағы гимназия
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Хажай Тамара**

Рәміздерімізді құрметтейміз

Біз тәуелсіз Қазақстан жерінде өмір сүреміз. Рәміздер-біздің еліміздегі дүниежүзіне танытатын мемлекеттік бет-бейне. Әр мемлекеттің өзіндік рәміздері бар. Менің жерімдегі рәміздер үшеу. Олар мемлекеттік ту, елтаңба және әнұран. Бұл рәміздер Қазақстан елінің тұрғындарына өз еліне деген сүйіспеншілікті, патриоттық тәрбиеге баулиды.

Біз неліктен рәміздерімізді құрметтеп қадірлей білуіміз керек?. Себебі әр адам өз елінің рәміздерін мақтан тұтады. Ол халықтың бойына күш-қуат, рух береді.

Өз рәміздерімізді айта кетсем, бірінші туды айтар едім. Біздің мемлекеттік туымыздың түсі-көк. Оны немен бейнелейміз десек, туымыз халықтың ашық аспан астында бейбіт саясат ұстанатынын бейнелейді. Тудың ортасында шуақ шашқан күн бейнеленген. Астындағы қыран қазақ елінің еркіндігі мен азаттығын білдіреді. Ал елтаңба біздің басқада ұлттармен достық қарым-қатынасымызды шанырақ түрінде суреттелген. Елтаңбадағы шаңырақ ол еліміздің татулығы мен достығының белгісі. Әнұран-мемлекет немесе тап бірлігінің белгісі ретінде қабылданған салтанатты ән. Әнұранның авторлары Шәмші Қалдаяқов (әні), Жүмекен Нәжімеденов және Қазақстан Республикасы тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Әнұран ресми рәміз ретінде, Қазақстан болашағы мен өзінің болашағына сенетін қазақстандықтардың ортақ қазынасына айналып кетті.

Біз рәміздерімізді білмесек онда тәуелсіздігіміздің не қажеті бар? Сондықтан да біз рәміздерді құрметтей білуіміз керек. Және рәміздер тәуелсіздіктің кепілі деп босқа айтпаған, өйткені рәміздер Қазақстанның бір бөлігі.

Қортындылай келе әрбір қазақ өз рәмізін құрметтеп қадірлеу керек. Себебі рәміздер біздің өсіп келе жатырған жас ұрпаққа ұлттық тәрбие көзі.

Сондықтан да біздің рәміздер біз үшін қасиетті зат деп те санауға болады. Менің қазақтарға айтар сөзім егерде сіз Қазақстан мемлекетінде тұрсаңыз әрбір қазақ өз мемлекетінің дәстүрін, рәмізін білу парыз деп санайды. Сол үшін қазақ халқында дәстүрлерді ерекше қадірлеген. Мен рәміздерімді мақтан тұтамын және биік ұстаймын.



Миненко Артем
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы,
«Терісаққан орта мектебі» КММ
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Клютова Гульназ Жаугаштыевна**

Тәуелсіздік- тұғырым...

Біз Тәуелсіздікке қалай жеттік? Қазақстан Тәуелсіздік Мемлекет! Осы бір қасиетті де, қастерлі ұғымға тұнып тұрған киелі атауды ата-бабаларымыз қаншама жылдар, жылдар емес-ау, ғасырлар бойы аңсамады десеңші! Қазақстан – бұл бай тарихпен көне мәдениетпен және ерекше табиғатпен ерекшеленетін ұлы мемлекет. Қанша еңбек, тер, қан, қуаныш және бейнет өткен ұрпақтар үлесіне тиді. Жоңғарлар мен соғыстар, патшалықтың қиын кезеңі, Ұлы Отан соғысы – қазақ халқының көп қайғыны бастан кешірген кезеңдері.

Менің ойымша, Тәуелсіздік – бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар, ертеңгі өмір- Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары болып табылады. Тәуелсіз болу өз тағдырыңа жауап беру деген сөз. Әр Қазақстанның азаматы айырықша күнін есте сақтады және онымен мақтанды. Бұл кезең бізге оңайшылықпен келген жоқ. Бұл жолда көптеген қан төгілді, ата-әжелеріміз қыршынынан қиылды.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының саяси тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң қабылданды. Осы жылы біздің тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл болады. Ұлттық тіліміз бен валютамыз қарыштап дамыды. Тәуелсіздік алғалы Қазақстан көптеген жетістіктерге жетті. Қазір де елімізде тыныштық заман орнап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман келді деп мақтанышпен айта аламын. 30 жыл ішінде неге қол жеткіздік деген сауал туса, тізбектеп сөзбен жеткізу мүмкін емес. Мемлекетім бір басына жетерлік іс тындырды және де жүзеге асырды. Еліміздің экономикасы мен кен шығару орындары, техника және технология даму үстінде. Қазіргі жастарға білім алу мүмкіншілігі жоғары деңгейде.

Еліміздің барлық саласындағы қызметкерлерге шет елдің түрлі саладағы мамандарымен білім алуға жағдай жасалды. Ғасырлар бойы арман еткен егемендікті қазақтың басына қонған бағы, астына орнаған тағы деуге болады. Береке - бірліктің арқасында әлем таныған іргелі мемлекетке айналдық. Осының бәрін тәуелсіз елдің мақтанышы деуге болады. Еліміздің туы көкте қалықтап, ынтымағы жарасқан ел болайық.



Мунбаева Айгерим
Ақтөбе қаласы, Кеңес Нокин ауылы,
Благодар орта мектебі.
7 «Б» орыс сыныбының оқушысы



Жетекшісі: **Мейірман Әлия Машырыққызы**

Ахмет атаға

*Егін өлеңін бізге
Арнадыңыз білуге.
Ахмет ата, ризамын
Бұл өлеңге.
Айтылған әрбір сөзі
Үлгі -өнеге
Бидайды мысал етіп
Бұл өмірде,
Жақсы мен жамандықты
Сақта өзіңе.
Деп бағыттап,
Үйреттіңіз сіз бізге.
Тәкаппарлық жамандықтың
Белгісі ме?
Бос бидайдай
Қуыс екенін көрсете ме?
Көңілге неше түрлі
Ой түйгізіп.
Мақсат еттің
Жақсылықтың еншісіне.*



Муратова Мирина
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы,
«Терісаққан орта мектебі» КММ
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Уразова Айслу Таусогаровна**

Кітап

*Бір сандықты қазынаны мен де аштым,
Ішінен жақсы жайсаң досты таптым.
Өзіне тартып алар құдіреті бар,
Ақылшысы білім қуып жүрген жастың.*

*Алғашында сандықты сығаладым,
Осы еді деп Алладан сұрағаным.
Ішінен әріп толы кітапты алып,
Әріп жаттап, одан сөз құрағаным.*

*Жыл санап қазына да тола берді,
Кітаппен достасқандар оза берді.
Кітаптан керегін сол тапқан сайын,
Білім іздеп қол ұшын соза берді.*

*Жаныңа не керектің бәрі осында,
Жан-жануар, тіршіліктің нәрі осында.
Іздесең салт-дәстүрін халықтардың,
Парақтай бер, табасың дәл осында.*



Мусаева Аружан
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы,
«Терісаққан орта мектебі» КММ
9-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Клютова Гульназ Жаугаштыевна**

Мен білетін – Абай ата

Абайды білу парыз ойлы жасқа. Дархан халықтың дана Абайы. Күллі қазақ халқы атын мақтан еткен, әлем халықтарына қазақтай өнерлі, киелі ел барын білдіріп, түркі тілдес халықтың ортақ данышпан ақынына айналған Абай Құнанбайұлы мен үшін де неге басқа ақындардың ішінде жаныма жақын тұлға? Осы сұрақ төңірегінде өз ойымды білдіргім келеді.

Ең әуелі ауызға алатыным – Абайдай ақынды дүниеге әкелген киелі әулет – Құнанбай бабамыздың әулеті. Ұлы ақын, қазақ халқының мақтанышы Абай Құнанбаев – 1845 жылы 10 тамызда Семей өңірінде Шыңғыс тауларының етегінде дүниеге келген. Өте көп оқыған, халық ауыз әдебиеті мен жыр-қиссаларын тыңдап өскен, шығыс тілдерін меңгеріп, шетел әдебиетіне қызығушылық танытқан. Әкесі Құнанбай Қарқаралының аға сұлтаны, анасы Ұлжан азан шақырып қойған Ибраһим есімін Абай деп еркелете атаған, енесі Зере екеуі бала Абайды тектілікке тәрбиелеп, ұлы тұлға болып қалыптасуына ықпал еткен қазақтың асыл аналары.

Талантты адамға бір өнер аздық ететіні сияқты, Абайдарынды сазгер болған. Өз өлеңдеріне 20 шақты әуен жазған. Ол өлең жазуды ерте бастағанымен, көп уақыт бойы өз атынан жарияламады. Ақын заманында жазбаларды қағаз бетіне түсіріп, жариялау әлі үрдіске айналмаған болатын, сондықтан оның көп өлеңдері жарияланымсыз қалып, бүгінгі күнге жетпей қалған болуы мүмкін. Ал бізге жеткен өлеңдері оның ел арасына ауызша тараған шығармалары еді. Абайдың өмір жолы мен шығармашылығы туралы мәліметтердің жинақталуына, шығармаларының толық жиналып, жинақталып шығуына себепші болған – Көкбай Жаңатайұлы (1864-1927) болған. Ал абайтанудың негізін қалаған зерттеу жұмыстары Мұхтар Әуезовке тиесілі. Абай өз өмірінде өзінің бірде бір кітабын басып шығармағанымен, бүкіл қазақ даласы оның атын біліп, әндерін әуелете шырқаған.

Маған ұлы ақынның «Жаз» деген өлеңі бала кезден ұнайды. Жазды күнгі дала өмірін суреттейді. Бұл өлеңде табиғат жалғыз емес, ол адаммен және адамның тұрмыс-тіршілігімен тұтас байланыса сипатталады. Құлындардың шапқылап ойнақ салғанын, жас келіндердің жабыла үй көтергенін, қаз-үйректің әуелете самғауын, қарт кісілердің көлеңкелеп шәй ішіп, өзара сұхбат құрған шуақты сәтін өлеңде жылы жеткізеді. Жайлау көрінісі керемет сипатталған. Бұл өлеңді оқығанда менің де жайлау төріне барып, тазау ауаны рахаттана сіміріп, буы бұрқыраған самауырдың қою күрең шәйін ішіп, өзімді бақытты сәттің әсеріне бөлегім келеді.

Абай лирикасында көбіне әлеуметтік тақырып кең орын алады. Бұл тақырып күні бүгін де өзектілігін жоймаған, сондықтан болар әділетсіздікке тап болған әрбір қазақ оқырманы Абай өлеңдері мен қарасөздерінен өзіне рухани қолдау іздейді.

Ақын өз заманындағы жікшілдік тартыс етек жайған қазақ қоғамын өткір сынайды. Билік басындағылар мен бай-бағландардың дүниеқұмарлығы мен бетімен кеткен арсыздықтарына өлеңдерінде қарсы шығады. Ақынның әлеуметтік өткір тілмен жазылған өлеңінің бірі 1889 жылы жазылған «Болыс болдым мінекей» өлеңі. Бұл өлең – келеңсіз кегежей жергілікті басқару жүйесіне, сол кездегі әлеуметтік-саяси тәртіпке жазылған сатира болатын. Бұл өлеңнің өткірлігі- өлеңнің сол болыстың монологы түрінде жазылғандығы. Билікке кім ақшасы бар болса, дауыс жинау үшін ақшасын шашудан аямайтындар келетіндігі жайында ащы шындық бар.

Абайды өзге ақындардан бөлек жеке-дара қарастыратыным, Абай шығармашылығынан өзіме рухани қуат алатынымның тағы бір себебі – оның қара сөздерінде. Ақын шығармашылығында оның қара сөздері елеулі орыналады. Бұл – оқырман үшін ақынның ашық әңгімесі, халық өмірінің негізінде жазылған жеке адамның философиясы дер едім. Бұл жазбалардың Қара сөз деп аталуының өзі көп мағынаны білдіреді: проза жанрындағы дәстүрлі мәтін мен сөздерден айырмашылығының бар екендігінің белгісі, бұл жүректегі мұң мен сыздаған сырдың ақтарылуы, ең маңыздының, мағыналының атауын аңғартқандығы. Абай өз сөздерінің жазық далаға сіңіп, еститін құлақсыз қалғанын қаламады. «...ақ қағаз бен сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» деп, үміт пен күмәннің арасында жазады.

Абайдың қара сөздерінің астарына үңіліп, әр сөйлемінен насихат іздейтін болсақ, талай уақытты сарп етіп, том-том кітап жазуға болар еді-ау. Ақынның қара сөздері әлі тыңғылықты зерттеуді, тиянақты бағалауды қажет етеді.

Ақын 25 қара сөзінде халыққа орыс тілін, өзге тілдерді үйрену керектігін, сол арқылы сол өзге ұлттармен тең дәрежеде тұратынын, өзге мәдениетті үйрену арқылы әлемге жаңаша көзбен қарай алатынын, кедергілерден құтылатынын айтады.

Абайдың ұлылығының тағы бір дәлелі - Абай керемет туындыларды өзі жазып қана қоймай, орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударған сауатты тәржімашы да. Абай шығармалары мен аудармалары халық арасында жазба түрінде және ауызша жылдам тараған. Ерекше ақындық дарын, ақыл-ой, әділеттілік пен халқына деген кіршіксіз сезім – осы қасиеттердің бәрі Абайды өзгелерден даралап, атақ-даңқын асқақтатты. Ақыннан шенеунік, билік иелерінен қысым көрген, еш жерден әділдік таппай шырылдаған адамдар көмек сұрап, ақындық шеберліктен сабақ алғысы келген, білім алғысы келген жастар кеңес сұрап баратын болған. Ақының бұл танымалдылығы жергілікті байшікештерге, орыс феодалдарына, молдаларға ұнамаған. Сол себептен оның сыртынан түрлі жала жабылып, айыптар тағылып, Абайдың нәзік жанына кетпес жара салған. Абай лирикасы бізді оның өмірдің мәні туралы толғаныстарымен, адам бақыты, оның адамгершілік сипаты жайлы ойларымен таныстырады.

Қорыта келгенде айтарым, Абай халқынан да, аузы дуалы қазақтың ойшыл ғұлама ғалымдарынан да өз бағасын әлдеқашан алған дара ақын. Абайдың 175 жылдық мерейтойы өз деңгейінде қазақ жерінде бірауыздан ескерусіз қалмай, маңызды шаралармен атап өтіліп жатыр. Абай өлеңдерін мен оқыған сайын түсінетінім, адамзат жамандық, зұлымдық жасауға бейіл болғанымен, түптің түбінде өзін бәрібір жақсылық, ізгіліктің жағынан табады, сол тарапқа оралады. Өйткені табиғаттың үйлесімділігі – мейірімде, ізгілікте.



Мұханбетқали Амина Мұратқызы
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,
Белқопа ауылы
Белқопа ЖОББ мектебі
5-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Жақыпова Жаннұр**

Жақсының ісі

Ертеде жақсы мен жаман болыпты. Бір күні екеуі жолда келе жатып, дауласып жатқан екі адамды көреді. Жаман өзінің арам ойын іске асырғысы келіп, дауды ушықтыра түседі. Біраз жерге барған екі адамды көріп, жақсы шыдай алмай, екеуін достастырғысы келеді. Бірақ шыққан ашуды оңайлықпен баса алмасын көріп «Ашу дұшпан, ақыл дос» -деп қайталап, айта береді. Ашушаңдық адамды бір ақымаққа айналдырып жібереді. Өздерінің қатесін түсінген екеуі жақсының сөзіне құлақ түріп, сабырға келеді.

Жақсы: Ашу-шабыстырады,

Ақыл-табыстырады –деп,

екеуін табыстырады. Жаман өз ісінен ұялып, жақсыдан кешірім сұрайды. Өз ісіне көңілі толған жақсы, жаманды кешіреді.



Мылтықбаева Толғанай Қанафияқызы
Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы,
Жосалы ауылы
«Жосалы орта мектеп-балабақшасы» КММ
7«А» сынып оқушысы



Жетекшісі: Терекбаева Жауказын Нурлановна

Екі достың оқиғасы (Ертегі)

Тарихтың беттерінің көптігі соншалық, қай уақыт екенінен жаңылысып қалдым. Бірақ, әр заманда да өзектілігін жоғалтпас ертегіні назарларыңызға ұсынғым келеді. Еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін мағынасы зор ертегінің желісіне бірге зер салайық.

Бұрынғы өткен заманда, дін мұсылман аманда, қазақтың жазиралы кең-байтақ даласында екі дос өмір сүріпті. Есімдері мен оқиғалары да ерекше бұл екі достың есімдері де ерекше – Мелек пен Айсуні. Балалық шағынан бірін-бірі танитын, ойнап жүрген екі дос бір күні орманға серуендеуге шығады. Орман іші биік-биік ағаштарға толы. Қарасаң, көзің тоймайды! Ауылдарынан қашықтаған олар әбден шаршап тынығатын жайлы жерді іздей бастайды. Сөйтіп, орманның оң жағалауындағы өзен жағасындағы бір тігулі киіз үйді көріп, қуана жақындай бастайды. Киіз үй маңында адамның ізі көрінбегеннен соң, екі дос ішіне жайғасып демалуды жөн көреді. Бір кезде, Мелектің назары төрдегі дастархан бетіндегі бір параққа түседі. Қағазды бірнеше рет оқыған ол, бір кезде:

- Айсуні! Айсуні! Мынаны қарашы, - деп айқайлай жөнеледі. Мына парақта жазылған шын болса, жолымыз болды дей бер!

- Қане, маған да берші оқып көрейін.

- Мінекей.

- Шындық болғанның өзінде, біріншіден біз бұл киіз үйге рұқсатсыз кірдік. Ата-анамыз білсе қатты ашуланады ғой. Екіншіден, әжем маған рұқсатсыз заттарға тиіспеуімді жиі айтып отыратын. Сол үшін, қағазды орнына қойып, ауыл жаққа қайтайық.

- Сен қорқып тұрсың ғой, иә?!

- Жоқ, мен қорқып тұрған жоқпын. Оны қайдан шығардың?

- Ендеше, кеттік іздеп көрейік! Қызық қой.

- Білмеймін, досым. Саған сенемін ғой. Тәуекел!

Сөйтсе, бір парақ қағазда «Егер сендер осы сілтеме бойынша жүрсеңдер, өмірдегі ең бай адамға жетелейтін қазынаға жетесіңдер....» деп жазылыпты. Екі дос, карта бойынша өзен жағалауын барлауға кіріседі. Бір сәтте, өзге ағаштардан ерекшеленіп тұрған кәрі ағаштың түбіне келіп, қазынаны әрі іздейді, бері іздейді таппайды. Күн ұясына жақындаған тұста, Айсуні мен Мелек үмітін үзе бастайды. Кенет, орманда ағаштар тербеліп, құстар шулай бастады. Екі дос қатты қорыққанынан, дыбыс шыққан жаққа қарап үнсіз тұр. Олардың қорқынышы,

сол сәтте ағаштар арасынан бір атаның көрініс табуынан басылды. Атамен амандасып, мән-жайдың бәрін түсіндірген екі досқа, ата:

- Ей, шырақтарым! Қазына менің қолымда. Тек сендерге таңдау керек. Өз таңдауларын бойынша сұрағандарынның бәрін беремін, - деп тіл қатады.

Екі дос, бір-біріңе қарап басын изейді. Сөйтіп, ата қалтасынан бір кішкентай кітап пен жүз теңгені шығарады. Екі досқа қарап:

- Ал, балаларым сөз кезегі сендерде деп үнсіз ағаш түбіне отыра кетеді.

Осы сәтте, Мелек жүгіре келіп, ақшаны алады. Өміріңе өте мәз. Айсун болса, ата ұсынған кітапшаны алады. Ата болса:

- Бұл өз таңдауларың, бәрі уақыт еншісінде, - деп кішкентай балаларды үйіңе қайтарады.

Арада біраз жылдар өтіп, екі дос ержетеді. Ауылдарыңа қаланың күйбең тіршілігінен демалуға келген дос, біраз жылдан соң жүздесіп тұрғаны осы-ақ екен. Сөйтіп, қайтадан орманға серуендеуге келісіп, жолға шығады. Орманға келсе, сол баяғы киіз үй тұр екен. Ішіңе кірген екі достың назары бірдей ақ параққа түседі. Парақта:

- Шырақтарым! Мен сендердің қайтып келетіндеріңді білгенмін. Кезінде қазына іздеп, кітап пен жүз тиынды алғандарыңда, оның мәнін түсіндірмеп едім. Себебі сендер өте кішкентай едіңдер. Ал, қазір ержеттіңдер. Қазынаның мәні: адамның таңдауында. Сол күні, іздеріннен жүріп отыра сендерді бақыладым. Таңқалдым. Жүз теңгені бос жаратпай, қалам мен дәптер алып, кітапты бірге талдауларың маған тек алғырлықтарыңды ғана емес, шынайы достық жанашыр көңілдеріңді де көрсетті. Жарайсыңдар! Естеріңде болсын, өмірде амал дос бар, адал дос бар. Сол сияқты, жақсылық пен жамандық бар. Бәрі адамның өз таңдауы мен қолында. Дұрыс таңдау жасау үшін, білім алуларың керек. Ал сендер сол кезден-ақ дұрыс қадам жасадыңдар!

Екі дос хатты оқып болған соң, балалық шақтарын бір еске алып сыр шертеді.



Нұрболқызы Диляра
Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы,
Ш. Қалдаяқов ауылы,
«В.И.Пацаев атындағы орта мектеп» КММ
5«А» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Түрембет Гауһар Әбібұллақызы**

Сағыз (Ертегі)

Баяғы өткен заманда бір патшаның ай десе аузы, күн десе көзі бар Сағыз деген сұлу қызы болыпты. Патша қызыма лайықты жар болатын жігіт болса, тек менің үш шартымды орындап барып, қызыма үйлене алады деп жар салыпты. Шарты да қиын болса керек. Мен деген ханзадалар мен бекзадалар қызды ұнатқанымен хан алдына баруға жүрексініпті.

Сол заматтарда осы өлкеге басқа қаладан бір етікші жігіт келіп, терезеден тысқа қарап ойланып отырған қызды көріп, сұлулығына тәнті болыпты. Хан жарлығын естіген етікші Хан ордасына беттейді. Оны көрген жұрт:

- Ойебу, өлетін болдың-ау, барма!
- Жассың ғой, - деп жігітті аяп жанашырлық танытады.

Жігіт тыңдамай ордаға кіріп кетеді.

Сондағы ханның үш шарты:

- Ханның тізгінін ешкімге ұстатпайтын қазанатын ерттеп міну;
- Көп жылдар бойы аяғын баса алмай, төсек тартып жатқан анасын орнынан тұрғызу;

- Бағана басына ілінген теңгені садақ оғымен атып түсіру.

Мұны естіген жігіт: «Осы ғана ма? Оңай екен деп», қуанып кетеді.

Жігіт тек етікші емес, он саусағынан өнер тамған ұста, атбегі, далалық шөптердің түр-түрін білетін, ем-доммен де айналысатын болып шығады.

Ханның шарттарын орындау етікші жігіт үшін түк болмай қалады.

Бірақ, бұл ханға жақпайды. Егер, қызымды кедей етікшіге берсем, ел күледі деп, жігітті сиқыр жасады деген жалоған айыппен жазалауға береді.

Мұны естіген қызы Сағыз әкесіне ренжіп, шөпке айналып кетіпті.

Содан бері құм далада Сағыздың жерсағыз, құмсағыз, ірі, қысқатұмсықты сағыз болып бөлінетін он алты түрі өседі екен.



Нұрланқызы Жадыра
Ақтөбе облысы,
Қарғалы ауданы, Степное ауылы,
«Сазды орта мектебі» КММ
10- сынып оқушысы



Жетекшісі: **Азбергенова Самал Сериковна**

Менің сүйікті кітабым

Мен Ақтөбе облысының он бес жасар тұрғынымын. Қазіргі таңда үздік, белсенді оқушылардың қатарындамын. Бос уақытымды тиімді пайдаланып, кітап оқығанды жақсы көремін, мәнерлеп өлең оқитыным да бар. Менің оқыған кітаптарым: М.Әуезов «Абай жолы», Б.Момышұлы «Ұшқан ұя», С.Сейфуллин «Көкшетау», І.Жансүгіров «Құлагер», І.Есенберлин «Көшпенділер». Оқыған кітаптарымның ішіндегі ең ұнағаны – Ілияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» кітабы. Жазушының шеберлігі, көркем сөздерді қолдана білуі, кейіпкердің ішкі жан дүниесін, рухын, сезімдерін оқырманға жеткізе білуі өте ерекше ұнады. Бұл кітапта қазақ халқының XV ғасырдағы тыныс- тіршілігі суреттеледі, қазақ хандығының құрылуы кезеңіндегі қиыншылықтар баяндалады. Бұл кезең тарихтағы ең ерекше, ең маңызды кезең болып саналады. Көптеген қиыншылықтарды басынан кешірген қазақ халқы қаншама уақыттар бойы аңсаған азаттыққа қол жеткізді. Бұл кітаптың желісіне түсірілген фильмді де толықтай көріп шықтым. Қазақ халқының қаншалықты жігерлі, рухты халық екенін көруге болады, мұны Әбілқайыр ханның да мойындағаны белгілі.

Қорыта келгенде, Дешті қыпшаққа билігін жүргізіп келген Қазақ хандығының қандай жолмен құрылғандығын, қазақ халқының тарихын білгіңіз келсе, ойланбастан осы кітапты оқуға кеңес беремін.



Өмірзақ Ақтоты Алмасқызы
Ақтөбе облысы,
Қарғалы ауданы, Өлімбет ауылы,
«Өлімбет орта мектеп-балабақшасы» КММ
10«А» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Калдыбаева Перизат Нұрболатқызы**

Туған жер

*Ысты маған суы мен топырағы,
Ыстық маған оның бар атырабы.
Таяғымен қойларды тау басында
Атам менің қайырып отырады.*

*Онша ыстық болмайтын бұрын маған,
Әр жәндігі жердегі жыбырлаған.
Туған жердің түніне көрік берген,
Жұлдыздары аспанда жымыңдаған.*

*Достарым да осында үй жағында,
Отын шауып, тасып жүр жиғанын да.
Күні-түні еңбекпенен ұмытпайды,
Ауыл болып тойлайды мейрамын да.*

*Туған жерім жыл сайын түрленеді,
Көктем келсе жайқалып гүлденеді.
Атамдай боп мал жайып қартайғанша
Көмегімді беріп мен үлгеремін.*



Погорелова Анита
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы,
«Терісаққан орта мектебі» КММ
4-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Клютова Гульназ Жаугаштыевна**

Туған жер

*Терісаққан – атамекенім
Өзіңді мақтан етемін.
Жырақта жүрсем мен саған,
Сағына аңсап жетемін.*

*Терісаққан – ата қонысым,
Кеңейді менің өрісім.
Алысқа кетіп бауырлар,
Ізdedі еңбек-жемісін.*

*Терісаққан – менің Отаным
Өзіңде өскен ботаңмын.*



Қыдырбаева Аяулым
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы,
Көсембай елді мекені
Көсембай негізгі мектебінің
9 сынып оқушысы



Жетекшісі: **Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы**

Ана тілің – арың бұл

5 сыныпқа көшкен Жаннұр биылғы жазғы демалысын еліміздің ең көрікті, ең әдемі, ең үлкен қалалары алмалы Алматы мен ажарлы Ақтөбеде көбірек өткізді.

Апортымен әлемге танылған, ауылда өскен ісі қазаққа арман болған Алматыға келуі бұл екінші рет. Ата –анасының айтуымен қалалардың ішіндегі Алматы қазақы дәстүрді ұстанатын, спиртті ішімдіктерден бас тартып, оның орнына өзіміздің ұлттық өніміміз қымыз бен шұбатты шөл басатын сусындарына айналдырған екен. Оған ата –анасымен еріп туысқан апаларының тойына барғанда куә да болды. Ал, қаймағы бұзылмаған ауылдар да әлі спиртті ішімдіктер дәстүрлі тамағымыздай.

- Жаннұр біз көше аралауға шығамыз, сендерді де қыдыртайық - деді анасы.

Ата –анасымен көше қыдыруға шыққан Жаннұрға былтырғыдай емес Алматы көзі таныстай болып көрінді. Аяқ аттам жерді бассаң тойхана, супермаркет, шаштараз, кафе, клуб, дүкендер көбейіп кеткендей. Былтырғы дан есейгеніме Жаннұр қарсы алдындағы сауда орындарының атауларын оқи бастады.

«Мир электроники», «Планета электроники», «Сулпак» тұрмыстық техникалық бұйымдар, «Ассирия» кафесі, «Аселя» дүкені, «Магистр» түнгі клубы, оқып келе жатып таңғалды. Қазақтар тұратын қалада қазақша атауы бар сауда орындар жоқ болғаны ма? «Аселясы» несі?

- Анашым «Аселя» деген не мағына береді?

Жаннұрдың сұрағына жымыиып күлген анасы «Аселя» деген кәдімгі қазақ қыздарына қойылатын «Әсел» атты есім, бұл жерде Әселдің «Аселя» болып жазылуы дүкен иесінің қателігі, яғни қазақ сөзін орысшаға бұрмалап жазуында - деді анасы.

- Анашым, «Магистр» деген клубтың сыртында да «Ойын-саулық клубы» деп жазылып тұрды, сонда бұл сөзде қате болды ғой, мен оқып келе жатып түсінбей қалдым, «ойын - саулық клубы» емес, «ойын –сауық клубы» болып жазылу керек қой?!

- Дұрыс айтасың қызым, сен биыл есейген екенсің, - деп қызының арқасынан қағып қойды.

Дүкендерді, ойын-сауық клубтарды аралап, керекті заттарын алып үйге қайтты.

Үйге қайтып келе жатып көше атауы ілінген тақтайшаға қарап, туыстары қандай көшеде тұратынын білгісі келді. Тақтайшада «М.Маметов көшесі» деген жазу тұр. Мұғалімдерінен көше атауларын әдетте белгілі адамдарға яғни, қазақтың батырларына, ақын –жазушыларына, қоғам қайраткерлеріне, халқына еңбегі сіңген адамдар атынан аталатын білетін. Бұл «М.Маметов» деген кім болды

екен? - деп ойлап тұрып қалды. Қазақтың батыр қызы Мәншүк Маметова бар. «М.Маметов» дегенді әлі оқымапты, естімепті.

Білмегенім ұят болар, туысқан апамнан сұрап алайын деп жүгіре жөнелді.

Алқына кіріп, апа «сіздердің көше атауларыңыз қалай аталады?

Мәншүк Маметова - деді апасы.

- Қалайша, сырттағы тақтайда «М. Маметов» деп тұр ғой.

- Ой, айналайын-ау қырағы көзіңнен сенің, сенің көргенінді соны жазған адамдар білсе, көрсе ғой, батыр қызымыздың тегін қорлап, тегін де дұрыс жазбады бұл қазақсымақтар. Апасы бұл мәселе жөнінде құзырлы орындарға хабарлап айтқанын, «дұрыстаймыз» деп айтып әлі нәтиже жоқтығын айтып берді.

Осыдан кейін Жаннұрдың көңіл –күйі түсіп, өзінен- өзі күбірлеп «неғылған көп қателер» деп қынжылды.

Тағы бір де ол көлікте келе жатып «Абая даңғылы» деген көше атауын оқыды. Бұның да қате екенін бала жүрегі сезінді. «Әсел» дегенді «Аселя» деп орысшаға бұрмалағандай бұны да бұрмалап «Абая» дегені ғой. Сол кезде оның есіне ауылдағы мұғалімдері есіне түсті. Мұғалімдері қате жазып, дұрыс сөйлемесек, ұрсып қатемен жұмыс жүргізіп, сөздерді дұрыс айтуға үйрететін. Бұларға да ұрсып, өз тілдерін қорламай сауатты жазуға үйрететін, тәртіпке шақыратын адамдар жоқ па екен, - деп ойлады.

Сағынып жеткен Алматыдан Жаннұр тезірек кеткісі келді. «Неғылған қатесі көп жарнамалар, көше атауларының тақтайшалары, сауда орындардағы сауатсыз аудармалар» жүрегі «қазақ», «тілім» деп соққан балауса қызды шаршатқандай.

Жаннұр осынау қазақтың бетке ұстар, әсем қала Алматы шаһарынан көңілі пәс болып Ақтөбеге оралды.

Нағашы апасының үйіне түсіп, бөлелері мен сағынып қауышты. Алматы қалсынан көрген –білгенін айтып мұңын шақты. Оның әңгімесін ұйып тыңдаған туысқандары қазақ тілін қадірлемеу, менсінбеу сынды келеңсіз жайттар мен Алматы қаласынан көрген суреттер өз Ақтөбесінде көз сүріндіретінін айтып мұнайды. Бөлелерімен бірге ойын ауласына шыққан Жаннұр былтыр танысып, достасып үлгерген Адина атты құрбысын іздеді.

Адина досы да досын көргеніне қатты қуанып Жаннұрды құшақтап алды.

Екеуі мәре-сәре болып амандық-саулық сұрасты. Адина қасындағы ұзын шашты қара торы құрбысын таныстырып: «Познакомься это моя подруга», - деді орысшалап. Құрбысы да «Я, Анара» деп қолын берді.

Құрбыларына қынжылған Жаннұр сабырмен «Меннің есімім Жаннұр» деп өз ана тілінде танысты. Әрине, «Меня зовут Жаннура» деуіне болатын еді. Сол орысшаны білетін.

«Когда приехала» деп, - сұрады Адина досы.

- Келгеніме бір сағаттай болды.

- «Ты из ауле?» - деп сұрады Анара

Сабырлы тұрған Жаннұр қыздар «қазақпыз неге қазақша сөйлемеске - деп ашына сөйледі.

- Неге орысша білмеймісің ? - деп Адина досы келемеждей күлді.

- «Все колхозникий такие» - деп Анара да қалысатын емес.

Әрине, мен сендер құсап орысшаны таза білемін, таза сөйлеймін деп өтірік айта алмаймын. Менің бұл жердегі айтпағым қазақпыз ғой, сондықтан да бір-біріміз бен қазақша сөйлесейік. Қазақ - қазақ пен қазақша сөйлессе бұл бір –

бірімізді сыйлағанымыз, өз ана тілімізді құрмет тұтқанымыз, ана тілімізде сөйлей отырып, ана сүтімен дарыған тіліміздің қасиетін бағалағанымыз, халқымызға деген сүйіспеншілік болар еді.

Елбасымыз мектептер де үш тілде оқытуды айтып жатыр. Бұл дегеніміз қазақтардың бәрі ағылшынша, орысша сөйлессін деген емес. Бұл қазақ халқының білімді, озық ойлы болуы үшін оқытылып жатыр. Мысалы, Әл –Фараби 72 тіл білген. Бірақ, өзге тілді білем деп, өз тілін ұмытқан емес.

Теледидардан қаншама өз отанымызда тұратын орыстардың қазақша сайрап тұратынын көріп жүрміз. Қазақтың бір туар ақыны Қадыр Мырза Әлидің мыңа өлеңін білесіңдер ме?

Ана тілің – арың бұл

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте - деп үйге қарай жүгіре жөнелді. Құрбыларына ойындағысын айтып салғанда өзін бір жеңілдеп қалғандай сезінді. Ата –анасына ертең ауылға қатайық деп өтінішін айтты.

Өйткені, ол қаймағы бұзылмаған ауылын, өзімен таза қазақша сөйлесетін достарын, дүкендері аз, қатесіз жазылған дүкен атауы, сауатсыз жазылған жарнамалар мен көше атаулары жоқ ауылын сағынды.



Сағындықов Ерлан
Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы,
Жосалы ауылы.
«Жосалы орта мектеп-балабақшасы» КММ
10«А» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Аубакирова Кулдары Куанышовна**

Instagram дәстүрлі нарықтың бәсекелесі ретінде

Instagram желісі жыл сайын дамып, бизнес әлеміне айналды десек артық етпес. Қазіргі таңда кәсіпкерлер кәсіптерін әлеуметтік желілер арқылы халыққа паш етіп, миллиондаған табысқа шығып отыр. Менің ойымша, Instagram заман талабына сай болғандықтан, дәстүрлі нарыққа бәсеке бола алады. Себебі таргет жарнамасы арқылы қаншама кәсіпкерлер бұрын соңды болмаған тұтынушыларын тапты, бұл деген үлкен мүмкіндіктердің желісі.

21-ғасырда кәсіпті нарыққа шығару үшін Instagram ғана жеткілікті. Яғни, бір ғана әлеуметтік желінің күші алпауыт кәсіптердің маркетингтік құралы болуға жетеді. Қазіргі таңда тіпті SMM мамандары пайда болып, Instagram-ның қырсырын жетік меңгергендер кәсіпкерлердің қол астында жұмыс жасап, айына 200мыңнан жоғары табыс тауып отыр. Бұл жаман ба? Әрине жоқ. Себебі заман өзгерген сайын нарықта өзгереді. Ал Instagram болса көптеген кәсіпкерлер үшін таптырмас мүмкіндік болып отыр. Және Instagram желісінің басты ерекшелігі – таргет функциясы.

Таргет – бұл белгілі бір мақсатты аудиторияға әлеуметтік желілерде, сайттарда немесе қосымшаларда көрсетілген параметрлері бар жарнамаларды көрсетуге мүмкіндік беретін интернеттегі жарнама әдісі. Іске қосар алдында әлеуетті клиенттердің сипаттамаларына сәйкес келетін параметрлерді көрсету қажет. Мысалы жынысы, жасы, тұрғылықты жері, кіріс деңгейі және пайдаланушылардың отбасылық жағдайы, сондай-ақ олардың мүдделері, міне, осының бәрін дұрыс енгізе білген жағдайда ғана, сізге табыс әкелетін болады. Жалпыға қол жетімді ақпарат негізінде жүйе белгіленген критерийлерді ескере отырып, жарнаманы көрсету үшін топ жинайды. Мысалы, сіз белсенді өмір салтын ұстанатын 30 жастан 45 жасқа дейінгі ер адамдарға спорттық жабдықтар мен кемпингтік жабдықтардың жарнамаларын көрсете аласыз. Сіздің сайтыңыздағы тауарларды таңдаған, оларды себетке салған, бірақ ешқашан сатып алмаған пайдаланушыларға жарнама арқылы аяқталмаған тапсырыс туралы еске салуға болады. Негізделген мақсат дұрыс аудиторияны таңдауға және оған сәйкес ұсыныстарды көрсетуге көмектеседі. Әрбір маркетингтік құралдың өзіндік ерекшеліктері бар. Кемшіліктер мен артықшылықтарды біле отырып, жарнамалық науқандарды тиімді басқаруға және оңтайландыруға болады. Мақсатты жарнаманың негізгі артықшылықтарың айта кетер болсақ. Сіз әлеуетті клиенттің нақты портретін жинауға мүмкіндік ала аласыз. Сіз ұсынысқа жауап беру ықтималдығы жоғары аудиторияға қол жеткізе аласыз. Гипотезаларды оңай тексеру және жылдам оңтайландыруға қол жеткізе аласыз. Тестілеу – жарнаманың сәттілігінің кепілі. Хабарландыру статистикасы

бірден кеңсеге жіберіледі, сондықтан сіз қандай ұсыныстар немесе аудитория жақсы жұмыс істейтінін бақылай аласыз. Өнімділікті арттыру үшін науқан параметрлеріне дереу өзгерістер енгізуге, әсерлер мен бюджет шығындарын оңтайландыруға болады.

Әрине, кейбір тауар түрлерін таргет арқылы сата аламайсыз. Тауардың өтімділігі тұтынушының қажеттілігіне байланысты болмақ. Бірақ соның өзінде таргет қаншама тауарды сатуда өз пайдасын тигізіп отыр. Бүгінде таргетолог мамандардың саны да елімізде артып келеді. Кіші және орта шаруашылықтар, кәсіпорындардың дамуына да осы таргеттің ықпалы тиіп отыр. Әрине, тек таргетпен ғана бәрі өтіп кетеді деп айтпамыз. Онлайнның дәуірі жүріп тұрғанда, түрлі интернет платформалардың қолданыс аясы да артып келеді. Сондықтан да таразының басын тең ұстап, барлық техникалық жүйені басқара білу керек. Мұның өзі қаншама жауапкершілік пен еңбекті қажет етеді. Егер де дұрыс жүргізе білсеңіз, аудиториямен байланыс орнатар болсаңыз, сізге де пайдасы тиетін болады.

Instagram – бұл кәсіпкерлерге суреттер арқылы өз тауарын бүкіл әлемге таратуға көмектесетін ең жақсы және көрнекті маркетингтік платформалардың бірі. Күн сайын Instagram-да 75 миллионнан астам сурет, пост жүктеледі, сондықтан ол назар аударатын трафик әлеміне айналды. Егер Instagram-ды ақылды және сауатты түрде пайдалансаңыз, ол бизнес үшін тиімді маркетингтік құралдың рөлін сомдайды. Жарқын боларына күмәнім жоқ. Бір атақты кәсіпкер айтқандай: «Қазіргі экономиканың басты ресурсы – жарнама. Жарнама арқылы сіз бәрін сата аласыз». Расында да, жарнама экономика мен бизнестің негізгі қозғалтқышы болып табылады. Қазақстандық тауарды сатып алатындар көбеетіндей жарнамалар жасағым келеді. Мен шетелдіктерді сапалы жарнамамен қызықтырып, оларға Отандық өнімді сатқым келеді. Сондай-ақ, жарнама мен маркетинг тауарларды ғана емес, сонымен қатар қызметтерді де сатады. Мысалы, Дубай, Түркия елдері жарнама құралдарының көмегімен өз туризмін алға жылжытуда. Соның арқасында олар басқа елдерден адамдарды қызықтырып, тарта алады. Тіпті қазақстандықтар Дубайға демалуға барады. Неге Қазақстанда да туризмді дамытып, шетелдіктерді тартпасқа? Қазақстанның да ғажайып табиғаты бар, ол басқа елдерден еш кем түспейді.

Менің ойымша, 21-ғасырда маркетинг пен жарнама әсіресе маңызды рөл атқарады. Өйткені көптеген әлеуметтік желілер жарнама құралдарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Компаниялар арасындағы бәсеке күшті маркетингтерді қажет етеді. Бір атақты маркетингші айтқандай: «Қазір адамдар бірнеше жыл бұрынғыдан мүлде басқа жолмен сатып алады және үйренеді, сондықтан маркетингтер заманға сай бейімделуі тиіс», - Брайан Халлиган. Расында да, мен заманауи маркетинг болу үшін Instagram құралын меңгеру міндетті.

Егер сіз Instagram-ды маркетингтік мақсатта қолданатын болсаңыз, кездейсоқ фотосуреттер жұмыс істемейтінін түсінуіңіз керек. Өнімнің фотосуреттерін көрсетуді қолға алу керек. Парақшаңызға шынайы, гуглдан алынбаған фотосуреттер қосу бренд туралы хабардарлықты арттырудың және өнімдеріңіздің сатылуын арттырудың ең жақсы тәсілдерінің бірі болып табылады. Яғни, адамдар үшін ең алдымен сенім қажет. Ал сенім бар жерде сатылым да, бизнестің гүлденуі де жүзеге асатыны анық. Кәсіпкерлік қиял мен креатив

кәсіп ашу барысында ғана емес, кәсіпті әрі қарай дамыту үстінде де үлкен рөл атқарады. Заман дамыған сайын кәсіпкерлер де, бәсекелестік те арта түсуде. Сол үшін ерекшелену – кәсіпкерлер үшін үлкен артықшылық болып тұр. Ал өзге кәсіпкерлерден ерекшелену үшін креативті ойлап, қиялды ұштастыра білу керек.

Кәсіпкер жаңа идеяларға ашық болуы тиіс, трендтегі жаңалықтарды жібермей, кәсібін әрқашан да жаңа идеяларға толықтырып отыруы тиіс. Ал егер креативті идеяларға жабық болып, кәсібі бір орында тұрып қалатын болса – бәсекелестікке тойтарыс беру қиынға соғады. Мәселен, соңғы жылдары Instagram әлеуметтік желісі арқылы кәсіпті жарнамалау трендке айналды. Көптеген кәсіпкерлер өз кәсіптерін әлеуметтік желіде паш етіп, көптеген сатып алушыларға ие болды. Бұл да креатив пен қиялдың кәсіп жарнамасы үшін маңызды екенінің бір дәлелі.

Қорытындылай келе, Instagram желісінің 21-ғасырдағы кәсіпкер үшін маңызды екенін айтқым келеді. Егер әлеуметтік желіде бизнес парақша болмаса кәсіпкерлер қаншама клиенттерден айырылар еді. Себебі Instagram онлайн дүкен секілді платформа. Ол жақтан тұтынушылар бағаларды да, жұмыс уақытын да, жаңа тауарларды да көріп отырады. Сондықтан да, Instagram дәстүрлі нарықтың бәсекелесі деп нақты айта аламын!



Садуақас Аяжан Шалқарқызы
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы,
Талдысай ауылы, Талдысай жалпы
білім беретін орта мектебі
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Неталина Венера Уримбаевна**

Абай Құнанбаевтың қырық бірінші қара сөзіне талдау эссе

Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?

Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?

Махаббат, ғадауатпен майдандасқан,

Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

Қазақ әдебиетінің ғұламасы атанған Абай Құнанбайұлының бар саналы ғұмыры ақиқат пен білім-ғылымды іздену мен болашаққа үндеумен өтті. Еңбек жолындағы ақынның өзге ғұламалардан ерекшелігі 1890-1898 жылдар аралығында яғни өмірінің соңғы жылдарында өз өмірін саралап, «мен не істедім?, не бітірдім? «деген сұрақтар төңірегінде жауап берген өзінің қара сөздері болмақ. Ақынның әр сөзінде өзінше баға беріп, үлкен өнеге қалдыруы келешек ұрпақ үшін маңызы зор болды. Осы жанрда жазылған шығармасының тақырыбы жалпылама болса да, барлық қара сөзінде бүгінгі мен ертеңгі күннің жағдайы қамтылған. Әр қара сөзінде адами болмысты шынайы суреттеуге тырысқан.

Сана атты ұғымның траекториясында қалам тербеген, бүгінгі күннің сахнасында орын алып жатқан адамдық негізін қалау турасында суреттелген Абай Құнанбайұлының «қырық бірінші» қара сөзін талдағым келеді. Мұнда жазушы қазақ ұлтының санасын жетілдіруге адамға екі нәрсе керек деп мақұлдайды. «Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек. Оның алғашқысы – билік. Үлкендерін қорқытып, жас баланы тәрбиелеуде өзіндік тәжірибені жасау. Мен мұны былай түсіндіремін. «Өзге елде былай жасайды екен деп оны көру, бұлай емес, былай жасайды екен деп тағы көру» тұзы жоқ, дәмі жоқ қанымызға, жанымызға жат келетін әрекеттерді қоғамға қоқыс қылып толтыру. Міне, Абай атамыз мұнымен мәселе біте салады деп отырған жоқ. «Екінші – ол адам есепсіз бай боларға керек. Аталарын паралап, балаларын алып, бастапқы айтқандай жолға салып, тағылым берсе, сонда түзелер еді» - дейді. Сонымен қатар бұл жерде балалы қазақтың барлығы яғни олардың аталарын паралап көндіріп, балаларын оқыту мүмкін емес һәм ондай дәулетті кісіге деп отыр. Өйткені қазақ дүниедегі есепсіз ғылымның жолдарындағы әрбірінің мектебіне беріп баласын тағылым алсын демейді, десе де шығынын көтере алмайды. Абай осы шығынды дәулетті адамға өтетіп жіберсе ғой дейді ондай адам есепсіз бай боларға керек дейді. Баласын ерікті- еріксіз тартып алып, оқуға салатын күш ешкімде жоқ. Балалы ата- ананың бәрін паралап болса да көндіретін дәулет бір кісінде және жоқ деп өкінеді. Бұл жерде не айтпақ ой бар? Дәулетім жетеді баламды қалай оқытсам да деп төске ұратын даңғампаздарды айтады. Бұл жерде сенің қалтаңның қаншалықты толықтығы емес, балаңның санасының толықтығы баса

назарда деп ойлаймын. Алайда қазіргі қоғамда «Өттеген- ай!» деп сан соғатын жайттар жетерлік.

Жалпы қорытындылайтын болсам, Абай осынау қара сөзінде баланы паралау керек деп отырған жоқ. Керісінше балалы қазақтың аталарын паралау керек, қорқыту керек деп меңзеп отыр. Әйтпесе, Абайша айтқанда «Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылмен еш нәрсе көндіру мүмкін де емес». Шаш ал десе, бас алардың» кейпі деп қаларсың. Атадан қалған надандық бала бойына сіңіп кетсе, сол надандықты жалғастыру емес пе? Олай болса ағайын ұрпағымздың жанын тазалау керек. Сол үшін иманымызды күшейтейік.



Сарабек Айгерім Ерікқызы

Ақтөбе қаласы,
№46 орта мектебінің
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Есенғұл Мөлдір Аманбайқызы**

Ұлттық құндылықтар

Ең алдымен шүкір. Өз елімнің өзіне тән белгісі, нышаны, туы бар. Тәуелсіз ел атанып, ұлт қорғаны – ұлттық құндылықтарымызда одан әрі нығая, таныла түсті. Бұл істердің негізін салып кеткен ата-бабаларымыз болса, ізін одан әрі жалғастырушы – мына біз жастар болуымыз керек деп есептеймін. Ата бабаларымыз ұлт үшін күресіп, ұлттық құндылықтарымызды тәуелсіз, бейбіт елге, заманға әкеліп, көзін жоғалтпай жеткізгендеріне мың алғыс. Сол кісілердің осындай ерлігін, еліне деген шексіз сүйіспеншілігінің басты көрінісінің бірі – кітаптарымыздан белгілі. Айта кетерім өз тарихын терең ұғынып, ұлттық құндылықтарын шын бағалай алған халықтың ғана болашағы мәңгі болмақ. Бір ұлтты басқа ұлттан даралайтын оның ұлттық құндылықтары, яғни әдеби мұрасы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары.

Біз сан ғасырдың сыйында, сергелденің де, шапағатын да, машақатын да, теперішінде, тартуында көрген текті, қаны таза, қайратты халықпыз. Ата-баба аманаты, аңсаған азаттықтың ақ таңын «тәубе» деп қарсы алып, ашық аспан астында бейбіт күн кешкен елміз. Осы уақытқа дейін халқымыздың жүріп өткен жолы да, қалыптасқан тарихы да өткен күннің естелігі. Тарих бәріне куәгер. Өзге мемлекет, ұлттар секілді біздің де, өз тарихымыз, өз дініміз, тіліміз, салт-дәстүріміз, мәдениетіміз, әдебиетіміз, өнеріміз бар. Бұл аталмыш дүниелердің бәрі ұлттық құндылықтарымыздың ажырамас бөлігі.

Қазақ қазақ болғалы өз дініне берік, салт-дәстүрін сақтап, барынша бабалар аманатын ұмытпауды үлгі етіп келеді. Салт-дәстүріміз өткен ғасырдан өнеге. Ежелгі халық ауыз әдебиеті шығармаларында баяндалып, көрніс тауып, күні бүгінге дейін жеткен дәстүр, наным-сенімдер баға жетпес байлығымыз. Ескінің сарқыншағы болып, ұмыт боп кеткен ырым-тыйым, дәстүр-салтымыз қаншама. Қазақ деген ұлы халық, бай халық. Елге бай, жерге бай. Сахарадай кең жүректі, дархан халық. Қонағын құтқа балап, қашан да адал асын ұсынып, кеңпейілдік танытады. Бұнын бәрі ұлттық тәрбиеден, ұлттық құндылықтарымыздың қадір-қасиетінің саф алтындай салмақтылығы мен бағалылығында. Тәуелсіздік алғаннан бері қарай тілімізге, дінімізге, мәдениетіміз бен әдебиетімізге, өнерге баса назар аударылып, аяғын тәй-тәй басқан бөбектей біртіндеп даму процесіне көштік.

Мәдениет саласында театр және өнер жұмыстары өз жемісін беріп, өзге елдердегідей көрерменнің көңілінен шығып, өзінің жоғары бағасын алуда. Әдебиет әлемінде халық шежіресінен сыр шертер, тарихын толық баяндай алатын зерттеу еңбектері, әдеби-тарихи шығармалардың жарық көруі, күні

бүгінге дейін көңіл қуантар жалғасын тапқан жаңалықтар. Жас ұрпақтың бойына иман, ұят, мейірім мен ізгілікті ұялатар асыл дініміз де ұлттық құндылығымыздың асыл дінгеі. Рухани-адамгершілігімізді сипаттайтын, Отан сүйгіштік пен патриотизмді оятар ана тіліміз бір бөлек құндылық. Тіліміз тарихы тереңде жатқан табанды күрестердің куәсі. Егемендік, елдік, тіліміз жалпы ұлттық мүдде мен ұлттық құндылықтарымыздың күні бүгінге дейін сарқыттай сақталып жетуі бабаларымыздың ерліктерінің, өлшеусіз еңбектерінің нәтижесі. Өскелең ұрпақтың өсіп өркендеу жолында ұлттық құндылықтарымыздың тигізер пайдасы зор деп білемін. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тапқан бұл ұғым біздің халқымыздың бірлігін, ынтымақтастығы мен татулығын, елдігін сақтау турасындағы киелі алтын көпір.

Халқымыз «Қолда барда, алтынның қадірін біл» дейді немесе «Қолда бар алтынның қадірі жоқ» деп те жатады. Осы екі нақыл сөз біздің асыл құндылықтарымыз тұрғысында айтылғандай. Расында да, бардың бағасын білмей кететін кездеріміз де жоқ емес. Қазіргі заманауи, технология, ғаламтор жалпы ғаламшар қарыштап дамыған заманда, ұлттық құндылықтарымызды қолдануда, ұғынуда осындай дүниелер жиі орын алуда. Заманауи өмірдің имиджіне сай боламын деп, өз туған тілін, ділін ұмытып, жаңылып жүрген жандар қаншама. Бұл енді қазбалай берсең, тереңдей беретін өзекті мәселелердің бірі.

Құндылықтарымыздың қадірін кетірмей, жоғалтпай сақтау бүгінгі және ертеңгі ұрпақтың борышы. Ұлттық құндылықтарымызды біздей ұрпақтарына жәдігер етіп қалдырған ата-бабаларымыздың осы жолда қаншама тері мен қаны төгілгенін естен шығармағанымыз абзал. Тәуелсіз елдің бақытты ұрпақтары ретінде біз рухты, өршіл, батыр бабаларымызға елдік пен теңдік, ұлттық бостандық пен ұлттық құндылықтарымыз үшін мәңгілік қарыздармыз. Аманатқа қиянат жасамай, ұлттық құндылықтарды қастерлеу парыз. Осы бір асылдарымызды бағалау мен бағыттаудағы негізгі құрал – тәрбие. Тәрбие беру арқылы, ұлттық құндылықтарымызды көбірек насихаттау арқылы ұрпақ бойына жіті ұғындырып, сініруге болады деп ойлаймын. Ал тәрбие тал бесіктен. Әрбір отбасы, оның ішінде ата-ана өз баласына бесікте жатқаннан, есейгенге дейін қасиетті құндылықтарымызды дәріптесе нұр үстіне нұр болар еді. Осы ретте, еліміздің ертеңі, әрқайысымыздың өмір жалғасымыз болып табылатын жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу аса көңіл қоярлық маңызды жағдай. Ұлттық құндылықтарымыз шын бағасын алғанда ғана, жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз жана бермек. Өз халқының даналығын бойға жиып өскен бала, бардың қадірін біліп жүрері сөзсіз. Ұлттық тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарын ұмытпайтын, әрдайым ұлықтаушы ұрпақтарымыз көп болсын! Ұлттық құндылықтар – бабалар аманаты, ұлттық мақтанышымыз!



Саркулова Нурия
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы,
Жаңаталап ауылы,
Жаңаталап негізгі мектеп-бөбекжайының
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Калжигитова Бибит Евескиевна**

Ағылшын тілі – жаһандану талабы

Көптеген дереккөздерді ашып қалсақ, «ағылшын тілі – қазіргі заманда жаһандық тіл» деген тайға таңба басқандай жазбалар орын алып жатыр. Әрине дұрыс, және де мен ол сілтемелерді қолдаймын да! Өйткені, бұл тілде әлемнің көптеген елі сөйлейді, ал бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы олар орны да ерекше екені баршамаызға мәлім. Өзге тілді үйрену оны жетік меңгеру – бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамазға анық. Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Тіл үйренудің ешқандай зияны жоқ, керісінше пайдасы өте көп деп ойлаймын. Туған тіліңді білуге тиісті емессің, міндеттісің дер едім. Дегенмен, басқа мемлекеттің алдында өз еліңнің дәрежесін биік екенін мойындату үшін, жеті тілді жетік меңгеру артық етпейді. Ағылшын тілі мен орыс тілін меңгерген адамдар шет елде білім алып, ел экономикасы және саяси ахуалымен, салт-дәстүрімен, болмысымен таныса алады. Оны еліміздің түрлі салаларында қолданып, жетістіктерге қол жеткізе алады, тілді білудің ерекшелегі де осы.

Күн сайын ілгерілеп, қарқындап келе жатқан бұл қоғамда көп тіл білудің маңызы зор. Тарихқа үңілсек, қазақ жерінен шыққан ұлы тұлғалардың көбі көптеген тілдерді еркін меңгергендігін атап өтуге болады. Солардың бірі әлемнің «екінші ұстазы»-Әбу Насыр Әл Фараби 70-ке жуық тіл білген екен. Ұлы Абай Құнанбайұлының өзі: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым» -деген екен. Мінекей, осы қазіргі жаһандану дәуірінде дамудың даңғыл жолына түсу кезеңінде ағылшын тілінің шоқтығы биік.

Шет тілін білу – сән емес, заман талабы. Ағылшын тілі бүгіннің ғана емес, жарқын болашақтың тілі. Мен де Абай атамыз «... болмасаң да ұқсап бақ...» деп айтқандай, өз тілімді құрметтей отырып, өзге тілді меңгеруге ұмтылып келемін. Мен үшін ағылшын тілін меңгеру – бүгінгі күнде мектеп базасынан бастау алса, болашақта қалаған мамандық иесі болу жолында жалғасын табатынына сенемін, тілді меңгеру арқылы көптеген ғалымдар секілді ізденіс барысында, ғылымның қыр-сырын игере алатыныма кепілдеме бере аламын. Сондай-ақ, бүгінгі білімім – ертеңгі жарқын болашағым, бүгінгі бақытты балалық шағым – ертеңгі жаңарған Отаным деп ойымды қорытындылаймын.



Сатиев Даулет Алибекович
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы
Қосөткел негізгі мектебінің
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Бурумбаева Әсел Галимжанқызы**

Сағындым ауылымды

*Шетінен дүр барлығы тау ұлдары,
Ауыл десе сыздайды бауыр маңы.
Бара қалсаң уайымың сейіледі,
Көңіліңнің жоқ болып дауылдары.*

*Құшақ жайып алдыңнан қарсы алғанда,
Басылады жаныңның ауырғаны.
Жата кетіп шалқаңнан демалатын,
Көк майсаны сағындым ауылдағы.*

*Ешкімді де, жатсың деп санамай-ақ,
Ойын десе қалмайтын шаманы аяп,
Тікен кіріп жатса да қарамастан,
Жүгіретін кез қалды жалаң аяқ.*

*Балалықтың білмейтін не екенін
Қаладағы кетемін баланы аяп,
Асыр салып шаң жұтқан кездерім-ай
Өтті кетті қимасқа қарамай-ақ.*

*Әр шаңырақ күткендей кезегін де
Бала шақта жұмыстан беземін бе?
Дала кезіп ойынмен жүрсек дағы
Шаруаның білуші ек тез ебін де.
Бар ауылдың баласы жиылып ап,
Әр үйдің кіргізуші ек тезегін де.*



Серікбай Нұрару
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,
Т.Жүргенов ауылы,
Комсомол ЖОББМ
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Шүйіншалина Тоғжан Мухидуллақызы**

Туған ауылым – мақтанышым

Әр жер басқан пендеге туып өскен мекені мен ортасы, кіндік қаны тамған қасиетті қара топырағы аса құнды. Туған жеріміздің орнын ешқандай сиқырлы алып шаһар, таңғажайып келісті орда баса алмайды. Әрқайсымыз өз туған отанымызбен мақтанамыз. Себебі, өзіміздің балалық күндеріміздің естеліктері кіндікпен байланған мекенге тартып тұрады. Тарихымыз тамырлы, әдеби мұрамыз өміршең. Ауданымыздан жұрт боп мақтанарлық ақын да, батыр да, жыраулар да түлеп ұшқан.

Мен де өз ауылыммен мақтанамын. Жан жүрегіме ең ыстық мекен. Менің ауылым Әйтеке би ауданы Темірбек Жүргенов ауылы. Ес білгелі ой қорытқан, ақ пен қараны таныған, ағайын жуығым септескен өз жұртым осы. Ауылымыз жыл сайын көркейіп жатыр. Көшелер электр шамдарымен жарықтандырылып, асфальттар төселуде. Ауылдың көркеуі ауыл тұрғындарына да байланысты. Біздің ауылдың адамдары өте тату, себебі біреуінде қиындық болса, басқалары қол ұшын созуға дайын тұрады. Ауылымыз көпұлтты болғанымен, ауызбіршілігі мол. Барлығы дерлік қазақ тілін құрметтейді, еркін сөйлесе алады. Тарихы тасқа басылған қастерлі даламызда азат елдің азаматы атанғаннан асқан бақыт жоқ. Егемендіктің ертеңі жолында әр елдесіміздің төккен тері мен атқарған ісі маңызды.

Ауданымызды біз мақтан тұтар ел қайраткерлері мен даңқты тұлғалар өте мол. Оларды сараласақ, Тәуке хан заманында жеті жарғы заңын қалыптастыруға септескен әйгілі Әйтеке би, қазақ жерін жоңғалардан азат етіп, ұлттың жойылу қауіпінен аман сақтап қалған Әбілқайыр хан, жырыммен асқақ даланы тербеген балқы Базар жырау, үш республикада комиссар(қазіргі сөзбен айтқанда «министр) болған ұлт қайраткері Темірбек Жүргенов, қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби скрипкашы Әлім Алмат, Мұхтар Әуезовтың өзі үлкен үміт күткен классик ақын Қуандық Шаңғытбаев сынды тарихи тұлғаларымыз көптің есінде.

Ауылда серуендейтін орындар қатары көп болмағанмен, табиғат берген әсем жер-сулар мен көрікті мекендер баршылық. Ең ерекшесі ауылдың ауасы таза, табиғаты көркем. Өнеркәсібі мол қалалардай зауыттармен ластанып жатқан жоқ.

Өңір тарихын жарнамалауда тарихи ескерткіштеріміз бен киелі орындар, табиғи көрікті мекендер біздің ауданымыздың асқан мақтанышы. Оның бірі, «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» картасына енген республикалық деңгейде маңызы бар ескерткіш Әбілқайыр хан мемориалдық кешені. 1998 жылдан бастап зерттелген «Хан моласы» қорымы 2010 жылы Әбілқайыр хан сүйегін нақты тауып, ғылыми тұрғыда дәлелді. Сол тұжырымға сүйенсек, бүкіл

қазақ әскерінің бас қолбасшысы, Кіші орданың ханы Әбілқайыр бабамыздың сүйегі Әйтеке би ауданында жатыр екен. 2015 жылы Хан мазарының басына кесенесі салынып, 25 метрлік үш стелладан тұратын кешені бой көтерді. Осындай ел мен жердің тарихын түгендейтін бастамалар болашақта әлі де көп боларын сенеміз.



Сидакова Дана
Ақтөбе облысы,
Шалқар қаласы,
«№3 ЖОББМ»КММ
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: Жайылғанова Гулзира

Тәуелсіздік мерекесіне тарту

*Тәуелсіздік! Ол біздің –
Төгілген қанның, өлмеген жігердің
Отымен келген ұлы күн.
Бабалар аңсап, әруақтар қолдап
Жеңіске жетті ел бүгін.
Шекара бекіп, тәуелсіз ел боп
Асулар қиын бағынды.
30 жыл болған елімді бүгін
Төрткүл дүние таныды.
Керегесі кең, терезесі тең
Ел болдық, міне, бүгінде.
Егеменді елдің көк туы асқақ
Желбіреп тұр көгімде.
Көз жіберсек өткен күнге
Сонау белес, жол жатыр.
Сол жылдардың белесінде
Ерлік даңқы ұмытылмас
Бабалар жүрген жол жатыр.
Махамбет пен Исатай,
Кенесары, Сырымдай,
Жанқожа мен Есеттей,
Сабира мен Қайраттай,
Тәуелсіздік таңы үшін
Намыс пенен ар үшін,
Күресті батыр бабалар,
Ағалар мен апалар.
Бүгінде мақтан етемін,
Есімдерін ардақтап.
Ерліктерін мадақтап
Сөз айтамын салмақтап.
Мерекеде мен бүгін
Құтты болсын айтамын
Үлкен-кіші бәріңе.
Тәуелсіз мына еліме
Гүл жайнаған жеріме.*

*Елім болсын мәңгілік!
Бақытты мына өмірде
Жүрейік тек сән құрып.*

Менің Отаным

Отан деген – егеменді еліміз,
Отан деген – кіндік кескен жеріміз.
Отан деген – бір отбасы шаңырақ
Қонақ күткен қасиетті төріміз.

Сол Отанның мүшесімін мен бүгін
Бақытты әуен естіледі үнімнен.
Білім алып, мен биіктеп келемін
Кеше ғана сәби едім жүгірген.

Отаным бар, қазақпын деп мақтанам.
Жасырмаймын бар сырымды ақтарам.
Батырлардың жырға қосам ерлігін
Жауларынан беті ешқашан қайтпаған

Отаны жоқ адамдар ол шерменде
Отан менің от-жүрегім кеудемде.
Мен сүйсініп жыр жазуға отырам
Отанымның гүлденгенін көргенде.

Өзім жайлы

*Бүгінгі бейбіт күннің аспанында
Қыранмен қалықтаған аспанында.
Талаптың мініп алып тұлпарына
Жыр жаздым мен ақындар байқауына.*

*Шалқардың дара туған ұл-қызының,
Ішінде жарқыраған жұлдызымын.
Ақындықтың сыналар бәйгесіне,
Келіп тұрған өнерлі бір қызымын.*

*Өлеңге мен құмармын бала кезден,
Оның мен құдіретті дәмін сезгем.
Кейде өзімше толғанып, өлең жазам
Әлемінде өлеңнің өмір сүрем.*

*Ұнайды ақындармен сырласқан шақ,
Өлеңдерін түсіну – ол да бір бақ.
Қара сөздің қадірін біліп келем
Әр сөзіме үңіліп қараймын сақ.*

*Өлең менің-жан-сезімім қуанышым,
Налыған сәттердегі жұбанышым.
Абайдай ұлы ақын айтқанындай
Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін.*

*Шабытпенен жазамын өлеңімді,
Өнерім әркез менің өрге жүзді.
Бақ сынайтын өлең-жыр байқауында,
Жүлделі орындарды иелендім.*

*Мен әркез мақтан етем туған жерді,
Кіндік кесіп, белімді бұған жерді.
Қолыма қалам беріп ақын қылған,
Туған жерім – мен үшін ең киелі.*

*Болашақта көркейтем туған елді,
Еңбек етіп, аянбай төгем терді.
Халық үшін, ел үшін еңбек қылсаң
Ұмытпайды есіміңді ел біледі.*

*Ақындар жақын болған ел-халыққа,
Ақындардан қашанда сөз қалып па?
Өлеңменен жеткіздім өз ойымды,
Тыңдаушым, сөздерімді сен салмақта!*



Сисенбай Гүлмарал Аманқызы
Ақтөбе облысы,
Әйтеке би ауданы, Белқопа ауылы,
Белқопа ЖОББ мектебі
5-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Жақыпова Жаннұр**

Сөз таптары туралы ертегі

Ерте, ерте, де, біз білмейтін бір елде Сөз табы деген хан болыпты. Ханның 9 баласы бар екен. Тоғызы тоғыз түрлі екен. Бір кең сарайда өмір сүріп жатқан 9 баласы бір нәрсеге келісе алмай, «сен ұзынсың, мен қысқамын, сен көпшілсің көп мағына бересің, анаумен де мынаумен де тіркесесің, мен бір мағына беріп оқшау жүргенді ұнатамын» -деп кең сарайға бастары сыймай айтысып жатады. Мұны естіген хан оларды жинап алып: сендер, өз мағыналарыңа қарай, жауап беретін сұрақтарыңа қарай топқа бөлініңдер, сосын әрқайсысыңды жеке отау етіп, бөлек-бөлек үй қылып қоямын дейді. Сөйтіп, 9 баласы өздерінің ұқсас белгілеріне қарай топқа бөлініп, әрқайсысына зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, одағай, еліктеу сөз, шылау деген ат беріледі. Осылайша Сөз табының тоғыз баласы тату тәтті өмір сүреді.



Сисенов Бекзат Исатайұлы
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы,
Көсембай негізгі мектебі
9-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Дарибаева Шара Кайыржановна**

БАТЫРЛАР

*Отан үшін отқа түсіп қашанда,
Төтеп берген жан алатын оққада.
Берілмей, артқа қарай шегінбей,
Соғысты ғой қауіп төніп тұрсада.*

*Дивизионның қолбасшысы атанды,
Батырларды майданға өзі бастады.
Бауыржандай атам болған елімде,
Естіген жау шегініспен жасқанды.*

*Төтеп берді Алия мен Мәншүгім,
Соғыста жанын берді елі үшін.
Намысынан айырылмай қашанда,
Аямайды Отан үшін барлық күшін.*

*Ерліктері ешқашанда өшпейді,
Атақтары күллі әлемге өрлейді.
Бейбіт заман сүруіміздің айғағы,
Батырлардың күші мен ерлігі.*



Совет Мадина
Ақтөбе облысы,
Қобда ауданы,
Жаңаталап негізгі мектеп-бөбекжайы
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Жамалова Майя Суниятовна**

Менің туған өлкем

*Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы,
Бұдан артық рахат табылмайды.
Бұлдырасын сағымдай өткен бір күн,
Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы.*

М.Мақатаев

Туған жер – әрбір адам үшін ерекше орын алады. Менің туған жерім Ақтөбе облысы, Қобда ауданына қарасты Жаңаталап ауылы. Менің ойымша, адам баласы үшін туған өлкесінен артық еш нәрсе жоқ. Себебі, бұл мен түгілі аялаған анамыз, асқар тау әкеміз, туған-туыс, жора-жолдастың кіндігінен қан тамған туып өскен жеріміз. Қасиетті осы жерде білім нәрімен сусындаған мектебім, балалық шағым өтіп жатқан ауылым бар. Егер менен сен не үшін туған өлкеңді сүйесің деп сұраса, мен мүдірместен Мұқағали атамыз айтқандай, күн мен түнін, қыбырлаған жәндігіне дейін сүйемін дер едім. Өйткені Қобда ауданы табиғаты – ең әдемі, көрікті, жусаны мен жуасы аңқыған, самал желі ескен өлкем. Қыстағы қалың жамылғы қар көрпесі мен жазғы құлпырған шалғын даласын құшағыма алар едім. Менің өлкем мен үшін ең ардақты, бар жылуын, махаббатын берді. Менің жерім мен үшін қасиетті.

Ауылымның өзіндік тарихы бар. Бұрынғы Кеңес үкіметі кезіндегі атауы Астрахановка деп аталған. Үлкендердің, ата-анамның сөзінен түйгенім, тың игеру жылдарында Ресейдің Астрахань қаласынан көмекке келген жастар осы жерде тұрақтанып қалады. Ауылымның Астрахановка аталуының да себебі осы. Бертін келе, тәуелсіздігімізге қол жеткізгеннен кейін Жаңаталап деп өзгертілді. Ауылымнан екі Кеңес одағының батыры шыққанын мақтанышпен айта аламын. Бірі – Ұлы Отан соғысының ардагері И.М.Пятковский болса, екіншісі – Ауған соғысында ерлікпен қаза тапқан батыр А.Липовой. Ауылымда қос батырдың атындағы көшелер бар.

Мен әлі 7-сынып оқысам да, алтын ұя мектебімді аяқтап, үлкен өмірге жол ашатын бірыңғай ұлттық тестілеу сынынан өтуге қазірден дайындалу үстіндемін. Өйткені өз Отанымды көркейтіп дамыту үшін барлығын жасағым келеді.

Мен – болашақ үлкен мамандық иесімін, өмір атты керуеннің бір жолаушысымын. Қалаған мамандығымның соңына түсіп, өмір-керуен қайда жетелесе – сонда жол тартпақпын. «Сен де бір кірпіш, дүниеге кетігін тап та бар қалан» деп қазақтың ұлы ақыны Абай атамыз айтпақшы, өмірден өз орнын тапқан дұрыс қой. Дегенмен «туған ауылымды тастап кете барамын» деген ойдың өзі менің киелі, құт мекеніме деген сағынышымды қазірден арттыра түседі. Туып-өскен жерім

туралы толғанып, ой жетегіне берілген шағымда үнемі Бәкір Тәжібаев жырлаған мына бір шумақтары ойыма оралады да тұрады: Қайда жүрсем, туған жерім, Сен есімнен шығармысың! Жастық дәурен құрған жерім, Көз алдымда тұрармысың! Туған жер жайлы жыр да, қара сөзбен жазылған шығармалар да әрбір халықтың әдебиетінде мол. Бұдан біз әр халықтың туған жерін ардақ тұтып, анасындай қастерлейтінін байқағандаймыз. Біздің қазақ халқы да туған жер қадірін жас ұрпақ бойына, санасына бала кезінен-ақ сіңіруге ұмтылатындығын туған жер жайлы мақал-мәтелдерден, аңыз әңгімелерден, батырлар жырынан көреміз. «Ит тойған жеріне, ер – туған жеріне» немесе «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деп ерекшелеп көрсетеді. Бұлардың бәрінен шығатын қорытынды өркімге туған жері, туған елі қымбат екендігі деп ойлаймын.

Болашақта мен де білімнің биігін бағындырып, өзімнің қалаған мамандығым бойынша оқуға түсу, ел қатарлы еңбек ету, елімнің болашағы үшін үлес қосу. Ауылымыздың көркеюіне ат салысып жүрген адамдардың еңбегі өлшеусіз. Сол сияқты мен де ауылымның гүлденуіне, көркеюіне бар күшімді саламын демекпін.



Такилова Жадыра
Ақтобе облысы, Мәртөк ауданы
Жайсаң ауылы,
Жайсаң ЖОББМ
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Жалмағанбетова Кәмшат Исақызы**

Туған өлкем!

*Таныс өлке,
Таныс аймақ,
Таныс маң:
Анау жерде - құрбылармен алысқам,
Анау жерде - құрбы жанмен табысқам.
Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан,
Таулар әне, ұйықтап кеткен данышпан,
Жолдар анау, шұбатылып шаңы ұшқан,
Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң*

М.Мақатаев

Туған өлке – адамзат баласына күш-жігер беретін қасиетті ұғым. Жыраққа кеткен адам өмірінде туған өлкесін сағынбауы мүмкін емес. Кіндік қаным тамған жер дегенде тебіренбейтін жан болмас. Ол туралы жырларына арқау еткен қаншама ақындар бар. Менің ойымша, сезіне білген адамға туған жердің самал желінен жұпар иіс аңқиды. Мен үшін қасиетті мекенім құтты мекен. Шежірелі тарихқа көз жіберсем, ұрпақтың болашағына жерімізді жаудан қорғап мирас ете білген ата-бабамыздың ерен еңбегін қалай бағалаудамыз?,- деген ой келеді . Өйткені , бұдан әрі болашақ мына мен секілді жастардың еншісінде. Болашақ жастардың бірі ретінде туған елдің өркендеуіне білімді мықты маман болу арқылы үлес қоса аларымды білемін. Өзіме сенімді болуым керек екенін түсінемін. « Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» демекші , Отаныңа мақтаныш болу үшін көп еңбек сіңіру керек деп ойлаймын. Қазіргі таңда 8 сыныпта оқып жүрсем де болашақ мақсаттарым мен арманым айқын. Болашақта мен журналист мамандығын таңдадым. Осы мамандықты жақсы игеру арқылы өлкеміздегі мәселелерді шешуге ықпал еткім келеді. Жазу, жеткізе білу арқылы өз ойымды дәлелдеп табиғаттың таза болуына септігім тисе деймін. Қазірдің өзінде менің өлкемде еңбекпен атағы шыққан адамдар мен еңбек ету арқылы көркейген жерлер баршылық. Өлкемізде мақтан тұтар жерлер “Шевченко” қайыңды-орманды алқабы, “Зәру” сауықтыру шипажайы бар. Табиғаты жанға жайлы, мөлдір суы шипалы. Сонымен қатар мақтаулы тұлғаларымыз да аз емес. Атақты күйші Қамбар Медетов, Қазақтан шыққан атақты дәрігер Досжанова Аққағаз, әнші-композитор Тәңірберді Молдабай біздің мақтанышымыз! Осындай халыққа , болашақ ұрпаққа үлгі боларлық ел мақтаныштарынан өнеге аламыз. Өйткені олардың іс-әрекеттері, өнерлері, өмір жолдары нәтижелі. Олар бізге өмірлік бағыт-бағдар беруші жандар.

«Қай кезде де Отанға деген сүйіспеншілік шынайы болуы парыз. Сөз соңында айтарым, құтты мекенімнің перзенті екенімді мақтан етемін! Мен болашағыма сеніммен қараймын. Өйткені, мен осы өлкеден нәр алып өсіп келемін. Даңқты қолбасшы батыр Бауыржан Момышұлы: «Отан үшін отқа түскүймейсің», - дегендей менің мақсатым – Отанымыздың өркендеуіне үлес қосу. Табиғатымыздың ластануына жол бермеу. Бәсекеге қабілетті, білікті, білімді, жігерлі болуым мен үшін басты мақсат. Достарыма да осыны тілеймін.

Адамдардың адал болу парызы,

Ей жігіттер бетке ұстаңдар намысты!

Ал қыздарым қылығыңмен құтты боп,

Инабатпен жалғастырғай әрісті! осындай жүректен шыққан өлең шумақтарын замандас достарыма арнай отырып, оларға шабыт пен жігер бергім келеді.

Ұрпақтан-ұрпаққа қасиетті мекенді қорғап аманат етіп отыру адамзат баласына парыз. Алар асуларымыздың алда екендігін сезіне отырып, болашағымның жарқын болатындығына сенемін!



Талғат Гүл-Сезім
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы,
Қосөткел негізгі мектебінің
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Әмірғали Жанар Еділбайқызы**

Бал балалық

*Бала деген бір бақыт қой самғайтын,
Ата-ананың үміті мен тілегі.
Бала емес пе бал бұлақтан жалғайтын,
Әр баланың бал-бұл жанған жүздері.*

*Жылытады әрбір жанның жүрегін,
Әр баланың арманы бар көздейтін.
Данышпан да, ғалым да, бәрі де,
Жаралған барлығы да балалықтан.*



Талғатқызы Альбина
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы,
Қаратал ауылы
Ш.Берсиев атындағы орта мектебі,
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Базарбаева Алия Аязбаевна**

Тәуелсіздік – тірегім

*Тәуелсіздік – бұл менің бостандығым,
Еркіндігім бұл менің тосқан күнім.
Құрбан болып азаттықтың жолында
Бабаларым күресіп қосқан үнін.*

*Тәуелсіздік – біз үшін ғажапты күн,
Шуақ шашсын еліме азаттығым.
Өркендедік егеменді ел болып,
Жасай берсін мәңгіге қазақтығым.*



Тәртіп Ұлдана Русланқызы
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы,
Басшилі ауылы,
«Ы.Мұхамеджанов атындағы ЖББОМ»
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Даулетова Анар Бектбайывна**

Әлем балалар көзімен

Әлем... ғажайып, қыр-сыры мол, ұшы-қиыры жоқ шексіз, шетсіз сырға толы. Тарих – тұнған сыр сандықтарға, ертегілер әлеміндегідей небір таңғажайыптарға ие. Ғажайыптарын айтып тауыса алмаспыз.

Әлемнің қай бөлшегін алсаңда, қай сандығын ашсаң да бәрі-бәрі тарих деп сыр шертеді. Әлемнің жеті кереметінен басқа толқынымен тербеп жатқан теңіздер де, өмір ағынын суреттер өзендер де, бәрі әлем бөлшектері. Әлем жүрегі – Еуразия, Еуразия жүрегі – Қазақстан, ал Қазақстан бөлшегі ол балалар. Балалар еліміздің бөлшегі, ертеңгі болашағының ірге тасын қалаушылар. Еліміздің ел болып қалыптасып, өркендеуі осы жастарымызға тікелей байланысты. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп дана халқымыз айтқандай, ең әуелі жастарды дұрыс тәрбие беріп, өнегелі ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет. «Ана – алтын тамырымыз, бала – балғын бақытымыз» деп ұлы тұлғаларымыздың баланы бақытқа теңеп айшықтауы бекерден-бекер еместі. Жас ұрпағымыз өнегелі болып өссе елдігіміз тұғырлы, туымыз биік, болашағымыз жарқын болмақ. Әлем балалар көзімен жарқын болашақтың, татулық пен достықтың кепілі, бейбіт өмірдің нышаны. Ұлт болып ұйысып, ел болып еңсеңімізді көтерген кезеңде қолға алар ісіміздің бірі-ұрпақ тәрбиесі болды. Халқымыздың болашағы-бүгінгі ұрпағы. Бүгінгі таңда мемлекетіміз өз тәуелсіздігін алып, өзінің дербес мемлекеттігін қалыптастыруда. Болашақ мемлекетіміз ұрпаққа деген сабақтастықтан туындайтын дүние болғандықтан, әр халықтың болашағы жастарына тәуелді екені даусыз мәселе. Егер бүгін жастар өз халқының рухымен тәрбиеленіп өспесе, онда елдің келешегі бұлыңғыр болмақ. Өйткені, ұлттың барша мұрасы жастарға аманат етіледі. Ал, жастар оны сақтамаса және өзінен кейінгілерге тапсырып кетпесе, біртіндеп ұлттың атауы да өшіп жоғалмақ. Бүгінгі жастардың қоғамдық өмірден еш уақыт қол үзбей, өз елін сүйе, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын білуге тәрбиелеуге бүгінгі педагогика ғылымдарының алдында тұрған зор міндеттердің бірі. Қай ғасырда болсын ұлт өмірін өркендетуші саналы да салауатты, білімді де білікті жастар тәрбиеленіп келеді. Өткен сан ғасырларда адамзат ілімінің дамып, ақыл мен ой парасатының жетілуі, оқудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызы зор. Сондықтан «Қазақстан-2030» Стратегиясында Елбасы: «Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты» мәселесін көтерді.

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімдіде білгір жастардың қолында. Елдің ертеңгі сенімі жастар. Сондықтан да әлемді жарқын етуге менде өз үлесімді қосамын.



Туменова Жанара
Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы,
«№1 Бадамша ОМ»КММ
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: Базарбаева Жанаргуль Бахыткалиевна

Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз

*Көк тудың желбірегені-
Қазақтың асқақ беделі.
Махаббат, қайрат екеулеп,
шымырлатқаны денені...*

Шынымен де, Мемлекеттік Гимнді естігенде, көк Туымыз желбірегенде, денеміз шымырлап, бойымызға рух, күш-қуат пайда болады. Өз басым Қазақстан спортшыларының әлемдік спорт сайыстарында, Олимпиадалық жоғары спорт ойындарында еліміздің көк Туын желбіретіп, тәуелсіз Қазақстанның Гимнін асқақтатып тұрған сәттерін көргенде ерекше тебіренемін, толқимын, мақтан етемін. Ал, енді Эверест тауының ең биік нүктесіне Туымызды көтергенде, қуанышыма шек жоқ.

Мемлекеттік рәміздер мәдениетіміз, тарихымыз бен менталитетіміздің көркем туындысы. «Рәміз» деген сөз грек тілінде «символ» деп аталынады. Рәміз – философия мен психология өнерінің ең басты дәрежелерінің бірі. Дүниежүзіндегі мемлекеттің ресми рәмізділігі үш бірлікті білдіреді – Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Гимн. Олар елдің саяси тәуелсіздігінің, егемендігінің белгісі болып табылады. Біз, жас ұрпақ, өз еліміздің Мемлекеттік рәміздері туралы не білеміз?

1992 жылғы маусымның 4-інде алғаш рет тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері бекітілді. Бұл күн мемлекеттік рәміздердің туған күні ретінде еліміздің тарихында мәңгі қалды. Мемлекеттік рәміздер - біздің егемендігіміздің негіздерінің бірі.

Туды айқындайтын элементтердің бірі – оның түсі. Көк түстің таңдалуы кездейсоқ емес, ол адалдықтың, мінсіздіктің және сенімділіктің белгісі. Бірлікпен бірге көк түс барлық елдердің тыныштығы мен ырысын білдіретін бұлтсыз аспанды еске салады. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты меңзейді. Күн - қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің және өмірдің белгісі. Қанатын жайған қыран құс – биік мақсаттар мен жарқын болашақтың символы.

Елтаңба - Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Шаңырақ - киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі болып табылады. Қанатты тұлпар уақыт пен кеңістікті біріктіреді. Бес бұрышты жұлдыз елтаңбаның тәжі. Кез келген халықтың тарихында музыкалық шығармалары бар. Әр қазақтың жүрегінен орын тапқан Жұмекен Нәжімеденов пен сазгер Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылық бірлестігінен туындаған «Менің Қазақстаным» әні мемлекетіміздің Гимні. Әр сөзінен, өлең жолдарынан, әуенінен қазағымыздың көңілінен шығатындай үн естисің, шабыт аласың. Шіркін, нағыз

қайталанбастуынды, шығармашылық құбылыс деп осыны айт! Балалық шағымнан бір оқиға есімде қалды, ол кезде мен бірінші сыныпта оқитын болатынмын.

Демалыс күндері отбасымызбен бірге мәшинамен қалаға бара жаттық.

Автокөліктегі радиодан музыкалық бағдарлама жүріп жатты. Бір уақытта Қазақстан Республикасының Гимні шырқалды. Гимннің әуенін естіген кезде кішкентай жүрегім кеудемнен шығып кете жаздады. Қолымды жүрегіме ұстап, отырған орнымнан ұшып тұра келдім де, Гимнді орындауға қосылдым. Ата-анам менің қылығыма сүйсіне қарап мәз болды да: «Біздің Жанар нағыз патриот!» -деп күлді. Мен ойлаймын, ана сүтімен дарыған құндылықтар, сезімдер сол сәтте менің бойымда оянып, отансүйгіштік қасиет пайда болды деп.

Мемлекеттік рәміздерді мемлекеттік мекемелерде, салтанатты мерекелерде көреміз, барлық ресми құжаттарда бейнеленген. Әрейне, орынды қолданылып жатса, сөз жоқ. Кейде көшеде кәмпиттерге арналған орауыш сыртында еліміздің Туы бейнеленген суреттер аяқ астына тапалып жатқанда, жүрегің сыздайды. «Не деген мәдениетсіздік?»- деп ойлайсың. Жақында әлеуметтік желіден керемет бейнежазба көрдім. Менің түсінгенім, бейнежазда мемлекеттердің Президенттері кездесуден кейін естелік суретке түсейін деп жатыр екен, әр Елбасшының тұратын орнына кішкентай мемлекеттік жалаушыларды жерге белгі ретінде қойған. Барлық Президенттер жалаушылардың үстінен аттап, өз орындарына тұрды, тек қана Түркия елінің Президенті Режеп Ердоған жерден өз елінің жалаушасын көтеріп қалтасына салды. Бір сәтте өз қарапайымдылығымен барлық әлемге керемет үлгі көрсетті. Міне, нағыз құрмет, нағыз патриотизм! Осыдан үлкен ғибрат алуға болады.

Қорыта келе айтатыным, мемлекеттік рәміздерді көзіміздің қарашығындай сақтап, қастерлей білейік! Туып-өскен жердің мемлекеттік рәміздерінің мағынасын түсіну, құрметтеу – әрбір Қазақстан азаматының міндеті. Әрдайым әр қазақстандықтың жүрегінде, сана сезімінде мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтанышымыз болсын деп тілеймін.

Ашық аспанда көк Туымыз желбіреп, Гимніміз асқақтай берсін!



Тыныбаева Нұрсәуле Әлібиқызы

Ақтөбе облысы,
Байғанин ауданы, Ебейті селосы
Қопа орта мектебі
8-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Аманбекова Бағила Шүренбайқызы**

Туған ауылым – мақтанышым!

Атам маған ауылымның қалыптасу тарихы жөнінде үнемі әңгімесін айтып отырады. Атамның айтуы бойынша, біздің ауылдың аты Ебейті батырдың құрметіне қойылған екен. Ауылымыздан қаншама білімді жастар, әншілер де, ақын-жазушылар да шыққан. Ерте кездегі халықтың тұрмыс-тіршілігі жөнінде әңгіме жүргізетін ата-әжелерімізде ауылда тұрады. Жаз айларында анам мен әжем дайындаған сүт, айран, құрт, ірімшік жеп, аталарымыздың ұлағатты сөздерін, өнегелі әңгімелерін тыңдап, ақылдарын естіп өсіп келеміз.

Ауылымыздың табиғаты ерекше. Кішкентай кезімнен ауылымыздың таза ауасымен, хош иісі аңқыған гүлдердің иісімен, ауылымның ыстық түтінімен демалып келемін. Біздің ауылдың шетінде Сағыз өзені ағып жатыр. Жаздың жайма-шуақ күндерінде балалар суға шомылуға барады. Ата-анамызбен өзен жағасына пикникке де барып, суға шомылып, әкелеріміз балық аулап, әдемі күнді ұясына батырып, бір-ақ қайтамыз. Қазіргі кезде Сағыз өзенінің тартылуы байқалуда. Қорғау шаралары жүргізілмегендіктен, өзен ластануда. Әрине, бұл қынжылтады.

Ауылымызда мәдениет үйі, кітапхана, ауыл амбулаториясы жұмыс жасап тұр. Мәдениет үйінде еліміз бойынша аталып өтілетін барлық мерекелер жеткілікті деңгейде өткізіледі. Оған мектеп оқушылары да өз өнерлерін көрсетіп, үлесін қосады. Кітапханада әртүрлі жастағы адамдарға арналған кітаптар өте көп. Өзім де сол оқырмандардың бірімін.

Елбасымыз ауыл туралы «Ауылды – ұлттың ұйытқысы, алтын бесігі»-деп айтқан. Мемлекетіміздің тірегі, іргетасы ауылда. Ал, біз-еліміздің ертеңіміз. Мен өз ауылымның одан әрі көркеюіне өз үлесімді қосқым келеді. Менің ауылым шағын болса да, мен оны жақсы көремін. Менің ауылымның табиғаты көркем, ауасы таза, жанға жайлы, жұпар иісті.

«Аққу көлін аңсайды, адам жерін аңсайды» демекші, ауылымнан алыс шықсам, жеткенше асығамын, сағынамын. Бұл не құдірет екен! Ауылмның бұрынғы тұрғындары да керемет қалада тұрып жатқанымен, осы ауылымызды сағынатынын жиі айтады. Бес арыстың бірі Ж. Аймауытов ағамыз да «туған жердің қадірін алыста қызметте жүрген солдат, ұзатылған қыз немесе білім қуып шет ел асқан шәкірт біледі», - деген екен. Ия, қолда барда алтынның қадірі жоқ деген осы шығар!

Соңғы уақыттарда ауылды көркейту мәселесі республикалық деңгейде көтеріліп, түрлі жобалар жүзеге асырылуда. Біздің ауылда да осындай кайырымды істер жасалуда. Алтын ұя мектебіміз күрделі жөндеуден өтті, көрікті

саябақ ашылды, балалар ойын алаңы іске қосылды. Менің ауылым жыл сайын өркендеп өсіп, жаңарып-жайнап келеді. Өс, өркенде алтын бесігім!

«Туған жер өзің дегенде, жүрегім әркез елеңдеп, - деп ақындар жырлағандай, өз жерімнің бағасының алтыннан артық екенін жүрегіммен сезінем! Туған ауылым-алтын бесігім! Өміріме өзек тартып жатқан қымбат қазынам, сәл жырақтасам шексіз сағынам, өзіңе арнап әлі талай жыр жазамын! Себебі, туған ауылым – менің мақтанышым!



Хасен Диас Дамирұлы
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы
Саға мектеп-балабақшасының
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Акбисенова Алтынзер Забихоллақызы**

Тәуелсіздік

*Мақтан етем әрдайым
Қазақстан, мен сені.
Тәуелсіздік алдың да
Елге айналдың еңселі.*

*Сенен алыс кетпеймін,
Шақырса да жер шегі.
Биіктерге көтерем,
Туған елім, мен сені.*



Шұйтбаев Әли
Ақтөбе қаласы, Құрайлы,
Облыстық туберкулез-санаториясы
мектеп-интернаты,
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Қуатбаева Назерке Балапановна**

Әлем балалар көзімен

Қазақстан Республикасында әрбір 1 маусым Халықаралық балалар күні. Бұл күнде қала саябақтарында тегін балмұздақтар таратылып, түрлі концерттік программалармен өнерлі балалар ән айтып, би билеп өнер көрсетеді.

Биыл президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «2022 жыл – Балалар жылы» деп жариялады. «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Сол себепті осы жылды Балалар жылы деп жариялау керек деп есептеймін»- деді. Балалардың қоғамда арнайы өз орнының бар екен, әрбір ата-ана өз баласының қадірін біліп, оны бағалап, қадірлеп қорғасын деген мақсатта қойылған. Балаларға ерекше көңіл бөлініп, елімізде көптеген іс-шаралар жүргізілуде. Біздің мектеп-интернатымызда да арнайы биылғы балалар жылына түрлі шаралар өткізіліп тұрады.

Президент бұл жылды тек ұрандап немесе мереке түрінде атап өту ғана емес, балаларды қорғау мақсатында ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында нақты іс-шаралар жасалуы керектігін қадап айтты.

«Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл жалпыұлттық міндетіміз» - деп атап өтті Президент.

*Адамға бала сүю бір қазына,
Секілді өшпес алтын, сәнбес мұра.
Үілдеп күнмен ойнап күлген бәбек,
Өмірдің ұқсамай ма бұлбұлына*

Ақындардың бәрі балаларды қатты жақсы көрген. Көпетеген жыр-өлеңдер, мақалалар жазып қалдырған. Балалар бақытты болу үшін оқып сауат ашу керек.



Байтұрсынқызы Орынжан
Астана қаласы әкімдігінің
«№94 мектеп-гимназия» КММ
8 «А» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Торгаева Фарида Сапиоллина**

Айдай көркем Астана

*Ынтымағы, бірлігі бірдей ұйып,
Мүдделес, іргелестер тілек құйып,
Болмаған ел дәл сендей жер бетінде.
Кететін құшағына Әлем сыйып,*

*Байтақ ел, балауса бел, бозаң далам,
Боялып әр түстерге көз алдаған.
Күй болып кернегенде көкірегім,
Жазамын жүрек үнін жаза алмаған.*

*Көл-көсір көңілдерден сый ақтарып,
Кеткендей жер көздері бұлақтанып.
Көгінде жарқырайды от-шашулар,
Әлемнің астанасы сияқтанып.*

*Ақ Орда, бақ ордасы қазағымның,
Көзіме тұнады кеп ғажабың мың.
Алаулап атқан таңнан сезіледі,
Айдан да айқындығы ажарыңның.*



Дастанова Акнур
Астана қаласы әкімдігінің
«№94 мектеп-гимназия» КММ
8 «А» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Балманова Шолпан Жибекалиевна**

Тәуелсіз елім, тәуелсіз жерім

*Көкорай шалғын, көк майса жерің,
Қан төкпей қазақ жеткізген қолын.
Ғұмырың мәңгі, туған ел сенің!
Тәуелсіз елім – тәуелсіз жерім!*

*Жанарым жалын, жүрегім батыр,
Әр істе аңдап ететін сабыр.
Қыраны күнді арқалап өне,
Қуаныш хабар әкеле жатыр.*

*Құс қанат, егіз, аймүйіз пырақ,
Таңбадан тапты тұғырлы тұрақ.
Уықтар күннің нұрына ұқсап,
Шаңырақ биік көкте тұр қарап.*

*Астана Арман, атанды қала,
Ауылды алтын діңгегің сана.
Күмбездей көкте жайнасын жұлдыз,
Өсетін елге көрікті ұл, қыз.*

*Сыймайды сөзім жүректе бұлқып,
Көңілім кетті теңіздей толқып.
Көгершін құсы төбемде шалқы,
Елімнің бейбіт символы болып.
Тәуелсіз елім – тәуелсіз жерім!*



Накебаева Дана
Қызылорда облысы,
Арал қаласы, 14 мектеп-лицей
7-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Кишкенебаева Бахытгул Сражадиновна**

Анашым

*Анашым асыл қазынам,
Өзіңе мәңгі табынам.
Әркез болсаң жанымда,
Қуанып күнде оянам.*

*Адассам жол көрсетіп,
Қатемді менің кешірген.
Бақытқа қол жеткізіп,
Аялап бізді өсірген.*

*Ойда да жүрсем, қырда да,
Ойындамын анамның.
Алыс кетсем жыраққа,
Сағынып сені қаламын.*



Тұрған Жанел Арманқызы
Алматы қаласы
«№133 мектеп-гимназия»
10«Г» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Мешенова Асел Нурмухановна**

Жан әкем

*Мәпелеп мені өсірдің,
Шуақ шашып жаныма
«Алтыным» деген сөзіңіз
Нұр құяды жаныма.*

*Сізден асқан ақылды,
Жан жоқ, әке, жалғанда.
Алғысым шексіз, әкешім,
Асқар тауым, қамқоршым.*

*Адам бол деп біздерге,
Бағыт берер ақылшым.
Дәл өзіңдей әкеден,
Тәрбие алу- бақытым*

*Үмітіңді ақтап мен,
Қуантармын, жан әкем!
Бақытқа сіз, әрдайым,
Лайықтысыз, жан әкем!*

Алтын әжем

*Алтын әжем, жағдайыңыз жақсы ма?
Теңеп едім, мен өзіңізді алтынға
Қолдан келсе кереметін әлемнің
Жаяр едім, табаныңыздың астына.*

*Сіз дегенде айтар сөзім тым бөлек,
Оған дәлел айтатындай бар себеп .
Бір талантым болса егер бойымда.
Өзіңіз ғой бола алған бір себеп..*

*Қасиет бар бойыңызда бір тұнған,
Жүрегіңіз шабыт-жырмен бұлқынған.
Әсем үнмен ән салсаңыз шырқатып,
Тамсанады дүйім жұртың сыртыңнан*

*Құтты болсын бүгінгі,
Сексен атты жасыңыз*

*Жаратқаным жар болып,
Жүзге қадам басыңыз !*

*Алтын әжем, мен өзіңізбен мақтанам,
Өзіңізден үлгі алып, жол табам.
Алла сізге ұзақ ғұмыр берсінші,
Аман болсын, сіз секілді алтын адам.*

Ұстазыма

*Шынар апай сұлу әрі қайырымды,
Бар шәкірттің тілін таба біледі.
Мейірімі мен білімінде шек жоқ-ау!
Бойымызға білім нұрын себеді.*

*Сегіз рет шәкірттермен қоштасып,
Бәрімен де жақын болып достасып.
Үлкендерден өсиет сөз, бата алған.
Ұлы Оралдан келіп ұстаз атанған.*

*Өмір-теңіз, жүзер онда кемеміз,
Алдымызға мақсат қойып келеміз
Ешқашанда ұмытпаймыз енді біз,
Әрқашанда сізді жақсы көреміз!*

*Төрт жыл мұнда өтіп кетті қыс жазым.
Алғаш рет мұнда қалам ұстадым.
Баспалдағын қалап берді білімнің,
Менің ғажап, сұлу Шынар ұстазым!*

*Жүрек сезін жырымменен жеткіздім,
Сізбен талай қызық күндер өткіздім.
Асыл, алтын, білімі мол Апайым!
Сізге деген алғысымыз көп біздің*

*Алдыңызда жасасақ та көп айып,
Кешірдіңіз, мейіріміңіз молайып.
Көп ғылымның аштыңыз ғой есігін,
Енді сізге лайық шәкірт болайық,*

*Сіз жайлы біз айтамыз ғой сан аңыз
Оттай лаулап талай әлі жанамыз!
Біздің Ұстаз өзіңізсіз алғашқы
Сізге мәңгі шәкірт болып қаламыз!*



Нұрболатұлы Әмір
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы,
Сарыкемер мектеп-гимназиясының
10-сынып оқушысы



Жетекшісі: **Примкулова Жанар Секеновна**

Бақыт деген...

*Айтшы маған қайда бақыт?
Бақыт деген не өзі?
Жанарынан тамып жақұт,
Отыр ма екен бір өзі?!*

*Бақыт деген анаң ба екен?!
Жан-тәнімен сүйетін.
Бақыт деген алау ма екен?!
Қол тигізсе күйетін.*

*Бақыт деген сезім бе екен?!
Жүрегім де сезбейтін.
Бақыт деген сағым ба екен?!
Көздерім де көрмейтін.*

*Бақыт деген қайда өзі?!
Мүмкін менің өзімде.
Әлде оны көрмей тұрған,
Соқыр менің көзім бе?*

*Бақыт деген жұлдыз ба екен?!
Қолы жетпейтін көктегі.
Бақытты іздеп табар ма екем?!
Табу қиын өйткені.*

*Аспан жүзін бұлттар басып,
Күн қарайған уақытта,
Жан-жағына шуақ шашып,
Жылу берер бақыт па?!*

*Бақытты іздеп табу үшін
Өтсін мейлі көп жылдар.
Тек бақытты көру үшін
Мендік жүрек тым құштар.*

*Бақытты іздеп табу үшін,
Уақыт керек бәріне.
Бақытты боп қалу үшін,
Бақыт керек әрине!*

Өміріме келші уақыт,
Көңіл тасып толатын.
Қолыма кеп қоншы бақыт,
Тек бақытты болатын!

Мендегі сезім

Ауызымды айға да теңеп
Көзімнен іздерсің жұлдыз
Жүрегімді жылуға бөлеп
Көңлімнен күтерсің дыбыс

Сезімнің үнін нота қып тізіп
Ойнарсың әуен жымия күліп
Естірміз оны екеуміз ғана
Жанымыз арман көгінде жүзіп

Қарарсың маған үмітті үзіп
Қоғамның торы көкейді қысып
Мендегі сезім шыға алмас тіпті
Іштегі темір қоршауды бұзып

Бұрқырап қайта тынымсыз ойым
Билігін ақыл ұстау да қиын
Лаулаған отты сөндіре салдық
Сүюге бізге салғандай тыйым

Түсінсең екен мендегі ымды
Білмесін деймін өзгелер сырды
Көрсете алмай бірде бір белгі
Байқадым сенен жауапсыз мұңды

Жұмбақ

Жүзіңде жанған күлкіні
Көңілде өскен гүл деп біл
Сезімнің нәзік бүршігі
Жүректе мәңгі тұр деп біл

Мейлі соқсын боран да,
Жаңбыр да жаусын сіркіреп
Көрпеге қалың оран да
Аспанға қара күлімдеп

Қақаған қыстың суығы
Жауратса жалмап жаныңды
Жүректің шексіз ыстығы
Жылытар жақсаң жалынды

Сүрінсең мына өмірде
Өткінші қиын сынақтан
Еңсеңді мүлде түсірме
Шуақты ізде жырақтан

Өзгенің сөзі пышақтай
Жүрекке келіп сұғылса
Ауырсын мейлі шыдатпай
Өткенге қалдыр ұмыт та

Жүрегің тапса егізін
Әмірші оған сен емес
Қолына ұстап сезімін
Басқаны мүлде елемес

Тұрса да мейлі бар әлем
Қарсы боп жалғыз өзіңе
«Өзгеде бақыт жоқ»-десең
Қарама көптің сөзіне

Ерік бер, босат сезімді
Қалықтап ұшсын көгіңде
Махаббат толы кезіңді
Мәңгілік сақта есіңде

Сендегі шексіз сұрақтың
Жауабы жалғыз өзіңде
Іздесең ғана табарсың
Сеніп көр менің сөзіме

Көңілдің әрбір шуағын
Болашақ жаққа, алға бұр
Өмірдің қалың тұманы
Жұмбақ боп, өне, алда тұр



Бөтенбай Сабина
Астана қаласы әкімдігінің
«Ф.Оңғарсынова атындағы
№ 77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
9 «Б» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Имакова Лаура Оспановна**

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті

*Жемқорлық жайлаған бір індет болды,
«Тоймастарға» «жей беру» «міндет» болды.
Алладан да, халықтан да қорықпайтын
«Кейбіреулер» «ұрлықшы», «жендет» болды.*

*Көрерсіз, жемқордың да күні бітер,
Аннан, мұннан жеуді ойлар түні бітер.
Біз келеміз, адал ұрпақ арды ойлаған
Күн болып, жемқорлардың түбін бітер.*

*Сол кезде жемқор деген ат болмайды,
Парақорға жем болар зад болмайды.
Адамзат адалдықты ту етеді,
Шындыққа қол жеткізу қат болмайды.*

*Сондықтан «тоймастар-ау», ұятты білгің,
Болмаңдар ұстағандай «бақыт кілтін».
«Адалдық, ар-ұят қымбат дүниеде»-
Аяз бидің шапанындай жазып ілгің.*

*Ендігі бір айтарым баршаңызға:
Түбі бір, туысқан, дос, көздеріңе:
Сатылмайтын жан болсын десеңіздер,
Ұсынбаңдар параны өздерің де.*

*Жемқоры жоқ елім болсын,
Сатылмайтын жерім болсын!
Қазағымыз аман болсын,
Бейбітшілік заман болсын!*



Ескербек Меруерт Ақжігітқызы
Астана қаласы әкімдігінің
«Ф.Оңғарсынова атындағы
№ 77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
9 «Б» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Имакова Лаура Оспановна**

Жүрегім – күн, ойым – өзен, таудан асып тасыған...

*Мен адаммын, армаңыма күннен-күнге асығам,
Жүрегім – күн, ойым – өзен, таудан асып тасыған.
Ақ қанаттан жасалған ақ қаламды жасырып,
Ақындыққа бетін бұрған жас достармен қосылам.*

*Төлегенін қайран халқым тек Жібекке тең көрген,
Бекежандай батырын да Төлегеннен кем көрген.
Ал Төлеген Айбергенов жүрегінен асыл сөз
Өлең болып өмір жайлы, көңіл жайлы жыр өрген.*

*Шыға алдың ба жұрт ойынан, оны білер өздері,
Әдебиетте жатыр сайрап адалдықтың іздері.
Ашып қалам, ғашық болам өлең атты өнерге
Айбергенов әлемінде ойға батқан кездері.*

*Дарыныңа жел берген адамдармен біргесің,
Рақатын ойлағандар бөлсе- дағы іргесін.
Отызыңда жалғаннан жалт беріпсің сағымдай,
Өміріңді жырмен жалғау- кейінгі ұрпақ, бізге сын.*

*Бір тойың бар еді ғой,
дәл күнін айта алмаған,
Сол күнің бүгін, ата,
еске алмай қайта алмағам.
Ақындықты армандау сапарының
Беттерін қолтаңбаңмен қайтар маған!*

**Алғашқы арнау
(Фариза Оңғарсыноваға)**

*Апатай, қандай өрлік бой кернеген,
Ақындықта жігіттерге бой бермеген.
Абайша өмір жайлы сыр ағытып,
«Қылыш жырды» Махамбетше сермеген.*

*Ақын болғым келеді менің сіздей,
Қайсарлықтан үлгі алар бәрі бірдей.
Сізден мен шабыттанам, қанаттанам,
Өлеңдер ағылады тасқын-селдей.*

Мағыналы, әсерлі, ой салатын
Оқығанда өлеңіңді толғанамын.
«Сүйген сұлу, «Жақсы көру», «Оюлардан»
Қиялданып қаламды қолға аламын.

Махаббат деген – от сезім...

Махаббат деген – от сезім,
жүректерді жандырған,
Бақыт құсы ол деген
сүйгендер қолға қондырған.
Махаббат деген- кей-кейде адал мен арам майданы,
Жауыздық қатар жүреді сүйіскен жанды тоңдырған.

Қол жетсе кейде, ой жетпей биік сезімге
Талайлар жүр-ау көңілді ептеп қалдырған.
Махаббат деген аңсатқан су ғой шөлдегі
Кебек пен Қозы, Естайлар атын шалдырған.

Келбетін сүй де, қалауын түсін «жаныңның»
«Көшірмең» сенің «өзім» деп тапқан албырт жан.
«Анауы бұрыс, мынауы дұрыс» -бекер сөз,
Махаббат-сезім, жүрекке «қамал» алдыртқан.

М.Шахановқа

Алғашқы рет Өзіңізді оқулықтан таныдым,
Күліменен Отырардың намысымды жаныдым.
Ез бен ердің аражігін айырып,
Байқауларда өжет қыз боп танылдым.

Содан кейін...

Содан кейін сіздің жырлар жүрегімді баурады,
Аңшы зарын құз басынан естігенде,
Тәнім тоңып, жаурады.
Естай ақын ғашық болған Қорлан қызды ойласам,
Қосылмаған ғашықтарға жаным ашып,
Жүрегім де ауырады.

Аналардың қыз бейнесі – «Ақ бантикті» жырлапсыз,
Асқар таудай әкелерге ғажап әнді сыйлапсыз.
«Туған жерге туыңды тік» дегенді
«Төрт ананың» құдіретімен білдіріп,
Гүлсіз бірлік, нұрсыз сенім,
Тамырсыздық терминімен сырлапсыз.

Тағдырынан қыран болу жазғанды
Тауық еткен кемпірде де болған мұң.
Арманындай Әбу менен Дойылдың
Арманнан да табылады талай мін.
Тек шындықты жарқылдатқан жасындар
Жасампаз боп қала бермек жылға мың.

Сондықтан да жас, қайратты жас өркен
Мұзға жаққан желтоқсанның алауын
Жігеріммен өшірмеспін – қалауым:
Желбіретем, Қазақстан жалауын.
Мұхтар ата, ақиқатты айтыпсыз:
Ұлтсыздану дарын менен талантқа
Бағынбайды, кілтпаны – талапта.
Өзге ананы ана тілі еткенше,
Өз анаңның мейіріміне қанғандай
Өз тіліңді таныт биік санаттан.



Зейнелов Расул Ануарович
Астана қаласы әкімдігінің
«Ф.Оңғарсынова атындағы
№ 77 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
1 «Б» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Сахариева Теңлік Рахметуллаевна**

Менің әжем

Менің нағашы әжем – Көрпеш Байжарасова. Ол көп жылдар ұстаз болған, Ыбырай атаның суреті бейнеленген төсбелгісі бар.

Әжем- өте ақылды, білімді жан. Әжем көзілдірік киіп алып, кітап оқиды, түрлі жазулар жазып отырады. Маған дұрыс жүруді, тәртіпті болуды үйретеді.

Әжем Астанада тұрады. Ол кәрі болса да, бақша егеді, оның қызанақтары қып- қызыл болып піседі. Мен әжемнің гүлдеріне су құйғанды ұнатамын.

Анашым

*Анашым, анашым-
Сен маған панасың.
Жүрегім сенімен,
Анашым, дарасың.*

«Көке Амиш»

Менің ең жақын досым – Иманнұр көкем. Еркелігімді көтереді, кішкентайымнан менімен ойнайды, мені құшақтап ұйықтайды.

Мен оны «Көке Амиш» деп атаймын. Иманнұр көкем қонаққа келсе, қатты қуанамын.

Сыныптас достарым

Біз бірінші сыныпта оқимыз. Бәріміз бірге ойнаймыз, бірге жазу жазамыз. Мен сыныптастарымды жақсы көремін.

Біз жақсы оқимыз, сурет саламыз, ән айтамыз, билейміз, сабақтан соң үйге бірге қайтамыз.

Мұғалімнің айтқанын тыңдаймыз. Біз зерек оқушылармыз.

Мұғалім

*Өзіңмен, ұстазым,
Қаламды ұстадым.
Білімнің кілті де
Бір сенде, ұстазым.*



Жақсылық Жандәулет
Алматы облысы,
Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы
«Қарғалы №4 орта мектеп» КММ
10-сынып оқушысы

Жетекшісі: **Конысбаева Лола Джаксылыққызы**

Қарттар үйінен кейінгі туған ой

*Түсі суық үйге келіп тоқтадық,
Есік қағып ішке қарай аттадық.
Үш этажды зәулім үйді көрдік те
Айналасын сол үйдің біз мақтадық.*

*Ішке қарай қадамдап біз кіргенде
Жылы жүзді бір апаға тоқталдық
Үйдің іші қап – қараңғы тып-тыныш
Қараңғыдан шығып жатты күрсініс*

*Зәулім үйден қарттар шықты ах ұрып,
Шығып жатты кезек-кезек сап құрып.
Жиналғанын әрі-бері күттік те
Шыға алмайды дегендерге кірдік те
Бастап кеттік сөзімізді кезек те.*

*Басталғаннан ақты жасым еріксіз.
Қарай алмай көздеріне себепсіз.
Елжіреген келбеттерін көрген де.
Жүрегіме оқ қадалды дейін бе?
Жылап жатып билеп жүрген
Қыздарменен қартты көріп
Одан әрі езілдім аза болып.
Өз өзіме қайта-қайта сұрақ қойып
Неге? дедім тоқтаусыз жылап тұрып.*

*Қалай ғана тастанды ғып бұл маңайға,
Бала құрғыр тастады ата-анасын.
Баласы ойламады анасының жай-күйін де,
Кетті сүйтіп зар жылатып қарт анасын.
Қайран қалдым мен, шіркін, адамдарға
Жәннат тұтар анасын тастағасын.
Жүрек, шіркін, тастан ба, қоладан ба?..
Аямай ма ол сонда Өз анасын!*



Бақбергенов Райымбек
Ақтөбе облысының білім басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің
«Дарынды жасөспірімдерге арналған
Ақтөбе облыстық мамандандырылған
«Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ
10 «А» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Базарғалиева Баян Темиржановна**

Желбіре, Жеңіс жалауы!

Желбіре, Жеңіс жалауы!

Мәңгілік оттың алауы –

Боздақтар біздің оққа ұшты...

Бейбіт күн – елдің қалауы.

Жыл сайын біздер алыстап

Соғыстан зұлмат барамыз.

80-ге беттеді Жеңіс күн -

Өшірілмесе екен санамыз.

Майданды көрген ардагер

Жыл сайын сиреп барады.

Ұмытпаса екен жас ұрпақ

Соғыс салған сан жараны.

Соғыс – үлкен қасірет,

Талай жанды жалмады.

Майдан оты шарпымай,

Үй, отбасы қалмады.

Үрейменен елде жұрт

Аттандырды ұланын.

Үмітпен күтті әр хатты,

Күн-түн тілеп аманын.

Жеңіс жетті, жылатты,

Қуаныш пен қайғыдан.

Көздің жасын бұлатты,

Қайтпады елге сан ұлан.

Жеңіс туы биікте

Желбіресін, жайнасын!

Бейбіт, тату тірлікте

Ешбір соғыс болмасын!



Ақжанбеков Нұрдәулет
Ақтөбе облысының білім басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің
«Дарынды жасөспірімдерге арналған
Ақтөбе облыстық мамандандырылған
«Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ
7 «Ә» сынып оқушысы



Жетекшісі: **Базарғалиева Баян Темиржановна**

Егемен елім

*Атты таңы азаттықтың бүгінде,
Еркін елге нұрын шашсын Күнім де!
Ерке өскен – егемен ел ұрпағы
Рухым асқақ, жарқын менің үнім де!*

*Ғасырларды көктей өткен азат үн
Туды, міне, тарихымды жазар күн!
Білге қаған, Күлтегіндей ерлерім
Жүрегіне жетті бүгін қазақтың!*

*Тіл – тәуелсіз, рухым биік, ой – азат,
Сан мүмкіндік, таңдау да бар, о, ғажап!
Бағы таймай, бейбітшілік, бірлікте
Елім мәңгі – жасай бергей бар қазақ!*



Абдраймова Адина
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы
Юрий Гагарин атындағы орта мектебінің
5 «А» сынып оқушысы



Жетекшісі: Примкулова Ажар Секеновна

Жайнай бер, астанам!

*Қазағымның жүрегі – Бас қаласы,
Әр тынысы – болашақ бастамасы.
Бүгінде бар әлемді тамсандырған,
Көркем қала – елімнің астанасы.*

*Астанам – жаңа орда, ғажап қала.
Өзіңнен шабыт алар рух пен сана.
Күн санап көркейе бер, шарықтай бер,
Қазақтың елордасы – асқақ, дара.*

*Ғимараттар ақ бұлтпен таласқанда,
Қызығып қарар оған көк аспан да.
Астанам, асқақтай бер жылдан жылға,
Бөленші әрбір таңда шуақ-нұрға.*

*Туған елім мақтан етсін бірлігін,
Сақтай берсін берекесін, тірлігін.
Әлем жұрты қызығардай құлпырған,
Астанаға арналады бұл жырым.*

**«2022 ЖЫЛ БАЛАЛАР ЖЫЛЫ» АЯСЫНДА
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «ӘЛЕМ БАЛАЛАР КӨЗІМЕН»
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ЖИНАҒЫ**

Басуға 28.12.2022 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Aria». Шартты баспа табағы 25.6 б.т.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
010000, Астана, Мәңгілік Ел, 8/2, «Алтын Орда» Бизнес орталығы, 15-қабат